Том 12

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

12
ТОМ

Октябрь 1905 — апрель 1906

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1976

ЗК 2
Л 40

Л $\frac{10102-041}{401\ (07)-76}$ 1—76

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалар толық жинағының он екінші томына 1905 жылғы октябрьден 1906 жылғы апрельге дейін, Россияда бірінші буржуазиялық-демократиялық революция мейлінше өрге басқан кезеңде жазылған шығармалар кіреді.

1905 жылғы революцияның барысы Ленин талдап жасаған және партияның үшінші съезі қабылдаған большевиктік стратегия мен тактиканың дұрыстығын және өміршеңдігін дәлелдеді.

1905 жылдың күзінде қалаларда қуатты стачкалық қозғалыс өріс алды, экономикалық стачкалар саяси стачкаларға ұласты. Демонстрациялар ұйымдастырылды, революцияшыл бұқараның полициямен қарулы қақтығыстары жиілей түсті. Шаруалар көтерілістері кең етек алды. Шаруалар қозғалысының серпіні әсіресе Поволжьеде, Украинаның көптеген аудандарында, Прибалтикада, Грузияда күшті болды.

Жұмысшылардың күресін шаруалардың қимыл-әрекетімен ұштастыру патша армиясы мен флотын толқытты. 1905 жылдың күзінде Харьковта, Киевте, Минскіде, Ташкентте, Воронежде, Псковта және басқа қалаларда солдаттардың революциялық толқулары болды; бұл толқулар Қиыр Шығыстағы әскери бөлімдерді де қамтыды; Кронштадтта, Севастопольде матростар мен солдаттардың қарулы көтерілістері болып өтті.

1905 жылы сентябрьде Москвада саяси стачка басталды, оны Петербургтің және Россияның басқа да

өнеркәсіпті орталықтарының жұмысшылары қолдады. Москвадағы революциялық оқиғаларды Ленин жаңа шайқас алаңына жарығын түсірген тұңғыш нажағай жарқылы деп атады. Бұл оқиғалар Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасының прологы еді. 1905 жылғы 9 январьдан кейінгі орыс революциясының өрге басқан бағытын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Қозғалыс Питерден басталды да, шет аймақтармен бүкіл Россияны шарлап шықты, Риганы, Польшаны, Одессаны, Кавказды қамтыды, ал енді келіп өрт Россияның тура «жүрегін» шарлып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 381-бет). 6 (19) октябрьде Қазан, Ярославль, Курск темір жолдарының большевиктік ұйымдары өкілдерінің жиналысы партияның Москва комитетінің нұсқауына сәйкес 7 (20) октябрьде темір жолшылардың ереуілін бастауға қаулы қабылдады. 10 (23) октябрьде РСДРП Москва жалпы қалалық конференциясы жұмысшыларды жаппай стачкаға және қарулы көтеріліске шақырды. Стачка тез арада барлық өнеркәсіпті орталықтарды қамтып, бүкіл россиялық стачкаға айналды. Бұл стачка пролетариаттың қуатты саяси аттанысына ұласып, «Самодержавие жойылсын! Демократиялық республика жасасын!» деген ұранмен өтті. Стачкаға қатысушылардың саны екі миллион адамнан асты, олардың миллионға жуығы өнеркәсіп жұмысшылары еді.

Патша өкіметіне қарсы алдыңғы қатарлы күрескер және бүкіл халықтық күресті ұйымдастырушы ретінде пролетариаттың күшін көрсетіп берген жаппай саяси стачка үкіметтің берекесін кетірді, оны асығыс түрде жеңілдіктер беруге, сөйтіп 1905 жылы 17 (30) октябрьде халыққа азаматтық бостандық беруге, заң шығаратын дума шақыруға уәде етілген манифест шығаруға мәжбүр етті. Патша манифесінің шығарылуы орыс революциясының алғашқы жеңісі болды, мұның нәтижесінде пролетариат, аз уақытқа болса да, өзі үшін және бүкіл халық үшін бұрын Россияда болып көрмеген сөз, баспасөз бостандығын, ұйымдар, кәсіпшілік одақтар және жұмысшы табының басқа да бірлестіктері бостандығын жеңіп алды.

1905 жылғы октябрьдегі жаппай стачка Россияның жұмысшы табын тап күресінің жоғары формасы — қарулы көтеріліске мейлінше жақын әкелді.

Россиядағы жаппай саяси стачка туралы хабарды Ленин Женевада алды, мұнда ол патша үкіметінің қуғындауынан жасырынып, 1903 жылдың апрелінен бері тұратын-ды.

«Бүкіл россиялық саяси стачка» деген мақаласында Ленин пролетариаттың 1905 жылғы октябрь күндеріндегі революциялық аттанысына жоғары баға береді, оны «адам баласы бұрын-соңды бастан кешірген аса зор азамат соғыстарының, бостандық жолындағы соғыстардың бірі» деп атайды (осы том, 1-бет). Ол бүкіл россиялық саяси стачка партияның тактикасын тамаша дәлелдеп берді, қарулы көтеріліске әзірлену және оған көшу ісіндегі бұқаралық саяси стачканың маңызын көрсетті деген аса маңызды қорытынды жасайды. Ленин жаудың есін жиғызбау үшін пролетариатты жаңа, бұдан да кең және табанды күреске шақырады.

Бүкіл россиялық саяси стачка «жауды ажал алдында жанталастырып» (4-бет), революцияның жеңісін жақындатты. Алайда, деп көрсетті Ленин, самодержавиеге шешуші соққы беруге революция әлі де дәрменсіз, ал самодержавиенің революцияға ашық қарсы шығуға қазірдің өзінде шамасы келмей отыр. Ленин өзінің осы кезеңде жазған мақалаларында елдегі таптық күштердің өкіметтің сасқалақтауын сөзсіз туғызған кейбір тепе-теңдігіне талдау жасайды, сөйтіп Россияның жұмысшылары мен шаруаларын патша манифесі сияқты қағаз жүзіндегі «конституцияға» сенбеуге, патша өкіметін құлатқанға дейін күресті жүргізе беруге шақырады.

Бүкіл россиялық саяси стачка нәтижесінде елдегі қалыптасқан жағдайға баға бере келіп, Ленин: «Дауыл алдында ел тына қалды» (29-бет) деп жазды. Пролетариаттың алдында революцияның базасын кеңейту және тереңдету, оны деревняға тарату және әскердің халық жағына толық шығуына жету міндеті тұрды. Ленин пролетариат пен шаруалар тығыз одақ жасамайынша, барлық революцияшыл демократтардың жауынгерлік ынтымағы болмайынша орыс революциясының толық

табысқа жетуі мүмкін емес деп атап көрсетті. Елдегі әр алуан әлеуметтік күштерді ортақ жауға қарсы күресетін бірыңғай лагерьге біріктіру қажеттігін дәлелдеген саяси стратегтің шеберлігі осыдан көрінді.

1905 жылғы революция басталғанға дейін-ақ Ленин бұқараға патша өкіметін қарулы көтеріліспен ғана құлатуға болады деп түсіндіріп, 1905 жылғы 9 январьдан кейін қарулы көтерілісті әзірлеуді практикалық нақты міндет ретінде алға қойған еді. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партияның үшінші съезі өзінің қарулы көтеріліс туралы шешімдерінде барлық партия ұйымдарын пролетариатқа алдағы көтерілістің саяси маңызын ғана емес, сонымен қатар практикалық-ұйымдастыру жағын да, көтерілістің бастапқы кезінде және оның барысында зор маңызы болуы мүмкін бұқаралық саяси стачкалардың ролін де түсіндіруге міндеттеді.

1905 жылы ноябрьде Ленин Петербургке қайтып келіп, революцияға тікелей қатысты, большевиктік партияның бұқараға басшылық ету және қарулы көтерілісті әзірлеу жөніндегі жұмысына бағыт беріп отырды. Ленин Орталық Комитеттің жұмысына және большевиктік күнделікті жария газет «Новая Жизньге» басшылық етті, партияның Петербург комитетінің мәжілістеріне қатысты, Петербург пен Москвада партия жиналыстарында, конференцияларда, кеңестерде сөз сөйледі, партия қызметкерлерімен кездесті. Лениннің басшылығымен большевиктер қарулы көтерілісті табандылықпен және жүйелі түрде әзірледі. Ленин партияның алдына жауынгерлік ұйымдар мен революциялық армия құру міндетін қойды.

1905 жылы 5 (18) декабрьде болған Москва большевиктерінің конференциясы жұмысшылардың еркін білдіре отырып, ереуіл жариялауға және қарулы күресті бастауға ұйғарды. Москва Советінің шақыруы бойынша 7 (20) декабрьде жаппай ереуіл басталып, ол қарулы көтеріліске ұласты. Алғашқы екі күнде Москвада 150 мыңнан астам адам ереуілге шықты. Пресня, Замоскворечье, Қазан темір жолы аудандарында және басқа аудандарда кескілескен шайқастар жүріп жатты. Жұ-

мысшылардың жан қиярлық күресі тоғыз күнге созылды. Әсіресе Пресняны қорғаушылар табандылықпен шайқасты.

Москвадағы декабрь қарулы көтерілісі елдің көптеген қалаларында қызу қолдау тапты және ол Россия пролетариаты мен бүкіл халықтың революциялық санасының өсуіне зор ықпал етті. 1905 жылы декабрьде және 1906 жылы январьда Украинада, Уралда, Сибирьде көтерілістер бұрқ ете түсті. Польшада, Прибалтикада, Закавказьеде, Финляндияда қарулы күрес орасан зор өріс алды. Алайда, жұмысшылардың қаһармандығы мен табанды қарсылығына қарамастан, патша үкіметі бұл көтерілістерді адам айтқысыз қаталдықпен басты.

Елдегі декабрь оқиғаларын Ленин революцияның дамуындағы жоғарғы пункт деп бағалады. Пролетариаттың 1871 жылғы Париж Коммунасынан кейінгі аса ұлы қозғалысы болған бұл оқиғалардың, деп атап көрсетті Ленин, орасан зор тарихи және халықаралық маңызы болды. Декабрь оқиғаларының тәжірибесін зерттеуге В. И. Ленин талай рет қайта оралып, оны бұқараның игілігіне айналдыруға ұмтылды. 1906 жылы ол «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын жазып, онда көтерілістің жеңілу себептеріне егжей-тегжейлі талдау жасады және шабуыл тактикасын негіздеді. Плехановтың: «қолға қару алмау керек еді» деген сөздерімен білдірілген меньшевиктердің көтеріліске берген капитулянттық және қорқақтық бағасына қарамастан, Ленин, керісінше, табысқа жету үшін қолға қаруды неғұрлым батылырақ алу керек еді деп атап көрсетті. Ленин бұл мақаласында көтеріліс туралы маркстік ілімді дамытты, революцияның жеңісі жолында одан кейінгі күресте большевиктер басшылыққа алған аса маңызды қорытындылар жасады. Декабрь көтерілісінің маңызын сипаттай келіп, Ленин 1920 жылы былай деп жазды: «Декабрьден кейін бұл халық енді бұрынғы халық болмады. Ол қайта туды. Ол жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты» (Шығармалар, 31-том, 554-бет). Патша өкіметімен күресте жеңіліске ұшырағанмен, жұмысшы табы біржола талқандалған

жоқ еді. Ол шайқас үстінде халықтың барлық революцияшыл күштерінің топтасуын қамтамасыз етті, шегіністе өзінің рухы түсуіне жол бермеді. Россия тарихында бірінші рет пролетариат ақырына дейін күресудің мүмкін және қажет екенін бұқараға көрсетіп берді.

1905 жылғы бүкіл россиялық саяси стачка және декабрь қарулы көтерілісі күндерінде екі бағыт: большевиктер басшылық еткен пролетариаттың революциялық-маркстік бағыты және шын мәнінде меньшевиктер қолдаған либерал буржуазияның бағыты айқын әрі анық аңғарылды.

Ленин Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияны толық жеңіске дейін жеткізіп, сан миллиондаған шаруалар бұқарасын өз төңірегіне біріктіре алатын пролетариаттың сарқылмас күшіне кәміл сенді. Ленин «Саяси топқа бөлінудің бірінші қорытындылары», «Революцияның бірінші жеңісі», «Екі шайқас арасында», «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы», «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» деген мақалаларында, «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшасында және басқа еңбектерінде жаппай стачка мен қарулы көтеріліс күндеріндегі орыс революциясының барысына терең талдау жасайды, елдегі таптық күштердің арақатынасын көрсетеді және Россия пролетариатының октябрь-декабрьдегі шайқастарының тарихи маңызын ашып береді.

Ленин Батыс Европа елдерінде XVIII және XIX ғасырларда болған буржуазиялық революциялармен салыстырғанда, бірінші орыс революциясының айырмашылығы — жұмысшылар мен шаруалар күресінің формалары мен құралдарының мейлінше әр алуандығы болғанын көрсетті. Революциялық қозғалыс қаулап өрлеген кезеңде Россияның жұмысшы табы күрестің жаңа формаларын тудырды, күрестің бұл формалары бұқаралық саяси стачканы көтеріліспен ұштастырудан көрінді. Бұқаралық саяси стачка, деп көрсетті Ленин, тарихта тұңғыш рет пролетариаттың басты күрес құралы болды, мұның өзі Россиядағы революцияға үлкен серпін, өзіндік ерекшелік берді.

1905 жылғы орыс революциясы пролетариат қозғалыстың басшы күші, авангарды болғаны мағынасында ғана емес, «сонымен қатар,— деп жазды Ленин,—күрестің ерекше пролетарлық құралдары, атап айтқанда, стачка, бұқараны қозғаудың басты құралы және шешуші оқиғалардың толқындалып өршуінде неғұрлым сипатты құбылыс болғандығы мағынасында да» (Шығармалар, 23-том, 253-бет) пролетарлық революция болды.

Бірінші орыс революциясы халықаралық жұмысшы қозғалысындағы жаңа дәуірдің бастамасы болды, отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық күресінің дамуына орасан зор әсер етті. Россия жұмысшылары мен шаруаларының қаһармандық күресі Европа мен Америка елдері пролетариатының ыстық тілектестігін туғызып, қолдау тапты. Орыс революциясынан кейін іле-шала Азия елдерінде революциялар болды. Аса терең саяси сілкіністер мен революциялық шайқастардың заманы басталды. 1905 жылғы революция дүние жүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Россияға көшкенін, ал Россияның қаһарман пролетариаты бүкіл дүние жүзінің революцияшыл пролетариатының авангардына айналғанын көрсетті. Бірінші орыс революциясының тәжірибесі марксизм-ленинизмнің пролетариат — демократия жолындағы, социализм жолындағы ең алдыңғы қатарлы және дәйекті күрескер деген аса маңызды қағидасын дәлелдеп берді.

Революциялық қозғалыстың қызған кезеңінде, Россияда революция орасан зор шапшаңдықпен алға басқан кезде, халық бұқарасының инициативасымен елдің өнеркәсіпті ірі орталықтарында (Москва, Петербург, Иваново-Вознесенск, Тверь, Кострома, Луганск, Екатеринослав, Саратов, Дондағы Ростов, Киев, Одесса, Баку, Красноярск және басқа қалалар мен жұмысшы поселкелерінде) жұмысшы депутаттарының Советтері пайда болды, олар өз қызметінің ең басынан-ақ бұқара арасында зор беделге ие болды. Жұмысшы депутаттарының Советтерімен қатар солдат, темір жолшылар, шаруалар депутаттарының Советтері де пайда болды. Советтерді революцияшыл халықтың өзі құрды, Советтер өкімет ре-

тінде іс-әрекет етіп, баспаханаларды басып алды, халықтың өз праволарын жүзеге асыруына кедергі жасаған полицейлерді тұтқындады; ескі үкіметтің ақшасын конфискелеп, оны Советтердің қажетіне жұмсады. Советтер өздерінің қаулыларын, жарлықтарын, бұйрықтарын шығарды, өз бетімен сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізді, демократиялық бостандықтар берді. Советтердің пайда болуы жұмысшы табының революциялық күресі қажетінен туған еді; бұқаралық стачкалар мен қарулы көтерілістер революциялық өкімет туралы мәселені күн тәртібіне қойды.

«Жұмысшы депутаттарының Советтері,— деп жазды Ленин,— *бұқаралық тікелей күрес органы.* Бұлар *стачкалық* күрестің органдары ретінде пайда болды. Қажет болғандықтан, олар өте тез арада үкіметке қарсы *жалпы революциялық* күрестің органына айналды. Олар оқиғалардың дамуының және стачкадан көтеріліске көшудің себебінен, *тоқтаусыз көтеріліс органына* айналды» (Шығармалар, 11-том, 110—111-беттер).

Ленин алғашқы жұмысшы депутаттары Советтерінің жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, олардың тарихи ұлы болашағын ашты, Советтер пролетариат пен революцияның жеңісі жолында бірлесіп күресу үшін оның төңірегіне топтасқан барлық еңбекшілердің революциялық күресіне басшылық ету органдары екенін көрегендікпен болжады.

Бұл томға «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі», «Күні санаулы самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары» деген мақалалар, «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапша және басқа еңбектер енгізіліп отыр; бұларда Ленин халықтық өкімет органдары ретіндегі Советтер туралы мәселені теориялық жағынан егжей-тегжейлі талдады, олардың мәні мен міндеттерін ашып көрсетті. Советтер пайда болған кезеңде олардың ролін анықтап беруінен пролетариат диктатурасының маркстік идеясын бірінші орыс революциясының тәжірибесімен байытқан ғылым корифейі — Лениннің данышпандығы өте-мөте айқын көрінді.

Лениннің «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депу-

таттарының Советі» деген мақаласына дейін жұмысшы депутаттары Советтерінің маңызы мен ролі туралы және оларға пролетарлық партияның көзқарасы туралы мәселе дұрыс шешімін таппаған еді. Меньшевиктер қарулы көтеріліс және орталық революциялық өкімет құру ұранын «революциялық өзін өзі басқару» ұранымен алмастырып, Советтерді не бары жергілікті өзін өзі басқару органдары және стачкалық комитеттер ғана деп санады.

Советтердің роліне меньшевиктердің осы оппортунистік көзқарастарын әшкерелей келіп, Ленин өзінің мақаласында Советтерге көтеріліс органдары деп, елдегі революциялық күштерді біріктіре алатын, халықтың еркін шынайы білдіруші бола алатын революциялық, нағыз демократиялық өкімет деп қарайды. Бұл өкіметтің қызмет программасында, деп көрсетті Ленин, «... саяси бостандықты толық іс жүзіне асыру ...» «Сөз, ождан, жиналыс, баспасөз, одақтар, стачкалар бостандығына қысым жасайтын заңдардың бәрін жою, осы бостандықты тежейтін мекемелердің бәрін жою» «бірінші орында тұруға тиіс» (осы том, 69-бет). Бұл ретте Ленин жұмысшы депутаттарының Советіне жаңа өкіметтің бастамасы ретінде қарау керек деп атап көрсетті; ол Петербург Советі өзін бүкіл Россияның революциялық уақытша үкіметі деп жариялауға немесе сондай үкімет құруға тиіс деп санады.

Ленин партия мен Советтердің қарым-қатынасы туралы мәселені анық та айқын шешіп берді. Советтерге партия басшылық етуге тиіс деді Ленин. Партия «... *бірден-бір* дәйекті, бірден-бір шын пролетарлық дүние танымды — *марксизмді* қажымай-талмай, үнемі уағыздап отыру үшін...» (65-бет) тікелей Советтерге кіруге тиіс. Кейінірек пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретінде Советтер туралы ілімді жасағанда Ленин 1905 жылғы Советтердің тәжірибесіне сүйенді.

Россия пролетариатының 1905 жылғы октябрь — декабрьдегі күресі тәжірибесін қорытуға және либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясының контрреволюциялық мәнін әшкерелеуге арналған «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндет-

тері» деген кітапшасында Ленин революцияның маңызын маркстік тұрғыдан түсіндіріп, қоғам дамуына кадеттік көзқарасты сынайды. Кадеттер жұмысшылар мен шаруаларды өз ықпалына көндірмек болды, самодержавиені құлатуға жол бермеуге тырысты, «халық бостандығы» мен контрреволюцияны, яғни самодержавиенің халықты қанауы бостандығын біріктірмек болып, екіжүзді саясат жүргізді. Ленин осы буржуазиялық партияның екіжүзділігі мен аярлығын ашып көрсетті, кадеттерді «революцияның көрін кеулеген құрт» деп атады, оның бар пайдасы тек топырақты жақсы тыңайту ғана деді. Ленин саяси бостандықты күшпен, өз бетімен жеңіп алудан, заңда жоқ жаңа өкімет органдарын — жұмысшылардың, солдаттардың, темір жолшылардың, шаруалардың депутаттары Советтерін құрудан, халыққа зорлық қылушыларға оның күш қолдануынан көрінген халықтың революциядағы творчестволық ролін көрсетті. Бұл шығармасында Ленин революциялық күресті кемсіту үшін диктатура ұғымын бұрмалаған кадеттерді әшкерелеиді, диктатураны нағыз ғылыми тұрғыдан түсіндіріп берді, азшылықтың көпшілікке диктатурасы болып табылатын буржуазия диктатурасы мен ат төбеліндей зорлықшыларға, тонаушыларға және халық өкіметін тартып алушыларға деген халықтың орасан көпшілігінің диктатурасы арасындағы түбегейлі айырмашылықты көрсетті. Советтер—жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі, орасан зор көпшіліктің диктатурасы, бұл диктатура өкімет билігіне мейлінше кеңінен тартылып отыратын орасан көп бұқараның сеніміне сүйеніп қана өмір сүре алды және өмір сүріп келді. Жұмысшы депутаттарының Советтері революцияшыл халықтың, орасан көпшіліктің азшылыққа диктатурасының бастамасы, жұрттың бәріне ашық, не істесе де бұқараның көз алдында істейтін өкімет болды, оның аса маңызды тарихи ролі де осында.

Лениннің Советтерге берген бағасының қаншалықты тереңдігін өмірдің өзі дәлелдеді, Советтер 1917 жылы большевиктік партияның басшылығымен пролетариат құрған Совет өкіметінің алғашқы үлгісі болды.

«Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық со-

циализм», «Пролетариат және шаруалар», «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы», «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» деген мақалаларында, «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшасында, сондай-ақ «Революцияның кезеңдері, бағыты және перспективалары» деген мақаласының жоспарында және томға енгізілген басқа да еңбектерінде Ленин елде революцияны одан әрі дамытудың, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың жолдарын ашады. Бұл еңбектерінде ол жұмысшы табының революциядағы одақтасы революцияшыл шаруаларға және пролетариат күресінің әр алуан сатысындағы шаруалар қозғалысына жан-жақты маркстік баға береді.

Лениннің пролетарлық партияны нығайтуға және революциялық өрлеу туғызған жаңа жағдайларда оның қызметін одан әрі өрістетуге арналған шығармалары томда едәуір орын алады.

«Партияны қайта құру туралы» деген мақаласында Ленин 1905 жылы октябрьде болған жаппай саяси стачка кезінде жеңіп алынған жария мүмкіндіктерді кең пайдалануға сүйене отырып, партия жұмысын батыл қайта құру міндетін алға қойды. Ол партия қатарына жаңа мүшелерді ең алдымен жұмысшылардан батыл тартуды, партия органдарының сайланатын болуын енгізуді, жария және жартылай жария партия органдары мен оларға қосылатын ұйымдар жүйесін құруды ұсынды. Партияның қызметін бұлайша қайта құру партия мүшелерінің инициативасына жол ашты, бұқараға пікірін ашық айтып, партияның платформасын түсіндіруге және ол үшін күресуге мүмкіндік берді. Мұның өзі партия мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты және большевиктік партияның тактикасы мен программасын белсене жақтаушыларды көбейтті. Партия алдыңғы қатарлы таңдаулы жұмысшылармен толықтырылды, сөйтіп ол 1905 жылғы көктемдегі астыртын үйірмелер одағынан сол жылдың күзінде, деп көрсетті Ленин, *«миллиондаған* пролетариаттың партиясы болып алды»

(Шығармалар, 15-том, 148-бет). Демократиялық централизм принципі практикада жүзеге аса бастады.

Лениннің «Партияны қайта құру туралы» деген мақаласы Лениннің басшылығымен 1905 жылы декабрьде Таммерфорста өткен РСДРП бірінші конференциясы қабылдаған осы аттас қарардың негізіне алынды. Конференция іс жүзінде екі партияға бөлініп кеткен партияның бірлігін қалпына келтіру туралы да шешім қабылдады, сөйтіп РСДРП Біріккен Орталық Комитетіне партия съезін шақыруды тапсырды.

Барлық социал-демократияшыл жұмысшыларды орталықтандырылған шын мәніндегі бір маркстік партияға біріктіру ол кезеңде аса көкейтесті міндет болды және революцияның жеңісі жолында ойдағыдай күрес жүргізу үшін оның маңызы өте зор еді. Бірігуге, революциялық аттаныстардағы қимыл үйлесімділігіне ұмтылу әсіресе төменгі топтарда, жұмысшылар арасында мейлінше анық сезілді. Жергілікті жерлерде оқшауланған большевиктік және меньшевиктік ұйымдардың болуы жұмысшылардың наразылығын туғызды. Меньшевиктердің сатқындығына партия бұқарасы өз тәжірибесі арқылы көз жеткізіп, жұмысшы табының мүдделерін бірден-бір білдіруші большевиктер екенін түсінді.

РСДРП IV (Бірігу) съезіне арналған және осы томға енгізіліп отырған еңбектер меньшевиктердің жікшілдік әрекетін әшкерелей отырып, Лениннің пролетарлық партияны нығайту жолында қандай табандылықпен және принципшілдікпен күрескенін көрсетеді.

Лениннің IV (Бірігу) съезд қарсаңында жазылған «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері», «РСДРП Бірігу съезіне тактикалық платформа» деген мақалаларында, «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшасында большевиктік партияның меньшевиктермен бірігу мәселесі жөніндегі позициясы баяндалады. Ленин тек принципті негізде, революциялық марксизм негізінде, революцияға большевиктік баға беру, революциядағы большевиктік стратегия мен тактика негізінде ғана бірігуге болады деп санады. Лениннің бұл еңбектерінде, әсіресе большевиктік қарарлардың жобалары берілген «РСДРП

Бірігу съезіне тактикалық платформада» орыс революциясының барлық негізгі мәселелері жөніндегі: революцияның перспективалары туралы, қарулы көтеріліс туралы, революциялық уақытша үкімет туралы, жұмысшы депутаттарының Советтері туралы, буржуазиялық партиялар мен Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, ұлттық социал-демократиялық партияларға, кәсіподақтарға көзқарас туралы мәселелер және ұйымдық мәселелер жөніндегі партия нұсқаулары түсіндіріледі. Сондай-ақ оларда пролетарлық партияның кезектегі міндеттері де белгіленген.

IV (Бірігу) съезд 1906 жылы апрельде Стокгольмде өтті. Съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын лақтырып тастады. Уставқа демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым бірінші рет енгізілді. Съезд поляк және латыш социал-демократиялық партияларымен бірігу туралы шешімді, сондай-ақ Бундты РСДРП-мен біріктіру шарттарының жобасын қабылдады, бірақ арнаулы қарарында пролетариатты ұлтына қарай ұйымдастыруға үзілді-кесілді қарсы шықты. Россияның ұлттық социал-демократиялық партияларын РСДРП құрамына қосу IV съездің ірі жетістіктерінің бірі болды.

Съезд орыс революциясының барлық негізгі мәселелері жөнінде большевиктердің меньшевиктермен принципті терең алауыздығы бар екенін көрсетті, сөйтіп екі фракцияның тек формальды түрде ғана бірігуін жүзеге асырды.

Ленин өзінің IV съезде сөйлеген сөздерін, сондай-ақ съезден кейін жазылған «Бұрынғы «большевиктер» фракциясында болған Бірігу съезі делегаттарының партияға үндеуін», «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндаманы» меньшевиктердің оппортунистік тактикасын әшкерелеуге, пролетариаттың гегемондығы идеясын қорғауға арнады.

Меньшевиктер өріс алған революциядағы жұмысшы табының басшылық ролін теріске шығарды, революцияны ақырына дейін жеткізбей, парламенттік жолға

бұрып әкетуге тырысты. Олар жұмысшы табына буржуазиялық ықпал жүргізушінің ролін атқарды.

Ленин, большевиктер конституциялық жалған үміттермен, самодержавиелік үкіметтің өтірік уәделерімен және оның революцияшыл халықты патша «конституциясының» жолына салу әрекеттерімен табанды күрес жүргізді.

Конституциялық жалған үміттерге көзқарас жөніндегі мәселені В. И. Ленин революцияны одан әрі дамытуды жақтаушыны оппортунистен бәрінен де гөрі оңай айыруға болатын мәселе деп санады. Ленин I Мемлекеттік думаға белсенді бойкот жариялау қажеттігін 1906 жылғы январь — февральда «Мемлекеттік думаға бойкот жасау керек пе?», «Мемлекеттік дума және социал-демократиялық тактика», «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы» деген мақалалары мен осы томға енгізілген басқа да еңбектерінде негіздеп берді. Ленин большевиктік тактиканы РСДРП IV съезінде де қорғады.

Лениннің «Пролетариат және шаруалар», «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген еңбектері, партияның IV съезінде аграрлық мәселе жөнінде сөйлеген сөздері және басқа материалдар Лениннің маркстік революциялық аграрлық программа жолында қалай күрескенін көрсетеді.

Лениннің аграрлық мәселені теориялық жағынан талдап зерттеуі большевиктер партиясының шаруаларды пролетариаттың революциядағы одақтасы ету үшін күресінің құрамдас бөлігі болды және буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру теориясымен тығыз байланысты болды.

Социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы туралы мәселе, деп жазды Ленин «Пролетариат және шаруалар» деген мақаласында, программа мен тактиканы белгілеген кезде әрқашан да көкейтесті мәселе болды. Ленин орыс революциясының барысы мен нәтижесі шаруалардың сана-сезімінің өсуіне байланысты болады деп санады.

Аграрлық мәселе партияның IV съезінде басты мәсе-

лелердің бірі болды. Бұл мәселе жөнінде Ленин баяндама жасады.

Аграрлық программаның Ленин тұжырымдаған большевиктік жобасының практикалық талаптарында шаруалар комитеттерін құру, барлық помещиктік, шіркеулік, монастырьлік, уделдік, мемлекеттік және басқа жерлерді шаруалардың пайдасына конфискелеу, келешекте барлық жерді национализациялау көзделді, национализациялау пролетариаттың деревня кедейлерімен одақтаса отырып, социалистік революцияға көшуін жеңілдететін еді. Большевиктердің аграрлық программасы шаруаларды помещиктерге қарсы революцияға, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жоюға шақырды.

Меньшевиктік аграрлық программа, керісінше, революцияның орта жолда қалуын көздеді және, шын мәнінде, келісімпаздық программа болды. Бұл программа бойынша помещиктік жерлер муниципалитеттердің қарамағына көшуге тиіс еді, ал шаруаларға осы жерлерді ақы төлеп арендаға алу правосы берілді.

Ленин жерді муниципализациялаудың меньшевиктік программасының мүлдем негізсіз екенін көрсетіп берді және оны революция үшін зиянды программа, «мәселені көтеріліс арқылы емес, помещиктермен келісімге келу арқылы, реакциялық орталық өкіметпен келісімге келу арқылы шешуге шақырғандық...» (осы том, 277-бет) деп сипаттады.

1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісі кезінде және одан кейін кейбір большевиктік ұйымдар талқандалып, съезге өз делегаттарын жібере алмауы салдарынан съезде меньшевиктер сан жағынан шамалы көпшілік болды. Мұның өзі бірқатар мәселелер жөнінде съезд шешімдерінің меньшевиктік сипатта болуына әкеп соқты.

«Партияға үндеуде» және келесі томға енетін «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндамада» Ленин большевиктердің назарын жұмысшы партиясының революциялық жолдан таймауына, пролетариаттың бостандық жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер ретіндегі өзінің ұлы ролін ақырына дейін жеткізуіне барлық күш-жі-

герді салу қажеттігіне аударды. «Егер бүкіл Россияның пролетариаты тығыз топтасса,— деп жазды Ленин,— егер ол халықтың келісімге келетін топтарын емес, күресуге жарайтын шын революцияшыл топтарының бәрін өзімен бірге көтере білсе, егер ол шайқасқа жақсы әзірленіп, бостандық жолындағы түбегейлі шайқастың мерзімін дұрыс таңдай білсе,— онда пролетариат жеңіп шығады» (418-бет). «Партияға үндеуде» және съезд туралы баяндамасында Ленин IV съездің большевиктердің наразылығына қарамастан қабылданған меньшевиктік шешімдерін большевик делегаттардың атынан принципті сынға алды және барлық социал-демократтарды кезекті съезде жерді муниципализациялаудың меньшевиктік программасын жою туралы шешім қабылдануына жетуге шақырды.

Томға Лениннің партияның идеологиялық жұмысы мәселелеріне арналған «Партия ұйымы және партиялық әдебиет», «Социализм және дін» деген еңбектері еніп отыр. Оларда жалпы партиялық қызметтегі идеялық күрестің орны белгіленіп, ғылыми, материалистік дүние таным үшін, социализмнің жеңісі үшін күрестегі ғылымның, әдебиет пен өнердің орасан зор ролі көрсетілген.

Россияда 1905 жылы октябрьде болған жаппай саяси стачкадан кейін қалыптасқан жаңа жағдайларда, құпия баспасөз бен жария баспасөздің арасындағы айырмашылық жойыла бастаған кезде, пролетарлық партияның алдында әдебиеттің партиялығы туралы мәселе тұрды. Бұл жағдайларда, деп көрсетті Ленин, пролетариат *«партиялық әдебиет* принципін ұсынуға, осы принципті дамытып, оны мүмкіндігінше неғұрлым толық және тұтас формада жүзеге асыруға» (105-бет) тиіс болды. «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» деген мақаласында Ленин осы принциптің мәнін ашып, әдеби іс жалпы партиялық жұмыстың бір бөлегіне айналуға тиіс деп көрсетті. Бұл міндетті партия үшін қиын әрі жаңа міндет деп санай отырып, Ленин газет, журнал редакцияларына, баспаларға осы міндетті орындауға дереу кірісуді ұсынды. Әдебиетті дамытуға партиялық басшылықтың қажеттігін бұлжытпай атап көрсете ке-

ліп, Ленин жазушылардың, суретшілердің өз инициативасына, олардың жеке басының қабілетіне кең өріс беру, олардың ойы мен қиялына өріс беру туралы үнемі айтып отырды. Ол большевиктерді мәдениет қайраткерлерінің көркем және ғылыми творчествосының тәуелсіздігі туралы буржуазия идеологтарының екіжүзді сөздерін әшкерелеуге шақырды. Қоғамда өмір сүре отырып, қоғамнан тысқары бола алмайсың, деп жазды Ленин. Ол буржуазия жазушысының еркіндігі дейтіннің іс жүзінде буржуазияға тәуелділіктің бүркемеленген түрі екенін көрсетті және еркіндігі жалған әдебиетке нағыз еркін, пролетариатпен ашық байланысты әдебиетті қарама-қарсы қойды. Ленин былай деп жазды: «Бұл еркін әдебиет болады, өйткені оның қатарына көптеген жаңа күштерді пайдакүнемдік пен мансапқорлық емес, социализм идеясы мен еңбекшілерге деген ниеттестік тартатын болады» (109-бет).

Лениннің осы программалық мақаласы пролетарлық әдебиеттің дамуын белгілеп берді. Оның негізгі нұсқауларының қазір де, жаңа, коммунистік қоғам құрылысы кезеңінде, совет адамдарына коммунистік тәрбие беру және олардың санасындағы капитализм қалдықтарымен күресу мәселелері партиямыздың алдына қатты қойылып отырған кезде,— ерекше зор маңызы бар.

«Социализм және дін» деген мақаласында Ленин діннің таптық тамырларын ашып көрсетіп, пролетарлық партияның дінге көзқарасын белгіледі. Жұмысшы табын азат ету жолындағы саналы, алдыңғы қатарлы күрескерлердің одағы бола отырып, маркстік партия дінге сенушіліктің надандық және қараңғылық екендігіне немқұрайды қарай алмайды және немқұрайды қарамауға тиіс те. Ол өзінің ғылыми, материалистік дүние танымға негізделген партиялық программасын кеңінен түсіндіріп отыруға міндетті. Діннің шын тарихи және экономикалық тамырларын тек осы дүние таным ғана ашып көрсетеді. Діни соқыр сенімдерге қарсы күресте Ленин ғылыми білімдерді насихаттау орасан зор роль атқаруға тиіс деп есептеді.

Томда Лениннің 14 документі бар, олар Шығармаларға бірінші рет енгізіліп отыр. Олардың ішінде В. Ка-

лининнің (В. А. Карпинскийдің бүркеншік аты) «Шаруалар съезі» деген мақаласына екінші қосымша бар, мұнда шаруалар одағының бірінші съезі қабылдаған (август, 1905) тактикалық қарар сыналған, 1906 жылы 11 (24) февральда және февральдың аяғы — марттың басында болған РСДРП Петербург жалпы қалалық конференцияларында Лениннің сөйлеген 7 шағын сөзі, РСДРП IV (Бірігу) съезінің 6 документі бар.

«Дайындық материалдар» бөлімінде Лениннің «Бүкіл россиялық саяси стачка», «Революцияның бірінші жеңісі» деген мақалаларға заметкалары және «Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм» деген мақаласының жоспары басылып отыр, олар Лениннің осы шығармаларды жазу үстіндегі жұмыс әдісін көрсетеді.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ САЯСИ СТАЧКА

Женева, 26 (13) октябрь.

Барометр дауылды көрсетіп тұр! — Бүгінгі шетел газеттері *бүкіл россиялық саяси стачканың* өте күшті өсуі туралы телеграф хабарларын келтіре отырып, осылай деп мәлімдейді.

Тек барометр ғана дауылды көрсетіп отырған жоқ, сонымен қатар ынтымақтасқан пролетарлық тегеурініің орасан зор екпіні қазірдің өзінде-ақ барлығының түп-түгел астан-кестеңін шығарды. Революция оқиғалардың керемет байлығын айқара ашып, ғажап шапшаңдықпен тез алға басып барады, сондықтан егер біз соңғы үш-төрт күннің толық тарихын оқушыларымызға баяндағымыз келсе,— біздің тұтас кітап жазуымызға тура келген болар еді. Бірақ тарихты тәптіштеп жазу ісін біз келер ұрпаққа қалдырамыз. Біз адам баласы бұрын-соңды бастан кешірген аса зор азамат соғыстарының, бостандық жолындағы соғыстардың бірінің тамаша көріністерін көріп отырмыз, сондықтан барлық күшімізді осы соғысқа жұмсау үшін өмір сүруге асығу керек.

Дауыл басталды,— ал қазір Дума жөніндегі либералдық, демократиялық сөздер, болжаулар, жорамалдар мен жоспарлар қандайлық болмашы болып көрінеді десеңізші! Біздің Дума туралы таластарымыздың бәрі енді — бірнеше күннің ішінде, бірнеше сағаттың ішінде — қаншама ескірді десеңізші! Біздің кейбіреулеріміз полиция министрлерінің осы бір пасық комедиясын болғызбай тастауға революцияшыл пролетариаттың күші

жете ме, жетпей ме деп шүбәландық, кейбіреулеріміз сайлауға бойкот жасау туралы барынша батыл айтуға қорықтық. Ал енді сайлау әлі де барлық жерде басталған жоқ, сонда да ойыншық үй қолды бір сермеуден-ақ теңселе бастады. Қолды бір сермеудің өзі либералдар мен қорқақ освобождениешілдерді ғана емес, Витте мырзаны, жаңа «либералдық» патша үкіметінің осы басшысын бүкіл булыгиндік жарамсыз әрекеттің барлық қулық-сұмдықтарын күл-талқан ететін реформалар туралы айтуға (рас, әзірге тек *айтуға* ғана) мәжбүр етіп отыр.

Бұл қол, бір сермегенде-ақ Дума туралы мәселеде төңкеріс жасаған қол — Россия пролетариатының қолы. «Егер сенің қарулы қолың қаласа,— делінген немістің социалистік әнінде,— доңғалақ біткен тоқтайды». Қазір осы қуатты қол көтерілді. Біздің қарулы көтеріліс ісінде бұқаралық саяси стачканың зор маңызы бар екендігі туралы айтқандарымыз бен болжауларымыз тамаша расталды. *Бүкіл россиялық саяси стачка* бұл жолы шынында да бүкіл елді қамтыды, ең езілген, ең алдыңғы қатарлы таптың ерлік өрлеуіне қарғыс атқан Россия «империясының» *барлық халықтарын* біріктірді. Бұл езгі мен зорлық-зомбылық империясындағы барлық халықтардың пролетарлары енді бостандықтың тұтас бір ұлы армиясы, социализм армиясы қатарына сап түзеуде. Революциялық пролетарлық бастаманың абыройын Москва мен Петербург өзара бөлісті. Астаналар ереуілге шықты. Финляндия ереуіл жасауда. Рига бастаған Остзей өлкесі қозғалысқа қосылды. Қаһарман Польша тағы да стачкашылардың қатарына қосылды, жаулар өз соққылары арқылы оны талқандаймыз деп сенді, бірақ олардың дәрменсіз ашу-ызасын мазақ еткендей, ол өзінің революциялық күштерін бұрынғыдан да гөрі шыңдай түсті. Қырым (Симферополь) мен оңтүстік көтеріліп келеді. Екатеринославта баррикадалар жасалып, қан төгіліп жатыр. Поволжье (Саратов, Симбирск, Нижний) ереуіл жасауда, орталық егіншілікті губернияларда да (Воронеж), өнеркәсіпті орталықта да (Ярославль) стачка тұтанып келеді.

Міне, осы көп тілді, сан миллиондаған жұмысшы армиясын темір жол қызметшілері одағының [1] шағын делегациясы басқарды. Либерал мырзалардың жарамсақтықпен патшаны мадақтаған сөздер сөйлеп, Виттеге қылмыңдап саяси комедия қойған сахнасына,— осы сахнаға жұмысшы баса-көктеп кіріп, жаңа «либералдық» патша үкіметінің жаңа басшысы Витте мырзаға өз *ультиматумын* қойды. Темір жол жұмысшыларының делегациясы «мещандық басқарманы», Мемлекеттік думаны күткісі келмеді. Жұмысшылар делегациясы керек десе бұл қуыршақ комедияны «сынауға» қымбат уақытын жіберіп те әуре болған жоқ. Жұмысшылар делегациясы әуелі *іспен сынауды* — саяси стачканы — дайындап алып, сонан соң министр-клоунге: бір-ақ шешімді — жалпыға бірдей және тоте сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру керек деп мәлімдеді.

Темір жол жұмысшыларының өздері тауып айтқандай, министр-клоун «барлық уақыттағыдай көлгірсіп, нақты еш нәрсе бермей, нағыз шенқұмарша» сөйледі. Ол жалпыға бірдей сайлау правосын қабылдамай, баспасөз бостандығы туралы указдар шығаруға уәде береді; шетел телеграммаларына қарағанда, ол — құрылтай жиналысы «енді мүмкін емес» депті.

Сөйтіп, жұмысшылар делегациясы жаппай стачка жариялады. Жұмысшылар делегациясы министрден шығып, университетке барды, мұнда он мыңдаған адамның қатысуымен саяси жиналыстар болып жатқан-ды. Пролетариат өзіне революцияшыл студенттер берген мінбені пайдалана білді. Сонымен, Россиядағы үздіксіз, еркін өтетін бұқаралық алғашқы саяси жиналыстарда барлық қалаларда, мектептерде, заводтарда, көшелерде министр-клоунның жауабы талқыланды, құрылтай жиналысын шақыруды «мүмкін» және *қажетті* ететін батыл қарулы күрестің міндеті туралы айтылды. Шетелдегі буржуазиялық баспасөз, тіпті ең либералдық баспасөздің өзі де, еркін өтетін халық жиналыстарының шешендері жариялап отырған «террорлық және бүліншілік» ұрандар туралы үрейлене міңгірлейді, сірә, патша үкіметі өзінің бүкіл езу саясаты арқылы көтеріліс-

тің қажеттігіне және сөзсіз болуына көмектеспеген сияқты.

Көтеріліс жақындап келеді, ол біздің көз алдымызда бүкіл россиялық саяси стачкадан туып отыр. Жалпы халықтық құрылтай жиналысын шақыру «енді» мүмкін емес деп жұмысшыларды сендірмекші болып отырған министр-клоунның тағайындалуы революциялық күштердің өрге басып, патша үкіметі күштерінің құлдырап бара жатқандығын айқын көрсетеді. Самодержавиенің революцияға ашық қарсы шығуға *қазірдің өзінде* шамасы келмей отыр. Жауға үзілді-кесілді соққы беруге *әзірше* революция да дәрменсіз. Тепе-тең дерлік болып отырған күштердің бұл ауытқуы өкіметті сөзсіз састырып, жазалау шараларынан жеңілдік жасауға, баспасөз бостандығы мен жиналыс бостандығы туралы заң шығаруға көшуге әкеліп отыр.

Жаудың ес жинауына мүмкіндік бермеу үшін бұдан да гөрі кең және табан тірескен жаңа күреске қарай алға басайық! Пролетариат революцияның жеңуі үшін қазірдің өзінде керемет нәрселер істеді. Бүкіл россиялық саяси стачка жауды ажал алдында жанталастырып, революцияның жеңісін адам айтқысыз жақындатты. Бірақ біржола жеңіп шығу үшін біздің істей алатын және істеуге тиісті нәрселеріміздің бәрін біз әлі де түгел істеген жоқпыз. Күрес шешіміне жақындап келеді, бірақ нағыз шешіміне әлі жеткен жоқ. Жұмысшы табы нақ қазіргі уақытта бұрын болып көрмеген мөлшерде көтеріліп, бір кісідей жұмылып, қарулануда. Сөйтіп ол, сайып келгенде, жексұрын самодержавиені түбірімен жұлып тастап, министр-клоундардың бәрін қуып шығып, *өзінің* революциялық уақытша үкіметін орнатады және Россияның барлық халықтарына нағыз бүкіл халықтық, нағыз құрылтай жиналысын нақ «енді» шақырудың қаншалықты «мүмкін» және қаншалықты қажет екендігін көрсетеді.

«Пролетарий» № 23,
31 (18) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

КҮШТЕРДІҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ [2]

1) Осы уақытқа дейінгі [30 (17) октябрь, дүйсенбі] қорытынды — күштердің тепе-теңдігі, мұны біз *«Пролетарийдің»* [3] *23-номерінде* көрсеткен болатынбыз.

2) Патша өкіметі *қазірдің өзінде әлсіз,*— жеңіп шығуға революция *әлі де дәрменсіз.*

3) Осыдан келіп орасан зор ауытқулар болып отыр. Революциялық құбылыстар (стачкалар, митингілер, баррикадалар, қоғамдық қауіпсіздік комитеттері, үкіметтің толық әлсіреуі etc.) адам айтқысыз, керемет күшейді.

— екінші жағынан, батыл жазалаулардың жоқтығы. *Әскер толқуда.*

4) Патша сарайы қобалжуда («Times» [4] және «Daily Telegraph» [5]): диктатура немесе конституция.

Патша сарайы қобалжып, *аңысын аңдауда.* Расында, оның тарапынан бұл дұрыс тактика: күштердің тепетеңдігі аңысын аңдауға мәжбүр етіп отыр, *өйткені өкімет олардың қолында.*

Революция *шабуыл жасау, атой салу контрреволюцияға тиімсіз болып отырған* кезеңге жетті.

Біз үшін, пролетариат үшін, дәйекті революцияшыл демократтар үшін, *бұл әлі жеткіліксіз.* Егер біз тағы да бір саты жоғары көтерілмесек, егер біз дербес шабуыл жасау міндеттерін орындамасақ, егер біз патша өкіметінің күштерін қиратпасақ, оның нақты өкімет билігін талқандамасақ,— онда революция жартыкеш револю-

ция болады, онда *буржуазия жұмысшыларды алдап соғады.*

5) *Конституцияның тағдыры* шешілді деген сөз — лақап. Егер бұл рас болса, онда, демек, патша 1848 жылдың және басқа революциялардың сабақтарын ескергені: құрылтай жиналысын*сыз*, құрылтай жиналысына *дейін*, құрылтай жиналысынан *тыс* конституция *беру*. Қандай? Ең жақсы (патша үшін) дегенде = кадеттік конституция беру.

Мұның маңызы: конституцияшыл-демократтардың мұратын жүзеге асыру, революциядан аттап өту. Халықты алдау, өйткені толық және нақты сайлау бостандығы *бәрібір болмайды.*

Революцияның осы *мархабат етілген* конституциядан аттап өтуіне болмас па екен?

1905 ж. 17 (30) октябрьде жазылған

Бірінші рет 1926 ж Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

САЯСИ ТОПҚА БӨЛІНУДІҢ БІРІНШІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Россияның социал-демократиялық партиялары мен ұйымдарының конференциясы[6] туралы осының алдындағы номерде біздің берген есебіміз қазіргі саяси топқа бөліну туралы мәселе жөнінде, бастапқы болса да, кейбір қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді. Социал-демократиялық партиялар мен ұйымдардың (РСДРП — Орталық Комитет, Бунд[7], Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы[8], Польша социал-демократиясы[9] және Украин революциялық партиясы[10]) конференциясы Мемлекеттік дума жөнінде белсенді бойкот жасау тактикасын бірауыздан қабылдады. Сөздің тура мағынасында айтқанда, Мемлекеттік думаға қарсы күшті үгіт жүргізу қажет екендігін, Мемлекеттік думаға қатысуға болады дейтін партиялардың барлығына қарсы үгіт жүргізу қажет екендігін, ақырында қарулы көтерілісті дайындаудың міндетті екендігін қазір, асырмай айтқанның өзінде, ұлттық өзгешеліктеріне қарамастан бүкіл революциялық социал-демократия мойындап отыр. РСДРП Орталық Комитеті қабылдаған және газетіміздің 12-номерінен бастап, яғни 2½ ай бойы «Пролетарийде» өзіміз қорғап келген тактиканың негізі, бір күйінішті жағдайды айтпағанда, енді Россиядағы бүкіл дерлік социал-демократия тактикасының негізі болып отыр.

Оқушыға мәлім, бұл күйінішті жағдай — «Искра»[11] және РСДРП-дан бөлініп шыққан «азшылық». «Ұйымдастыру комиссиясы» — оның практикалық орталығы —

конференцияға қатысты. Оның делегатының қалай дауыс бергенін біз білмейміз, бірақ Ұйымдастыру комиссиясының конференция қарарына қол қоюдан бас тартқандығы факт. Жаңа искрашылдардың Оңтүстік «құрылтай» конференциясы[12] Мемлекеттік дума туралы мүлде қисынсыз және өзінің принциптік маңызы жағынан оппортунистік қарар қабылдағаннан кейін осылай болуы керек те еді, бұл қарарды біз «Пролетарийдің» 21-номерінде толық талдаған болатынбыз *.

Сонымен, саяси топқа бөліну толық белгіленіп отыр. Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселе оппозициялық және революциялық партиялардың, жария баспасөз бен құпия баспасөздің саяси тактиканы бірінші рет дерлік бірлесіп талқылауын туғызды. Қозғалыстың бұдан бұрынғы кезеңімен салыстырғанда, мұның өзі орасан зор алға басқандық болды. Бұрын оппозицияны революционерлерден, жария жұмысты құпия жұмыстан тұтас бір тұңғиық бөліп тұратын еді. Қазір бас-аяғы он шақты айдың ішінде қозғалыстың орасан зор ілгері басқандығы сонша, тіпті бұл тұңғиықтың едәуір бөлігі тегістелді: революциялық күрес «жария» оппозицияны толқынның жалына, революция фактісін мойындауға дейін дерлік көтерді. Бұрын біз, шынын айтқанда, жария оппозицияның өкілдерімен тактика туралы, саяси партиялардың тәртібі туралы таласа да алмайтын едік, өйткені революциялық, құпия партиялардан басқа партия да жоқ еді, өйткені, егер самодержавие мен оның малайларының «қызметін» былай қоятын болсақ, «саяси қызметтің» бәрі бірдей «саяси қылмыстылардың» қызметімен орайлас болып отырды. Қазір Мемлекеттік дума бүкіл халық бұқарасының, барлық сарындардың, бағыттар мен партиялардың табиғи және сөзсіз түрде талқылайтын тақырыбына айналды. Революциялық күрес революциялық айтыстың жария баспасөзге де, земство жиналыстарына да, студенттік жиындарға да, бұқаралық жұмысшы митингілеріне де енуіне жол ашып берді.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 384—403-беттер. *Ред.*

Мемлекеттік думаға қалай қарау керек деген мәселе жөніндегі айтысты бірінші дерлік земствошылар мен радикал интеллигенция бастады, ал олар патшаның қайыр-садақасына неғұрлым тікелей мүдделі еді және 6 августағы манифест [13] шыққанға дейін-ақ әлгі қайыр-садақа жөнінде неғұрлым хабардар болды. Ал сонан соң бұл айтыс Россияның бүкіл саяси баспасөзіне тарады, еріктi, яғни өзінің барлық дәлелдері мен өзінің барлық ұрандарын сарқа айтатын құпия баспасөзге де, бойкотты эзоп тілімен жақтап жазып, бойкотқа қарсы ашық жазған жария баспасөзге де тарады.

Россияның барлық халықтарының саяси партиялары мен таптарының межелерін айырудың жаршысы болып отырған саяси топқа бөліну нақ бойкот туралы мәселе жөнінде қалыптаса бастады. Думаға бару керек пе әлде бармау керек пе? Думаны болғызбай тастау керек пе әлде Думаны қабылдау керек пе? Думаның өз ішінде, Дума негізінде күресу керек пе әлде Думадан тыс, Думасыз, Думаға қарсы күресу керек пе?—сайлаушылардың пұрсатты шағын тобы алдына да, «правосыз» халық бұқарасының алдына да мәселе сөзсіз осылай қойылды. Сонымен, әрине, алуан түрлі мыңдаған көзқарастардың тұрғысынан және алуан түрлі мыңдаған нұсқалар мен «ерекше пікірлерде» шешіліп келген бұл мәселе жөнінде жұртшылық пікірін «сұраудың» қазір *жинақталған нәтижелері* бар, мұның өзі бүкіл баспасөзде және барлық саяси ұйымдардың, саяси жиналыстардың, жиындардың, т. б. мәлімдемелерінің бүкіл жиынтығында беріліп отыр.

Бұл жинақталған нәтижелер мынадай:

Болып жатқан революцияның негізгі және басты әлеуметтік үш күшіне толық сәйкес, Дума жөніндегі көзқарастардың негізгі үш типі: *қаражүздік* (самодержавие), *либералдық* (буржуазия) және *революциялық* (пролетариат) көзқарастар айқын көрініп отыр. Қаражүздіктер самодержавиені сақтап қалудың ең жақсы және, бәлкім, бірден-бір мүмкін, тіпті бірден-бір ақылға сыйымды құралы ретінде Думаға жармаса кетті. Либералдар Думаны қатты сынады да, Думаны қабылдады, өйткені олар жария жолға, патшамен келісім жасасу

жолына керемет күш арқылы тартыла бастады. Пролетариат бастаған революцияшыл халық Думаны масқаралап, оған белсенді бойкот жариялады және өзінің бұл белсенді бойкотты қарулы көтеріліске айналдыруға тырысатынын қазір іс жүзінде көрсетіп отыр.

Осы негізгі үш типке біраз толығырақ тоқталуға болады.

Қаражүздіктерге келетін болсақ, онда самодержавиені жақтаушылар бойкот жасауға немесе, біздің итаршы баспасөзіміздің жиі айтып жүргеніндей, абсентеизмге тікелей немесе жанамалап тілектес болады деп күтуге болатын еді (Думаны байыпты деп есептеуге бейім адамдар—тіпті, егер қателеспесек, искрашылдар да осыны күткен болатын). Олар, мейлі, бойкот жасай берсін: онысы бізге жақсы, Думаның қаражүздік құрамы бірыңғай және таза болады десті. Россияда патша министрлерін шектен тыс либерализмге салынғандығы үшін қудалайтын, «тым әлсіз» үкіметке қарсы наразылық білдіретін консервативтік органдар болып отырғандықтан, бұл көзқарас конституцияшылдардың көптеген козқарастарымен бірдей, тіпті онан да айқынырақ байқалуы әбден мүмкін еді. Бірақ бұл арада Думаны байыпты деп түсініп, Дума негізінде күрес жүргізу туралы, Думадағы күресті қолдау туралы, т. с. және т. т. туралы сөз ете бастаған адамдардың қатесі де әсер етті. Бұл арада самодержавиенің думалық жария оппозицияны сұмдық керек ететіні, бойкот жасаудан сұмдық қорқатыны бірден білінді. Неге? Неге дерің бар ма: оның себебі, тап ретінде буржуазияның бір бөлігімен болса да келісім жасамайынша елді басқару ешбір мүмкін емес екендігі күмәнсыз болып шықты. Буржуазияның оң қанатымен келісім жасамайынша елді басқаруға болмайды, ақша табуға болмайды, ұзақ өмір сүруге болмайды. Біздің самодержавие қаншалықты азиаттық-тағы болғанымен, онда атамзаманғы, ғасырлар бойы керемет таза күйінде сақталған варварлық қаншама көп болғанымен, дегенмен самодержавиелік үкімет—мыңдаған арқау арқылы Европамен, халықаралық рынокпен, халықаралық капиталмен айрылмастай байланысқан капиталистік елдің үкіметі. Самодержа-

виенің бүкіл Россия буржуазиясына тәуелділігі — ең күшті материалдық тәуелділік, бұл тәуелділік орта ғасырлық жүздеген қондырмалар арқылы бүркемеленуі мүмкін, оны сарай төңірегінде болатын миллиондаған жекелеп немесе топтап сатып алу арқылы (қызметтер, орындар, концессиялар, қайыр-садақалар, маймөңкелеулер, т. с. және т. т. арқылы) бәсеңдетуге болады,—бірақ бұл тәуелділік халық өмірінің шешуші кезеңдерінде шешуші күш болып көрінуге тиіс.

Егер біз қазір Витте мырзаның либералдардың алдында маймөңкелеп отырғанын;— жария баспасөздің хабарлағанындай, оның либералдық сөздер айтқанын;— оның кадеттердің көсемі «Гессен мырзамен ресми емес келіс сөздер» жүргізіп отырғанын («Times»-тің Петербургтегі тілшісінің телеграммасы);— шетел баспасөзі патшаның либералдық жоспарлары туралы хабарларға толып кеткенін көріп отырмыз,— ал мұның бәрі кездейсоқ емес. Әрине, бұл арада толып жатқан өтірік-өсектер мен әзәзілдік бар, бірақ патша үкіметі, тіпті жалпы буржуазиялық үкімет атаулының бәрі де өтірік-өсектер мен әзәзілдіксіз өз саясатында бірде-бір қадам жасай алмайды ғой. Әрине, бұл арада барып тұрған ұсақ алаяқтық көп, оны патша үкіметіне өлердей керек болып отырған жарты миллиард сом жаңа заем туралы келіс сөздер жүргізу үшін Петербургке француз және неміс банкирлері уәкілдерінің келуі туғызып отыр. Бірақ үкіметтердің буржуазияға тәуелді болуының бүкіл жүйесі осы тәуелділікті іске асыратын келісімдер мен қулық-сұмдықтардың барлығында да алаяқтық жасау реттерін сөзсіз туғызады ғой.

Самодержавие буржуазиямен «татуласуы» қажет, сондықтан ол осыған ұмтылуға мәжбүр болып отыр,— әрине, ол оның бер жағында Европа мен Россияның қоғамдық пікірін алдағысы келеді *. Ал Мемлекеттік дума бұл мақсат үшін тамаша құрал болып табылады. Буржуазияның Думадағы жария оппозициясы дегеніміздің өзі буржуазия мойындаған мемлекеттік құрылыстың нақ сыртқы көрінісі, ал бұл сыртқы көрініс, бәл-

* Қолжазбада «келеді» деген сөзден кейін «бейне бір ол татуласты, ол соны тілейді-міс деген пішін көрсету үшін ғана» делінген. *Ред.*

кім, самодержавиенің жалтарып кетуіне әлі де көмектесе алатып болар.

Үкіметке деген консервативтік оппозицияның органы «Московские Ведомостидің» [14] Думаға бойкот жасау туралы неге табалап және мысқылдап сөйлемей, аузы көпіре, өлердей ызалана сөйлеп отырғаны осыдан түсінікті. Қаражүздіктердің органы «Новое Времяның» [15] «абсентеистерге» дүрсе қоя беріп, бойкот жасау идеясымен күресуге тіпті Бебельді де («Пролетарий» № 20 *) тартуға тырысып отырғаны осыдан түсінікті. *Қаражүздіктер бойкот жасаудан қорқады,* сондықтан земство съездері мен қалалық съездердің қайраткерлері бойкот жасауды жақтап шықса, оның табысты болуы сөзсіз қамтамасыз етілер еді дегенді ендігі жерде тек көрсоқыр адамдар немесе либералдарды ақтауға мүдделі адамдар ғана теріске шығара алады.

Алайда гәп мынада: либерал буржуазия өзінің бүкіл негізгі таптық мүдделері арқылы монархияға, екі палатаға, тәртіпке, баяулыққа бейімделеді, «тұрақты революцияның» «сұмдықтарына» қарсы, революцияның француздық үлгісінің «сұмдықтарына» қарсы күреске ұмтылып отырады... Либерал буржуазияның, освобождениешілдер [16] мен конституцияшыл-демократтардың [17] бойкот жөніндегі радикалдық сылдыр сөздерден бойкот жасауға қарсы үзілді-кесілді шайқас ашуға бет бұруы бүкіл Россия буржуазиясының тап ретінде жасаған *бірінші* саяси ірі қадамы болып табылады, бұл қадам оның сатқындық жаратылысын, оның революцияга опасыздық жасау деп аталатын «қылмысқа дайындық жүргізіп жатқандығын» дәлелдейді. Тіпті бұл жай дайындық емес (жай дайындықты ешбір заң бойынша жазалауға болмайды деп освобождениешіл юристердің ішінен әйтеуір бір тілмар адам, бәлкім, бізге қарсы шығар), бұл—қастандық, тіпті болары болған қастандық. Қазір біздің өміріміз тез өтіп жатыр. Жалпы алғанда буржуазияның саяси санасын оятуымыз *керек* болған (революцияларға қолдануға келмейтін кәдімгі хронология бойынша таяуда болған) заман әлдеқашан өтіп кет-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 321—322-беттер. *Ред.*

ті. Тіпті буржуазияның саяси оппозиция болып ұйымдасуына біздің көмектесуіміз *керек* болған заман да өтіп кетті. Енді олар оянды, ұйымдасты, сондықтан күн тәртібіне мүлде басқа, ұлы міндет қойылып отыр, бұл міндет революция қарыштап алға басқандықтан ғана мүмкін болып, нақты міндетке айналды, ол — патшамен келісімге келу міндеті (капиталдың міндеті) және сатқын капиталды бейтарап қалдыру міндеті (еңбектің міндеті) болып табылады.

Революцияшыл халықты бастап келе жатқан революцияшыл пролетариат өзінің орта ғасырлық пен крепостниктік тәртіпке қарсы күрес жөніндегі өз «көршілерін» ояту, итермелеу, көтеру борышына адал бола отырып, сонымен қатар революцияшылдығы кемірек көршілерден неғұрлым революцияшыл көршілерге көше отырып, осы міндетті өз мойнына алды. Социал-демократия бастап отырған революцияшыл пролетариат байыпты етіп Думаны алмай, Думаға бойкот жасау туралы буржуазияның радикалдық қызыл өңештерінің аузынан жеңілтектіктен, тым жас болғандықтан және әуейіленгендіктен шығып кеткен сөздерді, уәделер мен ұрандарды «байыпты етіп алды». Пролетариат бойкот туралы бос сөздерді нақты іске айналдырды, айналдырғанда қарулы көтеріліс туын ашық және тайсалмай көтеру арқылы айналдырды,— аса кең үгіт жұмысын жүргізіп қана қоймай, сонымен қатар тікелей көше күресін (Москвада) жүргізу арқылы айналдырды,— тап жағынан әлі де толық анықтала қоймаған, бірақ шексіз езіліп, қаналған халықтың, әсіресе шаруалардың қалың бұқарасының алдыңғы қатарлы отряды болған радикал жастармен бауырласу арқылы айналдырды. Социалистік пролетариат революциялық буржуазиялық демократияның оянған топтарымен ешбір келісім, ешбір шарт жасамай-ақ, практикалық, айбынды міндет негізінде бірікті. Москвадағы ұлы оқиғалар күндерінде (жеке алынған оқиға ретінде емес, болашақтың белгісі ретінде ұлы оқиғалар күндері) пролетариат пен революцияшыл демократтар күрес жүргізді,— ал бұл кездерде либералдар, освобождениешілдер мен конститу-

цияшыл-демократтар самодержавиемен келіс сөздер жүргізіп жатты.

Саяси топқа бөліну айқындалды: самодержавиені сақтап қалу үшін Думаны жақтау,— самодержавиені шектеу үшін Думаны жақтау,— самодержавиені жою үшін Думаға қарсы шығу. Басқаша айтқанда: революцияны жаныштау үшін Думаны жақтау,— революцияны тоқтату үшін Думаны жақтау,— жеңімпаз революцияны ақырына дейін жеткізу үшін Думаға қарсы шығу.

Ап-айқын таптық топқа бөлінудің тұтастығын бұзған (және барлық ерекшеліктер сияқты жалпы ережені дәлелдеген) ерекшелік, қайғылы және ренішті ерекшелік— социал-демократияның жаңа «Искра» түріндегі оппортунистік қанаты болды. Бірақ осы ерекшеліктің өзінде де, шетелдік, құпия ұйымдардың тар саласында да, өте маңызды және өте сабақ боларлық заңдылық болып шықты, оны біз бұрын айтқан болатынбыз. Жоғарыда біз айтып өткен конференция революциялық социал-демократияны біріктірді. «Искра» шарт арқылы емес, жағдайларға байланысты *«Освобождениемен» біріккен* болып қала берді. Революцияшыл социал-демократтар және революциялық буржуазиялық демократияның ең сол қанаты құпия баспасөзде белсенді бойкот жасауды жақтады. Оппортунистік социал-демократтар және буржуазиялық демократияның ең оң қанаты бойкот жасауға қарсы шықты.

Жаңа искрашылдардың тактикалық қарарларының ең маңыздысын талдау арқылы (Лениннің «Екі тактикасы») * көрсетілгендер осылай дәлелденді, атап айтқанда «Искра» либерал помещиктерге дейін құлдырап, ал «Пролетарий» шаруалар бұқарасын өз дәрежесіне дейін көтеріп отыр; «Искра» либерал ** буржуазияға дейін құлдырап, ал «Пролетарий» революциялық *** усақ буржуазияны көтеріп отыр деген пікір дәлелденді.

Социал-демократиялық әдебиетпен таныс адам «Искраның» әлдеқашан айтқан: большевиктер мен «Проле-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 35-бет. *Ред.*

** Қолжазбада «либерал» деген сөздің алдында «монархиялық» деген сөз бар. *Ред.*

*** Қолжазбада «революциялық» деген сөзден кейін «және республикалық» делінген. *Ред.*

тарий» социалист-революционерлердің [18] жағына, әсіре буржуазиялық демократияның жағына ауытқып кетті деген сөзін біледі. Ауыздан ауызға көшіп жүрген сөздердің бәрі сияқты, бұл сөзде де шындықтың жұрнағы бар. Ол искрашылдардың жай ғана өкінішін білдірмейді, ол шын жағдайды көрсетеді, бірақ көрсеткенде ойыс айна затты қалай көрсетсе, бұл да солай көрсетеді. Бұл шын жағдай деп отырғанымыз — меньшевиктер мен большевиктер Россия социал-демократиясының оппортунистік қанаты мен революциялық қанаты болып табылатындығының *фактісі.* Искрашылдар оппортунизмге бет бұрғандықтан, олар: большевиктер (он сегізінші ғасырдың саяси бөлінулерінің тілімен айтқанда) «якобиншілдер» [19] болып табылады деген қорытындыға сөзсіз келуге тиіс болды. Бұл айыптаулардың өзі тек біздің қазіргі социал-демократияның оң қанаты мен сол қанаты жөніндегі көзқарасымызды *дәлелдейді,* 1900 жылы «Рабочая Мысльдің» [20] «халық ерікшілері» деп айыптағаны бізге қандай мақтаныш болса, оппортунистердің бұл айыптаулары да бізге *сондай мақтаныш* болып табылады. Қазір бүкіл Россиядағы барлық саяси бағыттардың тактиканың аса ірі мәселесі бойынша нағыз саяси топқа бөлінуі біздің РСДРП II съезінен [21] бастап бүкіл искрашылдық позицияға берген бағамыздың дұрыс екенін іс жүзінде дәлелдеді.

Сөйтіп, Дума туралы мәселеде барлық партиялардың топқа бөлінуін құпия партиялардың барлық социал-демократтардың конференциясымен аяқталған топқа бөлінуі табиғи түрде толықтырып отыр. Егер искрашылдар реніштi ерекшелік болып отырса, онда олардың ерекшелік екені жөніндегі факт ереженің күшіне, революциялық социал-демократияның жеңіп шығатындығына, орыс революциясының өзінің дәйекті ұрандарын жүзеге асыратындығына бізге тағы да сенім білдіруімізге мүмкіндік береді. Егер, көңілсіз сәттерде, либералдардың пасықтығы және кейбір марксистердің марксизмді бұрмалауы біздегі революцияның да 1848 жылғы неміс революциясы сияқты тартымсыз, шалағай, аяқталмаған революция болып шығатындығының белгісі болып көрінетін болса,— оның есесіне револю-

циялық социал-демократия принциптерінің өміршеңдігі сергек сенім туғызады, ал қаһарман жұмысшы табының бой көрсетулері бұл сенімді қолдай түседі. Революция саяси бағыттарды тамаша ажыратып береді, қате пікірлерді тамаша түрде түкке тұрғысыз етеді. Россиядағы революцияның барысы революция толық жеңіп шығады деген үмітті әлі де ақтап келеді, ал мұндай үмітті қазіргі қалыптасып отырған ішкі және сыртқы жағдайлар туғызып отыр. Сондықтан самодержавиенің абыржуына, либералдардың сасқалақтауына қарағанда, шаруаларды өз соңынан ертіп отырған пролетариаттың сергек революциялық жігеріне қарағанда,— «біздің поездың неміс поезы жүре алмаған шапшаңдықпен жүретініне» [22] сенгің келеді.

«Пролетарий» № 23,
31 (18) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЖЕҢІЛГЕНДЕРДІҢ БАЙБАЛАМЫ

Біз «Искраның» қайдағы бір ашулы, ыза кернеген, жылап-сықтаған, айғай мен бұлталаққа толы «Үйірмешілдіктің жемістері» деген мақала басылған 112-номерін «Саяси топқа бөлінудің бірінші қорытындылары» деген мақаламызды жазып болғаннан кейін алдық. Мұны байбалам демей, басқаша атауға да болмайды. Байбалам салып даурығудың ішінен *дәлелдердің* тым болмаса жұрнағын табу ешбір мүмкін емес. «Искрадағы» қымбатты жолдастар, Россияның әр түрлі социал-демократиялық партиялары мен ұйымдарының конференциясына *сіздер өз еріктеріңізбен барып* отырғанда үйірмешілдіктің бұл арада қандай қатысы бар? Егер сіздер ойлау қабілеттеріңізді мүлдем жоғалтып алмаған болсаңыздар, тым болмаса титтей ойлап көріңіздерші, тым болмаса байбалам ауруы өткен кезде ойлап көріңіздерші! Егер сіздер конференцияға баруға келіскен болсаңыздар, егер сіздердің делегатыңыз конференцияға қатысқан болса, онда мұның өзі сіздердің бұл конференцияны байыпты, партиялық, пролетариатқа міндетті іс деп танығандықтарыңыз ғой. Егер өз еріктеріңізбен қатысуларыңыз арқылы байыпты және қажетті іс деп таныған кеңесте жеңіліп қалғаннан *кейін барып* ұрыс шығаратын болсаңыздар, онда сіздер біршама ойлай білетін жұмысшылардың алдында өз беделдеріңізді біржолата түсіресіздер ғой!

Сіздер конференция Думаға қатысуды бостандық ісіне опасыздық жасағандық деп атап, сіздердің тактика-

цызды, өз ойларыңызша, тым қатты айыптағанына наразысыздар ма? Бірақ өздеріңіздің конференцияға РСДРП Орталық Комитетімен бірге баратындарыңызды, ал бұл Орталық Комитеттің органы — «Пролетарийдің» сіздердің монархиялық либералдық партияның құйыршығына айналғандарыңызды әлдеқашаннан бері кітапшалар мен мақалаларда көрсетіп келгенін сіздер, «Искрадағы» сүйікті жолдастар, білмедіңіздер ме? Сіздер, «Искрадағы» қымбатты жолдастар, мұны жақсы білдіңіздер, ал сіздер енді ес-түстеріңіз кетіп ашуланатын болсаңыздар, онда шынында да сіздерге көмектесу біздің қолымыздан келмейді. Россияның барлық халықтарының күллі құпия партиялары, ұйымдары, бағыттары мен органдары ішінде «Освобождениемен» сыбайлас болып жалғыз өздеріңіз қалғандарыңыз факт, факт болғанда жоюға болмайтын, даусыз факт ғой. Бұл *факт* сіздерге қарсы ең қатал, өзінің қаталдығы жағынан тарихта болмаған айыптау болып табылады, ал сіздер қаталдықтың негізі: «бостандық ісіне опасыздық жасау» деген *сөз* болып табылады-мыс деп ойладыңыздар!

Сіздердің ақылдан алжасқандарыңыз соншалық, өздеріңіз конференцияда жеңіліп қалғаннан кейін ұйымдағы федерализмнің зияндылығы туралы долдана байбалам сала бастайсыздар, ал федерализмді Бунд және басқа ұлттық социал-демократиялық топтар қастерлейді. «Искрадағы» қымбатты жолдастар, сіздердің бұларыңыз соншалық қисынсыз: өйткені сіздер мұнымен өздеріңіздің мықтап жеңілгендіріңізді *атап көрсетесіздер*. «Искрадағы» қымбатты жолдастар, шынында да ойлап қараңыздаршы: ұйымдық көмескілік пен бұлыңғырлықты екі жыл бойы кім жақтап келді және қазір кім жақтап отыр? келісім жасау мен бөлшектеу принциптерін кім жақтап келді және кім жақтап отыр? Нақ сіздер, нақ жаңа искрашылдар. Сіздердің централизмнің бейне бір ұшқарылықтарына, т. т. және т. с. қарсы бағытталған іріткі салатын сөздеріңіздің бәрін нақ Бундтың, Латыш және Поляк социал-демократиялық жұмысшы партияларының федералистері кезінде баспасөзде іле жөнелген болатын. Осы аталған партиялардың *барлық* федералистері мақалаларын азшылық рухында жазып, басты-

рып шығарғандары тағы да факт ғой, факт болғанда да жоюға болмайтын, даусыз факт ғой! «Искрадағы» қымбатты жолдастар, қараңыздаршы, федерализм жайында тіпті орынсыз еске түсіргенсіздер: сіздер осы арқылы думалық тактикаңыздың бүкіл жексұрындығына шыдай алмай, социал-демократиялық Бундтағы, Латыш және Поляк партияларындағы күні кешегі өз жақтастарыңыздың сіздерді тастап кетуге мәжбүр болғанын баса көрсеттіңіздер! Жоқ, «Искрадағы» қымбатты жолдастар, егер сіздер сабыр етіп, титтей ойлансаңыздар, онда жұрттың бәрі көріп отырған нәрсені сіздердің өздеріңіз де көресіздер: федерализмге «көпшілік» келген жоқ, революциялық оқиғалардың объективтік логикасының ықпалымен Бунд, социал-демократ латыштар мен поляктар * «көпшіліктің» үнемі жақтаған көзқарасына келді.

«Искрадағы» қымбатты жолдастар, сіздердің жеңілістеріңіздің ауыр екеніне сөз жоқ. Бірақ мұның негізгі себебі — «көпшіліктің» немесе социал-демократ поляктардың, т. с. зұлымдығы емес, мұның негізі түзелмейтін шатасқандық, бұл — меньшевиктердің жалпы орыстық конференциясының [23] тактикалық қарарларынан қазірдің өзінде көрініп отыр. Сіздер бұл қарарлардан таймайтын болсаңыздар, сіздер барлық социал-демократтарға және тіпті барлық революцияшыл демократтарға қарсы *«Освобождениемен» «оңаша»* қалуға мәжбүр боласыздар.

«Пролетарий» № 23,
31 (18) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада: «... оның тактикасы *негіздерінің* дұрыстығына көзі жетіп, көпшілікке келді» делінген. *Ред.*

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ РИГАНЫҢ УЛЬТИМАТУМЫ

Остзей өлкесіндегі оқиғаларға әдетте көп көңіл бөлетін неміс газеттері мынадай өнеге боларлық фактіні баяндап отыр. Басқа да жоғары оқу орындарындағы сияқты Рига политехникумында іс жүріп жатыр: студенттік жиындар саяси митингілерге айналды. Студенттер революцияның айбынды күші болып ұйымдасуда. Либерал шонжарлар үкіметтің әлсіздігі жайында мұрнын тыжырып, күңкілдейді. Бірақ Лифляндияда помещик мырзаларға қиын соққандығы сонша, олар шаруаларға да, жұмысшыларға да, студенттерге де түк істей алмай отырған үкіметке сенбей, өз имениелерін қорғайтын қарулы күзет ұйымдастыруды батыл қолға алды. Остзей барондары азамат соғысын шындап ұйымдастырып отыр: олар тұтас отрядтарды тікелей жалдап алады, оларды жақсы магазинкалармен қаруландырып, өздерінің кең имениелеріне орналастыруда. Ал, Остзей өлкесіндегі неміс студент-корпоранттарының бір бөлегі осындай отрядтарға кіріп алыпты! Әрине, латыш және орыс студенттері студент формасын киген осы қаражүздіктерге бойкот жариялап қана қоймай, сонымен қатар студенттердің помещиктік қаражүздіктерге қатысуы жөніндегі істерге тергеу жүргізу үшін ерекше комиссия тағайындады. Бұл комиссияның екі мүшесі шаруалардан мәлімет жинау үшін деревняға жіберілді. Екі делегатты да үкімет қамауға алып, Рига түрмесіне жөнелткен.

Содан соң латыш және орыс студенттері көтеріледі. Орасан үлкен жиын шақырылады. Аса батыл қарар қабылданады. Политехникумның директоры шақырылып, одан қамауға алынғандарды босату жөнінде дереу шара қолдану талап етіледі. Қарар мынадай тікелей ультиматуммен аяқталады: егер үш күннің ішінде белгіленген сағатта қамаудағылар босатылмаса, онда студенттер Рига жұмысшыларының жәрдемімен оларды қандай амалмен болса да босатып алады.

Бұл кезде губернатор Ригада жоқ еді, ол генерал-губернаторлық өкілдік алу үшін Питерге кеткен болатын. Губернатордың міндетін атқарушы қорқақтық жасап, дипломаттықпен «құтылды». Ол директор мен екі тұтқынды шақырып алып (жаңаша 20 октябрьде шыққан «Vossische Zeitung» [24] осылай дейді), соңғы екеуінен өз әрекеттерінің заңсыз екендігін білесіздер ме деп сұрайды. Олар, әрине, бұл әрекеттерде ешбір заңсыздық жоқ деп жауап береді. Содан кейін губернатордың міндетін атқарушы, Рига газеттерінің біреуінің айтуына қарағанда, олардан мұншалық заңсыз әрекеттерден аулақ болуды қатаң талап етіп, екеуін де босатып жібереді.

«Студенттердің көз алдында,— деп қапалана қосады Остзей барондарын сүйетін тілші,— және олар сүйеніш көрген бұқараның көз алдында үкімет ультиматумға бас иді. Тіпті сырттай бақылаушылар да мұндай пікірге келмей тұра алмады».

*«Пролетарий» № 23,
31 (18) октябрь, 1905 ж.*

*«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр*

МИНИСТР-КЛОУННЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

Бүгінгі саясатты жақсы түсіну үшін кейде кешегі саясатқа да көз жіберген теріс болмайды. Лондонның «Times» газетінің әдетте әр нәрседен жақсы хабардар тілшісі 10 (23) октябрьде Петербургтен мынадай телеграмма берді:

«Мен үкімет реформаторлардың талап етіп отырған төрт түрлі бостандығын беруді ұйғарыпты, бірақ бұл бостандықтарға шектеулер қоятын көрінеді деген анық хабар естідім. Бұл жеңілдік баяу адамдарды үкіметпен біріктіреді деп үміттенетін көрінеді. Граф Витте кеше осы мәселе жөнінде патшамен ұзақ уақыт кеңесті. Горемыкин мырза шаруаларға мемлекет жерінен жер бөліп беру туралы заң жобасын жасап жатыр. Дума жиналған кезде бұл жоба Думаға ұсынылмақ. Осы арқылы шаруалардың дауыстарын аламыз деп үміттенеді.

Қысқаша айтқанда, үкіметтің науқан жоспары осындай. Анығында бұл жоспар конституцияның Дума жиналысына дейін ерікті түрде берілуін мүлде жоққа шығарады, алайда конституцияшыл-демократтар бұған біраз үміт артып отыр. Олардың сәрсенбіде болатын съезінде талқылануға тиісті басты мәселелердің бірі — егер конституция Дума ашылған кезде немесе ол ашылғанға дейін беріле қалған күнде партия өзін қалай ұстауға тиіс екендігі туралы мәселе: бұлай болған күнде партия Думада жұмыс істеуге келісуге тиіс пе әлде жаппай дауыс беру арқылы құрылтай жиналысын шақыруды талап етуге тиіс пе деген мәселе.

Самодержавиені жақтаушылар үкімет беретін жеңілдіктер, ақырында, сайлау правосын кеңейтпей-ақ және Думаға заң шығару правосын бермей-ақ, конституциялық қозғалысты тоқтатады деп үміттенеді, бірақ біліне бастаған нышандардың бәрі бұл үмітті теріске сайып отыр».

Иә, үкіметтің «науқан жоспары» айқын. Сондай-ақ үкіметпен *саудаласып жүрген* конституцияшыл-демократ мырзалардың «науқаны» да түсіне білетін адамдардың бәріне айқын. Бір жаманы: жұмысшы табы қозғала бастады, қозғалғанда Витте мырзалардың да, конституцияшыл-демократ мырзалардың да қулықпен жасалған барлық жоспарларының күлін көкке ұшыратындай болып қозғалуда.

«Пролетарий» № 23,
31 (18) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫҢ ШИЕЛЕНІСУІ

Берлиннің «Vossische Zeitung» деген либералдық газеті осындай атпен мынадай бір қызық хабар беріп отыр:

«Патшалар империясында оқиғалар керемет күшпен өрістеп келеді. Үкіметтің де, оппозициялық немесе революциялық партияның қандайының болса да жағдайға қожайын емес екендігі әділ бақылаушының қай-қайсысына да айқын. Мезгілсіз қайтыс болған князь Трубецкой мен жоғары оқу орындарының басқа да профессорлары орыс студенттерін қатерлі жолға жібермеуге тырысып бақты, ал бұл жолға түскен студенттер университеттерді саяси халық жиналыстарын өткізетін орынға айналдырмақ болған-ды. Студенттер Трубецкойға жігерлі түрде құрмет көрсетті, оның денесін қауым болып бейітке дейін шығарып салды, оны жерлеуді айбынды саяси демонстрацияға айналдырды, бірақ Трубецкойдың университетке жат элементтерді жібермеу керек деген кеңесін олар тыңдамады. Петербург университетінде де, тау-кен академиясында да, политехникумда да орасан зор халық жиналыстары болып жатыр, бұл жиналыстарда студенттер көбіне азшылық болып жүр және бұл жиналыстар таңертеңнен ымырт үйірілгенге дейін созылады. Жұрттың делебесін қоздыратын жалынды сөздер сөйленіп, революциялық әндер айтылады. Сонымен қатар онда либералдарды, әсіресе оларды «жартыкештігі» үшін, өршелене балағаттайды, ал «жартыкештік» орыс либерализміне кездейсоқ тән болып отырған жоқ, мәңгілік тарихи заңдарға байланысты туындаған нәрсе сияқты.

Бұл кінәлауларда өте қайғылы бір нәрсе бар. Өздерінің тарихи жағынан негізделуіне қарамастан, олар шынында ешбір тарихи емес, неге десеңіз, Россиядағы либералдардың барлық партиялар үшін соншама маңызды азаттық ісіне аз-кем зиян келтіре алатын жартыкештіктің қандайын болса да көрсетуге ешбір мүмкіншілігі жоқ. Либералдардың өмір жолына кедергі

жасап отырған олардың істері емес, олардың азап шегуі. Үкімет жұмысшы толқуларының және жалпы наразылықтың алдында қандай дәрменсіз болса, осы оқиғалардың алдында да сондай *дәрменсіз* (курсив түпнұсқанікі). Әрине, қозғалыстың казактар шабуыл жасайтындай дәрежеге дейін пісіп жетілу кезеңін ғана күтіп, үкімет тағы да қатты қан төгіс жасамақшы болып отыруы мүмкін. Бірақ сондай дәрежеге жеткеннің өзінде де, қолында билік бар адамдардың ешқайсысы да мұның бұрынғыдан да гөрі қатты наразылыққа әкеп соқпайтындығына көзі жетіп отырған жоқ. Керек десе генерал Трепов та қазір өз ісіне сенбейтін болды. Ол өзіп өлімге байланған адам деп санайтынын, ол өзінің басқаруынан ешбір тәуір нәтиже күтпейтінін өз достарынан жасырмайды. Ол былай дейді: «Мен қазір тек өз борышымды ғана атқарып отырмын және оны ақыр-аяғына дейін атқара беремін».

Полиция басшысы осындай қорытындыға келіп отырса, онда патша тағының халі нашар болуға тиіс. Шынында да, Треповтың барлық күш салуына қарамастан, толып жатқан комиссиялар мен конференциялардың жанталаса жұмыс істегеніне қарамастан, ауыр жағдай былтырғыдан бәсеңдемегені былай тұрсын, қайта күшейе түсті. Қай жаққа қарасаң да, жағдай барлық жерде нашарлап, қауіптірек болып отыр, барлық жерде іс едәуір шиеленісе түскен».

Бұл баға беруде көп шындық бар, бірақ либералдық топастық та толып жатыр. «Либералдар іске зияны тиетін жартыкештік көрсете алмады». Солай ма? Алайда бұл мүсәпір либералдар өздерін басқа партияларға қарағанда неғұрлым ашық, еркін көрсете *алған* себебі не? Жоқ! Студенттер конституцияшыл-демократтардан ынтасын сала бөлектеніп, бұл конституцияшыл-демократтардың халық алдында беделін түсіргенде, оларды пролетариатпен қарым-қатынас жасау арқылы ныгайып отырған нағыз революциялық инстинкт биледі. Ертеңгі күн біз үшін бостандық жолындағы бүкіл дүние жүзілік-тарихи, ұлы шайқастар күні болғалы отыр. Бостандық жолындағы күрескерлердің әлі де талай рет жеңіліс табуы мүмкін. Бірақ мұндай жеңіліс жұмысшылар мен шаруаларды тек барған сайын сілкінте түседі, дағдарысты бұрынғыдан да гөрі шиеленістіреді, бостандық ісінің сөзсіз біржола жеңіп шығуын бұрынғыдан да гөрі қаһарлы ете түседі. Сондықтан бұл жеңіске монархиялық помещиктік либерализмнің буржуазиялық сүліктері жабыспауы үшін, Европада талай рет болғаны сияқты, бұл жеңісті негізінен ірі буржуа мырзалар пай-

даланып кетпеу үшін біз бар күш-жігерімізді саламыз. Жұмысшылар мен шаруалардың бұл жеңісін ақырына дейін, самодержавиенің, монархияның, бюрократияның, соғыс құмарлардың, крепостниктік тәртіптің жексұрын мекемелерінің бәрін толық талқандағанға дейін жеткізу үшін біз бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Тек осындай жеңіс қана пролетариаттың қолына нағыз қару береді,— сонда ғана біз орыс демократиялық революциясын европалық социалистік төңкерістің беташары ету үшін Европаны оята аламыз.

«Пролетарий» № 23, 31 (18) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

«БРИТАНИЯ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ТРЕД-ЮНИОНДАРДЫҢ КОНГРЕСІ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЕСКЕРТУЛЕР [25]

1

Бұл істің мәнісі мынадай еді. Taff-Vale * темір жол басқармасы стачканың темір жол компаниясына тигізген зияны үшін темір жол жұмысшыларының одағына оның орнын толтыруды талап етті. Буржуазиялық судьялар, жұмысшылардың қатты қарсылық жасауына қарамастан, капиталистерге ақы төлейтін етіп шешті! Капиталист мырзаларға стачканың келтірген зиянының орнын жұмысшы одақтары толтырсын деп ұйғару — іс жүзінде стачкалар бостандығын жою деген сөз. Мәселе еңбек пен капиталдың күресіне келіп тірелген кезде, буржуазияның алдында мәймөңкелеп жүрген судьялар тіпті конституция қамтамасыз еткен бостандықтарды да жоққа шығара біледі.

2

Амал не, ағылшын жұмысшы қозғалысы әлі де болса көп уақытқа дейін жұмысшы қозғалысының социализмнен қол үзуі қаншалықты ұсақтық пен буржуазияшылдыққа сөзсіз әкеп соғатындығының қайғылы үлгісі болып қалатын түрі бар.

«Пролетарий» № 23,
31 (18) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* — Тафф аңғабы. *Ред.*

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БІРІНШІ ЖЕҢІСІ

Женева, 1 ноябрь (19 октябрь).

Дүйсенбі күні кешке телеграф Европага патшаның 17 октябрьдегі манифесі туралы хабар жеткізді. «Халық жеңді. Патша тізе бүкті. Самодержавие өмір сүруін тоқтатты»,— деп хабарлады *«Таймстың»* тілшісі. Орыс революциясының Балтимордан (Солтүстік Америка) «Пролетарийға» телеграмма жіберген алыстағы достары: «орыс революциясының бірінші ұлы жеңісімен құттықтаймыз» деп мұны басқаша білдірді.

Оқиғаларға бұл соңғы берілген бағаның әлдеқайда дұрыс екендігіне күмән жоқ. Шаттануға біздің толық правомыз бар. Патшаның келісімге келуі — шынында да революцияның орасан зор жеңісі, бірақ бұл жеңіс бүкіл бостандық ісінің тағдырын шешуден әлі де аулақ жатыр. Патша әлі де болса тізе бүге қойған жоқ. Самодержавие өмір сүруін тіпті де тоқтатқан жоқ. Ол ұрыс майданын жауына қалдырып, тек кейін шегінді, өте маңызды шайқаста кейін шегінді, бірақ ол әлі де толық талқандалған жоқ, ол әлі де өз күштерін жинауда, сондықтан революцияны нағыз және толық жеңіске жеткізу үшін революцияшыл халықтың көптеген аса маңызды жауынгерлік міндеттерді шешуіне тура келеді.

17 октябрь күні орыс революциясының ұлы күндерінің бірі ретінде тарихта қалады. Дүние жүзінде болып көрмеген бүкіл халықтық стачка өзінің шырқау шыңына жетті. Қаһармандық ынтымақ шабытымен Россияның барлық түкпірлерінде көтеріліп отырған пролета-

риаттың құдіретті қолы бүкіл өнеркәсіп, сауда және мемлекет тіршілігін тоқтатып тастады. Дауыл алдында ел тына қалды. Бірде бір ірі қаладан, енді бірде басқа бір ірі қаладан бірінен-бірі өтетін үрейлі хабарлар келіп жатты. Әскер толқыды. Үкімет жаза қолданудан бой тартты, революционерлер ашықтан-ашық елеулі шабуыл бастай қоймады, алайда көтеріліс стихиялық күшпен барлық жерлерде бұрқ етіп шығып жатты.

Сондықтан патша үкіметі дүмпудің сөзсіз болатынын, өзінің енді қайткен күнде де, тіпті де толық жеңіп шыға алмайтынын, ал толық жеңіліс табуы өте-мөте мүмкін екенін сезіп, соңғы сәтте мәмлеге келді. Келіп жатқан хабарларға қарағанда, Трепов: «Әуелі қан төгіс болады, сонан соң конституция беріледі»,— деп мәлімдеген. Бұл көтеріліс тұншықтырылғанның өзінде конституцияның сөзсіз болатынына енді ешбір күдік болуы мүмкін емес еді. Сондықтан үкімет қатерлі және жаппай қан төгіске бармағанның өзі жақсы деп санады, өйткені халық жеңіп шыққан күнде патша өкіметі мүлде жойылған болар еді.

17 октябрьдегі дүйсенбі күні үкіметтің қолына жиналып, оны жанталаса шайқасудан жалтарып, мәмлеге келуге мәжбүр еткен мәліметтердің тек болмашы бөлігі ғана бізге белгілі болып отыр. Жергілікті және орталық өкімет орындарының барлық күш-жігері көтерілістің жойқын өсіп келе жатқандығы туралы хабарларды тоқтатып тастауға немесе бұл хабарларды азайтуға бағытталды. Алайда тіпті осы Европа баспасөзіне келіп жеткен, болмашы, кездейсоқ, шұнтиған материалдың өзі мұның патша мен патша министрлерінің зәресін ұшыра алатын нағыз көтеріліс болғандығына ешбір күдік қалдырмайды.

Біз бұдан бір апта бұрын бүкіл россиялық саяси стачка туралы алғашқы хабарларға сүйеніп, патша өкіметі мен революцияның күштері тепе-тең болып отыр деп жазған болатынбыз. Патша өкіметінің революцияны тұншықтыруға қазірдің өзінде шамасы келмей отыр. Патша өкіметін талқандауға әзірше революция да дәрменсіз *. Бірақ күштер осылай теңесіп отырғанда ке-

* Қараңыз: осы том, 4-бет. *Ред.*

шеуілдетудің қандайы болса да патша өкіметіне орасан зор қауіп төндірді, өйткені кешеуілдету әскер арасында сөзсіз қобалжу туғызады.

Көтеріліс үдей түсті. Россияның барлық түкпірлерінде қазірдің өзінде қан төгіліп жатыр. Халық Ревельден Одессаға дейін, Польшадан Сибирьге дейін баррикадаларда шайқасты. Жеке ұсақ қақтығысуларда әскер жеңіп отырды, бірақ сонымен қатар самодержавиенің *әскери* дәрменсіздігін айқын дәлелдейтін жаңа, бұрын болып көрмеген құбылыс туралы хабарлар келе бастады. Бұлар—патша әскерінің көтеріліс жасаған халықпен (Харьков) *келіс сөздер* жүргізуі туралы хабарлар, тыныштық орнатудың *бірден-бір* құралы ретінде әскерлерді қалалардан (Харьков, Ревель) *кетіру* туралы хабарлар болды. Көтеріліс жасаған халықпен келіссөздер жүргізу, әскерлерді кетіру, міне, бұл құрып-бітудің басы болып табылады. Мұның өзі әскери өкімет орындары өз халдерінің барынша орнықсыз екенін сезгендігін басқа пікірлердің қандайынан болса да жақсы көрсетеді. Мұның өзі әскерлер арасында наразылықтың шынында да сұрапыл өскенін көрсетеді. Жекелеген хабарлар мен лақаптар шетел баспасөзіне де келіп жетті. Киевте оқ атудан бас тартқан солдаттарды тұтқынға алған. Мұндай оқиғалар Польшада да болған. Одессада жаяу әскерді көшеге шығарудан қорқып, казармаларда ұстапты. Петербургтегі флотта ашық наразылық басталған, сөйтіп гвардияның мүлде сенімсіз екендігі туралы хабарланып отыр. Ал Қара теңіз флоты жөнінде осы уақытқа дейін нағыз шындықты білуге мүмкіндік жоқ. 17 октябрьдің өзінде-ақ телеграммалар: бұл флоттың жаңадан наразылық көрсетуі жөніндегі лақап тыйылмай отыр, оқиғалар жөніндегі хабарлардың тарауына мүмкіндік бермеу үшін барлық құралдарды қолданып отырған өкімет орындары барлық телеграммаларды ұстап алып отыр деп хабарлады.

Осы сияқты үзік-үзік хабарлардың бәрін салыстыра отырып, тіпті таза әскери жағынан алып қарағанның өзінде де самодержавиенің жағдайы өте қиын деген қорытындыға келмеуге болмайды. Самодержавие жеке бой көрсетулерді тұншықтырды, оның әскерлері біресе ол

жердегі, біресе бұл жердегі баррикадаларды алып жатты, бірақ бұл жеке қақтығысулар тек қана ашындыра түсті, тек қана ашу-ызаны күшейте түсті, бұрынғыдан да күшті жаппай дүмпуді тек қана жақындата түсті, ал әскерге ендігі жерде сенуден қалған үкімет нақ осыдан қорықты.

Жау елеулі шайқас жасамады. Жау шайқас алаңын революцияшыл халыққа қалдырып, кейін шегінді,— жаңа позицияға шегінді, бұл позиция оған жақсы күшейтілген позиция сияқты көрініп отыр, сондықтан ол бұл позицияда неғұрлым сенімді күштерді жинап, оларды топтастырып, жігерлендіремін, шабуыл жасау үшін ең қолайлы сәтті таңдап аламын деп сеніп отыр.

Европаның буржуазиялық баспасөзінің толып жатқан біршама «турашыл» пікірлері 17 октябрьдегі ұлы күнге берілген осы тәрізді бағаны дәлелдейді.

Бір жағынан Европа буржуазиясы сабырлылықпен күрсінеді. Патша манифесі нағыз конституция беруге уәде береді: Дума заң шығару праволарын алады, халық өкілдерінің мақұлдауынсыз бірде-бір заң күшіне ене алмайды, министрлерге жауапкершілік берілді, азаматтық бостандықтар, адамның жеке басының дербес праволылығы, ождан бостандығы, сөз, жиналыс және одақ бостандығы берілді. Биржа орыс финанстеріне көбірек сенім білдіруге асығып отыр. Соңғы кезде құны төмендеп кеткен орыс қағаз ақшаларының айналымы көтеріліп келеді. Революциялық Петербургтен қашып кеткен шетел банкирлері екі аптадан кейін қайтып келуге уәде беріп отыр. Европа буржуазиясына конституция кішкене ғана «бейбіт» жеңілдіктердің кепілі сияқты көрінеді, ал бұл жеңілдіктер дәулетті таптарды толық қанағаттандыра отырып, сонымен қатар революцияшыл пролетариаттың «тым көп» бостандық алуына мүмкіндік бермейді.

Бірақ, екінші жағынан, тіпті либерал буржуалар да патша манифесінің тек қана бос сөз, тек қана бос уәде екенін көрмей тұра алмайды. Қазір құрғақ уәдеге кім сенеді? Түрмелер әлі де болса саяси қылмыстылар дейтіндерге лық толып, цензура әлі де болса сақталып отырғанда адамның жеке басының дербес праволы-

ғы туралы және сөз бостандығы туралы осы бос сөздердің бәрі мазақ емес пе? Патшаның берген уәдесін қандай адамдар жүзеге асыратын болады? Лақаптарға қарағанда, Кузьмин-Караваев, Косич, Кони енетін Витте министрлігі ме? Бұл керек десе либерал буржуазияның министрлігі де болмайды. Бұл—әзірге либерал *бюрократияның* министрлігі ғана, мұны патша сарайы маңындағы реакциялық топ талай рет жеңген-ді. Халық бостандық жолындағы күресте қан төккенде, бос сөздермен, бос уәделермен құтылып жүрген либерал бюрократтарға сенім көрсету үшін қан төккені ме?!

Жоқ, патша өкіметі әлі де тізе бүге қойған жоқ. Самодержавие әлі де құлай қойған жоқ. Революцияшыл пролетариаттың әлі де талай ұлы шайқастарды басынан кешіруіне тура келеді, ал бірінші жеңіс оның өз күштерін топтастырып, күресте өзіне жаңа одақтастар тартуына көмектеседі.

Манифест жарияланған күні «Таймстың» тілшісі былай деп жазды: «Бостандық ісінің табысқа жетуінің өзі реакцияшыл элементтерді жаңа әрекет жасауға ғана оятады, ал армия өзінің бұрынғы бастықтарына бағынышты болып қалып отырғанда, Россияның *пронунциаменто* * болуынан аман қалуы мүмкін емес». «Революциялық өрлеудің қызып тұрған кезінде үкіметтің амалсыздан мәмлеге келуі революцияның жаңадан күшеюіне берілген дабыл болып шықпай ма? — деген тағы бір сұрақ туады». «Бюрократия өз қамалынан қуылды ма немесе ол тек өзінің алдыңғы шептегі позицияларынан кейін шегінді ме — бұл белгісіз» дейді буржуазияшыл оптимистер, ал фактілер самодержавиенің «қамалы» әлі өзінің бар күшінде қалып отырғанын айқын көрсетіп отыр.

Жеңілдіктің лажсыздық сипаты бәрінен бұрын баяу буржуаларды мазасыздандырады. Француздардың үстемдік етіп отырған ақшалы қапшығының органы, «Temps» [26] газеті «анархияға» ашуланып, бүкіл россиялық саяси стачканы ұйымдастырушылар мен соған қатысушыларға зәрін шашып жала жапты. Енді бұл газет

* — әскери төңкеріс. *Ред.*

патшаның конституциялық уәделеріне өз-өзінен қанағаттанып, үрейлене былай дейді: «Патша өз инициативасы бойынша қимыл жасаудың орнына, либералдық оппозицияның «аманаттарына» тек қол қоя салды. Бұл — жаман әдіс, дәйекті реформаларға лажсыздық сипат беретін, қайдағы бір байланыссыз, күтілмеген сипат беретін әдіс. Бұл әдіс үкіметті өзіне өзін қайшы келтіріп, зорлықты қолпаштайды. Қырсыққа қарай, мәселенің шынында тым асқынып кеткені, үкімет тұйыққа тіреліп, бұл күйзелістен шығатындай басқа жолдың болмағаны өте-мөте айқын еді. Бұл тізе бүгудің — конституцияшылдардың, баяу адамдардың алдында ғана емес, ең алдымен оларды тыңдау керек еді, сонымен қатар стачканың алдында, революцияның алдында тізе бүгудің — сипатын тезірек ұмытатын болайық».

Жоқ, буржуа мырзалар, патшаның тізе бүгуінің лажсыздық сипатын жұмысшылар еш уақытта да ұмытпайды! Жұмысшылар тек күш арқылы ғана, өз ұйымының күші, өзінің бірауыздылығының, өзінің бұқара болып ерлік жасауының күші арқылы ғана патша өкіметінен өздерінің бостандықты қағаз-манифест жүзінде мойындауды тартып алғанын, бостандықты іс жүзінде де тартып алатынын еш уақытта да ұмытпайды.

Жоғарыда біз, шайқас алаңын революцияшыл пролетариатқа қалдырып, жау кейін шегінді дедік. Біз енді бұған: шегініп бара жатқан жауды жігерлі түрде өкшелей қуып барады деп қосуға тиіспіз. Дүйсенбі күні, 17 октябрьде, патша манифесі шықты. Сейсенбі күні, 18 октябрьде, Вольф агенттігінің хабарлауына қарағанда, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының манифесі шыққан [27], ол орасан көп дана болып Петербургте басылған. Манифест былай деп мәлімдеп отыр: пролетариаттың күресі патша манифесінің шығуымен ешбір тоқталмайды. Пролетариаттың тактикасы — өзінің соққысының күші арқылы алынған праволарды пайдалану, стачкаларды жүргізе беру туралы мәселені шешу үшін жұмысшылардың жиналыстарын өткізу, революциялық * праволарды қорғау үшін милиция ұйым-

* Қолжазбада «революциялық» деген сөздің орнына «жеңіп алынған» делінген. *Ред.*

дастыру, толық кешірім берілу талабын қою болуға тиіс. Халық жиналыстарының социал-демократиялық шешендері құрылтай жиналысын шақыруды талап етуде. Телеграммаларға қарағанда, стачкалық комитет[28] кешірім берілуін және жалпыға бірдей, төте сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын дереу шақыруды талап етуде.

Революциялық инстинкт Петербург жұмысшыларына дұрыс ұранды бірден есіне салды, бұл: күресті жігерлі түрде жүргізе беру, тегеуріңді тоқтатпау үшін, самодержавиені шынымен жою үшін жаңадан жеңіп алынған позицияларды пайдалану. Күрес жүріп жатыр. Жиналыстар жиіленіп және көбейіп келеді. Бірінші жеңіс жөніндегі қуаныш пен орынды мақтаныш революцияны ақырына дейін жеткізу үшін күштерді жаңадан ұйымдастыруға кедергі жасамайды. Революцияның табысты болуы бостандық жағына халықтың бұрынғыдан да қалың топтарын тартуға, олардың көзін ашып, ұйымдастыруға байланысты болып отыр. Жұмысшы табы бүкіл россиялық саяси стачка арқылы өзінің орасан зор күші бар екенін дәлелдеді, бірақ қала пролетариатының артта қалған топтары арасында бізге әлі де көп жұмыс істеуге тура келеді. Жұмысшы милициясын,— революцияның осы бірден-бір тірегін,— құра отырып, неғұрлым батыл, жаңа күреске дайындала отырып, өзіміздің бұрынғы ұрандарымызды қолдай отырып, сонымен қатар біз армияға да ерекше көңіл бөлуге тиіспіз. Патшаның лажсыздан жасаған жеңілдігі армияның қатарында неғұрлым көбірек қобалжу туғызуға тиіс болды, ал қазір біз солдаттарды жұмысшы жиналыстарына тарта отырып, казармаларда үгіт жұмысын күшейте отырып, офицерлермен байланысты кеңейте отырып, жұмысшылардың революциялық армиясымен қатар әскерде де саналы революционерлер кадрларын құруға тиіспіз, бұл әскер күні кеше түгелдей патша әскері болса, енді ол халық әскеріне айналу қарсаңында тұр.

Революцияшыл пролетариат жаппай стачканың ұлы күндерінде әскерді зиянсыз етіп, оны бейтарап қалды-

ра білді. Ол енді әскердің түгелдей халық жағына шығуына жетуі тиіс.

Революцияшыл пролетариат қала революциясын бірінші ұлы жеңіске жеткізді. Ол енді революцияны деревняға таратып, оның базасын кеңейтіп, тереңдете түсуге тиіс. Шаруаларды бостандық ісін саналы түрде қорғауға дейін көтеру, шаруалардың пайдасына маңызды шаралар қолдануды талап ету, деревня қозғалысын алдыңғы катарлы қала пролетариатымен байланыс жасап, самодержавиені әбден қиратып, толық және нағыз бостандықты жеңіп алатындай етіп әзірлеу,— Россия социал-демократиясының кезекте тұрған епдігі міндеті осындай.

Революцияның табысты болуы революцияны қорғауға және оны аяқтауға бел байлаған пролетариат пен шаруалар бұқарасының мөлшеріне байланысты. Революциялық соғыстың басқа соғыстардан өзгешелігі сол, ол өзінің басты резервін өз жауының кешегі одақтастарының лагерінен, патша өкіметінің кешегі жақтастарынан немесе патша өкіметінің соңынан білмей ерген адамдардан алып отырады. Сондықтан мужиктің ақылы мен жүрегіне бүкіл россиялық саяси стачканың табысты болуы қандай болмасын манифестер мен заңдардың жалған сөздерінен гөрі қонымды болады.

Бұдан бір жыл бұрын болғаны сияқты, бүкіл саяси авансценада либерал буржуалар тұрған кезде, орыс революциясы жаңа ғана дами бастаған еді.

Қаланың жұмысшы табы 9 январьда көшеге шыққан кезде революция аяғынан тік тұрды.

Россияның барлық халықтарының пролетариаты бір адамдай көтеріліп, патшаның тағын, барлық халықтарды, бәрінен де гөрі барлық халықтардың еңбекші таптарын соншама адам айтқысыз бақытсыздыққа ұшыратып келген патша тағын шайқалтқан кезде революция бірінші жеңіске жетті.

Жұмысшылар тағы да көтеріліп, шаруаларды да өз соңынан ерткен кезде революция жаудың тас-талқанын шығарып, қан құйлы патшаның тағын жермен-жексен етеді.

Ал сонан соң — сонан соң орыс революциясының тағы да резерві бар. Халықтар мен мемлекеттер бір-бірінен оқшау өмір сүретін заман өткен. Қараңызшы: Европа қазірдің өзінде толқи бастады. Европа буржуазиясы абыржулы және Россиядағы өртті қайтсе де сөндіру үшін миллиондаған, миллиардтаған қаржы беруге дайын отыр. Европалық әскери державалардың билеп-төстеушілері патшаға әскери көмек беру туралы ойлана бастады. Герман солдафондарының Петергофпен тікелей қатынасын орнату үшін Вильгельм қазірдің өзінде бірнеше крейсер және екі дивизия миноносец жіберді. Европа контрреволюциясы орыс контрреволюциясына қол созып отыр.

Азамат Гогенцоллерн, қол созып көріңіз, көмектесіп көріңіз! Орыс революциясының европалық резерві бізде де бар. Бұл резерв — халықаралық социалистік пролетариат, халықаралық революциялық социал-демократия. Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары орыс жұмысшыларының жеңісін қуанышты сезіммен құттықтауда және социализмнің халықаралық армиясы отрядтарының өзара тығыз байланысын түсініп, өздері де үзілді-кесілді ұлы күреске дайындалуда.

Бүкіл Россия жұмысшылары мен шаруалары, сіздер жалғыз емессіздер! Ал егер сіздер крепостниктік, полициялық, помещиктік және патшалық Россияның езушілерін құлатып, жаныштап, құрта алсаңыздар, онда сіздердің жеңісіңіз капитал езгісіне қарсы бүкіл дүние жүзілік күрестің, еңбекшілерді тек саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар экономикалық жағынан да толық азат ету жолындағы күрестің, адамзатты қайыршылықтан құтқару жолындағы және социализмді жүзеге асыру жолындағы күрестің дабылы болады.

«Пролетарий» № 24,
7 ноябрь (25 октябрь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

НИКОЛАЙ ЭРНЕСТОВИЧ БАУМАН

Бүгін, жаңаша 3 ноябрьде, телеграф Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі, мал дәрігері Н. Э. Бауманды Москвада патша әскері өлтірді деген хабар жеткізді. Бауманның жесірі, ол да біздің партияның адамы, халыққа арнап сөз сөйлеп, қарулы көтеріліс жасауға шақырған кезде, Бауман қабірінің басында демонстрация болды. Бұл қаза тапқан жолдастың өмірбаяны жайында толық дерек беруге біздің қазір мүмкіндігіміз жоқ. Әзірше тек басты мәліметтерді ғана атап өтпекпіз. Ол Петербургте, 90-жылдарда социал-демократиялық ұйымда жұмыс істей бастады. Қамауға алынып, 22 ай Петропавл қамалында отырды. Вятка губерниясына жер аударылды. Айдаудан шетелге қашып барып, 1900 жылы «Искраны» [29] ұйымдастыруға әуел бастан-ақ қатысты, іс жүзінде негізгі басшылардың бірі болды. Талай рет құпия түрде Россияга барды. «Искра» ұйымының ісі бойынша 1902 жылғы февральда Воронежде қамауға алынып (бір дәрігер ұстап беріпті), Киев түрмесінде отырды. Ол түрмеден 10 социал-демократ жолдастарымен бірге 1902 жылы августа қашып шықты. РСДРП Москва комитетінен партияның екінші съезіне делегат болды (бүркеншік аты: Сорокин). Лиганың екінші съезіне [30] қатысты (бүркеншік аты: Сарафский). Сонан соң партияның нақ сол Москва комитетінің мүшесі болды. 1904 жылғы 19 июньде қамауға алынып, Таганкада отырды. Түрмеден, сірә, таяуда ғана босаса керек.

Россия социал-демократиялық пролетариатының қатарында болған күрескердің есімі мәңгі өшпесін! Жеңімпаз революцияның алғашқы күндерінде қаза тапқан революционердің есімі мәңгі өшпесін! Көтеріліске шыққан халықтың оның қабірінің басында көрсеткен құрметі көтерілістің толық жеңіп шығуына және қарғыс атқан патша өкіметін толық жоюға кепіл болсын!

Н. Э. Бауманның өлтірілуі Петербургтегі социал-демократиялық шешендердің қаншалықты дұрыс айтқандығын айқын көрсетіп отыр, олар 17 октябрьдегі манифесті қақпан деп, ал үкіметтің манифестен кейінгі қылығын арандатушылық деп атаған болатын. Өкімет билігі мен қарулы күш үкімет қолында қалып отырғанда, осы уәде етілген бостандықтардың бәрі не тұрмақ? Түрмеден шыққандарды казактар көшеде атып өлтіріп жатқанда, бұл «кешірімнің» өзі шынында да қақпан емес пе?

«Пролетарий» № 24,
7 ноябрь (25 октябрь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СОҢҒЫ ХАБАРЛАР

Женева, 4 ноябрь (22 октябрь).

Қанқұйлы Николайдың «конституциялық» манифесінен кейін Треповтың және оның бандасының ұйымдастыруымен жаңадан сансыз көп кісі өлтірулер болды. Казактардың қапыпезерлігі, еврей ойрандары, жаңа ғана «кешірім берілген» саясатшыларды көшелерде атып өлтіру, полицияның көмегімен қаражүздіктер ұйымдастырып отырған тонау,— революциялық күресті тұншықтыру үшін осылардың бәрі қолданылып отыр.

Патша революционерлердің жалған жеңілдікке, «либералдық» манифестің жиіркенішті комедиясына берген бағасын растап, революционерлерге тамаша көмек көрсетті. Жаңадан шешуші күрестің болуын патшаның өзі тілеп отыр. Соның өзі жақсы! Социал-демократияның бүкіл жұмысы, пролетариаттың барлық жігері енді, өліп бара жатып, ең соңғы рет қараңғы тобырдың қараңғы түйсігін қоздыруға тырысып отырған патша өкіметінің жауыздарын жою үшін келесі тегеурінді дайындауға бағытталады. Қазір Трепов неғұрлым көп белсенділік жасаса, бүкіл треповшылдықтың және күллі Романовтардың солғұрлым толық апатқа ұшырауы сөзсіз.

Бірінші рет 1925 ж. «Вперед» пен «Пролетарий» газеттерінің VI кітабының қосымшасында басылған, ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының басылымы

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ МЕН ПРОЛЕТАРЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ [31]

Европада социализмнің әр түрлі ілімдерінің ішінде қазіргі уақытта марксизм толық үстемдік алып отыр, ал социалистік құрылысты жүзеге асыру жолындағы күрес бүтіндей дерлік, социал-демократиялық партиялар басшылық етіп отырған жұмысшы табының күресі ретінде жүргізілуде. Бірақ марксизм іліміне негізделген пролетарлық социализмнің осы толық үстемдігі бірден нығайған жоқ, алуан түрлі мешеу ілімдерге қарсы, ұсақ буржуазиялық социализмге қарсы, анархизмге және т. б. қарсы ұзақ уақыт жүргізілген күрестен кейін ғана нығайды. Бұдан не бары отыз жыл бұрын марксизм тіпті Германияда да әлі үстем болған жоқ-ты, ал шынын айтқанда, Германияда ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм арасындағы өтпелі, аралас, эклектикалық көзқарастар басым еді. Ал роман елдерінде: Францияда, Испанияда, Бельгияда алдыңғы қатарлы жұмысшылардың арасында ең көп таралған ілімдер — пролетардың емес, ұсақ буржуаның көзқарасын айқын бейнелеген прудонизм [32], бланкизм [33], анархизм болды.

Марксизмнің соңғы он жылдықтар ішінде осыншама тез және толық жеңуіне қандай себеп болды? Қазіргі қоғамдардың экономикалық жағынан да, саяси жағынан да дамуының бәрі, езілген таптардың революциялық қозғалысы мен күресінің бүкіл тәжірибесі маркстік көзқарастардың дұрыстығын барған сайын дәлелдеп отыр. Ұсақ буржуазияның құлдырауы ұсақ буржуазия-

лық соқыр сенім атаулының ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір құрып кетуін сөзсіз туғызды, ал капитализмнің өсуі және капиталистік қоғамның ішінде таптар күресінің шиеленісуі пролетарлық социализм идеялары жолындағы ең жақсы үгіт болды.

Социализмнің әр түрлі артта қалған ілімдерінің біздің елімізде өте берік болуы Россияның артта қалғандығының салдарынан екені өзінен-өзі түсінікті. Орыстың революциялық пікірінің соңғы ширек ғасыр ішіндегі тарихының бәрі марксизмнің ұсақ буржуазиялық халықшылдық социализмге қарсы күресінің тарихы болып табылады. Егер орыс жұмысшы қозғалысының тез өсіп, тамаша табыстарға жетуі қазірдің өзінде Россияда да марксизмді жеңіске жеткізіп отырған болса, онда, екінші жағынан, шаруалардың сөзсіз революциялық қозғалысының дамуы—әсіресе шаруалардың 1902 жылы Малороссиядағы атақты көтерілістерінен [34] кейін — қартайып қаусаған халықшылдықты бірсыпыра жандандырды. Дағдыға айналған европалық оппортунизм (ревизионизм, бернштейншілдік [35], Маркстi сынау) жаңартқан ескі халықшылдық социалист-революционерлер деп аталатындардың барлық ерекше идеялық байлығы болып табылады. Сондықтан марксистердің таза түрдегі халықшылдармен де, социалист-революционерлермен де таласында шаруалар мәселесі басты орын алады.

Халықшылдық белгілі дәрежеде тұтас және дәйекті ілім болды. Россияда капитализмнің үстем болуы теріске шығарылды; бүкіл пролетариаттың алдыңғы қатарлы күрескерлері ретінде фабрика-завод жұмысшыларының ролі теріске шығарылды; саяси революцияның және буржуазиялық саяси бостандықтың маңызы теріске шығарылды; ұсақ ауыл шаруашылығы бар шаруалар қауымы негізінде бірден социалистік төңкеріс жасау уағыздалды. Осы тұтас ілімнің қазір тек сілімтігі ғана қалды, бірақ қазіргі таластарды саналы түрде түсіну үшін, бұл таластарды ұрыс-керіске айналдырып жібермеу үшін, біздің социалист-революционерлердің адасуларының жалпы және түпкі халықшылдық *негіздерін* әрдайым есте ұстау керек.

Халықшылдар: Россияда болашақтың адамы — мужик деп ойлады, ал бұл көзқарас, сөз жоқ, қауымның социалистілігіне сенушіліктен, капитализмнің тағдырына сенбеушіліктен келіп шықты. Марксистер: Россияда болашақтың адамы—жұмысшы деп ойлады, ал орыс капитализмінің егіншіліктегі дамуы да, өнеркәсіптегі дамуы да барған сайын марксистердің көзқарастарын растап келеді. Россиядағы жұмысшы қозғалысы қазір өзін өзі танытты, ал шаруалар қозғалысы жөнінде халықшылдық пен марксизм арасындағы тұңғиық күні бүгінге дейін осы қозғалысты түрліше *түсінуде* болып отыр. Халықшыл үшін нақ шаруалар қозғалысы марксизмді теріске шығарады; халықшыл үшін бұл қозғалыс тікелей социалистік төңкеріс жасауға пайдалы қозғалыс болып табылады; нақ осы қозғалыс ешқандай буржуазиялық саяси бостандықты мойындамайды; бұл қозғалыс ірі шаруашылыққа емес, нақ ұсақ шаруашылыққа негізделеді. Бір сөзбен айтқанда, халықшыл үшін шаруалар қозғалысы — нағыз, шын-социалистік және тікелей-социалистік қозғалыс. Шаруалар қауымына деген халықшылдық сенім және халықшылдық анархизм осындай қорытындыларға сөзсіз келіп тірелетінін толық түсіндіреді.

Марксист үшін шаруалар қозғалысы, атап айтқанда, социалистік қозғалыс емес, демократиялық қозғалыс. Бұл қозғалыс, басқа елдерде болғаны сияқты, Россияда да демократиялық революцияның, өзінің қоғамдық-экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық революцияның қажетті серігі болып табылады. Бұл қозғалыс буржуазиялық тәртіптің негіздеріне, товар шаруашылығына, капиталға мүлдем қарсы бағытталмайды. Бұл қозғалыс, мұның керісінше, деревнядағы ескі, крепостниктік, капитализмге дейінгі қатынастарға қарсы бағытталады және крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарының басты тірегі болып отырған помещиктік жер иеленуге қарсы бағытталады. Сондықтан бұл шаруалар қозғалысының толық жеңіп шығуы капитализмді жоймайды, қайта керісінше оның дамуына неғұрлым кең негіз жасайды, таза капиталистік дамуды тездетіп, шиеленістіреді. Шаруалар көтерілісінің толық жеңіп

шығуы демократиялық буржуазиялық республиканың тірегін ғана жасай алады, ал бұл республикада пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі тұңғыш рет барынша таза күйінде өрістейтін болады.

Сонымен, социалист-революционерлер мен социал-демократтардың арасындағы принципті тұңғиықты білгісі келетін әрбір адам қарама-қарсы осы екі көзқарасты айқын түсініп алуы керек. Бір көзқарас бойынша, шаруалар қозғалысы — социалистік қозғалыс, екінші көзқарас бойынша — демократиялық-буржуазиялық қозғалыс. Біздің социалист-революционерлер ортодокс марксистер бір кезде шаруалар мәселесін бейне бір «елемеді» (білгісі келмеді) деп жүз рет қайталап айтқанда (мәселен, «Революционная Россияның» [36] 75-номерін салыстырыңыз), олардың қандай надан екенін осыдан байқауға болады. Мұндай барып тұрған нағандыққа қарсы тек бір әдіс арқылы ғана: әліппені қайталау арқылы, ескі дәйекті-халықшылдық көзқарастарды баяндау арқылы, шын айырма шаруалар мәселесімен санасқысы келуде немесе келмеуде емес, оны мойындауда немесе елемеуде емес, Россиядағы қазіргі шаруалар қозғалысын және қазіргі шаруалар мәселесін *түрліше бағалауда* екенін жүз рет, мың рет көрсету арқылы ғана күресуге болады. Марксистердің Россиядағы шаруалар мәселесін «елемеуі» туралы сөз ететін адам, біріншіден, барып тұрған надан, өйткені Плехановтың «Біздегі алауыздықтар» деген (жиырма жылдан астам бұрын шыққан) кітабынан бастап, орыс марксистерінің барлық басты шығармалары негізінен орыстың шаруалар мәселесі жөніндегі халықшылдық көзқарастардың қателігін түсіндіруге арналған болатын. Екіншіден, марксистердің шаруалар мәселесін «елемеуі» туралы сөз ететін адам мұнысы арқылы: қазіргі шаруалар қозғалысы демократиялық-буржуазиялық қозғалыс па, жоқ па? ол, өзінің объективтік маңызы жағынан, крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы бағытталған ба, жоқ па?— деген нағыз принципті алауыздыққа толық баға беруден өзінің бұлтарып кетуге тырысатынын дәлелдейді.

Социалист-революционерлер бұл сұраққа еш уақытта да айқын, дәл жауап берген емес және бере де алмайды, өйткені олар Россиядағы шаруалар мәселесі жөніндегі ескі халықшылдық көзқарас пен қазіргі марксітік көзқарастың арасында әбден шатасып жүр. Нақ сондықтан да марксистер социалист-революционерлерді ұсақ буржуазия көзқарасындағы адамдар (ұсақ буржуазияның идеологтары) деп атайды, өйткені олар шаруалар қозғалысын бағалауда ұсақ буржуазиялық алдамшы елестерден, халықшылдық қиялдардан арыла алмай жүр.

Міне, сондықтан біздің: әліп, би, ти деп тағы да қайталауымызға тура келіп отыр. Россиядағы қазіргі шаруалар қозғалысы неге ұмтылып отыр? Жер мен ерік алуға ұмтылып отыр.— Бұл қозғалыстың толық жеңіп шығуының қандай маңызы болады? Ол қозғалыс ерік алған соң мемлекетті басқару ісінде помещиктер мен чиновниктердің үстемдігін жояды. Ол қозғалыс жерді алған соң, помещиктердің жерлерін шаруаларға береді.— Барынша толық ерік алу және помещиктерді барынша толық экспроприациялау (помещиктердің жерлерін тартып алу) товар шаруашылығын жоя ма? Жоқ, жоймайды.— Барынша толық ерік алу және помещиктерді барынша толық экспроприациялау шаруа үйлерінің қауым жерінде немесе «социализацияланған» жерде жеке-дара шаруашылық жүргізуін жоя ма? Жоқ, жоймайды.— Барынша толық ерік алу және помещиктерді барынша толық экспроприациялау бай, көп жылқысы бар, көп сиыры бар шаруа мен батырақтың, күндікшінің арасындағы, яғни шаруалар буржуазиясы мен село пролетариатының арасындағы терең тұңғиықты жоя ма? Жоқ, жоймайды. Қайта жоғары (помещиктік) *сословиенің* қиратылып, жойылуы неғұрлым толық болса, буржуазия мен пролетариаттың арасындағы *тап* араздығы соғұрлым терең болады.— Шаруалар көтерілісінің толық жеңіп шығуы оның объективтік маңызы жағынан қарағанда қандай маңыз алады? Бұл жеңіс крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын мүлдем жояды, бірақ буржуазияның қожайындық етуін тіпті де жоймайды, капитализмді жоймайды, қоғамның таптар-

ға, байлар мен кедейлерге, буржуазия мен пролетариатқа бөлінуін жоймайды.— Қазіргі шаруалар қозғалысының демократиялық-буржуазиялық қозғалыс болатын себебі не? Өйткені, бұл қозғалыс чиновниктер мен помещиктердің өкіметін жойып, қоғамның демократиялық құрылысын орнатады, бірақ бұл демократиялық қоғамның буржуазиялық негізін өзгертпейді, капиталдың үстемдігін жоймайды.— Қазіргі шаруалар қозғалысына саналы жұмысшы, социалист, қалай қарауға тиіс? Ол бұл қозғалысты қолдауға тиіс, шаруаларға бар жігерін салып көмектесуге, оларға чиновниктердің өкіметін де, помещиктердің өкіметін де бүтіндей құлатуға ақырына дейін жәрдемдесуге тиіс. Бірақ ол сонымен қатар шаруаларға чиновниктер мен помещиктердің өкіметін құлатудың әлі жеткіліксіз екенін түсіндіруге* тиіс. Бұл өкіметті құлата отырып, сонымен бірге капиталдың өкіметін, буржуазияның өкіметін жоюға дайындалу керек, ал бұл үшін толығынан социалистік, яғни маркстік ілімді дереу уағыздау керек және шаруалар буржуазиясына, бүкіл Россия буржуазиясына қарсы күресу үшін село пролетарларын біріктіріп, топтастырып, ұйымдастыру керек.— Саналы жұмысшы социалистік күреске бола демократиялық күресті немесе демократиялық күреске бола социалистік күресті ұмыта ала ма? Жоқ, саналы жұмысшы нақ осы күрестің арақатынасын түсінгендіктен де өзін социал-демократ деп атайды. Ол социализмге демократизм арқылы, саяси бостандық арқылы жеткізетін жолдан басқа жолдың жоқ екенін біледі. Сондықтан ол түпкі мақсатқа, социализмге жету үшін демократизмді толық және дәйекті түрде жүзеге асыруға тырысады.— Демократиялық күрес пен социалистік күрестің жағдайлары неліктен бірдей емес? Өйткені бұл екі күрестің әрқайсысында жұмысшылардың одақтастары сөзсіз әр түрлі болады. Демократиялық күресті жұмысшылар буржуазияның, әсіресе ұсақ буржуазияның бір бөлегімен бірігіп жүргізеді. Социалистік күресті жұмысшылар бүкіл буржуазияға қарсы жүргізеді. Чиновник пен помещикке қарсы күрес-

* Қолжазбада «түсіндіруге» деген сөздің алдында «жалықпай» деген сөз бар. *Ред.*

ті барлық шаруалармен, тіпті ауқатты жәпе орта шаруалармен бірігіп жүргізуге болады және солай жүргізу керек. Ал буржуазияға қарсы күресті, демек, ауқатты шаруаларға да қарсы күресті, тек село пролетариатымен бірігіп қана сенімді түрде жүргізуге болады.

Егер біз марксизмнің осы, социалист-революционерлер талдап қараудан әрдайым жалтаруды жөн көретін әліппе ақиқаттарының бәрін есте ұстап отырсақ, онда олардың марксизмге қарсы төмендегі «ең жаңа» қарсылықтарына баға беру бізге оңай болады.

«Революционная Россия» (№ 75) былай деп таңданады: «Помещикке қарсы пролетариатты бірден қолдаудың орнына, әуелі помещикке қарсы жалпы шаруаны қолдау, ал сонап соң (яғни сонымен бірге) жалпы шаруаға қарсы пролетариатты қолдау не үшін керек жәпе бұл жерде марксизмнің не қатысы бар,— бір алланың өзі біледі».

Бұл — ең кенже қалған, баладай аңқау анархизмнің көзқарасы. Қанау атаулының барлығын «бірден» жою туралы адам баласы әлдеқашаппан бері, көптеген ғасырлар бойы, тіпті әлденеше мыңдаған жылдар бойы арман етіп келеді. Бірақ бұл армандар бүкіл дүние жүзінде миллиондаған қаналушылар капиталистік қоғамды осы қоғамның өз дамуы бағытында өзгерту жолында төзімді, табанды, жан-жақты күрес жүргізу үшін ұйымдаса бастағанға дейін арман болып қала берді. Социалистік арман Маркстің ғылыми социализмді қайта құру талабын белгілі бір таптың күресімен байланыстырған кезде ғана миллиондаған адамдардың социалистік күресіне айналды. Тап күресінен тыс социализм — бос сөз немесе аңқау арман. Ал біздің Россияда көз алдымызда екі түрлі әлеуметтік күштің екі түрлі күресі жүріп жатыр. Капиталистік өндірістік қатынастар бар (ал капиталистік өндірістік қатынастар — біздің социалист-революционерлердің есінде болсын — тіпті шаруалар қауымының ішінде де, яғни олардың көзқарасынша әте-мәте «социализацияланған» жерде де бар) жерлердің бәрінде де пролетариат буржуазияға қарсы күреседі. Шаруалар ұсақ жер иелері, ұсақ буржуа тобы ретінде крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына

қарсы, чиновниктер мен помещиктерге қарсы күреседі. Бұл әр түрлі, әр текті әлеуметтік екі соғысты саяси экономиямен және бүкіл дүние жүзіндегі революциялардың тарихымен мүлдем таныс емес адамдар ғана көре алмауы мүмкін. «Бірден» деген сөзге сүйеніп бұл соғыстардың әр текті екендігін көрмеу—бой тасалау және өмір шындығына талдау жасаудың қандайынан болса да бас тарту болып табылады.

Социалист-революционерлер ескі халықшылдықтың көзқарастарының тұтастығын жоғалтып, тіпті халықшылдар ілімінің көп жерін естен шығарды. «Ленин мырза шаруалардың помещиктерді экспроприациялауына көмектесу арқылы,— деп жазады сол номерінде «Революционная Россия»,— капиталистік егін шаруашылығының осы күннің өзінде азды-көпті өркендеген формаларын қиратып, оның орнына ұсақ буржуазиялық шаруашылық орнатуға пайымдамай жәрдемдесіп отыр. Ортодокстік марксизм көзқарасы тұрғысынан қарағанда, мұның өзі бір адым кейін шегінгендік емес пе?»

Ұялсаңдаршы, мырзалар! Сіздер өздеріңіздің В. В. мырзаларыңды ұмытып отырсыздар ғой! Оның «Капитализм тағдырын», Николай — он мырзаның «Очерктерін» және өз даналықтарыңыздың басқа да деректемелерін қарап көріңіздер. Сонда Россиядағы помещиктік шаруашылықта капиталистік және крепостниктік шаруашылықтың белгілері бар екені естеріңізге түседі. Сонда шаруашылықтың барщинаның тікелей қалдығы болып отырған жұмыспен өтеу жүйесінің бар екенін сіздер білесіздер. Егер сіздер мұның үстіне Маркс «Капиталының» үшінші томы сияқты ортодокстік-маркстік кітапты қарап шықсаңыздар, онда бұл кітаптан сіздер барщиналық шаруашылықтың дамуы және оның капиталистік шаруашылыққа айналуы еш жерде ұсақ буржуазиялық шаруалар шаруашылығының көмегінсіз болмағанын және басқаша бола алмағанын [37] білесіздер. Марксизмді жамандау үшін сіздер тым қарапайым, әлдеқашан әшкереленген әдістерді қолданып отырсыздар: сіздер марксизмге ірі барщиналық шаруашылықтың орнына тікелей ірі капиталистік шаруашылық орнайды деген келемеж-жабайы көзқарасты таңып отырсыздар!

Сіздер: помещиктер егінінің шығымдылығы шаруалардікінен жоғары, олай болса помещиктерді экспроприациялау бір адым кейін шегінгендік болады деп пайымдайсыздар. Бұлай пайымдау төртінші класс гимназисіне лайықты. Ойлаңыздаршы, мырзалар, крепостниктік право құлаған кезде егін шығымдылығы төмен шаруа жерін егін шығымдылығы жоғары помещик жерінен бөліп тастау «бір адым кейін шегінгендік» болмап па еді?

Россиядағы қазіргі помещиктік шаруашылықта капиталистік шаруашылық пен крепостниктік шаруашылықтың белгілері бар. Шаруалардың помещиктерге қарсы қазіргі күресі, өзінің объективті маңызы жағынан, крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы күрес болып табылады. Бірақ жеке оқиғалардың бәрін санап шығуға және әрбір жеке оқиғаны салмақтауға, крепостниктік тәртіптің дәл қай жерден аяқталып, таза капитализмнің дәл қай жерден басталатынын аптека таразысының дәлдігіндей дәлдікпен анықтауға тырысу — өз басының педантизмін марксистерге таңу деген сөз. Біз ұсақ дүкеншіден сатып алынатын керек-жарақтар бағасының қандай үлесінің еңбек құны болатынын және қандай үлесінің алаяқтық болатынын, т. т. есептеп шығара алмаймыз. Мұның өзі еңбек құны теориясын лақтырып тастау керек дегендік пе, мырзалар?

Қазіргі помещиктік шаруашылықта капиталистік шаруашылық пен крепостниктік шаруашылықтың белгілері бар. Бұдан тек педанттар ғана: біздің міндетіміз — осы белгілер кездескен сайын оны белгілі бір әлеуметтік сипатына қарай әрбір жеке жағдайларда таразыға салып, есептеп, көшіріп жазып отыру болады деген қорытынды жасай алады. Бұдан тек утопистер ғана: бізге әр текті әлеуметтік екі соғысты айырып жатудың «түк керегі жоқ» деген қорытынды жасай алады. Бұдан шынында тек қана мынадай: біз өзіміздің программамызда да, тактикамызда да капитализмге қарсы таза пролетарлық күресті крепостниктік тәртіпке қарсы жалпы демократиялық күреспен (және жалпы шаруалар күресімен) ұштастыруға тиіспіз деген қорытынды шығады.

Қазіргі помещиктік жартылай крепостниктік шаруа-

шылықта капиталистік белгілер неғұрлым күшті дамыған болса, дербес село пролетариатын дереу ұйымдастыру соғұрлым өте-мөте қажет болады, өйткені қандай конфискенің тұсында болса да таза капиталистік немесе таза пролетарлық антагонизм соғұрлым тез жарыққа шығады. Помещиктік шаруашылықта капиталистік белгілер неғұрлым күшті болса, демократиялық конфиске социализм жолындағы нағыз күреске соғұрлым тез итермелейді,— демек, «социализация» деген сөздің көмегімен демократиялық төңкерісті жалған дәріптеу соғұрлым қауіпті болады. Міне, помещиктік шаруашылықта капитализмді крепостниктік тәртіппен шатастырушылықтан осындай қорытынды шығады.

Сөйтіп, таза пролетарлық күресті жалпы шаруалар күресімен ұштастыру керек, бірақ оларды шатастырмаған жөн. Жалпы демократиялық күрес пен жалпы шаруалар күресін қолдау керек, бірақ қолдағанда — бұл таптық емес күреспен ешбір қосылып кетпеу керек, оны социализациялау деген сияқты жалған сөздер арқылы ешбір дәріптемеу керек, қала пролетариатын да, *село* пролетариатын *да* социал-демократияның мүлдем дербес таптық партиясына ұйымдастыруды бір сәт те ешбір ұмытпау керек. Бұл партия, ең батыл демократизмді ақырына дейін қолдай отырып, реакциялық қиялдар арқылы және товар шаруашылығы тұсындағы «теңгермелік» жасау тәжірибелері арқылы революциялық жолдан өзін аулақтатуға жол бермейді. Шаруалардың помещиктермен күресі — қазір революциялық күрес, помещиктік жерлерді конфискелеу — экономикалық және саяси эволюцияның қазіргі кезеңінде барлық жағынан революциялық шара, сондықтан біз революциялық-демократиялық шараны қолдаймыз. Бірақ бұл шараны «социализация» деп атау, товар шаруашылығы тұсында жерді «теңгермелі» түрде пайдалану мүмкіндігі жөнінде өзін де, халықты да алдау — мұның өзі реакциялық ұсақ буржуазиялық утопия, бұл утопияны біз социалист реакционерлерге-ақ береміз.

«Пролетарий» № 24,
7 ноябрь (25 октябрь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЕКІ ШАЙҚАС АРАСЫНДА

Женева, жаңаша 15 ноябрь.

Пролетариаттың патша өкіметіне қарсы үлкен шайқасы аяқталды. Бүкіл россиялық саяси стачка, шамасы, барлық жерде дерлік тоқталса керек. Дұшпан бар болғаны бір қанатта ғана шегінді (Финляндия), бірақ ол оның есесіне екінші қанатта бекініп алды (Польшадағы соғыс жағдайы). Дұшпан орталықта болмашы ғана шегінді, алайда ол жаңадан күшті позицияға орнығып алып, бұрынғыдан да бетер қан төгіс болатын, неғұрлым күшті шешуші шайқасқа дайындалуда. Әскери қақтығыстар барлық жерде де үздіксіз болып жатыр. Екі жақ та өз шығындарының орнын толтыруға, өз қатарларын топтастыруға, келесі болатын шайқасқа мүмкіндігінше жақсы ұйымдасуға, қаруланута асығып отыр.

Қазіргі кезеңде бостандық жолындағы күрес майданында істердің жағдайы, шамамен айтқанда, осындай. Азамат соғысының басқа соғыстардан табиғи өзгешелігі мынада: шайқастардың формалары мейлінше әралуан, шайқасып жатқан екі жақтың саны мен құрамын есепке алу өте қиын, өйткені мейлінше ауытқып отырады, шайқасушылар бітім жасауға немесе тым болмағанда уақытша бітім жасауға әрекет етпейді, сондықтан соғыс қимылдарымен мейлінше шым-шытырық араласып жатады.

Соғыс қимылдарының уақытша тоқталуы «татуластырушылардың» тапқырлығын ерекше көтермелейді. Витте тікелей де, жарамсақ баспасөз арқылы да өзін нақ осы «татуластырушымын» деп көрсетуге, патша өкі-

метіне өзінің дипломатиялық малай екепін мүмкін қадарынша бүркемелеуге жанталаса әуре болып жүр. Үкімет хабары—аңқау либералдарды масаттандырып—қаражүздік ерліксымақтарға полицияның қатысуын мойындайды. Үкіметке жарамсақтанушы баспасөз (мысалы, «Новое Время») реакционерлердің ұшқарылығын да, әрине, революционерлердің «ұшқарылығын» да айыптаған болады. Ұсақ әрекетке көңілдері толмаған нағыз реакция өкілдері (Победоносцев, Владимир, Трепов) сырт айналуда. Олар ішінара өте зор өкімет билігін патша өкіметінде сақтап қалу үшін бұл әрекеттің қаншалықты пайдалы екендігін өздерінің топастығынан түсінбейді; олар ішінара өздеріне толық ерік беріп, сол әрекетке қатысуды, бірақ қатысқанда басқа рольде: монархтың құдіретті болуы жолындағы «тәуелсіз» күрескерлердің ролінде, «орыс халқының жәбірленген (революционерлер жәбірлеген) ұлттық сезімі» үшін «ерікті» өш алушылар ролінде,— былайша айтқанда, қаражүздік көсемдердің ролінде қатысуды өздеріне қолайлырақ деп санайды — бұлары дұрыс та.

Витте өзінің адам таңданарлықтай зымияндық әрекетінің «ұлы» жетістіктерін көріп, масаттанғаннан алақанып үйкелейді. Ол либерализмнің кінәсыздығын қорғап, кадеттер партиясының көсемдеріне («Le Temps» тілшісінің телеграммасына қарағанда тіпті Милюковке де) министрлік портфельдерді жанын салып ұсынуда; отанына қайтып келуге шақырып Струве мырзаға өз қолымен хат жолдап отыр; өзін «қызылдарға» да, «қараларға» да мүлде қатысы жоқ «ақпып» деп көрсетуге тырысып отыр. Сондай-ақ, ол кінәсыздықпен бірге абырой-атаққа да ие болды, өйткені ол бүкіл өкімет билігін өз қолында сақтап қалған және революцияға қарсы батыл шабуылға көшу үшін тек неғұрлым қолайлы сәтті күтіп отырған патша үкіметін әлі басқарып отыр.

Біздің «Пролетарийде» Виттеге берген мінездемеміз * толық дәлелденіп отыр. Ол — өзінің әдіс-айласы, «таланты» жағынан және өзінің икемдігі жағынан министр-клоун. Ол — өзінің осы кезге дейін қолындағы

---

* Қараңыз: осы том, 22—23-беттер. *Ред.*

нақты күштері жағынан либерал бюрократияның министрі, өйткені либерал буржуазиямен саудаласуға оның әлі мүмкіндігі болған жоқ. Рас, бұл сауда қалай дегенмен де аз-аздап ілгері жылжып келеді. Саудаласушылар өздерінің ақырғы бағасын айтып, қол соғысып жатыр, келісімді алдағы земство съезінің шешімдеріне дейін кейінге қалдырып отыр. Дума сайлауы жөнінде сайлау праволарын кеңейтіп, білім алу цензасын беріп, Витте буржуазиялық интеллигенцияны сатып алуға тырысады, тіпті жұмысшыларға болмашы бірдемелер тастайды (жұмысшылар «жұмысшылардан» тура емес сайлау жүйесінде 21-орынға қанағаттануға тиіс!!), әйтеуір Дума жиналсыншы, Дума немесе тым болмаса ондағы азшылық жалпыға бірдей сайлау правосын жақтасыншы, сонда өзінің, Виттенің, бұл талапты қолдауды әбден толық қамтамасыз ететіндігіне ант-су ішеді.

Бірақ саудаласу дегенмен әзір ештеңеге жеткізбей отыр. Саудаласушылар өздерінің келіс сөздерін шын шайқасып жатқандардан тыс жүргізіп отыр, сондықтан бұл біздің «адал маклерлердің» жұмсаған күш-жігерін әлсіретпей коймайды. Либерал буржуазия Мемлекеттік думаны өзінен-өзі ықыласпен қабылдаған болар еді,— өйткені ол Думаны тіпті «кеңесші түрінде» де қабылдаған еді ғой, ол сентябрьдің өзінде-ақ белсенді бойкот жасауды қабылдамай тастады ғой. Бірақ мәселенің мәні де нақ мынада: содан бері өткен осы екі айдың ішінде революция ілгері қарай орасан зор қадам басты, пролетариат мықты шайқас жасап, алғаш рет бірден ірі жеңіске жетті. Мемлекеттік дума, халық өкілдігінің осы жиіркенішті, пасық комедиясы түкке аспай қалды: пролетариаттың қуатты шабуылының алғашқы соққысының өзі Думаның күлін көкке ұшырды. Революция Булыгин Думасына баруға немесе Думаға барушыларды қолдауға әзірленгендердің өресіздігін бірнеше апта ішінде-ақ әшкереледі. Белсенді бойкот жасау тактикасының дұрыстығы өте тамаша расталды, саяси партиялардың тактикасы ғана соғыс кезеңдерінде осылай бола алады: іс жүзінде расталады, оқиғалардың барысы арқылы тексеріледі, ойы шолақ адамдар мен қорқақ саудагерлерге кешегі күні «белгісіз тұңғиыққа секіру» тым

батылдық болып көрінген нәрсе талассыз, даусыз факт болып мойындалады.

Жұмысшы табы «Дума» жәдігөйлерін қатты шошытты,— шошытқаны сондай, олар қазір осы осал, сынық баспалдаққа аяғын басуға қорқады, мемлекеттік «қолөнершілердің» «жаңадан» асығыс жасаған жамап-жасқауының беріктігіне сенудің өзінен де қорқады. Рольдер аздап ауысты. Кешегі күні Парвус, Череванин және Мартов жолдастар осы баспалдаққа аяқ басушылардан революциялық міндеттеме, Думада құрылтай жиналысын шақыруды талап етуге міндеттеме алғысы келіп еді. Бүгін бұл социал-демократтардың орнын министрлер кабинетінің президенті граф Сергей Юльевич Витте басты, ол Думаның құрылтай жиналысын шақыруды талап ететін бір депутатын болса да қолдауға қазірдің өзінде-ақ «революциялық» міндеттеме беріп отыр.

Бірақ либерал буржуалардың, конституцияшыл-демократтардың, алғашқыда масқара болғаны соншалық, қайғылы тәжірибенің қайталануын тілемейтіндей болды. Олар, «Освобождение» мен «Русские Ведомостидегі» [38] біздің қайырымды парламентарийлер, «сайлау науқанын» қазірдің өзінде-ақ әбден жолға қойып үлгірген-ді; олар осы науқанға басшылық ету үшін орталық комитетті сайлап та қойған-ды; земство бастығы шаруалар сайламшыларын тікелей таратып жіберуге правосы бар ма немесе алдын ала губернатордан сұрап алуға тиіс пе деген мәселе жөнінде халыққа кеңестер беру үшін заң бюросын құрып та қойған-ды. Бір сөзбен айтқанда, олар барлық россиялық Обломовтарға сыйлыққа тартылған диванға жатуға ыңғайланып та еді, бірақ ойда жоқ жерде... пролетариат Думаны және бүкіл «думалық» науқанды иығымен дөрекі қағып құлатты. Либерал буржуалардың сыпайы графтың «революциялық міндеттемелеріне» қазір сене қойғысы келмей отырғаны таңданарлық нәрсе емес. Қазір графтың өздеріне созған қолын қысуға олардың онша зауқы жоқ екендігі, Думаның жаңадан қант сеуіп әдемі өрнектелген жұпжұмсақ самсасын көріп, сілекейлері шұбырса да, олардың жиі-жиі солға қарайтыны таңданарлық нәрсе емес.

Виттенің либерал буржуазияның көсемдерімен жүргізген келіс сөздерінің, сөз жоқ, өте елеулі саяси маңызы бар, бірақ олар либералдық жасаушы бюрократия мен капитал мүдделерін қорғаушылардың іштей жақындығын тағы да дәлелдейтіні жөнінен ғана,— олар орыс революциясын нақ қалай және нақ кім *жойғысы* келіп отырғанын тағы да көрсетуі жөнінен ғана маңызды. Бірақ атап айтқанда, революция әлі күшінде болғандықтан бұл келіс сөздер мен сөз байласулардың сәті түспей отыр. Революция күшінде ғана емес,— ол қашанғыдан гөрі күшті, ол өзінің ақырғы сөзін әлі тіпті де айтып болған жоқ, ол — пролетариат пен революцияшыл шаруалар қуатының өн бойына енді ғана жайыла бастады. Министр-клоунның буржуазиямен жүргізіп отырған келіс сөздерінің, сөз байласуларының өлекселік сипат алуы, міне, осыдан: жауласқан күштер екі шешуші шайқастың арасында бір-біріне қарсы бетпе-бет келіп отыр, мұндай қызу күрес кезінде келіс сөздер мен сөз байласулардың елеулі маңызы болмайды.

Өзінің бүкіл дүние жүзілік тарихи мақсаттарын түсінетін, еңбекшілерді тек саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар экономикалық жағынан да азат етуге ұмтылатын, өзінің социалистік міндеттерін бір сәт те есінен шығармайтын революцияшыл пролетариаттың мұндай уақыттағы саясаты ерекше берік, айқын және анық саясат болуға тиіс. Министр-клоунның жиіркенішті өтірігіне, либералдар мен буржуазияшыл демократтардың топас конституциялық жалған үміттеріне пролетариат бүкіл халықтық қарулы көтеріліс арқылы патша өкіметін құлату жөніндегі өз ұранын бұрынғыдан да гөрі батылырақ қарама-қарсы қоюға тиіс. Революцияшыл пролетариат екіжүзділіктің қай-қайсысын да жек көреді, сондықтан оқиғалардың шын жағдайын бүркемелеуге әрекеттенудің бәрімен аяусыз күреседі. Ал Россиядағы конституциялық тәртіп туралы қазір айтылып жүрген сөздердің әрбір сөзінде екіжүзділік бар, әрбір сөйлемінде самодержавиелік-крепостниктік Россияның белгілі бір қалдықтарын сақтап қалу мақсатын көздейтін ескі, дағдылы өтірік бар.

Бостандық туралы сөз етеді, халық өкілдігі туралы айтады, құрылтай жиналысы туралы көлгірсиді, сөйтіп осы жақсы нәрсенің бәрі елеулі кепілдіктері жоқ бос сөз екенін әрдайым, сағат сайын, минут сайын ұмытып кетеді. Ал жеңімпаз халық көтерілісі *ғана*, қарулы пролетариат пен шаруалардың патша өкіметінің барлық өкілдеріне — халық алдында бір адым кейін шегінген, бірақ халыққа әлі де мүлде бағынбаған, халық әлі де мүлде құлатып болмаған патша өкілдерінің барлығына — жүргізетін толық үстемдігі *ғана* елеулі кепілдік бола алады. Сондықтан әзір *бұл* мақсатқа қол жеткенге дейін нағыз бостандықтың, нағыз халық өкілдігінің, Россияда жаңа тәртіп орната алатын шын *құрылтай* жиналысының *болуы мүмкін емес.*

Конституция дегеніміз не? Халықтың праволары жазылған қағаз. Осы праволарды шын мойындаудың кепілі неде? Халықтың осы праволарды түсінген және оларды жеңіп ала білген таптарының *күшінде.* Сөздерге әуестенбей-ақ қояйықшы,— мұның өзі буржуазиялық демократияның тілмарларына ғана жарасады,— *күш* күресте жеңіп шыққанда *ғана* өзін дәлелдейді, ал біз әлі де толық жеңіске жеткен жоқпыз, мұны бір сәтке де естен шығармайық. Сұлу сөздерге сеніп қалмайтын болайық,— біз нақ ашық күрес жүріп жатқан уақытты, сөздердің бәрі және уәделердің бәрі дереу іс жүзінде тексерілетін уақытты, сөздер мен манифестер арқылы, конституциялық уәделер арқылы халықты *алдап соқпақ* болып отырған, оның күшін әлсіретуге, оның сапын ыдыратуға, оны қарусыздануға көндіруге тырысып отырған уақытты, дәл осындай уақытты бастан кешіріп отырмыз. Осындай уәделер мен сылдыр сөздерден асып түсетін жалған еш нәрсе жоқ, ал біз сорақы озбырлықпен де, либералдық-конституциялық өтірікпен де күресу үшін Россия пролетариаты қазірдің өзінде-ақ толысып жетілді деп мақтанышпен айта аламыз. Бұған дәлел— темір жол жұмысшыларының үндеуі (амал не, түп нұсқасы біздің қолымызда жоқ), бұл туралы жуырда шетелдік газеттер хабарлаған. Жолдастар, қару-жарақ жинаңыздар,— дейді бұл үндеу,— қажымай-талмай он есселенген жігермен күресу үшін ұйымдасыңыздар. Қа-

руланып, өз қатарымызды топтастырсақ қана біз жеңіп алғанымызды қорғай аламыз және өз талаптарымыздың толық орындалуына жете аламыз. Кезі келгенде толық бостандық үшін жаңа, бұрынғыдан неғұрлым қажырлы күреске бәріміз бір адамдай болып тағы да көтерілеміз.

Біздің бірден-бір кепілдігіміз, міне, осы! Азат Россияның бірден-бір жалған емес *конституциясы* осы. Шынында да, 17 октябрьдегі манифест пен орыс өмір шындығына қараңызшы: конституцияны *патшаның* қағаз жүзінде осылай *мойындауынан* және шын «конституциядан», *патша өкіметінің* оны шын қолдануынан артық сабақ боларлық бірдеңе болуы мүмкін бе? Өйткені патша манифесінде сөзсіз конституциялық сипаттағы уәделер бар. Ал бұл уәделердің бағасы мынадай. Адамның жеке басы дербес праволылы деп жарияланды. Бірақ кімде-кім самодержавиеге жағымсыз болса, олар түрмелерде, жер аударылған жерінде, айдауда қалып отыр. Жиналыстар өткізуге бостандық берілді деп жарияланды. Бірақ Русьте іс жүзіндегі жиналыстар бостандығын алғаш рет жасаған университеттер жабылды, ал олардың есіктерін полиция мен әскер күзетеді. Баспасөз бостандығы берілді,— сондықтан да жұмысшылар мүдделерінің органы, «Новая Жизнь» [39] газеті, социал-демократиялық программаны басқаны үшін конфискеленеді. Қаражүздік министрлердің орнын праволық тәртіпті жариялаған министрлер басты. Бірақ қаражүздіктер полиция мен әскердің жәрдемімен көшеде бұрынғыдан да күштірек «жұмыс істеуде», сөйтіп азат Россияның патша өкіметіне жағымсыз азаматтарын әрі еркін, әрі жазасыз атып тастайды, ұрып-соғады, мүгедек етеді.

Қазіргі уақытта, өмірдің осындай барынша өнеге боларлық сабақтарын көріп отырып, Виттенің жалпыға бірдей сайлау правосын беруге уәде ететініне де, «құрылтай» жиналысын шақыру туралы манифеске патшаның қол қоятынына да шынымен елеулі маңыз беру үшін соқыр болу керек немесе таптың пайдасынан басқаны көрмейтін болу керек. Егер бұл «актілер» жасалғанның өзінде де олар бәрібір күрестің барысына әсер

ете алмаған болар еді, олар бәрібір сайлау үгітінің шын бостандығын туғызбаған болар еді, өкілдердің бүкіл халықтық жиналысының шын құрылтайлық сипаты болуын бәрібір қамтамасыз етпеген болар еді. Құрылтай жиналысы жаңа Россиядағы өмір құрылысын заң жүзінде бекітуге, парламенттік жолмен қалыптастыруға тиіс, бірақ жаңаның ескіні жеңгенін баянды етуден бұрын, бірақ бұл жеңісті ресми жеңіс ету үшін шынында жеңу керек, ескі мекемелердің күшін жою керек, олардың күлін көкке ұшырып, ескі құрылысты жермен-жексен ету керек, полиция және оның қарақшылары тарапынан аз да болса айтарлықтай қарсылықтың болу мүмкіндігін жою керек.

Толық сайлау бостандығын, құрылтай жиналысының толық өктемдігін көтерілістің толық жеңуі ғана, патша өкіметін құлатып, оны революциялық уақытша үкіметпен ауыстыру ғана қамтамасыз ете алады. Біздің барлық күш-жігеріміз осыған бағытталуға тиіс, көтерілісті ұйымдастыру мен әзірлеу сөзсіз бірінші кезекте тұруға тиіс. Көтеріліс қандай мөлшерде жеңісті болса және оның жеңісі жауды қандай мөлшерде үзілді-кесілді жоятын болса,— халық өкілдерінің жиналысы да сондай мөлшерде ғана қағаз жүзінде тек бүкіл халықтық, сөз жүзінде тек құрылтай жиналысы болып қалмайды.

Екіжүзділік атаулы, өтірік атаулы, бүкпе атаулы жойылсын! Соғыс жарияланды, соғыс қызып жатыр, біз екі шайқас арасындағы кішкене үзілісті бастан кешірін отырмыз. Басқаша болуы мүмкін емес. «Ақтар» партиясы — тек қана алдау. Кімде-кім революцияны қолдамайды екен,— ол қаражүздік. Мұны тек біз ғана айтып отырғанымыз жоқ. Бұл біздің ойлап тапқан тұжырымымыз емес. Мұны жұрттың бәріне және әрбір адамға Москва мен Одессада, Кронштадт пен Кавказда, Польша мен Томскіде қанмен боялған тас көшелер айтып отыр.

Кімде-кім революцияны қолдамайды екен,— ол қаражүздік. Кімде-кім орыс бостандығы полициялық жүгенсіздіктің, парашылдықтың, маскүнемдікке баулудың, қарусыз адамдарды қалтарыстан бас салудың бостан-

дығы болуына шыдағысы келмесе, ол адам өзі қарулапып, шайқасқа дереу әзірленуі керек. Бізге бостандық жөнінде уәде беруді, бостандық туралы қағазды жеңіп алу керек емес, нағыз бостандықты жеңіп алу керек. Бізге патша өкіметінің масқараланғаны, халық праволарын мойындағаны керек емес, бұл өкіметтің жойылғаны керек, өйткені патша өкіметі дегеніміз Россияны қаражүздіктердің билеп-төстеуі. Ал бұл да мүлде біздің қорытындымыз емес. Бұл — өмір қорытындысы. Бұл — оқиғалардың сабағы. Бұл — осы кезге дейін революциялық ілім атаулының бәрінен аулақ жүрген адамдардың үні, еркін бір адым жасаса, көшеде, жиналыста, өз үйінде еркін бір ауыз сөз айтса, *патшаны* жақтаушылар жендеттерінің тепкісіне, азабына, жаныштауына түсудің нағыз тікелей әрі қатерлі қаупіне ұшыраған адамдардың үні.

Революция, ақырында, *осы* «халық күшін», патшаны жақтаушылар күшін сыртқа шығуға мәжбүр етті. Революция патша өкіметінің шынында кімге сүйенетінін, бұл өкіметті шынында кімнің қолдайтынын жұрттың бәріне мейлінше айқын көрсетуге мәжбүр етті. Міне, олар, құтырынған полицейлердің, нақұрыстыққа дейін топастанған әскери адамдардың, айуан поптардың, дөрекі сатқындардың, капиталистік қоғамның маскүнем сілімтіктерінің армиясы, міне, осы. Біздің барлық үкімет мекемелерінің оннан тоғызының тікелей және жапамалай жәрдемімен қазір Россияда *үстемдік етіп отырғандар*, міне, осылар. «Заңды» монарх Николай Романов алаяқ Наполеонға қаншалықты ұқсас болса, француз Вандеясына [40] соншалық ұқсас Россия Вандеясы, міне, осындай. Ал біздің Вандея да өзінің соңғы сөзін әлі айтқан жоқ,— азаматтар, бұл жөнінде адаспаңыздар. Ол да енді ойдағыдай етек алып келеді. Оның да қараңғылықтың, правосыздықтың, крепостниктіктің, полициялық билеп-төстеудің ғасырлар бойы жиналған «отын қоры» әлі бар. Ол қанаудың зымияндық тәсілдерінің барлық жексұрын жақтарын және қалалық капиталистік цивилизация арқылы әбден жаншталған, қорланған адамдардың, айуан жағдайынан да жаман жағдайға жеткізілген адамдардың барлығын есуастан-

дырумен қоса азиатшылдықтың барлық тағылығын өз бойына жинаған. Бұл Вандеяны патшаның ешқандай манифестері де, синодтың ешқандай хаты да, жоғары және төменгі бюрократиядағы ешқандай өзгерістер де жоя алмайды. Оны тек ұйымдасқан және көзі ашық пролетариаттың күші ғана қирата алады, өйткені өзі қаналып отырған пролетариат қана өзінен төмен тұрғандардың бәрін көтере алады, олардың адамдық және азаматтық ожданын оятып, оларға қанау атаулыдан құтылудың жолын көрсете алады. Тек пролетариат қана құдіретті революциялық армияның, өзінің мұраттары жағынан да, өзінің тәртібі жағынан да, өзінің ұйымы жағынан да, өзінің күрестегі ерлігі жағынан да құдіретті армияның негізгі ұйытқысын құра алады, бұл ұйытқыға ешқандай Вандея төтеп бере алмайды.

Ал социал-демократия басқарып отырған пролетариат осы революциялық армияны құруға қазірдің өзінде-ақ барлық жерде кірісті. Қаражүздіктер армиясында болғысы келмейтіндердің барлығы да осы армияның қатарында болуға тиіс. Азамат соғысы бейтарап қалу дегенді білмейді. Кімде-кім одан сырт қалса, ол өзінің осы енжарлығымен масайраған қаражүздіктерді қолдайды. Әскер де қызыл армия және қара армияға бөлінеді. Әскердің бостандық жолындағы күреске қалай тез тартылып отырғанын біз мұнан не бары екі апта бұрын көрсеткенбіз *. Мұны Кронштадт мысалы анық көрсетті. Мейлі, жексұрын Виттенің үкіметі Кронштадттағы көтерілісті [41] жеңе берсін, мейлі, ол тағы да қызыл жалау көтерген жүздеген матростарды қазір ата берсін,— бұл жалау бұдан да жоғары желбірейтін болады, өйткені бұл ту — бүкіл дүние жүзіндегі барлық еңбекшілер мен қаналушылардың туы. Мейлі, «Новое Время» сияқты жарамсақ баспасөз әскердің бейтараптығы туралы айқайлай берсін,— осы сұрқия және екіжүзді өтірік қаражүздіктердің әрбір жаңа ерліксымақтары алдында түтіндей ұшады. Әскер бейтарап бола алмайды, ешқашан да бейтарап болған емес және ешқашан да болмайды. Ол нақ қазір бостандық әскері болып, қаражүздік әске-

* Қараңыз: осы том, 30-бет. *Ред.*

рі болып өте тез жіктелетін болады. Біз бұлай жіктелуді тездетеміз. Біз барлық жасқаншақтар мен ауытқушыларды, халық милициясын дереу құру идеясынан шошитындардың бәрін масқаралаймыз (шетел газеттерінің соңғы хабарларына қарағанда, Москва думасы халық милициясын құру жобасын қабылдамаған). Біз бұқара ішіндегі өз үгітімізді, революциялық отрядтарды құру жөніндегі өзіміздің ұйымдастыру ісімізді он есе ұлғайтамыз. Сол кезде саналы пролетариат армиясы Россия әскерінің қызыл отрядтарымен бірігетін болады,— сонда бүкіл жаңа, бүкіл жас, бүкіл азат Россияға полицпялық қаражүзділіктердің шамасы келер ме екен, оны көрерміз!

«Пролетарий» № 26,
25 (12) ноябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің текстi бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОВЕТІ

(РЕДАКЦИЯҒА ХАТ)[42]

1905 ж. 2—4 (15—17) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1940 ж. 5 ноябрьде «Правда» газетінің 308-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр



В. И. Лениннің «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі» деген қолжазбасының бірінші беті.— Ноябрь, 1905 ж.
Кішірейтілген

Жолдастар! Жұмысшы депутаттары Советінің маңызы мен ролі туралы мәселе қазір Петербург социал-демократиясының және бүкіл астана пролетариатының күн тәртібінде тұр. Мен осы көкейтесті мәселе жөнінде кейбір пікірлерді баяндау үшін қолыма қалам алып отырмын, бірақ мұны істеуден бұрын өте бір маңызды ескерту жасауды сөзсіз қажет деп есептеймін. Мен *сырт адам* есебінде пікір айтамын. Менің әлі де болса, қарғыс атқан алыстан, мезі еткен эмиграпттық «шетелден» жазуыма тура келіп отыр. Ал Петербургте болмай тұрып, жұмысшы депутаттарының Советін бір рет те көрмей тұрып, жолдастармен жұмыс жөнінде пікір алыспай тұрып, мұндай нақты практикалық мәселе жөнінде дұрыс пікір қорытуға ешқандай мүмкіндік жоқ деуге болады. Сондықтан мен жағдайдан беймәлім адамның жазған осы хатын басуды немесе баспауды редакцияның өз жауапкершілігіне қалдырамын. Ал мәселемен тек «қағаз жүзінде» ғана емес, басқаша да танысудың әйтеуір бір сәті түскен кезінде, пікірімді өзгерту өз еркімде болады.

Ал енді іске көшейік. Менің ойымша, Радин жолдастың «Новая Жизньнің» 5-номерінде (өзіміздің РСДРП-ның іс жүзіндегі Орталық Органының мен тек бес номерін ғана көрдім): жұмысшы депутаттарының Советі керек пе әлде партия керек пе? деп сұрақ қоюы дұрыс емес. Менің ойымша, мәселені бұлай қоюға болмайды, жұмысшы депутаттарының Советі *де*, партия *да* болу

керек деген ұйғарым *сөзсіз* болуға тиіс. Мәселе — және өте маңызды — мәселе тек мынада ғана болып отыр: Советтің міндеттері мен Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының міндеттерін қалай бөліп, қалай біріктіру керек.

Менің ойымша, Совет тарапынан қандай болмасын бір партияға тұтасынан қосылу орынсыз болар еді. Бұл пікір, мүмкін, оқушыларды таңдандырар, сондықтан мен (бұл пікірдің сырт адамның пікірі екенін мейлінше батыл түрде тағы бір ескерте отырып) тікелей өз көзқарастарымды түсіндіруге көшемін.

Жұмысшы депутаттарының Советі жаппай стачкадан, стачканың себебінен, стачканың мақсаттары үшін туды. Стачканы жүргізген және жеңімпаздықпен өткізген кім? *Бүкіл* пролетариат, олардың ішінде социал-демократ еместер де бар, бірақ олар бақытқа қарай азшылық. Стачканың көздеген мақсаттары қандай еді? Біртұтас экономикалық және саяси мақсаттар. Экономикалық мақсаттар жалғыз тек жалдама жұмысшыларға ғана қатысты болған жоқ, *бүкіл* пролетариатқа, барлық жұмысшыларға және тіпті ішінара барлық еңбекшілерге де қатысты болды. Саяси мақсаттар барлық халыққа, дұрысы Россияның барлық халықтарына қатысты болды. Саяси мақсаттар Россияның барлық халықтарын самодержавиенің, крепостниктік тәртіптің, правосыздықтың, полициялық жүгенсіздіктің езгісінен құтқаруды көздеді.

Ілгері барайық. Пролетариатқа экономикалық күресті жалғастыра беру керек пе? Сөзсіз жалғастыра беру керек, социал-демократтар арасында бұл жөнінде екі пікір жоқ және болуы да мүмкін емес. Мұндай күресті тек жалғыз социал-демократтар ғана немесе тек жалғыз социал-демократиялық ұранмен ғана жүргізу керек пе? Менің ойымша, олай жүргізуге болмайды; мен «Не істеу керекте?» өзімнің айтқан (рас, мүлде басқа, қазірдің өзінде ескірген жағдайларда айтқан) пікірімде қала беремін,— атап айтқанда, кәсіпшілік одақтарының құрамын, сондықтан, демек, кәсіптік, экономикалық күреске қатысушылардың құрамын да, жалғыз социал-демократиялық партияның мүшелерімен ғана шектеу дұрыс

емес *. Менің ойымша, жұмысшы депутаттарының Советі кәсіптік ұйым ретінде: жұмысшылардың, қызметшілердің, үй қызметшілерінің, батырақтардың, т. т. *бәрінің* депутаттарын, бүкіл еңбекші халықтың тұрмысын жақсарту үшін бірлесіп күрескісі келетіндердің және күресе алатындардың *бәрін,* тек жай саяси жағынан болса да адал адамның *бәрін,* қаражүздіктерден басқаның бәрін өз құрамына қосуға *ұмтылуға* тиіс. Ал біз, социал-демократтар, өз тарапымыздан, біріншіден, өзіміздің барлық партия ұйымдарымыздың толық (мүмкіндігінше) құрамымен барлық кәсіпшілік одақтарына кіруге, ал екіншіден, *бірден-бір* дәйекті, бірден-бір шын пролетарлық дүние танымды — *марксизмді* қажымай-талмай, үнемі уағыздап отыру үшін ортақ күресті көзқарастарының өзгешелігіне қарамастан пролетар-жолдастармен бірге пайдалануға ұмтыламыз. Мұндай уағыз үшін, насихат пен үгіттің мұндай жұмысы үшін біз өзіміздің саналы пролетариаттың мүлде дербес, принципті-ұстамды таптық партиясын, яғни Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын сөзсіз сақтаймыз, оны нығайтып, өркендетеміз. Біздің социал-демократиялық, жоспарлы және ұйымдасқан қызметімізбен біртұтас бірігіп кеткен пролетарлық күрестің әрбір қадамы Россиядағы жұмысшы табы *бұқарасын* социал-демократиямен барған сайын неғұрлым жақындастыра түсетін болады.

Бірақ мәселенің бұл жағы, экономикалық күрес жөніндегі бөлегі, біршама оңай, сондықтан тіпті ерекше алауыздықтар туғыза қояр ма екен. Мәселенің екінші жағы, саяси басшылық туралы, саяси күрес туралы бөлегі — басқаша нәрсе. Оқушыларды бұрынғыдан да гөрі таңдандыруға бел байлай отырып, алайда, мен бірден былай деуге тиістімін: меніңше, бұл жөнінде де жұмысшы депутаттарының Советінен социал-демократиялық программаны қабылдауды және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына кіруді талап ету орынды болмайтын тәрізді. Менің ойымша, саяси күреске басшылық ету үшін қазіргі уақытта Совет *те* (қазір сөз

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 122—140-беттер. *Ред.*

болғалы отырған бағытта *өзгертілген*), партия *да* бірдей сөзсіз қажет.

Мүмкін, мен қателесермін, бірақ меніңше (қолымдағы толық емес және «қағаз жүзіндегі» мәліметтер бойынша ғана), саяси жағынан алғанда жұмысшы депутаттарының Советін *революциялық уақытша үкіметтің* бастамасы деп қарау керек тәрізді. Меніңше, Совет өзін бүкіл Россияның революциялық уақытша үкіметі деп мүмкіндігінше тезірек жариялауы керек немесе (бұл да дәл сол, тек басқа формада) революциялық уақытша үкімет *құруға* тиіс.

Саяси күрес қазір дамудың дәл мынадай сатысына жетіп отыр: революция мен контрреволюцияның күштері шамамен алғанда тең, патша үкіметі революцияны тұншықтыруға *қазірдің өзінде* шамасы келмей отыр, ал қаражүздік үкіметті жермен-жексен етуге әзірше революция *да* дәрменсіз. Патша үкіметі толық іріп-шіріп бітті. Бірақ, тірідей іріп-шіри отырып, ол өзінің өлексесінің уымен Россияны уландыруда. Патша өкіметінің, контрреволюция күштерінің іріп-шіруіне революциялық күштердің *ұйымын* тап қазір, дереу, титтей де кідіртпей қарсы қою сөзсіз қажет. Бұл ұйым, атап айтқанда, соңғы уақытта тамаша тездікпен алға басып келеді. Революциялық армия отрядтарының (қорғаныс жасақтарының, т. т.) құрылуы да, пролетариаттың бұқаралық социал-демократиялық ұйымдарының тез өсуі де, революцияшыл шаруалардың шаруалар комитеттерін құруы да, матростар мен солдаттардың мундирін киген, бостандыққа, социализмге қарай өзіне ауыр да қиын, бірақ сенімді де жарқын жол салып отырған біздің туысқан-пролетарлардың алғашқы еркін жиындары да осыны дәлелдейді.

Қазір, атап айтқанда, барлық нағыз революцияшыл күштердің, қазірдің өзінде революциялық рухта әрекет етіп отырған күштердің бірігуі жетпей отыр. Орамды, тың, халық ішіне терең тамыр жайғандығымен күшті, бұқараның сөзсіз сеніміне ие болған, қайнаған революциялық жігері бар, ұйымдасқан революциялық және социалистік партиялармен тығыз байланысты жалпы россиялық саяси орталық жетпей отыр. Мұндай орта-

лықты саяси стачканы тамаша түрде өткізген, қазір бүкіл халықтық қарулы көтерілісті ұйымдастырып жатқан, Россияға бостандықтың тең жартысын жеңіп алған және толық бостандықты жеңіп алатын революцияшыл пролетариат қана құра алады.

Жұмысшы депутаттарының Советіне неге осындай орталықтың бастамасы болмасқа? — деген сұрақ туады. Советте тек социал-демократтар ғана мәжіліс жасап отырмағандықтан ба? Бұл кемістік емес, қайта жетістік. Біз социал-демократтар мен революцияшыл буржуазиялық демократтардың арасында жауынгерлік бірлестік құрудың қажет екендігі туралы барлық уақытта айтып келдік. Біз бұл туралы айтып едік, ал жұмысшылар мұны істеді. Ал істегендері өте жақсы болды. Мен Советті партиялардың біріне қосуға қарсы болып отырған социалист-революционерлер партиясының қатарындағы *жұмысшы жолдастардың*[43] «Новая Жизньдегі» хатын оқығанымда, отс көп нәрселер жөнінде осы жұмысшы жолдастардікі іс жүзінде дұрыс-ау деп ойламауыма болмады. Әлбетте, біздің көзқарасымыз олардың көзқарасынан өзгеше, әлбетте, социал-демократтар мен социалист-революционерлердің қосылуы туралы сөз де болмау керек, ол туралы сөз болып отырған да жоқ. Социалист-революционерлердің көзқарастарына қосылатын және пролетариат қатарында күресіп отырған жұмысшылар, біздің терең сеніміміздше, дәйекті емес, өйткені нағыз пролетарлық істі істей отырып, олар пролетарлық емес көзқарастарды сақтап отыр. Біз осы дәйексіздікпен мейлінше үзілді-кесілді түрде идеялық күрес жүргізуге міндеттіміз, бірақ кокейтесті, күнделікті, орамды, жұрттың бәрі мойындаған, барлық адал ниетті адамдарды біріктірген революциялық іс зиян тартпайтындай етіп күресуіміз керек. Біз бұрынғыша социалист-революционерлердің көзқарастарын социалистік көзқарастар емес, революциялық-демократиялық көзқарастар деп есептейміз. Бірақ жауынгерлік мақсаттар үшін біз толық партиялық дербестікті сақтай отырып, бірге жүруге міндеттіміз, ал Совет дәл жауынгерлік ұйым, солай болуға тиіс те. Өзіміз нақ демократиялық революция жасап жатқан кезде, шын берілген және

адал революционер-демократтарды қуып шығу ағаттық және есуастық болар еді. Біз олардың дәйексіздігін оп-оңай жеңге келтіреміз, өйткені біздің көзқарастарымызды тарихтың өзі жақтап отыр, әрбір адым сайын өмір шындығы жақтап отыр. Егер оларға социал-демократизмді біздің кітабымыз үйретпесе,— оларға социал-демократизмді біздің революция үйретеді. Әрине, христиан болып қалып отырған, құдайға сенетін жұмысшылар да, мистиканы (тьфу! тьфу!) жақтап отырған интеллигенттер де дәйексіз,— бірақ біз оларды Совет былай тұрсын, тіпті партиядан да қумаймыз, өйткені шын күрес, бір қатарда және бір сапта жұмыс істеу барлық өміршең элементтердің марксизмнің ақиқатына көзін жеткізетініне, өміршең еместердің бәрін лақтырып тастайтынына біз кәміл сенеміз. Ал өз күшімізге, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы арасындағы марксистердің басым күшіне біз бір секунд те күмәнданбаймыз.

Менің көзқарасымша, жұмысшы депутаттарының Советі — саяси-басшы революциялық орталық ретінде онша кең шеңберлі ұйым емес, қайта, тым тар шеңберлі ұйым. Совет өзін революциялық уақытша үкімет деп жариялауға тиіс немесе сондай үкіметті құруы керек, бұл үшін жаңа депутаттарды тек жұмысшылардан ғана емес, қайта, біріншіден, қазірдің өзінде барлық жерде бостандыққа ұмтылып отырған матростар мен солдаттардан, екіншіден, революцияшыл шаруалардан, үшіншіден, революцияшыл буржуазиялық интеллигенциядан тартуға міндетті. Совет революциялық уақытша үкіметтің күшті ұйытқысын сайлап, оны барлық революциялық партиялар мен барлық революцияшыл (бірақ, әрине, либерал емес, тек қана революцияшыл) демократтардың өкілдерімен толықтыруға тиіс. Біз құрамның мұндай кеңдігінен және ала-құлалығынан қорықпаймыз, қайта сондай болғанын тілейміз, өйткені пролетариат пен шаруаларды біріктірмейінше, социал-демократтар мен революцияшыл демократтардың жауынгерлік жақындасуы болмайынша, ұлы орыс революциясының толық табысты болуы мүмкін емес. Бұл таяудағы белгілі бір айқын практикалық міндеттер үшін жасалған уақытша одақ

болады, ал алда социалистік пролетариаттың мұнан да гөрі маңызды, түбегейлі мүдделерін, оның түпкілікті мақсаттарын дербес және принцип жағынан ұстамды Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы үнемі қорғап тұратын болады.

Маған былай деп қарсы болар: құрамы кең және алақұла болып отырғанда практикалық басшылық үшін жеткілікті түрде топтасқан және бірыңғай орталық құруға бола ма? Мен сұрақпен жауап беремін: октябрь революциясы неге үйретеді? [44] Стачкалық комитет *іс жүзінде* жалпы жұрт мойындаған орталық, нағыз үкімет болмады ма? ал бұл комитет «одақтардың», «Одақтар одағының» [45] нағыз революциялық және пролетариатты оның бостандық жолындағы жанқиярлық күресінде шынымен қолдайтын бөлегінің өкілдерін өз қатарына қосып алуға құштар болмас па еді? Тек керегі: революциялық уақытша үкіметте негізгі таза пролетарлық ұйытқы күшті болу керек, мысалға айтқанда, жүздеген жұмысшылар, матростар, солдаттар, шаруалар есесіне интеллигенттік-революциялық одақтардың ондаған депутаттары болу керек. Ал мен пролетарлар іс жүзінде таяуда дұрыс пропорция орната алады деп ойлаймын.

Былай деп қарсы болар: мұндай үкіметтің революция жеңісін толық қамтамасыз ете алатындай программасын, бүкпе, бұлдыр, аңысын аңдау, екіжүзділік атаулының бәріне жат айбынды бірлестікті құруға мүмкіндік беретін барынша кең программаны ұсынуға бола ма? Менің беретін жауабым: мұндай программаны өмір қазірдің өзінде-ақ бүтіндей ұсынып отыр. Мұндай программаны түгелдей барлық таптар мен халық жіктерінің, тіпті православие священниктеріне дейін, барлық сапалы элементтері принцип жағынан қазірдің өзінде мойындады. Бұл программада патшаның сондай екіжүзділікпен уәде еткен саяси бостандығын толық іс жүзіне асыру бірінші орында тұруға тиіс. Сөз, ождан, жиналыс, баспасөз, одақтар, стачкалар бостандығына қысым жасайтын заңдардың бәрін жою, осы бостандықты тежейтін мекемелердің бәрін жою дереу, нақты іс жүзінде қамтамасыз етілуге, іске асырылуға тиіс. Бұл про-

граммада еркін және қарулы халыққа сүйенетін, Россияда жаңа тәртіптер орнату үшін қолында барлық өкімет билігі мен барлық күші бар нағыз бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру қамтылуға тиіс. Бұл программада халықты қаруландыру қамтылуға тиіс. Мұндай қаруланудың қажеттігін жұрттың бәрі мойындаған. Қазірдің өзінде басталған және барлық жерде жүргізіліп жатқан істі ақырына дейін жеткізіп, біріктіру қажет болып отыр. Революциялық уақытша үкіметтің программасында бұдан әрі патшаның зұлымдығынан езгі көрген халықтарға шын және толық бостандықты дереу беру жөнінде айтылуға тиіс. Азат Россия туды. Пролетариат өз орнында бекем отыр. Ол қаһарман Польшаның тағы да жанышталуына жол бермейді. Ол енді шайқасқа бейбіт стачка арқылы ғана емес, Россияның да, Польшаның да бостандығы үшін қолына қару алып айқасады. Бұл программада жұмысшылар қазірдің өзінде-ақ «күшпен алып отырған» 8 сағаттық жұмыс күні, капиталистік қанауды ауыздықтаудың кейінге қалдыруға болмайтын басқа да шаралары баянды етілуге тиіс. Ақырында, бұл программаға барлық жердің шаруалар қолына көшуі, барлық жерді тартып алуы жөнінде шаруалардың барлық революциялық шараларын қолдау (ұсақ жер иеленушіліктің «теңгерме» бос қиялдарын, әрине, қолдамау керек) және қазірдің өзінде-ақ өзінен-өзі қалыптаса бастаған революциялық шаруалар комитеттерін барлық жерде құру ісі міндетті түрде енгізілуге тиіс.

Бұл программаның кейінге қалдыруға болмайтынын және практикалық жағынан көкейтесті екенін қазір қаражүздіктер мен қаражүздік үкіметтен басқа енді кім мойындамас екен? Тіпті буржуазиялық либералдардың өзі сөз жүзінде оны мойындауға әзір ғой! Ал біз революцияшыл халықтың күштері арқылы оны іс жүзіне асыруымыз керек, біз бұл үшін пролетариаттың революциялық уақытша үкіметті жариялауы арқылы әлгі күштерді мүмкіндігінше тезірек біріктіруіміз керек. Әрине, мұндай үкіметтің нақты тірегі тек қарулы көтеріліс қана бола алады. Ал жобаланып отырған үкімет қазірдің өзінде осы өсіп келе жатқан және жетіліп келе

жатқан көтеріліс *органының* нақ өзі болады ғой. Көтеріліс жұрттың бәрі үшін айқын, айталық, жұрттың бәрі сезетін мөлшерге дейін өсіп жетілмей тұрғанда, революциялық үкіметті құруға практика жүзінде кірісуге болмайтын еді. Ал қазір бұл көтерілісті, атап айтқанда, саяси жағынан біріктіру қажет, оны ұйымдастыру, оған айқын программа беру қажет, революциялық армияның қазірдің өзінде толып жатқан және сан жағынан тез өсіп келе жатқан отрядтарының бәрін осы жаңа, шын мәнінде еркін және шын мәнінде халықтық үкіметтің тірегіне айналдыру қажет. Күрес, сөз жоқ, болады, көтеріліс сөзсіз болады, шешуші шайқас қазірдің өзінде өте жақын. Тікелей күреске шақыратын, іріп-шіріп келе жатқан патша өкіметіне пролетариаттың ұйымдасқан өкіметін қарама-қарсы қоятын, алдыңғы қатарлы жұмысшылар құрған революциялық уақытша үкімет атынан бүкіл халыққа арнап манифест жариялайтын уақыт жетті.

Қазірдің өзінде біз революцияшыл халықтың қалың ортасынан осы ұлы істі орындай алатын адамдардың, революцияға қалтқысыз берілген адамдардың, ең бастысы қайнаған, шексіз жігері бар адамдардың табылатынын айқын көріп отырмыз. Қазірдің өзінде біз бұл істі қолдайтын революциялық армияның элементтері бар екенін, жаңа үкімет күні біткен крепостниктік, полициялық Россияға қарсы үзілді-кесілді соғыс жариялаған кезде, халықтың барлық таптары ішіндегі бүкіл адал, бүкіл еті тірі, бүкіл саналы адамдардың патша өкіметінен біржолата қол үзетінін айқын көріп отырмыз.

Азаматтар! — деу керек еді осы соғысты жариялағанда, революциялық үкіметтің осы манифесінде,— азаматтар, таңдаңыздар! Онда — бүкіл ескі Россия, қанаудың, езгінің, адамды қорлаудың барлық жексұрын күштері бар. Мұнда — барлық мемлекеттік істерде тең праволы, еркін азаматтардың одағы бар. Онда — қанаушылардың, байлардың, полицейлердің одағы бар. Мұнда барлық еңбекшілердің, халықтың барлық нақты күштерінің, барлық адал интеллигенцияның одағы бар. Онда — қаражүздіктер, мұнда — бостандық үшін, білім

үшін, социализм үшін күресіп жатқан ұйымдасқан жұмысшылар бар.

Азаматтар, таңдаңыздар! Бүкіл халық болып әлдеқашан ұсынған біздің программа, міне, осы. Қаражүздіктердің үкіметіне қарсы біздің соғыс жариялағандағы көздейтін мақсатымыз, міне, осы. Біз өзіміз ойлап шығарған қандай да жаңалықтарды халыққа күштеп таңып отырғанымыз жоқ, біз тек жалпының және бірауыздан мойындауы бойынша бұдан әрі Россияда онсыз өмір сүруге болмайтын нәрсені іс жүзіне асырудың бастамасын мойнымызға алып отырмыз. Біз революцияшыл халықтан оқшауланбаймыз, біз өзіміздің әрбір адымымызды, әрбір шешімімізді оның төрелігіне беріп отырамыз, біз еңбекші бұқараның өзінен шығатын еркін бастамаға тұтас, түгелдей сүйенеміз. Біз революциялық партия атаулының бәрін біріктіреміз, біз бостандық үшін, халықтың жай қарапайым праволары мен мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін біздің программамыз үшін күресуге әзір халықтың кез келген тобының депутаттарын өз қатарымызға шақырамыз. Помещиктер мен чиновниктердің езгісіне қарсы бірігіп, ақырына дейін күресу үшін, жер мен ерік жолында күресу үшін біз әсіресе солдат мундирін киген жұмысшы-жолдастарға және өзіміздің шаруа бауырларымызға қолымызды созамыз.

Азаматтар! Шешуші күреске әзірленіңіздер. Біз қаражүздік үкіметтің Россияны қорлауына жол бермейміз. Халықты қырып-жою үшін, талан-таражға салып, жүгенсіздік істеу үшін қаражүздік полицияның басым көпшілігі өктемдігін сақтап қалып отырғанда, біз бірнеше чиновниктерді өзгерту арқылы, бірнеше полицейді отставкаға шығару арқылы өзімізді алдауға жол бермейміз. Либерал буржуалар осы қаражүздік үкімет алдында жалынып-жалпайып, өздерін қорлай берсін. Баяғы бір патша чиновниктері баяғы бір патша соты арқылы өздеріне сес көрсеткенде, қаражүздіктер күліп қана қояды. Біз қараңғы халықты мас қылып, өзіне бағындырып отырған қаражүздіктің батырларын тұтқындауға өз армиямыздың отрядтарына бұйрық береміз, біз Кронштадттағы полицмейстер сияқты жауыздардың бә-

рін ашық, бүкіл халықтық, революциялық сотқа тартамыз.

Азаматтар! қаражүзділіктен басқалардың бәрі патша үкіметінен қол үзді. Революциялық үкіметтің төңірегіне бірігіңіздер, барлық алымдар мен салықтарды төлеуді тоқтатыңыздар, барлық күшті еркін халық жасағын ұйымдастыруға және қаруландыруға жұмсаңыздар. Революцияшыл халық қаражүздік үкіметтің күштерін қандай дәрежеде жеңіп шықса, Россияға шын бостандық тек сондай дәрежеде ғана қамтамасыз етіледі. Азамат соғысында бейтарап адамдар болмайды және бола да алмайды. Ақтар партиясы — қорқақ екіжүзді ғана. Кімде-кім күрестен сырт қалса, ол қаражүзділіктердің билеп-төстеуін қолдайды. Кімде-кім революцияны жақтамаса, ол революцияға қарсы. Кімде-кім революционер емес екен, ол қаражүздік.

Біз халық көтерілісінің күштерін біріктіруді және әзірлеуді мойнымызға аламыз. Ұлы 9 январь күнінің бір жылдығына қарай патша өкіметі мекемелерінің ізі де қалмасын. Халықаралық пролетариаттың көктемгі мейрамы бүкіл халықтық құрылтай жиналысын еркін шақырған азат Россияны көретін болсын!

Жұмысшы депутаттары Советінің революциялық уақытша үкіметке ұласа дамуы менің көз алдыма, міне, осылай елестейді. Мен біздің партияның барлық ұйымдарына, барлық саналы жұмысшыларға, Советтің өзіне де, Москвада болғалы отырған жұмысшы съезіне де, Шаруалар одағының [46] съезіне де бірінші етіп, міне, осындай міндеттер қойған болар едім.

Н. Ленин

ТҮЙІН ШЕШІЛУГЕ ЖАҚЫН

Бұдан екі апта бұрын, бүкіл россиялық саяси стачка туралы алғашқы хабарды ести сала, үкіметтің соғыс құралдарын бірден іске қосуға бата алмай отырғандығы байқала бастаған кезде, біз күштер теңелді деп жазған болатынбыз *.

Бұдан бір апта бұрын, 17 октябрьдегі манифест патша өкіметінің батылсыздығын және оның кейін шегінгенін бүкіл халыққа және бүкіл дүние жүзіне жария ете отырып, саяси жаңалықтардың «соңғы жаңалығы» болған кезде, біз күштер теңелді деп тағы да қайталап айтқанбыз **.

Бірақ күштердің теңелуі күресті тіпті де керексіз етіп тастамайды, қайта ол күресті ерекше шиеленістіре түседі. Біздің жоғарыда айтқанымыздай, үкіметтің кейін шегінуі оның шайқасу үшін өзінің көзқарасы бойынша жаңа, неғұрлым қолайлы позицияны таңдауы ғана болып табылады. 17 октябрьдегі манифест деп аталатын қағаз бетінде көз тартып тұрған «бостандықтар» туралы жариялау тек революцияға қарсы күрес жүргізу үшін моральдық жағдай даярлауға әрекет жасау ғана болып табылады,— ал нақ осы кезде Трепов бүкіл Россия қаражүздіктерін басқарып, әлгі күреске керекті материалдық жағдайлар даярлап жатыр.

Түйіннің шешілетін кезі жақын. Жаңа саяси жағдай керемет тез, тек революция заманына ғана тән тездік-

---

* Қараңыз: осы том, 4-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 29-бет. *Ред.*

LE PROLÉTAIRE

Prix: 20 cts.

ЖЕНЕВА. 16 (3) ноября 1905 г.

№ 25.

Пролетарій

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Центральный Органъ Россійской Соціальдемократической Рабочей Партіи.

Приближеніе развязки.

Парламентъ и его значеніе.

В. И. Лениннің «Түйін шешілуге жақын» деген бас мақаласы жарияланған 1905 жылы 16 (3) ноябрьдегі большевиктік «Пролетарий» газетінің 25-номерінің бірінші беті

Кішірейтілген

пен анықталып келеді. Үкімет сөз жүзінде жеңілдік беріп, іс жүзінде дереу шабуыл жасауға даярлана бастады. Конституция береміз деген уәделердің артынша нағыз айуандық, нағыз жүгенсіз зорлық-зомбылықтар істеле бастады, мұның өзі халыққа самодержавиенің нақты өкіметінің бүкіл нақты маңызын неғұрлым айқынырақ көрсету үшін әдейі істелгендей болды. Өтірік уәделер, бос сөздер, құр қағаздар мен өмір шындығының арасындағы қайшылық өте қатты сезіле бастады. Патша өкіметінің іс жүзіндегі өкімет билігі құлатылғанға дейін, міне, соған дейін оның жеңілдіктерінің бәрі де, тіпті «құрылтай» жиналысы да,—тек қана елес, сағым, көз бояу болып қала береді деп оқушыларымызға біз көптен бері айтып келген және әрқашан да айта беретін ақиқатты оқиғалар тамаша дәлелдеп берді.

Петербургтің революцияшыл жұмысшылары мұны күнделікті бюллетеньдерінің[47] бірінде өте тамаша ашып көрсетті, ол бюллетеньдер бізге әлі келіп жеткен жоқ, бірақ ол бюллетеньдер жөнінде пролетариаттың құдіретінің күштілігіне аң-таң болып, зәресі ұшқан шетел газеттері өте жиі хабарлай бастады. «Бізге жиналыстар бостандығы берілді,— деп жазды стачкалық комитет (біз мұны ағылшын тілінен орыс тіліне қайта аударып отырмыз, сондықтан, әрине, кейбір жерлері дәл болмауы сөзсіз),— бірақ біздің жиналыстарымызды әскер қоршап алды. Бізге баспасөз бостандығы берілді, бірақ цензура әлі де өмір сүріп отыр. Ғылым бостандығын беруге уәде берілді, бірақ университетті солдаттар басып алды. Адамның жеке басының дербес праволылығы жарияланды, бірақ түрмелер қамауға алынғандарға лық толы. Витте берілді, бірақ Трепов әлі өмір сүріп отыр. Конституция берілді, бірақ самодержавие әлі өмір сүріп отыр. Бізге бәрі де берілді, бірақ бізде түк жоқ».

«Манифесті» Трепов тоқтатып тастады. Конституцияны Трепов шығармай қойды. Бостандықтарды да нақ сол Трепов шын мағынасында түсіндірді. Кешірімді де Трепов іске алғысыз етіп тастады.

Бұл Трепов деген сонша кім? Көзін жою өте маңызды болып отырған ерекше бір адам ба? Тіпті де олай емес. Ол — әскер мен полицияны билеп, самодержавиенің күнделікті қарапайым жұмысын атқарып отырған кәдімгі полицей.

Осы қатардағы полицейдің және оның күнделікті дағдылы «жұмысының» кенеттен осындай аса зор маңыз алып отырған себебі не? Неге десеңіз, революция ілгері қарай адам айтқысыз зор қадам басып, түйіннің шын шешілуін жақындатып отыр. Пролетариат басшылық етіп отырған халық күн сайын емес, сағат сайын,— немесе, егер білгіңіз келсе, жыл сайын емес, апта сайын саяси жағынан есейіп келеді. Егер саяси жағынан әлі ұйқыда жатқан халық үшін Трепов ең қарапайым полицей болса, енді өзін саяси күш деп танып отырған халық үшін Трепов патша өкіметінің бүкіл тағылығын, бүкіл қылмысын және бүкіл мағынасыздығын бойына жинап, тозуге болмайтын адамға айналып отыр.

Революция үйретеді. Ол халықтың барлық таптарына және Россияның барлық халқына *конституцияның мәні жөніндегі* тақырыпта тамаша нақты сабақ береді. Революция саясаттың шешілуге тиісті кезектегі міндеттерін барынша көрнекі, айқын талассыз түрінде алға қою арқылы үйретеді, халық бұқарасын бұл міндеттерді сезінуге мәжбүр ете отырып, бұл міндеттерді шешпейінше халықтың өмір сүруінің өзі мүмкін емес екенін көрсете отырып, барлық бүркеулер, сылтаулар, құрғақ уәделер, мойындаулар атаулының бәрінің де жарамсыз екенін іс жүзінде әшкерелей отырып үйретеді. «Бізге бәрі де берілді, бірақ бізде түк жоқ». Өйткені бізге тек қана құрғақ уәделер «берілді», өйткені бізде нағыз өкімет билігі жоқ. Біз бостандыққа барынша жақындадық, біз жұрттың бәрін де, тіпті патшаның өзін де, бостандықтың қажет екенін мойындауға мәжбүр еттік. Бірақ бізге бостандықты мойындау ғана керек емес, бізге шын бостандық керек. Бізге халық өкілдеріне заң шығару правосын беруге уәде ететін қағаз керек емес. Бізге нағыз халық самодержавиесі керек. Біз халық самодержавиесіне неғұрлым жақындаған сайын,

оның жоқтығы соғұрлым қатты сезіліп отыр. Патша манифестері неғұрлым алдамшы болған сайын, патша өкіметі де адам төзгісіз болып отыр.

Күрес түйінінің шешілуіне, нақты өкімет билігінің патша үкіметінің қолында қалу-қалмауы туралы мәселенің шешілуіне жақындап келеді. Революцияны мойындауға келетін болсақ, оны қазір жұрттың бәрі мойындап отыр. Революцияны Струве мырза мен освобождениешілдер әлдеқашан-ақ мойындады, қазір Витте мырза да, Николай Романов та мойындап отыр. Мен сіздерге тілегендеріңнің бәрін орындауға уәде беремін, дейді патша, тек қана өкімет билігін менің қолымда қалдырыңдар, берген уәделерімді өзім орындауға мұрсат беріңдер. Патша манифесі де осыған сайып отыр, сондықтан бұл манифестің үзілді-кесілді күреске итермелемей қоймағаны түсінікті де. Өкімет билігінен басқаның бәрін берейін,— дейді патша өкіметі. Өкімет билігінен басқаның бәрі құр елес,— деп жауап береді революцияшыл халық.

Россиядағы істердің келіп тірелген, сырт қарағанда бейне бір мағынасыздық тәрізді көрінетін істердің шын мәні — патша өкіметінің буржуазиямен келісім жасасу арқылы революцияны алдап, орағытып өтуге тырысуында болып отыр. Дәулетті таптар, сайып келгенде, топтобымен «тәртіп» жағына бұрыла бастамас па екен деп үміттеніп, патша буржуазияға барған сайын толып жатқан уәделер беруде. Бірақ әзірге бұл «тәртіп» Треповтың және оның қаражүздіктерінің жүгенсіздігімен көрініп отыр,— патшаның бұл үндеуі жапан даладағы жаңғырық сияқты елеусіз қалуы мүмкін. Патшаға Витте де, Трепов та бірдей керек: Витте біреулерді алдап, арбау үшін, Трепов екінші біреулерді тежеп ұстау үшін керек; Витте — уәделер беру үшін, Трепов іс істеу үшін керек; Витте буржуазия үшін, Трепов пролетариат үшін керек. Сөйтіп біздің көз алдымызда, Москва стачкаларының басталар алдында өзіміз көрген жағдай, тек дамудың барынша анағұрлым жоғары сатысында болғанымен, қайта өрістеп отыр: либералдар келіс сөздер жүргізуде, жұмысшылар күресуде.

Трепов өзінің ролі мен өзінің шын маңызын тамаша жақсы ұққан. Бәлкім, ол,— дипломатияшыл Виттенің ойынша,— тым асығыстық істеген болар, бірақ ол революцияның сондайлық тез адыммен алға басқанын көріп, кешігіп қалам ба деп қорықты ғой. Трепов тіпті асығуға мәжбүр болды, өйткені ол өзінің қарамағындағы күштердің кеміп бара жатқанын сезді.

Самодержавиенің конституциялық манифесімен қатар самодержавиенің конституцияны болдырмау әрекеті басталды. Қаражүздіктер Россияда бұрын болып көрмеген қарқынмен іске кірісті. Қырғындар туралы, ойрандар туралы, құлақ естімеген айуандықтар туралы хабарлар Россияның барлық түкпірлерінен ағылып келіп жатыр. Ақ террор етек алып отыр. Мүмкін болған жердің бәрінде де, полиция талан-тараж бен зорлық-зомбылық жасау үшін капиталистік қоғамның азғындарын ұйымдастырып, айдап салады, қала халқының азғын сілімтіктерін мас қылып, еврейлер ойранын жасайды, «студенттер» мен бүлікшілерді ұрып-соғуға арандатады, земствошыларды «үйретуге» жәрдемдеседі. Контрреволюция жан ұшырып қимылдауда. Трепов «өзін ақтап отыр». Жұртқа митральезалардан оқ жаудырады (Одесса), жұрттың көздерін шығарады (Киев), үйдің бесінші қабатынан адамды көшеге лақтырады, талай үйлерді күштеп басып алып, тежеусіз талан-таражға салады, өрт қойып, оны сөндіруге рұқсат етпейді, қаражүздіктерге қарсылық көрсетуге батылы барған адамдарды атып тастайды. Польшадан Сибирьге дейін, Фин шығанағының жағалауынан Қара теңізге дейін,— барлық жерде де осылай болып отыр.

Бірақ қаражүздіктің осы жүгенсіздігімен қатар, самодержавиелік өкіметтің осы жын ойнағымен қатар, жауыз патша өкіметінің ақтық жанталасуымен қатар пролетариаттың көрінеу жаңа тегеуріні бірінен соң бірі жетіле береді, бұл тегеурін, әрқашандағыдай, қозғалыстың әрбір өрлеуінен кейін сырт қарағанда ғана бәсеңдеген болып көрінгенмен, іс жүзінде күш жинап, шешуші соққы беруге дайындық жасайды. Полицияның жүгенсіздіктері енді Россияда қазірдің өзінде бұрынғыдан мүлде басқа сипат алып отыр,— мұның себептерін біз

жоғарыда айтып өттік. Казактардың өш алуға, Треповтың «кек» алуға құшырлана кірісуімен қатар патша өкіметінің іріп-шіруі барған сайын күшейіп келеді. Мұны провинциядан да, Финляндиядан да, Питерден де көруге болады, бұл халқы өте-мөте артта қалған және саяси дамуы мүлде мардымсыз жерлерде де сезіле бастады, бөтен нәсілді халықтар тұратын шет аймақтарда да, революцияның орасан ұлы драмасы басталғалы тұрған астанада да белгі бере бастады.

Шынында да, біздің алдымызда жатқан Вена буржуазиялық-либералдық газетінен [48] біз алып отырған мына екі телеграмманы салыстырып көріңдерші: *«Тверь.* Қара халық губернатор Слепцовтың көзінше земство мекемелерінің үйіне шабуыл жасады. Сонан соң қара халық қоршап алған үй өртеп жіберілді. Өрт сөндірушілер өртті сөндіруден бас тартты. Әскерлер сол жерде тұрса да, күйретушілерге қарсы ешбір әрекет жасамады» (бұл хабардың толығымен дұрыс екеніне біз, әрине, кепілдік бере алмаймыз, бірақ осы сияқты оқиғалар және бұдан жүз есе сұмдық оқиғалар барлық жерлерде де болып жатқандығы күмәнсыз факт). *«Қазан.* Халық полицияны қарусыздандырды. Олардан тартып алынған қару-жарақ халыққа үлестіріліп берілді. Халық милициясы ұйымдастырылды. Толық тәртіп орнады».

Осы екі жағдайдың бірімен-бірін салыстырып көру үлкен өнеге аларлық емес пе? Өш алу, жүгенсіздік, ойран. Патша өкіметін құлату және жеңімпаз көтеріліс ұйымдастыру.

Финляндия нақ осы оқиғаларды бізге неғұрлым кең көлемде көрсетіп отыр. Патша наместнигі қуылды. Малай-сенаторларды халық орнынан алып тастады. Орыс жандармдары қуылып жатыр. Олар темір жол қатынасын бүлдіріп, өш алуға тырысуда (жаңаша 4 ноябрьде Гапарандадан келген телеграмма). Мұнан соң жүгенсіздік жасаушы жандармдарды қамауға алу үшін халық милициясының қарулы отрядтары жіберілді. Торнеодағы азаматтардың жиналысында қару-жарақтар мен еркін әдебиетті әкелу ісі ұйымдастырылсын деп шешілген. Қала мен селоларда азаматтар мыңдап, он мыңдап Финляндия милициясына жазылып жатыр. Мықты қамал-

дағы (Свеаборг) орыс гарнизоны көтеріліс жасаған халыққа тілектестік білдіріп, қамалды халық милициясына берді деп хабарлайды. Финляндия шат-шадыман. Патша жеңілдік жасауға барады, сеймді шақыруға дайын, 1899 жылғы 15 февральдағы заңсыз манифесті [49] жояды, халық қуып жіберген сенаторлардың «отставкасын» қабылдайды. Ал сонымен қатар «Новое Время» Финляндияның барлық гаваньдарын қамап алып, көтерілісті қарулы күшпен басуға кеңес беріп отыр. Шетел газеттерінің телеграммаларына қарағанда, орыстың толып жатқан әскерлері Гельсингфорсқа орналасқан көрінеді (көтерілісті басу үшін бұл әскерлердің қаншалықты дәрежеде жарамды екені белгісіз). Орыстың соғыс кемелері Гельсингфорстың ішкі гаванына кіріптіміс деседі.

Петербург. Революцияшыл халықтың (патшадан тартып алынған жеңілдіктер жөнінде) шаттанғаны үшін Трепов кек алуда. Казактар жүгенсіздіктер жасауда. Қырғын күшеюде. Полиция қаражүздіктерді ашықтан-ашық ұйымдастырып жатыр. Жұмысшылар 5 ноябрьдегі (23 октябрьдегі) жексенбіде орасан зор демонстрация жасамақшы болған. Олар өздерінің бостандық жолындағы күресте қаза тапқан батыр-жолдастарын бүкіл халық болып еске түсірмекші болған. Үкімет, өз тарапынан, бұған қарсы орасан зор қан төгіс даярлады. Үкімет Москвада аз мөлшерде болған оқиғаларды (жұмысшылардың көсемі Бауманды жерлеудегі қырғын) Питер үшін сақтады. Трепов өз әскерінің бөлімдерін Финляндияға жіберіп, болшектемей тұрған сәтті,— жұмысшылардың күресу үшін емес, манифестация жасау үшін жиналған сәтін пайдаланғысы келді.

Петербург жұмысшылары дұшпанның арам ойын аңғарып қойды. Демонстрация кейінге қалдырылды. Жұмысшы комитеті ақырғы шайқасты, Треповтың ол үшін таңдап алған кезінде емес, басқа кезде ұйымдастыруға ұйғарды. Жұмысшы комитетінің жасаған есебі дұрыс, өйткені бірнеше себептер бойынша (оның ішінде Финляндиядағы көтеріліс те бар) күрестің кейінге қалдырылуы Трепов үшін тиімсіз, біз үшін тиімді болды. Ал әзірше қару дайындау ісі күшті қарқынмен жүргізілін

жатыр. Әскерлер арасындағы насихат жұмысы тамаша нәтижелер беріп отыр. 14 және 18-флот экипаждарының 150 матросының қамауға алынғандығы туралы, революционерлерге тілектес болғандықтары үшін офицерлердің үстінен соңғы бір жарым аптаның ішінде 92 арыз берілгендігі туралы хабарланып отыр. Әскерді халықтың жағына шығуға шақырған прокламациялар тіпті Питерді «күзетіп жүрген» патрульдерге де таратылуда. Треповтың рұқсат еткен шеңберінде ғана уәде берілген баспасөз бостандығын революцияшыл пролетариат өзінің құдіретті қолымен әлденеше есе кеңейтіп отыр. Шетел газеттерінің хабарына қарағанда, 22 октябрьдегі (4 ноябрьдегі) сенбіде Питер газеттерінің ішінен жұмысшылардың цензураны елемеу керек деген талабымен келіскен газеттер ғана шыққан көрінеді. Питердегі «адал» (жарамсақтанушы) болып қалғысы келген екі неміс газеті шықпай қалған. «Жария» газеттер — жариялылықтың шегін Трепов белгілемей, Петербург стачкашыларының одағы белгілей бастаған уақыттан бері қарай — бұрын-соңғы айтылмаған батыл сөздер айта бастады. 23 октябрьде (5 ноябрьде) «Neue Freie Presse»-ге жіберілген телеграммада былай дейді: «Стачка тек уақытша ғана тоқтатылды, ескі тәртіпке соңғы соққы беретін мезгіл жеткен кезде стачка қайтадан басталады деседі. Берілген жеңілдіктер пролетариатқа енді мүлдем ешқандай әсер етпей отыр. Жағдай өте қауіпті. Революциялық идеялар барған сайын қалың бұқараны қамтуда. Жұмысшы табы өзін жағдайдың қожасы деп сезеді. Болғалы тұрған апаттан қорыққан адамдар бұл жерден (Петербургтен) қазірдің өзінде-ақ кете бастады».

Істің түйіні шешілуге жақындап келеді. Халық көтерілісінің жеңісі қазірдің өзінде алыс емес. Революциялық социал-демократияның ұрандары күтпеген жылдамдықпен жүзеге асырылуда. Трепов революциялық Финляндия мен революциялық Петербургтің арасында, революциялық шет аймақтар мен революциялық провинцияның арасында әлі де аласұра тұрсын. Ол соғыс қимылдарын еркін жүргізу үшін сенімді бірде-бір жерді тауып көрсін. Патша манифесі кеңірек тарай берсін,

революциялық орталықтардағы оқиғалар туралы хабарлар көбірек тарай берсіп,—мұның өзі бізді жақтаушыларды көбейте түседі, мұның өзі патшаны жақтаушылардың сиреп бара жатқап қатарында жаңадан ауытқу туғызып, іріткі салады.

Бүкіл россиялық саяси стачка көтерілісті алға жылжыта отырып, патша өкіметіне ауыр жара салып, жексұрын Мемлекеттік думаның жексұрын комедиясын іске асырмай тастап, өз ісін тамаша орындап шықты. Басты репетиция аяқталды. Біз, сірә, енді драманың нақ қарсаңында тұрсақ керек. Витте сөйлей-сөйлей арамтер болуда. Трепов қан селіне тұншығуда. Патшаның әлі де болса бере алатын уәдесі қазірдің өзінде мүлдем аз қалды. Треповтың ақтық шайқасқа әлі де болса сала алатып қаражүздік әскері мүлде аз қалып отыр. Ал революциялық әскердің қатары барған сайын өсіп, күштері жеке шайқастарда шынығып келеді, қызыл ту жаңа Россияның көгіне барған сайын көтеріліп желбірей түсуде.

«Пролетарий» № 25,
16 (3) ноябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

В. КАЛИНИННІҢ «ШАРУАЛАР СЪЕЗІ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ҚОСЫМШАЛАР [50]

1

Демек, біз саналы социалистердің шаруа атаулының, тіпті ауқатты шаруалардың да чиновниктер мен помещиктерге қарсы революциялық күресін сөзсіз қолдауға тиіс екенін көріп отырмыз, бірақ саналы социалистер шаруалардың көксеген «қаралай болісінің» [51] социализмнен тым алыс жатқанын тура және айқын көрсетуге тиіс. Социализм ақша өктемдігін, капитал өктемдігін жоюды, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің бәрін жоюды, товар шаруашылығын жоюды талап етеді. Социализм жердің де, фабриканың да жалпы жоспар бойынша ірі (бытыраңқы ұсақ емес) өндірісті ұйымдастыратын барлық еңбекшілердің қолына көшуін талап етеді.

Шаруалардың жер мен ерік жолындағы күресі социализмге басқан үлкен қадам болып табылады, бірақ бұл тіпті де социализмнің нақ өзі емес.

2

...Съезд қабылдаған тактикалық қарар өзінің мардымсыздығымен тура таңдандырады. Біз шаруаларға тілектестердің (либералдардың) баз біреуі осында тағы да бірдеңені «түсіндіріау» деп ойлауға бейімбіз.

Қарар мынау: .

«Шаруалар одағының қызметі жергілікті жағдайларға қарай ашық та, жасырын да (астыртын) болуы мүмкін. Одақтың барлық мүшелері мүмкін болған әдістің бәрін қолданып, земство бастықтарының, полицияның және басқа да бастықтардың қарсы әрекеттерінен қысылмай, өз көзқарастарын таратып, өз та-

лаптарын жүзеге асыруға тиіс. Оның ішінде селолық, болыстық жиындарда және жеке жиналыстарда мемлекеттік жабдықтау ісін жетілдіру және халықтың әл-ауқатын жақсарту туралы өздерінің қоғамдық шешімдер жасау правосын пайдалануға барынша қатты кеңес беріледі».

Мұндай қарар өте қанағаттанғысыз. Онда революциялық тұрғыдан көтеріліске шақырудың орнына жалпылама сипатты либералдық кеңес қапа беріледі. Қарар революциялық партия ұйымдастырудың орнына либералдық партияға жанама бірдеңе ғана ұйымдастырмақшы. Қозғалыстың өз барысы либерал помещиктер мен революцияшыл шаруаларды жікке бөлмей коймайды, бұл сөзсіз, сондықтан біз, социал-демократтар, ондай жікке бөлінуді тездетуге тырысамыз.

«Пролетарий» № 25,
16 (3) ноябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ [52]

I

Біздің партияның қызмет жағдайы түбегейлі түрде өзгеріп отыр. Жиналыстар, одақтар, баспасөз бостандығы қолға алынды. Әрине, бұл праволар мүлде берік емес, сондықтан қазіргі бостандықтарға үміт арту, қылмыс болмаған күнде де, есуастық болар еді. Шешуші күрес әлі алда, сондықтан осы күреске әзірлену ісі бірінші қатарда тұруға тиіс. Партияның астыртын аппараты сақталуға тиіс. Бірақ сонымен қатар қазіргі, біршама кең еркіндікті мейлінше кең түрде сөзсіз пайдалану қажет. Астыртын аппаратпен қатар көптеген жаңа, жария және жартылай жария партия (және партияға қосылатын) ұйымдарын құрған үстіне құра беру керек. Осы соңғы жұмыс болмайынша, өз қызметімізді жаңа жағдайларға бейімдеу, жаңа міндеттерді шеше алатындай дәрежеде болу мүмкін емес...

Ұйымды жаңа негізге қою үшін партияның жаңа съезі қажет. Съезд устав бойынша жылына бір рет белгіленген, 1906 жылдың майына белгіленген, бірақ қазір съезді жеделдету қажет. Егер біз кезеңді пайдаланбасақ, біз оны өткізіп аламыз — мына мағынада өткізіп аламыз: жұмысшылардың өте-мөте ұйымды қажетсінуі жексұрын, қауіпті формаларға келіп қосылып, қайдағы бір «тәуелсізшілдерді» [53], т. т. күшейтеді. Жаңаша ұйымдасуға асығу керек, жаңа амал-әдістерді жалпы талқыға салу керек, «жаңа бағытты» батыл және үзілді-кесілді түрде белгілеу керек.

Осы номерде басылып отырған, біздің партияның Орталық Комитеті қол қойған партияға үндеуі [54], менің кәміл сенімім бойынша, осы жаңа бағытты әбден дұрыс белгілеп отыр. Біздер, революциялық социал-демократияның өкілдері, «көпшілікті» жақтаушылар: партияны ақырына дейін демократияландыру астыртын жұмыс жағдайларында мүмкін болмады, бұл жағдайларда «сайлау негізі» бос сөз деп талай рет айтқанбыз. Ал өмір біздің сөзімізді растады. Азшылықтың бұрынғы жақтастары әдебиетте (Аксельрод алғы сөз жазған Рабочийдің кітапшасын және «Көптеген жұмысшылардың бірі — жұмысшының» хатын қараңыз, «Искрада» және «Жұмысшылар партиядағы жікке бөліну туралы» деген кітапшада) іс жүзінде ешқандай елеулі демократияландыруды, ешқандай шын сайлауды жүргізуге мүмкіндік болмады деп талай рет көрсеткен болатын. Бірақ жаңа жағдайларда, саяси бостандыққа көшу кезінде, сайлау негізіне көшудің қажеттігін біз, большевиктер, әрқашан мойындап келдік: бұған әлі де дәлел керек болса, мұны РСДРП III съезінің [55] протоколдары мейлінше көз жеткізе дәлелдеп береді.

Сонымен, міндет айқын: әзірге астыртын аппаратты сақтау, жаңа, жария аппаратты дамыту болып отыр. Бұл міндетті (мұны нақты орындау, әрине, практикалық шеберлікті және орын мен уақыттың барлық жағдайларын білуді талап етеді) съезге қолдансақ, былай болып шығады: IV съезді устав негізінде шақыруды, сонымен қатар сайлау негізін қолдануды тап қазір, дереу бастау керек. Орталық Комитет бұл міндетті шешті: формальды жағынан толық праволы ұйымдардың өкілдері ретінде, нақты партиялық сабақтастықтың өкілдері ретінде комитеттегілер правосы жағынан съезге шешуші дауыспен барады. Партия мүшелерінің *бәрінен*, демек, партияға енетін жұмысшы бұқарасынан да сайланған делегаттарды Орталық Комитет өз правосы негізінде кеңесші дауыспен *шақырды*. Орталық Комитет бұдан әрі: осы кеңесші дауысты шешуші дауысқа айналдыруды съезге өзінің дереу ұсынатынын мәлімдеді. Комитеттердің толық праволы делегаттары бұған келісер ме екен?

Орталық Комитет, оның пікірінше, сөзсіз келіседі деп мәлімдейді. Менің жеке басым бұған кәміл сенемін. Мұндай нәрсеге келіспеске болмайды. Социал-демократиялық пролетариат басшыларының көпшілігі бұған келіспейді деп ойлауға болмайды. Партия қызметкерлерінің «Новая Жизнь» газетінің өте мұқият тіркеп отырған пікірлері біздің көзқарасымыздың дұрыстығын өте тез дәлелдейтініне біз сенеміз: егер мұндай адым үшін (кеңесші дауысты шешуші дауысқа айналдыру үшін) күресу керек болған күннің өзінде де, істің нәтижелі болатыны күмәнсыз.

Осы мәселеге екінші жағынан, формальды көзқарас тұрғысынан емес, шын мәні жағынан қараңызшы. Біздің ұсынып отырған жоспарымызды жүзеге асырудан социал-демократияға қауіп төніп отыр ма?

Партияға бірден толып жатқан социал-демократ еместер кіреді деп қауіптенуге болар еді. Онда партия көпшілік ішіне сіңіп кетеді, партия таптың алдыңғы қатарлы саналы отряды болудан қалады, партия артта жүрушілердің роліне дейін төмендейді. Мұның өзі сөзсіз қайғылы кезең болар еді. *Егер* бізде демагогияға әуестенушілік бар болса, егер партиялықтың негіздері (программа, тактикалық қағидалар, ұйымдастыру тәжірибесі) мүлде жоқ болса немесе нашар, солқылдақ болса, онда қауіп, күмәнсыз, *өте елеулі* маңыз алған *болар еді*. Бірақ әңгіменің өзі мынада: дәл сол «егер» болмай отыр. Біздің арамызда, большевиктердің арасында, демагогияға әуестенушіліктің болмағаны былай тұрсын, қайта мұның керісінше, біз демагогияның зәредей әрекеттерімен барлық уақытта да батыл, ашық және тікелей күресіп отырдық, партияға кірушілердің саналы болуын талап етіп отырдық, партиялық даму ісінде сабақтастықтың зор маңызына қатты көңіл қойдық, партияның *барлық* мүшелерінің тәртібі мен партия ұйымдарының бірінде тәрбиеленуін насихаттап келдік. Социал-демократтардың бәрі ресми түрде мойындаған және өзінің негізгі қағидалары жағынан шын мәнісінде ешқандай сын туғызбаған (жеке пункттер мен тұжырымдарды сынау іскер партияның қандайында болсын толығынан заңды және қажетті нәрсе) программамыз бар

және мықты орын теуіп отыр. Біздің II съезде де, III съезде де социал-демократиялық баспасөздің көп жылғы жұмысы арқылы дәйекті түрде, үнемі жасалып келген тактикалық қарарларымыз бар. Бізде кейбір ұйымдастыру тәжірибесі де, тәрбиелік роль атқарған және күмәнсыз нәтижелер берген іс жүзіндегі ұйым да бар, ол нәтижелер көзге бірден түсе қоймайды, бірақ оларды тек соқыр адамдар ғана немесе көзін шел қаптаған адамдар ғана теріске шығара алар еді.

Жоқ, жолдастар, бұл қауіпті бадырайта бермейік. Социал-демократия өз атын өзі қойды, бағыт жасады, жұмысшы социал-демократтар кадрларын жасады. Ал қазіргі кезеңде, қаһарман пролетариат күреске өзінің әзір екенін және өзінің айқын мойындалған мақсаттар үшін ынтымақтасып, ұстамдылықпен күресе білетінін, таза социал-демократиялық рухта күресе алатынын іс жүзінде дәлелдеп отырған кезде,— осындай кезеңде, біздің партияға кіріп отырған және Орталық Комитеттің шақыруы бойынша ертең партияға кіретін жұмысшылардың 100 реттің 99 ретінде социал-демократ болатынына күмәндану соншалықты күлкілі болар еді. Жұмысшы табы — түйсігі жағынан, стихиялы социал-демократтық тап, ал социал-демократияның он жылдан астам уақыт жүргізген жұмысы осы стихиялылықты саналылыққа айналдыру үшін қазірдің өзінде өте-мөте көп нәрселер істеді. Ойдан шығарылған сұмдықтарды көз алдарыңызға елестетпеңіздер, жолдастар! Іскер және өсіп келе жатқан партияның қандайында болсын тұрақсыздықтың, солқылдақтықтың, ауытқудың элементтері әрқашан да болатынын ұмытпаңыздар. Бірақ бұл элементтер социал-демократтардың шыңдалған, топтасқан ұйытқысының ықпалына көніп келеді және көнетін болады.

Біздің партия астыртын жұмыста кеп тұрып қалды. III съездің бір делегатының дұрыс айтқанындай, соңғы жылдарда ол онда тұншыға бастады. Астыртын жағдай бұзыла бастады. Батылырақ алға ұмтылыңыздар, қолға жаңа қару алыңыздар, оны жаңа адамдарға таратыңыздар, өздеріңіздің тірек базаларыңызды кеңейтіңіздер, барлық жұмысшы социал-демократтарды өз қатарлары-

қызға шақырыңыздар, оларды партия ұйымдарының қатарына жүздеп, мыңдап қосыңыздар. Олардың делегаттары біздің орталықтардың қатарын жандандыра берсін, олар арқылы жас революциялық Россияның жаңа рухы құйыла түссін. Революция марксизмнің негізгі теориялық қағидаларының бәрін, социал-демократияның маңызды ұрандарының бәрін осы кезге дейін ақтап келді және ақтап отыр. Және де революция *біздің* социал-демократиялық жұмысымызды ақтады, пролетариаттың шын революцияшылдығы жөніндегі біздің үмітіміз бен сенімімізді ақтады. Партияға қажетті реформадағы ұсақтықтың қандайын болсын лақтырып тастайықшы: бірден жаңа жолға түсеміз. Бұл бізден ескі астыртын аппаратты алып коймайды (мұны жұмысшы социал-демократтардың мойындауы және қолдауы күмәнсыз: мұны шешімдер мен қаулылардың дәлелдей алатынынан гөрі өмір және революцияның барысы жүз есе сенімдірек дәлелдеді). Мұның өзі бізге бірден-бір нағыз революцияшыл, ақырына дейін революцияшыл таптың қалың ортасынан шығатын жаңа, жас күштер береді, ал бұл революцияшыл тап Россияға бостандықтың тең жартысын алып берді, ол оған толық бостандықты алып береді, ол оны бостандық арқылы социализмге бастайды.

II

Партиямыздың Орталық Комитетінің РСДРП IV съезін шақыру туралы «Новая Жизньнің» 9-номерінде басылған қаулысы — партия ұйымында демократиялық негізді толық жүзеге асыру бағытында жасалған батыл қадам. Съезге делегаттар (әуелі кеңесші даусы болатын, бірақ кейін, сөз жоқ, шешуші дауыс алатын делегаттар) сайлау бір ай ішінде өткізілуге тиіс. Сонымен, барлық партия ұйымдары кандидаттардың кім екендігі жайында және съездің міндеттері туралы мәселені талқылауға мүмкіндігінше тезірек кірісуі керек. Күні санаулы самодержавиенің уәде етілген бостандықтарды тартып алуға, революцияшыл жұмысшыларға, әсіресе олардың көсемдеріне шабуыл жасауға қайтадан әрекеттенуінің мүмкін екенін сөзсіз ескеру керек. Сондықтан

делегаттардың шын фамилияларын жариялау (бір ерекше реттерде болмаса) орынды бола қояр ма екен. Өкімет басында қаражүздіктер отырғанда өзімізді саяси құлдық заманы үйреткен бүркеншік аттан әлі де бас тартуға болмайды. Сондықтан делегаттарға кандидаттар сайлау да артық болмас еді,— бұл да сол, бұрынғыша— «сэтсіздікке ұшырай қалған жағдай» үшін. Бірақ біз осы астыртын сақтық жасаудың бәріне тоқталмаймыз, өйткені жергілікті жұмыс жағдайларымен таныс жолдастар бұл жөнінде болуы мүмкін қиындықтардың бәрін оп-оңай жеңіп шығады. Самодержавие жағдайында революциялық жұмыстан мол тәжірибе алған жолдастар социал-демократиялық жұмысты жаңа «еркін» (еркін деген сөз әзірге тырнақшаның ішінде) жағдайда бастап отырғандардың бәріне өзінің кеңестері арқылы жәрдемдесуге тиіс. Жұртқа мәлім, бұл ретте комитеттеріміздің мүшелерінен асқан байыптылық талап етіледі: бұрынғы формальды ерекше артықшылық қазір маңызын сөзсіз жоғалтады, сондықтан түгелдей «басынан» қайта бастау қажет, партиялас жаңа жолдастардың қалың тобына ұстамды социал-демократиялық программаның, тактиканың, ұйымның барлық маңыздылығын *дәлелдеу* керек. Мынаны ұмытпау керек: осы кезге дейін, осы әлеуметтік жіктен бөлінген революционерлермен ғана тым жиі істес болып келдік, енді біз бұқараның нағыз өкілдерімен істес боламыз: бұл өзгеріс насихат пен үгіттің әдістерін өзгертуді ғана талап етпейді (көбіне түсінікті болу қажеттілігі, мәселені дұрыс шеше білу, социализмнің негізгі ақиқаттарын нағыз қарапайым, көрнекі және нағыз сенімді түрде түсіндіре білу), сонымен қатар ұйымдастырудың әдістерін де өзгертуді талап етеді.

Менің бұл мақалада жаңа ұйымдық міндеттердің бір жағына тоқталғым келіп еді. Орталық Комитеттің қаулысы съезге партия ұйымдарының *бәрінен* делегаттар шақырады және *барлық* жұмысшы социал-демократтарды осындай ұйымдарға кіруге шақырады. Осы жақсы тілек жүзеге асу үшін жұмысшыларды жай ғана «шақыру» жеткіліксіз, бұрынғы типтегі ұйымдардың санын жай ғана арттыру жеткіліксіз. Жоқ, бұл үшін барлық

жолдастар бірігіп ұйымның *жаңа* формаларын дербес, творчестволықпен жасап шығаруы қажет. Бұл арада алдын ала белгіленген ешқандай нормаларды көрсетуге болмайды, өйткені бұл істің бәрі жаңа іс; бұл арада жергілікті жағдайларды білу және, ең бастысы, партияның барлық мүшелерінің ынта-жігері қолданылуға тиіс. Жұмысшы партиясы ұйымының жаңа формасы немесе, дұрысырағы, негізгі ұйымдық ұяның жаңа формасы ескі үйірмелермен салыстырғанда, сөз жоқ, анағұрлым кең болуға тиіс. Бәлкім, оның үстіне, жаңа ұя онша қатаң ұйымдаспаған, анағұрлым «еркін», «lose» ұйым болуға тиіс шығар. Одақтардың толық еркіндігі кезінде, халықтың азаматтық праволары толық қамтамасыз етілген кезде, біз, әрине, барлық жерде де социал-демократиялық (тек әйтеуір кәсіптік емес, саяси, партиялық) одақтар құруға тиісті болар едік. Қазіргі жағдайларда өз қолымызда қандай мүмкіндіктер мен құралдар болса, соның бәрін қолданып, осы мақсатқа жақындауға тырысуымыз керек.

Барлық партия қызметкерлерінің және социал-демократияға тілектес барлық жұмысшылардың ынта-жігерін дереу ояту керек. РСДРП IV съезі туралы хабарлайтын, осы съездің міндеттерін нағыз түсінікті және ыңғайлы формада баяндайтын, съезді ұйымдастырудың жаңа формасын көрсететін, барлық социал-демократтарды нағыз пролетарлық социал-демократиялық партияны жаңа негіздерде құруға шақыратын рефераттарды, әңгімелерді, митингілерді, жиналыстарды барлық жерде және кез келген жерде дереу ұйымдастыру керек. Мұндай жұмыс тәжірибенің толып жатқан нұсқауларын береді, екі-үш аптаның ішінде (егер іс жігерлі түрде жүргізілсе) жұмысшылар арасынан жаңа социал-демократиялық күштерді шығарады, барлық жұмысшы жолдастармен бірге қазір біздің жаңадан құруға ұйғарып отырған социал-демократиялық партияға анағұрлым қалың көпшіліктің ұмтылуын жандандырады. Одақтар, ұйымдар, партия топтарын құру туралы мәселе барлық жиналыстарда дереу қойылатын болады. Әрбір одақ, ұйым, топ ұйымдастыру істерін жүргізу үшін, партияның жергілікті мекемелерімен қатынас жасау

үшін, партиялық әдебиетті алу және оны тарату үшін, партия жұмысына жарна жинау үшін, жиналыстарды, лекцияларды, рефераттарды ұйымдастыру үшін, ақырында, партия съезіне делегаттар сайлауды әзірлеу үшін өзіне дереу бюро немесе басқарма, немесе басқарушы комиссия, бір сөзбен айтқанда, орталық және тұрақты мекеме сайлап алады. Партия комитеттері осындай ұйымның әрқайсысына көмектесуге, РСДР партиясы дегеніміз не, оның тарихы және оның қазіргі ұлы міндеттері қандай екендігімен таныстыру үшін бұл ұйымды материалмен жабдықтауға, әрине, қамқорлық жасайды.

Сонап соң, партия мүшелері қаржыландырып тұратын асханалар, шайханалар, сыраханалар, кітапханалар, оқу үйлері, тирлер*, т. т. түрінде жұмысшылардың социал-демократиялық ұйымдарының жергілікті шаруашылық, былайша айтқанда, тірек пункттерін құрудың да қамын ойлайтын уақыт жетті. Жұмысшы социал-демократтарды «самодержавиелік» полициядан басқа «самодержавие» қожайындары да қудалайтынын, үгітшілерді жұмыстан шығаратынын, сондықтан да фабриканттардың озбырлығынан мүмкіндігінше неғұрлым тәуелсіз базаларды құру өте қажетті нәрсе екенін естен шығаруға болмайды.

Жалпы айтқанда, біздер, социал-демократтар, қазіргі қимыл бостандығының кеңейгенін барынша пайдаланып қалуға тиіспіз, ал бұл бостандық неғұрлым сенімді болған сайын, біз соғұрлым «халық ішіне бару керек!» деген ұранды жігерлірек ұсынатын боламыз. Енді жұмысшылардың өз инициативасы біздер, кешегі астыртын жұмыстағылар мен «үйірмешілер», армандауға да баты-

---

* Мен бұған сәйкес келетін орыс сөзін білмеймін, сондықтан нысана атуға арналған үйді «тир» деп атап отырмын, онда түрлі қарулардың запасы болады, ал тілеген адамның қай-қайсысы да бұған келіп, болмашы ақы төлеп, револьверлерден, мылтықтардан нысана атады. Россияда жиналыстар мен одақтар бостандығы жарияланды. Азаматтар атып үйрену үшін де жиналуға праволы, бұдан ешкімге қауіп тууы мүмкін емес. Сіз кез келген европалық ірі қаладан жұрттың бәрі үшін ашық тирлерді кездестіресіз — олар астыңғы пәтерлерде, кейде қала сыртында, т. б. жерлерде болады. Ал жұмысшыларға атып үйрену, мылтықты қолдана білу тіпті де артық болмайды. Әлбетте, одақтар бостандықпен қамтамасыз етілгенде ғана, мұндай мекемелерді жабуға батылы барған жексұрын полицейлерді сотқа тартуға мүмкіндік болғанда ғана біз бұл істі айтарлықтай кең түрде қолға ала аламыз.

лымыз бармаған мөлшерде туатын болады. Енді социализм идеяларының пролетариат бұқарасына ықпалы біздің көбінесе қадағалауға мүмкіндігіміз болмайтын жолдармен жасалып отыр және солай жасала береді. Осы жағдайларға сәйкес, социал-демократиялық интеллигенция қозғалыстың қазірдің өзінде аяғынан тік тұрған жерінде және, егер осылай айтуға болатын болса, өз күштерімен жұмыс істей алатын жерде босқа сенделмеу үшін, ол «төменге», жұмыс ауырлау, жағдай қиындау, тәжірибелі және істі білетін адамдарға мұқтаждық күштірек, мәдениет негіздері аз, саяси өмір лебі нашарлау жерге бару үшін интеллигенцияны неғұрлым дұрыс бөлу жағын ойластыру керек *. Қазір біз тіпті ең меңіреу түкпірлердегі барлық халық қатысатын сайлау жөнінде де,— провинциялық Вандеяның реакцияшылдығын жансыздандыру үшін, ірі орталықтарда көтерілетін ұрандарды бүкіл елге, барлық пролетариат бұқарасына таратуды қамтамасыз ету үшін ашық күрес (бұл анағұрлым маңызды) жөнінде де «халық ішіне» баруға тиістіміз.

Әрине, шектен шығушылықтың қай-қайсысы да зиянды; істі, мүмкін қадарынша, барынша берік және «үлгілі» жолға қою үшін біздің әлі де және қазірдің өзінде де белгілі бір маңызды орталыққа таңдаулы күштерді жиі-жиі шоғырландырып отыруымызға тура келеді. Бұл жөнінде қандай пропорцияны ұстау керектігін тәжірибе көрсетеді. Біздің қазіргі міндетіміз жаңа негіздердегі ұйым үшін норма ойлап шығаруда емес, осы партиялық тәжірибені IV съезде қорытып, тұжырымдау үшін мейлінше кең және мейлінше батыл жұмысты қапшалықты өркендетуде болып отыр.

---

* Мен партияның III съезінде партия комитеттерінде, шамамен, 2 интеллигентке 8 жұмысшы болуына тілек білдірген едім. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 173-бет. *Ред.)* Бұл тілек қаншалық ескірді десеңізші!

Қазір партияның жаңа ұйымдарында партияның социал-демократиялық интеллигенциядан болған бір мүшесіне бірнеше жүз жұмысшы социал-демократтардың болуын тілеу керек.

III

Біз алғашқы екі очеркте партиядағы сайлау негізінің жалпы маңызына және жаңа ұйымдық ұялар мен ұйымдық формалардың қажеттігіне тоқтадық. Енді тағы бір өте көкейтесті мәселені, атап айтқанда: партиялық бірігу туралы мәселені қараймыз.

Жұмысшы социал-демократтардың басым көпшілігі партияның жікке бөлінуіне өте наразы екені және бірігуді талап етіп отырғаны әркімге де мәлім. Жікке бөлінудің жұмысшы социал-демократтардың (немесе социал-демократ болуға әзір адамдардың) социал-демократиялық партияға бірсыпыра салқын ниет туғызғаны әркімге де мәлім.

Партияның «жоғарғы жақтары» өздері бірігеді дегенге жұмысшылар сенімін жоғалтты деуге болады. Бірігудің қажеттігін РСДРП III съезі де, үстіміздегі жылдың майында меньшевиктердің конференциясы да ресми мойындаған болатын. Содан бері жарты жыл өтті, бірақ бірігу ісі орнынан ілгері жылжымады деуге болады. Жұмысшылардың шыдамсыздық көрсете бастауына таңдануға болмайды. Бірігу туралы «Искрада» және «көпшіліктің» шығарған кітапшасында («Жұмысшылар партиядағы жікке бөліну туралы», Орталық Комитет басылымы. Женева, 1905 ж.) жазған «Көптеген жұмысшылардың бірі — жұмысшының», ақырында, социал-демократиялық интеллигенцияға «төменнен жұдырық түйіп» сес көрсеткеніне таңдануға болмайды. Социал-демократтардың біреулеріне (меньшевиктерге) бұл сес корсету ол кезде ұнамады, екіншілері (большевиктер) оны заңды және негізінен алғанда әбден дұрыс деп тапты.

Менің ойымша, қазір *саналы* жұмысшы социал-демократтар өздерінің ниетін («сес» көрсетуді айтпаймын, өйткені бұл сөз айыптауларға, демагогияға ұқсайды, ал біз бұлардың қай-қайсысынан да барынша аулақ болуға тиіспіз) жүзеге асыра алатын және асыруға тиіс уақыт жетті. Шынында да, қазір сайлау негізін партия ұйымында сөз жүзінде емес, іс жүзінде, сұлу сөз ретінде, бос сөз ретінде емес, нағыз жаңа негіз, партия

байланыстарын шынымен жаңартатын, кеңейтетін, нығайтатын негіз есебінде қолдануға болатын уақыт жетті немесе, ең болмағанда, жетіп келеді. «Көпшілік» Орталық Комитет атынан сайлау негізін дереу қолдануға және енгізуге ашықтан-ашық шақырды. Азшылық та осы жолмен жүріп келеді. Ал жұмысшы социал-демократтар барлық социал-демократиялық ұйымдарда, мекемелерде, жиналыстарда, митингілерде, т. т. орасан зор басым көпшілік болып отыр.

Демек, қазір бірігу жөнінде *сендіру* былай тұрсын, бірігу жөнінде *уәделерге* жету былай тұрсын, екі фракцияның екеуіндегі ұйымдасқан жұмысшылардың көпшілігінің жай шешімімен-ақ іс жүзінде *бірігуге* мүмкіндік бар. Бұл арада ешқандай «күштеп таңушылық» болмайды, өйткені бірліктің қажеттігін принцип жағынан жұрттың бәрі мойындаған, сондықтан жұмысшылардың принцип жағынан шешіліп қойылған мәселені практикалық жағынан шешуі ғана қалып отыр.

Бәлкім, социал-демократиялық жұмысшы қозғалысындағы интеллигенттік міндет пен пролетарлық (жұмысшы) міндеттің қарым-қатынасын мынадай жалпы тұжырым арқылы айтарлықтай дәл көрсетуге болар: интеллигенция мәселелерді «принцип» жағынан жақсы шешеді, схеманы жақсы сызады, не істеудің қажет екені туралы жақсы пікір айтады... ал жұмысшылар істейді, бұлдыр теорияны нақты өмірдің өзіне айналдырады.

Сондықтан мен қазір: біз съезде де, конференцияда да партияны біріктірудің «бұлдыр теориясын» жасадық; жұмысшы жолдастар! бізге осы бұлдыр теорияны нақты өмірдің өзіне айналдыруға көмектесіңдер!— десем, титтей де демагогияға салынбаймын, жұмысшы қозғалысындағы саналылықтың ұлы ролін титтей де төмендетпеймін, маркстік теорияның, маркстік принциптердің зор маңызын ешбір әлсіретпеймін. Сансыз көп болып партия ұйымына барыңыздар. Біздің IV съезімізден және меньшевиктердің екінші конференциясынан жұмысшы социал-демократтардың орасан зор, алып съезін жасаңыздар. Бірігіп қосылу туралы мәселені іс жүзінде бізбен бірге қолға алыңыздар,— бұл мәселеде-

гі бір ерекшелік (бұл сондай, керісінше ережені дәлелдейтін ерекшелік!)—оннан бірі теория, ал оннан тоғызы практика болсын. Расында, мұндай тілек заңды, тарихи жағынан қажет, психологиялық жағынан түсінікті. Біз эмиграниттық жағдайда көптеген уақыт «теориямен айналыстық» (кейде,— жасыратыны жоқ,— босқа айналыстық), енді біраз, шамалап, аз-аздап «садақты екінші жағына ию» және практиканы шамалы ғана көбірек алға жылжыту, құдай ақы, артық болмайды. Жікке бөлінудің себебіне байланысты, біздің толып жатқан сия мен есепсіз қағазды ысырап еткен бірігу туралы мәселеде, әлгіндей әдіс сөзсіз орынды. Оның бер жағында, біздер, эмигранттар, практиканы сағынып қалдық. Оның үстіне біз бүкіл демократиялық революцияның өте жақсы және толық программасын жазып та қойдық. Келіңдер, осы революцияның ісі үшін де бірігейік!

«Новая Жизнь» №№ 9, 13 және 14; 10.15 және 16 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР [56]

Шаруалар одағының қазіргі уақытта Москвада өтіп жатқан съезі социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы туралы көкейтесті мәселені күн тәртібіне тағы қойып отыр. Орыс марксистері үшін бұл мәселе өздерінің программасы мен тактикасын белгілеген кезде әрқашан да көкейтесті мәселе болып келді. Орыс социал-демократтарының 1884 жылы шетелде «Еңбекті азат ету» тобы [57] бастырған программасының бірінші жобасының өзінде шаруалар мәселесіне мейлінше мықтап көңіл аударылған болатын.

Содан бері марксистердің жалпы мәселелерге арналған шығармаларынан, социал-демократиялық баспасөз органдарынан маркстік көзқарастар мен ұрандарды қайталамаған, дамытпаған, жеке оқиғалар жөнінде қолданбаған бірде-бір шығарманы, бірде-бір баспасөз органын атауға болмайды.

Қазір шаруалар қозғалысы туралы мәселе тек теориялық мағынада ғана емес, нағыз тікелей практикалық мағынада да көкейтесті мәселе болып отыр. Қазір біздің жалпы ұрандарымызды революцияшыл пролетариаттың революцияшыл шаруаларға арнаған тікелей үндеулеріне айналдыру керек. Қазір шаруалардың орыс өмірінің жаңа укладын саналы түрде жасаушы болатын кезі туды. Сондықтан ұлы орыс революциясының барысы мен нәтижесі шаруалардың сана-сезімінің өсуіне өте зор дәрежеде байланысты.

Шаруалардың революциядан тілейтіні не? Революция шаруаларға не бере алады?— осы екі сұрақты саяси қайраткердің қай-қайсысы болсын және әсіресе осы сөздің буржуазиялық саясатшылдығымен былғанбаған, жақсы мағынасында саяси қайраткер болып саналатын саналы жұмысшының қай-қайсысы болсын шешуге міндетті.

Шаруалар жер мен ерік алғысы келеді. Бұл туралы екі пікір болуы мүмкін емес. Барлық саналы жұмысшылар бар күшін салып, революцияшыл шаруаларды қолдап отыр. Барлық саналы жұмысшылар шаруалардың барлық жерді және барлық ерікті алуын тілейді және соған жетуге ұмтылады. Барлық жерді — бұл еш қандай ішінара жеңілдіктер мен қайыр-садақаларға қанағаттанбау деген сөз, бұл шаруалардың помещиктермен келісімге келуін емес, помещиктік жер меншігін жоюды көздеу деген сөз. Сондықтан саналы пролетариаттың партиясы, социал-демократия, осы мағынада нағыз батыл пікірін айтты: осы жылдың майында болған өзінің III съезінде РСДРП қарар қабылдады, онда шаруалардың революциялық талаптарын жеке иеліктегі жерлердің *бәрін конфискелеуге дейін* қолдау туралы ашық айтылған [58]. Бұл қарар шаруалардың барлық жерді талап етуін саналы жұмысшылар партиясының қолдайтынын айқын көрсетеді. *Бұл* жөнінде де партиямыздың екінші жартысының конференциясында қабылданған қарар өзінің мазмұны жағынан РСДРП III съезінің қарарымен әбден сәйкес келіп отыр.

«Барлық ерік» — қоғамдық және мемлекеттік істерді басқаратын чиновниктер мен қызмет адамдарының сайланып қойылуы деген сөз. «Барлық ерік» — халыққа тұтас және түгелдей тәуелді болмайтын, халық сайлап қоймайтын, халық алдында есеп бермейтін, халық ауыстырмайтын мемлекеттік өкіметті толық жою деген сөз. «Барлық ерік»— халық чиновниктерге бағынуға тиіс емес, қайта чиновниктер халыққа бағынуға тиіс деген сөз.

Әрине, жер мен ерік үшін күресуші шаруалардың бәрі бірдей бұл күреске толық саналы түрде қарап, республиканы талап етуге дейін бара бермейді. Бірақ ша-

руалар талаптарының демократиялық бағытына күмәндануға болмайды. Сондықтан бұл талаптарды пролетариат тарапынан қолдау шаруалар үшін қамтамасыз етілген. Қалаларда көтерілген қызыл ту — өнеркәсіп және село жұмысшыларының таяудағы және көкейтесті талаптары жолындағы күрес туы ғана емес екенін, оның үстіне миллиондаған, он миллиондаған ұсақ егіншілердің талаптары жолындағы күрестің де туы екенін шаруалар білуге тиіс.

Крепостниктік правоның қалдықтары бүкіл шаруалар бұқарасын аяусыз езгісімен барлық және кез келген формалар мен түрлерде осы кезге дейін жаншып келеді, сондықтан пролетарлар қызыл туды қолға алып, осы езгіге қарсы соғыс жариялады.

Бірақ қызыл ту шаруалар талаптарын пролетариаттың қолдауын ғана білдірмейді. Бұған қоса ол пролетариаттың дербес талаптарын да білдіреді. Қызыл ту жер мен ерік үшін күресті ғана емес, сонымен қатар адамды адамның қанауы атаулының бәріне қарсы күресті, халық бұқарасының қайыршылығына қарсы күресті, капиталдың үстемдігіне қарсы күресті де білдіреді. Ал осы арада біздің алдымызға екінші сұрақ туады: революция шаруаларға не бере алады? Шаруалардың көптеген шын достары (оның ішінде, мысалы, социалист-революционерлер) бұл сұрақпен санаспайды, оның маңыздылығын байқамайды. Олар шаруалардың тілеп отырған мәселесін көтеру және оны шешу жеткілікті, оған: жер мен ерік деген жауап алу жеткілікті деп ойлайды. Бұл—үлкен қате. Толық ерік, мемлекет басшысына дейін барлық чиновниктердің түгелдей сайланып қойылуы капиталдың үстемдігін құртпайды, аз ғана топтың байлығын, бұқараның қайыршылығын жоймайды. Жерге жеке меншіктің болуын толық жою да капиталдың үстемдігін де, бұқараның қайыршылығын да жоймайды. Ал бүкіл халыққа жататын жерде шаруашылықты тек капиталы бар адам ғана, тек құрал-сайманы, малы, машинасы, тұқым қоры, жалпы алғанда ақша қаражаты, т. т. бар адам ғана дербес жүргізетін болады. Ал жұмыс қолынан басқа түгі жоқ адам тіпті демократиялық республика тұсында да, тіпті жердің

бүкіл халыққа жататын кезінде де капиталдың құлы болған күйінде қала береді. Капиталды социализациямамай тұрып, жерді «социализациялау» туралы ойлау, капитал мен товар шаруашылығы өмір сүріп тұрғанда жерді теңгерме түрде пайдалану мүмкіндігі туралы ойлау дегеніміз адасқандық. Көпшілік осындай немесе осы сияқты адасушылыққа ұрынған мұндай уақыттарды социализм Европаның барлық елдерінде дерлік басынан кешірді. Барлық елдердегі жұмысшы табы күресінің тәжірибесі мұндай қателіктің бүкіл қаупін іс жүзінде көрсетті, сондықтан қазір Европа мен Американың пролетар-социалистері онан әбден арылды.

Сонымен, саналы жұмысшылардың қызыл туы, біріншіден, шаруалардың барлық жер мен барлық ерік үшін күресін біздің бар күшімізбен қолдайтынымызды білдіреді; екіншіден, ол біздің мұнымен тоқтап қалмай, одан әрі баратынымызды білдіреді. Біз ерік үшін, жер үшін күреске қоса социализм үшін де күрес жүргіземіз. Социализм үшін күрес — капиталдың үстемдігіне қарсы күрес деген сөз. Бұл күресті ең алдымен капиталға тікелей және түгелдей тәуелді барлық жалдама жұмысшылар жүргізеді. Ұсақ қожайындар болса, олардың өздері де аздап капитал иеленеді, өздері ішінара жұмысшыларды қанайды. Сондықтан ұсақ шаруалардың бәрі бірдей социализм үшін күресушілердің қатарына қосыла бермейді, бұлардың қатарына тек капиталға қарсы жұмысшылар жағына, жеке меншікке қарсы ортақ меншік жағына батыл және саналы түрде шығатын ұсақ шаруалар ғана қосылады.

Міне, сондықтан социал-демократтар өздерін барлық шаруалармен бірге помещиктер мен чиновниктерге қарсы күресеміз, ал оның үстіне біз, қала пролетарлары, село пролетарларымен бірге капиталға қарсы күресеміз дейді. Жер үшін және ерік үшін күрес дегеніміз демократиялық күрес. Капитал үстемдігін жою жолындағы күрес дегеніміз социалистік күрес.

Толық ерік үшін және барлық жер үшін ынтымақпен, табандылықпен, адалдықпен, ауытқусыз күресуді ұйғарған Шаруалар одағына жалынды сәлем жолдайық. Бұл шаруалар—нағыз демократтар. Демократизм

мен социализм міндеттерін түсінудегі олардың қателіктерін біз одақтастар ретінде оларға шыдамдылықпен, ұстамдылықпен түсіндіруге тиіспіз, ал біздерді олармен ортақ ұлы күрес біріктіріп отыр. Бұл шаруалар—нағыз революцияшыл демократтар, біз қазіргі революцияның толық жеңіп шығуы жолындағы күреске солармен бірге баруға тиістіміз және бірге барамыз да. Жалпы ереуіл жоспарына, келесі жолы бүкіл қала жұмысшыларымен, бүкіл кедей шаруалармен ынтымақтасып, тізе қосып көтерілу жөніндегі шешімге,— осы жоспар мен шешімге біз аса зор, толық тілектестікпен қараймыз. Бұл жоспардың жүзеге асуына көмектесу үшін барлық саналы жұмысшылар бар күшін салады. Бірақ ешқандай одақ, тіпті ең адал және батыл революцияшыл демократтармен жасасқан одақ та, пролетарларды өздерінің бұдан да гөрі ұлы және маңызды мақсаттарын, социализм жолындағы, капиталдың үстемдігін толық жою жолындағы, барлық еңбекшілерді қанау атаулыдан құтқару жолындағы күресін ұмытуға мәжбүр ете алмайды. Жұмысшылар мен шаруалар, жер мен ерік жолындағы ортақ күреске алға басыңдар! Халықаралық социал-демократия арқылы біріккен пролетарлар, социализм жолындағы күреске алға басыңдар!

«Новая Жизнь» № 11,
12 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТ

Социал-демократиялық жұмыстың октябрь революциясынан кейін Россияда қалыптасқан жаңа жағдайлары партиялық әдебиет туралы мәселені кезекке қойды. Құпия баспасөз бен жария баспасөздің арасындағы айырмашылық,— крепостниктік, самодержавиелік Россия заманының осы қайғылы мұрасы,— жойыла бастады. Ол әлі құрып біткен жоқ, құрып бітуден әлі де алыс. Біздің министр-премьердің екіжүзді үкіметінің әлі де жүгенсіздік жасап отырғаны сонша, «Известия Совета Рабочих Депутатов» «құпия» басылып жүр, бірақ үкіметтің кедергі жасауға шамасы келмейтін пәрсеге «тыйым салуға» қисынсыз әрекеттер жасауынан үкімет үшін масқара болудан, үкіметке жаңа моральдық соққылар берілуден басқа еш нәрсе шықпай отыр.

Құпия баспасөз бен жария баспасөздің арасында айырмашылық болып отырғанда партиялық баспасөз бен партиялық емес баспасөз туралы мәселе тым қара дүрсін және тым бұрмаланып, теріс шешіліп келді. Құпия баспасөздің бәрі партиялық баспасөз болды, оларды партияның практикалық қызметкерлерінің топтарымен белгілі бір түрде байланысы бар ұйымдар басып шығарып, топтар басқарып келді. Жария баспасөздің бәрі партиялық емес баспасөз болды,— өйткені партиялыққа тыйым салынған-ды,— бірақ белгілі бір партияға «іш тартып» отырды. Теріс одақтар, орынсыз «бірге тұрушылықтар», жалған жамылғылар сөзсіз болып келді;

партиялық көзқарасты білдіргісі келген адамдардың амалсыздан жеткізе айта алмаушылықтары осы көзқарастарға дейін өсіп жетілмегендердің, шын мәнінде, партия адамы болмаған адамдардың ой өрісінің жетпесушілігімен немесе пікір айтуда қорқақтық көрсетуімен араласып жатты.

Эзоптық сөздердің, әдеби құлдықтың, тіл құлдығының, идеялық крепостниктіктің қарғыс атқан кезеңі! Русь еліндегі жанды және таза атаулының бәрін тұншықтырған осы пасықтықты пролетариат құртты. Бірақ пролетариат әзірге Россия үшін бостандықтың жартысын ғана жеңіп алды.

Революция әлі аяқталған жоқ. Егер патша өкіметінің революцияны жеңуге *қазірдің өзінде* шамасы *келмей* отырса, патша өкіметін жеңуге *әзірше* революция да *дәрменсіз.* Ал біз қазір ашық, адал, тура, дәйекті партиялықтың астыртын, бүркемелі, «дипломаттық», айлалы «жариялылықпен» әлгі табиғи емес ұштасуы барлық жерде және барлық істе біліну отырған уақытта өмір сүрудеміз. Осы табиғи емес ұштасушылық біздің газетке де әсер етіп отыр: Гучков мырза либералдық-буржуазиялық, баяу газеттерді басуға тыйым салатын социал-демократиялық озбырлық жөнінде қаншама тілмарсығанымен, факт қалай дегенмен де факт болып қала береді,— Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Органы, «Пролетарий», қалай дегенмен де *самодержавиелік*-полициялық Россиядан сырт қалып отыр.

Қалай болғанмен, революцияның жартысы біздің бәрімізді істі кайтадан жолға қоюды дереу қолға алуға мәжбүр етеді. Қазір әдебиет, тіпті «жария түрде», $^{9}/_{10}$ партиялық әдебиет бола алады. Әдебиет партиялық әдебиет болуға тиіс. Буржуазиялық мінез-құлыққа қарама-қарсы, буржуазиялық кәсіпкерлік, жалдаптық баспасөзге қарама-қарсы, буржуазиялық әдеби мансапқорлыққа, жекешілдікке, «бариндік анархизмге» және олжа құмарлыққа қарама-қарсы,—социалистік пролетариат *партиялық әдебиет* принципін ұсынуға, осы принципті дамытып, оны мүмкіндігінше неғұрлым толық және тұтас формада жүзеге асыруға тиіс.

Партиялық әдебиеттің осы принципі неде? Әдеби істің социалистік пролетариат үшін жеке адамдардың немесе топтардың баю құралы бола алмайтындығында ғана емес, жалпы алғанда әдеби іс жалпы пролетарлық іске тәуелсіз, жеке адамның ісі бола алмайды. Бейпартиялық әдебиетшілер жойылсын! Адамдардан жоғары тұратын әдебиетшілер жойылсын! Әдеби іс жалпы пролетарлық істің *бір бөлігі,* бүкіл жұмысшы табының барлық саналы авангарды қозғалысқа келтіретін біртұтас, ұлы социал-демократиялық механизмнің «тегершігі мен винті» болуға тиіс. Әдеби іс ұйымдасқан, жоспарлы, біріккен социал-демократиялық партиялық жұмыстың құрамдас бөлігі болуға тиіс.

«Қандай теңеудің де кінәраты болады» дейді неміс мақалы. Менің әдебиетті винтке, жанды қозғалысты механизмге теңеуімнің де кінәраты бар. Бәлкім, еркін идеялық күресті, сын бостандығын, әдеби творчествоның бостандығын, т. т. және т. с. кемсітетін, жансыздандыратын, «бюрократтандыратын» мұндай теңеу жөнінде шу көтеретін қызба интеллигенттер де табылар. Шын мәніне келгенде, мұндай шу көтеру буржуазиялық-интеллигенттік жекешілдіктің көрінісі ғана болған болар еді. Талас жоқ, әдеби іс бет алды теңестірушілікке, біркелкілікке, көпшіліктің азшылыққа үстемдік етуіне онша көп көне бермейді. Талас жоқ, бұл істе жеке бастың инициативасына, жеке адамның қабілеттілігіне зор еркіндік болуын, ой мен қиялға, форма мен мазмұнға еркіндік болуын сөзсіз қамтамасыз ету қажет. Мұның бәрі талассыз нәрсе, бірақ мұның бәрі пролетариаттың партиялық ісінің әдеби бөлігін пролетариаттың партиялық ісінің басқа бөліктерімен шаблондық түрде бірдей деп санауға болмайтындығын ғана дәлелдейді. Мұның бәрі: буржуазия мен буржуазиялық демократия үшін жат және оғаш қағиданы, әдеби іс социал-демократиялық партиялық жұмыстың басқа бөліктерімен қалай да және міндетті түрде тығыз байланысты бөлік болуға тиісті деген қағиданы, тіпті де теріске шығармайды. Газеттер әр алуан партия ұйымдарының органдары болуға тиіс. Әдебиетшілер сөзсіз партия ұйымдарына кіруге тиіс. Баспалар мен қоймалар, мага-

зиндер мен оқу үйлері, кітапханалар мен түрлі кітап саудалары — осының бәрі партиялық болуға, оған есеп беріп отыратын болуға тиіс. Осы жұмыстың бәрін ұйымдасқан социалистік пролетариат қадағалап, оның бәрін бақылап отыруға тиіс, бірін қалдырмай, осы жұмыстың бәріне қызу пролетарлық істің жылы лебін енгізіп отыруға тиіс, сөйтіп ескі, жартылай обломовтық, жартылай жалдаптық россиялық принциптің: жазушы жазады, оқушы оқиды деген принциптің негізі атаулыны жойып отыруға тиіс.

Әлбетте, біз азиаттық цензура мен европалық буржуазия әбден бүлдірген әдеби істі бұлайша бірден өзгертуге бола қояды деп айтпаймыз. Біз қандай да болсын бір бірыңғай жүйені немесе міндеттерді бірнеше қаулылар арқылы шешуді уағыздау пікірінен аулақпыз. Жоқ, бұл салада схематизм туралы өте аз әңгіме болуға тиіс. Әңгіме мынада: біздің бүкіл партиямыз, бүкіл Россиядағы саналы социал-демократиялық пролетариаттың бәрі осы жаңа міндетті ұғынуы керек, оны айқын алға қойып, жер-жердің бәрінде оны шешуді қолға алуы керек. Біз крепостниктік цензураның тұтқынынан шығып, буржуазиялық-жалдаптық әдеби қатынастардың тұтқынына түскіміз келмейді және түспейміз де. Біз полициялық мағынада ғана емес, сонымен бірге біз капиталдан азат мағынада, мансапқорлықтан азат мағынада;— ол ол ма: сондай-ақ буржуазиялық-анархиялық жекешілдіктен азат мағынада да еркін баспасөз құрғымыз келеді және құрамыз да.

Бұл соңғы сөздер сөкет немесе оқушыларды сықақ еткендік болып көрінуі мүмкін. Бостандықты өзеурей жақтайтын қайсыбір интеллигент: бұл қалай!— деп айқайлауы мүмкін.— Бұл қалай! Сіздің әдеби творчество сияқты нәзік, жеке бастың ісін коллективке бағындырғыңыз келе ме! Сіз ғылым, философия, эстетика мәселелерін жұмысшылардың көпшілік дауыспен шешуін тілейсіз бе! Сіз абсолюттік-жеке бастың идеялық творчествосының абсолюттік еркіндігін теріске шығарасыз ба!

Сабыр етіңіздер, мырзалар! Біріншіден, сөз партиялық әдебиет және оның партиялық бақылауға бағынуы

туралы болып отыр. Әркімнің өз дегенін ешбір шектеусіз жазуына, айтуына еркі бар. Бірақ әрбір ерікті одақ (оның ішінде партия) антипартиялық көзқарастарды уағыздау үшін партияның фирмасын пайдаланатын мүшелерді қуып шығуға да ерікті. Сөз бен баспасөз бостандығы толық болуға тиіс. Бірақ одақтар бостандығы да толық болуға тиіс қой. Мен, сөз бостандығы үшін, айқайлауға, өтірік айтуға және нені болса, соны жазуға саған толық право беруге міндеттімін. Бірақ сен маған, одақтар бостандығы үшін, белгілі бір нәрсені айтатын адамдармен одақ жасасуға немесе одақты бұзуға право беруге міндеттісің. Партия дегеніміз ерікті одақ, егер ол одақ антипартиялық көзқарастарды уағыздайтын мүшелерден өзін тазартпаса, оның өзі әуелі идеялық жағынан, ал сонан соң материалдық жағынан да сөзсіз азғындар еді. Ал партиялық көзқарас пен антипартиялық көзқарастың арасындағы шекті белгілеу қызметін партия программасы, партияның тактикалық қарарлары мен оның уставы атқарады, ақырында, халықаралық социал-демократияның, өзінің партиясына онша дәйекті емес, онша таза маркстік емес, онша дұрыс емес жеке элементтер мен ағымдарды үнемі енгізіп келген, бірақ сонымен қатар өз партиясын ауық-ауық «тазалап тұруды» үнемі қолданып келген пролетариаттың халықаралық ерікті одақтарының бүкіл тәжірибесі сондай қызмет атқарады. Буржуазиялық «сын бостандығын» жақтаушы мырзалар, бізде партия *ішінде* де осылай болады: енді біздің партия бірден бұқаралық партия болып келеді, енді біз жария ұйым болуға күрт көше бастап отырмыз, енді бізге көптеген дәйексіз (маркстік көзқарас тұрғысынан) адамдар, мүмкін, тіпті кейбір христиандар, мүмкін, тіпті кейбір мистиктер кіретіні сөзсіз болар. Біздің асқазанымыз мықты, біз тастай түйілген марксистерміз. Біз осы дәйексіз адамдарды қайта қорытып шығарамыз. Партия ішіндегі пікір бостандығы мен сын бостандығы адамдардың партиялар деп аталатын еркін одақтарға топталу бостандығын ұмытуға бізді ешқашан да мәжбүр ете алмайды.

Екіншіден, буржуазиялық жекешіл мырзалар, біз сіздердің абсолюттік бостандық туралы сөздеріңіздің

тек екіжүзділік екенін сіздерге айтуға тиістіміз. Ақшаның өктемдігіне негізделген қоғамда, еңбекшілер бұқарасы жоқшылық көріп, ат төбеліндей аз ғана байлар арамтамақ болып отырған қоғамда нақты және шын «бостандық» болуы мүмкін емес. Сіз өзіңіздің буржуазиялық бастырып-шығарушыңыздан еріктісіз бе, жазушы мырза? сізден рамкалар * мен картиналарда порнографияны, «қасиетті» сахналық өнерге «толықтыру» түрінде жезөкшелікті талап ететін өзіңіздің буржуазиялық жұртшылығыңыздан еріктісіз бе? Осы абсолюттік бостандық дегеніңіз буржуазиялық немесе анархистік бос сөз ғой (өйткені, дүние таным ретінде анархизм дегеніміз буржуазиялылықтың өңін айналдырған түрі). Қоғамда өмір сүре отырып, қоғамнан тысқары бола алмайсың. Буржуазиялық жазушының, суретшінің, актрисаның бостандығы дегеніміз бар болғаны ақшалы қалтаға, сатып алуға, тамақ асырауға деген бүркемеленген (не екіжүзділікпен бүркемеленген) тәуелділік.

Сондықтан біз, социалистер, бұл екіжүзділікті әшкерелейміз, оның жалған жарнамаларын жұлып тастаймыз,— мұны таптық емес әдебиет пен өнерді жасау үшін істемейміз (мұның өзі тапсыз социалистік қоғамда ғана мүмкін болады), екіжүзді-еркінсіген әдебиетке, іс жүзінде буржуазиямен байланысты әдебиетке нағыз-еркін, пролетариатпен *ашық* байланысты әдебиетті қарама-қарсы қою үшін істейміз.

Бұл еркін әдебиет болады, өйткені оның қатарына көптеген жаңа күштерді пайдакүнемдік пен мансапқорлық емес, социализм идеясы мен еңбекшілерге деген шеттестік тартатын болады. Бұл ерікті әдебиет болады, өйткені ол тойынып масыққан кейіпкерге емес, семіздікті көтере алмай зеріккен «жоғарғы он мыңдарға» емес, елдің гүлі, оның күші, болашағы болып табылатын миллиондаған, он миллиондаған еңбекшілерге қызмет етеді. Бұл — адамзаттың революциялық ой-пікірінің соңғы жетістігін социалистік пролетариаттың тәжірибесімен, нақты жұмысымен кемелдендіретін, өткеннің тәжірибесі (социализмнің дөрекі, утопиялық формалар-

* Түп нұсқада қате кеткен болса керек; мағынасы жағынан «романдарда» болу керек еді. *Ред.*

дан басталған дамуын аяқтаған ғылыми социализм) мен қазіргі тәжірибенің (жұмысшы жолдастардың қазіргі күресі) өзара әрекеттестігін үнемі үйлестіріп отыратын еркін әдебиет болады.

Жұмысқа кірісейік, жолдастар! Біздің алдымызда қиын да жаңа, бірақ ұлы да ардақты міндет тұр,— кең өрісті, жан-жақты, алуан түрлі әдеби істі социал-демократиялық жұмысшы қозғалысымен тығыз және бүлжымас байланысты етіп ұйымдастыру міндеті тұр. Бүкіл социал-демократиялық әдебиет партиялық әдебиет болуға тиіс. Барлық газеттер, журналдар, баспалар, т. т. жұмысты қайта құруды, өздерінің белгілі бір партия ұйымдарына, белгілі бір негіздерде түгел енетіндей жағдай әзірлеуді дереу қолға алулары тиіс. Тек сонда ғана «социал-демократиялық» әдебиет іс жүзінде осындай әдебиет болады, тек сонда ғана ол өз борышын орындай алады, тек сонда ғана ол буржуазиялық қоғамның шеңберінде-ақ буржуазияның құлдығынан құтыла алады және нағыз алдыңғы қатарлы, ақырына дейін революцияшыл таптың қозғалысымен бірігіп кете алады.

«Новая Жизнь» № 12,
13 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПЕТЕРБУРГ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЛОКАУТПЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ 1905 ж. 14 (27) НОЯБРЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫ [59]

Азаматтар! Петербургте және басқа қалаларда жүз мыңнан астам жұмысшы жұмыстан қуылды.

Самодержавиелік үкімет революцияшыл пролетариатқа соғыс жариялады. Аштық арқылы жұмысшыларды жуасытып, бостандық жолындағы күрестің шырқын бұзғысы келіп, реакциялық буржуазия самодержавиемен бірігіп отыр.

Жұмысшы депутаттарының Советі былай деп мәлімдейді: көптеген жұмысшыларды бұрын-соңды болып көрмеген мөлшерде көптеп жұмыстан шығару — үкімет тарапынан жасалып отырған арандатушылық. Үкімет Петербург пролетариатын жекелеген әрекеттерге итермелегісі келеді; үкімет басқа қалалардағы жұмысшылардың Петербург жұмысшыларымен әлі жеткілікті дәрежеде тығыз топтаспағанын пайдаланып, бұларды жеке-жеке талқандағысы келеді.

Жұмысшы депутаттарының Советі былай деп мәлімдейді: бостандық ісіне қауіп төніп отыр. Бірақ жұмысшылар үкіметтің бұл арандатушылығына көнбейді. Жұмысшылар өздеріне үкіметтің еріксіз таңғысы келіп отырған тиімсіз жағдайда шайқасқа шықпайды. Біз қазірдің өзінде бостандық үшін қаһармандықпен көтеріліп жатқан бүкіл Россия пролетариатының да, революцияшыл шаруалардың да, армияның да, флоттың да барлық күресін біріктіруге бар күшті салуға тиіспіз және саламыз да.

Осыны ескере отырып, жұмысшы депутаттарының Советі қаулы етеді:

1) Барлық жабылған заводтар дереу ашылып, жұмыстан шығарылған жолдастардың бәрі қайтадан өз орындарына алынуға тиіс. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде бостандықты қадірлейтін барлық халық топтары осы талапты қолдауға шақырылады.

2) Бұл талапты қолдау үшін жұмысшы депутаттарының Советі бүкіл Россия пролетариатының ынтымақты болуы жөнінде үндеу жазуды қажет деп есептейді, бұл талапты орындаудан бас тартқандай жағдайда, жаппай саяси ереуіл жасауға және басқа да батыл күрес түрлеріне шақырады.

3) Жұмысшы депутаттарының Советі осы бой көрсетуді әзірлеу мақсаттарымен делегаттар жіберу арқылы, басқа да амалдар арқылы басқа қалалардың жұмысшыларымен, темір жолдың, почта-телеграфтың, шаруалардың және басқалардың одақтарымен, сондай-ақ армиямен, флотпен дереу байланыс жасауды Атқару комитетіне тапсырады.

4) Осы алдын ала істелетін жұмысты орындағаннан кейін Атқару комитеті ереуіл жасау жөнінде түпкілікті қаулы алу үшін жұмысшы депутаттары Советінің төтенше жиналысын шақырады.

5) Петербург пролетариаты барлық жұмысшыларға, қоғам мен халықтың барлық топтарына жұмыстан шығарылған жұмысшыларды барлық жағынан бірдей, материалдық жағынан, рухани және саяси жағынан қолдауды ұсынды.

«Новая Жизнь» № 13,
15 ноябрь, 1905 ж.

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

СӘТІ ТҮСПЕГЕН АРАНДАТУШЫЛЫҚ

Жұмысшы депутаттары Советінің біз осы номерде басып отырған қаулысы * революцияның дамуындағы өтемөте маңызды кезеңді көрсетеді.

Үкімет пен буржуазия одағы пролетариат күштерінің әлсіреуін пайдаланып, оны талқандауға әрекет жасап отыр. Петербург фабрикалары мен заводтарында сегіз сағаттық жұмыс күнін революциялық жолмен енгізу туралы хабарландыруға буржуазия «локаутпен» жауап беріп отыр.

Заговор жасалды. Жұмысшыларды жаппай жұмыстан шығару арқылы стачкаға қарсы күресуге ұйғарылған. Қазыналық заводтар толып жатқан жеке меншік заводтармен бірге жабылып жатыр. Он мыңдаған жұмысшы көшеде қаңғырып қалды. Мұның алдындағы күрестен әлсіреген Петербург пролетариатын оған ең тиімсіз жағдайда жаңа шайқасқа арандатқысы келеді.

Жұмысшы депутаттарының Советі социал-демократия өкілдерінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, жұмысшылар алдында контрреволюцияның заговорын әшкерелейді және оны торға алдап түсіруге жол бермеу үшін Петербург пролетариатын сақтандырады. Жеке-жеке күреске итермелеуге ол бүкіл Россия бойынша күреске бірігуге шақыру арқылы жауап берді, ол революцияшыл жұмысшылардың революцияшыл шаруалармен, Россияның барлық түкпірлерінде көтеріліс бастап

* Қараңыз: осы том, 111—112-беттер. *Ред.*

отырған армия мен флоттың бөлімдерімен одағын нығайтуға дереу шаралар қолдану арқылы жауап берді.

Мұндай кезеңде бүкіл Россия бойынша революция армиясын біріктіруге бар күшті салудың қашанғыдан да гөрі зор маңызы бар, күшті сақтаудың, жеңіп алған бостандықты үгіт пен ұйымдастыру ісін жүз есе арттыру үшін пайдаланудың, жаңа шешуші шайқастарға әзірленудің маңызы зор. Самодержавие реакциялық буржуазиямен біріге берсін! Либерал буржуазия (земство мен қала қайраткерлерінің Москвада болған съезі[60] мүддесін қорғаған) бостандық туралы көлгірси сөйлеп, бостандықтың ең негізгі кепілдемелерін талап еткені үшін Польшаны соғыс күшімен тұншықтырып отырған үкіметке сенім білдіре берсін!

Біз самодержавие мен буржуазияның одағына социал-демократия мен бүкіл революциялық буржуазиялық демократияның одағын қарама-қарсы қоюға тиістіміз. Социалистік пролетариат бостандық үшін күресіп жатқан шаруаларға қол созып, оны бүкіл елде жаппай, келісілген тегеурін жасауға шақырады.

Жұмысшы депутаттарының Советі қаулысының зор маңызы, міне, осында. Біз, социал-демократтар, жұмысшы депутаттарының Советіне бүкіл партияның көмекке келуін көздеуіміз керек. Біз жалғыз ғана демократиялық төңкеріске ұмтылып отырғанымыз жоқ. Біз социализм үшін, яғни еңбекшілерді езгі атаулыдан, саяси езгіден ғана емес, экономикалық езгіден де толық азат ету үшін күресеміз. Біз өз партиямызға осы ұлы мақсатты мойындайтын және оған жетуге күш әзірлеуді бір сәт те естен шығармайтын адамдарды ғана біріктіреміз.

Бірақ біз, социалистер, дәл өзіміздің социалистік мақсатымызға жету үшін демократиялық революцияны мейлінше батыл жүргізуге, социализм жолындағы нәтижелі күрес үшін толық бостандықты жеңіп алуға ұмтыламыз. Сондықтан да, үкіметпен саудаласқысы келмей, күрескісі келетін, революцияны шұнтитып тастағысы келмей, оны ақырына дейін жеткізгісі келетін революцияшыл демократтармен,— осындай адамдармен біз бірігіп кетпесек те, тізе қосып алға басуға тиіспіз. Социа-

листік пролетариат пен барлық революцияшыл халықтың одағы жасасын! Олардың бірігіп жасаған тегеуріні реакцияның барлық күштерін, контрреволюцияның барлық қастандығын күйретеді.

«Новая Жизнь» № 13,
15 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ӘСКЕР ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ

Севастопольдағы көтеріліс барған сайын өрістеуде [61]. Істің түйіні шешілуге жақындап келеді. Бостандық үшін күресіп жатқан матростар мен солдаттар бастықтарын аластап жатыр. Тәртіп толық сақталған. Үкімет Кронштадттағы жексұрын әрекетін қайталай алмай отыр, қандай да бір ойран жасай алмай отыр. Эскадра теңізге шығудан бас тартты және көтерілісшілерді басуға әрекет істелсе, қалаға қауіп төндіреді. «Очаковты» басқаруды отставкадағы лейтенант Шмидт қолға алды, ол 17 октябрьдегі манифесте уәде етілген бостандықты қолға қару алып қорғау туралы «қиянқы» сөз сөйлегені үшін отставкаға шығарылған болатын. «Русьтің» [62] хабарлауына қарағанда, матростардың берілуі үшін белгіленген мерзім бүгін, 15 күні, бітуге тиіс.

Демек, біз шешуші кезеңнің қарсаңында тұрмыз. Көтерілісшілер толық жеңе ме, олар талқандала ма немесе қандай болмасын бір келісім жасала ма,— мұны жақын арадағы күндер — мүмкін, сағаттар — көрсететін болады. Қалай болғанда да, Севастополь оқиғалары әскердегі ескі, құлдық тәртіптің, солдаттарды қаруланған машинаға айналдырып келген, оларды бостандыққа титтей де болса ұмтылушылықтарды басып-жаншу құралы етіп келген тәртіптің толық күйрегенін көрсетеді.

1849 жылы болғаны сияқты, орыс армиясының Россиядан тыс жерлердегі революцияны басуға аттанған заманы [63] келмеске кетті. Енді армия самодержавиеден

біржола бөлектеніп отыр. Ол әлі де түгелдей революциялық армияға айналып болған жоқ. Солдаттар мен матростардың саяси сана-сезімі әлі де өте төмен. Бірақ маңыздысы мынау: сана-сезім қазірдің өзінде оянды, солдаттардың арасында *өз* қозғалысы басталды, бостандық рухы барлық жерде де казармаларға жайылды. Россиядағы барлық казарма түгелдей кәдімгі түрмеден де жаман болып келген еді; адамды қыспаққа салу, езу еш жерде казармадағыдай болған емес; адамды қинау, сабау, қорлау еш жерде де мұндай дәрежеде болып көрген емес. Енді осы казарма революцияның ошағына айналып келеді.

Севастополь оқиғалары жеке, кездейсоқ оқиға емес. Флот пен армияда тікелей көтеріліс жасаудың бұрын болған әрекеттері туралы сөз қылмай-ақ қоялық. Петербург ұшқындарын Севастополь өртімен салыстырайық. Қазір Петербургтің түрлі әскери бөлімдерінде белгілене бастаған солдат талаптарын еске түсірейік (ол талаптар газетіміздің кешегі номерінде басылды). Осы талаптардың тізімі қандай тамаша документ десеңізші! Бұл документ құлдықтағы армияның революциялық армияға айнала бастағанын қандай айқын көрсетеді. Енді осы сияқты талаптардың бүкіл флотқа, бүкіл армияға тарауын қандай күш тоқтата алмақ?

Петербург солдаттары тамақты, киімді, үйлерді жақсартқысы келеді, жалақысын көбейтіп, әскерлік қызмет мерзімі мен күнделікті жұмыс уақытын кеміткісі келеді. Бірақ олардың талаптарының ішінде солдат-азамат қапа қоя алатын талаптар бұдан да үлкен орын алады. Әскер киімімен «барлық азаматтармен бірдей» жиналыстардың бәріне қатысуға право алу, казармада *барлық* газеттерді оқуға және ұстауға право алу, ождан бостандығы, барлық ұлттардың праволарын теңеу, казармадан тыс жерде шенге бағыну атаулының бәрін толық жою, денщиктерді құрту, әскери соттарды жою және әскери-сот істерін жүргізудің бәрін жалпы азаматтық сотқа бағындыру, коллективтік арыз беруге праволы болу, бастықтардың ұру ниеті сезілсе-ақ, қорғануға праволы болу. Петербург солдаттарының ең басты талаптары осындай.

Бұл талаптар армияның орасан көпшілігінің бостандық үшін көтеріліске шыққан севастопольдықтармен қазірдің өзінде ынтымақтас екенін көрсетеді.

Бұл талаптар самодержавие малайларының армияны бейтараптандыру туралы, армияны саясаттан, т. с. сырт ұстау қажеттігі туралы екіжүзді сөздерін, бұл сөздерді солдаттардың мүлде ілтипатқа алмайтынын көрсетеді.

Армия бейтарап бола алмайды, болуға тиіс те емес. Армияны саясатқа қатыстырмау — буржуазия мен патша өкіметінің екіжүзді малайларының ұраны; олар іс жүзінде армияны реакциялық саясатқа әрқашан тартып келді, орыс солдаттарын қаражүздіктің малайына, полицияның қолшоқпарына айналдырып келді. Бостандық жолындағы жалпы халықтық күрестен шет қалуға болмайды. Кімде-кім бұл күреске немқұрайды қараса, ол бостандықты мазақ ету үшін бостандық беруге уәде еткен полициялық үкіметтің жүгенсіздігін қолдайды.

Солдат-азаматтардың талаптары дегеніміз социал-демократияның талаптары, барлық революциялық партиялардың талаптары, саналы жұмысшылардың талаптары. Бостандықты жақтаушылардың қатарына қосылу, халық жағына шығу бостандық ісінің жеңіп шығуын және солдат талаптарының жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Бірақ бұл талаптар шын мәнінде толық және берік жүзеге асырылуы үшін алға қарай тағы да бір кішкентай қадам басу керек. Қарғыс атқан каторга-казармадан азап шеккен солдаттардың жекелеген тілектерінің басын қосып, біртұтас тілек ету керек. Ал осылай жинақталған бұл талаптар — тұрақты әскерді жою, оны халықты жаппай қаруландырумен ауыстыру деген сөз.

Тұрақты әскер барлық жерде және барлық елдерде сыртқы дұшпанға қарсы күресуден гөрі көбінесе ішкі дұшпанға қарсы күресуге қызмет етеді. Тұрақты әскер барлық жерде реакцияның құралына, капиталдың еңбекке қарсы күресіндегі малайына, халық бостандығының жендетіне айналды. Біздің ұлы азаттық революцияда бір ғана жеке талаптар қоюмен тоқталып қалмайтын болайық. Жауыздықтың түбіріне балта шаба-

йық. Тұрақты әскерді мүлде құртайық. Армия қаруланған халықпен қосылып, солдаттар халыққа өздерінің әскери білімдерін таратсын, казарма жойылып, оның орнына еркін әскери мектеп орнасын. Егер әскери кастаны құртқан, барлық солдаттарды азамат еткеп және қару ұстауға шамасы келетін барлық азаматтарды солдат еткен қаруланған халық бостандықтың тірегі болса, дүние жүзінде ешқандай күш азат Россияға тиісе алмайды.

Батыс Европаның тәжірибесі тұрақты әскердің бүкіл реакцияшылдығын көрсетті. Соғыс ғылымы халық милициясын толық жүзеге асыруға болатынын дәлелдеді, ол қорғану соғысында да, шабуыл жасау соғысында да әскери міндеттердің деңгейінде бола алады. Екіжүзді немесе көлгірсіген буржуазия қарусыздандыруды арман ете берсін. Дүниеде езілгендер мен қаналушылар барда, біз қарусыздануды емес, халықтың жаппай қарулануын көздеуге тиіспіз. Тек осы ғана бостандықты толық қамтамасыз етеді. Тек осы ғана реакцияны толығынан құлатады. Тек осы өзгерістер болған жағдайда ғана бостандықты ат төбеліндей кілең қанаушылар ғана емес, миллиондаған еңбекшілер іс жүзінде пайдаланатын болады.

1905 ж 15 (28) ноябрьде жазылған

1905 ж. 16 ноябрьде «Новая Жизнь» газетінің 14-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ТАРАЗЫ БАСЫ АУЫТҚУДА

Россияның басынан кешіріп отырған жағдайды көбінесе анархия деген сөзбен бейнелейді. Бұл теріс және жалған бейнелеу шынына келгенде елде ешқандай қалыптасқан тәртіп жоқ екенін білдіреді. Жаңа, еркін Россияның ескі, крепостниктік-самодержавиелік Россияга қарсы соғысы барлық бағыттарда жүріп жатыр. Самодержавиенің революцияны жеңуге қазірдің өзінде шамасы келмей отыр, патша өкіметін жеңуге әзірше революция да дәрменсіз. Ескі тәртіп қиратылды, бірақ ол әлі жойылған жоқ, сондықтан жаңа, еркін құрылыс мойындалмай, жартылай жасырын өмір сүріп отыр, оны самодержавиелік құрылыстың опричниктері барлық жерде қудалап отыр.

Оқиғалардың мұндай жағдайы әлі де бірсыпыра уақытқа созылуы мүмкін; ол әлеуметтік және саяси өмірдің барлық салаларында тұрақсыздық пен ауытқушылықтың көріністерімен сөзсіз қосарлана жүріп отырады; бостандыққа жау және соғыс қулық-сұмдық мүдделерін көздеп, қазір бостандықтың достары бола қалған адамдар осы әуре-сарсаң жағдайды пайдаланып қалуға сөзсіз әрекеттенетін болады. Бірақ осы өтпелі жағдай ұзаққа созылган сайын оның революцияшыл пролетариат пен шаруаларды толық және шешуші жеңіске сөзсіз жеткізетіні кәміл. Өйткені жұрттың бәрі кінәлаған және өз кінәсын мойындаған самодержавиенің осылай ұзаққа созылған іріп-шіруінен басқа еш нәрсе қала мен деревняның ең қараңғы бұқарасының санасын мұндай дәрежеде аша алмайды, одан басқа еш

нәрсе ең немқұрайды және ұйқы басқан адамдарды мұндай дәрежеде сергітпейді.

Соңғы саяси оқиғалар — почта-телеграф қызметшілерінің осы жаңа және ұлы стачкасы [64], армия ішіндегі, тіпті полиция ішіндегі наразылық пен революциялық ұйымның осы өсуі, Севастопольде санасы ашылмаған және тәртіп құрсауымен құрсалған әскердің бостандық армиясын осы жеңуі, мемлекеттік қағаз ақша құнының бұрын болып көрмеген түрдегі осы төмендеуі нені көрсетіп отыр? Олар самодержавиенің ақтық оқтарын шығарып жатқанын, өзінің соңғы резервтерін жұмсап жатқанын көрсетіп отыр. Шын берілген, буржуазиялық-қорқақ, революцияның аяқталуына буржуазиялықпен ынтызар болып отырған биржа, сол биржаның өзі Севастополь түбінде «жеңгендерге» сенбейді. Бұл оқиғалар революцияшыл халықтың өз жетістіктерін үнемі кеңейтіп отырғанын, жаңа күрескерлерді көтеріп, өз күштерін баулып отырғанын, ұйымын жақсартып, жеңіске қарай ілгері басып отырғанын, сел сияқты тоқтаусыз алға басып отырғанын көрсетеді.

Саяси ереуілдің қаруы жетілдіріліп келеді; қызметкерлердің жаңа топтары қазір осы қаруды меңгеруді үйреніп жатыр, қазіргі мәдениетті қоғам әлгі қызметкерлерсіз бір күн де өмір сүре алмайды. Армия мен полиция ішінде бостандықтың қажеттігін мойындау өсіп келеді, сөйтіп көтерілістің жаңа ошақтарын, жаңа Кронштадттар мен жаңа Севастопольдерді әзірлеп жатыр.

Севастополь түбінде жеңіске жеткендердің масайрауына негіз табыла қояр ма екен. Қырым көтерілісі жеңілді. Россия көтерілісі жеңілмейді.

Жұмысшы социал-демократтар өздеріне орасан зор жауапкершілік жүктейтін бұрынғыдан гөрі неғұрлым ұлы оқиғаларға әзірлене берсін!

Россия пролетариатын бүкіл дүние жүзінің социал-демократиялық пролетариатымен қоян-қолтық қол ұстаса отырып, тек берік топтасқан социал-демократиялық партия ғана жеңіске бастай алатыны есте болсын!

«Новая Жизнь» № 16,
18 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЖАУЛАРДАН ҮЙРЕНІҢДЕР

«Наша Жизньнің»[65] буржуазияшыл демократтары «марксизм мен барбаризмнің қойыртпағына» қарсы жорық бастады. Біз барлық саналы жұмысшыларға радикал демократтардың пікіріне мейлінше зер сала қарауға кеңес береміз.

Оқиғалардың саяси мәнін түсінуге олардың жауларының берген бағасынан басқа (әрине, бұл жаулар мүлдем ақымақ адамдар болмаса), еш нәрсе мұншалықты дәрежеде көмектесе алмайды.

«Наша Жизньге» «Россия СДРП-сы бір бөлігінің Петербург жұмысшы депутаттары Советімен күресі» немесе, дәлірек айтқанда, социал-демократтардың, газеттің өзі айтып отырғанындай, «бейпартиялық» таптық ұйымдарға қарсы күресі ұнамайды. Пролетарлар бірігуге тиіс,— дейді біздің радикалдар. Демек... демек, «саяси сенімдеріне қарамастан, *барлық* пролетариатты біріктіруге ұмтылып отырған» Совет қайраткерлерінің пікірі дұрыс болғаны ғой. Сөйтіп, радикалдар нақ өзіміздің *«тап күресі»* принципімізбен қайшылыққа келетініміз жөнінде біздерді масаттана әшкерелеп отыр.

Бейпартиялық жұмысшы ұйымын құруға тілектес немесе осы ниетке немқұрайды қарайтын жұмысшы жолдастар, жаулардан үйреніңдер! Маркс пен Энгельстің пролетариаттың бірігуінің өсуімен қатар, *саналылығының* да өсуіне қарай оның *тапқа айналуы* туралы айтатын «Коммунистік манифесін»[66] еске түсіріңіздер. Пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресі барлық

жерде жүріп жатқан және әрқашан болып келген, осыған қарамастан пролетариат бытыраңқы күйінде қалып келген, оның таңдаулыларын буржуазия сатып алып отырған, оның санасын капиталдың идеологтары азғындатып келген, оның күші жұмысшы бұқарасынан жұмысшы аристократиясының бөлініп кетуінен тозғындап келген Англия сияқты елдердің мысалын еске түсіріңіздер. Осының бәрін еске түсіріңіздер, жұмысшы жолдастар, сонда сіздер тек социал-демократиялық пролетариат қана өзінің *таптық* міндеттерін түсінген пролетариат деген сенімге келесіздер. Партиядан тыс болу жойылсын! Партиядан тыс болу әрқашан да және барлық жерде буржуазияның құралы мен ұраны болып келді. Біз, белгілі жағдайларда, сана-сезімі төмен пролетарлармен бірге, пролетарлық емес ілімдерді («социалист-революционерлердің» программасы) қабылдайтын пролетарлармен бірге жүре аламыз және бірге жүруге тиіспіз,— бірақ біз ешбір жағдайда да, ешқашан да өзіміздің қатаң партиялығымызды әлсіретпеуге тиістіміз, пролетариат арасындағы социал-демократияға душпандық — буржуазиялық көзқарастардың пролетариат арасындағы қалдығы екенін ешбір жағдайда, ешқашан ұмытуға да, ұмытуға мүмкіндік беруге де тиісті емеспіз.

«Новая Жизнь» № 16,
18 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КЕҢСЕШІЛДІК ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ІС

Құрылтай жиналысы туралы мәселе біздің революциялық қозғалысымызда табиғи түрде, сөзсіз алға қойылуға тиіс еді. Самодержавиелік Россияның ескі, крепостниктік мекемелерінің қалдықтарын түбегейлі жою үшін, жаңа, еркін Россияның тәртібін белгілеу үшін бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырудан басқа, тұтас, дәйекті жолды табуға болмайды. Рас, өмір тұтас, дәйекті ұрандарды әрдайым жүзеге асыра бермейді, ол алдын ала болжанбаған нәрселерді, түйіннің шешілуін қиындататын, шатыстыратын нәрселерді, ескіні жаңамен шатастыратын нәрселерді қашан да көптеп енгізіп отырады. Бірақ ескіні жоюды шынымен көксейтін, осы мақсатқа жете білетін адам құрылтай жиналысының маңызын айқын анықтауға тиіс, сөйтіп оны толық және қоспасыз күйінде жүзеге асыру үшін бар күшін салып күресуге тиіс.

Саналы пролетариаттың партиясы, социал-демократия, 1903 жылы екінші съезде қабылданған өз программасында-ақ құрылтай жиналысын шақыру талабын қойған-ды. «Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы,— дейді біздің программаның соңғы бөлімі,— өз тарапынан мынаған қатты сенеді: жоғарыда көрсетілген саяси және экономикалық өзгерістерді» (демократиялық мемлекеттік құрылыс орнату, еңбекті қорғау, т. т.) «самодержавиені құлату арқылы ғана және бүкіл халықтың ерікті түрде сайлаған құрылтай жина-

лысын шақыру арқылы ғана толық, дәйекті түрде, тиянақты етіп жүзеге асыруға болады» [67].

Біздің партиямыздың құрылтай жиналысын шақырудың тек бір ғана формальды шарттарына көңіл аударып қоймай, материалдық шарттарға да, яғни жиналысты шынымен бүкіл халықтық жиналыс ететін, құрылтай жиналысы ететін шарттарға да көңіл аударатындығы осы сөздерден айқын көрініп отыр. Жиналысты «құрылтай» жиналысы деп атау жеткіліксіз, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде сайланса да, іс жүзінде сайлау бостандығы қамтамасыз етілсе де, халық өкілдерін шақыру жеткіліксіз. Осы шарттардың бәрінің үстіне, құрылтай жиналысының жаңа тәртіптерді орнататын өкімет билігі мен күші де болуы керек. Жиналыс құрылтай жиналысы болып есептелгенімен, нақты күш пен өкімет билігі іс жүзінде оның қолында емес, ескі самодержавиелік өкіметтің қолында болған мысалдар революциялардың тарихынан белгілі. 1848 жылғы герман революциясы кезінде осылай болды, сондықтан да ол заманның «құрылтай» жиналысы, атышулы Франкфурт парламенті [68], жиреніштi «қысыр сөздің ордасы» деген жексұрын атаққа ие болды: бұл жиналыс бостандық туралы мылжыңдады, бостандық жөнінде декрет берді, ал бостандықты жоятын өкімет мекемелерін құртуға нақты шаралар қолданбады. Либерал буржуазияның бейшара мылжыңдарының осы бейшара жиналысының абыройсыз аяқталуы әбден табиғи нәрсе.

Қазір Россияда құрылтай жиналысын шақыру туралы мәселе күнделікті саяси мәселелермен қатар бірінші орында тұр. Сондықтан қазір бұл мәселенің нақты жағы көкейтесті маңыз алды. Ең маңыздысы құрылтай жиналысының шақырылатындығы не шақырылмайтындығы емес (бұған тіпті министр-маклер, Витте азаматтың өзі, бәлкім, ертең-ақ келісер), оның шынымен бүкіл халықтық жиналыс, шынымен құрылтай жиналысы болатын-болмайтындығында болып отыр.

Шынында да, біздің революцияның жаңа ғана басталғанына қарамастан, оның тәжірибесінің өзі-ақ жалпы алғанда сылдыр сөздер мен уәделер арқылы, жеке

алғанда құрылтай жиналысының ұраны арқылы қандай айла-әрекеттер жасауға болатынын айқын көрсетті. Земствошылар мен қала азаматтарының, «кадеттердің», жақында Москвада болып өткен съезін еске түсіріңіздер. Олардың: патша ағзамның бекітуімен конституция жасап шығару үшін құрылтай қызметін атқаратын Мемлекеттік дума болсын...— деген әйгілі тұжырымын еске түсіріңіздер. Тіпті буржуазиялық-демократиялық баспасөздің өзі бұл тұжырымның ішкі қайшылығы мен қисынсыздығын атап көрсетті. Ескі үкімет басшысының «бекітуімен» жаңа мемлекеттік тәртіп «құру»,— мұның мәнісі екі өкіметті, тепе-тең (қағаз жүзінде) екі жоғарғы өкіметті: көтеріліс жасаған халық өкіметі мен ескі самодержавиенің өкіметін заңдандыру деген сөз ғой. Олардың арасындағы теңдіктің сырт көзге ғана солай болып көрінетіні, олардың арасындағы «келісімнің» іс жүзінде белгілі бір жақ *күшінің* басымдылығы арқылы белгіленетіні түсінікті. Демек, либерал буржуалар ескі Россиядан жаңа Россияға көшу жөніндегі өзінің «мінсіз» жоспарында бір-біріне қарсы күресуші, бір-біріне жау тепе-тең екі күштің қатар өмір сүруін, яғни мәңгілік, шешімі жоқ күресті заңдастырып отыр.

Бұл қайшылықты жай ғана формальды логика тұрғысынан түсіндіруге болмайды. Бірақ мұны буржуазияның таптық мүдделерінің логикасы толық түсіндіреді. Буржуазия толық бостандықтан, толық демократизмнен қорқады, өйткені ол саналы, яғни социалистік пролетариаттың капитал үстемдігіне қарсы күрес үшін бостандықты пайдаланатынын біледі. Сондықтан буржуазия, шын мәнінде, халықтың толық бостандығын, толық самодержавиесін тілемейді, қайта реакциямен келісім жасасуды, самодержавиемен келісім жасасуды тілейді. Буржуазия бюрократияның үстемдігін емес, капиталдың үстемдігін қамтамасыз ету үшін парламентаризмді тілейді, сонымен қатар ол революцияны ақырына дейін жеткізбеу үшін, пролетариатты қаруландырмау үшін монархияны, тұрақты әскерді, бюрократияның кейбір артықшылықтарын сақтауды тілейді,— қару-жарақпен тікелей қаруланауды да, толық бостандықпен қаруланауды да қарулану деп түсінеді. Буржуазияның қайшы-

лықты таптық жағдайы самодержавие мен пролетариат арасында, тіпті белгілі бір жеке адамдардың еркі мен санасына да байланысы жоқ, «келісімнің» мағынасыз, қисынсыз тұжырымдарын сөзсіз туғызады. Құрылтай жиналысы жөніндегі ұран бос сөз болып қалды, бостандық үшін күреске шыққан пролетариаттың ұлы талабы жәдігөйдің айласына айналдырылды; буржуазия күресті жалдаптыққа ауыстырып, дүниедегі көзге көрінетіннің бәрін түгелімен осылай масқаралайды.

Фальборк пен Чарнолуский мырзалардың, ал онан соң Одақтар одағы орталық бюросының құрылтай жиналысын шақырудың «жобасын» жасағанын либералдар байсалды түрде мадақтап отырғанда, бұл либералдардың мәселені осылай сөзсіз жалған, алдамыштықпен қойып отырғанын «Наша Жизньдегі» радикал буржуалар түсінбейді. Мұндай «жобалар» жазу—жұртқа күлкі болу, мырзалар! Сіздер революцияны сатып кеткен «кадеттердің» жолымен кетіп бара жатырсыздар. Сіздер мынаны ұмытып отырсыздар: конституциялық бос қиял атаулының бәрі сияқты қағаз жүзіндегі жобалар да халықтың революциялық санасын аздырады, сөйтіп оның жауынгерлік жігерін әлсіретеді, өйткені мәселенің негізгі мәні бүркемеленеді, оның бүкіл қойылысы бұрмаланады. Сіздер саяси әліппенің насихатын жүргізіп отырған жоқсыздар ғой,— сіздер мәселені *практика жүзінде* қойып отырсыздар, «әсіре және баяу партиялар өкілдерінің» жобаны талқылауы жөніндегі өздеріңіз қозғап отырған іс сипатының өзі осыны көрсетеді. Мұның өзі маниловшылдық[69], буржуазиядан шыққан құрметті демократтар, өйткені сіздер, бір жағынан, құрылтай жиналысының мейлінше «толық» билігі болу керектігін мойындайсыздар, ал, екінші жағынан, әсіре партияларды «баяу партиялармен», яғни осындай толықтықты тілейтіндер мен оны тілемейтіндерді біріктіруге тырысасыздар.

Алдамшы бүркеніш жойылсын! Либералдық жалған сөздерге тойып болдық! Іргені аулақ салатын уақыт жетті. Оң жақта — самодержавие мен либерал буржуазия, оларды іс жүзінде бірыңғай, толық, тұтас өкімет билігін түгелдей құрылтай жиналысына бергісі келмей-

тін ниеттері топтастырып отыр. Сол жақта — социалистік пролетариат пен революцияшыл шаруалар немесе, кеңірек айтқанда, барлық революциялық буржуазиялық демократия. Бұлар құрылтай жиналысы өкімет билігіне толық ие болуын тілейді. Бұлар осы мақсат үшін жауынгерлік одақ жасаса алады, жасасуға тиіс те, бірақ, әрине, олар бір-бірімен қосылып кетпеу керек. Бұларға қағаз жүзіндегі жобалар емес, жауынгерлік шаралар керек, кеңсе жұмысын ұйымдастыру емес, бостандық жолындағы жеңімпаз күресті ұйымдастыру керек.

«Новая Жизнь» № 18,
20 ноябрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің текстi бойынша басылып отыр

КҮНІ САНАУЛЫ САМОДЕРЖАВИЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ӨКІМЕТІНІҢ ЖАҢА ОРГАНДАРЫ [70]

Көтеріліс өрістеп келеді. Виттенің самодержавиелік үкіметінің дәрменсіздігі, сасқалақтауы, іріп-шіруі ұлғайып келеді. Халықтың нағыз алуан түрлі топтарын, жіктері мен таптарын ұйымдастыру, революциялық күштер мен контрреволюциялық күштерді ұйымдастыру кеңейе де кеулей өсіп келеді.

Қазіргі жағдай осындай. Оны: революцияны ұйымдастыру және жұмылдыру деген сөздермен бейнелеуге болады. Севастопольде болған теңіздегі шайқастан кейін, іле-шала, Воронеж бен Киевте жаяу әскермен шайқас болды. Осы соңғы қалада болған қарулы көтеріліс, сірә, ілгері қарай тағы бір адым, революциялық армияның революцияшыл пролетариат пен студенттерге қосылуына қарай бір адым жасайтын болса керек. Мұны, қала берді, көтеріліс жасаған солдаттардың сапер батальонының күзетуімен Киев политехникалық институтында болған, 16 000 адам қатысқан митинг туралы «Русьтің» хабары дәлелдейді.

Мұндай жағдайларда самодержавиемен келісім жасауды бүкіл жан-тәнімен көксеп отырған либерал буржуазияның да шыдамы таусыла бастайтындығы, «ұлы» акробат Виттеге де сенуден қала бастайтындығы, сөзсіз қажет болып отырған төңкерісті жүзеге асыра алатын күш іздеп солға қарай жалтақтай бастайтындығы әбден табиғи нәрсе.

Осы тұрғыдан алғанда «Русьтің» позициясы өте-мөте ғибрат аларлықтай. «Оқиғалардың 17 октябрьдің алдын-

да болғаны сияқты селге айнала бастағанын» газет айқын көріп отыр. Міне, сондықтан ол, бір жағынан, сасқалақтауда, дәрменсіздік көрсетуде, бейшара болуда самодержавиелік үкіметтен кем түспей отырған бәз-баяғы земствошыларға сөз салады. «Русь» земствошыларды «кешеуілдемеуге» және «төніп келе жатқан оқиғаларға қатысуға», «бұл оқиғаларды елге қатты тимейтін, неғұрлым зиянсыз, неғұрлым қолайлы формаларға аударуға» шақырып отыр. Екінші жағынан, сол «Русь» «Словомен» [71] таласады, сөйтіп «қазіргі жағдайларда қазіргі үкіметтің Мемлекеттік думаны шақыра алатынына ешкім сенбейді» деп мәлімдейді. «Қазір,— дейді «Русь»,— Думаны шақыра алатын үкіметті құру туралы ойлау керек».

Сонымен, либерал буржуазия революцияшыл пролетариаттың тегеурінімен солға қарай тағы бір қадам басып отыр. Кеше ол Виттемен саудаласу ниетін білдірді, сөйтіп оған шартты сенім білдіруге дауыс (земство съезінде) берді. Бүгін Виттеге сенім жойылып, капитал жаңа үкіметті талап етіп отыр. «Русь» азаттық жолындағы партиялардың бәріне депутаттардың бүкіл халықтық ерекше советін құруды ұсынады, оның айтуынша бұл совет «егер үкімет әлі де (!!!) өзінің жұмысқа қабілеттілігін көрсететін болса, оған әсер ететін күшті құрал және үкімет әбден қабілетсіз болып, күйрей қалған жағдайда оның міндетін уақытша өз қолына алу үшін халық өкіметінің бұрыннан әзір тұрған органы» болар еді.

Күйреген үкіметтің міндетін уақытша өз қолына алатын халық өкіметінің органы қарапайым, айқын орыс тілінде революциялық уақытша үкімет деп аталады. Мұндай үкімет уақытша үкімет болуға тиіс, өйткені бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырумен оның уәкілдігі бітеді. Мұндай үкімет революциялық үкімет болуға тиіс, өйткені ол күйреген үкіметті ауыстырады, оны революцияға сүйеніп ауыстырады. Ал үкіметті ауыстырудың өзі революциялық жолдан басқа жолмен болуы мүмкін емес. Бұл үкімет «халық өкіметінің органы» болуға тиіс, сөйтіп халық қойған талаптарды барлық жерде жүзеге асыруы керек және самодержавие

мен қаражүздіктердің ескі «өкімет органдарының» бәрін және барлық жерде бірдей халық өкіметінің органдарымен сол мезетте, дереу ауыстыруы керек — яғни не революциялық уақытша үкіметтің уәкілдерімен, не сайлау мүмкіндігі болған жағдайдың бәрінде, әлбетте, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру жолымен сайланған уәкілдермен ауыстыруы керек.

Либерал монархиялық буржуазияның революциялық уақытша үкімет идеясына келгеніне біз өте қуаныштымыз. Біз бұған либералдарды революция жағына өтті деп санағандықтан, кенеттен олардың адалдығына, тұрақтылығына, дәйектілігіне сенгендіктен қуанып отырған жоқпыз. Жоқ, біз бұған мұның өзі революция күшінің анық, күмәнсыз белгісі болғандықтан қуанып отырмыз. Демек, қазір тіпті либерал монархиялық буржуазияның өзі революциялық уақытша үкіметтің пайда болу қажеттігін мойындап отырса, онда революцияның күшке айналғаны ғой.

Сатып алушының сатушыны басқа дүкенге кетіп қалам деп қорқытатыны сияқты, либералдардың мұндай үкіметтің мекемелерін құруды тілейтінінен гөрі, ол мекемелер арқылы самодержавиені көбірек қорқытып отырғанын біз, әрине, ұмытпаймыз. Витте мырза, бізбен мәмлеге келіңіз, әйтпесе біз революциялық уақытша үкіметке, «депутаттардың жалпы советі» немесе «депутаттардың бүкіл халықтық советі» деп «құлаққа жағымды» айтылатын үкіметке кетеміз! «Русьтің» Витте үкіметін халық өкілдерін шақыруға қабілетсіз деп жариялап, сонымен қатар бұл үкімет *«әлі де* өзінің жұмысқа қабілеттілігін көрсетуі» мүмкіндігін бір ауыздан айтуының қисынсыздық, мағынасыздық болып көрініп отырғанын тек әлгі қайта-қайта саудаласа беру ниеті арқылы ғана түсіндіруге болады.

Жоқ, либерал мырзалар, қазір қулық-сұмдық жүзеге асатын, екіжүзділік әшкереленбей қалатын заман емес! Бостандықты әжуалау үшін, бостандықты масқаралау үшін бостандық беруге (17 октябрьде) уәде еткен самодержавиемен халық күресіп жатыр. Революциялық уақытша үкімет дегеніміз бостандық үшін күресіп жатқан халықтың органы. Бостандықты аяққа басып отырған

үкіметке қарсы бостандық жолында күресу дегеніміз (бұл күрестің белгілі бір даму сатысында) қарулы көтеріліс, ол қазір Россияда барлық бағыттар бойынша жүріп жатыр. Революциялық уақытша үкімет дегеніміз көтеріліс жасаушылардың бәрін біріктіретін және көтеріліске саяси басшылық ететін көтеріліс органы. Сондықтан революциялық уақытша үкіметтің болу мүмкіндігі мен қажеттігі туралы айтып, сонымен қатар ауыстырылуы керек ескі үкіметпен келісім жасасуға жол беру — не шатастыру, не сатқындық жасау деген сөз. Шынында да, «Русьтің» публицист мырзалары, ойланыңыздаршы: революцияны жақтаушылардың арасынан ескі үкіметтің «жұмыс істеу қабілеттілігіне» сенетін және онымен саудаласуға жасырын есіктен үкіметке барғыштап жүрген партия адамдарын немесе өкілдерін революциялық уақытша үкіметтің құрамына еркімен қабылдайтын ақымақтар қалайша табыла қояр екен? Ойланыңыздаршы: егер орыс армиясы Маньчжурияның патриот жастарын өз қатарына қосқан болса, ұтар ма еді әлде ұтылар ма еді? Сірә, ұтылар еді, өйткені маньчжуриялық патриоттар россиялықтарды жапондықтарға сатып кеткен болар еді. Сондықтан егер «патриоттар», ақшалы қапшықтың монархиялық ниеттегі патриоттары (яғни либерал буржуалар) Россияның революцияшыл халқын Виттенің самодержавиесіне сатып кететін болса, онда халық ұтылады.

Революциялық уақытша үкімет либерал буржуазия үшін самодержавиені жай қорқыту бола берсін. Социалистік пролетариат үшін, революцияшыл шаруалар үшін және бостандық жолындағы күресте олардың жағына батыл, біржола шығатын барлық адамдар үшін мұның өзі ұлы да елеулі міндет, ал бұл міндет күн өткен сайын көкейтесті міндетке айналып отыр. Октябрь революциясы, кейінгі әскери көтерілістерге байланысты, самодержавиені қатты әлсіреткені сонша, жаңа халықтық өкіметтің органдары саяси стачка арқылы көпсітілген, бостандық жолындағы күрескерлердің қанымен тыңайтылған жерде өзінен-өзі өсіп келеді. Бұл органдар — жұмысшылардың, шаруалардың, шынымен революциялық күрес жүргізіп отырған басқа да халықтық

элементтердің революциялық партиялары мен жауынгер ұйымдары. Бұл органдар социалистік пролетариаттың революциялық ұсақ буржуазиямен одақтасуын іс жүзінде жүзеге асырады. Осы жауынгер одақты біз енді кеңейтуге, нығайтуға, қалыптастыруға, топтастыруға тиіспіз, сөйтіп жаңа өкіметтің органдарын 17 октябрьдің келешекте қайталануына әзір тұратын ету керек, бүкіл Россия бойынша бостандық жолындағы күрескерлердің бәрі сол кезде дереу саяси өзгерістер жасаудың ортақ программасын ұсынуы керек, олар сатқындардың бәрінен, ауытқушылардың бәрінен, бос тілмарсушылардың бәрінен іргесін аулақ салып, ұйымдасқан, ұстамды, өз мақсатын айқын түсінген болуы керек. Біз үшін, социалистік пролетариаттың өкілдері үшін, алдағы болатын демократиялық төңкеріс — социалистік төңкерістің ұлы мақсатына қарай жасалған қадамдардың бірі ғана. Осыны еске ұстай отырып, біз қаншалықты адал, революциялық, күшті болғанымен, ұсақ буржуазиялық партиялармен немесе топтармен ешқашан да бірігіп кете алмаймыз; біз социализмге баратын жолда жұмысшы мен қожайынсымақтың бір-бірінен сөзсіз талай рет ажырасатынын жақсы білеміз. Бірақ, атап айтқанда, социализм мүдделері үшін, біз енді демократиялық төңкерістің тезірек, толығырақ, батылырақ жүзеге асырылуына бар күшімізді саламыз. Бұл үшін біз өзіміздің таяудағы ортақ саяси мақсатымызға жету жолында бүкіл революциялық демократиямен уақытша жауынгерлік одақ жасаймыз және жасап отырмыз. Біз бұл үшін, өзіміздің партиялық ерекшелігіміз бен дербестігімізді қатаң сақтай отырып, жұмысшы депутаттарының Советтеріне де, басқа революциялық одақтарға да кіреміз. Халық өкіметінің жаңа органдары жасасын! Халық өкіметінің бірыңғай, жоғарғы, жеңімпаз органы жасасын!

Ал радикал буржуаға қоштасарда біз мынаны айтамыз. Сіздер, мырзалар, халық өкіметінің органдары туралы бос көкіп жүрсіздер. Күш қана өкімет бола алады. Қазіргі қоғамда пролетариат бастайтын қаруланған халық пен қаруланған пролетариат қана күш бола алады. Егер бостандыққа тілектестік құр сөзбен дәлелденетін болса, онда, бәлкім, 17 октябрь манифесінің автор-

ларын да бостандықты жақтаушылар деп есептеуге тура келер еді. Егер мұны іспен дәлелдеу керек болса,— онда қазір мұндай бірден-бір іс — жұмысшылардың қарулануына көмектесу, нағыз революциялық армияны құруға, ныгайтуға көмектесу болып табылады. Таңдаңыздар, мырзалар: не болмашы бостандықты жалбарынып сұрау үшін, бостандықты күзей қысқартуға бола саудаласу үшін Витте мырзаның қабылдау бөлмесіне барыңыздар,— немесе толық бостандық жолында шексіз берілгендікпен күресу үшін «халық өкіметі органдарына», немесе революциялық уақытша үкіметке барыңыздар. Таңдаңыздар!

«Новая Жизнь» № 19,
23 ноябрь, 1905 ж
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің текстi бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ АНАРХИЗМ

Жұмысшы депутаттары Советінің Атқару комитеті кеше, 23 ноябрьде, анархистердің өз өкілдеріне Атқару комитеті мен жұмысшы депутаттарының Советіне қатысуға рұқсат ету туралы өтінішін қабылдамауға қаулы алды. Бұл қаулының алыну себебін Атқару комитетінің өзі былайша баяндайды: «1) анархистер саяси күресті өз мұраттарына жетудің құралы деп танымайтындықтан, бүкіл халықаралық практикада съездер мен социалистік конференциялардың өз құрамында анархистерден өкілдер болып көрген емес; 2) өкілдік тек партиядан ғана бола алады, ал анархистер партия емес».

Біз Атқару комитетінің шешімін өте зор әрі принципті және практикалық-саяси маңызы бар мейлінше дұрыс қадам деп санаймыз. Егер жұмысшы депутаттарының Советін жұмысшылардың парламенті немесе пролетариаттың өзін өзі басқару органы деп қарайтын болсақ, онда анархистерді қатыстырудан бас тарту, әрине, теріс болар еді. Біздің жұмысшылар арасында анархистердің ықпалы қаншама аз болғанмен де (бағымызға қарай), дегенмен олардың жағында бірқатар жұмысшылардың бар екендігі сөзсіз. Анархистер партия ма, немесе ұйым ба, немесе топ па, немесе бір пікірлестердің ерікті одағы ма, бұл — елеулі принципті маңызы жоқ, формальды мәселе. Ақырында, егер анархистер саяси күресті теріске шығара отырып, саяси күресті жүргізіп отырған мекемеге кіруге өздері сұранатын болса, онда мұндай сорақы дәйексіздік, әрине, анархистердің дүние

танымы мен тактикасының мейлінше тұрлаусыздығын тағы да көрсетеді. Бірақ тұрлаусыздығы үшін «парламенттен» немесе «өзін өзі басқару органынан» шығарып тастауға, әрине, болмайды.

Атқару комитетінің шешімі, біздінше, әбден дұрыс және бұл мекеменің міндеттеріне, оның сипаты мен құрамына эсте де қайшы келмейді. Жұмысшы депутаттарының Советі жұмысшы парламенті емес, пролетарлық өзін өзі басқару органы да емес, жалпы өзін өзі басқару органы емес, белгілі бір мақсаттарға жету үшін керекті айбынды ұйым.

Бұл айбынды ұйымға, әлі қалыптасып болмаған, уақытша жасалған жауынгерлік келісім негізінде, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының (пролетарлық социализм партиясының), «социалист-революционерлер» партиясының окілдері (ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілдері немесе революциялық буржуазиялық демократияның барып тұрған солшылдары), ақырында, «партияда жоқ» көптеген жұмысшылар кіреді. Алайда, бұл соңғылар жалпы партияда жоқтар емес, тек партияда жоқ революционерлер ғана, өйткені олар түгелдей революцияға іш тартады, революцияның жеңіп шығуы үшін олар шексіз энтузиазммен, ынта-жігермен және жан қиярлықпен күреседі. Сондықтан Атқару комитетіне революцияшыл шаруалардың өкілдерін де енгізу әбден табиғи нәрсе болады.

Шын мәнінде жұмысшы депутаттарының Советі социалистер мен революцияшыл демократтардың қалыптасып болмаған кең түрдегі айбынды одағы болып табылады, оның бер жағында «партияда жоқ революцияшылдық», әрине, осы екеуінің арасындағы толып жатқан өтпелі сатыларды бүркемелеп отырады. Саяси стачкаларды және халықтың орасан көпшілігі мойындаған, мақұлдаған, көкейтесті, демократиялық талаптарды орындау жолындағы күрестің басқа неғұрлым белсенді формаларын жүргізу үшін мұндай одақтың қажеттігі айдан анық. Мұндай одақта анархистер плюс емес, минус болады; олар тек қана іріткі салады; осы арқылы олар жалпы тегеуріннің күшін әлсіретеді; мұның үстіне олар саяси өзгерістердің қажеттігі мен маңыздылығы

туралы әлі де «таласуы мүмкін». Анархистерді, былайша айтқанда, біздің демократиялық революцияны жүзеге асыратын айбынды одақтан шығару осы революция тұрғысынан да, мүдделері жағынан да өте қажет. Айбынды одақтың мақсаты үшін күрескен адам ғана осы айбынды одақта бола алады. Мысалы, егер «кадеттер» немесе «праволық тәртіп партиясы» [72] өздерінің Петербург ұйымдарына бірнеше жүз жұмысшыларды тартқан болса да,— жұмысшы депутаттары Советінің Атқару комитеті ондай ұйымдардың өкілдеріне өзінің есігін аша қояр ма екен.

Атқару комитеті өзінің шешімін түсіндіргенде халықаралық социалистік съездердің практикасына сүйенеді. Біз бұл мәлімдемені қызу құптаймыз, мұның өзі жұмысшы депутаттарының Петербург Советі органының халықаралық социал-демократияның идеялық басшылығын мойындағаны болып табылады. Россия революциясы қазірдің өзінде халықаралық маңыз алып отыр. Россиядағы революцияның дұшпандары қазірдің өзінде II Вильгельммен, Европадағы барлық сұмырайлармен, зорлықшылдармен, жексұрындармен, қанаушылармен бірге азат Россияға қарсы заговор жасап отыр. Өз революциямыздың толық жеңіп шығуы Россияның революцияшыл пролетариатының барлық елдердің социалистік жұмысшыларымен одақтасуын талап ететінін біз де естен шығармаймыз.

Халықаралық социалистік съездер анархистерді қатыстырмау туралы бекерден-бекер шешім қабылдаған жоқ. Социализм мен анархизм арасында түпсіз тұңғиық жатыр; тыңшы полицияның арандатушы агенттері немесе реакциялық үкіметтердің газетші малайлары оны жоққа шығаруға босқа тырысып жүр. Анархистердің дүние танымы дегеніміз өңін айналдырған буржуазиялық дүние таным. Олардың жекешілдік теориялары, олардың жекешілдік мұраты социализмге тікелей қарама-қарсы келеді. Олардың көзқарастары пәрменді жігермен еңбекті қоғамдастыруға бағыт алып отырған буржуазиялық құрылыстың болашағын бейнелемейді, қайта бұл құрылыстың қазіргісін, тіпті бұрынғысын бейнелейді, бытыраңқы, жеке, ұсақ өндірушіге кездейсоқ

оқиғаның үстемдік етуін көздейді. Олардың саяси күресті теріске шығаруға әкеліп саятын тактикасы пролетарлардың қатарын ыдыратады, сөйтіп оларды іс жүзінде белгілі бір буржуазиялық саясаттың енжар қатысушыларына айналдырады, өйткені жұмысшыларды саясаттан шыпымен шеттету мүмкін емес және жүзеге аспайды да.

Қазіргі Россия революциясында пролетариаттың күшін топтастыру, оны ұйымдастыру, жұмысшы табын саяси жағынан оқытып, тәрбиелеу міндеті ерекше қатаң түрде алға қойылып отыр. Қаражүздік үкімет неғұрлым жүгенсіздік жасаған сайын, оның агент-арандатушылары қараңғы бұқараның алаңғасарлық желіктерін қоздыру жөнінде неғұрлым құлшынып жұмыс істеген сайын, тірідей іріп-шіріп бара жатқан самодержавиені жақтаушылар талан-таражға салуды, ойрандауды, қалтарыста өлтіріп кетуді ұйымдастыру арқылы, аш-жалаңаштарды арақ ішкізіп алдау арқылы революцияның беделін түсіру әрекетіне неғұрлым жанталаса жабысқан сайын,— ұйымның осы міндеті, ең алдымен социалистік пролетариаттың партиясына жүктелетін осы міндет соғұрлым маңызды бола түседі. Сондықтан біз орыс жұмысшыларына анархистердің ықпалы осы күнге дейін қаншалықты болмашы болып келсе, соншалықты болмашы болып қалуы үшін идеялық күрестің барлық құралдарын қолданамыз.

1905 ж. 24 ноябрьде
(7 декабрьде) жазылған

1905 ж. 25 ноябрьде
«Новая Жизнь»
газетінің 21-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша
басылып отыр

СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯ ЖӘНЕ БЕЙПАРТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҚ

I

Россиядағы революциялық қозғалыс халықтың жаңа жіктерін үсті-үстіне тез қамтып, толып жатқан бейпартиялық ұйымдар құрып отыр. Бірігудің керектігі оны неғұрлым ұзақ жаныштап, қуғындаған сайын, соғұрлым мейлінше айқып біліпіп отыр. Ұйымдар белгілі бір түрде, көбінесе қалыптасып болмаған түрде, әрқашан пайда болып отырады, оның бер жағында олардың сипаты өте-мөте ерекше болады. Бұларда европалық ұйымдардың шеңберлері сияқты айқып шеңберлер жоқ. Кәсіпшілік одақтары саяси сипат алып отыр. Саяси күрес экономикалық күреспен қосылып,— мысалы, стачка түрінде,— уақытша немесе азды-көпті тұрақты ұйымдардың қосылған формаларын құрып отыр.

Бұл құбылыстың маңызы қандай? Бұған социал-демократияның кезқарасы қандай болуға тиіс?

Қатаң партиялық дегеніміз жоғары дамыған тап күресінің серігі мен нәтижесі. Ал, мұның керісінше, ашық, кең көлемді тап күресінің мүдделері үшін қатаң партиялықты дамыту қажет. Сондықтан саналы пролетариат партиясының, социал-демократияның, бейпартиялықпен әрқашан күресіп отыруы, принципті ұстамды, берік топтасқан социалистік жұмысшы партиясын құру жолында үздіксіз жұмыс жүргізуі әбден заңды. Капитализмнің дамуы бүкіл халықты таптарға қаншалықты терең бөліп, олардың арасындағы қайшылықты шиеленістірген сайын, бұл жұмыс бұқара ішінде соншалықты нәтижелі болады.

Россиядағы қазіргі революция бейпартиялық ұйымдарды соншалық көп туғызды және туғызып отыр, бұл әбден түсінікті. Бұл революция — демократиялық революция, яғни өзінің қоғамдық-экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық революция. Бұл революция самодержавиелік-крепостниктік құрылысты құлатады, буржуазиялық құрылысты оның өктемдігінен азат етеді, сөйтіп буржуазиялық қоғамның барлық таптарының талаптарын жүзеге асырады, сондықтан осы мағынада жалпы халықтық революция болады. Әрине, бұл біздің революция таптық революция болмасын деген сөз емес; әрине, олай дегендік емес. Бірақ бұл революция буржуазиялық қоғам тұрғысынан алғанда күні өтіп кеткен және күні өтіп бара жатқан, бұл қоғамға жат, оның дамуына кедергі жасайтын таптар мен касталарға қарсы бағытталады. Бірақ елдің бүкіл шаруашылық өмірі өзінің негізгі белгілері жағынан қазірдің өзінде буржуазиялық қалыпқа айналып отырғандықтан, халықтың орасан зор көпшілігі қазірдің өзінде іс жүзінде буржуазиялық жағдайда тіршілік етіп, өмір сүріп отырғандықтан, революцияға қарсы элементтер саны өте болмашы, «халықпен» салыстырғанда шынында да «ат төбеліндей» болатыны табиғи нәрсе. Сондықтан буржуазиялық революцияның таптық сипаты сырттай қарағанда буржуазиялық қоғамның барлық таптарының самодержавие мен крепостниктік құрылысқа қарсы күресінің «жалпы халықтық», таптық емес сипатта көрінуі сөзсіз.

Буржуазиялық революцияның заманы Россияда да, басқа елдердегі сияқты, капиталистік қоғамның таптық қайшылықтарының біршама мешеулігі арқылы ерекшеленеді. Рас, Россияда капитализмнің дамуы, 1789 жылғы Франция туралы айтпағанның өзінде, 1848 жылғы Германиядағыдан қазір әлдеқайда жоғары, бірақ таза капиталистік қайшылықтар бізде «мәдениеттік» пен азиаттықтың, европеизм мен татаршылдықтың, капитализм мен крепостниктіктің қайшылықтары арқылы әлі де өте-мөте күшті бүркемеленіп отырғанына күмән жоқ, яғни бірінші кезекке мынадай талаптар қойылып отыр, олардың орындалуы капитализмді дамытады, оны феодализмнің күл-қоқыстарынан тазартады, пролетариат-

тың да, буржуазияның да өмір сүруі мен күресуінің жағдайларын жақсартады.

Шынында да, егер қазір Россияда әрбір заводта, әрбір кеңседе, әрбір полкта, городовойлардың әрбір командасында, әрбір епархияда, әрбір оқу орнында, т. т. және т. с. есепсіз көп жазылып жатқан талаптарға, аманаттарға, doléances *-ке зер салатын болсақ, онда біз олардың орасан көпшілігінің, егер осылай деуге болса, таза «мәдени» талаптар екенін оп-оңай көреміз. Мен былай дегім келеді: мұның өзі ерекше таптық талаптар емес, жай ғана праволық талаптар, капитализмді қиратпайтын, қайта, керісінше, оны европеизм шеңберіне енгізетін, капитализмді крепостниктік правоның варварлығынан, тағылығынан, парақорлығынан және басқа да «орыстық» қалдықтарынан тазартатын талаптар. Шынына келгенде, көптеген жағдайларда пролетарлық талаптар да капитализм шеңберінде толық жүзеге асырылатын өзгерістермен шектеле береді. Россия пролетариатының қазір, дереу қойып отырған талаптары капитализмді әлсірететін талаптар емес, қайта оны тазартатын, оның дамуын тездетіп, күшейтетін талаптар.

Әрине, пролетариаттың капиталистік қоғамдағы ерекше жағдайы мынаған әкеп соғады: жұмысшылардың социализмге ұмтылуы, олардың социалистік партиямен одақ жасауы қозғалыстың ең бастапқы сатыларында-ақ стихиялық күшпен жарыққа шығады. Бірақ социалистік талаптардың өзі әлі де алда тұр, ал күн тәртібінде — саясатта жұмысшылардың демократиялық талаптары, экономикада капитализм шеңберлеріндегі экономикалық талаптар тұр. Былайша айтқанда, тіпті пролетариаттың өзі революцияны программа-максимум шеңберінде емес, программа-минимум шеңберінде жасайды. Шаруалар туралы, халықтың осы орасан зор, сан жағынан бәрінен басым бұқарасы туралы айтпаса да болады. Оның «программа-максимумы», оның түпкілікті мақсаттары капитализм шеңберінен шықпайды, ал капитализм барлық жер бүкіл шаруалар мен бүкіл халықтың қолына көшкен кезде бұрынғыдан да гөрі кең және

* — шағымдар. *Ред.*

толық етек алатын болады. Біздің мещандық социализмнің көлгірсіген рыцарьларының әсершіл құлағына бұл сөздер қаншалықты «жәбірлі» болып тигенімен,— шаруалар революциясы дегеніміз қазіргі уақытта буржуазиялық революция.

Болып жатқан революцияның бейнеленген сипаты бейпартиялық ұйымдар туғызады, бұл әбден табиғи нәрсе. Сырттай қарағанда бейпартиялықтың таңбасы, бейпартиялықтың көрінісі мұндай жағдайда бүкіл қозғалыс арқылы сөзсіз пайда болады,— бірақ, әрине, тек сыртқы көрініс қана. «Адамзаттық», мәдени өмір, бірігу керектігі, өзінің адамгершілік қасиетін, өзінің адамдық, азаматтық праволарын қорғаудың керектігі жұрттың бәрін бірдей қамтиды, барлық таптарды біріктіріп, орасан зор партиялық атаулының бәрін басып озады, партиялыққа дейін әлі де көтеріле алмайтын адамдарды сергітеді. Таяудағы қарапайым-қажетті праволар мен реформалардың маңыздылығы, былайша айтқанда, келешектегі бірдеңелер жөніндегі ойлар мен пікірлерді кейінге ығыстырады. Болып жатқан күреске елігу, қажетті, заңды түрде елігу, мұнысыз күрестің табысты болуы мүмкін емес, осы таяудағы, қарапайым мақсаттарды дәріптеуге мәжбүр етеді, оларды жақсы жағынан бейнелейді, кейде тіпті оларды фантастикалық костюмге орайды; қарапайым демократизм, әдеттегі буржуазиялық демократизм социализм деп ұғылып, социализмнің «ведомствосы бойынша» есепке алынады. Кез келгеннің бәрі бейне бір «бейпартиялық» сияқты; кез келгеннің бәрі бір ғана «азаттық» (іс жүзінде: бүкіл буржуазиялық қоғамды азат етуші) қозғалысқа келіп қосылатын сияқты көрінеді; кез келгеннің бәрі «социализмнің» жеңіл, болмашы өңін алады, мұның бәрі әсіресе социалистік пролетариаттың демократиялық күрестегі алдыңғы қатарлы ролінің арқасында болады.

Мұндай жағдайларда бейпартиялықтың идеясы белгілі бір уақытша жеңістерге жетпей қоймайды. Бейпартиялық сәнге айналған ұран болмай қоймайды,— өйткені сән қуу өмірдің артынан бейшаралықпен сүйретіліп еріп отырады, ал атап айтқанда, бейпартиялық ұйым, бейпартиялық демократизм, бейпартиялық стачкашыл-

дық, бейпартиялық революцияшылдық саяси үстірттіктің нағыз «дағдылы» құбылысы сияқты болып көрінеді.

Қазір мынандай сұрақ туып отыр: түрлі таптардың өкілдері, оларды жақтаушылар бейпартиялықтың әлгі фактісіне және бейпартиялықтың әлгі идеясына қалай қарауға *тиіс?* — бұған субъективті мағынада емес, объективті мағынада қарауға тиіс, яғни бұған қалай қараған жөн деген мағынада емес, түрлі таптардың мүдделері мен көзқарастарына байланысты бұл факт жөнінде қандай көзқарастың сөзсіз қалыптасатындығы мағынасында қарауға тиіс.

II

Біздің бұрын көрсетіп өткеніміз сияқты, бейпартиялық дегеніміз біздің революциямыздың буржуазиялық сипатының нәтижесі — немесе, егер керек десеңіз, оның көрінісі. Буржуазияның бейпартиялыққа бүйрегі бұрмай тұра алмайды, өйткені буржуазиялық қоғамның бостандығы үшін күресушілердің арасында партиялардың болмауы осы буржуазиялық қоғамның өзіне қарсы жаңа күрестің жоқ екенін көрсетеді. Кімде-кім бостандық үшін «бейпартиялық» күрес жүргізсе, ол не бостандықтың буржуазиялық сипатын мойындамайды, не осы буржуазиялық құрылысты қастерлейді, не оған қарсы күресті, оның «кемелденуін» грек календыларына [73] дейін кейін қалдырады. Ал, мұның керісінше, кімде-кім саналы немесе санасыз түрде буржуазиялық тәртіпті жақтайтын болса, бейпартиялық идеясына іш тартпай отыра алмайды.

Тапқа бөлінуге негізделген қоғамда бір-біріне жау таптардың арасындағы күрес өзінің белгілі бір даму сатысында, сөз жоқ, саяси күреске айналады. Партиялардың күресі таптардың саяси күресінің ең тұтас, толық және қалыптасқан көрінісі болып табылады. Бейпартиялық дегеніміз партиялардың күресіне немқұрайды қараушылық. Бірақ бұл немқұрайдылық күрес жөнінде бейтарап болу, қалыс қалу емес, өйткені тап күресінде бейтарап қалушылардың болуы мүмкін емес;

капиталистік қоғамда өнімдерді немесе жұмыс күшін айырбастауға қатысудан «қалыс қалуға» болмайды. Ал айырбас экономикалық күресті, ал онан кейін іле-шала саяси күресті туғызбай қоймайды. Сондықтан күреске немқұрайды қарау іс жүзінде күрестен шеттеу, одан қалыс қалу немесе бейтарап қалу болып табылмайды. Немқұрайдылық дегеніміз кім күшті болса — соны, кім үстемдік етіп отырса — соны үн-түнсіз қолдау деген сөз. Кімде-кім Россияда октябрь революциясы кезінде самодержавиенің құлағанына дейін оған немқұрайды қараған болса, ол самодержавиені үн-түнсіз қолдады. Кімде-кім қазіргі Европада буржуазияның үстемдігіне немқұрайды қарайтын болса, ол буржуазияны үн-түнсіз қолдап отыр. Кімде-кім бостандық жолындағы күрестің буржуазиялық сипаты туралы идеяға немқұрайды қараса, ол бұл күресте буржуазияның үстемдігін, туып келе жатқан азат Россияда буржуазияның үстемдік етуін үн-түнсіз қолдайды. Саяси енжарлық дегеніміз саяси тоқмейілсігендік. Тоқ адам бір үзім нанға «енжар», «немқұрайды» қарайды; аш адам бір үзім нан жөніндегі мәселеде әрқашан да «партиялық» адам болады. Бір үзім нан жөніндегі «енжарлық пен немқұрайдылық» адамның нанға мұқтаж болмағанын көрсетпейді, адамның нанмен әрқашан қамтамасыз етілгенін, оның нанға ешқашан мұқтаж болмайтынын, оның тоқ адамдардың «партиясында» берік орнығып алғанын көрсетеді. Буржуазиялық қоғамдағы бейпартиялық дегеніміз өзінің тоқ адамдардың партиясына, үстемдік етушілердің партиясына, қанаушылар партиясына жататынын екіжүзді, астарлы, енжар түрде көрсету ғана.

Бейпартиялық дегеніміз буржуазиялық идея. Партиялық дегеніміз социалистік идея. Бұл қағиданы, жалпы және тұтас алғанда, барлық буржуазиялық қоғамға қолдануға болады. Әрине, осы жалпы ақиқатты әрбір жеке мәселелер мен жеке жағдайларға қолдана білу керек. Бірақ бүкіл буржуазиялық қоғам крепостниктік тәртіп пен самодержавиеге түгелдей қарсы шығып отырған осындай уақытта бұл ақиқатты ұмыту — буржуазиялық қоғамды социалистік тұрғыдан сынаудан іс жүзінде мүлде бас тарту деген сөз.

Орыс революциясы, өз дамуының әлі де бастапқы кезеңінде тұрғанына қарамастан, баяндалған жалпы пікірлерді дәлелдеу үшін қазірдің өзінде-ақ аз материал беріп отырған жоқ. Қатаң партиялықты тек социал-демократия, саналы пролетариаттың партиясы ғана әрқашан қорғап келді және қорғап отыр. Біздің либералдар, буржуазиялық көзқарастардың өкілдері, социалистік партиялық десе апшысы қуырылады және тап күресі туралы естігісі де келмейді: шетелдік «Освобождениенің» де, орыс либерализмінің қисапсыз көп вассалдық органдарының да айтып, мыжып келген нәрсесін жүзінші рет қайталаған Родичев мырзаның таяудағы сөздерін-ақ еске түсіріңізші. Ақырында, аралық таптың, ұсақ буржуазияның идеологиясы «Наша Жизньнен», р.-д.-дан («радикал-демократтардан») [74] бастап, «социалист-революционерлермен» аяқталатын түрлі сарындардағы орыс «радикалдары» көзқарастарынан айқын көрініс тапты. Социалист-революционерлер социализм мен демократизмді өзінің шатастыруын аграрлық мәселеде және, атап айтқанда, «социализация» (капиталды социализацияламай, жерді социализациялау) ұранында бәрінен айқын көрсетті. Сондай-ақ олардың буржуазиялық радикализмге төзетіні, ал социал-демократиялық партиялықтың идеясына тәзбейтіні белгілі.

Барлық түрдегі орыс либералдары мен радикалдарының программасы мен тактикасында түрлі таптардың мүдделері дәл қалай көрсетілетінін талдап жату біздің тақырыбымызға кірмейді. Бұл арада біз осы назар аударарлық мәселені тек жол-жөнекей қозғап өттік, енді біздің партияның бейпартиялық ұйымдарға көзқарасы туралы практикалық-саяси қорытындылар жасауға көшуге тиістіміз.

Бейпартиялық ұйымдарға социалистердің қатысуына бола ма? Егер қатысуына болса, онда қандай шарттар негізінде қатысуға болады? мұндай ұйымдарда қандай тактика жүргізу керек?

Бірінші сұраққа жоқ деп принципті түрде, тұжыра жауап беруге болмайды. Социалистердің бейпартиялық (яғни азды-көпті саналы немесе санасыз буржуазиялық) ұйымдарға ешқандай ретте де, ешқандай жағдайларда

да қатысуына болмайды деу теріс болар еді. Демократиялық революция заманында бейпартиялық ұйымдарға қатысудан бас тарту белгілі бір жағдайларда демократиялық революцияға қатысудан бас тартумен пара-пар болар еді. Бірақ социалистердің осы «белгілі бір жағдайларды» тар шеңберлермен шектеуге тиіс екені, олардың әбден нақты, шектелген жағдайларда ғана ондай ұйымдарға қатысуына болатыны күмәнсыз. Өйткені, егер бейпартиялық ұйымдар, біздің бұрын айтқанымыздай, тап күресінің біршама кенже қалуынан туатын болса, онда, екінші жағынан, қатаң партиялық дегеніміз тап күресін саналы, айқын, нақты, принципті күрес ететін шарттардың бірі болып табылады.

Пролетариат партиясының идеялық және саяси дербестігін қорғау — социалистердің тұрақты, бұлжымайтын, даусыз міндеті. Кімде-кім осы міндетті орындамаса, оның «социалистік» (сөз жүзінде социалистік) сенімдері қаншалықты адал болғанымен, ол *іс жүзінде* социалист болудан қалады. Социалистің бейпартиялық ұйымдарға тек ерекше жағдайда ғана қатысуына болады. Сондықтан бұл ұйымдарға қатысудағы мақсаттардың өзі және оның сипаты, шарттары, т. т. негізгі міндетке: социалистік пролетариатты социалистік революцияға саналы басшылық етуге әзірлеу мен ұйымдастыру міндетіне толық бағындырылған болуға тиіс.

Жағдай бізді бейпартиялық ұйымдарға қатысуға,— әсіресе демократиялық революция заманында, атап айтқанда, пролетариат аса көрнекті роль атқаратын демократиялық революция заманында,— осы ұйымдарға қатысуға мәжбүр етуі мүмкін. Мәселен, әр қилы демократиялық аудитория алдында социализмді уағыздау мақсатымен немесе социалистер мен революцияшыл демократтардың контрреволюцияға қарсы біріккен күресінің мақсатымен әлгідей қатысудың қажет болып шығуы ықтимал. Бірінші жағдайда мұндай қатысу өз көзқарастарын өткізудің құралы болады; екінші жағдайда белгілі бір революциялық мақсаттарға жету үшін жауынгерлік келісім болады. Екі жағдайда да қатысу тек уақытша ғана қатысу бола алады. Екі жағдайда да жұмысшы партиясының дербестігін толық сақтағанда ғана

және бейпартиялық одақтарға немесе советтерге «делегат етіліп жіберілетін» партия мүшелері мен топтарына бүкіл партияның түгелдей міндетті түрде бақылау жүргізіп, басшылық еткенінде ғана қатысуға болады.

Біздің партия құпия қызмет атқарған кезде, мұндай бақылау мен басшылықты жүзеге асыру орасан қиын болды, кейде жеңуге болмайтындай дерлік қиындық болды. Қазір, партия барған сайын неғұрлым ашық қызмет атқарып отырғанда, осы бақылауды және осы басшылықты мейлінше кең түрде және қалай да партияның бір ғана «жоғарғы орындары» алдында емес, тіпті «төменгі орындары» алдында да, партияға енетін барлық ұйымдасқан жұмысшылар алдында жүзеге асыруға болады және жүзеге асырылуға тиіс. Социал-демократтардың бейпартиялық одақтарда немесе советтерде сөйлеген сөздері туралы есептер, мұндай сөйленген сөздің шарттары мен міндеттері жайындағы рефераттар, алуан типтегі партия ұйымдарының осындай сөйленген сөздер жөніндегі қарарлары жұмысшы партиясының практикасына міндетті түрде енуге тиіс. Тұтас алғанда партияның тек осындай *нақты* қатысуы, осы сияқты барлық сөйленген сөздердің *бағытында* қатысу ғана нағыз социалистік жұмысты жалпы демократиялық жұмысқа іс жүзінде қарама-қарсы қоя алады.

Біз бейпартиялық одақтарда қандай тактика жүргізуге тиіспіз? Біріншіден, дербес байланыстар жасау үшін және өзіміздің бүкіл социалистік программамызды насихаттау үшін кез келген мүмкіндікті пайдалану. Екіншіден, демократиялық төңкерісті барынша толық және батыл жүзеге асыру тұрғысынан кезеңнің ең таяудағы саяси міндеттерін белгілеу, демократиялық революцияда саяси ұрандар беру, саудаласушы либерал демократияға қарағанда, күресуші революцияшыл демократия жүзеге асыруға тиісті өзгерістердің «программасын» алға қою.

Мәселені осылай қойғанда ғана біздің партия мүшелерінің бүгін жұмысшылар, ертең шаруалар, бүрсігүні солдаттар, т. т. құратын бейпартиялық революциялық ұйымдарға қатысуына болады және олардың қатысуы жемісті бола алады. Мәселені осылай қойғанда ғана біз

жұмысшы партиясының буржуазиялық революциядағы екі жақты міндетін: демократиялық төңкерісті ақырына дейін жеткізу, социалистік пролетариаттың кадрларын молайтып, нығайту міндетін орындай аламыз, ал капитал үстемдігін құлату жолында аяусыз күрес жүргізу үшін социалистік пролетариатқа бостандық керек.

«Новая Жизнь» №№ 22 және 27;
26 ноябрь және 2 декабрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің текстi бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ДІН

Қазіргі заманғы қоғам түгелдей жұмысшы табының орасан қалың бұқарасын халықтың жер иеленушілер мен капиталистер табына жататын болмашы азшылығының қанауы негізінде құрылған. Бұл қоғам — құл иеленушілік қоғам, ойткені өмір бойы капиталға қызмет ететін «еркін» жұмысшылардың күн көріс құралдарына ғана «правосы бар», ол құралдар пайда өндіретін құлдарды асырау үшін, капиталистік құлдықты қамтамасыз етіп, оны мәңгілік ету үшін керек.

Жұмысшыларды экономикалық жағынан езу саяси езгінің, әлеуметтік қорлаудың, бұқараның рухани және адамгершілік өмірін топастандырудың, қайғы-қасіретке ұшыратудың әр алуан түрлерін сөзсіз шығарады және туғызады. Жұмысшылар өздерінің экономикалық бостандығы жолында күресу үшін азды-көпті саяси бостандыққа қол жеткізе алады, бірақ капиталдың өктемдігі жойылмай тұрғанда, ешқандай бостандық оларды қайыршылықтан, жұмыссыздықтан, езгіден құтқармайды. Дін дегеніміз өмір бойы басқа біреулерге жұмыс істеумен, мұқтаждықпен, жалғыздықпен жаншылған халық бұқарасын барлық жерде бірдей еңсесін көтертпей келген рухани езгінің бір түрі. Жабайы адамдардың жаратылыспен күрестегі дәрменсіздігінің құдайға, жыншайтандарға, кереметке, т. с. нануды туғызатыны сияқты, қаналушы таптардың қанаушылармен күрестегі дәрменсіздігінің де о дүниедегі жақсы тұрмысқа нануды туғызатыны даусыз. Бүкіл өмірін жұмыс істеп,

мұқтаждықпен өткізіп жүрген адамды дін бұл дүниеде шүкіршілік етуге, шыдамдылыққа үйретеді, құдай о дүниеде жарылқайды деп жұбатады. Ал басқаның еңбегімен күнелтетін адамдарды дін бұл дүниеде қайырымды болуға үйретеді, олардың бүкіл қанаушылық өмірін ақтау үшін оларға өте оңай жолды ұсынады, тиімді бағамен ана дүниенің жақсылығына билет сатады. Дін дегеніміз халықтың басын айналдыратын апиын. Дін— рухани удың бір түрі, капитал құлдары өздерінің адамшылық бейнесін, азды-көпті дәрежеде адамға лайық тұрмыс жөніндегі өздерінің талабын осы уға тұншықтырады.

Бірақ өзінің құл екенін түсінген, сөйтіп өзінің азаттығы жолында күреске аттанған құл енді құл болудан жарым-жартылай қалады. Фабрикалы ірі өнеркәсіп тәрбиелеген, қала тұрмысымен көзі ашылған қазіргі кездегі саналы жұмысшы діни соқыр сенімдерді жиіркенішпен лақтырып тастап, о дүниені поптар мен буржуазия сұрқияларына қалдырады, сөйтіп өзіне керек жақсы тұрмысты осы дүниеде, жер бетінде жеңіп алады. Қазіргі заманғы пролетариат ғылымды дін тұманына қарсы күреске тартатын және жұмысшыны бұл дүниеде жақсы тұрмыс орнату жолындағы нағыз күреске топтастыру арқылы о дүниеге нанудан азат ететін социализм жағына шығып келеді.

Дін әркімнің жеке басының ісі деп жариялануға тиіс — әдетте социалистердің дінге көзқарасы осы сөздер арқылы білдіріледі. Бірақ бұл сөздер ешқандай түсініспеушілік туғызбау үшін олардың мағынасын дәл анықтау керек. Біз мемлекетке қатысы жағынан алғанда діннің әркімнің жеке басының ісі болуын талап етеміз, бірақ біз дінді өз партиямызға қатысы жағынан алғанда әркімнің жеке басының ісі деп ешбір санай алмаймыз. Мемлекеттің дінмен жұмысы болмауға тиіс, діни қоғамдар мемлекеттік өкіметпен байланысты болмауға тиіс. Әркім қалаған дінін ұстауға немесе ешқандай дінді мойындамауға, яғни әдетте әрбір социалистің атеист болатыны сияқты атеист болуға толық ерікті болуы тиіс. Азаматтар арасында олардың праволары жөнінен діни нанымдарға байланысты ешқандай айырма мүлде бол-

мауға тиіс. Ресми документтерде азаматтардың белгілі бір дінді ұстауы туралы ескерту атаулының бәрі де сөзсіз жойылуға тиіс. Мемлекеттік шіркеуге ештеңе берілмеуге тиіс, шіркеу қоғамдары мен діни қоғамдарға мемлекет қаржыларынан ештеңе берілмеуге тиіс; бұл қоғамдар пікірлес азаматтардың мүлде ерікті одақтары, өкіметке тәуелсіз одақтары болуға тиіс. Тек осы талаптарды ақырына дейін орындағанда ғана, шіркеу мемлекетке крепостниктік тәуелділікте болған, ал орыс азаматтары мемлекеттік шіркеуге крепостниктік тәуелділікте болған кездегі, діншілдігі немесе дінсіздігі үшін қудалайтын, адамның ожданына зорлық жасайтын, қазыналық жылы-жұмсақ орындар мен қазыналық табыстарды белгілі бір мемлекеттік-шіркеулік уды таратумен байланыстыратын орта ғасырлық, инквизиторлық заңдар (осы күнге дейін біздің қылмыстық заңдарымыз бен уставтарымызда қалып отырған заңдар) өмір сүрген және қолданылған кездегі масқара және қарғыс атқан ескілікті жоюға болады. Шіркеуді мемлекеттен толық бөлектеу — социалистік пролетариаттың қазіргі мемлекет пен қазіргі шіркеуге қоятын талабы, міне, осы.

Орыс революциясы бұл талапты саяси бостандықтың қажетті құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асыруға тиіс. Бұл жағынан келгенде орыс революциясының жағдайы айрықша қолайлы болып отыр, өйткені полициялық-крепостниктік самодержавиенің жиіркенішті тоңмойындығы тіпті дін басылары арасында да наразылық, қобалжу және ашу-ыза туғызды. Орыстың православиелік дін басылары қаншама топас, қаншама қараңғы болса да, Русьтегі ескі орта ғасырлық тәртіптің құлау гүрсілі қазір оларды да оятты. Тіпті осы дін басыларының өзі бостандықты талап етуге қосылып отыр, тоңмойындық пен чиновниктік жүгенсіздікке қарсы, «құдайға құлшылық етушілерге» таңылған полициялық тіміскілікке қарсы наразылық білдіріп отыр. Біздер, социалистер, бұл қозғалысты қолдауға тиіспіз, дін басылары арасындағы адал және ақ ниетті адамдардың талаптарын ақырына дейін жеткізіп, оларды бостандық туралы сөздерінен ұстап, олардан дін мен полиция арасындағы байланыстың бәрін сөзсіз үзуді талап етуіміз керек. Не

сіздер адал ниетті боласыздар, онда сіздер шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден толық бөлінуін, дінді әркімнің жеке басының ісі деп толық және сөзсіз жариялауды қолдауға тиіссіздер. Не сіздер бостандықтың осы дәйекті талаптарын қабылдамайтын боласыздар,— демек, онда сіздер әлі де болса инквизиция дәстүрлерінің шырмауында отырсыздар, демек, онда сіздер қазыналық жылы-жұмсақ орындарға және қазыналық табыстарға әлі де болса жармасып отырсыздар, демек, онда сіздер өз қаруыңыздың рухани күшіне сенбейсіздер, мемлекеттік өкіметтен пара алуды қоймай отырсыздар,— онда бүкіл Россияның саналы жұмысшылары сіздерге аяусыз соғыс жариялайды.

Социалистік пролетариат партиясына қатысы жағынан дін әркімнің жеке басының ісі емес. Біздің партия — жұмысшы табын азат ету жолында күресетін саналы, алдыңғы қатарлы күрескерлердің одағы. Мұндай одақ санасыздыққа, қараңғылыққа немесе діни нанымдар түріндегі қара түнек надандыққа немқұрайды қарай алмайды және олай қарауға тиіс те емес. Діншілдік тұманға қарсы таза идеялық және тек идеялық қару арқылы, баспасөзіміз арқылы, өз сөзіміз арқылы күресу үшін біз шіркеуді мемлекеттен толық бөлуді талап етеміз. Ал біз өз одағымызды, РСДРП-ны, айтар болсақ, дәл осындай күрес үшін — жұмысшыларды діни жолмен ақымақтандыру атаулыға қарсы күресу үшін ұйымдастырдық. Біз үшін идеялық күрес — әркімнің жеке басының ісі емес, жалпы партиялық, жалпы пролетарлық іс.

Олай болса, біз өз программамызда: біз атеиспіз деп неге жарияламаймыз? христиандардың және құдайға сенетіндердің біздің партиямызға кіруіне неге тыйым салмаймыз?

Бұл сұраққа берілетін жауап дін туралы мәселенің буржуазиялық-демократиялық түрде қойылуы мен социал-демократиялық түрде қойылуының арасындағы өте маңызды айырмашылықты түсіндіруге тиіс.

Біздің программамыз түгелдей ғылыми дүние танымға негізделіп және, оның үстіне, нақ материалистік дүние танымға негізделіп құрылған. Сондықтан біздің программамызды түсіндіру діншілдік тұманының шын

тарихи және экономикалық тамырларын түсіндіруді де қажетті түрде қамтиды. Біздің насихатымыз атеизмді насихаттауды да қажетті түрде қамтиды; осы кезге дейін самодержавиелік-крепостниктік мемлекеттік өкімет қатаң тыйым салып, қудалап келген тиісті ғылыми әдебиетті шығару енді біздің партиялық жұмысымыздың бір саласы болуға тиіс. Бір кезде Энгельстің: XVIII ғасырдағы француздың халық ағарту әдебиеті мен атеистік әдебиетін аударып, жалпыға таратыңдар деп, неміс социалистеріне берген кеңесін енді бізге қолдануға, сірә, тура келер [75].

Бірақ біз қайткен күнде де бұл ретте дін мәселесін тап күресінен тысқары, «ақыл-ойдан» туатын абстрактілі, идеалистік тұрғыдан қоюға ауытқып кетпеуіміз керек,— буржуазиядан шыққан радикал демократтар мәселені көбінесе осылай қояды. Жұмысшылар бұқарасын шексіз езгіге және топастандыруға негізделген қоғамда діни соқыр сенімдерді таза уағыздау жолымен ғана жоюға болады деп ойлау соражылық болар еді. Діннің адамзатты езуі тек қоғам ішіндегі экономикалық езгінің ғана салдары және көрінісі екендігін ұмыту буржуазиялық өресіздік болар еді. Пролетариаттың капитализмнің дүлей күштеріне қарсы өзінің күресі көзін ашпаса, ешқандай кітаптармен және ешқандай уағызбен оның көзін ашуға болмайды. Бізге езілген таптың бұ дүниеде жұмақ орнату жолындағы осы шын революциялық күресінің бірлігі пролетарлардың о дүниедегі жұмақ туралы пікірлерінің бірлігінен анағұрлым маңызды.

Міне, сондықтан біз программамызда өзіміздің атеизміміз туралы айтпаймыз және айтуға тиіс те емеспіз; міне, сондықтан ескі соқыр сенімдердің белгілі бір қалдықтарын сақтап қалған пролетарлардың партиямызбен жақындасуына біз тыйым салмаймыз және тыйым салуға тиісті де емеспіз. Ғылыми дүние танымды біз әрқашан уағыздайтын боламыз, қайсыбір «христиандардың» дәйексіздігімен біздің күресуіміз қажет, бірақ бұдан дін мәселесін бірінші орынға қою керек деген мағына тіпті де шықпайды, бірінші орын тіпті де оныкі емес, қандай болса да саяси маңызын тез жоғалтатын, экономикалық

дамудың барысының өзі ескі-құсқы тастайтын қоймаға тез шығарып тастап отыратын үшінші дәрежелі пікірлерге немесе сандырақтарға бола шын революциялық, экономикалық және саяси күрестің күштерін ыдырату керек деген мағына тіпті де шықпайды.

Реакциялық буржуазия барлық жерде дін өшпенділігін тұтандыруды, нағыз маңызды және түбегейлі экономикалық мәселелер мен саяси мәселелерден, өзінің революциялық күресінде бірігіп отырған бүкіл россиялық пролетариат қазір практика жүзінде шешіп жатқан мәселелерден бұқараның назарын әлгі жаққа аударуды ойлап келді, қазір бізде де осыны ойлап отыр. Пролетариат күштерін бөлшектеу жөнінде бүгін, көбінесе, қаражүздік ойрандарда көрініп отырған осы реакциялық саясат ертең, бәлкім, қайдағы бір неғұрлым жымысқы формаларды ойлап шығарар. Біз, қалай да, бұл саясатқа пролетарлық ынтымақ пен ғылыми дүние танымның байыпты, ұстамды, сабырлы уағызын, екінші дәрежелі алауыздықтар тұтандырудың бәріне жат уағызды қарама-қарсы қоямыз.

Революцияшыл пролетариат мемлекет үшін дін шынында да әркімнің жеке басының ісі болуына жетеді. Сондықтан орта ғасырлық өңезден тазартылған осы саяси құрылыста пролетариат экономикалық құлдықты, адамзаттың дінмен басын айналдырудың нағыз қайнар көзін жою жолында кең, ашық күрес жүргізеді.

«Новая Жизнь» № 28,
3 декабрь, 1905 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новая Жизнь» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ТАММЕРФОРСТА БОЛҒАН «КӨПШІЛІК» КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ [76] АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫ

1. Конференция мынаны мойындайды: шаруалар қозғалысының дамуы крепостниктік правоның қалдықтарын қирататын және деревняда еркін буржуазиялық қарым-қатынастарды орнататын осы қозғалыстың революциялық сипатына да, нағыз қоғамдық-экономикалық мәніне де революциялық марксизмнің негізгі принципті көзқарастарын толығынан растайды; конференцияның ұйғаруынша, партиямыздың аграрлық программасын мынадай етіп өзгерткен жөн болар еді: кесінді жерлер туралы пункт алып тасталсын; оның орнына былай деп қосылсын: партия шаруалардың революциялық шараларын, бүкіл мемлекеттік, шіркеулік, монастырьлік, уделдік, кабинеттік жерлерді және барлық жеке меншіктегі жерлерді конфискелеуге дейінгі шараларын қолдайды, село пролетариатын дербес ұйымдастыруды, оның мүдделері мен село буржуазиясы мүдделерінің арасындағы ымыраға келмейтін қарама-қайшылықты оған түсіндіруді, қоғамның таптарға бөлінуін және адамды адамның қанауы атаулының бәрін жоюға бірден-бір қабілетті социализмнің түпкілікті мақсатын көрсетуді өзінің басты және түпкілікті міндеті етіп қояды.

2. Конференция мынадай тілек білдіреді: аграрлық программадан сатып алу төлемдерін қайтару, сөйтіп

осылайша алынған сомалардан арнаулы қор жасау жөніндегі талапты алып тастау керек. Ал мемлекеттік, монастырьлік, т с. жерлерді конфискелеу жөніндегі талапты басқа пунктке көшіру керек.

1905 ж. кеш дегенде 17 (30) декабрьде жазылған

Конференцияның басқа қарарларымен бірге 1905 ж. декабрьде гектографта жеке листовка болып басылған. РСДРП Орталық Комитетінің басылымы

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ [77]

Студенттердің орыс азаттық қозғалысындағы жалпы міндеттері социал-демократиялық баспасөзде бұрын әлденеше рет айқындалды, сондықтан бұл мақаламызда оларға тоқтап жатпаймыз. Социал-демократ студенттерге жұмысшы қозғалысының басты ролін де, шаруалар қозғалысының зор маңызын да, маркстік дүние танымды әбден ойластырған, пролетариат жағына шыққан және өздерінен жұмысшы партиясының нағыз мүшесін даярлап шығаруға дайын тұрған интеллигенттердің тарапынан бұл қозғалыстардың екеуіне де көмек көрсетудің керектігін де дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Біз қазір неғұрлым практикалық маңызы бар басқа мәселеге қысқаша болса да тоқталғымыз келіп отыр.

Ұлы россиялық революцияның қазіргі жағдайының ерекшелігі неде?

Ол мынада: оқиғалар 17 октябрьдегі манифестің түк бермейтінін толық әшкереледі. Конституциялық жалған үміттер жойылды. Қайда қарасаң да — реакция. Самодержавие толық қалпына келтірілді, тіпті Дубасовтан бастап төменгі полицияға дейінгі жергілікті сатраптардың диктаторлық праволарымен «тереңдетілді».

Азамат соғысы қызу жүріп жатыр. Нағыз саяси ереуіл аяқталып, қозғалыстың ескірген формасы ретінде өткен іске айнала бастады. Мәселен, Питерде қажып, әлсіреген жұмысшылар декабрь стачкасын өткізуге шамалары келмейтін болып шықты. Екінші жағынан, осы

кезеңде реакция тұншықтырған қозғалыс тұтас алғанда, сөз жоқ, анағұрлым жоғары сатыға көтерілді.

Москваның қаһарман пролетариаты белсенді күрес жүргізуге болатынын көрсетіп, оған қала халқының осы күнге дейін реакцияшыл деп саналмағанмен де, саяси жағынан енжар деп саналып келген қалың тобын тартты. Ал Москвадағы оқиғалар [78] Россияның түкпір-түкпірлерінен бұзып-жарып өзіне жол салған «ағымның» ең айқын көрінiстерінің бірі ғана болды. Бой көрсетудің жаңа формасының алдында, әлбетте, бірден шешіле қалмайтын орасан зор міндеттер тұрды. Бірақ бұл міндеттер қазір бүкіл халықтың алдына айқын да анық қойылды, қозғалыс жоғары өрледі, бекіді, шынықты. Бұл табыстарды революциядан тартып алуға ешкімнің де шамасы келмейді.

Дубасовтың зеңбіректері халықтың жаңа бұқарасын бұрын болып көрмеген мөлшерде революцияландырды. Ескі Булыгин Думасына қарағанда, жаңғыртылған келемеж Думаны алдыңғы қатардағы күрескерлер күн ілгері-ақ аса зор өшпенділікпен, буржуазия қатары өлшеусіз зор скептицизммен қарсы алды.

Енді қайтпек керек?

Шындықтың бетіне тура қарайтын боламыз. Енді біздің алдымызда күрестің ең соңғы формаларының тәжірибесін меңгеру, өңдеу сияқты жаңа жұмыстар тұр, қозғалыстың ең басты орталықтарында күштерді даярлау, ұйымдастыру жұмыстары тұр.

Пролетарлардың бытыраңқы бой көрсетулерін бұрынғыша тұншықтырып отыру үкіметке аса тиімді болар еді. Жұмысшылар үшін аса тиімсіз жағдайда үкімет Питерде де жұмысшыларды дереу шайқасқа шақырғысы келер еді. Бірақ жұмысшылар бұл арандатушылыққа ұрынбайды және келесі бүкіл россиялық бой корсетуді өз алдына дербес дайындау жолынан таймайды.

Мұндай бой көрсету үшін күштер бар: ол күштер бұрын болып көрмеген қарқынмен тез өсіп келеді. Бұл күштердің шағын бөлігі ғана декабрь оқиғаларының тасқынына тартылды. Қозғалыс әлі де мейлінше кең өріс алып, мейлінше тереңдеген жоқ.

Ең болмағанда буржуазиялық-баяу баспасөз бен қаражүздік баспасөзге көз салыңыздаршы. Белсенді жаңа бой көрсету атаулының бәрі біліне бастағанда-ақ дереу жанышталатыны жөнінде үкіметтің мақтануына ешкім де, тіпті «Новое Время» да сенбейді. Орасан зор жанғыш материалдың, шаруалардың, көктемде ғана қаулай тұтанатынына ешкім күмәнданбайды. Үкімет Думаны шын ниетімен шақырғысы келді дегенге және оны жазалаудың, былықтың, кеңсешілдіктің, правосыздықтың, қараңғылықтың ескі системасы тұсында шақыра алатын еді дегенге ешкім сенбейді.

Үкіметтің Москвада жеткен «жеңісі» оның жағдайын октябрьге дейінгісінен де қиындатып ушықтыра түскен жеңіс болғанын революционерлердің батыл бой көрсету мәселесі сияқты мәселеде жүз есе қауіпті әуестеніп кетушілігі дәлелдеп отырған жоқ, оны тіпті революция жауларының өзі де мойындап отырған даусыз фактілер дәлелдеп отыр.

Шаруалар көтерілісі өршіп келеді. Финанс апаты жақындап келеді. Алтын валюта құрып барады. Европаның реакциялық буржуазиясы самодержавиеге көмек беруге тіпті қаншама дайын тұрғанмен де, жетіспейтін жарты миллиард сомның орнын толтыру мүмкін емес. Революциямен күресуге жарамды әскерлердің бәрі пайдаланылса да, Кавказ бен Сибирьді «жуасыту» ұзаққа созылып барады. 17 октябрьден кейін армия мен флотта айқын көрінген толқу бүкіл Россия көлемінде бостандық жолындағы күрескерлерге қарсы күш жұмсаудан, әрине, тыйыла қоймайды. Тұтқындарды қайтару мен Маньчжуриядағы армияны қайтару бұл толқудың күшейе түскенін көрсетеді. Ішкі жауға қарсы жаңа әскер бөлімдерін жұмылдыру самодержавие үшін жаңа қауіп тудырады. Дағдарыстың шешілмегені былай тұрсын, қайта ол Москвадағы «жеңіс» арқылы ұлғайып, ушыға түсті.

Жұмысшы партиясының алдына оның міндеттері айқын қойылатын болсын. Конституциялық жалған үміттер жойылсын! Пролетариатқа қосылушы жаңа күштерді жинау керек. Революцияның даңқты екі айының (ноябрь мен декабрь) «тәжірибесін жинақтау» керек.

Қалпына келтірілген самодержавиеге қайтадан бейімделу керек, барлық жерлерде, қажет болса, қайтадан астыртын жұмысқа көше білу керек. Жаңадан белсенді бой көрсетудің орасан зор міндеттерін айқынырақ, практика жүзінде қоя білу керек, стачкалық күресте әлсіреген пролетариаттың күшін, мүмкін қадарынша, сақтай отырып, ол бой корсетуге неғұрлым ұстамды, неғұрлым жүйелі, неғұрлым қажырлы түрде дайындалу керек.

Толқынға толқып ұласып отыр. Астанадан кейін провинция. Шет аймақтардан кейін Россияның нағыз жүрегі. Пролетариаттан кейін қаланың ұсақ буржуазиясы. Қаладан кейін деревня. Реакциялық үкіметтің өзінің зор міндеттерін орындау жөнінде сәтсіздікке ұшырауы сөзсіз. Россиялық ұлы революцияның бірінші кезеңінің нәтижелі аяқталуы көп ретте біздің 1906 жылдың көктеміне даярлығымызға байланысты.

1905 ж. декабрьдің аяғында жазылған

1906 ж. 4 январьда «Молодая Россия» газетінің 1-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр



1) Раб. движение поднимает пролет. сразу под руков. р.с.д.р.п. и будит либер. буржуазию: 1895—1901/2
2) Раб. движ. перех. в открытую борьбу и присоединяет политически проснувшиеся слои либ. и рад. буржуаз. и мел. буржуаз.: 1901/2—1905.
3) Раб. движ. разгорается в прямую революцию, причем либ. буржуазия уже сплотилась в к.-д. партию и думает (об остановке революции путем) соглашения с царизмом, но радик. элементы буржуаз. и мел. буржуаз. склоняются к союзу с пролетарием для продолжения революции.
1905 (особ. конец)

В. И. Лениннің «Революцияның кезеңдері, бағыты және перспективалары» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1905 ж.

Кішірейтілген

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ, БАҒЫТЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1) Жұмысшы қозғалысы РСДРП басшылығымен пролетариатты бірден көтереді және либерал буржуазияны *оятады*: 1895—1901/2.

2) Жұмысшы қозғалысы ашық саяси күреске көшеді және либерал буржуазия мен радикал буржуазияның және ұсақ буржуазияның саяси жағынан оянған топтарын *өзіне қосып алады:* 1901/2—1905.

3) Жұмысшы қозғалысы тікелей *революцияға* ұласа өршіп отыр, оның бер жағында либерал буржуазия конституциялық-демократиялық партияға қазірдің өзінде-ақ ұйымдасып, патша өкіметімен келісім жасасу арқылы революцияны тоқтатуды ойлап отыр, бірақ буржуазия мен ұсақ буржуазияның *радикал* элементтері *революцияны жалғастыра беру* үшін пролетариатпен одақтасуға бой ұрып отыр: 1905 (әсіресе аяғы).

4) Жұмысшы қозғалысы, либералдар енжарлықпен аңысын аңдаса, ал *шаруалар* белсенділікпен қолдаса, *демократиялық* революцияда жеңіп шығады. Оның үстіне радикалдық, республикалық интеллигенция және қалалардағы ұсақ буржуазияның тиісті топтары бар. Шаруалар көтерілісі жеңеді, помещиктер өкіметі қиратылды.

(«Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы».)

5) 3-кезеңде аңысын аңдаушы, 4-кезеңде енжар либерал буржуазия тікелей контрреволюциялық буржуазияға айналады, сөйтіп революцияның жетістіктерін проле-

тариаттан тартып алу үшін ұйымдасады. Шаруалардың ішінде оның бүкіл ауқатты бөлегі мен орта шаруалардың едәуір бөлегі де «сабасына түседі», есін жинайды, өкіметті пролетариаттың және пролетариатқа тілектес кедей шаруалардың қолынан тайдыру үшін контрреволюция жағына ойысады.

6) 5-кезеңде қалыптасқан қарым-қатынастардың негізінде жаңа дағдарыс пен жаңа күрес өсіп, қаулайды, оның бер жағында пролетариат социалистік төңкеріс үшін ендігі жерде демократиялық жетістіктерді сақтау жолында күреседі. *Егер* Россия пролетариатына *Европаның социалистік пролетариаты* көмекке келмеген болса, бұл күрес бір ғана Россия пролетариаты үшін үмітсіз күрес болар еді, сондықтан, 1849—1850 жылдарда неміс революциялық партиясының жеңіліс тапқаны сияқты немесе 1871 жылы француз пролетариатының жеңіліс тапқаны сияқты, ол да сөзсіз жеңіліс тапқан болар еді.

Сонымен, бұл сатыда либерал буржуазия және ауқатты (+ішінара орта) шаруалар контрреволюция ұйымдастырады. Россия пролетариаты *плюс* Европа пролетариаты революция ұйымдастырады.

Мұндай жағдайларда Россия пролетариаты екінші жеңіске жете алады. Істің жайы енді үмітсіз емес. Екінші жеңіс *Европадағы социалистік төңкеріс* болады.

Европа жұмысшылары «мұның қалай істелетінін» бізге көрсетеді, ал сонда біз олармен бірге социалистік төңкеріс жасаймыз.

1905 ж. аяғында немесе 1906 ж. басында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА БОЙКОТ ЖАСАУ КЕРЕК ПЕ?

«КӨПШІЛІКТІҢ» ПЛАТФОРМАСЫ

Жұмысшы табының партиясы, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы бірігуде. Оның екі бөлігі қосылып, партияның бұрын жариялап қойылған бірігу съезін даярлап жатыр.

Бірақ партияның бұл екі бөлігінің арасында Мемлекеттік дума жөнінде тағы бір пікір алалығы қалды. Ортақ съезге делегаттарды саналы түрде сайлау үшін, таласты шешкенде партияның қазіргі орталық және жергілікті мекемелерінің қалауынша ғана емес, партияның барлық мүшелерінің қалауынша шешу үшін партияның барлық мүшелері осы мәселені анық түсініп алуға тиіс.

Қазіргі Дума халық өкілдігін бейшаралық түрде боямалау екенін, бұл алдауға қарсы күресу керек екенін, бүкіл халықтың еркін түрде сайлаған құрылтай жиналысын шақыру үшін қарулы көтеріліске дайындалудың керек екенін большевиктер де, меньшевиктер де қостайды.

Талас Дума жөнінде ұстайтын тактика туралы ғана болып отыр. Меньшевиктер: біздің партия уәкілдер мен сайламшыларды сайлауға қатысуы керек, дейді. Большевиктер: Думаға белсенді бойкот жасау керек, дейді. Біз осы листогымызда, РСДРП-ның 26 ұйымы өкілдерінің жақын арада болған конференциясында сайлауға қатысуға қарсы қарар қабылдаған большевиктердің көзқарасын баяндаймыз *.

---

* Қараңыз: осы том, 171—172-беттер. *Ред.*

Думаға белсенді бойкот жасау дегеніміз не? Бойкот жасау — сайлауға қатысудан бас тарту деген сөз. Біз Думаға депутаттарды да, сайламшыларды да, уәкілдерді де сайлағымыз келмейді. Белсенді бойкот жасау — сайлаудан жай ғана шеттеу емес, қайта сайлау жиналыстарын социал-демократиялық үгіт пен ұйым үшін кең түрде пайдалану деген сөз. Жиналыстарды пайдалану — олардың ішіне жария түрде де (сайлаушылардың тізіміне жазыла отырып), құпия түрде де ену, ол жиналыстарда социалистердің бүкіл программасын, барлық көзқарасын баяндау, Думаның бүтіндей жалғандығын және боямалылығын көрсету, құрылтай жиналысы үшін күресуге шақыру деген сөз.

Біз сайлауға қатысудан неліктен бас тартамыз?

Мұның себебі, сайлауға қатыссақ, біз халық арасында Думаға сенушілікті еріксіз мақұлдаған боламыз, мұнымен біз халық өкілдігін боямалаушылыққа қарсы жүргізетін күресіміздің күшін әлсіретеміз. Дума парламент емес, самодержавиенің айла-тәсілі. Сайлауға қатысудың қандайына болса да қарсы тұрып, біз осы айла-тәсілді сәтсіздікке ұшыратуымыз керек.

Мұның себебі, егер біз сайлауға қатысуды мүмкін деп тапсақ, онда оның ең ақырына дейін, Думаға депутаттар сайлауға дейін баруға тура келер еді. Буржуазияшыл демократтар, мәселен, «Народное Хозяйстводағы» Ходский, осы мақсатта кадеттермен сайлау келісімдерін жасасуға бізге кеңес беріп те отыр. Бірақ қазір барлық социал-демократтар, большевиктер де, меньшевиктер де, Думаның парламент емес, полициялық жаңа алдау екенін түсініп, мұндай келісімдер жасасуды теріске шығарып отыр.

Мұның себебі, біз енді сайлаудан партияға пайда шығара алмаймыз. Үгіт бостандығы жоқ. Жұмысшы табының партиясы қуғынға ұшырап отыр. Оның өкілдері сотсыз қамауға алынып жатыр, оның газеттері жабылды, оның жиналыстарына тыйым салынған. Партия сайлау кезінде өзінің туын жария түрде жоғары көтеріп желбірете алмайды, өздерінің сайлайтын адамдарын полицияға ұстап берем демесе, оларды бүкіл халықтың алдында ұсына алмайды. Істің жағдайы осындай болып

отырғанда, жария сайлау жүргізу үшін жиналыстарға қатысқаннан гөрі, жиналыстарды сайлаусыз-ақ революциялық жолмен пайдалану біздің үгітіміз бен ұйымымыздың мақсаттарына анағұрлым жақсы қызмет етеді.

Меньшевиктер Думаға депутаттар сайлауды теріске шығарады, бірақ уәкілдер мен сайламшылар сайлағысы келеді. Не үшін? Олардан халық Думасын немесе еркін, құпия өкілдікті, жұмысшы (және оған қосымша шаруа) депутаттарының бүкіл россиялық Советі тәрізді бірдемені құру үшін бе?

Біз бұған қарсымыз: егер ерікті өкілдер керек болса, онда оларды сайларда қайдағы бір Думамен санасудың керегі не? Біздің уәкілдердің тізімін полицияға берудің керегі не? Бізде әлі (мәселен, Питерде) жұмысшы депутаттарының бұрынғы Советтері бар кезде жұмысшы депутаттарының жаңа Советтерін қайтадан құрудың керегі не? Мұның пайдасы жоқ, тіпті зиянды, өйткені бұл құлауға, азуға айналып бара жатқан Советтерді көтерілісті жаңадан дайындап кеңейту арқылы емес, жаңа сайлаулар арқылы жандандыруға болады-мыс деген теріс, қиялп пиғыл туғызады. Ал көтерілістің мақсаттары үшін заңды мерзімге заңды сайлау белгілеу нағыз күлкі.

Меньшевиктер барлық елдердің социал-демократтарының парламенттерге, тіпті нашар парламенттерге де қатысуын дәлел етеді. Мұны дәлел ету дұрыс емес. Парламентке біз де ақырына дейін қатысамыз. Бірақ Думаның парламент емес екенін меньшевиктердің өздері де көріп отыр, оған барудан өздері де бас тартып отыр. Жұмысшылар бұқарасы шаршады, енді олардың жария сайлауларда дем алғылары келеді деседі. Бірақ партия өзінің тактикасын кейбір орталықтардың уақытша шаршағанына қарап құра алмайды және олай құруға тиіс емес. Бұлай ету партияны құрту болар еді, өйткені шаршап-шалдыққан жұмысшылар партияның беделін түсіру ғана қолынан келетін партиялығы жоқ адамдарды сайлап беруі мүмкін. Пролетариаттың күшін сақтай отырып, көңіл күйдің пәстігі уақытша екеніне, жұмысшылардың Москвадағыдан да гөрі күштірек, батылырақ түрде қайта көтерілетініне, олардың патша Думасын құртатынына сене отырып, жұмысты қажыр-

лылықпен, шыдамдылықпен жүргізу керек. Надан, қараңғы адамдар Думаға бара берсін,— партия өзінің тағдырын олармен байланыстырмайды. Партияның оларға айтатыны: сіздердің тұрмыстық тәжірибелеріңіздің өзі-ақ біздің саяси болжамымыздың дұрыстығын дәлелдейтін болады. Бұл Думаның қандай алдау екендігін сіздер өз тәжірибелеріңізден көресіздер, сіздер сонда партияның кеңестерінің дұрыс екеніне көздеріңіз жетіп, партияға қайта оралатын боласыздар.

Меньшевиктердің тактикасы — қайшылығы бар, дәйексіз тактика (сайлауға қатысу, бірақ Думаға ешкімді сайламау). Бұл тактика бұқаралық партия үшін жарамсыз, өйткені ол тактика мәселені қарапайым да айқын шешудің орнына шатастырып, екіұшты етіп шешеді. Бұл тактика практикада жарамсыз, өйткені уәкілдердің тізімі полицияның қолына түссе, онда партия ауыр шығынға ұшырайды. Ақырында, бұл тактика — іс жүзінде орындалмайтын тактика, өйткені жиналыстарда меньшевиктердің біздің программамызбен шығуы жария сайлау жүргізудің орнына жиналыстарды сайлаусыз құпия түрде пайдалануға сөзсіз алып келеді. Полициялық жағдайлар меньшевиктердің жиналыстарға қатысуын сайлауға меньшевиктік қатысудан жиналыстарды революциялық жолмен большевикше пайдалануға айналдырады.

Дума жойылсын! Полициялық жаңа алдау жойылсын! Азаматтар! Қаза тапқан москвалық қаһармандарды жаңадан қарулы көтеріліске дайындалу арқылы еске түсіріңдер! Ерікті түрде сайланған бүкіл халықтық құрылтай жиналысы жасасын!

Біздің айбынды ұранымыз, міне, осындай. Бұл ұранға белсенді бойкот жасау тактикасы ғана сай келеді.

1906 ж. январьда жазылған

1906 ж. январьда РСДРП Орталық Комитеті мен Біріккен Орталық Комитетінің листовкаларында басылған

РСДРП Орталық Комитеті листовкасының тексті бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТАКТИКА [79]

1906 ж. январьда жазылған

1906 ж. февральда «Мемлекеттік дума және социал-демократия» деген кітапшада басылған. «Пролетарское Дело» баспасы Қол қойған: Н. Ленин

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

11 декабрьдегі заң [80] Дума жөніндегі біздің тактикамыз туралы мәселені тағы да күн тәртібіне қойып отыр. Думаға сайлау керек пе немесе сайламау керек пе?— біздің буржуазиялық-демократиялық баспасөз мұны сан-саққа жүгіртіп, пікір айтып жүр. Таяуда бұл туралы РСДРП «көпшілігі» ұйымдарының конференциясы өз пікірін айтты. 26 ұйымның өкілдері, соның ішінде партияның ұйымдасқан 4000-нан астам мүшесі сайлаған 14 жұмысшы қатысқан бұл конференция партияның Орталық Комитет белгілеп, жариялаған IV съезі орнына өтті. Темір жол ереуілі, Москва көтерілісі және Россияның түкпір-түкпірінде болған әр алуан оқиғалар салдарынан съезд өтпей қалды. Бірақ съезге келген делегаттар «көпшілік» конференциясын ұйымдастырды, айта кету керек, бұл конференция Думаға сайлау туралы мәселені де талқылады, сайлауға қатыспау керек деп шешіп, бұл мәселені қабылдамай тастады. Конференция қабылдаған қарардың тиісті бөлімі мынау:

«17 октябрьден кейін самодержавиелік үкімет пролетариат жеңіп алған негізгі азаматтық бостандықтардың бәрін ұдайы аяққа басып отырды. Бостандық үшін күресіп жатқан жұмысшыларды, шаруаларды, солдаттар мен матростарды зеңбіректер мен пулеметтерден атқылап, үкімет бүкіл елді қанға бояды! Құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі жалпы халықтық талапты үкімет мазақ етіп, 11 декабрьдегі заң арқылы пролета-

риат пен шаруаларды тағы да алдауға, сөйтіп өзінің біржолата опат болуын кешеуілдетуге тырысып отыр.

11 декабрьдегі заң пролетариат пен шаруалар бұқарасын Мемлекеттік думаға іс жүзінде қатыстырмай тастап отыр және әр түрлі әдіс-айлалар мен полициялық шектеулер арқылы Думада қанаушы таптардың қаражүздік элементтерінің басым болуын қамтамасыз етуге алдын ала тырысып отыр.

Конференция патшаның жаңа заңына Россияның бүкіл саналы пролетариаты халық өкілдігін осындай және басқа түрде бұрмалаушылыққа қарсы батыл күреске көтерілу арқылы жауап береді деп сенетіндігін білдіреді.

Конференция: социал-демократия бұл полициялық Думаны болғызбауға тырысуға тиіс, оған қатысудың қандайын болса да қабылдамауға тиіс,— деп санайды»[81].

Сонан соң қарар барлық партия ұйымдарына сайлау жиналыстарын кең пайдалануды ұсынады, бірақ ол жиналыстарды, полициялық шектеулерге бағынып, қандай да болсын сайлау жүргізу үшін емес, пролетариаттың революциялық ұйымын кеңейту үшін және халықтың барлық топтары арасында самодержавиеге қарсы батыл күрес үгітін жүргізу үшін пайдалану керек, өйткені самодержавиені толық жеңгенде ғана ерікті түрде сайланған нағыз халық өкілдерін шақыруға болады.

Мәселені осылай шешу дұрыс па? Бұған жауап беру үшін, алдымен болуы мүмкін қарсылықтарды қарап шығайық. Думаға сайлау жөнінде жұмысшылардың кейбір праволар алуы, сондай-ақ 6 августағы заң уәде еткен «бірінші» Булыгин Думасы заманына қарағанда қазір үгіт бостандығының біршама кең болуы енді Думаға қатысуды қолдайтын жағдай туғызған сияқты. Осындай пікір Москвада және басқа жерлерде болған көтерілістердің басылуына, кейбір кезеңдегі толастаушылықты, жаңа күштерді жинап, дайындауды қажет еткен көтерілістердің басылуына байланысты,—РСДРП «азшылығын», ең болмағанда, уәкілдер мен сайламшыларды сайлауға қатысуды жақтап шығуға бой ұрғызып келді және қазір де солай етіп отыр. Мұндай социал-демократтар: біз Мемлекеттік думаға сайлануға тырыспауымыз керек, сайламшыларды сайлаудан әрі бармауымыз керек, бірақ пролетариат арасында үгіт жүргізіп, ұйымдастыру және оны саяси жағынан тәрбиелеу

үшін жұмысшы куриясына беріліп отырған сайлау мүмкіндігін пайдалануымыз қажет деп ойлайды.

Бұл дәлелдер жөнінде біз, ең алдымен, олардың социал-демократиялық дүние танымның және социал-демократиялық тактиканың жалпы негіздерінен әбден табиғи түрде келіп шығатынын көрсетеміз. Біз, «көпшілік» өкілдері, сөзсіз қажет болып отырған партия бірлігі ісіне зияны тиетін фракциялық ұшқарылыққа шалдықпау үшін, мұны мойындауға тиіспіз. Біз тактика туралы мәселені қалай да жаңадан, іскерлікпен талқылауға тиіспіз. Егер 6 август Думасы жөніндегі, пролетариат шынында болдырмай тастаған, бойкот жасаған, құртып жіберген Дума жөніндегі біздің тактикамыздың дұрыс екендігін оқиғалар дәлелдеген болса, онда бұдан жаңа Думаны да нақ осы жолмен болғызбай тастай аламыз деген қорытынды тіпті де өзінен-өзі тумайды. Енді жағдай басқаша, сондықтан қатысуды жақтайтын дәлелдер мен қарсы дәлелдерді мұқият салмақтау керек.

Қатысуды жақтайтын дәлелдердің, өзімізше, бастыларын біз қысқаша баяндап өттік. Енді қарсы дәлелдерге көшейік.

Жаңа Дума халық өкілдігін сөзсіз келемеждеу болып табылады. Біздің сайлауға қатысуымыз халық бұқарасына біздің Дума туралы бағамыз жөнінде теріс ұғым береді.

Үгіт бостандығы жоқ. Жиналыстар қуылып таратылуда. Делегаттар қамауға алынып жатыр.

Дубасовтық «конституционализм» алдауына түссек, біз өзіміздің партия туын бұқара алдында көтере алмаймыз, ал өзіміздің партия күштерін іске аз пайда келтіріп, әлсіретіп аламыз, өйткені біздің кандидаттарымыздың «ашық» бой көрсетуі полицияның қолына тұтқынға алынатындардың дайын тізімін ғана береді.

Россияның көпшілік жерінде азамат соғысы қызу жүріп жатыр. Мұнда тек уақытша ғана толас болуы мүмкін. Дайындықты жүргізген үстіне жүргізу қажет. Партиямызға бұл істі 11 декабрьдегі заң бойынша өткізілетін сайлау ісіне ұластыра жүргізу тиімді де емес, практикалық жағынан жүзеге де аспайды. Тіпті біз ті-

леген күнде де бізде «заң бойынша» сайлау болмайды, өйткені күрес жағдайлары бұған жол бермейді. Әрине, бірлі-жарым жерде «заң бойынша» сайлау болуы да мүмкін, бірақ соларға бола жалпы россиялық пролетарлық тактиканы шатастыру, оған іріткі салу және оның бірлігін жою тиімсіз.

Дубасовтар мен Дурноволар үстемдік етіп отырғанда 11 декабрьдегі заң бойынша Думаға сайлау — нағыз парламентаризм ойынын ойнағандық. Ойынға қатысу пролетариатқа лайық болмайды.

Пролетариаттың бұқаралық партиясының тактикасы анық, айқын, тура тактика болуға тиіс. Ал Думаға депутаттар сайламайтын болған соң уәкілдер мен сайламшыларды сайлау мәселені шатастырып, екіұшты етіп шешу болып шығады. Бір жағынан, заң бойынша сайлаудың жария формасы мойындалады. Екінші жағынан, заң «бұзылып жатады», өйткені сайлау заңды жүзеге асыру мақсатымен, Думаға депутаттар жіберу мақсатымен жүргізілмейді. Бір жағынан, сайлау науқаны басталады; екінші жағынан, ең маңызды (барлық сайлаулардың тұрғысынан қарағанда) пунктте, тікелей Дума құрамын белгілеуге келгенде бұл науқан тоқтап қалады. Бір жағынан, жұмысшылар өз сайлауларын (уәкілдер мен сайламшылар сайлауды) 11 декабрьдегі заңның ақылға сыймайтын, реакциялық шеңберлерімен шектейді. Екінші жағынан, пролетариаттың алдыңғы қатарлы талаптарын мүлде үстірт және мүлде теріс көрсететін осы жұмысшы сайлауларына бұл талаптарды Думадан тыс (қандай болса да жасырын өкілдік немесе жасырын Дума, немесе халықтық Дума, т. с. формада) жүзеге асыру міндеті жүктеледі. Сонымен өмірде жоқ сайлау правосы негізінде өмірде жоқ парламентке сайлау жүргізу сияқты мағынасыздық болып шығады. Питер мен Москвадағы жұмысшы депутаттарының Советтерін полициялық «заңды формаларсыз» жұмысшылардың өздері сайлаған болатын. Ал бұл Советтердің қамауға алынуы жұмысшыларға өте маңызды сабақ болды. Бұл қамауға алу — жалған конституционализмге сенудің қаншалықты қауіпті екенін, революциялық күштер жеңбей тұрғанда «революциялық өзін өзі бас-

қарудың» қаншалықты осал екенін, бейпартиялық уақытша ұйымның қаншалықты олқылығы бар екенін, ол берік және баянды айбынды партия ұйымын кейде толықтыра алғанымен, оның орнын ешбір баса алмайтынын көрсетті. Жұмысшы депутаттарының астаналық Советтерінің құлау себебі, пролетариаттың айбынды ұйымында олардың мықты тірегі жеткіліксіз болды. Егер біз бұл Советтерді сайламшылардың немесе уәкілдердің жиналыстарымен ауыстыратын болсақ, онда бұл айбынды тірек орнына сөз жүзіндегі тіректі, революциялық тірек орнына жалған-парламенттік тіректі қойғандық болады. Мұның өзі егер біз жетпей тұрған зеңбіректі картонға салынған сурет зеңбірекпен ауыстырғанда қандай болса, нақ сондай болады.

Сонан соң, сайлауларга қатысып, біз пролетариатты буржуазиялық демократия жөнінде адастырамыз. Буржуазиялық демократия тағы да жікке бөлініп келеді. Баяу либералдар (кадеттер) сайлауға қатысуды жан сала жақтап отыр. Радикалдар бойкот жасауға бейімдеу. Бұл жікке бөлінудің таптық астары түсінікті: буржуазияның оң қанаты Дума арқылы реакциямен келісім жасағанды жөн кореді. Буржуазияның сол қанаты революциямен одақ жасауды немесе, ең болмаганда, революцияны қолдауды жөн көреді (жұмысшы депутаттарының Петербург Советі Атқару комитетінің үкіметтің финанс жағынан апатқа ұшырауы туралы манифесіне Одақтар одағының қосылғанын еске түсіріңіздер [82]). Бойкот жасау тактикасы пролетариаттың революциялық және оппортунистік буржуазияға айқын және дұрыс көзқарасын туғызады. Сайлауға қатысу тактикасы пролетариатқа өзінің ең жақын одақтастары мен жауларын айырып алуға бөгет жасап, адам айтқысыз былық тудырған болар еді.

Ақырында, сайлауға қатысудың практикалық мақсаттары бойкот жасау арқылы да артық болмаса, кем орындалмайды. Пролетариаттың күштерін есепке алу, үгіт пен ұйымдастыру, жұмысшы курияларында социал-демократтардың үстем болуын қамтамасыз ету,— осының бәрін сайлаушылар жиналыстарына қатысудың орнына, оларды революциялық жолмен пайдалану ар-

қылы да толық іске асыруға болады, осының бәрі нақ «уәкілдер» сайлауды және нақ «сайламшылар» сайлауды ешбір қажет етпейді. Күштерді осы сияқты адам күйерлік жария сайлауларға жұмсаған жағдайда осылардың бәрін жүзеге асыру қиынға соғады, өйткені бұл сайлаудың мақсатын біз өзіміз мойындамай отырмыз, ал бұлар жөнінде полицияға хабарлау бізге мүлдем тиімсіз. Практикада қашан да болсын сайлау жиналыстарына қатысу емес, атап айтқанда, оларды нақ революциялық жолмен пайдалану болып шығады, өйткені жұмысшылар полициялық шектеулерге бағынбайды, «бөгде адамдарды» (социал-демократтарды деп оқыңыз) аластамайды, сайлау тәртіптерін сақтамайды. Өмір күші, революциялық жағдайдың күші мынаған әкеп соғады: «сайлау» жиналыстарынан сайлау шықпайды, қайта сайлауларсыз және сайлауларға қарамастан болатын партиялық үгіт келіп шығады, яғни айтылып жүрген «белсенді бойкот жасау» келіп шығады. Біз іске қалай қарасақ та, біз өз көзқарастарымызды қалай түсіндірсек те, біз қандай ескертулер жасасақ та, қайткен күнде де, сайлауға қатысудың құрылтай жиналысын Думамен алмастыру туралы, құрылтай жиналысын Дума арқылы шақыру, т. с. туралы пікір туғызу тенденциясы болмай қоймайды. Думада өкілдік етудің жалған және бекер екенін көрсете отырып, революциялық жолмен құрылтай жиналысын шақыруды талап ете отырып және сонымен бірге Думаға қатысу дегеніміз революциялық жагдайда пролетариатты шатастыруга ғана, жұмысшы бұқарасының сана-сезімі мейлінше төмен элементтерін және осы бұқара көсемдері ішінен ұяты мейлінше аз, мейлінше принципсіз элементтерін қолдауға ғана қабілеті бар тактика. Біз өзіміздің социал-демократиялық кандидатураларымыздың толық және әбден толық дербестігі туралы, сайлауға өзіміздің қатысуымыздың таза және кіршіксіз партиялық қатысу екендігі туралы мәлімдей аламыз, бірақ саяси жағдай мәлімдемелердің бәрінен де күштірек. Іс жүзінде мұндай мәлімдемеге ұқсас болып шықпайды және шыға да алмайды. Қазіргі Думаға қазіргі қатысу жағдайында, іс жүзінде, біздің еркімізге қарамастан, социал-

демократиялық емес және партиялық емес жұмысшы саясаты шықпай қоймайды.

«Көпшілік» конференциясы ұсынған тактика — бірден-бір дұрыс тактика.

Бұл қорытындының қызықты дәлелі (жанама) «кадеттер» позициясы болып табылады. «Народная Свобода» өзінің «өлер алдындағы» (20 декабрьдегі) номерінде [83] Думаға бару керек пе деген, қайтадан көтерілген мәселе жөнінде мынадай пікір білдіреді. Таяудағы міндет — бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру. Бұл қағиданы газет дәлелденген қағида деп біледі. Бұл құрылтай жиналысын кім және қалай шақырады? «Народная Свободаның» пікірінше, бұған үш түрлі жауап берілуі мүмкін: 1) заңды үкімет (немесе de facto самодержавиелік үкімет); 2) революциялық уақытша үкімет; 3) «өкіметпен бәсекелесетін өкімет» ретіндегі Мемлекеттік дума. «Кадеттердің» үшінші «жолды» қабылдайтыны және нақ осындай жол үшін Думаға қатысу қажет екендігін жақтайтыны өзінен-өзі түсінікті. Олар үкіметке үміт артудың қандайын болсын ысырып тастап, бірінші жолды теріске шығарады. Екінші жол туралы олар бізге мынадай, өздеріне барынша тән пікірдің үлгісымағын ұсынады:

«Революциялық партиялар қазір де — күшпен басылған көтерілістің қанды қырғыны есеңгіретіп отырған кезде де — арман етіп жүрген уақытша үкіметті *практикада* жүзеге асады деп сенуге бола ма? Турасын айтайық: жоқ, болмайды,— болмайтын себебі, қарулы көтеріліс жасауға мүмкіндік жоқ дегендіктен емес: Москва мұның керісінше екенін дәлелдеді; тіпті мұндай көтерілісті қарулы күш қайғыға ұрындырып жаншитайды дегендіктен де емес: болашақта не боларын кім білген? Уақытша үкіметке сенуге болмайтын себебі — ол үкімет *қандай жағдайда болса да* — тіпті көтеріліс табысты бола қалған күнде де — орыс жерінің «быт-шыты шыққан ғимаратын құрастыру» үшін жеткілікті дәрежеде берік те беделді бола алмайды. Қоғамның терең қойнауынан шығып келе жатқан контрреволюция толқыны оны шайып әкетеді.

Орыс революциясы айларға емес, жылдарға созылып келеді; осы уақыттың ішінде ол өз жолын анық және айқын белгілеп үлгерді; және турасын айту керек, бұл жол қарулы көтеріліске де, уақытша үкіметке де әкеп соқпайды. Шындық алдында түк көрмегенсімейік. Либерал интеллигенция да, шаруалар да, пролетариат та — революцияшыл, бірақ осы үш элементтің қарулы

көтеріліс туы астында революциялық жолмен кооперациялануы *мүмкін емес.* Кімдікі дұрыс, кім кінәлы екенін анықтап жатпай-ақ қоялық; факт факт күйінде қалады. Ал бұлай болғанда, революциялық партиялардың атышулы уақытша үкіметі қандай элементтерден пайда болмақ? Ол қандай үкімет болмақ? Пролетариат диктатурасы болмақ па? Бірақ қазіргі Россияда пролетариат диктатурасы туралы сөз етуге де болмайды...»

Бұл пікірді біз әдейі толық көшіріп отырмыз, өйткені ол либералдық-буржуазиялық көзқарастың мәнін «кадеттерде» сирек кездесетін анықтықпен өте тамаша көрсетеді. Бұл пікірдің қателері бадырайып тұрғаны соншалық, оларды қысқаша көрсетудің өзі-ақ жеткілікті. Егер қазір қарулы көтерілістің болу мүмкіндігі дәлелденген болса және оның табысты болуы жағынан алғанда көтерілістен түк шықпайтынын алдын ала дәлелдеу мүмкін болмаса, онда: «контрреволюция шайып әкетеді» деп қарсы болу не себепті керек болды? Бұл, өзінің әлсіздігі жағынан, адам күлерлік сылтау ғана. Контрреволюциясыз революция болмайды және болуы да мүмкін емес. Қазір, міне, 17 октябрьді де контрреволюциялық толқын шайып кетіп отыр, бірақ бұл конституциялық талаптардың керексіз екенін дәлелдей ме? Мәселе контрреволюцияның болу-болмауында емес, мәселе мынада: сайып келгенде, сөзсіз ұзақ және тағдырдың әрқилы өзгерістеріне лық толы шайқастардан кейін кім жеңіп шығады?

Бұл мәселенің әлеуметтік күштерді есепке алу арқылы шешілетінін «Народная Свобода» түсінеді. Сондықтан ол есепке алады, пролетариаттың да, шаруалардың да, либерал интеллигенцияның да революцияшылдығын мойындайды. Бірақ газет: олардың «қарулы көтеріліс туы астында кооперациялануы мүмкін емес» деп «декреттейді». Неге? Мәселенің бүкіл түйіні осында, сондықтан бұл арада құрғақ сөзбен құтылып кетуге болмайды. Буржуазиялық интеллигенцияның, ең болмағанда, бір бөлігінің қатысуымен пролетариат көтеріліс жасап отыр, шаруалар да көтеріліс жасап отыр, міне, бұл факт факт болып қалады да. Қарулы көтерілістің болатынын мойындап (бұл қазір ешкімнің де мойындауын тілемейді), бұдан былай болатын дүмпу-

лердің бәрі бірдей сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды деп алдын ала айтуға болмайтынын мойындап, газет өз пікірі сүйенетін негіз атаулыны жойды. Пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы сөз етілуге тиіс болып отырғанда, газет пролетариат диктатурасының, яғни социалистік диктатураның мүмкін екенін теріске шығарып, уақыт ұту арқылы ғана жан сақтайды. Жалпы алғанда ұсақ буржуазияның және жеке алғанда буржуазиялық интеллигенцияның белгілі бөлегінің бұл таптарға тілектес болуы және оларға жәрдем етуі қамтамасыз етілген; енді ұйымдасу мен жауынгерлік қабілет дәрежесі туралы мәселе қалып отыр. Әрипе, бұл — өте үлкен және күрделі мәселе, бірақ оны шешуден көпе-көрінеу бұлтарғысы келетін адамдар ғана ат үсті теріс шеше алады.

Либерал помещиктердің позициясы айқын. Олар революциялық күреске қатысқысы келмегендіктен де, Думаға қатысқысы келеді. Олар құрылтай жиналысын революциялық жолмен шақырғысы келмегендіктен де, Думаны шақырғысы келеді. Олар келісімге келуді тілегендіктен де, Думаны керек етіп отыр. Сөйтіп, либералдар мен социал-демократтардың Думаға әр түрлі көзқараста болуы буржуазия мен пролетариаттың таптық позициясының әр алуан екенін өте айқын бейнелейді. Шиеленіскен азамат соғысы заманында келісім жасасуды және Думаны аңсаудың қаншалықты үмітсіз екендігі, айтар болсақ, «кадеттік» газеттердің жабылуынан және жалпы алғанда бүкіл либералдық жария баспасөздің бейшара жай-күйінен көрініп отыр. Думада өкілдік етудің барынша жалған екенін, белгілі бір дәрежеде еркін үгіт жүргізудің ешбір мүмкін емес екенін, қандай да бір дұрыс сайлау болуы мүмкін емес екенін көрсететін фактілерді осы баспасөздің бәрі күн сайын топ-тобымен келтіреді. Революциялық және контрреволюциялық жағдайдың шындығы күрес жүргізу мақсатымен Думаға қатысу жөнінде арман етуді басқа дәлелдердің бәрінен де артық дәрежеде бекерге шығарады, белсенді бойкот жасау тактикасының дұрыс екендігін басқа дәлелдердің бәрінен де жақсы дәлелдейді.

Қорытындыда фракциялардың қосылуына және РСДРП-ның толық бірігуіне байланысты Думаға белсенді бойкот жариялау жөніндегі партиямыздың ішкі үгіт жұмысын қазір қалай ұйымдастыруға тиіс екендігіміз туралы тағы бірер сөз айта кетейік.

Қосылу қажет. Қосылуды қолдау керек. Қосылу мақсатымен тактика жөнінде меньшевиктерге қарсы жолдастық шектеп шықпай күрес жүргізу керек, барлық партия мүшелерінің көзін жеткізуге тырысу керек, айтысты қарсы жақтың да, қостаушы жақтың да дәлелдерін іскерлікпен баяндауға, пролетариаттың позициясын және оның таптық міндеттерін анықтауға бағыттау керек. Бірақ қосылу бізді тактикалық алауыздықтарды бүркеуге немесе оз тактикамызды дәйексіз және бұлыңғыр баяндауға ешбір міндеттемейді. Мүлде олай емес. Өзіміз дұрыс деп таныған тактика жолындағы идеялық күресті аяғына дейін, яғни партияның бірігу съезіне дейін ашық, тура және батыл жүргізу қажет. Партияның нақты әрекеттерін белгілейтін тактика біртұтас партияда біреу ғана болуға тиіс. Мұндай біртұтас тактика партия мүшелерінің көпшілігінің тактикасы болуға тиіс: көпшілік толық анықталғаннан кейін, азшылық, мәселені жаңа съезде шешу жолында сынау және үгіт жүргізу правосын сақтай отырып, өзінің саяси іс-әрекеті жағынан көпшілікке бағынуға міндетті.

Партиямыздың қазіргі жағдайында екі фракция да бірігу съезін шақыру жөнінде келісімге келді, екеуі де оның шешімдеріне бағынуға келісті. Бірігу съезі партияның біртұтас тактикасын да жасайды. Біздің міндетіміз — барлық құралды пайдаланып, бұл съездің шақырылуын тездету, Думаға қатысу жөніндегі тактикалар әр түрлі екені жөнінде барлық партия мүшелерінің анық түсінігі мен ұғымы болуына, барлық партия мүшелері бүкіл партияны біріктіретін және біздің тактикамызды біріктіретін ортақ съезге екі жақтың да дәлелдерін әбден таразыға сала отырып, істі әбден біле отырып, кездейсоқтыққа салынбай, өз делегаттарын саналы түрде сайлауына жетуге барынша күш-жігер жұмсау болып отыр.

РОССИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАКТИКАСЫ [84]

Россия социал-демократиялық партиясы өте ауыр кезеңді бастан кешіріп отыр. Соғыс жағдайы, атып-асу және жаппай жазалау, лық толған түрмелер, аштықтан азап шеккен пролетариат, көптеген құпия тірек пункттердің талқандалуынан және жария пункттердің жоқтығынан күшейіп отырған ұйымдық берекетсіздік, ақырында, партияның бірлігін қалпына келтіру жөніндегі қиын іспен қатар келген тактика туралы таластар,— міне, осының бәрі партия күштерін кәдімгідей бөліп-жарып, алауыздық туғызбай қоймайды.

Бұл алауыздықтан құтылудың формальды құралы партияның бірігу съезін шақыру болып табылады, сондықтан, біздің кәміл сенімімізге қарағанда, партияның барлық қызметкерлері осы съезді шақыруды бар күшін сала тездетуге тиіс. Бірақ, әзірге съезд шақыру жөнінде жұмыс жүріп жатқан кезде, алауыздықтың неғұрлым терең себептері туралы аса маңызды мәселені барлық жұрттың алдына қойып, барынша салдарлы талқылау қажет. Шындығына келгенде, Мемлекеттік думаға бойкот жасау туралы мәселе партияның бүкіл тактикасын қайта қарау жөніндегі үлкен мәселенің тек кішкене бір бөлігі болып табылады. Ал партияның бүкіл тактикасын қайта қарау туралы мәселенің өзін алатын болсақ, бұл мәселе, Россияның қазіргі жағдайы туралы және орыс революциясының тарихында қазіргі кезеңнің қандай маңызы бар екендігі туралы үлкен мәселенің тек кішкене бір бөлігі болып табылады.

Осы кезеңді екі түрлі бағалауға байланысты тактикалық екі жол байқалып отыр. Біреулер (мәселен, Лениннің «Молодая Россиядағы» мақаласын қараңыз *) Москва көтерілісінің және басқа да көтерілістердің басылып тасталуы жаңа, неғұрлым батыл қарулы күрес үшін негіз дайындау, жағдай жасау ғана болып табылады деп есептейді. Қазіргі кезеңнің маңызы конституциялық жалған үміттің үзілуінде деп саналады. Революцияның даңқты екі айы (ноябрь мен декабрь) бейбіт жаппай стачканың бүкіл халықтық қарулы көтеріліске ұласу дәуірі деп қаралады. Қарулы көтерілістің мүмкін екені дәлелденді, қозғалыс жоғары сатыға көтерілді, болашақ көтерілістің жеңіске жетуіне қажетті практикалық тәжірибені қалың бұқара жинақтады, бейбіт ереуілдердің күні өтті. Бұл тәжірибені мұқият жинақтап, пролетариаттың күш жинауына мүмкіндік беру керек, конституциялық жалған үміт атаулының бәрін және Думаға қатысу жөніндегі ойдың бәрін біржола ұмытып, жаңа көтерілісті табандылықпен және шыдамдылықпен дайындау керек, шаруалар ұйымдарымен байланысты нығайту керек, олар, сірә, көктемге қарай бұдан да күштірек көтерілетін шығар.

Енді біреулер кезеңді басқаша бағалайды. Плеханов жолдас өзінің «Дневнигінің» [85] 3-номерінде, әсіресе 4-номерінде басқалардан гөрі дәйекті түрде өзгеше баға берді, бірақ, амал не, ол өз пікірлерін барлық жерде бірдей аяқтап айтпапты.

«Мезгіл жетпей басталған саяси ереуіл,— дейді Плеханов жолдас.— Москвада, Ростовта, т. т. қарулы көтеріліске әкеп соқтырды. Пролетариаттың күші жеңіп шығуға жеткіліксіз болып шықты. Бұл жағдайды алдын ала болжап білу қиын емес еді. Сондықтан қолға қару алмау да керек еді». Жұмысшы қозғалысының саналы элементтерінің практикалық міндетінің өзі: «пролетариатқа оның қатесін көрсету, қарулы көтеріліс деп аталатын ойынның қатерлі ойын екенін оған ашып көрсету болып табылады». Плеханов өзінің қозғалысты бөгегісі келетінін бекер демейді. Ол Коммунадан жарты

* Қараңыз: осы том, 157—160-беттер. *Ред.*

жыл бұрын Маркстің Париж пролетариатын мезгілі жетпей көтерілуден сақтандырғанын еске салады [86]. «Өмір,— дейді Плеханов,— біздің партиямыз соңғы айларда ұстаған тактиканың негізсіз екендігін көрсетті. Тағы да жеңіліп қалу қорқынышын есте ұстай отырып, біз жаңа тактикалық тәсілдерді меңгеруге міндеттіміз»... «Ең бастысы — жұмысшылардың кәсіпшілік қозғалысына біздің дереу баса көңіл бөлуіміз қажет».— «Біздің жолдастардың өте едәуір бөлегі кәсіпшілік қозғалысын белгілі бір дәрежеде мықтап қолдаумен айпалысудың орнына, қарулы көтеріліс туралы ойлаумен тым әуестеніп кетті»... «Біз пролетарлық емес оппозициялық партиялардың қолдауын бағалауымыз керек, оларды әдепсіз әрекеттермен үркітіп алмауымыз керек». Сондай-ақ Плехановтың Думаға бойкот жасауға қарсы шығуы да әбден түсінікті (ол Думаға қатысуды жақтай ма немесе сайламшылардың «меньшевиктер» жақсы көретін «революциялық өзін өзі басқару орындарын» құруын жақтай ма, мұны ашып айтпайды). «Деревнядағы сайлау үгіті жер туралы мәселені төтесінен қойған болар еді». Жерді тартып алу ісін партиямыздың екі бөлігі де мақұлдаған болатын, сондықтан олардың қарарларын «енді жүзеге асыратын уақыт жетті».

Плехановтың көзқарастары осындай, мұны біз «Дневник» авторының бүтіндей дерлік өз тұжырымымен баяндадық.

Дума тактикасы туралы мәселе жалпы тактика туралы мәселенің, бүкіл қазіргі революциялық кезеңге баға беру туралы мәселеге бағынышты мәселенің, тек бір бөлегі ғана екеніне оқушы осы айтылғандардан түсінген шығар деп үміттенеміз. Тактика туралы алауыздықтардың түп-тамыры мынада жатыр. Көтерілістің қатерлі екендігін түсінуге және салмақтың денін кәсіпшілік қозғалысына аударуға шақыра отырып, біреулер қолға қару алмау керек еді деседі. 2 және 3-ереуілдер де, көтеріліс те қате болды дейді. Ал басқалар: қолға қару алу керек еді, өйткені олай болмаса, қозғалыс жоғары сатыға көтеріле алмас еді, көтеріліс ісінде қажеті бар практикалық тәжірибені жасай алмас еді, күрес құ-

ралы ретінде берерін беріп болған жалғыз ғана бейбіт стачканың әлсіз жақтарынан арыла алмас еді деп ойлайды. Демек, біреулер үшін көтеріліс туралы мәселе күн тәртібінен алынып тасталады,— ең болмағанда, тактиканы тағы да қайта қарауға бізді мәжбүр ететіндей жаңа жағдай туғанға дейін осылай болады. Мұнан «конституцияға» бейімделу (Думаға қатысу және жария кәсіпшілік қозғалысында күш сала жұмыс істеу) сөзсіз келіп шығады. Екінші біреулер үшін, керісінше, практикада қол жеткен тәжірибенің — әскерге қарсы күресуге болатыны дәлелденген, келесі бой көрсетуді неғұрлым табанды, неғұрлым шыдамды дайындаудың нақты міндеттерін белгілеген тәжірибенің негізінде көтеріліс туралы мәселе күн тәртібіне нақ енді қойылады. Осыдан келіп: конституциялық алдамшы үміт жойылсын! және жария кәсіпшілік қозғалысқа қатардағы орын берілсін, әйтеуір «басты» орын берілмейтін болсын, деген ұран шығады.

Біз бұл талас мәселені қимылдың белгілі бір жолының керектігі тұрғысынан қарамай, қазіргі кезеңнің объективті жағдайлары және қоғамдық күштерді есепке алу тұрғысынан қарауға тиіс екеніміз өзінен-өзі түсінікті. Плехановтың көзқарасын біз қате көзқарас деп санаймыз. Москва көтерілісіне «қолға қару алмау керек еді» дегенге саятын баға беру барынша сыңаржақ баға. Көтеріліс туралы мәселені күн тәртібінен алып тастау — шынына келгенде, революциялық дәуірді бітті және демократиялық төңкерістің «конституциялық» дәуірі басталды деп мойындау болады, яғни, шамамен айтқанда, Россиядағы декабрь көтерілістерінің тұншықтырылуын Германиядағы 1849 жылғы көтерілістердің тұншықтырылуымен бірдей деп есептеу болады. Әрине, революциямыздың мұндай болып аяқталуы да мүмкін, реакция мейлінше күш ала бастаған осы сәттің тұрғысынан қарағанда да көтерілістің бұлай аяқталуы қазірдің өзінде басталды деуге болады. Егер объективті жағдайлар көтерілісті мүмкін етпесе, жаңа, жеміссіз әрекеттерге күшті сарп еткеннен гөрі көтеріліс жасау идеясынан үзілді-кесілді бас тарту жөн екеніне күмәндануға болмайды.

Бірақ бұл — қазіргі сәтте қалыптасқан жағдайға тым асығыс қорытынды жасап, оны тұтас бір дәуір үшін заңға айналдыру деген сөз. Революцияның алға қарай жасаған әрбір ірі қадамынан соң дерлік реакцияның құтырына өршуін біз көрмедік пе? Сонда да, осы реакцияға қарамастан, біраз уақыт өткеннен кейін қозғалыс бұрынғыдан да күшейіп қайта көтерілмеді ме? Бүкіл қоғамдық дамудың бұлтартпас талаптары алдында самодержавие шегінген жоқ; керісінше, көтерілістің жаныншталуын құттықтаған буржуазияның өз ішінде де қарсылық туғызып, самодержавие кейін шегініп келеді. Революцияшыл таптардың, пролетариат пен шаруалардың, күштері тіпті де сарқылып біткен жоқ. Экономикалық дағдарыс, финанстың кері кетуі бәсеңдеудің орнына, кеңейіп, тереңдеп барады. Қазірдің өзінде, бірінші көтеріліс толық тұншықтырылмай жатып-ақ, жаңа дүмпудің болуы мүмкін екенін көтеріліске тіпті дұшпандықпен қарайтын «праволық тәртіпті» буржуазияның органдары да мойындап отыр *. Думаның екіжүзді сипаты барған сайын айқын көрініп келеді, сөйтіп сайлауға партия болып қатысуданештеңе шықпайтындығы барған сайын күмәнсыз болып келеді.

Егер біз осындай жағдайда көтеріліс туралы мәселені күн тәртібінен алып тастайтын болсақ, онда мұның өзі өресіздік болар еді, дәл қазіргі кезеңдегі жағдай алдында құлдық ұру болар еді. Плеханов шаруалар арасында жерді тартып алу жөнінде үгіт жүргізу туралы қарарды жүзеге асыруды барынша ұсына отырып, сонымен қатар әдепсіздік жасап оппозициялық партияларды өзімізден үркітіп алмау мақсатын алға қойғанда, деревняда сайлау үгітін жүргізуде жер туралы мәселенің «тікелей» қойылуын арман еткенде, оның қандай қайшылыққа ұшырайтынын қараңыздар. Либерал-помещиктер сіздердің миллиондаған «әдепсіздікте-

---

* Мәселен, консервативтік-буржуазиялық «Слово» (25 январьдағы 364-номері) былай деп жазады: «Центрдің ең сенімді жақтаушыларының арасында сенімсіздеу революциялық партиялар дайындаған жаңа дүмпулер болмаса, реформа ойдағыдай толық, тұтас күйінде жүзеге асырылмайды . Бейбіт жолмен жоғарыдан реформа жүргізуге қазірдің өзінде үміт қалмауға жақын деген дауыстар барған сайын жиі естіліп келеді, рас, бұл дауыстар әзірше жасқаншақ және сенімсіз шығып жүр»,

ріңізді» кешіретінін, бірақ жерді тартып алуға шақыруды кешірмейтінін сеніммен айтуға болады. Тіпті кадеттердің өзі: шаруалар көтерілісін әскер күшімен басуды біз де жақтаймыз, тек әскерді бюрократия басқармай, өзіміз басқарсақ болғаны деп текке айтып отырған жоқ (князь Долгоруковтың «Праводағы» [87] мақаласын қараңыз). Жер туралы мәселе Думадан тыс және полицияның қатысуымен жүргізілетін сайлаулардан тыс қойылғанындай, қойылып отырғанындай және қойыла беретініндей болып нақ сайлау үгітінде жер туралы мәселе еш уақытта да «төтесінен» қойылмайтынын сеніммен айтуға болады.

Біз жерді тартып алу ұранын түгелдей жақтап шықтық. Бірақ жерді тартып алу қарулы көтерілістің жеңісі екенін білдірмесе, онда ол бос сөз ғана болады, өйткені қазір шаруаларға тек әскер ғана қарсы қойылып отырған жоқ, сонымен қатар помещиктер жалдаған еріктілер отрядтары да қарсы қойылып отыр. Жерді тартып алуды уағыздай отырып, біз шаруаларды көтеріліске шақырамыз. Ал қалаларда жұмысшылардың көтеріліс жасауына, жұмысшылардың шаруаларды қолдайтынына сүйенбеген болсақ, онда біздің революциялық бос сөзге салынбай, шаруаларды көтеріліске шақыруға правомыз болар ма еді? Лек-легімен көтеріліп, жерді тартып ала бастайтын шаруаларға жұмысшылар жауынгер ұйымдар жоқ болғандықтан, полицияның қамқорлығында отырған кәсіпшілік қоғамдарының көмегін ұсынатын болса, онда бұл күйінішті келемеждеу болар еді.

Жоқ, көтеріліс туралы мәселені күн тәртібінен алып тастауға біздің дәлеліміз жоқ. Біз партия тактикасын реакцияның қазіргі жағдайы тұрғысынан қарап, қайта құруға тиіс емеспіз. Көтерілістің бөлек-бөлек үш тасқынын — жұмысшы, шаруа және әскери тасқынын — ақыр аяғында, тұтас бір жеңімпаз көтеріліс арнасына құя алатынымыздан күдер үзуге хақымыз жоқ, күдер үзуге тиісті де емеспіз. Біз осыған дайындалуға тиіспіз, әрине, бұлай еткенде насихатты, үгітті және ұйымдастыру жұмысын ұлғайтуға «жария» құралдардың қайсысын болса да пайдаланудан бас тартпауға тиіспіз,

бірақ бұл құралдардың беріктігі мен олардың маңызы жөнінен ешбір алданып қалмауға тиіспіз. Біз, Москва, Дон, Ростов көтерілістерінің және басқа көтерілістердің тәжірибесін жинап, олармен жұртты таныстыруға, жаңа жауынгер күштерді жігермен, табандылықпен дайындауға тиіспіз, оларды бірқатар партизандық соғыс қимылдары үстінде үйретіп, шынықтыруға тиіспіз. Жаңа дүмпу, бәлкім, көктемде бола қоймас, бірақ ол таянып келеді, ол, мүмкін, онша қашық болмас. Біз оны қаруланып, әскери ұйымдасып, батыл шабуыл қимылдарын жасауға қабілетті болып қарсы алуға тиіспіз.

Жауынгер жасақтардың партизандық қимылдары туралы бұл арада біз кішкене бір шегініс жасалық. Біздің ойымызша, оларды ескі типтегі террормен теңестіру қате. Террор жеке адамдардан кек алу болған-ды. Террор интеллигенттік топтардың заговоры болды. Террор бұқара пиғылының ешқайсысымен де мүлдем байланыссыз болмады. Террор бұқараның ешқандай жауынгер басшыларын даярламады. Террор көтеріліске сенбеудің, көтеріліс жасауға жағдайлар болмауының нәтижесі — сонымен қатар белгісі және серігі — болды.

Партизандық қимылдар — кек алу емес, соғыс қимылдары. Негізгі шайқас майданында толас болған кезде еріктілер жасақтарының жау армиясының тылына шабуыл жасауы дуэльшілер мен заговоршылардың кісі өлтіруіне қандай ұқсамайтын болса, бұлар да авантюраға сондай дәрежеде ұқсамайды. Қозғалыстың ірі-ірі орталықтарының барлығында екі фракцияның социал-демократтары әлдеқашан ұйымдастырған және, негізінен, жұмысшылардан құралған жауынгер жасақтардың партизандық қимылдары бұқараның пиғылына барынша айқын, барынша тікелей байланысты. Жауынгер жасақтардың партизандық қимылдары бұқараның жауынгер басшыларын тікелей даярлап шығарады. Жауынгер жасақтардың партизандық қимылдары қазір көтеріліске сенбеудің немесе көтерілістің мүмкін еместігінің нәтижесі болмайтындығы былай тұрсын, қайта, керісінше, жүріп жатқан көтерілістің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Әрине, барлық нәрседе және барлық уақытта қателер болуы мүмкін, мезгілсіз бой көрсету жө-

нінде орынсыз әрекеттердің болуы мүмкін; елігу мен қатеге ұрынудың болуы мүмкін, бұлар әрқашан да және сөзсіз зиянды, ең дұрыс тактиканың өзіне зиян келтіре алады. Бірақ факт мынада болып отыр: таза орыс орталықтарының копшілігінде басқа қателіктен, біздің жауынгер жасақтардың инициативасының жеткіліксіздігінен, оларда жауынгерлік тәжірибенің жеткіліксіз болуынан, олардың бой көрсетулеріндегі батылсыздықтан осы уақытқа дейін зиян шегіп келеміз. Бұл жөнінде Кавказ да, Польша да, Прибалтика өлкесі де, яғни қозғалыс бұрынғы террордан бәрінен де ілгері кеткен, көтеріліс бәрінен де жақсы дайындалған, пролетарлық күрестің бұқаралық сипаты бәрінен де күшті, айқын көрінген орталықтар бізден озып кетті.

Бұл орталықтарды біздің қуып жетуіміз керек. Егер біз көтерілісті тек сөз жүзінде дайындағымыз келмейтін болса және пролетариатты шынымен көтеріліске дайын деп таныған болсақ, онда жауынгер жасақтардың партизандық қимылдарын бөгемей, қайта оны қолдап отыруымыз керек.

Орыс революциясы патшадан бостандық беруді сұраумен басталды. Атып-асу, реакция, треповшылдық — қозғалысты басып тастай алмады, қайта өршіте түсті. Революция екінші қадам жасады. Ол патшадан бостандықты мойындауды күшпен тартып алды. Революция бұл бостандықты қолына қару алып қорғады. Бірден қорғап қалған жоқ. Атып-асу, реакция, дубасовшылдық — қозғалысты басып тастай алмайды, қайта өршіте түседі. Біздің алдымызда үшінші қадам тұр — ол революцияның немен тынатынын анықтайды, бұл қадам: революцияшыл халықтың бостандықты іс жүзінде жүзеге асыра алатын өкімет орнату жолындағы күресі болады. Бұл күресте бізді оппозициялық емес, революциялық демократиялық партиялар қолдайды деп санауға тиістіміз. Мұнда социалистік пролетариатпен бір сапта демократиялық-революцияшыл шаруалар болады. Мұның өзі — ұлы күрес, қиын күрес, демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу жолындағы, оның толық жеңіп шығуы жолындағы күрес болады. Алайда қазіргі уақытта мұндай күресті өмірдің өзі жақындатып

келе жатқаны барлық нышандардан көрініп отыр. Жаңа толқынды Россия пролетариатының жаңа жауынгерлік дайындықпен қарсы алуына ат салысайық.

«Партийные Известия» № 1,
7 февраль, 1906 ж.
Қол қойған: Большевик

«Партийные Известия»
газетінің тексті бойынша
басылып отыр

РСДРП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[88]

11(24) ФЕВРАЛЬ, 1906 ж.

*Бірінші рет 1930 ж.
«Пролетарская Революция»
журналының 12-номерінде
басылған*

*КПСС Орталық Комитеті
жанындағы
Марксизм-ленинизм
институтының Орталық
партия архивінде сақтаулы
секретарь жазбалары
бойынша басылып отыр*

1

ОКРУГТІК ҰЙЫМ МЕН ВЫБОРГ ҰЙЫМЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ӨКІЛДІКТІҢ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Округтік ұйым жөнінде қабылданған шешім конференцияның мандаттарды формальды түрде жалпы тексеру туралы бірінші шешімін сәтсіздікке ұшыратты. Округтік ұйымда 56 шүбәлы дауыс болды, сондықтан сөз тек солар туралы болуға тиіс еді. Комитет пен аудандық конференция сайлауларды тексеріп шықты; егер Петербург комитетінің округтік ұйым жөніндегі шешіміне сенбейтін болсақ, онда дәйекті болып, барлық аудандарды тексеруге дейін бару қажет.

2

Дан жолдас парламенттік тактика жөнін білмейді. Батыс Европаның барлық елдерінде бюро мүшесі ұсыныс енгізу правосынан айрылмаған.

3

Мартов жолдас ұсынған мәселе істің тек формальдық жағына қатысты; егер сіздер білдірілген наразылықтар негізінде бұл арада бір ауданды қараймыз деп шешкен болсаңыздар, онда наразылық білдіріліп отырған басқа аудандар туралы да сондай шешімге келу керек. Аким жолдас Выборг ауданында теріс нәрселер бар дейді, сондықтан округтік ұйым туралы шешім қабылдаған конференция бұл шешімді Выборг ауданына да таратуға тиіс.

4

Тәртіпке келейік. Егер Петербург комитеті округтік ұйымды толық праволы деп таныған болса, онда Мартов жолдастың оны конференциядан шығарып тастау керек деген ұсынысына менің таңым бар.

5

Екі ұсыныс бар: 56 дауыс туралы мәселені шешу және конференциядан бүкіл округтік ұйымды шығарып тастау. Мен дауысқа салуды өтінемін.

6

Дауысқа мына мәселені қоюды өтінемін: Петербург ұйымының бір бөлігі осы жерде өкілдіктен айрылуға тиіс пе?

7

Мартов жолдастың ұсынысын дауысқа қоюға болмайды, оның қозғаған мәселесін тек Петербург комитеті ғана шеше алады.

8

Сіздерге ұсынып отырған масқара нәрсе туралы ойлап қараңыздаршы, жолдастар. Өте маңызды мәселе қаралды, ол мәселені шешуге Петербургтің бүкіл ұйымы қатысуға тиіс, ал сіздерге кенеттен ұйымның орасан зор бөлігін — Округтік ауданды бөліп тастауды ұсынады. Осыны ойлап көріңіздерші. Мұндай дауысқа қоюды мен шын мәнінде жөнсіз деп есептеймін. Мартов жолдастың ұсынысын жиналыс дауысқа қойғысы келе ме?— осыны дауысқа салуларыңызды өтінемін.

9

Алдымен менің ұсынысымды дауысқа салуды өтінемін: жиналыс Мартов жолдастың ұсынысын дауысқа қоюға келісе ме?

10

Іске байыппен қарау керек. Мәселе мынада: біз округтік ұйымды конференцияда дауыс беру правосынан айыра аламыз ба; оның өкілдігі заңды болып отырғанда, қазіргі дауыс беруге қатыспау дегеніміз барып тұрған заңсыздық; оның өкілдігін өздеріңіз заңды деп таныдыңыздар, оның өкілдігінің заңдылығы қаралғанда, ол дауыс берген жоқ; келесі мәселелердің барлығында ол дауыс беруге тиіс.

11

Николай жолдас өзі түбегейлі деп өте дұрыс атаған ұсыныс енгізді [89]; егер қалғанының бәрін жоққа шығаратын ұсыныс енгізілсе, онда ол алдымен дауысқа салынады.

12

Жиналыс Мартов жолдас көтерген мәселені талқылауға жатпайтын және дауысқа қоюды керек етпейтін мәселе деп таниды.

2

ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫН АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ МАРТОВТЫҢ ҰСЫНЫСЫНА ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Мартов жолдастікі теріс; ол — «тағы да қойылады» деген сияқты ескертуге жол берілмейді дейді,— бұл дұрыс емес. Барлық жерде жиналыстарда әр түрлі ескертулер жасауға рұқсат етіледі. Баяндамаға келетін болсақ, оны тыңдап алу қажет. Баяндама бар болғаны 15—20 минут уақыт алады, ал әйтпесе бізге жұрт: конференцияда моральдық ағаттықтарға қоса, заң жағынан да ағаттықтар болды (моральдық олқылықтарға қоса, заң жағынан да олқылықтар орын алды) деп айтуы мүмкін. Баяндаманы міндетті түрде тыңдап алу керек. Егер сіздер оны бекіту керек деп тапсаңыздар — бекітіңіздер, егер бекіту керек деп таппасаңыздар, онда бекітпеңіздер.

2

ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫС

Менің ұсыныс енгізгім келеді. Баяндаманы мақұлдау туралы Аким жолдас қозғаған мәселені күн тәртібінен алып тастауға болады; мен мынадай шешім қабылдауды ұсынамын: «Жиналыс Петербург комитетінің баяндамасын тыңдап, конференцияның өкілдігін заңды деп

таныды, конференцияны орнықты және Петербург социал-демократиялық ұйымы үшін оның шешімін міндетті деп таныды».

3

ҰСЫНЫСТЫ ЖАҚТАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Мағынасы жағынан дауысқа қою керек дегенге мен қосыламын, бірақ мен өз ұсынысымды ең батыл ұсыныс деп, ал басқаларын — ымырашыл ұсыныс деп санаймын. Егер сіздер батыл ұсынысты қабылдамайтын болсаңыздар, онда ымырашыл ұсыныстарды дауысқа саласыздар.

3

БОЙКОТ ЖАСАУ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТУ

Егер қарардың ұзақтығымен жиналысты қажытқан болсам, оған өкініштімін, бірақ егер біз мәселенің мәні жөнінде таласқымыз келсе, онда өзіміздің нені сынап отырғанымызды анық біліп алуымыз қажет. Бұдан бұрын айтыстарда айтылып, мұнда айтуға уақыт болмаған пікірлердің бәрі менің қарарымда жинақталған, жиналысты енді соза беруге болмайды. Егер қарарды талқылауға уақыт болмаса, онда комиссия сайлауға болады.

РСДРП-ның ПЕТЕРБУРГ ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ (II) КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ФЕВРАЛЬДЫҢ АЯҒЫ – МАРТТЫҢ БАСЫ, 1906 ж.

Бірінші рет 1931 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы секретарь жазбалары бойынша басылып отыр

1

БОЙКОТ ЖАСАУ ТАКТИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫ ЖАҚТАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Қарар шұбалаңқы,— Дан жолдас айтқандай, «жаназа шығару» сияқты,— бұл дұрыс, бірақ бұл кемшілікті жуып кететін оның жақсы жағы бар—қарарда барлық дәлелдер қаралған, онсыз тактиканы түсіндіру ойластырылмаған болады, сенімсіз болады. Бұқара үшін ықшам болғаны қажет, бірақ бұл қарар бұқараға емес, ұйымдарға арналған. Барлық пункттер бойынша айтыстар болған жоқ, бірақ олардың бәрі жөнінде сөз болды. Саяси үгітте жүргізілетін көзқарастардың бәрі дамытылуға тиіс. Азшылықты көпшілік басып тастап отыр деп ешбір сөз етуге болмайды, рас, жеңілген жақтың жағдайы онша жақсы емес. Бұдан шығудың жолы ретінде жұмысты бөліп алуды ұсынуға болады: сіздер Думаны сынайсыздар, ал біз тактиканы дамытамыз. Дан жолдасқа оның өзі келіспейтін пункттерді қорғауды ешкім де таңғысы келмейді. Фракцияшыл және айтысшыл деп кінәлау — бос сөз.

2

Қысқа қарарда да (Мартовтың) айтыс бар, бірақ сіздер оны бізге қабылдауды ұсынып, бізді не үшін келемеж еткілеріңіз келеді. Шұбалаңқы қарардың жобасында пролетариат талқыламаған дәлелдер бар сияқты. Бірақ растеряевшылдардың ойыншық қарақшылары өкілдік идеясының өзін мазақ етті [90], бұл жерде олардың шаруалар туралы да ойы болған шығар.

2

ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ 2, 3 және 6-ПУНКТТЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ТҮЗЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ ПІКІРЛЕР

1

Үкімет қазірдің өзінде қамтамасыз етуде, бірақ революция ол қамтамасыз етуді талқандайды. Қамтамасыз етеді, бірақ қамтамасыз еткен жоқ.

2

Сіздер қаранды әлсіретіп отырсыздар, үкімет сайлауға бөгет жасап қана қоймайды, ол тіпті земство бастықтарын да сайланған адам ретінде отырғызады.

3

Дан жолдастың түзетуі дәл емес. «17 октябрь одағы» [91] — оппозиция, бірақ оны қудалап отырған жоқ. Егер кадеттерді қудалайтын болса, тіпті оларды бостанбос қудаласа да, біз оларға болысуға тиіспіз.

4

«Зубатовшылдық» [92] — сенімсіз адамдарды торға түсірудің полициялық формасы ғана емес, ол жұмысшы қозғалысын есепке алады, бұл жұмысшы табының ұйымы. «Зубатовшылдық» дегеніміз нағыз орыстық құбылыс. Сондықтан ол қазір де қолданылады. Дума дегеніміз полициялық ойын, бірақ онда конституцияның көлеңкесі де жоқ. Жалпы алғанда бұл арада «зубатовшылдық» деген сөз теңеу ретінде қолданылған, сондық-

тан да ол анықтама ретінде толық емес. Ақырында, біз мұны *бүкіл россиялық, мемлекеттік* «зубатовшылдықтың» «жаңа» формасы дейміз. Сондықтан біздің «зубатовшылдық» жөнінде барлық уақытта қолданып келген тактикамыз қандай болса, бұл арадағы тактикамыз да дәл сондай. Біз зубатовтық жиналыстарға да барып жүрдік, бірақ еш уақытта да оған мүше болған емеспіз.

3

ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ 7 және 8-ПУНКТТЕРІ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Дан жолдастың іс жүзіндегі дұрыс емёстік туралы мәлімдемесі — мен үшін үлкен жаңалық. «Думаға қатысуға» болатындығы туралы осы уақытқа дейін еш жерде ресми түрде мәлімденген емес [93]. Парвус та, Плеханов та тіпті мұны осы уақытқа дейін айтқан емес. Содан соң, мәселеге пролетариаттың саналы бөлегінің басқаша қарамай, нақ осылай қарайтындығымен санаспау біз үшін өресіздік болар еді, сондықтан біз мұны ескереміз, мұның өзі кездейсоқ факт емес. Мен «барлығы» дегеннің орнына «басым көпшілігі» деп түзету енгізуге дайынмын.

2

Дан жолдастың ресми мәлімдемесі мен үшін өте бағалы, мұндай мәлімдемені мен жалпы бірінші рет естіп отырмын. Бұл мәлімдеменің баспасөзде шығуын тілеу ғана қалады, өйткені осы уақытқа дейін баспасөзде мұндай еш нәрсе болған емес. Егер мұндай пікірді оларға таңса-ақ болды, меньшевиктер тіпті әрқашанда қарсылық білдіріп келген болатын. Біріккен Орталық Комитеттің листогы — Думаға баруға болмайды дегенге партияның екі бөлегі де келіседі деп көрсетеді [94]. Бұл — документ, біздің қарарымыздың бұл пунктінде де оған ештеңе қайшы келмейді. Данның Плеханов жөніндегі ескертуі дұрыс емес. Ол тек: «мен бойкот жасауға қарсымын» деді, сөйтіп ең қызықты жерге нүкте қойды. Біз жеткілікті хабардармыз, Полтаваға сілтеме

жасау да пролетариат көпшілігінің Думаға қатысу туралы мәселеге көзқарасы жөніндегі біздің пікірімізді өзгерткен жоқ. Ынтымақтық атап көрсетілуге тиіс.

3

Данның ойынша, Дума жиналатын болса, онда мұның өзі 1849 жыл болады да қояды екен. Дұрыс емес. Дума дегеніміз 1847 жылғы құрама ландтаг [95], ал 1847 жылғы құрама ландтагқа біз бармаймыз. Мен Луначарскийдің айтқанын еске алу қажет деп санаймын. Мынадай үш сұраққа жауап беру керек деп санаймын: 1) көпшіліктің дұрыс екендігі рас па? — рас; бізді ешкім теріске шығарған жоқ, бұл жөнінде айтылғандардың бәрі — бос сөз және фактіні көрсетуді сызып тастау үшін жеткілікті негіз бола алмайды; 2) бұл фактімен санасу керек пе?—санасу қажет; 3) дәлелдің осы пункті қозғап отырған мәселеге Орталық Органның редакциясы қалай қарайды?— Мен оны Думаға қатысуды *мүмкін емес* деп таныды деймін. Мұның өзі меньшевик жолдастардың осыншалық қытығына тиеді ғой деп мен ойлағаным жоқ, Дан жолдастың айтқанындай ешкім еш уақытта және еш жерде айтып көрген емес. Дан жолдас солқылдақтық жасап отыр, ал бұған мен қатты ренжіп отырмын.

4

Бұдан былайғының бәрі айтысқа толы деседі. Дұрыс емес, мұндай мақсатты біз көздемеген де болар едік. Думаға неге баруға болмайды? Неге десеңіз, меньшевик жолдастардың халық туралы не ойлайтынына қарамастан сайлауға болады екен деп халықтың ойлап қалуы мүмкін. Біз ұрсысып отырғанымыз жоқ, біз дәлелді талдап отырмыз. Біз тек құбыжық қана жіберуді қажет деп есептейміз.

4

ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ 8-ПУНКТІН ДАУЫСҚА ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Бұл дауысқа қоюға принципті көзқарас туралы мен қарар ұсынамын (Ленин қарарды оқиды).

Конференция Петербург социал-демократиялық ұйымының сайлауларға қатысудың пайдасыз екендігі туралы шешімін егжей-тегжейлі дәлелдеп жазу қажет деп санайды, ондағы мақсат бұрынғы меньшевик жолдастармен айтысу емес және оларға социал-демократтар ретінде шүбә келтіру емес, мақсат — толық бойкот жариялаудың сипаты мен маңызы туралы ұйым көпшілігінің пікірін дәлме-дәл, ресми түрде баяндау болып отыр.

5

КОНФЕРЕНЦИЯ БЮРОСЫНА ЖАЗБАША МӘЛІМДЕМЕ

Іс жүзіндегі мәлімдеме. Мен Дан жолдастың пайымдаулары дұрыс емес және ол менің — Дан жолдастың айтқанындай пайымдаулар баспасөзде болған жоқ деген мәлімдемелерімнің бірде-бірін теріске шығармайды деп мәлімдеймін.

ПЕТЕРБУРГ ҚАЛАСЫ МЕН ҚАЛА ТӨҢІРЕГІНІҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНЕ [96]

Жұмысшы жолдастар! РСДРП-ның бүкіл петербургтік және округтік ұйымының ұйымдасқан социал-демократиялық жұмысшылары Мемлекеттік дума сайлауы туралы мәселе жөнінде партия комитетіне және партияның барлық жергілікті ұйымдарына өзінің түпкілікті де міндетті шешімін шығарды. Полицияның барлық кедергілеріне, құрған қақпандарына қарамастан, жұмысшылар *120 үйірме жиналысын* өткізіп, ол жиналыстарда біздің партиямызда қалыптасып отырған екі тактиканың да өкілдерінің қатысуымен мәселені егжей-тегжейлі талқылады. Біздің партияға жататын *2000-нан астам жұмысшы* мен интеллигент мәселені дауысқа салып, 1168 көпшілік дауыспен Думаға ғана *толық бойкот жариялап* қоймай, сонымен қатар Дума *сайлауы атаулының бәріне де* толық бойкот жариялауды жақтады, бұған 926 адам (дауыс берген 2094 адам) қарсы болды. Барлық аудандар бойынша сайланған (партияның дауыс берген әрбір 30 мүшесінен бір делегаттан) өкілдердің конференциясы мәселені тағы да талқылап, 36 дауыспен *белсенді бойкот жасау* тактикасын жақтап *түпкілікті* шешім қабылдады, бұған 29 адам (конференцияға шешуші дауыспен 65 адам қатысты) қарсы болды.

Сонымен, Петербургтің социал-демократиялық пролетариаты өз пікірін айтты. Енді партия ұйымының барлық күші, социал-демократияға тілектес және оның шешімімен санасуға құштар алдыңғы қатарлы жұмысшылардың барлық ынта-жігері жұмысшы табы мен бүкіл халықтың ең қалың топтарын социал-демократия-

ның шешімімен таныстыруға, саналы пролетариаттың алдына қойған мақсаттарын және өз мақсаттарына жету үшін пролетариаттың таңдаған құралдары жөнінде бұқара арасында дұрыс түсінік таратуға бағытталуы тиіс.

Петербург социал-демократтары не себепті Думаға толық бойкот жариялады, сайлау атаулының қай-қайсысына болса да қатысудан не себепті мүлде бас тартты?

Өйткені, Мемлекеттік дума дегеніміз жалған Дума. Бұл — халық өкілдігінің өңін айналдырғандық. Бұл — халықтық емес, полициялық және помещиктік Дума. Сайлау жұрттың бәріне бірдей тең тағайындалып отырған жоқ, помещиктер мен ірі капиталистер жұмысшылар мен шаруалардан толық басым боларлықтай етіп жасалып отыр. Бүкіл жұмысшы табының төрттен үш бөлігінің сайлау правосы мүлде жоқ, ал қалған ширек бөлігін депутаттарды үш електен бірдей өткізіп барып сайлауға шақырады, алдымен уәкілдерді сайлап, уәкілдер сайламшыларды сайлайды, ал сайламшылар (барлық саны 24) помещиктермен және капиталистермен (олардың саны жүзден асады) бірге Дума мүшелерін сайлауга тиіс.

Үкімет шаруаларды бұдан да дөрекі түрде қорлап отыр. Шаруалардан сайланатын депутаттар төрт електен өткізіледі: алдымен болыс бойынша он үйліктерді сайлайды (мұның өзінде де үйі мен жері жоқ кедей шаруалар бұл сайлауларға қатыстырылмайды); сонан соң он үйліктер уәкілдерді сайлайды, уәкілдер сайламшыларды сайлайды; сайламшылар Дума мүшелерін сайлайды және мұның үстіне губерниялар бойынша сайланған сайламшылардың барлық санын алғанда шаруалар көбінесе азшылық болып қалып отырады.

Бұлайша үш, төрт електен өткізу не үшін жасалып отыр? Бұл жұмысшылар мен шаруалар өздерінің нағыз сайлаған адамдарын Думаға өткізе алмауы үшін жасалып отыр. Бұл жұмысшылар мен шаруаларды жақтайтын адамдардың Думага өте алмауы үшін жасалып отыр. Бұл полицияның көмегімен бүкіл жұмысшы халықты тонап отырған ат төбеліндей қаражүздік поме-

щиктер мен капиталистер өздерін халық өкіліміз деп атай алу үшін жасалып отыр.

Жұмысшылар мен шаруалар! Полициялық және помещиктік Думаға сенбеңіздер. Думаға халық өкілдері шақырылып отырған жоқ, қайта жұмысшыларға қарсы, шаруаларға қарсы мықтап сөз байласып алу үшін халық жаулары шақырылып отыр. Жан-жақтарыңызға қараңыздаршы: жұмысшылар мен шаруалар өздерінің нағыз өкілдерін, Дума депутаттарын еркін сайлай ала ма? Полициялық үкімет таңдаулы жұмысшылар мен таңдаулы шаруаларды сотсыз және тергеусіз ұстап әкетіп жүрген жоқ па? Халық ісі үшін күрескен шаруаларды ату, жазалау бүкіл Россия бойынша жүріп жатыр. Бүкіл Россия азып-тозған әскери киімді дворянсымақ қарақшылардың тежеусіз талап-тонауына беріліп отыр. Үкіметтің бостандық жөнінде біз естіген уәделерінің бәрін зорлықшылар аяққа басып жаныштап отыр. Барлық түрмелер халық бостандығы жолындағы күрескерлерге лық толы.

Үкімет жалған Дума шақырып, халықты алдағысы келеді. Помещиктік Думаның көмегімен үкімет халықты қанау үшін, өз халқына қарсы, шаруалар мен жұмысшыларға қарсы соғыс үшін қарызға ақша алғысы келеді. Дума сайлауы деп аталатын алдауға қатысуға біздің келісімімізді алып, үкімет бізді полиция қақпанына түсіргісі келеді.

Саналы жұмысшылар бұл полициялық қақпанға түспейді. Біз ешбір сайлаусыз-ақ үкіметке және бүкіл халыққа ашықтан-ашық: біз бұл комедияға қатыспаймыз деп мәлімдеуге тиіспіз. Біз алдауға жол бермейміз. Полициялық өтірікті біз бүкіл жұрт алдында әшкерелейміз. Әлі де болса алдауды түсінбейтін және халыққа Думадан жақсылық күтетін жұмысшылар мен шаруаларды біз мынадан сақтандырамыз: егер олар қалай дегенмен сайлауға қатысатын болса, онда олар Думаға жұмысшылар мен шаруалардың депутаттары кірмей, полицияға керекті капиталистер мен помещиктердің кіретінін көреді. Біз барлық жұмысшылар мен күллі шаруаларды, барлық адал адамдарды полициялық алдауға қарсы күресуге шақырамыз.

Біз бұрынғыша нағыз халық өкілдерінің шын жиналысы үшін күресе береміз. Мұндай жиналысты жұрттың бәрі тең болып, ерікті түрде сайлауға тиіс, помещиктер мен бай адамдарға ешқандай артықшылық жасалмай, бастықтар мен полиция тарапынан ешбір кедергісіз сайлануға тиіс. Тек ерікті түрде сайланған бүкіл халықтық құрылтай жиналысы ғана жалған Дума болмай, нағыз Дума бола алады. Тек осындай жиналыс қана Русьте жақсы тәртіп енгізіп, жұмысшылар тұрмысын жеңілдете алады, шаруаларға жер, бүкіл халыққа ерік бере алады.

17 октябрьде жұмысшылар өздерінің күресі арқылы үкіметті бостандық жөнінде уәде беруге мәжбүр етті. Үкімет өзінің уәдесінің бәрін орындамады. Енді жұмысшылар халық бостандығы үшін ынтымақтаса түсіп, табандылықпен күресетін болады. Уақытша жеңілістерден жұмысшылардың ұнжырғасы түспейді. Бостандық жолындағы күрестің қиын да ауыр екенін, бірақ бостандық ісі — бүкіл халық ісі екенін жұмысшылар біледі. Бостандық ісі жеңеді, күрес бұдан да кең қанат жаяды. Жұмысшылар өздеріне берілген соққыдан ес жияды. Олар үкіметке қарсы ұйымшылдықпен тығыз топтаса түседі. Олар жаңа күш жинайды. Олар үкіметтің барлық алдауларын және оған қарсы күресу қажет екенін шаруалардың анағұрлым қалың бұқарасына түсіндіреді. Жұмысшылар шаруалармен бірге көтеріліп, халықты қорлап отырған полициялық зорлықшылардың үкіметін құлатады.

Жалған, полициялық және помещиктік Дума жойылсын!

Ерікті түрде сайланған бүкіл халықтық құрылтай жиналысы жасасын!

1906 ж. 11(24) февральдан кейін жазылған

1906 ж. февральда РСДРП-ның Біріккен Петербург Комитетінің жеке листовкасы болып басылған

Листовканың текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНЫҢ БОЙКОТ ЖАСАУ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ [97]

Мыналарды еске алу керек:

1) 6 август — 11 декабрь заңдары негізінде шақырылып отырған Мемлекеттік дума халық өкілдігін мейлінше дөрекі түрде боямалау болып табылады, өйткені пролетариат пен шаруалардың орасан зор көпшілігі жалпыға бірдей емес сайлау правосының және жұмысшылар мен шаруалар сайламшыларын үш-төрт електен өткізудің салдарынан іс жүзінде Думаға қатысудан шеттетіліп отыр;

2) сайламшылардың құрамын әдейі іріктеп алу және бай помещиктер мен ірі капиталистердің пайдасына бірқатар пұрсаттылық беру жолымен үкімет Думада қанаушы таптардың өкілдері ғана емес, қайта нақ сол таптардың қаражүздік элементтері толық басым болуын қамтамасыз етуге тырысады;

3) үкімет ешқандай үгіт бостандығына жол бермей, барлық жерлерде соғыс жағдайын енгізіп және полицияның толық озбырлығын орнатып, қандай да заңдарға қарамастан және ешқандай сотсыз революциялық партиялар мен социалистік партиялардың өкілдерін ғана емес, тіпті монархиялық либерал буржуазияның партиясы өкілдерін де (конституцияшыл-демократтарды және т. б.) қудалап, тіпті осындай тар өрісті сословиелік-шектеулі сайлауды да барып тұрған арсыздықпен бұрмалап отыр;

4) үкімет сайлауды әр жерде әдейі өзіне қолайлы кезеңдерде тағайындау үшін және сайлаудың өзін сай-

ланғандардың халықпен ешбір араласуын мүмкін етпейтіндей шапшаңдықпен өткізе салу үшін сайлауды бір мезгілде өткізу туралы тіпті өзінің заңын да бұзып отыр;

5) самодержавиелік үкімет өзінің сөзсіз апат болуын кешеуілдету және революцияны тұншықтыруға, халықты одан әрі қанауға миллиондаған жаңа заемдар алу мақсатымен орыстың және, әсіресе, шетелдердің қоғамдық пікіріне Дума шақыру арқылы ықпал жасамақшы болып отыр;

6) [98] Мемлекеттік советті жоғарғы палатаға айналдыратын 20 февральдағы заң [99], Думаны самодержавиелік бюрократияның дәрменсіз кеңесші шылауы болу ролін біржолата атқаруға дейін әкеліп, Дума туралы ережені бұрынғыдан бетер нашарлатады;

7) [100] мұндай саяси жағдайларда осы сияқты Думаға қатысуды социал-демократиялық партиялардың басым көпшілігі жәпе ел ішіндегі барлық ұлттардың ұйымдары мүмкін емес деп санап отыр;

8) социал-демократтардың Мемлекеттік дума сайлауына оның белгілі бір сатысында қатысуы, халықтың қалың бұқарасының мүдделерін қорғайтын партиялар үшін біршама дұрыс сайлаудың болу мүмкіндігі жөнінде халық арасында теріс түсінік тудыра алады;

9) сайлауға қатысу жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың және т. т. Думадан тыс жүріп жатқан революциялық қозғалыстарынан пролетариаттың барлық назарын жалған жария, жалған конституциялық сайлау науқанының бір бөлегіне аударып, уақытша ұнжырғасы түскен жұмысшы табының ұнжырғасын одан сайын түсіре алады, күрестің революциялық дәуірі бітті, көтеріліс туралы мәселе күн тәртібінен алынды, ал партия конституциялық жолға түсіп келе жатыр деген пікір туғыза алады;

10) Мемлекеттік думаны сайлауда партиядан жариялылық пен сабырлылық сақтауды талап ететін жағдайлар болуын көздейді, сондықтан бұл сайлауға біздің қатысуымыз көкейтесті революциялық міндетке — нақ сайлау кезінде және Думаны шақырған кезде үкіметке

қарсы белсенді қимылды күшейту міндетіне — зиянды әсерін тигізеді;

11) социал-демократтар партиясы неғұрлым кем дамыған бұқараға іс жүзінде тәрбие беру мақсатында олармен бірге сайлауға бара алмайды, өйткені ой-өрісі төмен бұқара Думаның өзіне дейін баруды тілейді жәпе заңды жолмен барғылары келеді, ал партия, заңдарға бағынбай, мұндай бұқараның табиғи сенімсіздігін ғана тудырар еді және олардың Дума науқанының сабақтарын ақиқат, дәйекті түрде ұғуларына кедергі келтірер еді;

12) жұмысшылардың уәкілдері мен сайламшылары, өздерін сайлаушылардың құрамы полициялық жолмен әдейі іріктеліпіп алынуы себепті, өздерінің уәкілдігінің қысқа мерзімді және тар сипатты болуы себепті, сайлаудың жоғарыда көрсетілген жағдайы себепті, жұмысшы табының қалың топтарын шын революциялық жолмен ұйымдастыру үшін ештеңе істей алмайды;

13) сайламшылардың, жақсы дегенде, социал-демократия өз соцынан ерте алатындай бөлігінің губерниялық сайлау жиналыстарынан кетуі арқылы Думаны сәтсіздікке ұшырату мүмкін емес;

14) Россияның неғұрлым езілген ұлттары пролетариатының саналы өкілдері (поляк, еврей, латыш, литва социал-демократиясы) мұндай екіжүзді сайлаулардың қандайына да болса қатысуды үзілді-кесілді теріске шығарып, сайлауды өткізушілерге қарсы барлық күш-жігерлерін салып күресіп отыр;

15) буржуазиялық демократия мен шаруалардың барлық жауынгер элементтерінің (Шаруалар одағы, мұғалімдер одағы [101], Одақтар одағы, социалист-революционерлер партиясы, поляк социалистік партиясы [102], поляк прогрестік партиясы және т. т.) қоғамдық пікірі Думаны да және оның сайлауын да теріске шығарып отыр.

Осыларды еске ала келіп, біз, Петербургтің РСДРП қатарындағы жұмысшылары өкілдерінің жиналысы, мыналарды қажет деп табамыз:

1) Мемлекеттік думаға қатысудың қандайынан болса да сөзсіз бас тарту керек;

2) Мемлекеттік думаны сайлаудың қай сатысында болмасын, оны сайлау атаулыдан сөзсіз бас тарту керек;

3) халық арасында үгіт жұмысын мейлінше кең өрістете отырып, сөйтіп Думаның шын сипатын түсіндіру керек, Россия мен Европаның жұртшылық пікірін алаңдататын өтірікті әшкерелеу керек және шаруалардың Думадан жақсылық күтіп жүрген бөлегінің сөзсіз түңілетінін көрсету керек;

4) жалпы алғанда социал-демократтардың көзқарастарын баяндау үшін, атап айтқанда, Думаны сынау үшін, әсіресе бүкіл халықтық құрылтай жиналысын революциялық жолмен шақыру күресінің ұранын көтеру үшін сайлауға байланысты әр алуан жиналыстарды қалай да болса, жария түрде және құпия түрде пайдалану керек;

5) бостандық жолындағы күрестің революциялық әдістерін Дума арқылы күреске қарама-қарсы қоя отырып, осы үгіт кезінде жұмысшылар мен бүкіл халықты шын халық бостандығы жолындағы революциялық күрестің жоғары сатысының бастамасы болып табылатын декабрь көтерілісінің тәжірибесімен таныстыруға баса назар аударып отыру керек;

6) Дума жөніндегі осы үгіт кезінде терең экономикалық және финанс дағдарысына, реакциялық капиталистердің жұмысшыларды қанауының өте-мөте күшейіп отырғанына, қалада жұмыссыздықтың, деревняда аштықтың күшейіп отырғанына, көктемде шаруалар қозғалысының болғалы отырғанына, әскерлер арасындағы наразылық фактілеріне, мұның бәрі Мемлекеттік думаны не ол шақырылғанға дейін, не шақырылғаннан кейін, халық одан біржола күдер үзген кезде, жойып жіберетін халықтың жаңа дүмпуінің таяу арада бұрқ ете түсуін өте-мөте мүмкін ететін жағдайлар екеніне баса назар аудару керек;

7) осы үгітті азамат соғысы шиеленісіп отырған кезде конституциялық жалған үміттерді уағыздап, Думаны және оған қатысуды ұсынып, өзін үкімет деп атайтын қаруланған қарақшылардың тек айуандық зорлыққа сүйеніп отырған кезінде, халықтың басым көпшілігінің

бостандығы мен праволарын қорғау үшін күш қолданудың қажеттігін теріске шығарып, халықтың азаматтық сана-сезімін аздырып жүрген либералдық-монархиялық буржуазияның қоян жүрек өкілдерін (кадеттер сияқтыларды) масқаралауға да пайдалану керек.

1906 ж. февральдың аяғында — марттың басында жазылған

1906 ж. мартта РСДРП-ның Біріккен Петербург Комитетінің жеке листовкасы болып басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

I

Россиядағы демократиялық революцияның халі қалай: ол талқандалды ма әлде біз уақытша ғана толас тауып отырмыз ба? Декабрь көтерілісі революцияның шырқау шыңы болып, біз енді «шиповтық-конституциялық» тәртіпке [103] қарай тоқтаусыз құлдырап келе жатырмыз ба? Немесе революциялық қозғалыс жалпы және тұтас алғанда бәсеңдеуге қарай бет алмай, қайта, жаңа дүмпулерді әзірлей отырып, толас кезінде жаңа күштерді жинай отырып, сәтсіз болған бірінші көтерілістен кейін, жеңіске жетуге анағұрлым көп мүмкіндігі бар екінші көтеріліске бет алып, жоғары өрлеп келе ме?

Россия социал-демократтарының алдында қазіргі кезде тұрған түбегейлі мәселелер осындай. Марксизмге адал болып қала отырып, біз объективті жағдайларды талдаудан жалпы сөзге сүйеніп бас тарта алмаймыз және бас тартуға тиісті емеспіз, ал осы жағдайларды ескеру, сайып келгенде, осы мәселелерді түбегейлі шешеді. Социал-демократияның бүкіл тактикасы осы мәселелердің шешілуіне байланысты, сондықтан біздің таластарымыз, мысалы, Думаға бойкот жасау туралы таластарымыз (дегенмен бұл талас аяқталып келе жатыр, өйткені РСДРП-ның көпшілік ұйымдары бойкот жасауды жақтайтындықтарын білдірді) осы үлкен мәселелердің өте кішкентай бөлегі ғана болып табылады.

Жалпы сөздермен бұл мәселелерден бұлтару марксиске лайықты емес деп біз жаңа ғана айтып өттік. Біз революцияны ешқашан да бір ғана «пайза мен айырдың»

мағынасында түсінген емеспіз, біз көтеріліске тікелей шақыруды ұсынбай тұрған кезімізде де революционер болдық, парламенттік дәуір туған кезде де біз революционер болып қала береміз және т. с. дегенге сілтеме жасаудың өзі де сондай жалпы сөз болып табылады. Мұндай сөздер түкке тұрғысыз жалтару болар еді, нақты тарихи мәселелердің орнына түкті де анықтамайтын және тек бейшаралықты немесе саяси сасқалақтықты бүркейтін абстракт пікірлер айту болар еді. Ойымызды мысалмен дәлелдеу үшін Маркстің 1848 жылғы неміс революциясына көзқарасын келтірейік. Бізде буржуазияның реакцияшыл және революцияшыл болып нақ сондай, тіпті одан да гөрі зор дәрежеде бөлінуінің нышандары байқалатындықтан да мұндай сілтеме әбден пайдалы болуы мүмкін, ал, мысалы, ұлы француз революциясында мұндай бөліну болған жоқ еді. Асылында, орыс революциясының жағдайы туралы жоғарыда біз қойған түбегейлі мәселелерді де Германияға сәйкестендіре қолданып (әрине, жалпы тарихи сәйкестік мүмкін болатын шартты және шектеулі мағынада ғана): 1847 жыл ма немесе 1849 жыл ма? деген сөздермен тұжырымдауға болады. Біз революцияның жоғары өрлеуінің ақырғы кезін (1847 жылы немістің құрама ландтаг деп аталатын мемлекеттік думасы шақырылып жатқан және шақырылған кездегі Германия сияқты) бастан кешіріп отырмыз ба әлде біз революцияның біржола титықтауының аяқ кезі мен жартымсыз конституцияның көңілсіз күндерінің бастапқы кезін (1849 жылғы Германиядағыдай) бастан кешіріп отырмыз ба?

Маркс нақ 1850 жылдың ішінде бұл мәселені алға қойып, шешіп отырды және, ақырында, жалтарумен емес, объективті жағдайларды талдаудан шыққан тура жауабымен шешті. 1849 жылы революция күшпен басылды, бірқатар көтерілістер сәтсіздікпен аяқталды, халықтың іс жүзінде жеңіп алған бостандықтары тартып алынды, реакция «революционерлерге» қарсы құтырына қаһар шашты. «Коммунистер одағының» [104] (іс жүзінде Маркс басшылық еткен сол кездегі социал-демократиялық ұйымның) ашық саяси бой көрсетуі мүмкін болмай қалды. 1850 жылғы июньде Одақтың Орталық Комитеті өз

мүшелеріне арнаған үндеуінде былай деді: «Бүкіл Германияда революциялық партияның күшті *құпия* (барлық жерде курсив біздікі) ұйымдары барлық жерде бірдей керек бола бастады». Орталық Комитет шетелден Германияға эмиссар жібереді, ол «барлық жарамды күштерді Одақтың қолына» шоғырландырады. Маркс жаңа өрлеудің, жаңа революцияның болуы мүмкін екендігі туралы жазады, жұмысшыларға өз алдына дербес ұйымдасуға кеңес береді, әсіресе бүкіл пролетариатты қаруландыру қажеттігін, пролетарлық гвардия құрудың, «қарусыздандырудың қандай да болса әрекеттерін күшпен бұзу» қажеттігін өте-мөте талап етеді (1850 жылдың мартындағы «Үндеу»). Маркс «революциялық жұмысшы үкіметтерін» құруды талап етеді және «алда тұрған көтерілістің кезінде және одан кейін» пролетариаттың өзін қалай ұстауы керек екенін талқылайды. Маркс герман демократиясына 1793 жылғы якобиндік Францияны үлгі етеді (қараңыз: «Коммунистердің Кельн процесі», орысша аудармасы, 115 және басқа беттер) [105].

Жарты жыл өтеді. Күткен өрлеу басталмайды. Одақтың күш-жігер салуынан ештеңе шықпайды. «1850 жылдың барысында революциялық өрлеудің,— деп жазды Энгельс 1885 жылы,— мүмкіндігі барған сайын азайып, тіпті мүмкін болудан қалды» [106]. 1847 жылғы өнеркәсіп дағдарысы өтіп кетті. Өнеркәсіптің өрлеуі басталды. Міне, сондықтан Маркс объективті жағдайларды ескере отырып, мәселені батыл да айқын қояды. Ол 1850 жылдың күзінде буржуазиялық қоғамның өндіргіш күштерінің осылай қаулап дамуы жағдайында — *«шын революция туралы сөз болуы да мүмкін емес»* деп кесіп айтады [107].

Оқушының көріп отырғанындай, Маркс қиын мәселеден жалтармайды. Ол революция деген сөзді ойыншық қылмайды, көкейтесті саяси мәселелерді түкке тұрғысыз абстракциялармен ауыстырмайды. Жалпы алғанда революцияның қайткен күнде де алға басып отырғанын, өйткені буржуазиялық қоғамның дамып отырғанын ол естен шығармайды, қайта сөздің тікелей және тар мағынасында алғанда демократиялық революцияның

мүмкін еместігі туралы ашық айтады. Пролетариаттың белгілі бір топтарының «үнжырғасы» түсуі мен шаршапшалдығуын (хвостизмге салынатын социал-демократтардың жиі істеп жүргені сияқты) тілге тиек етпей, Маркс қиын мәселені шешеді. Жоқ, оның қолында үнжырға түсуі фактісінен басқа дерек болмай тұрған кезде (1850 жылғы мартта) ол қарулануға және көтеріліс жасауға, көтерілісті әзірлеуге шақыра берді, өзі күдіктенгендік пен абыржығандық көрсетпей, жұмысшылардың үнжырғасын түсірмеді. Маркс «нағыз революцияның» қалайда «титықтайтынын» көрсеткенде ғана,—тек сонда ғана ол өзінің көзқарасын өзгертті. Көзқарасын өзгерткен соң, Маркс тактиканы түбірінен өзгертуді, көтеріліске әзірлікті толық тоқтатуды тікелей және ашық талап етті, өйткені мұндай әзірлік ол кезде тек ойыншық қана бола алатын еді. Көтеріліс ұраны күн тәртібінен ашықтан-ашық алынып тасталды. «Қозғалыс формасының өзгергені» тура және анық мойындалды.

Маркстің бұл үлгісін қазіргі қиын кезеңде біз әрқашан көз алдымызда ұстауымыз керек. «Нағыз революцияның» таяу болашақта жасалу мүмкіндігі туралы, негізгі «қозғалыс формасы» туралы, көтеріліс және оны әзірлеу туралы мәселеге біз асқан байсалдылықпен қарауға тиіспіз, бірақ күресіп жатқан саяси партия бұл мәселені тура және анық, бұлталақсыз, сылтаусыз, ешбір қобалжусыз шешуге міндетті. Мұндай мәселеге айқын жауап дайындай алмаған партия партия деген атаққа лайық болмас еді.

II

Сонымен, бұл мәселені шешу үшін бізде қандай объективті деректер бар? Тікелей революциялық «қозғалыс формасының» толық титықтағаны туралы, жаңа көтеріліс жасаудың мүмкін еместігі туралы, Россияның бейшара буржуазиялық жалған конституционализм заманына аяқ басқаны туралы пікірге, былайша айтқанда, үстірт және жұрттың бәрінің көзіне түсерлік толып жатқан фактілер дәлел болады. Буржуазияның ішінде бетбұрыс басталғаны күмәнсыз. Помещик кадеттерден бөлініп, 17 октябрь одағына кетті. Үкімет қазірдің өзін-

де-ақ екі палаталы «конституция» беріп отыр. Соғыс жағдайлары, жазалау және тұтқындау арқылы жалған Думаны шақыру мүмкіндігі жасалып жатыр. Қалалық көтеріліс басылып, сондықтан шаруалардың көктемгі қозғалысы оқшау, дәрменсіз қозғалыс болып шығуы ықтимал. Помещиктік жерлерді сату жүріп жатыр, демек, буржуазиялық, «тыныш» шаруалар тобы күшейе түсуде. Басылып тасталған көтерілістен кейін ұнжырғаның түсуі айқын көрініп отыр. Ақырында, мынаны ұмытуға болмайды: революцияның өрлеуін болжап айтқаннан гөрі, жалпы алғанда оның жеңілуін болжап айту, былайша айтқанда, жеңілірек және оңай-ақ, өйткені қазір өкімет реакцияның жағында, сондықтан осы уақытқа дейін революциялар «көбінесе» ...аяқталмай бітіп келді.

Қарсы пікірді қостайтын қандай деректер бар? Бұл мәселе жөнінде сөзді К. Каутскийге берейік, оның көзқарасының парасаттылығы және күнделікті қауырт саяси мәселелерді мейлінше байсалды түрде, іскерлікпен және мұқият талқылай білетіні барлық марксистерге мәлім. Москва көтерілісі басылып тасталғаннан кейін көп ұзамай Каутский өз көзқарасын «Орыс революциясының мүмкіндіктері» деген мақаласында баяндады. Бұл мақала орысшаға аударылып жарияланды, әрине, цензуралық бұрмалаулар (Каутскийдің «Россиядағы аграрлық мәселе» деген басқа бір тамаша еңбегінің орысшаға аудармасы да сондай бұрмалаулардан зардап шеккен сияқты) болмай қалған жоқ.

Каутский қиын мәселелерден жалтармайды. Ол жалпы алғанда революцияның жеңілмейтіндігі туралы, пролетарлар табының әрқашан және үздіксіз революцияшылдығы туралы және т. с. бос сөздермен құтылып кетуге тырыспайды. Жоқ, ол Россиядағы қазіргі, осы күнгі демократиялық революцияның мүмкіндіктері туралы нақты тарихи мәселені турасынан қояды. Ол өзінің мақаласын, еш нәрсені бүкпей, 1906 жылдың басынан бері қарай Россиядан ылғи да дерлік қайғылы хабарлар келіп жатыр, ол хабарлар *«бұл революция біржола басып-жаншылып, ақтық дем алдында отыр деген пікір туғыза алар еді»* деп бастайды. Бұл жөнінде реак-

ционерлер ғана емес, орыстың либералдары да шаттануда, дейді Каутский, сөйтіп «купонның»[108] осы соңғы қаһармандарын олардың өздеріне әбден лайық келетін жексұрын сөздермен бейнелейді (Плехановтың орыс социал-демократтары «пролетарлық емес *оппозициялық* партиялардың қолдауын қадірлей білулері» керек деген теориясына Каутский, сірә, әлі сене қоймаған болса керек).

Сөйтіп, Каутский өзінен-өзі алға қойылып отырған осы пікірді егжей-тегжейлі талдайды. Москвада жұмысшылардың декабрьдегі жеңілісінің Париж жұмысшыларының июньдегі (1848 ж.) жеңілісіне сырттай ұқсас екені күмәнсыз. Онда да, мұнда да үкімет жұмысшыларды қарулы көтеріліс жасауға жұмысшы табы әлі жеткілікті дәрежеде ұйымдаспаған кезінде «арандатты». Онда да, мұнда да жұмысшылардың қаһармандықпен карсылық көрсетуіне қарамастан, реакция жеңді. Каутский бұдан қандай қорытынды шығарады? Плехановтың педанттық өсиеттерінен үлгі алып, қолға қару алмау керек еді деп қорытынды шығармай ма? Жоқ, Каутский өткендегіні айтып, өресіздік және арзан мораль үйретуге көшуге асықпайды. Ол орыс революциясы біржола басып-жаншылды ма деген мәселені шешіп бере алатын объективті деректерді *зерттейді.*

Каутский пролетариаттың Париждегі (1848 ж.) және Москвадағы (1905 ж.) жеңілістерінің арасында түбегейлі төрт айырмашылық бар деп біледі. Біріншіден, Париждің жеңілуі бүкіл Францияның жеңілуі болды. Москва туралы мұны тіпті де айтуға болмайды. Петербургтің, Киевтің, Одессаның, Варшаваның, Лодзьдің жұмысшылары талқандалған жоқ. Олар бір жыл бойына созылып келе жатқан керемет ауыр күресте шаршап-шалдықты, бірақ олардың сағы сынған жоқ. Олар бостандық жолындағы күресті қайтадан бастау үшін күш жинауда.

Екіншіден, одан да гөрі елеулі айырмашылық мынада: шаруалар 1848 жылы Францияда реакция жағында болып еді, ал 1905 жылы Россияда революция жағында болып отыр. Шаруалар көтерілістері болып жатыр. Ол көтерілістерді басып-жаншумен тұтас армиялар айна-

лысуда. Германия 30 жылдық соғыста [109] қандай күйзелген болса, бұл армиялар да елді сондай күйзелтуде. Әскери жазалаулар шаруаларды кемді күнге қорқытады, бірақ бұл олардың қайыршылығын тек күшейте түседі, олардың мүшкіл халін нашарлата түседі. 30 жылдық соғыстың күйзеліске ұшыратқаны сияқты, бұл жазалау қазіргі тәртіпке қарсы соғыс жариялауға мәжбүр болатын адамдарды, ел ішінде тыныштық орнатуға жол бермейтін және қандай да болса көтеріліске қосылатын адамдарды көбейткен үстіне көбейтпей қоймайды.

Үшінші, өте ерекше маңызды айырмашылық мынау. 1848 жылғы революция 1847 жылғы дағдарыс пен ашаршылық нәтижесінде туған болатын. Реакция дағдарыстың аяқталуына және өнеркәсіптің өркендеуіне сүйенді. «Россиядағы қазіргі террор тәртібі, керісінше, жылдар бойы бүкіл елге ауыртпалық болып келе жатқан экономикалық дағдарыстың шиеленісуіне әкеп соғуға тиіс». 1905 жылғы ашаршылық өзінің барлық зардаптарымен таяудағы айлардың ішінде толық білінеді. Революцияны басып-жаншу дегеніміз асқан зор азамат соғысы, бүкіл халыққа қарсы соғыс. Бұл соғыс сыртқы соғыстан кем түспейді, оның үстіне бөтен елді емес, тек өз елін күйзеліске ұшыратады. Финанс күйзелісі төніп келеді. Ал оның үстіне жаңа сауда шарттары Россияға ерекше күйзеліс қаупін төндіреді және тіпті дүние жүзілік экономикалық дағдарыс туғызуы мүмкін. Сонымен, реакциялық террор неғұрлым ұзаққа созылған сайын, елдің экономикалық жағдайы соғұрлым нашарлай береді, жексұрын тәртіпке қарсы ашу-ыза да соғұрлым күшейе береді. «Мұндай жағдай,— дейді Каутский,— патша өкіметіне қарсы қандай да болса күшті қозғалысты ырық бермес қозғалысқа айналдырады. Ал мұндай қозғалыстарда кемшілік болмайды. Өзінің қаһармандығы мен қажырлылығының соншама ұлы дәлелдерін көрсете білген Россия пролетариаты осының қамын ойластырады».

Каутский көрсетіп отырған төртінші айырмашылықтың орыс марксистері үшін ерекше мәні бар. Амал қанша, бізде қазір «браунингтер» мен «жауынгерлік жасақтар» жөнінде топас, затында таза кадеттік ниетпен

табалап қулушілік өте етек алып кеткен. Көтерілістің болуы мүмкін емес және бұдан былай оны әзірлеудің керегі жоқ деп айтуға ешкімнің батылдығы мен турашылдығы жетпейді, мұндай батылдық пен турашылдықтың үлгісін Маркс көрсеткен болатын. Бірақ революционерлердің соғыс әрекеттері жайында табалап күлгенді біз өте жақсы көреміз. Біз өзімізді марксистерміз деп атаймыз, бірақ көтерілістің *әскери* жағын (Маркс пен Энгельс әрқашан үлкен маңыз берген жағын [110]) талдаудан: «қолға қару алмау керек еді...» деп теңдесі жоқ-ұлы доктринерлікпен мәлімдеп, бұлтарып кетуді жөн көреміз. Каутский басқаша істейді. Оның қолында көтеріліс туралы дерек қапшама аз болса да, бәрібір ол мәселенің әскери жағына да ой жүгіртуге тырысады. Шайқастарға баға бергенде, ол біздің революцияшыл Куропаткиндерше: береді екен, ал; соғады екен, қаш дегендей; таяқ жеген екенсіңдер, ендеше қолға қару алмау да керек еді! — деп баға бермей, қозғалысты жаңа, бұқараның өзі белгілеген күрес формасы деп бағалауға тырысады.

«Париждегі июнь шайқастары да, Москвадағы декабрь шайқастары да баррикадалық шайқас болды,— дейді Каутский.— Бірақ біріншісі апат еді, ескі баррикадалық тактиканың соңы болып еді. Екіншісі жаңа баррикадалық тактиканың басталуы болды. Сондықтан, біз Маркстің «Тап күресі» деген еңбегіне жазған алғы сөзінде баяндаған Энгельстің көзқарасын, атап айтқанда, баррикадалық ұрыстардың заманы өтіп кетті-міс деген көзқарасын қайта қарауымыз керек [111]. Іс жүзінде *ескі* баррикадалық тактиканың ғана заманы өтті. Бір топ көтерілісшілер қазіргі заманғы артиллерияның барлық зеңбіректерімен жабдықталған, тамаша соғыс күштеріне 2 апта бойы төтеп бере алған Москва шайқасы, міне, осыны дәлелдеді».

Каутский осылай дейді. Ол бірінші әрекеттің сәтсіздігіне бола көтеріліске жаназа шығармайды. Ол сәтсіздік жөнінде күңкілдемейді, қайта күрестің жаңа, жоғары формасының пайда болып, өсуін *зерттейді*, әскер ішіндегі берекесіздік пен наразылықтың мәнін, қала халқының тарапынан жұмысшыларға көмек көрсетудің, жаппай стачканы көтерілiспен ұштастырудың маңызын талдайды. Ол пролетариаттың көтеріліс жасауға қалай *үйренетінін* зерттейді. Ол ескірген соғыс теорияларын

қайта қарайды, сөйтіп бүкіл партияны Москва тәжірибесін қайта қарап, қабылдауға шақырады. Ол барлық қозғалысты стачкадан көтеріліске көшу деп біледі, жеңіске жету үшін жұмысшылардың бұл екеуін қалай ұштастыра білуі керек екенін түсінуге тырысады.

Каутский мақаласын мынадай сөздермен аяқтайды: «Москва сабақтары осындай. Бұл сабақтар болашақ күрестің формаларына қаншалықты ықпал етеді, мұны қазіргі уақытта бұл арадан (яғни Германиядан) болжап білу мүмкін емес. Шынында да, осы уақытқа дейін біз бұрынғы орыс революциясының бәрінен ұйымдаспаған бұқараның стихиялық дүмпулерін көрдік, ол революциялардың бірде-бірі күні бұрын жоспарланып, дайындалмады. Сірә, алдағы белгілі бір уақыт ішінде де осылай болатын шығар.

Бірақ қазіргі уақытта болашақ күрестің формаларын әлі анық болжап айта алмасақ та, барлық нышандар біздердің бұдан былай да шайқастар болады деп қалай да күтуіміз керек екенін, қазіргі түнерген (унхеймлихе) тыныштық тек дауыл алдындағы толас екенін дәлелдейді. Октябрьдегі қозғалыс қалалар мен деревнялардағы бұқараға олардың қандай күштерді өрістете алатынын көрсетті. Сонан соң, январь реакциясы оларды азапқа толы шыңырауға құлатты. Бұл шыңырауда оларды барлық нәрсе ызаландырады, ашулануға итермелейді, осы шыңыраудан құтылу үшін олар ешбір бағаны қымбат деп, сірә, санамас еді. Көп ұзамай бұқара қайтадан көтеріледі, көп ұзамай олар бұрынғыдан анағұрлым қуатты аттанысқа шығады! Бостандық жолындағы күресте қаза тапқан ерлердің мүрделері үстінде контрреволюция өз мерекесін тойлай берсін: бұл мерекенің ақыры жақындап келеді, қызыл таң атып келеді, *пролетарлық революция* төніп келеді».

III

Бұл баяндалған мәселе — бүкіл социал-демократиялық тактиканың түбегейлі мәселесі. Алдағы партия съезі ең алдымен осы мәселені мейлінше айқын, анықтап шешіп алуға тиіс, сондықтан барлық партия мүше-

лері, барлық саналы жұмысшылар бұл мәселені шешу үшін жан-жақты материал жинауға дереу барлық күшін жұмсаулары керек, оны талқылауы керек және съезге өздерінің елеулі және жауапты міндетін орындауға толық дайындығы бар делегаттарын жіберулері керек.

Съезге делегаттар сайлау барлық тактикалық платформаларды толық анықтау негізінде жүргізілуге тиіс. Ал, шындығында, алға қойылған мәселеге белгілі бір дәйекті және тиянақты түрде берілген жауап социал-демократияның тактикалық платформасының барлық жеке мәселелерін алдын ала шешіп береді.

Екінің бірі.

Не біз қазіргі уақытта «нағыз революция туралы сөз болуы да мүмкін емес» екенін мойындаймыз. Онда біз өзіміз өзімізді де, пролетариатты да, халықты да адастырмау үшін мұны тура және мейлінше батыл түрде жұрттың бәріне естірте мәлімдеуіміз керек. Онда біз демократиялық революцияны пролетариаттың *тікелей* міндеті ретінде ақырына дейін жеткізу ісін сөзсіз теріске шығаруға тиістіміз. Онда біз көтеріліс туралы мәселені күн тәртібінен мүлдем алып тастауға, қаруландыру және жауынгерлік жасақтар ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың бәрін тоқтатуға міндеттіміз, өйткені көтерілісті ойыншық ету жұмысшы партиясына лайықты емес. Онда біз революциялық демократияның күші сарқылды деп мойындауға және конституциялық тәртіп тұсындағы нақты оппозициялық күш ретінде либерал демократияның белгілі бір топтарын қолдауды өзіміздің тікелей міндетіміз деп алға қоюға тиістіміз. Онда біз Мемлекеттік думаны, нашар болғанымен, әйтеуір парламент қой деп танып, оның сайлауына ғана қатысып қоймай, Думаның өзіне де қатысуға тиістіміз. Онда біз партияны жария жағдайға көшіруді бірінші қатарға қойып, партияның программасын тиісінше өзгертуге, барлық жұмыстарды «заңның» шеңберіне бейімдеуге немесе, ең болмағанда, құпия жұмыстарға мейлінше аз және бағынышты орын бөлуге тиістіміз. Онда бұдан бұрынғы тарихи дәуірде қарулы көтеріліс қандай бірінші дәрежелі партиялық міндет болса, кәсіпшілік одақтарын ұйымдастыруды біз сондай міндет деп тани аламыз. Онда біз

сондай-ақ шаруалар қозғалысының революциялық ұрандарын да (помещиктердің жерін конфискелеу сияқты) кезектен алып тастауға тиіспіз, өйткені мұндай ұрандар көтерілістің практикалық ұрандары болып табылады, ал әскери жағынан едәуір әзірленбейінше, оған әбден сенбейінше, көтеріліске шақыру көтерілісті мейлінше лайықсыз түрде ойыншық еткендік болар еді. Онда біз революциялық уақытша үкімет туралы ғана емес, «революциялық өзін өзі басқару» делінетін туралы да әр түрлі сөздерді аулақ лақтырып тастауымыз керек, өйткені, тәжірибе көрсеткендей, бұл терминмен дұрыс не бұрыс белгіленген мекемелер іс жүзінде жағдайға қарай көтеріліс органдарына, революциялық үкіметтің ұйытқысына айналады.

Не біз қазіргі уақытта нағыз революция туралы сөз бола алады және сөз болуы керек деп мойындаймыз. Біз тікелей-революциялық күрестің жаңа және жоғары формаларын болмай қоймайды немесе, ең болмағанда, неғұрлым ықтимал деп мойындаймыз. Онда пролетариаттың басты саяси міндеті, оның барлық жұмысының өзегі, оның күллі ұйымдық *таптық* қызметінің нәрі — *демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу* болуға тиіс. Әр түрлі сылтаулар айтып бұл міндеттен бұлтару тап күресі деген ұғымды брентаноша түсінуге [112] дейін төмендеткендік қана болар еді, пролетариатты либерал монархиялық буржуазияның құйыршығына айналдырғандық қана болар еді. Онда партияның ең көкейтесті және басты саяси міндеті қозғалыста қол жеткен күрес формасының жоғары түрі ретіндегі қарулы көтеріліске күштерді дайындау және пролетариатты ұйымдастыру болып табылады. Онда мейлінше тікелей практикалық мақсаттарды көздеп, декабрь көтерілісінің барлық тәжірибесін сын көзбен қарап зерттеу қажет. Онда жауынгерлік жасақтарды ұйымдастыру және оларды қаруландыру жұмысын он есе күшейту керек. Онда партизандардың жауынгерлік қимылдары арқылы да көтеріліске әзірлену керек, өйткені тек жазу, тіркеу арқылы «әзірлену» ерсі болар еді. Онда азамат соғысы жарияланған және ол болып жатыр деп есептеу керек, оның үстіне партияның *бүкіл* қызметі

«соғыс болған соң, соғыстағыша болсын» деген принципке бағынатын болуы керек. Онда *шабуылды* соғыс қимылдары үшін, сөз жоқ, пролетариат кадрларын тәрбиелеу қажет. Онда шаруалар бұқарасына революциялық ұрандар тастау қисынды да орынды болады. Революциялық, тек қана революциялық демократиямен жауынгерлік келісім жасау міндеті бірінші қатарға қойылады: буржуазиялық демократияны бөлудің негізіне нақ көтеріліс туралы мәселе алынады. Кімде-кім көтерілісті жақтаса, пролетариат олардан «бөлек жүрсе» де, солармен «бірігіп соққы береді»; кімде-кім көтеріліске қарсы болса, оларға қарсы біз аяусыз күресеміз немесе екіжүзділер және иезуиттер (кадеттер) деп, бойымызды аулақ саламыз. Онда біз барлық үгітімізде ең алдымен ашық азамат соғысы тұрғысынан конституциялық жалған үміттерді сынауды және әшкерелеуді ұсынамыз, стихиялық революциялық дүмпулерді үздіксіз әзірлейтін жағдайлар мен шарттарды ұсынамыз. Онда біз Думаны парламент деп емес, полициялық кеңсе деп санаймыз, сондықтан қандай да болса екіжүзді сайлауларға қатысуды пролетариатты аздырады және оның берекесін кетіреді деп теріске шығарамыз. Онда біз (1849 жылы Маркстің қойғанындай) «ашық көтерілістер» жасайтын ерекше аппараты болатын, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарынан бастап, заңға бағынышты баспасөзге дейін барлық жария қоғамдар мен мекемелерді ерекше барлап отыратын «күшті астыртын ұйымды» жұмысшы табы партиясы ұйымының негізі етіп қоямыз.

Қысқаша айтқанда: біз не демократиялық революцияны аяқталды деп танып, көтеріліс туралы мәселені күн тәртібінен алып тастап, «конституциялық» жолға түсуіміз керек. Не біз демократиялық революцияны одан әрі жүріп жатыр деп танып, бірінші қатарға оны аяқтау міндетін қоямыз, көтеріліс ұранын дамытып, іс жүзінде қолданамыз, азамат соғысын жариялап, конституциялық жалған үміттердің қандайын болса да аяусыз масқаралап отырамыз.

Біз партиямыздың алдында тұрған мәселе жөнінде *соңғы* шешімді батыл жақтаймыз деп оқушыларға мәлімдеп жатудың қажеті бола қоймас. Ұсынылып отыр-

ған тактикалық платформа съезде және съезге әзірлену жөніндегі барлық жұмыстың кезінде біздің ұсынатын көзқарастарымызды қорытып, жүйелі түрде баяндауға тиіс. Бұл платформаны аяқталған нәрсе деп қарамау керек, қайта тактикалық мәселелерді анықтаудың конспектісі және партия съезінде біз қорғайтын қарарлар мен қаулылардың бастапқы нобайы деп қарау керек. Бұл платформа бұрынғы «большевиктердің» (соның ішінде «Пролетарийдің» редакторлары мен қызметкерлерінің) ішіндегі пікірлестердің жеке жиналыстарында талқыланды және коллективтік жұмыстың жемісі болып табылады.

«Партийные Известия» № 2,
20 март, 1906 ж.
Қол қойған: Большевик

«Партийные Известия» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП БІРІГУ СЪЕЗІНЕ ТАКТИКАЛЫҚ ПЛАТФОРМА

РСДРП БІРІГУ СЪЕЗІНЕ ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАСЫ [113]

1906 ж 20 мартта «Партийные Известия» газетінің 2-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

Оқушыларға ұсынылып отырған он бір қарарды «Пролетарийдің» бұрынғы редакторлары мен қызметкерлерінен және бірнеше практиктерден құралған пікірлестер тобы дайындаған. Бұл — аяқталған жоба емес, қарардың нобайы ғана, мұның өзі партияның белгілі бөлегінің тактикалық көзқарастарының бүкіл жиынтығы туралы мүмкіндігінше тұтас ұғым беруге тиіс және қазір Біріккен Орталық Комитеттің шақыруы бойынша партиямыздың барлық үйірмелері мен ұйымдарында басталып отырған жүйелі айтысты жеңілдетуге тиіс.

Тактикалық қарарлар Біріккен Орталық Комитеттің белгілі листогында ұсынылған съезд күн тәртібіне сәйкестендірілген [114]. Алайда партия мүшелері бұл күн тәртібімен шектелуге тіпті де міндетті емес. Барлық тактикалық көзқарастарды толық баяндау мақсатымен біз Біріккен Орталық Комитет белгілеген күн тәртібіне кірмеген екі мәселені; атап айтқанда «Демократиялық революцияның қазіргі кезеңі» және «Пролетариаттың демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі таптық міндеттері» деген мәселелерді қосуды сөзсіз қажет деп санадық. Бұл мәселелерді анықтап алмай тұрып, тактиканың неғұрлым жеке мәселелерін талқылауға болмайды. Сондықтан біз съезге өз күн тәртібіне: «Демократиялық революцияның қазіргі кезеңі және пролетариаттың таптық міндеттері» деген жалпы мәселені қоюын ұсынамыз.

Аграрлық программа және шаруалар қозғалысына көзқарас жөніндегі мәселеге келетін болсақ, бұл мәселе жөнінде арнайы кітапша жазу қажет *. Оның үстіне Біріккен Орталық Комитет осы мәселе бойынша съезге баяндама дайындап жатқан арнаулы комиссия тағайындады [115].

Өз қарарларымыздың нобайларын жариялай отырып, біз барлық партия мүшелерінің оны талқылауға, түзетуге және толықтыруға қатысуын сұраймыз. Жазбаша баяндамалар мен жобаларды, қарарлар жобасын дайындаған топқа тапсыру үшін, партиямыздың ұйымдары арқылы РСДРП Санкт-Петербург комитетіне жіберуге болады.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІ

1) Өндіргіш күштер жаппай жойылған және халықтың күйзелуі адам айтқысыз күшейіп отырған жағдайда Россияның басынан кешіріп отырған экономикалық және финанс дағдарысы бәсеңдемейтіні былай тұрсын, қайта, керісінше, қалаларда жойқын жұмыссыздық, деревняларда ашаршылық туғызып, ұлғайып, шиеленісе түседі;

2) өзінің пұрсаттылықтары мен жыртқыштық мүдделеріне қауіп туғызып отырған халықтың революциялық қимылынан зәресі ұшқан ірі капиталистік және помещиктік таптың арасында революцияны басып-жаншу мақсатымен оппозицияны қойып, самодержавиемен келісімге келуге қарай кілт бет бұрыс болса да, бірақ оның есесіне саяси бостандықты және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді шын жүзеге асыру жөніндегі талаптар ұсақ буржуазия мен шаруалардың жаңа топтарының арасында кеңейіп, нығайып келеді;

3) қазіргі реакциялық үкімет іс жүзінде ескі самодержавиені сақтап қалуға тырысып, өзі жариялаған бостандықтардың бәрін аяққа басып, дәулетті таптардың жоғары тобына тек кеңесші дауыс қана беріп, халық өкілдігінің дөрекі түрде өңіп айналдырып, бүкіл

* Қараңыз: осы том, 251—282-беттер. *Ред.*

елде әскери жазалау, айуандықпен ұрып-соғу және жаппай қырып-жою тәртібін енгізіп, полициялық және әкімшілік озбырлықты бұрын болып көрмеген мөлшерде күшейте отырып, буржуазияның қалың тобының арасында толқу мен наразылық туғызады, пролетариат пен шаруалар бұқарасының кекшілдігі мен ашу-ызасын туғызады, сөйтіп жаңа, неғұрлым ауқымды және шиеленіскен саяси дағдарысқа негіз жасайды;

4) 1905 жылдың аяғындағы оқиғалардың барысы — қалалардағы бұқаралық стачкалар, деревнялардағы наразылық және халықтың қолы жетіп, үкімет тартып алған бостандықты сақтап қалуға тырысудан туған декабрь қарулы көтерілісі, сонан соң азаттық қозғалысының әскер күшімен аяусыз тұншықтырылуы — конституциялық жалған үміттердің бос нәрсе екендігін көрсетті және бостандық жолындағы күрес ашық азамат соғысындай шиеленіскен заманда мұндай жалған үміттердің зиянды екендігінде халықтың қалың бұқарасының көзін жеткізді;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны қабылдауды ұсынамыз:

1) Россиядағы демократиялық революцияның төмендемегені былай тұрсын, қайта, керісінше, жаңа өрлеуге беттеп келеді, сондықтан қазіргі біршама толастау дәуірін революция күштерінің жеңілуі деп қарамай, революциялық күш-жігер жинау дәуірі, өткен кезеңдердің саяси тәжірибесін үйрену, халықтың жаңа топтарын қозғалысқа тарту, демек, бұрынғыдан да күшті жаңа революциялық тегеурін дайындау дәуірі деп қарау керек;

2) қазіргі уақытта азаттық қозғалысының басты формасы жалған конституциялық негізде жүргізілетін жария күрес емес, қайта халықтың қалың бұқарасының полициялық-крепостниктік заңдардың тас-талқанын шығарып, революциялық право жасайтын және халықты езу органдарын күш қолдану арқылы қиратататын тікелей-революциялық қозғалыс болып табылады;

3) қазіргі қоғамның алдыңғы қатарлы табы ретінде пролетариаттың мүдделері либералдық-монархиялық

буржуазия (оның ішінде конституцияшыл-демократтар партиясы да бар) таратып, осы арқылы өздерінің тар өрісті таптық мүдделерін бүркемелеп жүрген және азамат соғысы дәуірінде халықтың саяси сана-сезімін мейлінше аздыратындай әсер ететін конституциялық жалған үміттерге қарсы аяусыз күрес жүргізуді талап етеді.

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС

1) Россиядағы қазіргі демократиялық революцияның бүкіл тарихы бізге, жалпы және тұтас алғанда, қозғалыстың самодержавиеге қарсы күрестің неғұрлым бұқаралық, бүкіл елді қамтитын батыл және шабуылды формаларына қарай үздіксіз өрлеп келе жатқанын көрсетеді;

2) октябрьдегі саяси стачка Булыгин Думасын лақтырып тастап, самодержавиелік үкіметті саяси бостандықтың негіздерін жариялауға мәжбүр етіп, пролетариаттың алып күшін және оның таптық ұйымдардың барлық кемшіліктеріне қарамастан, бүкіл Россия көлемінде бірауыздылықпен күреске шыға алатынын көрсетті;

3) қозғалыстың онан әрі өсу кезеңінде бейбіт жаппай стачка жеткіліксіз де, оны жекелеп қолдану — мақсатқа жеткізбейтін және пролетариаттың күшін рәсуа ететін болып шықты;

4) сонан соң бүкіл революциялық қозғалыс стихиялық күшпен декабрь қарулы көтерілісіне апарып соқты, бұл кезде халықтың қолы жеткен бостандықты реакциялық үкіметтің қол сұғуынан аман сақтап қалу үшін тек пролетариат қана емес, сонымен қатар қала кедейлері мен шаруалардың жаңа күштері де қолына қару алды;

5) декабрь көтерілісі баррикадалық жаңа тактиканы туғызды және тіпті қазіргі заманғы әскерге қарсы да халықтың ашықтан-ашық қарулы күрес жүргізе алатынын дәлелдеді;

6) конституциялық уәделерге қарамастан, әскери-полициялық диктатура орнауының нәтижесінде, халық

бұқарасының арасында нақты өкімет үшін күресудің қажеттігін түсіну пісіп жетіліп келеді, ал мұндай өкіметке революцияшыл халық самодержавиенің күштеріне қарсы ашық күресте ғана ие бола алады;

7) халықты қарудың күшімен бас игізуге өзі де сол халықтың бір бөлегі болып табылатын әскери күштерді қолдану арқылы, әскери істе толғағы жеткен және армиядағы барлық адал элементтер талап етіп отырған реформаларды орындамау арқылы, запастағылардың өте ауыр жағдайын жеңілдетуге шаралар қолданбай, солдаттар мен матростардың талабына полициялық-казармалық қатаңдықты күшейтумен ғана жауап беру арқылы самодержавие өзінің әскери күштерін әлсіретіп, тәртіпті нашарлатып отыр;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) қарулы көтеріліс қазіргі уақытта бостандық жолындағы күрестің қажетті құралы болып қана қоймай, сонымен қатар қозғалыстың іс жүзінде қол жеткен сатысы болып табылады, бұл саты жаңа саяси дағдарыстың өршіп, шиеленісуінің салдарынан қарулы күрестің қорғаныстық формаларынан шабуылдық формаларына көшу дәуірін ашады;

2) жаппай саяси стачка қозғалыстың қазіргі кезеңінде күрестің дербес құралы деп қаралғаннан гөрі, көтеріліске қатынасы жөнінде қосымша құрал деп қаралуға тиіс; демек, мұндай стачка жасау үшін уақыт белгілеу, стачканың қамтитын жері мен еңбек салаларын белгілеу ісін күрестің басты формасының, қарулы көтерілістің, кезі мен жағдайларына бағындырған жөн;

3) декабрь көтерілісінің практикалық тәжірибесін үйрену ісіне, оны әскери жағынан сынауға және болашақ үшін онан нақты сабақтар алу ісіне партияның насихат және үгіт жұмысында қатты көңіл бөлінуге тиіс;

4) жауынгерлік жасақтардың санын көбейту, оларды ұйымдастыру ісін жақсарту және оларды түрлі қарумен жабдықтау жөнінде бұрынғыдан да гөрі жігерлі жұмыс істеу керек, оның бер жағында, тәжірибеге сүйе-

не отырып, тек партиялық қана емес, сонымен қатар партияға тілектес және мүлдем бейпартиялық жауынгерлік жасақтарды да ұйымдастыру керек;

5) әскер арасында жұмысты күшейту қажет, бұл арада қозғалыс табысты болу үшін әскер арасында наразылықтың ғана болуы жеткіліксіз екенін, ол үшін үкіметке қарсы барынша батыл шабуыл қимылдарын жасау мақсатымен әскердің ұйымдасқан, революциялық-демократиялық элементтерімен тікелей келісімге келу қажет екенін есте сақтау керек;

6) ең таяу уақыттың ішінде тұтас көтеріліске айналуы мүмкін шаруалар қозғалысының күшейе түсуіне байланысты мүмкіндігінше бірігіп, бір мезгілде жауынгерлік аттанысқа шығуын ұйымдастыру үшін жұмысшылар мен шаруалардың қимылын біріктіруге күш салу керек.

ПАРТИЗАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛІК ҚИМЫЛДАР

1) Декабрь көтерілісінен бері Россияның ешбір жерінде дерлік соғыс қимылдары толық тоқталған жоқ, мұндай қимылдар қазір революцияшыл халықтың тарапынан жауға жекелеген партизандық шабуыл жасаудан көрініп отыр;

2) біріне-бірі жау екі қарулы күш бар кезде және уақытша үстемдік құрған әскери жазалаулар өршіп тұрған кезде сөзсіз болатын мұндай партизандық қимылдар сонымен қатар жаудың берекесін кетіріп, келешекте болатын ашық және бұқаралық қарулы қимылдарды дайындайды;

3) мұндай қимылдар біздің жауынгер жасақтарымызға жауынгерлік тәрбие беріп, оларды әскери іске үйретуге де қажет болып табылады, декабрь көтерілісі кезінде олар көптеген жерлерде өздері үшін тың іске практикалық жағынан дайын болмай шықты;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) партия өз қатарына кіретін немесе өзіне тілектес жасақтардың партизандық жауынгерлік қимылдарын

қазіргі кезеңде негізінен қолдануға болады және пайдалы деп тануға тиіс;

2) партизандық жауынгерлік қимылдар өзінің сипаты жағынан көтеріліс кезінде жұмысшы бұқарасын басқаратын басшы кадрлар тәрбиелеу міндетімен, шабуыл және күтпеген жерден соғыс қимылдарының тәжірибесін жинақтау міндетімен сәйкестендірілуге тиіс;

3) мұндай қимылдардың ең басты тікелей міндетін үкіметтік, полициялық және әскери аппараттарды қирату, халыққа зорлық жасап, оны қорқытатын белсенді-қаражүздік ұйымдарға қарсы аяусыз күрес жүргізу деп тану керек;

4) сонымен қатар жаудың, яғни самодержавиелік үкіметтің қарамағындағы ақша қаржыларын басып алып, ол қаржыларды көтерілістің керегіне жарату үшін жауынгерлік қимылдар жасауға болады, бұлай еткенде халықтың мүдделеріне көп зиян келтірмеу жағына ерекше көңіл бөлу қажет;

5) партизандық жауынгерлік қимылдар партияның бақылауымен жүргізілуге тиіс, онда да пролетариаттың күштері босқа кетпейтіндей етіп жүргізілуге тиіс, сонымен қатар белгілі бір жердегі жұмысшы қозғалысының жағдайлары мен қалың бұқараның пиғылы ескерілуі керек.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨКІМЕТТІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ОРГАНДАРЫ

1) Самодержавиелік үкіметке қарсы революциялық қозғалыс қарулы күреске айналып, осы уақытқа дейін жергілікті бытыраңқы көтерілістердің формасында болып келді;

2) жергілікті халықтың ескі өкіметке қарсы үзілдікесілді бой көрсете алатын элементтері (пролетариат түгелдей дерлік және ұсақ буржуазияның алдыңғы қатарлы топтары) бұл ашық күресте іс жүзінде революциялық жаңа өкіметтің бастамасы болып табылатын ұйымдарды құруға — Петербургте, Москвада және басқа қалаларда жұмысшы депутаттарының Советтерін,

Владивостокта, Красноярскіде және басқа жерлерде солдат депутаттарының Советтерін, Сибирь мен оңтүстікте темір жол комитеттерін, Саратов губерниясында шаруалар комитеттерін, Новороссийскіде және басқа қалаларда қалалық революциялық комитеттерді, ақырында, Кавказ бен Прибалтика өлкесінде сайланатын селолық органдарды құруға тиіс болды;

3) көтерілістің бастапқы, бастама формасына сәйкес көтерілістің бұл органдары да сондай бытыраңқы, кездейсоқ болып, батыл қимылдай алмады және революцияның ұйымдасқан қарулы күшіне сүйенбеді,— сондықтан да контрреволюциялық армиялардың бірінші шабуыл қимылдарының өзінде-ақ сөзсіз апатқа ұшырады;

4) жеңімпаз көтерілістің органы ретінде революциялық уақытша үкімет қана реакцияның қандай қарсылығын болса да жеңіп, сайлау алдындағы үгіттің толық ерікті болуын қамтамасыз ете алады, іс жүзінде халық самодержавиесін орнатып, пролетариаттың әлеуметтік-экономикалық талаптарының минимумын жүзеге асыра алатын құрылтай жиналысын жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде шақыра алады;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) революцияны ақырына дейін жеткізу мүддесі үшін қазір пролетариаттың алдына шұғыл міндет — революциялық демократиямен бірге көтерілісті біріктіруге және бұл көтерілістің біріктіруші органын революциялық уақытша үкімет түрінде құруға мүмкіндік жасау міндеті қойылып отыр;

2) революциялық үкіметтің міндеттерін ойдағыдай орындау шарттарының бірі — көтеріліске қосылатын қалалар мен қауымдардың барлығында жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде жергілікті революциялық өзін өзі басқару органдарын құру болып табылады;

3) күштердің арасалмағына қарай біздің партия уәкілдерінің революциялық буржуазиялық демократиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысуына бо-

лады және мұның өзі партияның өз уәкілдерін формальдық жағынан бақылап отыруы арқылы, ал, шын мәніне келгенде, жұмысшы табының дербес мүдделерін жақтау арқылы және толық социалистік төңкеріс жасауға тырысатын, сондықтан да буржуазиялық партиялардың барлығына да ымырасыз жау социал-демократияның тәуелсіздігін табанды түрде қорғау арқылы болуға тиіс;

4) социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы мүмкін болатын-болмайтындығына қарамастан, революцияның жеңістерін қорғау, нығайту және кеңейту мақсатымен қаруланған және социал-демократия басқарып отырған пролетариаттың тарапынан уақытша үкіметке ұдайы қысым жасап отыру қажет екендігі идеясын пролетариаттың ең қалың топтарының арасында насихаттау керек.

ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОВЕТТЕРІ

1) Жұмысшы депутаттарының Советтері бұқаралық саяси стачкалар негізінде жұмысшылардың қалың бұқарасының бейпартиялық ұйымдары ретінде стихиялы түрде пайда болады;

2) бұл Советтер күрес үстінде ұсақ буржуазияның ең революцияшыл элементтерін өзіне қосып ала отырып, өзінің құрамы жағынан да, таза стачкалық ұйымнан жалпы революциялық күрес органына айналып, өз қызметінің мазмұны жағынан да сөзсіз өзгеріп отырады;

3) бұл Советтер революциялық өкіметтің тұңғыш бастамасы болатындықтан, олардың күшті және маңызды болуы бүтіндей көтерілістің күші мен маңызына байланысты;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы жұмысшы депутаттарының бейпартиялық Советтеріне әрбір Советтің ішінде партия мүшелерінің мүмкіндігінше күшті топтарын ұйымдастырып, бұл топтардың

жұмысын партияның жалпы қызметімен тығыз байланыстыра жүргізе отырып қатысуға тиіс;

2) социал-демократияның пролетариатқа ықпалын және пролетариаттың демократиялық революцияның барысына және нәтижесіне ықпалын кеңейтіп, тереңдету мақсатымен мұндай ұйымдарды құру белгілі бір жағдайларда партиямыздың жергілікті ұйымдарының міндеті болуы мүмкін;

3) жұмысшы депутаттарының бейпартиялық Советтеріне қатысуға жұмысшылардың мүмкіндігінше қалың топтары, сонымен қатар революциялық демократия өкілдері, әсіресе шаруалардан, солдаттардан және матростардан шыққан өкілдері тартылуға тиіс;

4) жұмысшы депутаттары Советтерінің қызметі мен ықпал жүргізу ауқымын кеңейту тұсында мынаны көрсету қажет: революциялық армияға сүйенбесе және үкімет билігін құлатпаса (яғни революциялық уақытша үкіметке айналмаса), мұндай мекемелер сөзсіз құлайтын болады; сондықтан халықты қаруландыру және пролетариаттың әскери ұйымын нығайту революциялық жағдайдың қандайында болса да мұндай мекемелердің басты міндеттерінің бірі деп саналуға тиіс.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС

1) Россияда өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық және революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдау қажет екендігін социал-демократия әрқашан да мойындап келді;

2) қазіргі кезде, революция әр түрлі таптардың ашықтан-ашық бой көрсетуін туғызып отырған және осы негізде саяси партиялар қалыптаса бастаған кезде, социал-демократияның шұғыл міндеті — бұл партиялардың таптық мазмұнын анықтау, таптардың бұл кездегі арақатынастарын есепке алу және, осыған сәйкес, әр түрлі партияларға өзінің көзқарасын белгілеу болып табылады;

3) демократиялық революцияның басымыздан кешіріп отырған кезеңінде жұмысшы табының басты міндеті

оны ақырына дейін жеткізу болып табылады, сондықтан да социал-демократия басқа партияларға деген өз көзқарасын белгілей отырып, бұл мақсатқа қай партия қаншалықты дәрежеде белсене көмектесе алатынын ерекше еске алуға тиіс;

4) осы тұрғыдан қарағанда, Россияда өмір сүріп отырған социал-демократиялық емес партиялардың барлығы (реакциялық партиялардан басқасы) негізгі екі топқа: либерал-монархиялық партиялар мен революциялық-демократиялық партияларға бөлінеді;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) либералдық-монархиялық партиялардың оң қанаты (17 октябрь одағы, праволық тәртіп партиясы, сауда-өнеркәсіп партиясы [116], т. т.) помещиктер мен сауда-өнеркәсіптік ірі буржуазияның таптық ұйымдары болып табылады, бұлар — нағыз контрреволюциялық, бірақ өкіметті бөлісіп алу туралы самодержавиелік бюрократиямен біржола келісімге келіп үлгірмеген партиялар; пролетариат партиясы әлі де аяқталмаған осы дау-жанжалды өз мақсаты үшін пайдалана отырып, сонымен қатар мұндай партияларға қарсы барынша аяусыз күрес жүргізуге тиіс;

2) сол қанаттың либералдық-монархиялық партиялары (демократиялық реформалар партиясы [117], конституцияшыл-демократтар, т. т.) белгілі бір таптық ұйым болмағандықтан, демократиялық ұсақ буржуазия мен ірі буржуазияның контрреволюциялық элементтерінің арасында, халыққа сүйенуге тырысу ниеті мен халықтың революциялық іс-әрекетінен үрейленудің арасында үнемі ауытқып отырады, сөйтіп тәртіптелген буржуазиялық қоғамның шеңберінде ғана әрекет жасайды, ал бұл қоғамды монархия мен екі палаталы система пролетариаттың қол сұғуынан қорғап отыр; социал-демократия бұл партиялардың қызметін, олардың екіжүзді-демократиялық сылдыр сөздеріне пролетариаттың дәйекті демократизмін қарсы қоя отырып, олар таратып жүрген конституциялық жалған үміттерді аяусыз әш-

керелей отырып, халықты саяси тәрбиелеу мүдделерінде пайдалануға тиіс;

3) революциялық-демократиялық партиялар мен ұйымдар (социалист-революционерлер партиясы, Шаруалар одағы, жартылай кәсіпшілік одақтары мен жартылай саяси одақтардың бір бөлегі, т. т.) шаруалар мен ұсақ буржуазияның қалың бұқарасының мүдделері мен көзқарастарын неғұрлым көбірек жақтайды, олар помещиктік жер иеленушілік пен крепостниктік мемлекетке үзілді-кесілді қарсы шығады, демократизмді дәйекті түрде жүргізуге тырысады және өздерінің міндеттерін, шын мәнінде буржуазиялық-демократиялық міндеттерін, азды-көпті көмескі социалистік идеологиямен бүркеуге тырысады; социал-демократия мұндай партиялармен жауынгерлік келісімдер жасауға болады және жасау қажет деп біледі, сонымен қатар олардың жалған социалистік сипатын ұдайы әшкерелеп отыру және олардың пролетар мен ұсақ қожайынсымақтың арасындағы таптық қарама-қарсылықты көмескілеуге тырысуына қарсы күресу керек деп біледі;

4) социал-демократия мен революциялық демократияның арасында уақытша болатын мұндай жауынгерлік келісімдердің таяудағы саяси мақсаты — жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде революциялық жолмен, қолында толық өкімет билігі бар бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру болып табылады;

5) қазіргі кезде қарулы көтерілісті күрес құралы деп танып, оған белсене жәрдемдесетін элементтермен ғана жауынгерлік уақытша келісімдер жасасуға болады және мұндай келісім жасасу тиімді.

ҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС

1) Россияның барлық ұлттарының пролетариаты революция барысында ортақ күрес арқылы барған сайын топтаса береді;

2) бұл ортақ күрес Россияның әр түрлі ұлттық соци-

ал-демократиялық партияларын барған сайын жақындата береді;

3) қазірдің өзінде көп қалаларда бұрынғы федерациялық комитеттердің орнына сол жердегі барлық ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың біріккен комитеттері құрыла бастады;

4) қазіргі уақыттың өзінде ұлттық социал-демократиялық партиялардың көпшілігі Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезі әділ қабылдамай тастаған федерация принципін талап етпей отыр;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) Россияның барлық ұлттық социал-демократиялық партияларын біртұтас Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына тезірек біріктіруге барынша батыл шаралар қолдану қажет;

2) біріктірудің негізі — әр жердің барлық социал-демократиялық ұйымдарын толық қосу болуға тиіс;

3) партия бүкіл партиялық мүдделерді және әрбір жергілікті ұлттың социал-демократиялық пролетариатының қажеттерін қанағаттандыруды іс жүзінде қамтамасыз етуге тиіс, оның мәдени-тұрмыс ерекшеліктерімен санасып отыруға тиіс; мұндай қамтамасыз етудің тәсілдері мыналар болуы мүмкін: сол ұлттың социал-демократтарының арнайы конференцияларын шақыру, партияның жергілікті, облыстық және орталық мекемелерінде аз ұлт өкілдігінің болуы, әдебиетшілердің, баспа қызметкерлерінің, үгітшілердің ерекше топтарын құру, т. с.

Ескерту. Партияның Орталық Комитетінде аз ұлт өкілдігінің болуын, мәселен, былайша ұйымдастыруға болар еді: Россияның қазіргі уақытта оқшау социал-демократиялық ұйымдар өмір сүріп отырған жерлерінің облыстық съездері белгілеген кандидаттарының ішінен жалпы партиялық съезд Орталық Комитеттің құрамына белгілі мөлшерде мүшелер сайлайтын болады.

КӘСІПШІЛІК ОДАҚТАР

1) Социал-демократия экономикалық күресті қашанда пролетариаттың таптық күресінің құрамдас бөлегі деп танып келді;

2) экономикалық күрес мақсаты үшін жұмысшы табының ең тиімді ұйымы кең көлемді кәсіпшілік одақтар болып табылады, мұны барлық капиталистік елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр;

3) қазіргі уақытта Россиядағы жұмысшы бұқарасының кәсіпшілік одақтарға топтасуға жаппай ұмтылып отырғаны байқалады;

4) экономикалық күрес пролетариаттың саяси күресімен дұрыс ұштастырылған жағдайда ғана жұмысшы бұқарасының жағдайын тиянақты түрде жақсартуға және олардың нағыз таптық ұйымын нығайтуға жеткізе алады;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) партияның барлық ұйымдары бейпартиялық кәсіпшілік одақтардың құрылуына, белгілі бір кәсіптің партия құрамына кіретін барлық өкілдерінің оларға кіруіне жәрдемдесуге тиіс;

2) партия барлық шараларды қолданып, кәсіпшілік одақтарға қатысушы жұмысшыларды пролетариаттың тап күресі мен социалистік міндеттерін кең түсіну рухында тәрбиелеуге тырысуға тиіс, өзінің қызметі арқылы мұндай одақтарда нағыз басшылық рольге ие болуға және, ақырында, бұл одақтардың, оз құрамынан партияда жоқ мүшелерді ешбір шығармастан, белгілі жағдайларда партияға тікелей жанаса алатын болуына тырысуға тиіс.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС

1) Мемлекеттік дума халық өкілдігінің дөрекі түрде оңін айналдырғандық болып табылады, өйткені:

а) сайлау правосы жалпыға бірдей емес, тең емес, көп сатылы, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы

Мемлекеттік думаға қатысудан іс жүзінде шығарылып тасталып отыр, халықтың түрлі топтарынан сайланатын сайламшылар санының арасалмағы полициялық жағдайға сәйкестендірілген;

б) өз правосының көлемі жағынан және Мемлекеттік советке қатынасы жағынан Дума самодержавиелік бюрократияның дәрменсіз шылауы болып табылады;

в) сайлау жағдайы үгіт бостандығы жоқтығының салдарынан, эскери жазалаудың, көптеп өлім жазасына тартудың, қамауға алудың, полициялық және әкімшілік озбырлықтың салдарынан халықтың өз еркін шын көрсетуіне ешбір мүмкіндік бермейді;

г) үкімет үшін мұндай Мемлекеттік думаны шақырудың бірден-бір мақсаты — халықты алдау, самодержавиені нығайту, оның финанс жағынан жаңа жалдаптықтар жасауын жеңілдету және қанаушы таптардың Мемлекеттік думада басым болуы қамтамасыз етіліп отырған реакцияшыл элементтерімен мәмлеге келу болып табылады;

2) Мемлекеттік думаның сайлауларына қатысу, пролетариаттың таптық сана-сезімін дамытуға, оның таптық ұйымы мен жауынгерлік дайындығын нығайтуға, кеңейтуге еш пайда келтірмей, бәрінен бұрын пролетариаттың берекесін кетіріп, оны аздырып жібере алады, өйткені:

а) социал-демократияның сайлауға қатысуы халық арасында конституциялық жалған үмітті, сайлау халықтың еркін белгілі бір мөлшерде дұрыс көрсете алады деген сенімнің тууын және партия жалған конституциялық жолға түсіп отыр деген ұғымды сөзсіз қолдағандық болар еді;

б) жұмысшылар мен сайламшылардан сайланған уәкілдер коллегиялары саны аз болғандықтан және олардың атқаратын қызметтерінің мерзімі қысқа және арнаулы болғандықтан, пролетариаттың шын революциялық ұйымы үшін еш пайда келтіре алмайды;

в) сайлауға қатысу пролетариат назарының денін Думадан тысқары болып жатқан революциялық қозғалыстан үкімет комедиясына аударады, бұқара арасын-

да жүргізілетін кең үгіттің салмағын сайламшылардың ұсак үйірмелеріне аударады;

г) сайлауға біздің қатысуымыз бұқараның Думаға баратын, барғанда да, қазір РСДРП түсе алмайтын, барынша заңды жол арқылы баратын, қараңғы топтарына социал-демократиялық тәрбие беруге көмектесе алмайды;

д) сайламшылардың бір бөлегінің губерниялық сайлау жиналыстарынан кетіп қалуы Думаны болғызбай тастай да алмас еді, халықтық кең қозғалысты туғыза да алмас еді;

3) қазіргі саяси жағдайда сайлауға қатысу социал-демократтарды не қозғалысқа ешқандай пайда келтірместен шеттеуге, не іс жүзінде кадеттердің үнсіз көмекшілерінің роліне дейін төмендеуге мәжбүр етеді;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) Мемлекеттік думаға қатысудан РСДРП үзілді-кесілді бас тартуға тиіс;

2) Мемлекеттік думаны сайлаудың қай кезеңінде болса да оған қатысудан РСДРП үзілді-кесілді бас тартуға тиіс;

3) РСДРП сайлауға байланысты жиналыс атаулының бәрін жалпы алғанда социал-демократияның көзқарастарын баяндау үшін, жекелеп алғанда Мемлекеттік думаны аяусыз сынау үшін, әсіресе бүкіл халықтың құрылтай жиналысын революциялық жолмен шақыру жолындағы күреске жұмылдыру үшін барынша жігерлі түрде пайдалануға тиіс;

4) сондай-ақ РСДРП Дума жөніндегі үгітті партияның басымыздан кешіріп отырған бүкіл революциялық кезең жөніндегі және онан шығатын міндеттер жөніндегі бүкіл тактикалық көзқарастарымен халықтың неғұрлым қалың бұқарасын таныстыру үшін пайдалануға тиіс.

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1) Партиядағы демократиялық централизм принципі қазіргі уақытта жалпы жұрт таныған принцип болып табылады;

2) қазір орын алып отырған саяси жағдайда оны жүзеге асыру қиын болса да, қалай дегенмен белгілі бір мөлшерде оны жүзеге асыруға болады;

3) партия ұйымының жасырын аппараты мен ашық аппаратын араластырып жіберу партия үшін барынша зиянды, ал үкіметтің арандатушылығына пайдалы болып шықты;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге оны мойындауды ұсынамыз:

1) сайлау негізі партия ұйымдарында төменнен жоғарыға дейін жүргізілуге тиіс;

2) бұл принциптен шегінуге, мәселен, сайланып қойылатын мекемелерге екі сатылы сайлау жүргізуге немесе кооптациялауға, т. с. полицияның бөгет жасауынан құтыла алмаған жағдайда ғана және ерекше бір алдын ала белгіленген жағдайларда ғана жол беруге болады;

3) партия ұйымының жасырын ұйтқысын сақтап, нығайта беру өте қажет;

4) қандай да болсын ашық бой көрсетулер (баспасөзде, жиналыстарда, одақтарда, әсіресе кәсіпшілік одақтарда, т. с.) жасау үшін ұйымдардың ерекше бөлімдері құрылуға тиіс, олар жасырын ұялардың сақталуына қандай ретте болсын зиян келтірмейтін болуы керек;

5) партияның орталық мекемесі біртұтас болуға тиіс, яғни партияның жалпы съезі біртұтас Орталық Комитет сайлауға тиіс, ол — партияның Орталық Органының редакциясын және т. б. тағайындайды.

ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫН ҚАЙТА ҚАРАУ [118]

1906 ж. марттың екінші жартысында жазылған

1906 ж. апрельдің басында С.-Петербургте «Наша Мысль» баспасында жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр


КНИГОИЗДАТЕЛЬСТВО „НАША МЫСЛЬ“

Петербургъ, Литейный, 60, кв. 9.

Н. ЛЕНИНЪ.

Пересмотръ аграрной программы РАБОЧЕЙ ПАРТІИ.

№ 1.

Цѣна 10 коп.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
1906.

В. И. Лениннің «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшасының мұқабасы.— 1906 ж.

Кішірейтілген

Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қараудың қажеттігін қазір жұрттың бәрі мойындап отыр. «Көпшіліктің» соңғы конференциясы (1905 ж. декабрь) толғағы жеткен осы мәселені формальды түрде ұсынды, ол енді бірігу съезінің күн тәртібіне қойылып отыр.

Біз әуелі орыс социал-демократиясының тарихында аграрлық мәселенің қойылысы жөнінде мейлінше қысқаша очерк бермекшіміз, онан соң қазір социал-демократтар ұсынып отырған әр алуан программа жобаларын шолып өтіп, ақырында, өзіміз қорғап отырған жобаның нобайын бермекшіміз.

I. ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Орыс социал-демократиясы өзінің пайда болған кезінен бастап-ақ Россиядағы аграрлық және арнаулы шаруа мәселесінің маңызы орасан зор екенін мойындап, бұл мәселенің дербес талдауын өзінің барлық программалық ережелеріне енгізіп отырды.

Көбіне халықшылдар мен социалист-революционерлер таратып жүрген керісінше пікір нағыз надандыққа немесе істің жайын қасақана теріс сипаттауға негізделген.

«Еңбекті азат ету» тобы 1884 жылы жариялаған орыс социал-демократтары программасының бірінші жобасының өзінде-ақ «аграрлық қатынастарды негізінен қайта қарау» және деревнядағы барлық крепостниктік қатынастарды жою жөнінде талап қойылған (шетелде шығып тұрған бұрынғы социал-демократиялық әдебиет қолымызда болмағандықтан, цитаттарды есімізде қалғаны бойынша келтіруге мәжбүр болып отырмыз, сондықтан цитаттардың нақты текстіне емес, жалпы мағынасына кепілміз).

Сонан соң, Плеханов «Социал-Демократ» [119] журналында да (80-жылдардың аяғы), «Бүкіл россиялық күйзеліс» және «Россиядағы ашаршылыққа қарсы күрестегі социалистердің міндеттері» деген кітапшаларында да (1891—1892 жылдар) Россияда шаруалар мәселесінің орасан зор маңызы бар екенін әлденеше рет, *мейлінше батыл* түрде атап көрсетті, тіпті алдағы демократиялық төңкеріс кезінде «қаралай бөлістің» болуы да мүмкін екенін айтып, социал-демократия мұндай перспективадан мүлдем қорықпайды да, жиренбейді де деп көрсетті. Тіпті де социалистік шара болмай-ақ, «қаралай бөліс» капитализмнің дамуына, ішкі рыноктың өсуіне, шаруалардың әл-ауқатының жақсаруына, қауымның ыдырауына, деревняда тап қайшылықтарының дамуына, ескі, крепостниктік-кіріптарлық Россияның барлық сарқыншақтарын жоюға орасан зор түрткі болар еді.

Плехановтың «қаралай бөліс» жөніндегі осы нұсқауының біз үшін ерекше тарихи маңызы бар. Бұл нұсқаудан социал-демократтар Россиядағы аграрлық мәселенің өздері қазір де бұлжытпай ұстанып отырған теориялық қағидасын әуелден-ақ ұсынғанын айқын көрсетеді.

Төменгі үш қағиданы орыс социал-демократтары, өз партиясының құрылған кезінен бастап нақ осы уақытқа дейін, әрдайым жақтап келді. *Бірінші.* Аграрлық төңкеріс Россиядағы демократиялық төңкерістің сөзсіз бір бөлегі болады. Деревняны крепостниктік-кіріптарлық қатынастардан құтқару осы төңкерістің мазмұны болады. *Екінші.* Алдағы аграрлық төңкеріс өзінің қо-

саяси-экономикалық маңызы жағынан буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болады; ол капитализмнің және капиталистік тап қайшылықтарының дамуын әлсіретпейді, қайта күшейте түседі. *Үшінші.* Социал-демократия өзіне қол байлау жасамай-ақ және тіпті «қаралай бөлісті» қолдаудан да еш бастартпай-ақ таяудағы белгілі бір міндеттерді белгілей отырып, бұл төңкерісті барынша батыл түрде қолдай алады, оған толық негізі бар.

Кімде-кім осы үш қағиданы білмейтін болса, кімде-кім бұларды Россиядағы аграрлық мәселе жөніндегі *бүкіл* социал-демократиялық әдебиеттен оқып алмаған болса, ондай адам не істің жайын білмейді, не істің мәнісін елемейді (социалист-революционерлер үнемі солай етіп жүр).

Социал-демократияның шаруалар мәселесі жөніндегі көзқарастарының даму тарихына қайта оралып, 90-жылдардың аяғындағы әдебиеттен тағы да, социал-демократтар шаруаларға «селқос» қарайды деген пікір үзілді-кесілді теріске шығарылып, социал-демократияның жалпы көзқарастары қайталанған «Орыс социал-демократтарының міндеттерін» (1897) *, онан соң *«Искра»* газетін атап көрсетеміз. «Искраның» ***1901*** жылғы ***көктемде*** (март және апрель), яғни шаруалардың Россиядағы бірінші ірі көтерілісінен *бір жыл бұрын* шыққан 3-номерінде «Жұмысшы партиясы және шаруалар» ** деген редакциялық мақала басылған болатын, онда шаруалар мәселесінің маңызды екені тағы да атап көрсетілді және басқа талаптармен қатар, сөз арасында айта кетелік, кесінді жерлерді қайтару талабы да ұсынылды.

Бұл мақаланы 1902 жылғы жазда «Искра» мен «Заря» [120] редакциясының атынан жарияланған және партиямыздың II съезінде (1903 ж. август) партияның ресми программасы болып қабылданған РСДРП аграрлық программасының бірінші нобайы деп қарауға болады.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 471—510-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.*

Бұл программада самодержавиеге қарсы *бүкіл* күрес буржуазиялық құрылыстың крепостниктік құрылысқа қарсы күресі деп қаралады және аграрлық бөлімнің негізгі қағидасында марксизмнің принциптік көзқарасы былай деп өте айқын көрсетілген: «шаруаларды тікелей қатты жаныштап отырған крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен және деревняда тап күресі еркін өркендеу мүддесі үшін партия мыналарды талап етеді...»

Социал-демократиялық программаны сынаушылардың бәрі дерлік осы негізгі қағиданы *елемей* кетеді: олар пілді байқамайды.

II съезде қабылданған аграрлық программаның жеке пункттерінде даусыз талаптармен (сословиелік алымсалықты жою, аренданы кеміту, жерді пайдалану бостандығы) бірге, төлем құнын қайтару, кесінді жерлерді қайтару және крепостниктік қатынастардың қалдықтарын жою үшін шаруалар комитеттерін құру талаптары да қойылған болатын.

Кесінді жерлер жөніндегі соңғы пункт социал-демократтардың арасында бәрінен көп сыналды. Бұл пунктті (жаңылмасам) бүкіл помещиктік жерлерді экспроприациялауды ұсынған социал-демократиялық «Күрес» тобы [121] да сынады, мұны Икс жолдас та сынады (оның сыны менің жауабыммен бірге * 1903 жылы жазда Женевада, нақ II съездің алдында бөлек кітапша болып шықты, бұл кітапша съезд делегаттарының қолдарында болды). Икс жолдас кесінді жерлер мен төлем құнын қайтару орнына мыналарды ұсынды: 1) шіркеулік, монастырьлік, уделдік жерлерді конфискелеп, «демократиялық мемлекеттің қарамағына» беру, 2) «ірі жер иелерінің жер рентасына, табыстың бұл формасы демократиялық мемлекеттің қолына өтіп, халықтың керегіне жұмсалу үшін, үдемелі салық салу» және 3) «жеке меншікті жерлердің (ірі жер иелігінің) бір бөлегін, мүмкін болса, барлық жерлерді де өзін өзі басқаратын ірі қоғамдық ұйымдардың (земстволардың) қарамағына өткізу».

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 241—257-беттер. *Ред.*

Мен бұл программаны сынап, оны «жерді национализациялау жөніндегі талаптың нашар және қарама-қарсы тұжырымдалуы» деп атағанмын, сөйтіп былай деп атап көрсеткенмін: шаруалар комитеттерінің езілген сословиені көтеретін айбынды ұран ретінде маңызы бар; — социал-демократия тым болмаса конфискеленген жерлерді «сатудан» жерініп, өзінің қолын байламауға тиіс; — кесінді жерлерді қайтару әсте социал-демократияның *талаптарын шектемейді,* қайта село пролетариатының да, шаруа буржуазиясының да ортақ міндеттер қою мүмкіндігін ғана шектейді. Мен былай деп атап көрсеткенмін: «Егер барлық жерді түгел талап ету ол жерді национализациялау немесе жердің осы күнгі әлді шаруалардың қолына өтуі жөніндегі талап болатын болса, онда бұл талапты біз, *істің жай-жапсарын түгел ескеріп* (курсив біздікі), пролетариаттың мүдделері тұрғысынан бағалаймыз; мәселен, әлді шаруаларды революция саяси өмірге оятқан кезде біздің ол шаруаларымыз демократиялық-революциялық партия ретінде немесе тәртіп партиясы ретінде әрекет жасайтынын біз күні бұрын айта алмаймыз» (аталған кітапшаның 35—36-беттері) *.

Кесінді жерлер шаруалар қозғалысының өрісін де, егер бұл қозғалыс ілгері басатын болса, біздің оған жасайтын қолдауымызды да шектемейді деген сол пікірдің өзін мен «Деревня кедейлерінде» де (1903 ж., II съездің алдында шықты) дамыттым, онда «кесінді жерлер» «тосқауыл» емес, «есік» деп аталады **, ал *барлық жердің* шаруаларға өтуі жөніндегі пікірдің әсте теріске шығарылмайтыны былай тұрсын, қайта тіпті белгілі саяси жағдайда құп алынады.

Қаралай бөліс жөнінде мен 1902 жылғы августа («Заря» № 4, 176-бет) аграрлық программаның жобасын қорғап былай деп жазғанмын:

«Қаралай бөліс талабындағы ұсақ шаруа өндірісін бірлестіру және мәңгі қалдыру деген утопия — реакцияшыл, бірақ оның («шаруалар» *социалистік* төңкерістің тұлғасы бола алады-мыс деген утопиядан басқа)

* Шығармалар толық жинағы, 7-том, 250—251-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 210—211-беттер. *Ред.*

революцияшыл жағы да бар, атап айтқанда: шаруалар көтерілісі арқылы крепостниктік құрылыстың барлық қалдықтарын жоюға ұмтылушылық бар» *.

Сонымен, 1902—1903 жылдардағы әдебиет бойынша анықтамалар бұл пункттің авторлары кесінді жер талап ету ешқашан да шаруалар қозғалысының өрісін және біздің оған жасайтын қолдауымызды шектеу мағынасында түсінбегенін бұлтартпай дәлелдейді. Бірақ солай бола тұрса да оқиғалардың барысы программаның бұл пункті қанағаттанғысыз екенін көрсетті, өйткені шаруалар қозғалысы орасан зор шапшаңдықпен кеңейе де, кеулей де өсіп келеді, сондықтан біздің программамыз қалың бұқара арасында түсінбестік туғызып отыр, ал жұмысшы табының партиясы қалың бұқарамен санасуға тиіс және жалпыға міндетті программаны партия үшін міндетті болмайтын сылтаулармен түсіндіретін жалаң түсініктемелерге ғана сүйене алмайды.

Аграрлық программаны қайта қараудың қажеттігі пісіп жете бастады. 1905 жылдың басында «большевиктік» социал-демократиялық «Вперед» [122] газетінің (1905 жылғы январьдан майға дейін Женевада апта сайын шығып тұрған газеттің) бір номерінде аграрлық программаны өзгерту жобасы баяндалып, кесінді жерлер жөніндегі пункт алынып тасталды да, оның орнына: «шаруалардың барлық талаптарын — помещиктік жерлерді конфискелеу талабына дейін қолдау керек» ** деген пункт енгізілді.

Бірақ РСДРП III съезінде (май, 1905 ж.) және сонымен бір мезгілде өткен «азшылықтың» «конференциясында» программаның өзін қайта қарау мәселесі қойылған жоқ. Іс *тактикалық* қарар шығарумен тынды. Партияның екі бөлегі де бұл ретте *барлық помещиктік жерлерді конфискелеуге дейін* шаруалар қозғалысын қолдауға тоқтам жасады.

Шынына келгенде, бұл қарарлар РСДРП аграрлық программасын қайта қарау мәселесін күн ілгері шешті. «Көпшіліктің» соңғы конференциясында (декабрь,

* Шығармалар толық жинағы, 6-том, 366-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 378-бет. *Ред.*

1905 жыл) кесінді жерлер туралы және төлем құнын қайтару туралы пункттерді алып тастау жөнінде, олардың орнына шаруалар қозғалысын бүкіл помещиктік жерді конфискелеуге дейін қолдау керек деген пункт енгізу жөнінде тілек білдірілсін деген менің ұсынысым қабылданды *.

РСДРП-ның аграрлық мәселе жөніндегі көзқарастарының тарихи дамуының қысқаша очеркін біз осымен аяқтаймыз.

II. АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ІШІНДЕГІ ТӨРТ АҒЫМ

Қазіргі уақытта бұл мәселе жөнінде бізде, «большевиктік» конференцияның жоғарыда көрсетілген қарарынан басқа, аграрлық программаның даяр екі жобасы — Маслов пен Рожков жолдастардың жобалары және Финн, Плеханов, Каутский жолдастардың тұжырымдалмаған, ягни даяр программа жобасын бермейтін ескертпелері мен ой-пікірлері бар.

Осы жазушылардың көзқарастарын қысқаша баяндайық.

Маслов жолдас Икс жолдастың біраз өзгертілген жобасын ұсынады. Атап айтқанда, Икстің жобасынан ол жер рентасына салынатын үдемелі салықты алып тастайды да жеке иеліктегі жерлерді земстволардың қолына беру талабын түзетеді. Масловтың түзетуі, біріншіден, мынау: ол Икстің «егер мүмкін болса, барлық жерді де» (яғни барлық жер земстволардың қарамағына көшсін) деген сөздерін алып тастайды; екіншіден, «ірі қоғамдық ұйымдардың — земстволардың» дегеннің орнына «ірі облыстық ұйымдардың» деп, Иксте аталған «земстволардың» деген сөзді Маслов мүлде алып тастайды. Масловтың тиісті бүкіл пункті мынадай:

«Жеке иеліктегі жерлерді (ірі жер иеліктерін) өзін өзі басқаратын ірі облыстық ұйымдардың қарамағына беру. Иеліктен алынатын жер учаскелерінің ең аз мөл-

* Қарар «Русьте», «Наша Жизньде» және «Правдада»[123] басылды. (Қараңыз: осы том, 155—156-беттер. *Ред.)*

шерін облыстық халық өкілдігі белгілейді». Демек, Икс шартты түрде жол беретін толық национализациялаудан үзілді-кесілді бас тартып, Маслов «муниципализациялауды» немесе, дәлірек айтқанда, «провинциализациялауды» талап етеді. Национализациялауға қарсы Маслов үш дәлел келтіреді: 1) национализациялау ұлттардың өзін өзі билеу ісіне қол сұққандық болар еді; 2) шаруалар, әсіресе үйлі-жайлы шаруалар өз жерлерін национализациялауға көнбейді; 3) национализациялау таптық, буржуазиялық-демократиялық мемлекетте сөзсіз болатын бюрократияны күшейтеді.

Помещиктердің жерлерін бөлуді («бөлісті»), бұл шараны «национализациялаумен» салыстыра бағаламастан, Маслов тек социалист-революционерлердің жалған-социалистік утопиясы ретінде ғана сынайды.

Рожковты алатын болсақ, ол жерді бөлуді де, национализациялауды да қаламайды, кесінді жерлер туралы пунктті: «Шаруаларды шаруашылық жағынан кіріптар етудің құралы болып табылатын жерлердің бәрін шаруаларға төлем ақысыз беру» деген пунктпен ауыстыруды ғана талап етеді (қараңыз: «Қазіргі кезең» [124] деген жинақ, Н. Рожков жолдас мақаласының 6-беті). Рожков жолдас шіркеулік және басқа жерлердің «демократиялық мемлекеттің қарамағына берілетіндігін» (Маслов жолдас осыны қалайды) көрсетпей-ақ конфискеленуін талап етеді.

Сонан соң, Финн жолдас өзінің аяқталмаған мақаласында («Мир Божий» [125], 1906) национализациялауды қабылдамайды, тегінде, ол помещиктердің жерлерін шаруалардың жеке меншігіне бөліп беруді жақтайтын сияқты.

Плеханов жолдас та «Дневниктің» 5-номерінде біздің аграрлық программамыздағы белгілі бір өзгерістер туралы мәселе жөнінде ләм-мим демейді. Масловты сынай келіп, ол жалпы «икемді тактиканы» ғана жақтайды, «национализациялауды» қабылдамайды («Заряның» ескі дәлелдеріне сүйене отырып), сөйтіп помещиктердің жерлерін шаруалар арасында бөлуге бой ұратын сияқты.

Ақырында, К. Каутский өзінің «Россиядағы аграрлық мәселе» деген тамаша еңбегінде аграрлық мәселе жөніндегі социал-демократиялық көзқарастың жалпы негіздерін баяндайды, помещиктердің жерлерін бөлуге толық тілектес екенін білдіреді, белгілі жағдайларда национализацияға да жол беретін сияқты, бірақ жалпы алғанда РСДРП-ның бұрынғы аграрлық программасы жөнінде де, оны өзгертудің жобалары жөнінде де мүлде бір ауыз сөз айтпайды.

РСДРП-ның аграрлық программасы туралы мәселе жөнінде біздің партияда байқалған пікірлерді жинақтай келгенде, бұл пікірлердің мынадай негізгі *төрт* типін көріп отырмыз:

1) РСДРП-ның аграрлық программасы национализацияны да, помещиктердің жерлерін конфискелеуді де талап етпеуге тиіс (бұлай дейтіндер қазіргі программаны жақтаушылар немесе оған Н. Рожков жолдастың ұсынып отырғаны сияқты кіші-гірім түзетулерді жақтайтындар);

2) РСДРП-ның аграрлық программасы помещиктердің жерлерін конфискелеуді талап етуге тиіс, ал жерді национализациялаудың қандай формасын болса да талап етпеуі керек (бұлай дейтіндер, шамасы, Финн жолдас және, бәлкім, Плеханов жолдас болса керек, бірақ Плехановтың пікірі анық емес);

3) жерді айрықша және шектеулі национализациялаумен қатар помещиктердің жерлерін алу (Икстің, Масловтың, Громанның және басқалардың «земстволизациясы» мен «провинциализациясы»);

4) помещиктердің жерлерін конфискелеу және *белгілі бір саяси жағдайларда* жерді национализациялау (партиямыздың Біріккен Орталық Комитеті тағайындаған комиссияның көпшілігі ұсынып отырған программа; осы жолдарды жазушы жақтайтын бұл программа төменде, кітапшаның аяғында басылып отыр» *.

Осы пікірлердің бәрін қарап өтейік.

Қазіргі программаны немесе Рожков жолдастың ұсынып отырғаны сияқты программаны жақтаушылар не

* Қараңыз: осы том, 281—282-беттер. *Ред.*

ірі имениелерді конфискелеуді, оларды ұсақтап бөлуге апарып соғатын конфискелеуді социал-демократиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда тіпті де қорғауға болмайды деген пікірге, немесе программада конфискелеуге мүлдем орын берілмеуі керек, ол тек тактикалық қарарда ғана орын алуға тиіс деген көзқарасқа сүйенеді.

Бірінші пікірден бастайық. Бізге былай деседі: ірі имениелер дегеніміз алдыңғы қатарлы капиталистік тип. Бұларды конфискелеу, бұларды бөлу реакциялық шара болады, ұсақ шаруашылыққа қарай бір адым кейін шегіну болады. Социал-демократтар мұндай шараны жақтай алмайды.

Мұндай көзқарас біздіңше дұрыс емес.

Біз қазіргі шаруалар қозғалысының жалпы, түпкі нәтижесін жеке жағдайлар мен тосын нәрселер арқылы бүркеп тастамай, оны ескеріп отыруға тиіспіз. Жалпы, тұтас алғанда Россияда қазіргі помещиктік шаруашылық капиталистік шаруашылық системасынан гөрі крепостниктік-кіріптарлық системаны көбірек тірек етеді. Кімде-кім мұны теріске шығарса, ондай адам Россиядағы қазіргі кең өрісті, терең революциялық шаруалар қозғалысын түсіндіре алмайды. Кесінді жерлерді қайтару жөнінде талап ұсынғанда, біздің жасаған қателігіміз — шаруалар арасындағы демократиялық, атап айтқанда, буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың өрісі мен тереңдігін жете бағаламағандығымызда болды. Қазір, революция бізге көп нәрсені үйреткен кезде, бұл қатені қайталай беру жөн емес. Капитализмнің дамуы үшін бүкіл помещиктік жерді конфискелеу ісі өлшеусіз зор пайда келтіреді, бұл пайда ірі капиталистік шаруашылықты бөлуден келетін залалдан басым болар еді. Бөлу ісі капитализмді жоймайды, оны кері тартпайды, қайта оның (капитализмнің) жаңадан дамуына керекті негізді мейлінше тазартып, жинақтап, ұлғайтып, нығайтады. Шаруалар қозғалысының өрісін тарылту әсте социал-демократтарға лайықты іс емес деп біз әрқашан айтып келдік, ал қазіргі кезде бүкіл помещиктік жерді конфискелеу талабынан бас тарту іргесін жая бастаған қоғамдық қозғалыстың өрісін көрер көзге тарылтқандық болар еді.

Сондықтан, ағылшын көмір қазушыларының жұмыс күні 8 сағаттан кемірек, ал олар бүкіл елде 8 сағаттық жұмыс күнін заң жүзінде енгізуге қарсы күресіп қалай қателесіп отырған болса, қазіргі кезде помещиктердің барлық жерлерін конфискелеу талабына қарсы күресіп жүрген жолдастар да дәл сондай қателесіп жүр.

Басқа жолдастар «заман рухымен» келіседі. Программада кесінді жерлер жайында немесе кіріптар етуге пайдаланылып жүрген жерлерді тартып алу жайында айтылсын,— дейді олар. Конфискелеу — тактикалық қарарда көрсетілсін. Программаны тактикамен шатастыруға болмайды деседі.

Біздің бұған айтар жауабымыз: программа мен тактика арасына біржолата шек қоюға әрекет жасау тек қана схоластикаға және педантизмге апарып соғады. Программа жұмысшы табының басқа таптарга жалпы, негізгі көзқарастарын белгілейді. Тактика — жеке-дара, уақытша көзқарастарды белгілейді. Бұлай болуы, әрине, орынды. Бірақ деревнядағы крепостниктік құрылыстың қалдықтарына қарсы жүргізілетін бүкіл күресіміз пролетариаттың жалпы социалистік міндеттерімен салыстырғанда жеке-дара, уақытша міндет екенін ұмытуға болмайды. Егер Шипов талғамындағы «конституциялық режим» Россияда 10—15 жыл тұрақтайтын болса, бұл қалдықтар жойылып бітеді, халықты сансыз қасіретке ұшыратады, бірақ қалай да жойылып бітеді, өзінен-өзі құриды. Онда айта қаларлықтай күшті демократиялық шаруалар қозғалысының болуы мүмкін емес; «крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен» ешқандай аграрлық программаны қорғауға болмайды. Демек, программа мен тактика арасында тек қана біршама айырмашылық бар. Ал егер программада жеке-дара, шағын, тар өрісті міндет қана көрсетіліп, тактикалық қарарда жалпы, ауқымды, бәрі де қамтылатын міндет көрсетілетін болса, дәл қазір неғұрлым ашық бой көрсетіп отырған бұқаралық партия үшін бұл өте-мөте тиімсіз болар еді. Партиямыздың аграрлық программасын тез арада бәрібір тағы да қайта қарауға тура келеді: дубасовтық-шиповтық «конституция» орныққан жағдайда да, шаруалар мен жұмысшылардың көтерілісі жеңген

жағдайда да қайта қарауға тура келеді. Демек, үйді мәңгілік етіп салуға тым әрекет жасаудың жөні жоқ.

Көзқарастардың екінші типіне көшейік. Помещиктік жерлерді конфискелеу, оларды бөлу — дұрыс-ақ, бірақ национализациялау деген әсте болмасын дейді бізге. Бөлуді қорғау үшін Каутскийге жүгінеді, барлық социал-демократтардың национализациялауға қарсы келтірген бұрынғы дәлелдерін (салыстыр: «Заря» № 4) қайталайды. Помещиктердің жерлерін бөлу қазіргі уақытта, жалпы және тұтас алғанда, экономикалық жағынан да, саяси жағынан да өте прогрестік шара болар еді деген пікірге біз толық және сөзсіз қосыламыз. Сонан соң, буржуазиялық қоғамда ұсақ меншіктілер табы, *белгілі жағдайларда,* «полициялық-таптық мемлекетке, мейлі конституциялық мемлекет болса да, мемлекетке тәуелді арендаторлар табынан гөрі демократияның анағұрлым берік тірегі» болады (*Ленин.* «Икске жауап», 27-бет) * деген пікірге де біз қосыламыз.

Бірақ біздің ойымызша, Россиядағы демократиялық революцияның қазіргі кезеңінде осы пікірлермен *шектелу,* 1902 жылғы ескі позицияны қорғаумен шектелу — әлеуметтік-таптық және саяси конъюнктураның елеулі түрде өзгергенін сөзсіз ескермегендік болар еді. 1902 жылғы августа «Заря» (4-кітап, Плехановтың мақаласы, 36-бет): бізде «Московские Ведомости» национализациялауды қорғап жүр дей келіп, жерді национализациялау жөніндегі талап барлық жерде бірдей және тіпті әрқашан да революциялық талап бола бермейді деген даусыз дұрыс пікірді айтты. Мына соңғысы, әрине, әділ айтылған сөз, бірақ Плехановтың дәл сол мақаласында (37-бет) *«революциялық заманда»* (курсив Плехановтікі) ірі жер иелерін экспроприациялау бізде қажеттілік болып шығуы мүмкін, сондықтан белгілі жағдайларда бұл туралы мәселе қою керек болады делінген.

Күмән жоқ, қазір істің жайы 1902 жылғымен салыстырғанда едәуір өзгерді. 1905 жылы революция жоғары өрледі, ал қазір жаңа өрлеуге күш әзірлеп жатыр. «Мо-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 242-бет. *Ред.*

сковские Ведомости» жерді национализациялауды (азын-аулақ дәрежеде болса да) жақтайды деу туралы сөз болуы да мүмкін емес. Керісінше, II Николайдың сөздерінің де, Грингмут пен К^{0} салған байбаламдардың да негізгі мазмұны жерге жеке меншіктің мызғымауын қорғауда болып отыр. Шаруалар көтерілісі қазірдің өзінде-ақ крепостниктік Русьті сілкілеп алды, сондықтан күні санаулы самодержавие енді бар үмітін тек қана шаруалар қозғалысынан үрейі ұшқан помещиктер табымен келісімге келуге артып отыр. «Московские Ведомости» ғана емес, шиповшылдардың органы «Слово» да Виттені және Кутлердің национализациялауды емес, тек қана жердің бір бөлігін міндетті түрде *сатып алуды* ұсынған «социалистік» жобасын құдалап отыр. «Шаруалар одағын» үкіметтің құтырына жазалауы, толқыған шаруаларға қарсы құтырынған «драгонадалар» шаруалар қозғалысының революциялық-демократиялық сипаты әбден айқындалғанын айдан анық көрсетеді.

Бұл қозғалыс, әрбір терең халықтық қозғалыс сияқты, шаруалардың орасан зор революциялық шабыты мен революциялық күш-жігерін тасытты, тасытып та отыр. Жерді помещиктердің меншіктенуіне қарсы, помещиктік жер иеленуге қарсы өз күресінде шаруалар өздерінің алдыңғы қатарлы өкілдері арқылы жалпы жерге жеке меншік атаулыны жою талабын сөзсіз ұсынады, ұсынып та отыр *.

Жерді жалпы халықтың меншігі ету жөніндегі идея қазір шаруалар арасында кең таралып отыр, бұған титтей де күмән келтіруге болмайды. Сондай-ақ, шаруалардың мейлінше қараңғылығына қарамастан, оның тілектерінде реакциялық-утопиялық элементтердің болуына қарамастан, бұл идеяның жалпы және тұтас алғанда революциялық-демократиялық сипаты бар **.

* Қараңыз: «Шаруалар одағының 1905 жылғы 1 августағы және 6 ноябрьдегі съездерінің қаулылары», СПБ. 1905 ж., 6-бет және «Бүкіл россиялық шаруалар одағы құрылтай съезінің протоколдары» (СПБ. 1905 ж.) passim (барлық жерінде. *Ред.*).

** Плеханов жолдас «Дневниктің» 5-номерінде Россияны Ван Ганченің (жерді национализациялауды сәтсіз енгізген XI ғасырдағы қытай өзгерісшісі) тәжірибелерін қайталаудан сақтандырады да, шаруалардың жерді национализациялау жөніндегі идеясы өзінің тегі

Социал-демократтар бұл идеяны реакциялық және мещандық-социалистік бұрмалаушылықтардан тазартуға тиіс,— бұған дау жоқ. Бірақ социал-демократтар бұл талаптың революциялық-демократиялық жағын ажырата алмай, оны түгелдей аулаққа лақтырып тастаса, зор қателік істеген болар еді. Жерді национализациялау—буржуазиялық шара, ол *тек* белгілі саяси жағдайларда ғана пайдалы деп біз шаруаға мейлінше ашық, мейлінше батыл айтуға тиіспіз, бірақ біздер, социалистер, шаруалар бұқарасы алдында жалпы бұл шараны *құр* теріске шығаратын болсақ, мұнымыз өресіз саясат болар еді. Тіпті өресіз саясат болатыны былай тұрсын, марксизмді теория жүзінде де бұрмалағандық болар еді, ал марксизм жерді национализациялау — буржуазиялық қоғамда да ықтимал, мүмкін нәрсе, мұның өзі капитализмнің дамуын бөгемейді, қайта күшейтеді, мұның өзі аграрлық қатынастар жөніндегі буржуазиялық-демократиялық реформалардың *максимумы* болады деп барынша анықтап айтқан.

Ендеше *қазіргі уақытта* біздің шаруалар алдында буржуазиялық-демократиялық өзгерістердің дәл максимумын ұсынуға тиісті екендігімізді бекер дейтін адам табыла қояр ма екен? Шаруаның аграрлық талаптарының радикализмі (жерге жеке меншікті жою) мен оның саяси талаптарының радикализмі (республика, т. т.) арасында байланыс бар екенін осы күнге дейін көрмей отыруға бола ма?

Жоқ, социал-демократтардың аграрлық мәселедегі

жағынан реакциялық идея деп дәлелдеуге тырысады. Бұл дәлелдің қисынсыздығы көзге ұрып тұр. Шындығында qui prouve trop, ne prouve rien (кімде-кім тым көп дәлелдесе, оның еш нәрсе дәлелдемегені). Егер XX ғасырдағы Россияны XI ғасырдағы Қытаймен салыстыруға болса, онда біз Плеханов екеуміз шаруалар қозғалысының революциялық-демократиялық сипаты туралы да, Россиядағы капитализм туралы да әңгіме етпеген болар едік. Шаруалардың жерді национализациялау жөніндегі идеясының реакциялық тегін (немесе сипатын) алатын болсақ, онда қаралай бөліс идеясында да реакциялық тектің бұлтартпас белгілері бар екені былай тұрсын, оның қазіргі кездегі реакциялық сипатының да күмәнсыз белгілері бар. Бүкіл шаруалар қозғалысында, бүкіл шаруалар идеологиясында реакциялық элементтер бар, бірақ мұның өзі бүкіл осы қозғалыстың жалпы революциялық-демократиялық сипаты бар екенін тіпті де теріске шығармайды. Сондықтан Плеханов өзінің қағидасын (белгілі саяси жағдайларда социал-демократтар үшін жерді национализациялау талабын ұсынудың мүмкін еместігі туралы) еш нәрсемен де дәлелдеген жоқ, қайта өзінің тым қисынсыз келтірген дәлелдемесі арқылы оны тіпті әлсіретіп алды.

позициясы қазіргі уақытта, мәселе демократиялық төңкерісті жеріне жеткізуге тіреліп отырған кезде, тек қана мынадай болмақ: жалпы жерге жеке меншік барда помещиктік меншікке қарсы болып, шаруалар меншігін жақтау керек. *Белгілі бір саяси жағдайларда* жерді жеке меншіктенушілікке қарсы болып, жерді национализациялауды жақтау керек.

Бұл арада біз көзқарастардың 3-типіне: Икстің, Масловтың және басқалардың «земстволизациялауына» немесе «провинциализациялауына» келеміз. 1903 жылы Икске қарсы айтқанымды бұл жерде ішінара Маслов жөнінде де қайталап айтуға тура келеді, атап айтқанда: Икс «жерді национализациялау талабының нашарлатылған, қарама-қайшы тұжырымын береді» дегенмін (*Ленин.* «Икске жауап», 42-бет) *. Нақ сол арада мен былай деп жазғанмын: «Жерді (жалпы айтқанда) *ұсақ* қоғамдық ұйымдардың (қазіргі немесе болашақтағы земство сияқты) емес, демократиялық мемлекеттің қолына берген жөн».

Маслов нені ұсынып отыр? Ол земстволизацияны *қоса,* жерге жеке меншіктілікті *қоса* национализациядан жасалған қойыртпақты ұсынып отыр, ал жерге орналастырудың белгілі бір жүйесін пролетариатқа тиімді ететін (біршама) түрлі саяси жағдайларды *мүлде көрсетпейді.* Шынында да, Маслов өз жобасының 3-пунктінде шіркеу жерлерін және басқа жерлерді «конфискелеп», «бұларды демократиялық мемлекеттің иелігіне беруді» талап етеді. Бұл — национализациялаудың таза формасы. Мынадай сұрақтар туады: буржуазиялық қоғамда национализациялауды зиянсыз ететін саяси жағдайлар неге көрсетілмеген? *Мұнда* национализациялаудың орнына земстволизациялау неге ұсынылмаған? Конфискеленген жерлерді сатуға *жол бермейтін* тұжырым неге алынған? **. Маслов бұл сұрақтардың бәріне де жауап бермейді.

---

* Шығармалар толық жинағы, 7-том, 256—257-беттер. *Ред.*

** Салыстырыңыз: *Ленин.* «Икске жауап», 27-бет: «Жерді сатуға социал-демократия қандай жағдайда және қашан болса да қарсы болады деу дұрыс болмас еді» (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 242-бет. *Ред.*). Жерге жеке меншіктің болуын бұлжымас нәрсе деп ұйғарып, сатудан безу — әрі қисынсыз, әрі ақымақтық.

Шіркеулік, монастырьлік, уделдік жерлерді национализациялауды ұсына отырып, сонымен бірге жалпы национализациялауға қарсы дау көтеріп, Маслов өзін өзі таяқтайды. Оның национализациялауға қарсы келтірген дәлелдері бір жағынан жеткіліксіз, дәл емес, бір жағынан мүлде әлсіз. Бірінші дәлел: национализациялау ұлттардың өзін өзі билеуіне қол сұғады. Питерден Закавказье жерін билеп-төстеуге болмайды дейді.— Бұл дәлел емес, барып тұрған түсінбеушілік. Біріншіден, ұлттардың өзін өзі билеу правосы біздің программамызда мойындалған, демек, Закавказье, Питерден бөлініп, өзін өзі билеуге «праволы». Маслов «Закавказьенің» көнбеуі мүмкін дегенді сылтауратып 4 талапқа [126] қарсы бола қоймас! Екіншіден, жергілікті де, облыстық та *кең* түрде өзін өзі басқару *жалпы* біздің программамызда мойындалған, демек, «Петербург бюрократиясы тау халықтарының жерін билеп-төстесін» деу (Маслов, 22-бет) тіпті ерсі-ақ! Үшіншіден, *Закавказье* жерлерін «земстволизациялау» туралы заңды қалай да *питерлік* құрылтай жиналысының шығаруына тура келеді, неге десеңіз, Маслов шет аймақтың қандайына болса да помещиктік жер иеленуді сақтауға ерік беруді қаламай отыр ғой! Демек, Масловтың бүкіл дәлелі іске аспай қалады.

Екінші дәлел: «Жерді национализациялау *барлық* жерді мемлекеттің қолына беруді керек етеді. Бірақ шаруалар, әсіресе үйлі-жайлы шаруалар кімге болса да өз жерлерін еркімен беруге көне қоя ма?» (Маслов, 20-бет).

Біріншіден, Маслов сөзді ойыншыққа айналдырып отыр немесе ұғымдарды шатастырып отыр. Национализациялау дегеніміз жерді меншіктену правосын,— рента алу правосын бергендік болады, бірақ әсте жердің өзін бергендік емес. Национализациялау барлық шаруалардың жерді кімге де болса ешбір еріксіз беруі болып табылмайды. Мұны Масловқа мысалмен түсіндірейік. Социалистік төңкеріс дегеніміз — тек жерге жеке меншіктілікті ғана емес, сонымен қатар шаруашылық объектісі ретінде жердің өзін де бүкіл қоғамның қолына

беру деген сөз. Бұдан социалистер ұсақ шаруалардың жерлерін олардың еркінен тыс тартып алмақшы екен деген ұғым туа ма? Жоқ, бірде-бір есі дұрыс социалист ешқашан мұндай ақымақтықты ұсынған емес.

Мұны социалистік программада, жерге жеке меншіктің орнына қоғамдық меншікті орнату туралы айтатын программада айрықша көрсету қажет деп санайтын адам бар ма? Жоқ, социал-демократтардың бірде-бір партиясы бұлай деп көрсетпейді. Солай бола тұрса да, бізде национализациялау жөнінде қайдағы жоқ сұмдықтарды ойлап шығаруға негіз бар. Национализациялау дегеніміз рентаны мемлекетке беру. Шаруалар көп реттерде жерден ешқандай рента алмайды. Демек, национализацияландырғанда олар еш нәрсе төлемейді, ал демократиялық шаруалар мемлекеті (мұны земстволизацияшыл Маслов үнсіз мойындаса да, дәл анықтап көрсетпейді) мұның үстіне үдемелі-табыс салығын енгізіп, ұсақ қожайындардың төлемдерін кемітеді. Национализациялау жерді мобилизациялауды оңайлатады, бірақ, тіпті де ұсақ шаруалардың жерін олардың еркінен тыс тартып алу деген сөз емес.

Екіншіден, егер национализациялауға қарсы үйлі-жайлы шаруалардың «еркімен келісуі» тұрғысынан дәлел келтіретін болсақ, онда біз Масловқа мынадай сұрақ қоямыз: шаруалар мықты күш болатын «демократиялық мемлекет» таңдаулы жерлерді, атап айтқанда, помещиктік, шіркеулік, уделдік жерлерді *тек арендаға* берсе, оған жеке меншік иесі мужиктер «еркімен көне ме?». Мұның мәнісі: нашар, үлесті жерлерді — мә, жеке меншігіңе ал, жақсы жерлерді, помещиктік жерлерді — арендаға ал деу ғой. Қара нанды тегін же, ақ нанға ақша төле деген сөз болып шығады ғой. Шаруалар бұған ешқашан көнбейді. Екінің бірі, Маслов жолдас: не экономикалық қатынастар жеке меншікті қажет етеді, мұның өзі тиімді де болады,— онда помещиктік жерлерді бөлу туралы немесе жалпы конфискелеу туралы әңгіме ету керек. Не бүкіл жерді национализациялау мүмкін де, тиімді де болады,— онда шаруаларды қалайда айрықша жағдайға қоюдың қажеті жоқ. Национализациялауды провинциализациялаумен, ал провинциали-

зациялауды жеке меншікпен ұластыру дегеніміз тек қана шатасқандық. *Демократиялық революция әбден толық жеңген күнде де* мұндай шара ешқашан жүзеге асырылмас еді деп кепілдік беруге болады.

III. МАСЛОВ ЖОЛДАСТЫҢ БАСТЫ ҚАТЕСІ

Бұл арада, жоғарыда айтылған пікірден туатын, бірақ неғұрлым толық талдауды керек ететін тағы бір пікірге тоқталып өту қажет. Біз жаңа ғана тіпті демократиялық революция әбден толық жеңген күнде де Маслов программасының жүзеге аспайтындығына кепілдік беруге болады дегенді айттық. Жалпы айтқанда, қазіргі жағдайда немесе таяу арада талаптардың орындалуы мүмкін емес деген мағынада алғанда программаның белгілі бір талаптарының «жүзеге аспайтындығы» бұл талаптарға қарсы дәлел болып есептеле алмайды. К. Каутский Польшаның тәуелсіздігі туралы мәселе жөнінде Роза Люксембургке қарсы жазған мақаласында мұны өте айқын көрсетті *. Р. Люксембург бұл тәуелсіздіктің «жүзеге аспайтындығы» туралы айтты, ал К. Каутский бұған қарсы шығып, мәселе көрсетілген мағынада «жүзеге асатындығы» туралы болып отырған жоқ, белгілі бір талаптың қоғам дамуының жалпы бағытына немесе бүкіл цивилизациялы дүниедегі жалпы экономикалық және саяси жағдайға сәйкес келуінде болып отыр деді. Мәселен, герман социал-демократиялық программасының барлық чиновниктерді халық сайлайтын болсын дейтін талабын алыңыз, дейді Каутский. Әрине, бұл талап Германиядағы қазіргі жағдай тұрғысынан алып қарағанда «жүзеге аспайды». Бірақ солай бола тұрса да, бұл талап әбден дұрыс және қажетті талап, өйткені бұл талап дәйекті демократиялық төңкерістің тығыз байланысты құрамдас бөлегі болып табылады; бүкіл қоғам дамуы сол төңкеріске қарай бет алып келеді, социал-демократия социализмнің шарты ретінде және социализмнің саяси қоп-

---

* Бұл мақаладан «Заряның» 4-номерінде, аграрлық программаның жобасы туралы менің мақаламда үзінді келтірілген. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 348—349-беттер. *Ред.*).

дырмасының қажетті құрамдас элементі ретінде сол төңкерісті көздеп отыр.

Сондықтан, Маслов программасының жүзеге аспайтындығы туралы айта келіп, біз: демократиялық революция әбден толық жеңген күнде деген сөздерді баса айтамыз. Біз Маслов программасы қазіргі саяси қатынастар мен жағдайлардың тұрғысынан алып қарағанда жүзеге аспайды деп айтып та отырған жоқпыз. Жоқ. Біз былай дейміз: нақ толық және ақырына дейін дәйекті демократиялық төңкеріс тұсында, яғни қазіргі жағдайлардан арасы тым алшақ болатын және түбегейлі аграрлық реформалар жасауға өте қолайлы болатын саяси жағдайлардың тұсында, нақ осындай жағдайларда Масловтың программасы жүзеге аспайтын болып шығады, оның себебі — бұл программаның, былайша айтқанда, тым зор болғандығынан емес, оның себебі осы жағдайлар тұрғысынан алып қарағанда бұл программаның тым шағын болғандығынан. Басқаша айтқанда: егер іс сайып келгенде демократиялық революцияның толық жеңуіне жеткізбейтін болса, онда ешқандай помещиктік жер иеленуді жою туралы да, ешқандай уделдік, т. с. жерлерді конфискелеу туралы да, ешқандай муниципализациялау, т. с. туралы да шындап әңгіме етуге болмайды. Керісінше, егер іс демократиялық революцияның толық жеңісіне жеткізетін болса, онда төңкеріс жердің бір бөлігін муниципализациялаумен ғана шектеле *алмайды*. Бүкіл помещиктік жер иеленуді күлталқан ететін төңкеріс (Масловтың да, помещик имениелерін бөлуді немесе конфискелеуді жақтайтын барлық басқа адамдардың да үйғарып жүргені нақ осындай төңкеріс қой),— мұндай төңкеріс, тарихта бұрын болып көрмеген дәрежеге жететін революциялық күшжігер мен революциялық серпінді талап етеді. Помещиктік жер иеліктерін конфискелемейінше (Маслов өз программасының жобасында конфискелеу туралы емес, тек «иеліктен айыру» туралы ғана айтады), бүкіл жерді национализациялау идеясын «халыққа» мейлінше кеңінен таратпайынша, демократизмнің саяси жағынан неғұрлым алдыңғы қатарлы формаларын жасамайынша, мұндай төңкеріс болады деп жорамалдау мағынасыз

жорамал болып шығады. Қоғамдық өмірдің барлық жақтары өзара тығыз байланысты және сайып келгенде өндірістік қатынастарға түгелдей бағынышты. Мемлекет формаларын бүтіндей өзгертпейінше (ал қазіргі экономикалық реформа тұсында бұл өзгеріс демократизм бағытында ғана болуы мүмкін), жеке жер меншігінің ірі түрлерін жоюды талап ететін «халық» пен шаруалардың ой-пікірі жалпы жерге жеке меншіктің болуына қарсы көтерілмейінше помещиктік жер иеленуді жою жөнінде түбегейлі шара қолдану мүмкін емес. Басқаша айтқанда: помещиктік жер иеленуді жою сияқты батыл төңкеріс өзінен-өзі-ақ бүкіл қоғамдық, экономикалық және саяси дамуға сөзсіз аса қуатты серпін береді. Осындай төңкеріс туралы мәселені күн тәртібіне қоятын социалист бұдан туатын жаңа мәселелерді де сөзсіз ойластыруға тиіс, бұл төңкеріске тек өткендегінің тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар оның болашағы тұрғысынан да қарауға тиіс.

Міне, нақ осы жағынан алғанда Маслов жолдастың жобасы мейлінше қанағаттанғысыз болып отыр. Бұл жоба, біріншіден, аграрлық революцияны енді, қазір, дереу өршітуге, күшейтуге, өрістетуге, «ұйымдастыруға» тиісті ұрандарды теріс тұжырымдайды: тек барлық помещиктік жерлерді *конфискелеу* ұраны ғана және осы мақсатпен, жергілікті, халыққа жақын, күшті революциялық өкімет органдарының бірден-бір дұрыс формасы ретіндегі *шаруалар комитеттерін* сөзсіз ұйымдастыру ұраны ғана осындай ұрандар бола алады. Бұл жоба, екіншіден, дұрыс емес, өйткені жоба қажетті саяси шарттарды дәл көрсетпейді, ал мұндай шарттар болмайынша «муниципализациялаудың» пролетариат пен шаруалар үшін ешбір пайдалы шара болмайтыны былай тұрсын, тіпті анық зиянды шара болып табылады; атап айтқанда бұл жоба «демократиялық мемлекет» деген ұғымға дәл және екіұшты пікір туғызбайтын ешқандай дәл анықтама бермейтіндігінен де дұрыс емес, Бұл жоба, үшіншіден,— жобаның ең елеулі және өте сирек байқалып жүрген кемшіліктерінің бірі осы,— қазіргі аграрлық төңкерісті оның болашағы тұрғысынан алып қарамайды, тікелей сол төңкерістен туатын мін-

деттерді көрсетпейді, осы жобаға негіз болған экономикалық алғы шарттар мен саяси алғы шарттардың арасында үйлесімсіздік бар.

Шынында да, Маслов жобасын қорғауға сеп болатын ең күшті (үшінші) дәлелге байыптап қараңыздаршы. Бұл дәлел былай дейді: национализациялау буржуазиялық мемлекеттің өкіметін күшейтеді, ал мұндай мемлекеттің муниципалдық және жалпы жергілікті органдары анағұрлым демократиялырақ келеді, армияға деп шығын шығармайды, пролетариатты полициялық жолмен езу міндеттерін және т. б. тікелей орындамайды, т. т. Анық көрініп отырғандай, бұл дәлел *толық демократиялық емес* мемлекетті көздейді, атап айтқанда, мұндай мемлекетте нағыз маңызды пункт, орталық өкімет, бұрынғы әскери-бюрократиялық тәртіптерге өте жақын болады, мұндай мемлекетте жергілікті мекемелер екінші дәрежелі және бағынышты болғандықтан, орталық мекемелерден тәуірлеу, демократияшылдау келеді, яғни бұл дәлел *ақырына дейін жеткізілмеген демократиялық төңкерісті көздейді.* Бұл дәлел III Александр заманындағы Россия мен «республикашылдарсыз республика» заманындағы Францияның аралығындағы бірдеңені *үнсіз* жорамалдайды; III Александр заманындағы Россияда земстволар орталық мекемелерден тәуірлеу болатын, ал «республикашылдарсыз республика» заманындағы Францияда пролетариаттың күшеюінен қорыққан *реакциялық* буржуазия орталық мекемелері бар антидемократиялық «монархиялық республика» құрған болатын, оның бұл орталық мекемелері жергілікті мекемелерден анағұрлым нашар еді, демократияшылдығы кем еді, соғыс құмарлық, бюрократизм, полициялық рух сүйегіне көбірек сіңген еді. Шын мәнінде, Масловтың жобасы іштей біздің саяси программа-минимумдағы талаптардың толық жүзеге аспауын, халықтың самодержавиесі қамтамасыз етілмеуін, тұрақты армия жойылмауын, чиновниктердің сайланып қойылу тәртібі енгізілмеуін, т. т.— басқаша айтқанда: Европадағы демократиялық революциялардың көпшілігі сияқты біздің демократиялық революция да өзінің жетер жеріне жетпеуін, нақ солар сияқты күзелген, өңі айналдырылған,

«кері оралған» болуын көздейді. Масловтың жобасы шалағай, дәйексіз, толық емес немесе күзелген және реакция «зиянсыз еткен» демократиялық төңкеріске әдейі лайықталып жасалған *.

Нақ осы жағдай Масловтың жобасын мүлде жасанды, жүйесіз етеді, осы сөздің жоғарыда көрсетілген мағынасында жүзеге аспайтын жоба етеді, ішкі қайшылықтары бар, тиянақсыз, ақырында, бір жақты жоба етеді (өйткені демократиялық төңкеріс пролетариаттың социализм жолындағы шиеленіскен күресіне емес, тек қана антидемократиялық буржуазиялық реакцияға апарып соғады деліпіп отыр).

Демократиялық төңкеріс жеріне жеткізілмеген, біздің саяси программа-минимумдағы негізгі талаптар жүзеге асырылмаған деп *іштей* жорамал жасау мүлде орынсыз. Мұндай нәрсені жабулы күйінде қалдырмай, қайта мейлінше дәл көрсету қажет. Егер Маслов өзінің алған бетінен айнымаймын деген болса, егер ол өзінің жобасындағы бүкпелеу, ішкі жалғандық элементін жоямын деген болса, онда былай деуге тиіс еді: бізде қазіргі төңкерістен туатын мемлекет, «шамасы», демократиялығы өте аз мемлекет болатындықтан, национализациялау арқылы оның өкіметін күшейткеннен гөрі, земстволизациялаумен шектелген жақсы, өйткені орталық мемлекеттік мекемелерге қарағанда земстволар тәуірірек, демократиялырақ болады деп *«ойлау керек»*. Маслов жобасының ішкі алғы шарты осындай, тек қана осындай. Сондықтан, ол өзінің жобасында «демократиялық мемлекет» деген сөзді (3-пункт) қолданғанда, онда да ешбір ескертусіз қолданған кезде асқан өтірікті көлитіп отыр, өзін де, пролетариат пен бүкіл халықты да адастырып отыр, өйткені ол шынында өз жобасын нақ демократиялық *емес* мемлекетке, реакциялық мемлекетке, жеріне жеткізілмеген немесе реакция «тартып алған» демократизмнен туатын мемлекетке «ыңғайлап» отыр.

Бұл осылай болса,— ал мұның осылай екені күмәнсыз,— онда Маслов жобасының бүкіл жасандылығы,

* Маслов жүгініп отырған Каутский өзінің «Agrarfrage» деген кітабында: Мекленбург жағдайларында сорақы болатын национализациялау демократиялық Англияда немесе Австралияда өзгеше мақыз алар еді деп ерекше ескерту жасайды.

«ойдан шығарылғандығы» айқын болады. Шынында да, егер жергілікті өкімет орындарынан гөрі неғұрлым реакциялырақ орталық өкіметі бар мемлекет, республикашылдарсыз республика дейтін үшінші француз республикасы сияқты мемлекет болады деп жорамалдайтын болсақ, онда мұндай мемлекет тұсында помещиктік жер иеленуді жоюға болады деп ойлау немесе ең болмағанда оның тұсында революциялық тегеурінмен жойылған помещиктік жер иеленуді жойылған күйінде қалдыруға болады деп ойлау тым ерсі-ақ. Дүниенің Европа деп аталатын бөлігіндегі *мұндай* мемлекеттің қандайы болса да, XX ғасыр деп аталатын ғасырда, тап күресінің объективті логикасының күшімен, помещиктік жер иеленуді *қорғаудан* немесе, егер оның біразы қиратылған болса, оны *қалпына келтіруден бастауға* сөзсіз тиісті болар еді. Мұндай жартылай демократиялық, іс жүзінде реакциялық, мемлекеттің бар мәні, объективтік мәні — болмашы ғана артықшылықтарын құрбан етіп, буржуазиялық-помещиктік және чиновниктік өкіметтің *негізгі* тіректерін қорғап қалу ғой. Ал мұндай мемлекеттерде реакциялық орталық өкімет пен біршама «демократиялық» жергілікті мекемелердің, земстволардың, муниципалдық басқармалардың, т. с. қатар өмір сүріп отырған бірден-бір себебі, тек қана мынадан: бұл жергілікті мекемелер *буржуазиялық мемлекет үшін зиянсыз* іспен, «қол жуғыштарды дәнекерлеумен», су жеткізумен, электрлі трамвайлармен, т. с. шаралармен шұғылданады, бұл шаралар «қазіргі қоғамдық тәртіп» деп аталатын нәрсенің *негіздерін* бұза алмайды. Земстволардың сумен, жарықпен қамтамасыз ету жөніндегі әрекетін бақылаудан барып помещиктік жер иелігін жою жөнінде олардың «әрекет жасауы» мүмкін деп жору балалық аңқаулық болар еді. Мұның өзі қайдағы бір француз пошехоньесінің[127] түгелдей социал-демократтардан сайланған қалалық думасының бүкіл Францияда меншікті үйлер салынған жерге жеке меншікті «муниципализациялауға» әрекеттенгенімен бірдей болар еді. Шынына келгенде, помещиктік жер иеленуді жоятын шара өзінің сипаты жағынан су жеткізу, жарық беру, ассенизация, т. с. жөніндегі істі жақ-

сарту шараларынан біраз өзгеше. Шынына келгенде, алғашқы *«шара» бүкіл* «өмір сүріп отырған қоғамдық тәртіптің» түп негіздерін мейлінше батыл түрде «қозғайды», бұл негіздерді жойқын күшпен шайқалтып, әлсіретеді, тарихта болып көрмеген дәрежеде пролетариаттың бүкіл буржуазиялық құрылысқа тегеурін жасауын оңайлатады. Иә, бұл ретте буржуазиялық мемлекет атаулының бәрі ең алдымен және көбінесе буржуазиялық үстемдіктің негіздерін сақтап қалудың қамын жасауға тиіс болады: буржуазиялық-помещиктік мемлекеттің түбегейлі мүдделеріне нұқсан келетін болса-ақ, автономиялық жолмен қол жуғыштарды дәнекерлеу жөніндегі праволар мен артықшылықтардың бәрі қас қаққанша жойылады, бүкіл муниципализациялаудың бірден күлі көкке ұшады, жергілікті мекемелердегі демократизмнің қандай елесін болса да «жазалаушы экспедициялар» жойып жібереді. Аңқаусыған түрмен реакциялық орталық өкімет тұсында муниципалдық-демократиялық автономия болады деп жорамалдап, бұл «автономияны» помещиктік жер иеленуді жоюға тарату — нағыз сорақылықтың немесе шексіз саяси аңқаулықтың адам айтқысыз үлгісін көрсеткендік болады.

IV. БІЗДІҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Егер біз бұл программаны демократиялық революция заманында социал-демократияның пролетариат пен шаруаларға беретін қарапайым, айқын кеңестері түрінде баяндап көретін болсақ, РСДРП-ның аграрлық программасы туралы мәселе едәуір анықталған болар еді.

Бірінші кеңес сөзсіз мынадай болады: шаруалар көтерілісінің толық жеңіп шығуы үшін барлық күшті жұмсау керек. Мұндай жеңіссіз помещиктердің «жерлерін тартып алу» туралы да, нағыз демократиялық мемлекет құру туралы да шындап әңгіме етуге болмайды. Ал шаруаларды көтерілске шақыратын ұран тек біреу ғана бола алады: барлық помещиктік жерлерді конфискелеу (бірақ сатып алу туралы мәселені қалтарыста қалдыратын жалпы иеліктен айыру немесе жалпы экспроприациялау емес), онда да құрылтай жиналысы шақы-

рылғанға дейін тек шаруалар комитеттері арқылы конфискелеу.

Бұдан басқа кеңестің бәрі де (оның ішінде Маслов ұсынып отырған «иеліктен айыру» ұраны да, оның бүкіл муниципализациясы да) мәселені көтеріліс арқылы емес, помещиктермен келісімге келу арқылы, реакциялық орталық өкіметпен келісімге келу арқылы шешуге шақырғандық болады, мәселені революциялық жолмен емес, бюрократиялық жолмен шешуге шақырғандық болады, өйткені ең демократияшыл деген облыстық және земстволық ұйымдар дереу, табан астында, дәл қазір помещиктерді жазалап, бүкіл халықтық құрылтай жиналысының ықтиярындағы праволарды алуға тиіс болатын революциялық шаруалар комитеттерімен салыстырғанда бюрократиялық болмай қоймайды.

Екінші кеңес сөзсіз мынадай болады: саяси құрылысты демократияландыруды толық жүргізбейінше, республика болмайынша және іс жүзінде халықтың самодержавиесін қамтамасыз етпейінше шаруалар көтерілісінің жеңістерін сақтап қаламыз деп те, бірер адым ілгері басамыз деп те ойлаудың қажеті де жоқ. Ешқандай күмән, ешқандай екіұшты ұғым, ешқандай теріс түсінік туғызбау үшін, реакциялық орталық өкімет тұсында помещиктік жер иеленуді жоюға болады деген сияқты сандырақты үнсіз өрбітуге ешбір жол бермеу үшін біз жұмысшылар мен шаруаларға беретін бұл кеңесімізді өте айқын, өте дәл тұжырымдауға тиіспіз. Сондықтан да, саяси кеңестерімізді барынша алға тартқанда, біз шаруаға былай деуге тиіспіз: жерді алғаннан кейін, сен ілгері басуға тиіссің, әйтпесе помещиктер мен ірі буржуазия сені сөзсіз талқандап, кейін лақтырып тастайды. Жаңа саяси жеңістерге жетпейінше, жалпы жерге жеке меншікке жаңа, неғұрлым батыл соққы бермейінше жерді алуға да, оны өзінде сақтап қалуға да болмайды. Бүкіл қоғамдық өмірдегі сияқты, саясатта ілгері баспау дегеніміз — кейін лақтырылып тасталу деген сөз. Не буржуазия демократиялық төңкерістен кейін нығайып алып (бұл төңкеріс буржуазияны сөзсіз нығайтады), жұмысшылардың да, шаруалар бұқарасының да барлық жеңістерін тартып алады,— не пролетариат

пен шаруалар бұқарасы өздерінің ілгері басуына жол ашады. Ал мұның аты — республика орнату және халықтың толық самодержавиесін орнату деген сөз. Мұның мәнісі: республика орнатқан күнде, буржуазиялық-демократиялық төңкерістің ықтимал максимумы ретінде, буржуазиялық демократизмнің жеңісінен социализм жолындағы нағыз күрестің бастамасына қарай алға басатын табиғи және қажетті қадам ретінде бүкіл жерді национализациялау керек деген сөз.

Үшінші және соңғы кеңес: қала, деревня пролетарлары мен жартылай пролетарлары, өз алдарыңа ұйымдасыңдар. Ешқандай қожайынсымақтарға, тіпті ұсақтарына да, тіпті «еңбекқорларына» да сенбеңдер. Товар өндірісі сақталатын ұсақ шаруашылыққа әуестенбеңдер. Шаруалар көтерілісінің жеңуі неғұрлым жақындаған сайын, қожайын шаруалардың пролетариатқа қарсы бұрылуы солғұрлым жақындай береді, дербес пролетарлық ұйым соғұрлым керек, біз толық социалистік төңкеріске соғұрлым жігерлі, қажырлы, батыл түрде, ашықтан-ашық шақыруға тиіспіз. Біз шаруалар қозғалысын ақырына дейін қолдаймыз, бірақ бұл қозғалыс басқа таптың қозғалысы екені, социалистік төңкерісті жасай алатын және жасайтын таптан *өзге* таптың қозғалысы екенін біз есте сақтауға тиіспіз. Сондықтан біз шаруашылық объектісі ретінде жерді бөлу мағынасында оны қалай етуіміз керек деген мәселені былай қоямыз,— бұл мәселені буржуазиялық қоғамда тек қожайындар мен қожайынсымақтар ғана шеше алады және шешетін болады. Біздің назарымызды бүтіндей (ал шаруалар көтерілісі жеңгеннен кейін біржола дерлік) аударып отырған мәселе: село пролетариатының не істеуі керек? — деген мәселе. Біз көбінесе осы мәселемен шұғылданып келеміз, шұғылдана да береміз, ал жерді теңгермелі түрде пайдалануды және сол сияқтыларды ойлап шығаруды ұсақ буржуаның идеологтарына тапсырамыз. Біз бұл мәселеге, жаңа, буржуазиялық-демократиялық Россияның негізгі мәселесіне былай деп жауап береміз: село пролетариаты толық социалистік төңкеріс жолында күрес жүргізу үшін қала пролетариатымен бірге дербес ұйымдасуға тиіс.

Демек, біздің аграрлық программамыз негізгі үш бөлімпен құралуға тиіс: біріншіден, шаруаларды помещиктік жер иелігіне революциялық тегеурін көрсетуге мейлінше батыл шақыратын ұранды тұжырымдау керек; екіншіден, одан арғы қадамды, шаруалардың жеңістерін баянды етіп, демократияның жеңісінен социализм жолындағы тікелей пролетарлық күреске көшуге бастай алатын және бастауға тиісті қадамды дәл көрсету керек; үшіншіден, партияның пролетарлық таптық міндеттерін, шаруалар көтерілісінің жеңісі неғұрлым жақындаған сайын, бізге соғұрлым жедел жақындап келе жатқан және алға айқын қоюды соғұрлым қатты талап етіп отырған міндеттерді көрсету керек.

Масловтың программасы қазір РСДР партиясы шешуге тиісті болып отырған негізгі міндеттердің бірдебірін шешпейді: бұл программа дәл қазір, дереу, мейлінше антидемократиялық мемлекет заманында шаруалар қозғалысын жеңіске бағыттайтын ұранды көрсетпейді,— бұл программа аграрлық өзгерістерді аяқтап, баянды ету үшін қажет болатын саяси өзгерістер жөнінде дәл анықтама бермейді,— бұл программа нағыз толық және дәйекті демократизм жағдайында жер реформасы саласында қажет болатын шараларды көрсетпейді,— бұл программа партиямыздың бүкіл буржуазиялық-демократиялық өзгерістер жөніндегі пролетарлық позициясын сипаттамайды. Бұл программа «бірінші қадамның» шарттарын да, «екінші қадамның» міндеттерін де белгілемейді, уделдік жерлерді дүниеде жоқ «демократиялық мемлекеттің» қолына беруден бастап, орталық өкіметтің сипаты демократиялық болмайды деген қауіппен помещиктердің жерлерін демократиялық муниципалитеттердің қолдарына беру дегенді қосып, бәрін де бір жерге үйіп-төгеді! Өзінің практикалық маңызы жағынан, қазіргі кезеңде, революциялық программа болмағандықтан, жартылай реакциялық орталық өкіметпен мүлде жасанды, мүлде сорақы келісім жасау жорамалына негізделгендіктен, бұл программа Россиядағы демократиялық төңкерістің ықтимал және қисынды даму жолдарының ешқайсысында жұмысшы партиясына нұсқау бере алмайды.

Қорытайық: демократиялық төңкеріс жағдайында бірден-бір дұрыс программа мынау болмақ: помещиктік жерлердің конфискеленуін және шаруалар комитеттерінің құрылуын * біз дереу талап етуге тиіспіз, бұл талапты шектейтін ешқандай ескертулермен ауырлатпауға тиіспіз. Мұндай талап — қандай жағдайларда болса да, тіпті мейлінше нашар жағдайларда да, пролетариат тұрғысынан қараганда да, шаруалар тұрғысынан қараганда да әрі революциялық, әрі тиімді талап. Мұндай талаптың нәтижесінде полициялық мемлекет сөзсіз күйреп, демократизм күшейеді.

Бірақ конфискелеумен шектелуге болмайды. Демократиялық революция мен шаруалар көтерілісінің заманында біз ешбір жағдайда жерді национализациялау талабын қабылдамай тастай алмаймыз. Тек бұл талапқа қоса белгілі саяси тәртіптерді әбден дәл көрсету қажет, бұл тәртіптер болмайынша национализациялау пролетариат пен шаруаларға зиян келтірер еді.

Мұндай программа әрі толық, әрі бірегей болады. Мұның өзі әрбір буржуазиялық-демократиялық төңкерістің тұсында жалпы, мүмкін боларлық нәрселердің сөзсіз максимумын береді. Мұның өзі социал-демократияның қолын байламайды; әр алуан саяси конъюнктураға қарай бөліске де, национализацияға да жол беріп отырады. Мұның өзі демократизм жолындағы күрескерлер болып табылатын шаруалар мен пролетариат арасында ешбір алалық туғызбайды **. Мұның өзі полициялық-

* Икс сияқты, Маслов «біздің сословиелердің жойылуын және шаруалар комитеттерінің, яғни сословиелік комитеттердің құрылуын талап еткенімізде қайшылық бар деп біледі. Шынында, бұл жерде қайшылық бар тәрізді ғана: жалпы тап атаулыны, соның ішінде пролетарлар табын да жою үшін пролетариат диктатурасының керек болатыны сияқты, сословиелерді жою үшін төменгі, езілген сословиенің «диктатурасы» керек болады. Біздің бүкіл аграрлық программамыз аграрлық қатынастар саласында крепостниктік және сословиелік дәстүрлерді жою мақсатын көздейді, ал ол дәстүрлерді жою үшін бір ғана төменгі сословиеге, крепостниктік тәртіптің осы қалдықтарынан езгі көргендерге ғана шағым жасауға болады». *Ленин.* «Икске жауап», 29-бет. (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 243—244-беттер. *Ред.*)

** Жұмысшы партиясы шаруалардың еркінен тыс, шаруалардың ішіндегі дербес қозғалыстан тыс реформалардың әлдененндей бір жобаларын шаруаларға таңбақшы екен деген сияқты пікірлердің қандайына болса да жол бермеу үшін программа жобасына *А нұсқасы* тіркеліп отыр: мұнда, национализациялауды тікелей талап етудің орнына алдымен революцияшыл шаруалардың жерге жеке меншікті жою жөніндегі тілегін партияның қолдайтындығы туралы айтылған.

самодержавиелік саяси тәртіптердің тұсында сөзсіз революциялық және сол тәртіптерді революцияландыратын ұрандарды дәл қазір, дереу ұсынады, сонымен қатар демократиялық революция толық жеңген күнде, яғни демократиялық төңкерістің аяқталуы жаңа перспективалар мен жаңа міндеттерді туғызған жағдайда бұдан басқа да талаптар қояды.

Программада бүкіл демократиялық аграрлық төңкерістегі біздің ерекше пролетарлық позициямызды дәл көрсету сөзсіз қажет. Мұндай нұсқаудың орны тактикалық қарарда немесе бұл — программаның жалпы бөлімін қайталағандық болады деп қысылудың қажеті жоқ. Позициямыздың айқын болуы үшін және бұқара алдында оны анықтап көрсету үшін тақырыптарды программалық және тактикалық деп бөлудің сындарлы схемасынан бас тартуға болады.

«Аграрлық комиссияның» («аграрлық комиссияны» жаңа аграрлық программаның жобасын жасау үшін РСДРП-ның Біріккен Орталық Комитеті тағайындаған болатын) көпшілігі жасаған аграрлық программаның тиісті жобасын біз ұсынып та отырмыз.

V. АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ

Ауыр езгі салмағын тікелей шаруаларға артып отырған крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен және деревняда тап күресін еркін дамыту мүддесі үшін партия мыналарды талап етеді:

1) барлық шіркеулік, монастырьлік, уделдік, мемлекеттік, кабинеттік және помещиктік жерлерді конфискелеу;

2) помещиктік билік пен помещиктік пұрсаттылықтың барлық сарқыншақтарын дереу жою үшін және бүкіл халықтық құрылтай жиналысы жерді жаңадан орналастыруды белгілегенге дейін конфискеленген жерлерді іс жүзінде билеу үшін шаруалар комитеттерін құру;

3) қазіргі уақытта салық төлеуші сословие ретіндегі шаруаларға жүктелетін алым-салықтар мен міндетті жұмыстардың бәрін жою;

4) шаруаның өз жерін өзі билеуіне бөгет жасайтын барлық заңдарды жою;

5) сайланып қойылатын халық соттарына шамадан тыс өте жоғары аренда ақыларын кемітуге және кіріптарлық сипаты бар келісімдерді заңсыз деп жариялауға право беру.

Ал егер Россияда қазіргі революцияның үзілді-кесілді жеңуі халықтың самодержавиесін толық қамтамасыз ететін болса, яғни республика мен толық демократиялық мемлекеттік құрылыс орнататын болса *, онда партия жерге жеке меншікті жоюға және барлық жерлерді бүкіл халықтың ортақ меншігіне беруге күш салатын болады.

Оның бер жағында Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы барлық реттерде және демократиялық аграрлық өзгерістер қандай жағдайда болса да — село пролетариатының дербес таптық ұйымын құруға үздіксіз ұмтылу, оның мүдделері шаруа буржуазиясының мүдделеріне мүлде қарама-қарсы екендігін оған түсіндіріп отыру, товар өндірісі өмір сүріп отырғанда бұқараның қайыршылығын ешқашан да жоя алмайтын ұсақ шаруашылық системасына әуестенуден оны сақтандыру, ақырында, қайыршылық атаулыны және қанау атаулыны жоюдың бірден-бір құралы болатын толық социалистік төңкерістің қажет екенін көрсетіп отыру өзінің міндеті деп біледі.

---

* А нұсқасы.

...онда партия революцияшыл шаруалардың жерге жеке меншікті жою жөніндегі тілегін қолдап, барлық жерлердің мемлекет меншігіне берілуіне күш салатын болады,

КАДЕТТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1906 ж. 24—28 мартта (6—10 апрельде) жазылған

1906 ж. апрельде «Наша Мысль» баспасында жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

I

ДУМА САЙЛАУЫНА БІЗДІҢ ҚАТЫСУЫМЫЗДЫҢ ҚАНДАЙ ОБЪЕКТИВТІ МАҢЫЗЫ БОЛДЫ?

Кадеттердің жеңістері біздің либералдық баспасөздің басын айналдырды. Сайлау науқанында кадеттер либералдардың бәрін немесе бәрін дерлік өздерінің төңірегіне біріктіріп алды. Бұған дейін мүлдем кадет партиясына жатпайтын газеттер іс жүзінде сол партияның органдарына айналып шыға келді. Либералдық баспасөз мәз-мейрам. Барлық жақтан бірдей жеңіске дауыққан шу көтеріліп, үкіметке қоқан-лоққы жасалуда. Өте-мөте сипатты бір жағдай мынау: бұл дауырықпаларға социал-демократтар жөніндегі кейде табалағыш, кейде мейірім көрсеткіш қылықтар әрдайым араласып жатады.

— Сайлауға қатысудан бас тартып, өздеріңіздің қандай қате істегендеріңізді көріңіздерші! Енді көріп отырған шығарсыздар? Қателеріңізді мойындайсыздар ғой? Данышпан әрі көреген Плехановтың айтқан ақылын енді бағалап отырған шығарсыздар? — Қуанышы қойнына сыймаған либералдық баспасөз беттерінен осындай және осыған ұқсас сөздер естіліп жатыр. Плеханов Бернштейннің ұшыраған кебіне ұқсас бірдемеге ұшырады деп, ол жайында Степанов жолдас өте дұрыс айтты («Қазіргі кезең» деген жинақ, «Алыстан» деген мақала). Бір кезде неміс либералдары Бернштейнді алақандарына салып әлпештеп, барлық «прогресшіл» буржуазиялық газеттердің көкке көтергені сияқты, бойкот жасауға қарсы аттан салуға батылы барған данышпан әрі көреген, ақылды және байсалды Плехановты, қазір Россияда құшағына алмаған, сүймеген, қастерлемеген

либералдық газет, тіпті либералдық газет мақаласы (тіпті «Словоға» дейін, иә, иә, октябристік *«Словоға»* дейін!) болған жоқ.

Кадеттердің жеңісі неге жеткізгенін байқап көрейікші. Бұл жеңістер кімнің қатесін әйгіледі екен? Қандай тактиканың жеміссіздігін әшкереледі екен?

Плеханов, Струве және K^0 бойкот жасау қате болды деп бізге қақсап келеді. Кадеттердің неге бұлай ойлайтыны әбден айқын. Олардың Думаға Москвадан бір жұмысшыны өткізу керек деген ұсынысы (23 мартта шыққан «Наша Жизньді» қараңыз) кадеттер жұмысшылардың жәрдемін бағалай білетіндіктерін, олар социал-демократтармен келісім жасасу жолдарын іздегенде өздерінің жеңісін аяқтап, баянды ету мақсатын көздейтіндіктерін, олар социал-демократиялық партиямен келісімді қалай жасасатын болса, партияда жоқ жұмысшылармен келісімді бәрібір солай жасайтындықтарын көрсетеді. Кадеттердің бойкот жасауды, оларды, кадеттерді, қолдаудан бас тартуы, «солшылдардың» олармен, кадеттермен, келісім жасасудан бас тартуы деп жек коруі — бұл әбден табиғи нәрсе.

Бірақ Плеханов пен оған жақын тұрған (бір бөлегі саналы түрде, бір бөлегі санасыз түрде жақын тұрған) меньшевиктер немесе біздің орыстың социал-демократ антибойкотистері нені тілейді? Әттеген-ай, әттеген-ай! Плеханов өзінің көзқарастарын бұлардың бәрінен батылырақ, бәрінен дәйектірек, бәрінен еркінірек және айқынырақ баяндайтын болса,— *нені тілейтінін өзі білмейтіндігін ол* бесінші «Дневнигімен» * тағы да қайталап көрсетті. Сайлауға қатысу керек,— деп зар қағады ол. Не үшін? Меньшевиктер уағыздап жүрген революциялық өзін өзі басқаруды құру үшін бе? әлде Думаға баратын болу үшін бе?

Плеханов бұлталақтайды, жалтарады, тайқақтайды, осы бір түсінікті, тура және айқын сұрақтарға жауап беруден софизмдер арқылы құтылғысы келеді. Меньшевиктер «Искраның» беттерінде революциялық өзін өзі басқаруды уағыздап келген кезінде *(және ол меньшевиктік тактикаға тілектестігін ашық айтып салған ке-*

* «Дневник Социал-Демократа» № 5.

зінде) бірнеше айлар бойы үндемеген Плеханов енді меньшевиктердің әлгі «әйгілі революциялық өзін өзі басқаруына» қарсы ең жек көрінішті сөздерді айтып отыр. Неліктен және несімен әйгілі, Плеханов жолдас? Ендігі жерде Плеханов большевиктерге қарсы соғыс ашқалы отыр, ал әлгі ұранның жеткіліксіздігін, тиянақсыздығын және жартыкештігін әлдеқашаннан бері көрсетіп, ол ұранның «әйгілі болуына» сол большевиктер көмектескен жоқ па?

Жауап жоқ. Плеханов етшеңені түсіндірмейді. Ол сәуегейдің сөзін айтады да, жанап өтіп жүре береді. Бұл арада сәуегей мен Плехановтың айырмашылығы мынау: сәуегей оқиғаларды күн ілгері болжайтын болса, Плеханов өзінің үкімін оқиға өткеннен кейін айтады, тұздықты қонақ асы желініп болғаннан кейін ұсынады. Меньшевиктер октябрь революциясына дейін, декабрь көтерілісіне дейін «революциялық өзін өзі басқару» туралы айтқанда, революциялық өрлеудің басталуынан бұрын айтқанда, Плеханов үндемеді, бірақ меньшевиктік тактиканы жалпы алғанда мақұлдай отырып үндемеді, орайы келуін күтіп отырған сияқтанды, аңғармай отырған сияқтанды, қандай болса да тиянақты пікір айтуға батылы бармай отырған сияқтанды. Революция толқыны қайтқан кезде, «бостандық күндері» мен көтеріліс күндері өткен кезде, әр алуан жұмысшы, солдат, темір жолшы, т. б. депутаттарының Советтері (меньшевиктер революциялық өзін өзі басқару органдары деп білген, ал большевиктер революциялық өкіметтің бастама, бытыранды, стихиялық, сондықтан дәрменсіз органдары деп таныған Советтер) сахнадан кеткен кезде,— қысқасы, мәселе маңызын жойған кезде, қонақасы желініп болган кезде, Плеханов тұздығын алып келді, кешегі күн жөнінде... өзінің, Струве мен К° мырзаларға сүйкімді, даналығы мен көрегендігін көрсетті.

Плеханов жолдастың революциялық өзін өзі басқаруға неге риза емес екені белгісіз күйінде қала береді. Революциялық өзін өзі басқару көп адамдарды «жаңылдырады» («Дневник» № 5) деген жөнінде Плехановтың пікірі енді большевиктердің пікірімен бір жерден шығып отыр, бірақ Плехановқа мұндай ұран тым үлкен

сияқты көрінетіні, ал большевиктерге тым кішкентай сияқты көрінетіні айдан айқын болып отыр. Плехановқа бұл ұран тым алысты көздейтін сияқты, ал бізге ол тым өрісі ұзамайтын ұран сияқты. Плеханов меньшевиктерді «революциялық өзін өзі басқарудан» кері қарай, Дума ішінде байсалды және іскерлікпен жұмыс істеуге шақыруға бой ұрады. Біз революциялық өзін өзі басқарудан әрі қарай қадам басуға, көтерілістің тұтас, жоспарлы, пәрменді жұмыс істейтін органдарының, революциялық өкімет органдарының қажет екенін мойындауға бой ұрамыз,— оған бой ұрып қана қоймаймыз, саналы түрде және бүкпесіз соған шақырамыз. Плеханов көтеріліс ұранын іс жүзінде кезектен (мұны ашық және нақтылап айтуға батылы бармаса да) алып тастайды; — ол революциялық өзін өзі басқару ұранын да қабылдамайды, өйткені көтеріліссіз және көтеріліс жағдайынан тыс жерде мұның ерсі және зиянды әрекет болатыны әбден түсінікті. Плеханов өзінің пікірлестері — меньшевиктерден гөрі шамалы дәйектірек.

Сонымен, сайлауға не үшін қатысу керек және сайлауға қалай қатысу керек, Плеханов жолдас? Тек қана «жаңылдыратын» революциялық өзін өзі басқару үшін емес қой. Ендеше, Думаға қатысу үшін бе? — Бірақ бұған келгенде Плеханов асқан жүрексіздікке душар болады. Оның жауап бергісі келмейді, ал «шимайлай беретін» жазушының күнделіктерін «оқи беруді» ғана тілемей, жұмысшы бұқарасының арасында белгілі бір іс-әрекет жасауды да тілейтін Россиядағы n+1 жолдастар, n+1 мазасыз тілшілер Плехановтан дәлме-дәл жауап беруді талап еткендіктен, ол ашулана бастайды. Оның сайлаушылардан қайда және неге сайлайтынын білуді талап ету педанттық, схематизм және т. с. болар еді деген ашулы мәлімдемесінен асқан дәрменсіз, одан асқан сөкеттікті ойлап табудың өзі қиын. Мархабат етіңіз, Плеханов жолдас! Егер сіз: сайлауға қатысыңдар, сайлаңдар, бірақ қайда сайлайтындарыңызды, неге сайлайтындарыңызды сұрамаңыздар деген бұл тамаша программаны бұқараның алдында шындап қорғайтын болсаңыз, онда сізді өзіңіздің достарыңыз кадеттер де, біздің жұмысшылар да күлкі етеді ғой. Дума сайлауы

туралы заңның негізінде сайлаңдар, бірақ Думаны сайлап жатырмыз деп ойлаушы болмаңдар (бұл педанттық және схематизм болар еді) десеңіз күлкі етеді ғой.

Бір кезде айқын жазып, дәл жауап бере білген Плеханов жолдастың осыншама көпе-көрінеу шатасуының себебі не? Мұның себебі — ол декабрь көтерілісін дұрыс бағаламай, қазіргі саяси кезеңді түбірінен қате түсінді. Ол өзінің ойын түбегейлеп ойлап шығуға қорқатындай, шындықтың бетіне тура қараудан қорқатындай жағдайға душар болып отыр.

Ал қазір «думалық науқанның» боялмаған шын бейнесі әбден айқын көрініп отыр. Сайлауға қатысушылардың еркі, санасы, сөздері мен уәделері қандай болса да, сайлаудың және оған қатысудың қандай объективті маңызы бар деген сұраққа қазір енді фактілер жауап беріп отыр. Думаға қатысудың сипаты қандай болатыны қазірдің өзінде анықталып қалғандығынан да меньшевиктердің ішіндегі ең батылы Плеханов жолдас Думаға қатысуды ашық жақтап шығуға қорқып отыр. *Сайлауға қатысу — не кадеттерді қолдап, олармен келісімге келу, не сайлауды ойыншық ету деген сөз.* Бұл қағиданың дұрыстығын қазір өмірдің өзі дәлелдеді. Плеханов «Дневниктің» 5-номерінде бұл пікірдің екінші жартысының дұрыстығын мойындауға, «революциялық өзін өзі басқару» деген ұранның мағынасыздығын мойындауға мәжбүр болды. Егер істің байыбына барып талдаудан бұлтармаса, Плеханов «Дневниктің» 6-номерінде оның бірінші жартысын да мойындауға мәжбүр болады.

Саяси жағдай меньшевиктердің тактикасын біржолата түкке асырмай тастады; бұл тактиканы олар өздерінің «платформасында» (Мартов пен Данның есімдері аталатын, С.-Петербургте 1905 жылдың аяғында немесе 1906 жылдың басында гектографта басылып шыққан листок) және өздерінің басып шығарылған мәлімдемелерінде (Біріккен Орталық Комитеттің екі тактиканы да баяндаған листогы, Данның белгілі кітапшадағы мақаласы) қорғаған болатын. Мұның өзі сайлауға Думаны сайламау үшін қатысу тактикасы еді. Қайталап айтамыз, қандай да бір көрнекті меньшевиктердің ішінен бірде-біреуі Думаға қатысу туралы баспасөз бетінде

ләм-мим деген жоқ. Мінеки, нақ осы «таза» меньшевиктік тактиканы өмірдің өзі біржолата түкке асырмай тастады. «Революциялық өзін өзі басқару» үшін, губерниялық сайлау жиналыстарынан кету және т. с. үшін сайлауға қатысу туралы қазір шындап айта қоюға да болмас. Бұлайша сайлау ойынын ойнау, парламентаризм ойынын ойнау социал-демократияның беделін түсіруден басқа, масқара болу мен жанжалдан басқа ол үшін ештеңе бере алмайтынын оқиғалардың өзі барынша айқын көрсетті.

Бұл айтылғанға тағы да дәлел керек болса, партиямыздың Москва округтік комитеті осындай айқын дәлелдердің бірін берді. Бұл — көпшілік пен азшылықтың фракцияларын біріктірген тұтас ұйым. Тактиканың өзі де «тұтас» болып қабылдапды, яғни кем дегенде жартысы меньшевиктік болды: жұмысшы куриясында социал-демократияның ықпалын баянды ету үшін уәкілдердің сайлауына қатысу керек, одан кейін сайламшыларды сайлаудан бас тартып, сайлауды болдырмау керек деп қабылданды. Мұның өзі Шидловский комиссиясы [128] жөнінде қабылданған тактиканы қайталауға жасалған тәжірибе болды. Мұның өзі Плеханов жолдастың ұсынып отырған шараларының рухындағы: қатысатын боламыз, ал кейін кезінде толығырақ байыбына барып қарармыз деген рухтағы «бірінші қадам» болды.

Москва округтік комитетінің меньшевиктік-плехановтық тактикасы, жұрттың күткеніндей-ақ, мүлдем түкке аспай қалды. Уәкілдер сайланып кетті. Ішінара социал-демократтар мен ұйым мүшелері де өтті. Бойкотқа қарсы заң шығып үлгірді [129]. Уәкілдер қыспаққа түсті: не бойкоттың пайдасына үгіт жүргізгені үшін түрмеге түсу керек болды, не сайламшыларды сайлау керек болды. Округтік комитеттің үгіті, оның біздің партиямыздың барлық ұйымдарының үгіті сияқты астыртын үгіті, партия іске қосқан күштерді жеңге салуға дәрменсіз болып шықты. *Уәкілдер берген уәдесін бұзды,* өздерінің императивтік мандаттарын жыртып тастады да... *сайламшыларды сайлады.* Сайламшылардың арасында да ішінара социал-демократтар және тіпті ұйымның мүшелері де бар болып шықты.

Осыны жазып отырған адам Москва округтік комитетінің өте ауыр жағдайда өткен бір мәжілісіне қатысқан болатын, онда басшы социал-демократиялық ұйым: сәтсіздікке ұшыраған бұл (плехановтық) тактика жөнінде не істеу керек және қазір қайтпек керек деген мәселені талқылады. Тактиканың сәтсіздікке ұшырағаны соншалықты айқын болды — тіпті меньшевиктердің, комитет мүшелерінің ішінен сайламшылардың губерниялық сайлау жиналысына қатысуын жақтап, немесе революциялық өзін өзі басқаруды жақтап, немесе осы сияқты бірдеңені жақтап шыққан *бірде-бір* адам болмады. Екінші жағынан, өздерінің императивтік мандаттарын бұзған уәкіл-жұмысшыларға шара қолдануға бел байлаудың өзі де қиын болды. Комитеттің түк білмегенсіп тайқып шығуына, өз қатесін үн-түнсіз мойындауына тура келді.

Плехановтық тактика: неге және не үшін сайлау керек екепін жақсылап ойластырып алмай (тіпті жақсылап ойластырып алғысы келмей, мүлдем ойластырғысы келмей: «Дневниктің» 5-номерін қараңыз) сайлай салу осындай нәтиже берді. Шындық өмірмен бірінші рет кездескенде-ақ меньшевиктік «тактиканың» күлі көкке ұшты,— бұл таңқаларлық та емес, ойткені бұл «тактика» (сайламау үшін сайлауға қатысу) ылғи жақсы сөздер мен жақсы ниеттерден құралған еді. Ниет ниет қалпында қалды, сөз сөз қалпында қалды, ал іс жүзінде объективті саяси жағдайдың бұлжымас логикасының дегені болып шықты: не кадеттерді қолдау үшін сайлау керек болды, не сайлау ойынын ойнау керек болды. Демек, оқиғалар менің «Мемлекеттік дума және социал-демократиялық тактика» деген кішкентай мақаламда жазғанымды мүлтіксіз растады, мен былай деп жазғанмын: «Біз өзіміздің социал-демократиялық кандидатураларымыздың толық және әбден толық дербестігі туралы, сайлауға өзіміздің қатысуымыздың таза және кіршіксіз партиялық қатысу екендігі туралы мәлімдей аламыз, бірақ *саяси жағдай мәлімдемелердің бәрінен де күштірек.* Іс жүзінде мұндай мәлімдемеге ұқсас болып шықпайды және шыға да алмайды. Қазіргі Думаға қазіргі қатысу жағдайында, іс жүзінде, біздің

еркімізге қарамастан, социал-демократиялық емес және партиялық емес жұмысшы саясаты шықпай қоймайды» (5-бет) *.

Меньшевиктер немесе плехановшылдар бұл қорытындыны теріске шығарып көрсін,— сөзбен ғана емес, іспен, фактілермен теріске шығарып көрсін. Бізде қазір партия ішінде әрбір жергілікті ұйым өзінің тактикасында автономиялы ғой. Россияда ешбір жерде жөнді және миға қонарлық меньшевиктік тактиканың шықпағаны неліктен? Бүрсігүні, жексенбіде, 26 мартта Москвада болатын сайлауға РСДРП Москва тобы, большевиктік комитетпен қосылмаған меньшевиктік топ, «плехановтық» немесе өздерінің жеке сайлау науқанын неге дайындамады? Әрине, солай еткілері келмегендіктен емес. Қолдарынан келмегендіктен де емес екеніне мен кәміл сенемін. Бұл мынадан: объективті саяси жағдай не бойкот жасауға, не кадеттерді қолдауға мәжбүр етті. Қазір Москва губерниясы сайламшыларының арасында социал-демократтар бар. Сайлаудың бейнесі әбден айқындалды. Губерниялық сайлау жиналысы жақын арада бола қоймайды. Уақыт бар, Плеханов жолдас. Уақыт бар, меньшевик жолдастар! Не істеу керек екені жөнінде бұл сайламшыларға кеңес берсеңіздерші **. Сіздерде тактика бар екенін тым болмаса бір рет кейіннен айтпай, оларға мезгілімен көрсетсеңіздерші. Бұл сайламшылар губерниялық сайлау жиналысынан жай ғана кетіп қалуға тиіс пе? Немесе кетіп қалып, революциялық өзін өзі басқаруды құруға тиіс пе? Немесе ақ қағаз парақтарын тапсыруға тиіс пе? Немесе, ақырында,

* Осы том, 176—177-беттер. *Ред.*

** Осы жолдар жазылып болған кезде мен «Речьтің» [130] 24 марттағы 30-номерінде Москвадан алынған корреспонденцияда былай делінгенін оқыдым: «Қазіргі анықталғанына қарағанда, губерниялық сайлаулардағы алдағы күресте кадеттер мен оңшыл партиялардың арасындағы мүмкіндіктер біршама бірдей көрінеді: октябристерде (11) сауда-өнеркәсіпшілермен (26) және әсіре оңшыл партиялардың өкілдерімен (13) қосқанда жеткілікті тиянақталған 50 дауыс бар, сол сияқты кадеттерде де (22), егер оларға партияда жоқ прогресшілдер (11) және жұмысшыларды (17) қосқанда, 50 дауыс болып шығады. Сонымен, мұның нәтижесі қай бағытта екені белгісіз болып отырған 9 сайламшының қай партияға қосылатындығына байланысты».

Айталық, бұл 9 — либералдар екен, ал 17 жұмысшы — социал-демократиялық партияның уәкілдері делік (Плеханов пен меньшевиктер осылай болғанын тілейді). Сонда қорытындысы: кадеттер 42, оншылдар 50, социал-демократтар 17 болады. Социал-демократтарға Дума сайлауында орын бөлісу туралы кадеттермен сайлау келісімін жасасудан басқа не қалады?

Думаға сайлауға тиіс пе, егер осылай болса, кімді сайлауы керек? түкке тұрғысыз, үмітсіз, жасырын демонстрация үшін өзінің социал-демократын ба? Ақырында, меньшевик жолдастар және Плеханов жолдас, сіздер жауап беруге тиісті басты сұрақ мынау: егер бұл сайламшылардың дауыстары кадеттердің немесе октябристердің сайлауын шешетін болса, олардың не істеуі керек? егер, мәселен, кадеттер А — 1, октябристер А, ал сайламшы — социал-демократ екеу болса ше? қалыс қалу * октябристердің кадеттерді соққылауына көмектесу деген сөз болар еді! кадеттерді жақтап дауыс беріп, олардан *бұл қызмет үшін Дума ішінен кішкене орын беруді сұрау* ғана қалады ғой?

Бұл әсте біз ойдан шығарған қорытынды емес. Бұл әсте меньшевиктерге қарсы айтысу амалы емес. Бұл қорытынды — өмір шындығының өзі. Жұмысшылардың сайлауға қатысуы, социал-демократияның сайлауға қатысуы *іс жүзінде* осыған, тек қана осыған әкеліп соғады. Кадеттер Петербургтің тәжірибесін дұрыс ескерді, онда партияда жоқ пәтер жалдаушы-жұмысшылар октябристердің жеңуіне жол бермеу үшін сол кадеттерді жақтап дауыс берген болатын. Осы тәжірибені есепке алған кадеттер Москваның жұмысшыларына: бізді қолдаңдар, сонда біз сендердің сайланған адамдарыңның біреуін Думаға өткіземіз деп ашық ұсыныс жасады. Плехановтық тактиканың шын маңызын Плехановтың өзінен гөрі кадеттер дұрысырақ түсінді. Өздерінің ұсынысымен олар сайлаудың болмай қоймайтын саяси нәтижесін күн ілгері болжап қойды. Партияда жоқ жұмысшы-сайламшылардың орнында партияда бар жұмысшы социал-демократтар болса, бұлар да сол екінің

* Мынаны қосып жатудың қажеті бола қоймас: өздерінің социал-демократын сайлай отырып, бұл екеуі *іс жүзінде қаражүздіктерге көмектескен болар еді.* Социал-демократиялық сайлау қалыс қалғанға пара-пар болар еді, яғни қаражүздіктер кадеттерді соққылап жатқан ұрыстан енжарлықпен бойды аулақ салғанға пара-пар болар еді.

P. S. Губерниялық сайлау жиналысы жуық арада бола қоймайды деп тексте жаңсақ айтылған. Ол жиналыс болып өтті. Қаражүздіктер жеңіп шықты, өйткені шаруалар кадеттермен түсініссе алмады. Айтпақшы, біз осы хабарды алып отырған «Наша Жизньнің» сол номерінде (28 марттағы 405-номері) былай делінген: ««Путь» газеті анық мәліметтерге сүйене отырып, кеше (Москвада) көптеген социал-демократ меньшевиктер сайлауға белсене қатысып, өздерінің дауыстарын «халық бостандығы» тізіміне берді». Осы рас па?

бірін қалауға мәжбүр болар еді: не бойды аулақ салар еді, сөйтіп қаражүздіктерге көмектесер еді, не кадеттермен тікелей немесе жапама, үн-түнсіз немесе шарт жасасқан келісімге келер еді.

Иә, иә, қазір кадеттердің Плехановты аймалап жүргені тегін емес, тіптен *тегін емес!* Бұл аймалаудың бағасы белгілі. Do ut des, дейді латын мақалы, яғни берераген қолым — алаған. Сен өзіңнің ақыл-кеңесіңмен *маған* артық дауыс алып бергенің үшін мен сені аймалаймын. Рас, сен, бәлкім, мұны мүлдем тілемейтін шығарсың; сен тіпті біздің аймалағанымызды жұрт алдында мойындаудан да ұялдың. Біздің сүйіспеншілік келісіміміздің мазмұнына тым тіке, тым жақын келетін сұрақтарға жауап беруден сен барлық өтірік, шынды (әсіресе өтірікті!) айтып бұлтарып бақтың. Бірақ әңгіме тіпті де сенің тілектеріңде, ойларыңда, ізгі (социал-демократиялық көзқарас тұрғысынан ізгі) ниеттеріңде емес қой. Әңгіме *нәтижесінде,* ал нәтижесі бізге тиімді болып отыр.

Плехановтық тактиканың кадеттік ұғымы өмір шындығына сай келеді. Сондықтан олар үшін олардың өздері көздеген нәтиже шығады: жұмысшылардың дауыстарын өздеріне алу, жұмысшылармен мәмлеге келу, *жұмысшыларды кадеттік Дума үшін,* кадеттік саясат үшін *жаппай* (кадеттермен бірге) *жауаптылыққа тарту* келіп шығады.

Плеханов ұсынып отырған тактиканың плехановтық ұғымы өмір шындығына сай келмейді. Сондықтан Плехановтың ізгі ниеттері тек тамұққа жол салуға ғана қызмет етеді. Сайлау жөнінде *бұқара* алдында социал-демократиялық үгіт жүргізу, *бұқараны* ұйымдастыру, *бұқараны* социал-демократияның төңірегіне жұмылдыру және т. б., т. т. (Плехановтың пікірлесі Данның өз кітапшасындағы тақпағын қараңыз) дегеннің бәрі қағаз жүзінде қалып отыр. Әлгінің бәрін қайсымыз қанша тілесек те, тілектің орындалуына объективті жағдайлар бөгет болып отыр. Социал-демократиялық туды бұқара алдында желбірете жаюдың реті келмей жүр (Москва округтік комитетінің мысалын еске түсіріңіз), құпия ұйымның жария ұйымға айналуына

мүмкіндік жоқ, кеменің желкені ешқандай елеулі жабдықсыз quasi-парламенттік * тасқынға қойып кеткен кемешінің ырқына көнбеуге айналды. *Іс жүзінде социал-демократиялық саясат емес және партиялық жұмысшы саясаты емес,* кадеттік жұмысшы саясаты *болып шығып отыр.*

Бірақ сіздердің бойкотыңыз мүлдем пайдасыз және дәрменсіз болып шықты ғой! деп шулайды тұс-тұстан бізге кадеттер. Өздерінің бойкот жасау үлгісімен Думаны және бізді, кадеттерді, масқаралағысы келген жұмысшылар,— Думаға қуыршақ қарақшыны сайлаған жұмысшылар, көпе-көрінеу қателесті ғой! Дума қуыршақ қарақшылардікі емес, кадеттердікі болады!—дейді олар.

Жетер енді, мырзалар! Сіздер аңқаусыздар немесе аңқау болғансисыздар. Егер Дума кадеттік Дума болса, жағдай басқаша болады, дегенмен Дума қуыршақ қарақшы болмақ. Қуыршақ қарақшының сайлауын бұрын-соңды болып көрмегендей етіп көрсетіп, болашақ Думаның бейнесін білдіргенінде, сенгіш халықты сақтандырғанында, қуыршақ қарақшыны ойыншық еткендік үшін жауапкершілікті өзінен алып тастағанында жұмысшылардың бойын тамаша сезімтал таптық түйсік биледі.

Сіздер мұны түсінбейсіздер ме? Рұқсат етіңіздер, біз сіздерге түсіндірейік.

II

БІРІНШІ САЙЛАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МАҢЫЗЫ

Россиядағы бірінші саяси сайлаудың өте үлкен саяси және әлеуметтік маңызы бар. Бірақ өздерінің жеңісіне мастанған және конституциялық жалған үміттерге белшесінен батқан кадеттер бұл сайлаудың шын маңызын түсінуге мүлдем қабілетсіз.

Ең алдымен, кадеттердің төңірегіне қандай таптық элементтердің топталып жатқанын қарап көрейік. Сай-

* — жалған парламенттік. *Ред.*

лау бұл мәселе жөнінде өте ғибратты және бағалы материал береді, бұл материалдың өзі әлі де айтарлықтай толық емес. Алайда, кейбір нәрселер белгі бере бастады және олар айрықша назар аударуға тұрады. Сайламшылар туралы 18 мартқа дейінгі (яғни Петербург сайлауына дейінгі) біз «Русские Ведомостиден» алып отырған мәліметтердің қорытындылары мынадай:

Саяси бағыттар *	Съездер сайлаған сайламшылардың саны		
	қалалық сайлаушылар съезінен	жер иеленушілер съезінен	*Барлығы*
Солшылдар . . .	268	128	396
Оңшылдар	118	172	290
Партияда жоқтар . .	101	178	279
Жиыны	487	478	965

Бұл мәліметтер соншама жартымсыз болғанымен, олардан (Петербург сайлауы мұндай қорытындыны тек қана күшейтеді) жалпы алғанда орыстың азаттық қозғалысында, соның ішінде кадеттер партиясында біраз әлеуметтік ілгері басқандық бар екені көрінеді. Бұл қозғалыстың өзекті салмағы барған сайын қалаларға қарай ауысып келе жатыр. Қозғалыс демократиялануда. «Ұсақтардан» шыққан қалалық тоғышарлар көтеріліп келе жатыр.

Жер иеленушілердің арасында оңшылдар басым (партияда жоқтар солшылдар мен оңшылдардың арасына тең бөлінеді деп болжаған күнде,— бұл, сірә, үмітсіздігінен горі үмітшілдігі басым болжау). Қалалық сайлаушылардың арасында солшылдардың басымдығы өлшеусіз күшті.

Помещик кадеттерден кетіп, 17 октябрь одағына, т. с. партияларға барды. Мұның есесіне ұсақ буржуазия, ең болмағанда қала буржуазиясы (село буржуазиясы тура-

* Солшылдарға біз социал-демократтарды (2), кадеттерді (304), демократиялық реформалар партиясын (4), прогресшіл бағыттағы партияны (59), баяу либералдарды (17), еврей (3) және поляк (7) ұлттарының тең праволылығы одағын қосамыз. Оңшылдарға — октябристерді (124), сауда-өнеркәсіп партиясын (51), конституцияшыл-монархистерді (7), праволық тәртіп партиясын (5), оңшылдарды (49), монархистерді (54) қосамыз.

лы әлі мәлімет жоқ, Думаға дейін ондай мәліметтер табу қиын да) көпе-көрінеу саяси майданға шығып келе жатыр, көпе-көрінеу демократизмге қарай бет бұруда. Егер земстволық съездердің буржуазиялық-азаттық (және «освобождениелік») қозғалысында помещиктер басым болса, енді шаруалар көтерілістері мен октябрь революциясы помещиктердің көпшілік бөлегін контрреволюцияның жағына батыл шығарып тастады. Кадеттер партиясы екіжақты қалпында қалып отыр — оның ішінде қалалық ұсақ буржуазия да, либерал помещиктер де бар екенін көріп отырмыз,— бірақ либерал помещиктер партияның ішінде қазірдің өзінде-ақ, сірә, азшылық болса керек. Ұсақ буржуазиялық демократия басым болып отыр.

Демек, біз асқан кәмілдікпен, сенімділікпен дерлік мынадай екі қорытынды жасай аламыз: 1-ден, ұсақ буржуазия саяси жағынан қалыптасып жатыр және үкіметке анық қарсы шығып отыр; 2-ден, кадеттер партиясы ұсақ буржуазиялық демократияның «парламенттік» партиясына айналып келе жатыр.

Бұл қорытындылар ә дегенде біріне-бірі ұқсас сияқты болғанымен, біріне-бірі ұқсас емес. Екінші қорытындының шеңбері біріншіден анағұрлым тар, өйткені кадеттер тек қана «парламенттік» (яғни, *жалған парламенттік, ойыншық-парламенттік)* партия бола отырып, ұсақ буржуазиялық демократиялық элементтердің бәрін бірдей қамтып отырған жоқ. Мәселен, Петербург сайлауының маңызы жөнінде барлық айғақтар айта қалғандай бір жерден шығады,— пысық және радикалданып келе жатқан «Русьтен» бастап, кадеттердің Орталық Комитетінің мүшесі және Думаның кандидаты Набоков мырзаға ұласатын, ақырында «Новое Времяға» дейін,— мұның өзі, тегінде, кадеттерді *жақтап* дауыс бергендіктен гөрі *үкіметке қарсы* дауыс бергендік болды. Кадеттердің жеңіске жетуіне едәуір дәрежеде *себеп болған олардың* (Дурново мен $К^0$ арқасында) *ең солшыл партия болғандығы еді.* Шын солшыл партиялар зорлық-зомбылықпен, қамауға алумен, қырғынға ұшыратылумен, сайлау заңымен және, т. б. аласталды. Барлық наразы, ашулы, ызалы, тұрлаусыз-революцияшыл

элементтердің бәрі өмір өктемдігі бойынша, сайлау күресінің логикасы бойынша кадеттердің төңірегіне топтасуға мәжбүр болды *. Жоғарыда келтірілген кестеде біз барлық прогресшіл сайламшыларды кадеттермен бірге қосып жібердік, мұның өзі іс жүзінде де осылай болған-ды. Шын мәнінде, екі ірі күш күресті: біреуі үкіметті жақтады (контрреволюцияшыл помещик, капиталист және қанышезер чиновник) және біреуі үкіметке қарсы болды (либерал помещик, ұсақ буржуазия және революциялық демократияның әр түрлі тұрлаусыз элементтері). Кадеттерден гөрі солшыл элементтердің оларға дауыс бергеніне келетін болсақ, мұның өзі Петербург сайлауының ** жалпы бейнесінен сөзсіз айқын көрінеді, мұны көптеген куәлардың ашық айтқандары да растап отыр («қара бұқараның» дауысты «бостандық», т. т. үшін беруі, т. с.), мұны кадеттердің баспасөзіне қарағанда сәл ғана солшыл демократиялық баспасөздің кадеттер лагеріне жаппай өтіп жатқандығы да жанамалап көрсетеді. Демек, егер қазіргі кадеттік партияның ұйытқысы, сөз жоқ, ойыншық-парламенттік заржақтықтан басқа ешқандай жөнді іске анық жарамсыз адамдар болса, кадеттерді жақтап дауыс берген ұсақ буржуазиялық сайлаушылардың бүкіл бұқарасы туралы мұны айтуға ешбір болмайды. «Асылында, Германиядағы сайлауда социал-демократтардың жайы қандай болса, біздің жайымыз да сондай болып отыр,— деді бір кадет кадеттік (немесе жартылай кадеттік) «Наша Жизньнің» (№ 401, 23 март) репортеріне,— оларды жақтап дауыс бергенде, көп адамдар олардың үкіметке қатынасы жағынан ең оппозициялық партия екендігі үшін дауыс береді».

Бұл өте дұрыс айтылған. Сәл-пәл ғана қосымша керек: неміс социал-демократтары, жауынгер және сөздің

---

* «Молва», 22 март· «Бұл Думадан ешкімнің творчестволық жұмыс күтпейтіні жұрттың бәріне мәлім, ал кадеттерді Думаға жіберіп отырған адамдар — көбіне олардың программасымен келіспейтін адамдар, бұл адамдар, кадеттерге біздегі Авгий ат қораларындағы, яғни үкіметтегі көп жылдық қоқысты тазалау жөніндегі қасиетті іспен зор еңбекті жүктеп қана отыр

** Кадеттерге 160 орынның бәрін берген Петербург сайлауы басқа да бірқатар жерлердегі сайлауларда белгіленген және белгілене бастаған мақсатты айқын ашып көрсетті. Питер сайлауының барлық маңызы осында.

толық мағынасында алдыңғы қатарлы социалистік партия болғандықтан, өзінің төңірегіне көптеген біршама артта қалған элементтерді топтап отыр. Орыс кадеттері, сөздің толық мағынасында алғанда, артта қалған және жауынгер емес демократиялық партия, нағыз демократиялық партиялардың ұрыс майданынан күш көрсету арқылы аулақтатылуы салдарынан көптеген алдыңғы қатарлы және күресу қолынан келетін демократиялық элементтерді соңынан ерте алып отыр. Басқаша айтқанда: неміс социал-демократтары өздерінен кейінде келе жатқандарды соңынан ертіп отыр; орыс кадеттерінің өздері демократиялық революцияның соңында келе жатыр және өздерінен озық көптеген адамдар көбінесе түрмеге түсіп, мәңгіге тыныштық тапқанда ғана оларды өздеріне ілестіре алады... * Бұл — біздің кадеттеріміз өздерін неміс социал-демократтарымен салыстырғанымызға дандайсып кетпеуі үшін жол-жөнекей айтылған сөз.

Алдыңғы қатарлы демократиялық элементтердің ойыншық-парламенттік күрес майданынан аулақтатылуы арқасында және солардың аулақтатылған уақытында Россияның Мемлекеттік думасы деп аталатын ойыншық парламентті қолдарына алуға кадеттердің мүмкіндіктері бар екені түсінікті. Егер жоғарыда келтірілген цифрларды алатын болсақ, кадеттердің Петербургтегі және басқа да кейінгі жеңістерін еске алатын болсақ, деревня сайламшыларының қала сайламшыларынан орасан басым екенін шамамен болжап көрсек, жер иеленушілердің сайланғандарына шаруалардың сайланғандарын қоссақ, жалпы және тұтас алғанда Думаның кадеттік Дума болуы жөніндегі жорамал әбден мүмкін және тіпті анық екенін мойындау керек.

* Кадеттердің табысқа жеткен себептерінің бірі — олардың өз жиналыстарына «солшылдарды» жібергендігі болды деген «Русьтің» мойындауын атап көрсеткен жөн. С. А — ч мырза «Молваның» 18-номерінде (22 мартта) былай деп жазады: «Бұл партия (кадеттер) өздерінің митингілеріне нағыз солшыл партиялардың өкілдерін жіберіп, олармен жеңімпаздық айтысқа түсуінен де сайлаушылар алдында аз ұтқан жоқ». Кадеттердің бізбен айтыстағы жеңімпаздығы А — ч мырзаның пікірінде-ақ қала қойсын. Біз социал-демократтар мен кадеттердің 1906 ж. мартта Петербургте болған жиналыстарындағы тартыс нәтижелеріне дән ризамыз. Бұл жиналыстарға қатысқан адал адамдар кімнің жеңіп шыққандығын әйтеуір бір кезде айтар.

III

ХАЛЫҚ БОСТАНДЫҒЫ ПАРТИЯСЫ ДЕГЕН НЕ?

Кадеттік Дума қандай роль атқара алады және атқаруға тиіс? Бұл сұраққа жауап беру үшін әуелі кадеттік партияның озіне неғұрлым толығырақ сипаттама беруге тоқталу керек.

Біз бұл партияның таптық құрылымының негізгі белгісін көрсетіп өттік. Буржуазиялық қоғамның қандай да болса белгілі бір табымен байланысы жоқ, бірақ өзінің құрамы жағынан, өзінің сипаты жағынан, өзінің мұраты жағынан толық буржуазиялық бұл партия демократиялық ұсақ буржуазия мен ірі буржуазияның контрреволюцияшыл элементтерінің арасында ауытқып жүр. Бұл партияның әлеуметтік тірегі — бір жағынан, жалпы қалалық тоғышар,— Москвада атақты декабрь күндерінде жан сала баррикадалар құрған қалалық тоғышардың өзі,— ал, екінші жағынан — либералдық етуші чиновник арқылы самодержавиемен келісім жасасуға, халық пен халықты езушілердің қандайының болсын арасында құдайдың қайырымы бойынша өкіметті «қиянатсыз» бөлуге бейім либерал помещик. Партияның бұл өте-мөте кең, тұрлаусыз және ішкі қайшылығы бар таптық тірегі (жоғарыда айтылғанындай, кадет сайлаушылардың статистикасында өзін едәуір көрсетіп отырған тірегі) кадеттердің программасы мен тактикасынан өте айқын көрініп отыр. Олардың программасы — бүтіндей буржуазиялық программа, кадеттер тіпті капиталистік құрылыстан басқа қоғамдық құрылысты білмейді, олардың ең батыл деген тілектері капиталистік құрылыстың шеңберінен әрі аспайды. Саясат саласында олардың программасы демократизмді, «халық бостандығын» контрреволюциямен, халықты самодержавиенің езіп-жаншу бостандығымен біріктіреді, таза ұсақ буржуазиялық және профессорлық-педанттық дәлме-дәлдікпен біріктіреді. Мемлекет ішінде өкімет билігі шамамен алғанда үшке бөлінеді,— кадеттің мұраты осындай. Бір бөлегі самодержавиеге беріледі. Монархия қала береді. Монарх халық өкілдігімен тең правосын сақтайды, халық өкілдігі шығарылатын заңдар жөнінде

онымен «келісіп» отырады, оның *бекітуіне* өзінің *заң жобаларын* ұсынып отырады. Өкімет билігінің екінші бөлегі помещик пен ірі капиталиске беріледі. Бұлар жоғарғы палатаны алады; екі сатылы сайлау және отырықшылық цензі «қара халық» элементтерін жоғарғы палатаға жолатпауға тиіс. Ақырында, өкімет билігінің үшінші бөлегі жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде төменгі палатаны алатын халыққа беріледі. Күрес неге керек, өзара тартыстың не қажеті бар? дейді Иудушка-кадет мүңая мүләйімсіп және революцияшыл халыққа да, контрреволюциялық үкіметке де жаратпаған пішінмен қарап. Бауырлар! Біріміздi біріміз сүйетін болайық! Қасқыр да тоқ, қой да аман болсын, жоғары палатасы бар монархияға да ешкім қол сұқпайтын болсын, «халық бостандығы» да қамтамасыз етілетін болсын.

Бұл кадеттің принциптік позициясының екіжүзділігі көзге ұрып тұр, оның қорғанатын «ғылыми» (профессорлық-ғылыми) дәлелдерінің жалғандығына адам таң қалады. Бірақ, әрине, бұл екіжүзділік пен бұл жалғандықты кадет көсемдерінің немесе жекелеген кадеттердің жеке бастарының қасиеттерімен түсіндіру түбірінен қате болар еді. Дұшпандарымыз бізге жиі таңып жүрген мұндай тұрпайы түсінік марксизмге мүлдем жат. Жоқ, өздерінің партиясын «халық бостандығының» партиясы деп сенетін шын жүректен берілген адамдар кадеттердің арасында сөзсіз бар. Бірақ өз партиясының екі жақты және ауытқушы таптық негізі олардың екіжүзді саясатын, олардың жалғандығы мен олардың жасанды монтанылығын тудырмай қоймайды.

Оның бұл сүйкімді қасиеттері кадеттік программадан гөрі кадеттік тактикадан айқынырақ көрінетін тәрізді. Струве мырза «Полярная Звездада» кадеттікті нововремялыққа сонша құлшынып, соншама нәтижелі түрде жақындатқан-ды, ал «Полярная Звезда» [131] кадеттік тактиканы тамаша, ғажайып, аса жақсы суреттейді. Москвада атыс тоқтаған кездің өзінде, әскери-полициялық диктатура өзінің елірген бассыздықтарын тойлап жатқан кезде, бүкіл Россияны жазалау мен жаппай ұрып-соғу жайлаған кезде, «Полярная Звездада» сол

қанаттан болатын зорлық-зомбылыққа қарсы, революциялық партиялардың ереуіл комитеттеріне қарсы сөздер естіліп жатты. Дубасовтардың есебінен ғылымды саудаға салып жүрген кадеттік профессорлар (кадеттердің Орталық Комитетінің мүшесі және Думаға кандидат Кизеветтер мырза) диктатура деген сөзді күшейтілген күзет деген сөзбен аударуға дейін барды! «Ғылым адамдары» революциялық күресті қорлау үшін тіпті өздерінің гимназиялық латын тілінің де өңін айналдырды. Диктатура дегеніміз — заңға емес, күшке сүйенетін, шектеусіз өкімет деген сөз; бұл әрқашан естеріңізде болсын, Кизеветтер, Струве, Изгоев және К° мырзалар. Азамат соғысы кезінде жеңген өкіметтің қандайы болса да тек диктатура ғана бола алады. Бірақ әңгіме мынада: азшылықтың көпшілікке, полицейлер тобының халыққа жүргізетін диктатурасы болады да, халықтың орасан көпшілігінің зорлықшылар, тонаушылар, халық өкіметін тартып алушылар тобына жүргізетін диктатурасы болады. Диктатура деген ғылыми ұғымды өздерінің тұрпайы түрде бұрмалауымен оң қанаттан ең заңсыз, ең жауыз зорлық-зомбылық етек алып отырған заманда, сол қанаттан болатын зорлық-зомбылыққа қарсы өздерінің байбаламдарымен кадет мырзалар шиеленіскен революциялық күресте «келісімпаздардың» позициясы қандай екенін айқын көрсетіп берді. Күрес қызған кезде «келісімпаз» қорқақтықпен жасырына қалады. Революцияшыл халық жеңген кезде (17 октябрьде) «келісімпаз» іннен шығады да мақтана сәнденеді, барлық жерде тілімен орақ орады және: оның өзі «даңқты» саяси ереуіл болды деп, даусы қарлыққанша айқай салады. Контрреволюция жеңген кезде келісімпаз жеңілгендерге екіжүзді ақыл, уағыздарды үйіп-төге бастайды. Жеңген ереуіл «даңқты» болып еді. Жеңілген ереуілдер қылмысты, тағылық, мағынасыз, анархиялық болды. Жеңілген көтеріліс ақылсыздық, стихияның етек алуы, варварлық, ақымақтық болды. Қысқасы, «келісімпаздың» саяси ожданы, саяси зердесі мынадай: ол қазір кім күшті болса, соның алдында құрдай жорғалайды, күресіп жатқандардың аяғына оралады, біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа бөгет

жасайды, бостандық жолында кескілескен күрес жүргізіп жатқан халықтың күресін бәсеңсітеді және революциялық сана-сезімін топастандырады.

Шаруалар помещиктік жер иеленушілікке қарсы күрес жүргізіп жатыр. Күрес қазір өзінің шырқау шегіне таяп келеді. Күрестің шиеленіскені соншалық — мәселе енді турасынан қойылып отыр: дворяндардың ғасырлар бойы тонап алған жерлерін шаруалардың басып алуға тырысқан титтей де болса әрекеттеріне помещиктер пулеметпен жауап бергісі келеді. Шаруалар барлық жерді алғысы келеді. Сонда «Полярная Звезда» жылымшы татыған ескертулер айтып, Кауфман мырзаларды ұрысқа аттандырады, олар помещиктердің жері көп емес және әңгіме асылында жерде емес, бұл істің бәрін өзара жарастықпен тындыруға болады деп дәлелдей бастайды.

Кадеттердің соңғы съезінің [132] тактикалық қарары кадеттердің саяси аярлығын жақсы қорытады. Декабрь көтерілісінен кейін, бейбіт стачканың заманы өткендігі жұрттың бәріне мейлінше айқын болған кезде, ол өзінің барлық күшін сарқып, күрестің дербес құралы ретінде жарамсыз болып қалған кезде,— кадеттер съезінің *бейбіт* саяси ереуілді күрес құралы деп танитын қарары (сірә, Винавер мырза ұсынған болуы керек) жарыққа шықты!

Теңдесі жоқ, тіпті тамаша, кадет мырзалар! Сіздер буржуазиялық саяси аярлықтың рухы мен мағынасын асқан зор ептілікпен ұғынып алғансыздар. Халыққа сүйенуге тырысу керек. Мүнсыз буржуазияның өкіметке қолы жетпейді және еш уақытта өкіметке қолы жеткен де емес. Бірақ сонымен қатар жұмысшылар мен шаруалар толық және үзілді-кесілді демократияны, монархиялық емес, «екі палаталы» емес, нағыз шын халық бостандығын, құдай сақтасын, жеңіп ала алмайтын болуы үшін халықтың революциялық тегеурінін тежеп отыру керек. Бұл үшін революция жеңген сайын оған кедергі жасап отыру керек,— және мұны халықтың үзілді-кесілді жеңуі идеясының өзін масқаралау үшін «профессорлардың» латын тілін «ғылыми» түрде бұрмалауынан бастап, тым болмаса, сіздер қабылдаған

кезде заманы *өтіп кеткен* революциялық күрес құралдарын ғана тануға дейін барып, барлық құралдарды, барлық шараларды қолдану жолымен істеу керек! Бұл әрі зиянсыз, әрі тиімді. Зиянсыз болатын себебі — мұқалған қару халықтың жеңуіне көрінеу мүмкіндік бермейді, пролетариат пен шаруаларды өкімет басына қоймайды, ең жақсы дегенде, самодержавиені біраз ғана шайқалтады да, кадеттердің буржуазия үшін болмашы «праволарды» сауғаға сұрап алуына көмектеседі. Мұның тиімді болатын себебі — «революцияшылдықтың» сыртқы түрін, халық күресіне тілеулестік түр береді, революцияның жеңуін шын жүректен және шындап тілейтін элементтер бұқарасының тілеулестігін кадеттердің жағына аударады.

Капитал мен еңбектің арасында ауытқып отыратын ұсақ буржуазияның экономикалық жағдайы мәнінің өзі кадеттер партиясының саяси тұрлаусыздығын және екіжүзділігін тудырмай қоймайды, оларды атышулы келісу теориясына апарып соқтырады («халықтың правосы бар, бірақ праволарды бекіту монархтың правосы болып табылады»), олардың партиясын конституциялық жалған үміттер партиясына айналдырады. Ұсақ буржуазияның идеологы «конституцияның мәнін» ұға алмайды. Ұсақ буржуа қашан да болсын бір жапырақ қағазды істің мәні деп қабылдауға бейім. Қоян-қолтық революциялық күрес жүргізу үшін жауынгер тапқа қосылмайтын, дербес ұйым құруға оның қабілеті аз. Біздің заманымыздың ең батыл экономикалық күресінен неғұрлым аулақ тұрған ұсақ буржуа конституцияны нағыз күресте жеңіп алу туралы, нағыз конституцияны іс жүзінде қамтамасыз ету туралы сөз болғанда саясатта да бірінші орынды басқа таптарға бергенді жөн көреді. Конституциялық негіз үшін пролетариат күрессін, ал конституциялық негізде, ол тіпті көтерілісте өлтірілген жұмысшылардың өлігі арқылы жасалса да, ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтар парламентаризм ойынын ойнай берсін,— буржуазияның иманенттік тенденциясы осындай, сондықтан жалпы буржуазиялық талаптардың тазартылған, қастерленген, біте қайнастырылған, опа-далап жағылған, дәріптелген, тәттіленген адам

жүзіндегі бейнесі болып табылатын кадеттер партиясы жоғарыда аталған бағытта тамаша табандылықпен әрекет етіп келеді.

Сіздер өздеріңізді халық бостандығы партиясы деп атайсыздар ма? Атамай кетіңдер! Сіздер — халық бостандығын мещандықпен алдаудың партиясысыздар, халық бостандығы жөніндегі мещандық жалған үміттердің партиясысыздар. Сіздер — бостандық партиясысыздар, өйткені сіздер бостандықты монархқа және жоғарғы помещиктік палатаға бағындырмақшы боласыздар. Сіздер—халықтың партиясысыздар, өйткені сіздер халықтың жеңуінен, яғни шаруалар көтерілісінің толық жеңуінен, жұмысшы ісі жолындағы жұмысшылар күресінің толық бостандық алуынан қорқасыздар. Сіздер — күрестің партиясысыздар, өйткені самодержавиеге қарсы нағыз, ашық, қоян-қолтық революциялық күрес жалын атқан кезде сіздер әрқашан жылымшы татыған профессорлық сылтаулардың көлеңкесінде қаласыздар. Сіздер істің емес, сөздің, іс атқарудың емес, уәде берудің, нағыз (тек қағаз жүзіндегі емес) конституция үшін шындап күресудің емес, конституциялық жалған үміттердің партиясысыздар.

Кескілескен күрестен кейін тыныштық орнаған кезде, жоғарыда «жеңістен шаршаған», күпті болған аң * «тынығып жатқан» кезде, ал төменде жаңа күш жинап, «қылыштарын қайрап жатқан кезде», халықтың қалың ортасында қайтадан ыза кернеп, қазандай қайнай бастаған кезде, жаңа саяси дағдарыс пен жаңа ұлы шайқас енді ғана әзірленіп жатқан кезде,— міне осындай кезде халық бостандығы туралы мещандық жалған үміттердің партиясы өз дамуының шарықтаған шыңына шығып, өзінің жеңістеріне мәз-мейрам болады. Күпті болған аң либерал мылжыңдарға таяудан тап беру

* *Скиталец* — «Тына қалды айнала»: «Аспаптың ішегі үзілді! өлең-жыр, тоқтат енді үніңді! Айтарымыздың бәрін біз шайқасқа дейін айтқанбыз. Тұншығып өліп бара жатқан аң — аждаһа қайтадан басын көтерді, сөйтіп аспаптың ішегі орнына қылыштардың соқтығысқан дыбысы шықты... Төңірек тып-тыныш; бұл қорқынышты түнде бұрынғы өмірден бірде-бір дыбыс жоқ. Анау жақта — төменде — жеңілгендер қылышын қайрап жатыр, жоғарыда — шаршаған жеңімпаз тұр. Күпті болған аң қартайып қаудыраған. Анау жақта, төменде ол қайтадан бірдемені көрді, онда ескі есік қисаңдап, сықырлайды, батыр бұғауды бұзады» [133]

үшін қайтадан бас көтеруге ерінеді (әлі уақыт бар ғой! үстімізге тамшы тамып тұрған жоқ қой! дейді). Ал жұмысшы табы мен шаруалар күрескерлері үшін жаңа өрлеудің уақыты әлі жеткен жоқ. Біздің кадеттер нақ осы кезеңді аңдиды, барлық наразылардың (ал осы күнде кім разы?) дауыстарын осы арада жинайды, осы арада бұлбұлдай сайрайды.

Кадеттер — революция көрін кеулеген құрттар. Революцияны жерледі. Оны құрт жеп жатыр. Бірақ революцияның тез қайта тіріліп, жақсы әзірленген жерде қаулап өсетін қасиеті бар. Ал октябрьдегі бостандық күндері мен декабрь көтерілісі бұл жерді айта қалғандай тамаша әзірледі. Сондықтан біз революцияны жерлеу заманында құрттардың пайдалы жұмысын бекерге шығару пікірінен аулақпыз. Бұл семіз құрттар жер қыртысын жақсылап тыңайтады ғой...

Думадағы шаруа кадет болады! дегенді айтты бірде Струве мырза «Полярная Звездада». Бұл өте-мөте шындыққа жуық. Шаруалардың көпшілігі, әрине, халық бостандығын жақтайды. Ол осы өте жақсы, ұлы сөздерді еситеді, ол өзінің көз алдынан «октябристің» әр түрлі костюмдерін киінген урядниктерді, ұр да жық становойларды, крепостник-помещиктерді көреді. Ол, сірә, халық бостандығының жағына шығады, ол әсемдеп бояған маңдайшадағы жазуға қарай ұмтылады, ол мещандық алдаудың сырын бірден аша алмайды, ол кадетке айналады... халық бостандығы *әлі* күресте жеңіп алынуы керек екендігін, халық бостандығы жолындағы шын күресті Думадан *тыс* жерде жүргізуге тура келетіндігін оқиғалардың барысы көрсеткенше ол кадет бола береді. Ал сонан соң... сонан соң шаруа да, қалалық ұсақ буржуазия бұқарасы да жіктеледі: саны аз, бірақ экономикалық жағынан күшті кулактар азшылығының контрреволюция жағына үзілді-кесілді шығып кетуі де әбден мүмкін, бір бөлегі монархиямен және помещиктермен «келісу», «бітісу», өзара ұнасымды мәмлеге келу жағына шығады, бір бөлегі революция жағына шығып алады.

Декабрьде, ұлы күрес кезінде тоғышар баррикадалар жасады. Мартта көтеріліс жаныштағаннан кейін, ка-

детті жақтап, тоғышар үкіметке қарсы шықты. Қазіргі конституциялық жалған үміттер күйреген кезде тоғышар әлі-ақ кадеттен кетіп, революция жағына шығады. Тоғышарлардың қандай бөлегі кадеттік мылжың сөзден қол үзіп, революциялық күрес жағына шығады, шаруалардың қандай бөлегі оларға барып қосылады, жаңа шабуылдарда пролетариат қаншалықты қажыр-қайрат, ұйымшылдық көрсетеді, ол тегеуріні қаншалықты нәтижелі болады,— революцияның немен тынатынын шешетін, міне, осылар.

Кадеттер партиясы — өткінші, өлі партия. Кадеттер сайлауда тамаша жеңістерге жетіп отырған кезде, олар Думада бұдан да тамаша «парламенттік» жеңістерге жетуі ғажап емес болып отырған кезде бұл пікір қисынсыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ марксизм бізді әрбір құбылысты оның дамуы үстінде қарауға, бір ғана сыртқы көрініспен тынбауға, маңдайшалардағы әдемі жазуларға сенбеуге үйретеді, партиялардың экономикалық, таптық негіздерін зерттеуге, олардың саяси қызметінің мәніп және немен тынатынын күн ілгері шешетін объективті саяси жағдайды зерттеуге үйретеді. Осылай алып қарау әдісін кадеттерге қолданып көріңіздерші,— сонда сіздер біздің пайымдауымыздың дұрыстығын көресіздер. Кадеттер партия емес, партияның сыртқы көрінісі ғана. Ол саяси күш емес, бірімен-бірі азды-көпті тең түсетін күресуші саяси күштердің соқтығысуынан пайда болатын көбік. Олар, шынында, аққу, шаян, шортанды біріктіріп отыр—мылжың, менменшіл, паң, өресіз, қорқақ буржуазиялық интеллигенцияны, тиісінше ақы төлеп революциядан құтылғысы келетін контрреволюцияшыл помещикті, ақырында, тиянақты, әлді, үнемшіл және сараң ұсақ буржуаны біріктіріп отыр. Бұл партия жалпы буржуазиялық қоғамда белгілі бір дәрежеде тұрақты билік жүргізгісі келмейді және жүргізе алмайды да, буржуазиялық-демократиялық революцияны қандай да болса бір белгілі жолмен жүргізгісі келмейді және жүргізе алмайды да. Кадеттер монархияның жанында және жоғарғы палатада «қызмет атқарғанды» артық көріп, билік жүргізгісі келмейді. Олар билік жүргізе алмайды, өйткені буржуазиялық қо-

ғамның шын қожалары, әр түрлі Шиповтар мен Гучковтар, ірі капитал мен ірі меншік иелерінің өкілдері бұл партиядан тыс тұр. Кадеттер — аппақ, тап-таза, тәртіпке келтірілген, «мінсіз» буржуазиялық қоғамды армандайтын партия. Гучковтар мен Шиповтар — қазіргі буржуазиялық қоғамдағы қап-қара, нағыз, нақты капитал партиясы. Кадеттер революцияны алға бастай алмайды, өйткені олардың соңына ерген топтасқан және нағыз революциялық тап жоқ. Олар революциядан қорқады. Олар өздерінің төңірегіне жұрттың бәрін, барлық «халықты» конституциялық жалған үміттер негізінде ғана топтастырады, теріс байланыс негізінде біріктіреді: күпті болған ақ,— самодержавиелік үкіметке өшпенділікпен біріктіреді, ал бұл үкімет жөнінде қазір осы «жария» негізде *бәрінен де гөрі* кадеттер *солшыл* болып отыр.

Кадеттердің тарихи ролі — өткінші, минуттік роль. Біздің кадеттерге өте ұқсас және солар сияқты ұсақ буржуазияшыл болған 40-жылдардың аяқ шеніндегі француз социал-демократтары қалай сәтсіздікке ұшыраған болса, кадеттер де солай сәтсіздікке ұшырайды, сөзсіз және тез сәтсіздікке ұшырайтын конституциялық жалған үміттерімен бірге сәтсіздікке ұшырайды. Кадеттер құлайды, құлағанда... топырақты не Шиповтар мен Гучковтардың ұзақ салтанат құруы үшін, революцияны ұзақ мерзімге жерлеу үшін, «елеулі» буржуазиялық конституционализм үшін; — не болмаса пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы үшін тыңайтатын болады.

IV

КАДЕТТІК ДУМАНЫҢ РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Сонымен, Мемлекеттік дума, дейді бізге либералдық газеттер, кадеттік дума болады. Бұл болжамның әбден мүмкін екенін біз айтып өттік. Бұған, егер кадеттер, өздерінің қазіргі жеңістеріне қарамастан, Думаның ішінде азшылық болып шығатын болса, онда бұл жағдай қазір Россияда тағы да пісіп жетіліп келе жатқан са-

яси дағдарыстың барысын онша көп өзгерте қоймас дегенді ғана қосамыз. Бұл революциялық дағдарыс элементтерінің тамыры тым тереңде жатыр, сондықтан Думаның құрамы қандай болса да оған елеулі ықпал жасай алмайды. Халықтың қалың бұқарасының үкіметке көзқарасы әбден айқын. Бүкіл қоғамдық дамудың пісіп жетілген мұқтаждарына үкіметтің көзқарасы одан бетер айқын. Әрине, істің жайы осылай болып отырғанда революция алға баса береді. Россияның саяси дамуының белгілі жақтарындағы болуы ықтимал баяулық тек бірінші Думада қаражүздіктердің басымдығына ғана байланысты болады. Атап айтқанда: егер кадеттер қазір азшылық болып шықса, кадеттер партиясының және кадеттердің халық арасындағы беделінің күйреуі кешеуілдейді. Азшылық болу, оппозиция болып қала беру оларға қазір өте қолайлы. Қаражүздіктердің басым болып шығуын қазір жұрт үкіметтің сайлау кезіндегі жазалау әрекеттерінен көрер еді. Өз оппозициясының «зиянсыздығын» мойындайтын кадеттердің оппозициялық сөздері өте-мөте жалынды шыққан болар еді. Кадеттердің «сөздері» қазіргіге қарағанда қаттырақ естілетін жағдайда, ал кадеттердің мұрагері октябристер болатындығы себепті кадеттердің «істері» әлі айқын болмайтын жағдайда, халықтың саяси сауаты кем қалың бұқарасының алдында кадеттердің беделі арта беруі мүмкін. Үкіметке қарсы наразылықтың өсуі, жаңа революциялық өрлеудің әзірлігі онда да өз кезегімен жүре берер еді, бірақ кадеттердің құр қуыс кеуделілігінің әшкереленуі біраз баяулаған болар еді.

Енді егер кадет газеттерінің қазіргі айтып жүргендеріне сенетін болсақ, неғұрлым ықтимал екінші бір болжауды алып көрейік. Айталық, кадеттер Думада көпшілік болады екен,— әрине, мұның өзі қазір сайлау кезінде байқалып отырғанындай, кадеттердің партияда жоқ, «ұсақ партиялық» және басқа әр түрлі либералдармен бірігуі жағдайында болады. Сонда кадеттік Думаның маңызы мен ролі қандай болады?

Бұл сұраққа кадеттердің өздері өте айқын жауап береді. Олардың мәлімдемелерінен, олардың уәделерінен,

олардың даурықпа сөздерінен табандылық пен батылдықтың лебі еседі. Сонымен бұл мәлімдемелердің бәрін мұқият жинау, оларды жақсылап есте сақтау, оларды халық ішіне кең тарату, саяси тәрбиенің (халыққа кадеттердің беріп отырған тәрбиесінің) бекерге кетпеуін, кадеттердің *нені уәде ететінін* және *өз уәделерін қалай орындайтынын* жұмысшылар мен шаруалардың анық білуін дереу қамтамасыз ету біздерге, жұмысшы партиясының мүшелеріне, өте-мөте маңызды.

Бұл кітапшадан,— Дурново мен К^0 еркі бойынша газет жұмысынан босатылған, ел кезіп жүрген социал-демократ публицистің атүсті жаза салған кішкене мақаласынан басқа ештеңе емес,— бұл кітапшадан Думаға барған кадеттердің барлық немесе тіпті неғұрлым елеулі мәлімдемелері мен уәделерін жинау туралы ойлай да алмаймыз. Біз өз қолымызға әлдеқалай түсіп отырған әдебиеттің негізінде ғана бірдеңе көрсете аламыз.

Декабрьде шығып тұрған және ұзамай үкімет жауып тастаған «Народная Свобода» газетін алайық. Бұл — кадеттер партиясының тікелей, ресми органы. Бұл газетті осы партияның Милюков пен Гессен мырзалар сияқты көрнекті адамдары редакциялап тұрды. Бұл газеттің мазмұны үшін бүкіл кадеттер партиясының жауап беретініне титтей де күмән болмауы керек.

20 декабрьдегі номерінде «Народная Свобода» Думаға бару керек деп оқушыны сендірмекші болады. Кадеттердің органы бұл арада қандай дәлел келтіреді? Россия үшін кезекті саяси міндет — құрылтай жиналысын шақыру екеніне қарсы дауласуды «Народная Свобода» ойға да алмайды. Кадеттердің органы бұл қағиданы дәлелденген деп санайды. Көресіздер ме, мәселе —бұл құрылтай жиналысын кімнің шақыратынында. Бұған үш түрлі жауап болуы мүмкін: 1) қазіргі, яғни іс жүзінде самодержавиелік үкімет; 2) революциялық уақытша үкімет және 3) *«өкіметпен бәсекелесетін өкімет»* ретіндегі Мемлекеттік дума. Ал енді кадеттер бастапқы екі жолдың екеуін де қабылдамайды — олар самодержавиелік үкіметтен үміт күтпейді, ал көтерілістің табысқа жетуіне сенбейді. Мұның есесіне кадеттер үшінші жолды қабыл алады. Бүкіл халықтық құрылтай

жиналысын шақырудың ең жақсы, ең дұрыс және т. т. әдісі осы деп табады, сондықтан Думаға шақырады.

Бұл қорытындыны естеріңізде жақсы сақтаңыздар, мырзалар! Кадеттік партия, «халық бостандығының» партиясы, *бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру үшін* «өкіметпен бәсекелесуші өкіметті» пайдалануға, өздерінің Мемлекеттік думадағы басымдығын пайдалануға (егер халық оның мұндай басым болуын қамтамасыз етуіне жәрдемдессе) *халыққа уәде етті.*

Бұл — тарихи факт. Бұл — маңызды уәде. Мұның өзі тырнақша ішіндегі «халық бостандығы» партиясының тырнақшасыз халық бостандығына қалай қызмет ететіндігіне бірінші сынақ.

Кадеттер партиясының қазіргі газеттерінде (ал, қайталап айтамыз, бұл партияға барлық либералдық органдар тегіс дерлік, соның ішінде «Русь», «Наша Жизнь» және т. с. *іс жүзінде* қосылып кетті) мұндай уәдені сіздер енді кездестірмейсіздер. Айтса, Думаның бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруы туралы емес, Думаның «құрылтайлық қызметтері» туралы айтар. Уәделердің орындалатын уақыты жақындаған сайын, енді *кейін қарай қадам жасалып, айла-шарғы* дайындалып жатыр.

Немесе, бәлкім, барлық мәселе — қатал заңдардың қазір құрылтай жиналысын шақыру туралы ашық айтуға кедергі жасап отырғанында шығар? Осылай емес пе, мырзалар? Сіздердің депутаттарыңыз, Думада *заң бойынша,* сөз бостандығымен пайдаланады, сіздер тағы да бар дауыспен сөз сөйлейсіздер ғой, бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруды сіздер талап етесіздер ғой... мен не айтып отырмын?.. сіздер бүкіл халықтық құрылтай жиналысын *шақырасыздар ғой?*

Тірі болсақ, көрерміз. Дума арқылы бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырамыз деп кадеттердің уәде бергенін де ұмытпаймыз. Олар, кадеттер, «үкімет» болады, оларда «өкімет билігі» болады және т. т. деген мәлімдемелер қазір кадеттік газеттердің бетінен түспей жүр. Жолдарыңыз болсын, мырзалар! Сіздер Думаның ішінде неғұрлым тез көпшілік болып алсаңыздар, қарыздарыңызды қайтаруды талап ететін кез

де соғұрлым тез келеді. Міне, кадеттердің газеті «Русь», «халық бостандығы» партиясының Питердегі жеңісін құттықтай келіп, 22 марттағы номерінде: «Халықпен бірге болу ма әлде оған қарсы шығу ма?» деген лепірме мақала басты. Думаның бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруы туралы мұнда ашық айтылмайды. Бірақ кадеттердің берген уәделерінен кейін шегінген бұл қадамға қарамастан, қанша айтқанмен кадеттік жақсы перспективалар аз емес:

«Қазір шақырылғалы отырған Думаның және оның ішіндегі халық бостандығы партиясының атқаратын басты қызметі — халық қаһарының құралы болу.

Үкіметтің қылмысты мүшелерін қуып шығып, сотқа беріп, Думаның шұғыл міндеттермен ғана шұғылдануына, содан соң неғұрлым кең негізде, бүкіл халықтың өкілі болып табылатын шын Думаны шақыруына тура келеді» (яғни құрылтай жиналысын шақыруға ма?).

«Думаның сөзсіз міндеті, яғни оған қазір халықтың өзі жүктеп отырған міндет осы».

Солай. Солай. Үкімет қуылсын. Үкімет сотқа берілсін. Шын Дума шақырылсын.

«Русь» газеті жақсы жазады. Кадеттер жақсы айтады. Таңқаларлықтай әдемі айтады кадеттер. Осы жақсы сөздері үшін олардың газеттерінің жабылып жатқаны ғана жақсы емес...

Питердегі сайлаудан кейін келесі күні берілген бұл жаңа уәдені есте сақтайық, мырзалар, мұны жақсылап есте сақтайық. Кадеттер Думаға барғанда үкіметті қуып шығу үшін, үкіметті сотқа беру үшін, шын Думаны шақыру үшін барғалы отыр.

Кадеттердің Дума жөніндегі уәделерінен енді үкіметтің кадеттік Дума жөніндегі «болжауларына» көшейік. Әрине, бұл «болжауларды» ешкім дәлме-дәл білмейді, бірақ пікір айту үшін керекті кейбір материал тіпті сол ең оптимист кадеттік газеттердің өзінде де бар. Міне, мәселен, Франциядан қарыз алу [134] жөніне келгенде бұл қарыз — шешілген әңгіме, ол қарыз Думаға дейін алынады деген неғұрлым сенімдірек хабарлар келіп түсуде. Әрине, үкіметтің Думадан тәуелділігі бұрынғыдан да азаяды.

Сонан соң Витте-Дурново министрлігінің болашағы

жөнінде сол «Русь» газеті (немесе «Молва») жоғарыда цитат келтірілген мақаласында үкіметке «халықпен бірге, яғни Думамен бірге болуды» ұсынады. Көріп отырсыздар, «үкіметтің қылмысты мүшелерін қуып шығу» дегенді асылында адамдарды белгілі дәрежеде ауыстыру мағынасында ғана түсінеді. Оның қандай ауыстыру екенін газеттің мына сөздерінен көруге болады:

«Д. Н. Шипов сияқты қайраткердің министрлігі қазір тіпті реакцияның өзі үшін де өте тиімді болар еді. Бұл министрліктің бір өзі-ақ Дума ішінде үкімет пен қоғамның түпкілікті қақтығысын болғызбас еді». Бірақ біз таза чиновниктік министрліктің құрылуын күтіп, «мүмкіншіліктің ең нашарын» таңдап отырмыз, дейді газет. «Егер үкімет Думаның маңызын жойғысы келмесе,— дейді «Молва»,— онда ол Дурновоға, Виттеге, Акимовке дереу отставка беруге тиіс, беруге міндетті екені жұрттың бәріне айдан анық екенін бұл арада дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Мынау да айқын: егер бұл істелмей отырған болса, егер бұл істелмейтін болса, мұның мәнісі — жандармдық «ауыздықтау және тыйым салу» саясаты халық өкілдері жөнінде де, Мемлекеттік думаға да қарсы қолданылмақшы деген сөз ғана болады. Ал мұның үшін, әрине, онсыз да халықтың қанына білегіне дейін боялған қолдар бәрінен де гөрі қолайлы. Мынау әбден айқын: егер Дурново мырза оппозициялық Дума тұсында қала беретін болса, Думаны таратып жіберу үшін ғана қалады. Басқа мағына жоқ және болуы мүмкін де емес. Мұны жұрттың бәрі түсінеді. Биржа да, шетел де түсінеді». Думаға «қарсы әрекет ету» — «мемлекет кемесін алапат тасқынға итеру» деген сөз және т. т., және т. с.

Ақырында, мұны толық суреттеу үшін кадеттік «Наша Жизнь» газетінің 21 мартта «бюрократтық орта» жөніндегі мына хабарын келтірейік, газет бұл жөнінде оқушыға мейлінше мұқият мағлұмат беруге тырысады:

«Кадеттер партиясының барған сайын өсіп отырған табысы өзіне жұртшылық назарын аударды. Бастапқыда бұл табыс біраз абыржу туғызғандай болып еді, бірақ қазіргі уақытта бұған әбден сабырлы пішінмен қарайды. Жексенбі күні бұл мәселе жөнінде үкіметтің жоғары өкілдерінің жеке мәжілісі болды, онда әлгі көзқарас айқындалды және, оның үстіне, былай-

ша айтқанда, тактика белгіленді. Оның бер жағында өте ой салдарлық пікірлер айтылды. Кейбіреулердің пікірінше, кадеттердің табысы үкіметке тікелей пайдалы: өйткені, егер Думаға оңшыл элементтер өтсе, бұл тек әсіре топтарға ғана тиімді болар еді, олар Думаның құрамын дәлел етіп, оған қарсы насихат жүргізуге және ол қасақана реакциялық құрамда іріктеліп алынған деп көрсетуге мүмкіндік алған болар еді. Думада кадеттер партиясының өкілдері неғұрлым көп болса, жұртшылықтың көбі Думаға соғұрлым құрметпен қарайтын болады. Дума жөніндегі тактикаға келсек, қатысушылардың біреуі ашық ескерткендей, көпшілік «Думаның қазіргі қойылып отырған шеңберінде» қандай да болса «күтпеген оқиғалар» болуынан қауіптенуге негіз жоқ деген пікірде. Осы себептен көпшілік Думаның болашақ мүшелеріне, «егер тіпті олар жекелеген үкімет адамдарын сынаған күнде де», әсте кедергі жасамау керек деп санайды. Мұны өте көп адамдар күтіп отыр, сондықтан бюрократтардың осы жөніндегі жалпы пікірі қорыта келгенде мынаған тіреліп отыр: «мейлі сөйлей берсін»; «сотқа тартуды талап етер; бәлкім, істің барысына жол ашар және т. б., ал кейін өздері жалығар; бұл істерден не шығатыны кейіп белгілі болар, ал әзірге мүшелер ел мәселелерімен шұғылдануы керек қой — сонда бәрі де қалпына келеді. Ал егер мүшелер үкіметке сенім көрсетпеуді ойға алса, бұл да ештеңе етпейді; түптеп келгенде министрлерді Дума тағайындамайды ғой». Жұрттың айтуынша, бұл дәлелдер кадеттер партиясының табыстарына алғашқы кезде абыржып қалған Дурново мен Виттенің де сабырлылық сақтауына әсер етіпті».

Сонымен, «іске» тікелей қатысушы мүдделі адамдардың пікірлері, көзқарастары мен ниеттері, міне, сіздерге мәлім болып отыр. Бір жағынан, күрес перспективасы. Кадеттер үкіметті қуып шығып, жаңа Дума шақыруға уәде етеді. Үкімет Думаны таратып жібермекші болып отыр,— онда «алапат тасқын» болады. Ендеше, мәселе кімнің кімді қуып шығатынында немесе кімнің кімді таратып жіберетінінде. Екінші жағынан, келісімге келу перспективасы. Кадеттердің шамалауынша, Шиповтың министрлігі үкімет пен қоғамның қақтығысын болғызбас еді. Үкімет былай деп ойлайды: мейлі, сөйлей берсін, тіпті кейбіреулерді сотқа тартуға да болады, ал министрлерді Дума тағайындамайды ғой. Бұл тиімді кәсіпке қатысушылардың өздерінің ерекше пікірін біз әдейі келтірдік және оның үстіне түгелдей өз сөздерімен келтірдік. Біз өз жанымыздан ештеңе қосқанымыз жоқ. Сөз қосу дегеніміз — куәлардың айтқандарының әсерін кеміту болар еді. Куәлардың бұл

айтқандарынан кадеттік Думаның мәні тамаша айқын көрінеді.

Не күрес болады, онда Дума емес, революцияшыл халық күресетін болады. Дума жеңістің жемісін термекші болып үміттенеді. Не келісім болады, онда қайткен күнде де, халық, яғни пролетариат пен шаруалар алданып қалған болады. Шын мағынасында іскер адамдар келісімнің шарттары туралы алдын ала ештеңе айтпайды, тек ұрыншақ «радикалдар» ғана кейде ойындағысын айтып қойып жүр: айталық, мәселен,— дейді олар,— чиновниктік министрлікті «адал буржуа» Шиповтың министрлігімен ауыстырса, екі жақты да ренжітпей саудаласып келісуге болар еді... Онда кадеттердің: бірінші орын монархияныкі, екіншісі — помещиктер мен фабриканттардың жоғарғы палатасыныкі және соның бағытына сәйкес келетін Шиповтың министрлігінікі, үшінші орын «халықтық» Думаныкі деген мұраты орындалуға оте-моте жақын қалар еді.

Бұл альтернатива, әлеуметтік және саяси болашақ жөніндегі болжаулардың бәрі сияқты, дамудың тек басты және негізгі бағыттарын ғана белгілейтіні өзінен-өзі түсінікті. Өмір шындығында аралас шешімдер, шатасып жатқан бағыттар жиі байқалады,— күрес пен келісім бірімен-бірі кезектесіп отырады, келісім күреспен толықтырылып отырады. Міне, Милюков мырза «Речьте» (24 март, жұма күні) кадеттердің қазірдің өзінде айқындалып отырған жеңісінің перспективасы жөнінде осылай, нақ осылай пайымдайды да: бізді бекерге революционер деп есептеп, революционер деп жариялап жүр. Бәрі жағдайға байланысты, мырзалар,— деп үйретеді дәулеттілердің өкіметін біздің «сүйкімді диалектигіміз»,— Шипов та 17 октябрьге дейін «революционер» болды ғой. Сіздердің бізбен құдай жолымен, жақсылықпен келісім жасасқыларыңыз келеді екен, онда революция емес, реформа болады. Келісім жасасқыларыңыз келмейді екен, онда, сірә, сіздерге төменнен біраз қысым көрсетуге, революцияны сәл ғана жақындатуға, сіздерді қорқытуға, революцияшыл халықтың қандай да болса соққысымен сіздерді әлсіретуге тура келер, сонда

сіздер икемге келетін боласыздар,— қарап тұр осыдан, келісімнің бізге тиімдірек болып шығуы ықтимал.

Демек, міндеттің элементтері мынадай. Буржуазияның қалың бұқарасы көрінеу сенбейтін, жұмысшылар мен саналы шаруалар жек көретін үкімет өкімет басында тұр. Үкіметтің қолында орасан зор күш жұмсау құралдары бар. Бір ғана осал жері — ақша. Оның өзі де айқын емес: бәлкім, Думаға дейін қарыз ақша тауып алудың реті келіп қалар. Біздің болжауымыз бойынша, үкіметке кадеттік Дума қарсы тұр. Ол нені тілейді? Оның «асырып» сұраған бағасы мәлім, ол: кадеттік программа, монархия және жоғарғы палатамен бірге демократиялық төменгі палата. Оның асырмай сұраған бағасының қандай екені белгісіз. Шиповтың министрлігі сияқты бірдеңе шығар, сірә... Рас, ол тоте сайлау правосына қарсы, қалай дегенмен адал адам ғой, бірдеңе етіп... келісуге болар еді, сірә. Думаның күрес құралдары: ақша беруден бас тарту. Бұл сенімді құрал емес, өйткені, 1-ден, ақша, бәлкім, Думасыз да болатын шығар, ал, 2-ден, заң бойынша Думаның финанс бақылауы жөніндегі праволары мейлінше жартымсыз. Екінші құрамы: «олар оқ ататын болсын» — либералдардың үкіметке көзқарасын Катковтың: көн, әйтпесе «олар» оқ атады деп суреттегені естеріңізде шығар [135]. Бірақ Катковтың заманында «олар» жеке адамдарды өлтіруден басқа қолдарынан түк келмейтін бір шоғыр ерлер еді. Қазір «олар» дегеніңіз — октябрьде бүкіл россиялық көтеріліске таңқаларлықтай бірауыздылықпен аттапа алатындығын көрсеткен, декабрьде қарулы күресті табандылықпен жүргізе алатындығын көрсеткен пролетариаттың бүкіл бұқарасы. «Олар» дегеніңіз қазір бытыранды, санасыз, бірауызды емес формада революциялық күреске шыға алатындығын көрсеткен шаруалар бұқарасы, бірақ бұл бұқараның ішінде қолайлы жағдайлар туғанда, аздап болса да еркін самал ескен кезде (осы күнде улей соққан желден сақтану өте қиын!) миллиондарды соңынан ерте алатын саналылардың саны көбеюде. «Олардың» қолынан енді министрлерді өлтіруден басқа да келеді. «Олар» монархияны да, жоғарғы палата деген ишара атаулыны да, бүкіл помещиктік жер

иеленуді де, тіпті тұрақты армияны да жойып жіберe алады. «Олар» мұны істей алады, тек бұл ғана емес, егер ескі тәртіптің ақырғы панасы, теориялық есеп негізіндегі ақырғы емес, қазірдің өзінде-ақ қолда бар практикалық тәжірибе негізіндегі ақырғы панасы болып табылатын әскери диктатураның езгісі бәсеңсісе, «олар» мұны қалай да істейді.

Міндеттің элементтері осындай. Бұл міндеттің қалай орындалатындығын күн ілгері мүлтіксіз дәлме-дәл айту мүмкін емес. Бұл міндетті біздердің, социал-демократтардың, *қалай орындағымыз келетіні,* барлық саналы жұмысшылар мен саналы шаруалардың бұл міндетті қалай *шешетіні* жөнінде күмәндануға болмайды: шаруалар көтерілісінің толық жеңісіне жетуге және шын демократиялық республиканы жеңіп алуға ұмтылу керек. Міндет жағдайы осындай болып отырғанда кадеттердің тактикасы қандай *болады,* жеке адамдардың еркі мен санасына қарамастан, капиталистік қоғамда өз бостандығы жолында күресіп жатқан ұсақ буржуазияның өмір сүруінің объективті жағдайлары себепті бұл тактика қандай *болуға тиіс?*

Кадеттердің тактикасы екі бәсекелестің біреуіне де екіншісін үзілді-кесілді және біржолата жаныштап тастауға жол бермей, самодержавие мен революцияшыл халықтың жеңісінің арасында бұлтақтауға қалай да және сөзсіз апарып соғады. Егер самодержавие революцияны үзілді-кесілді және біржолата жаныштай алса, онда кадеттер дәрменсіз болып қалады, өйткені олардың күші революциядан туындайтын күш. Егер революцияшыл халық, яғни пролетариат және бүкіл помещиктік жер иеленушілікке қарсы көтеріліс жасап жатқан шаруалар самодержавиені үзілді-кесілді және біржолата жаныштаса, демек, монархияны да, оның барлық қосымша құйыршықтарын да құртып жібереді, онда кадеттер тағы да дәрменсіз болып қалады, өйткені өмірге қабілетті жандардың бәрі олардан дереу қол үзіп, революцияның немесе контрреволюцияның жағына шығады, ал партияда «диктатура» туралы күрсінетін және латын сөздіктерінен қолайлы латын сөздерінің мағынасын іздеп жүрген бірлі-жарым Кизеветтерлер қалады. Қысқасын

айтқанда, кадеттердің тактикасын: *кадеттер партиясын революцияшыл халықтың қолдауын қамтамасыз ету* деуге болады. «Қолдау» деген сөз революцияшыл халықтың, атап айтқанда, біріншіден, кадеттер партиясының мүдделеріне, оның нұсқауларына және т. т. түгелдей бағынатын қимылдарын және, екіншіден, тым батыл, пәрменді болмайтын, ең бастысы тым күшті қимыл болмайтын қимылдарын ғана білдіруге тиіс. Революцияшыл халықтың өз билігі өзінде болмауға тиіс, бұл — бір және түпкілікті жеңуге, өз жауын талқандауға тиіс емес, бұл — екі. Бұл тактиканы, жалпы және тұтас алғанда, бүкіл кадеттер партиясы мен қандай да болса кадеттік Дума сөзсіз жүргізіп отырады, және де, әрине, бұл тактика «ғылыми» зерттеулердің *, «философиялық» бұлдыр тұманның, саяси (немесе саяси аярлық) әдепсіздіктің, «әдебиет сыны» деп шыжалақтаудың (à la Бердяев) және т. т., және т. с. күллі бай идеологиялық қорымен дәлелденіп, қорғалып, ақталып отырады.

Мұның керісінше, революциялық социал-демократия қазіргі уақытта өзінің тактикасын: кадеттер партиясы мен кадеттік Думаны қолдау деген қағидамен белгілей алмайды. Мұндай тактика дұрыс болмас еді және еш кәдеге жарамас еді.

Әрине, бізге: қалайша? сіздер өздеріңіздің программаңыздың да, бүкіл халықаралық социал-демократияның да мойындаған нәрсесін теріске шығарасыздар ма? Социал-демократиялық пролетариаттың революциялық және оппозициялық буржуазиялық демократияны қолдауын теріске шығарасыздар ма? Мұның өзі анархизм, утопизм, бүлікшілдік, мағынасыз революционизм ғой, деп қарсы дау айтар.

Рұқсат етіңіздер, мырзалар. Сіздерге ең алдымен мынаны ескертуге рұқсат етіңіздер: біздің алдымызда тұрған — буржуазиялық демократия атаулыны қолдау туралы жалпы мәселе емес абстракт мәселе емес, қайта нақ кадеттер партиясы мен нақ кадеттік Думаны қолдау туралы нақты мәселе. Біз жалпы қағиданы бекерге шығармаймыз, бірақ осы жалпы принциптерді нақты

* Диктатура — латынша күшейтілген күзет деген сөз деп тапқан Кизеветтер мырзаның зерттеулері сияқты.

қолданудың жағдайларын ерекше талдауды талап етеміз. Абстракт ақиқат жоқ, ақиқат әрқашан да нақты болады. Мәселен, «Реакция бізді оқшау қалдыруға тырысады. Біз реакцияны оқшау қалдыруға тырысуымыз керек» деген тактиканы талай рет ұсынып, ерекше баса көрсеткенде Плеханов, міне, осыны ұмытады. Бұл дұрыс қағида, бірақ ол тым жалпы: оны 1870 жылғы Россияға да, 1906 жылғы Россияға да, жалпы алганда Россияға да, Африкаға да, Америкаға, Қытайға, Индияға да бірдей қолдануға болады. Ол ештеңені білдірмейді және ештеңе бермейді, өйткені барлық мақсат реакция дегеннің не екенін, реакцияны оқшау қалдыру үшін нақ кіммен, нақ қалайша бірігу керек (немесе егер бірікпеген күнде өз қимылыңды келісіп алу керек) екенін анықтауда болып отыр. Плеханов нақты нұсқау беруден қорқады, ал іс жүзінде, практикада оның тактикасы, біз жоғарыда айтып өткендей, социал-демократтар мен кадеттердің арасындағы сайлау картельдеріне, кадеттерді социал-демократияның қолдауына апарып саяды.

Кадеттер реакцияға қарсы ма? Мен бұдан бұрын өзім цитат келтірген «Молваның» 22 марттағы 18-номерін аламын. Кадеттердің үкіметті қуып шыққысы келеді. Бұл өте тамаша, бұл — реакцияға қарсы. Кадеттер Шиповтың министрлігі жөнінде самодержавиелік үкіметпен келісуді тілейді *. Бұл өте жаман. Бұл — реакцияның ең жаман түрлерінің бірі. Көріп отырсыздар, мырзалар: реакция туралы абстракт қағидамен, жалаң сөзбен сіздер әлі бірде-бір қадам ілгері баспайсыздар.

Кадеттер — буржуазиялық демократия ма? Әбден дұрыс. Бірақ барлық помещиктік жерлерді конфискелеуге ұмтылып отырған, яғни кадеттердің тілемейтін нәрсесіне ұмтылып отырған шаруалар бұқарасы да буржуазиялық демократия ғой. Буржуазиялық демократияның ол

* Маған, бәлкім, бұл — өтірік дегенді айтар. Бұл ақымақтық сөзді мылжың «Молва» байқамай айтып салған дер. Кешірім сұраймын: меніңше, бұл — шындық. Мылжың «Молва» байқамай шынын айтып салды,— шындық болғанда, әрине, дәлме-дәл шындық емес, шамаға соғатын шындық. Біздің дауымызды кім шешеді? Кадеттік мәлімдемелерді дәлелге келтіру ме? Бірақ саясатта мен сөзге сенбеймін. Кадеттердің істері ме? Иә, бұл өлшемге мен сенемін. Кімде-кім кадеттердің саяси әрекетін жалпы және тұтас алып қарап шықса, ол адам «Молваның» айтқаны негізінде дұрыс екенін мойындауға тиіс болады.

бөлегі мен бұл бөлегінің саяси қызмет формалары да, мазмұны да әр түрлі. Нақ қазір бізге бұлардың қайсысын қолдау маңыздырақ? *Жалпы айтқанда,* демократиялық революция заманында біз біріншісін қолдай аламыз ба? Мұның мәнісі — екіншісіне опасыздық істеу болмай ма? Немесе, бәлкім, саясатта Шиповпен келісімге келуге әзір отырған кадеттердің аграрлық мәселеде Кауфманмен келісімге келе алатындығын сіздер бекерге шығармақшы боларсыздар? Көріп отырсыздар, мырзалар: буржуазиялық демократия туралы абстракт қағидамен, жалаң сөзбен сіздер әлі бірде-бір қадам ілгері баспайсыздар.

— Бірақ кадеттер біртұтас, күшті, өміршең, парламенттік партия ғой!

Өтірік. Кадеттер — біртұтас емес, күшті емес, өміршең емес және парламенттік емес партия. Олар біртұтас емес, өйткені оларды жақтап дауыс бергендердің ішінде тек келісім жасасу ғана емес, күресті ақырына жеткізу де қолынан келетін адамдар көп. Олар біртұтас емес, өйткені олардың әлеуметтік тірегі ішкі қайшылығы бар тірек: оған демократиялық ұсақ буржуазиядан бастап контрреволюциялық помещикке дейін кіреді. Олар күшті емес, өйткені Россияда 1905 жылдың аяғында өршіген және таяу уақытта жаңадан мықтап бұрқ ете түсуге барлық мүмкіндіктері бар шиеленіскен, ашық азамат соғысына олардың партия ретінде қатысқысы келмейді және қатыса алмайды. Олар өміршең емес, өйткені олардың мұраты орындалған күннің өзінде де олардың бұл арманы бойынша құрылған қоғамда ең басты күш олар болмайды, «байсалды» буржуазияшыл Шиповтар, Гучковтар болады. Олар парламенттік партия емес, өйткені бізде парламент жоқ. Бізде конституция жоқ, тек конституциялық самодержавие ғана бар, шиеленіскен азамат соғысы заманында өте-мөте зиянды болатын және кадеттер ерекше жанталаса таратып жүрген конституциялық жалған үміттер ғана бар.

Бұл арада біз мәселенің орталық пунктіне келіп тірелдік. Орыс революциясының қазіргі кезеңінің ерекшеліктері атап айтқанда мынадай: объективті жағдай-

лар парламентаризм жолында батыл түрде, парламенттен тыс күрес жүргізуді алдыңғы қатарға қойып отыр, ал сондықтан қазіргідей кезеңде конституциялық жалған үміттерден және парламентаризм ойынын ойнаудан зиянды, одан қауіпті ештеңе жоқ. Мұндай кезеңде «парламенттік» оппозиция партияларының ашық және нағыз реакцияшыл партиялардан қауіптірек, зияндырақ болуы мүмкін: бұл қағиданың диалектикалық түрде ойлауға мүлдем қабілеті жоқ адамға ғана өрескел болып көрінуі ықтимал. Шынында да: егер халықтың ең қалың бұқарасының арасында парламентаризм талабының әбден толғағы жеткен болса, егер бұл талап елдің ғасырлар бойы келе жатқан бүкіл қоғамдық-экономикалық эволюциясына да сүйеніп отырған болса, егер саяси дамудың өзі бұл талапты жүзеге асыруға әкеп тіреп отырған болса, онда бұл талапты жалған түрде жүзеге асырудан қауіпті, одан асқан зиянды не болмақ? Ашық антипарламентаризм қауіпсіз. Ол өлуге тиісті еді. Ол өлді. Оны тірілту әрекеттері тек халықтың ең артта қалған топтарын революцияшылдандыру жағынан алғанда ғана өте жақсы ықпал жасайды. Самодержавиені сақтап қалудың бір ғана мүмкін әдісі «конституциялық самодержавие» болып отыр, конституциялық жалған үміттерді тудырып, жұртқа тарату болып отыр. Бұл — самодержавиенің бірден-бір дұрыс, бірден-бір парасатты саясаты.

Мен кадеттердің қазіргі уақытта самодержавиенің бұл парасатты саясатына «Московские Ведомостиден» гөрі көбірек қолғабыс жасап отырғанын баса айтамын. Мәселен, Россия конституциялық монархия болып табыла ма, жоқ па деген мәселе жөнінде «Московские Ведомости» мен либералдық баспасөздің арасында болып жатқан таласты алыңыз. Жоқ, дейді «Московские Ведомости». Россия конституциялық монархия, дейді бірауыздан кадеттік газеттер. Бұл таласта «Московские Ведомости» прогресшіл де, кадеттік газеттер реакцияшыл, өйткені «Московские Ведомости» шындықты айтады, жалған үмітті әшкерелейді, aussprechen was ist *, ал кадеттер өтірік айтады,— ізгі ниеттілікпен,

* — барды бар деп айтады. *Ред.*

мейірбандықпен, шын адалдықпен, әсемдікпен, сымбаттылықпен, ғылыми-сылапғандықпен, кизеветтерлік-боямалықпен, салопдық-сыпайылықпен айтса да,— бәрібір өтірік айтады. Күрестің қазіргі кезеңінде,— бұл кезеңнің объективтік жагдайларына қарай,— мұндай өтіріктен қауіпті ештеңе жоқ, одан зиянды ештеңе жоқ.

Біраз кейін оралайық. Менің жақында бір өте білімді және ерекше сүйкімді кадеттің пәтерінде саяси реферат оқуыма тура келді. Талас болды. Біздің алдымызда тағы аң, яғни арыстан тұр екен делік, деді үй иесі, ал біз екеуміз аңның паршалауына тасталған құлдар екенбіз. Біз екеуміздің таласып жатуымыз орынды ма? Осы ортақ жауға қарсы күресу үшін, ең дана, ең көреген социал-демократ Г. В. Плехановтың тамаша айтқанындай, «реакцияны оқшау қалдыру» үшін біз бірігуге міндетті емеспіз бе?— Жақсы мысал екен, мен де оны қабыл аламын — деп жауап бердім. Бірақ егер құлдардың біреуі қару-жарақ алып, арыстанға бас салуға кеңес берсе, ал екіншісі дәл күрестің кезінде арыстанның кеудесіне таққан «конституция» деген жазуды көріп қалып: «Мен оңнан да, солдан да зорлық істеуге қарсымын», «мен — парламенттік партияның мүшесімін, мен конституциялық негізге сүйенемін» деп айқай салса, не істеу керек. Арыстанның шын мақсаттарын айтып салатын арыстан күшігінің мұндай жағдайларда бұқараның көзін ашуға, саяси, таптық сананы дамытуға арыстан паршалап жатқан, оның кеудесіндегі жазуға сеніп, оны жұртқа дәріптеп жүрген құлдан гөрі пайдалырақ болып шығуы мүмкін емес пе?

Әңгіменің бар мәні мынада: социал-демократияның буржуазиялық демократияны қолдауы туралы пікір таратылып жүргенімен, жалпы, абстракт қағидаларды ұстап, нақты кезеңнің ерекшеліктерін: парламентаризм жолында үзілді-кесілді күресудің кезеңі жеткен кезді және парламентаризмге қарсы күрес құралдарының бірі — самодержавиелік үкіметтің тарапынан парламентаризм ойынын ойнау болып табылатын кезді ұмытып кетушілік жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда, парламенттен тыс түпкілікті шайқас әлі алда тұрған кезде, парламенттік келісімпаздардың партиясын, кон-

ституциялық жалған үміттер партиясын қолдауды жұмысшы партиясының алдына міндет етіп қою пролетариаттың алдында қылмыс болмаған күнде, нақ қатерлі қате болар еді.

Бізде Россияда қалыптасқан парламенттік құрылыс бар екен делік. Мұның мәнісі — парламент билеп-төстеуші таптар мен күштердің үстемдік жүргізуінің басты формасына айналды, әлеуметтік-саяси мүдделер күресінің басты майданына айналды деген сөз болар еді. Революциялық қозғалыс деген сөздің тікелей мағынасын алғанда, ондай қозғалыс қазір жоқ, осы кезеңде, яғни біз болжап айтып отырған кезеңде экономикалық және басқа жағдайлар революциялық дүмпулерді тудырмайды. Мұндай жағдайларда, әрине, революцияны «тудыруға» ешқандай революциялық тақпақтардың күші жетпеген болар еді. Парламенттік күрестен бас тарту мұндай жағдайларда социал-демократия үшін мүлде кешіргісіз болар еді. Жұмысшы партиясы парламентаризмді мықтап қолға алуға тиіс болар еді, «Думаның» сайлауына және «Думаның» өзіне қатысуға, өзінің бүкіл тактикасын парламенттік социал-демократиялық партияның құрылып, ойдағыдай қызмет етуінің жағдайларына бағындыруға тиіс болар еді. Онда парламент ішіндегі барлық оңшыл партияларға қарсы кадеттер партиясын қолдауға біз сөзсіз міндетті болар едік. Онда бірлескеп сайлаулар тұсында, айталық губерниялық сайлау жиналыстарында (тікелей емес сайлау кезінде), бұл партиямен сайлау келісімдерін жасасуға қарсы шығу да сөзсіз мүмкін болмас еді. Бұл бұл ма. Онда тіпті парламент ішінде социал-демократтардың нағыз және арсыз реакцияшылдарға қарсы шиповшылдарды қолдауы да біздің міндетіміз болар еді: реакция бізді оқшау қалдыруға тырысады,— дер едік біз онда,— біз реакцияны оқшау қалдыруға тырысуымыз керек.

Ал қазір Россияда қалыптасқан, жалпы жұрт таныған, шын парламенттік режимнің бар екені туралы сөз болуы да мүмкін емес. Қазір Россияда үстем таптар мен әлеуметтік күштердің үстемдік жүргізуінің басты формасы — көрінеу парламенттік емес форма, әлеуметтік-саяси мүдделер күресінің басты майданы — көрінеу

парламент емес. Мұндай жағдайларда парламенттік келісімпаздар партиясын қолдау жұмысшы партиясының өзін өзі өлтіргендігі болар еді — және, мұның керісінше, стихиялы, бытыранды, саналылықпен емес (шаруалар көтерілісінің бұрқ ететіні сияқты) болса да, парламенттік емес жолмен әрекет ететін буржуазиялық демократияны қолдау бірінші қатарға қойылады, нағыз елеулі іске айналады, қалғанының бәрі осы іске бағындырылуға тиіс болады... Көтеріліс жасау мұндай әлеуметтік-саяси жағдайларда нақты іс болып табылады; парламентаризм — ойыншық, күрестің маңызсыз майданы,— шын жеңілдік беруден анағұрлым асып түсетін алдамшы жемтік. Ендеше, әңгіме парламентаризмді біздің теріске шығарғанымызда немесе жете бағаламағанымызда ғана емес, сондықтан парламентаризм жөніндегі жалпылама сөздердің біздің позициямызға титтей де қатынасы жоқ. Әңгіме демократиялық революцияның нақ қазіргі кезеңінің нақтылы жағдайында болып отыр: бұл кезде буржуазияның келісімпаздары, либерал монархистер Дурновоның Думаны таратып жібере салу мүмкіндігін немесе заңның бұл Думаны біржолата жоққа шығару мүмкіндігін өздері теріске шығармай отырып, солай болса да парламентаризмді елеулі іс деп, ал көтерілісті — утопия, анархизм, бүлікшілдік, дәрменсіз революционаризм және әлгі барлық Кизеветтерлердің, Милюковтардың, Струвелердің, Изгоевтардың, тоғышарлықтың басқа да ерлерінің айтқанындай деп жариялап жүр.

Социал-демократиялық партия Думаның сайлауына қатысты екен делік. Социал-демократ сайламшылардың белгілі саны өткізілді екен делік. Қаражүздіктердің жеңуіне жол бермеу үшін (сайлаудың мұндай мағынасыз комедиясына іліккен соң) кадеттерді қолдауға тура келеді. Социал-демократтар партиясы кадеттермен сайлау келісімін жасайды. Социал-демократтардың белгілі саны кадеттердің жәрдемімен Думаға өтеді. Мұның өзі еңбекке тати ма? бұл арада біз ұтар ма едік әлде ұтылар ма едік? деген сұрақ туады. Біріншіден, кадеттермен жасасқан сайлау келісімдеріміздің шарттары мен сипаты туралы біз қалың бұқараға социал-демократия-

лық тұрғыдан кеңінен мағлұмат бере алмас едік. Кадеттік газеттер жүз мыңдаған, миллиондаған дана болып басылып, буржуазиялық өтірікті және пролетариаттың таптық міндеттерін буржуазиялық түрде бұрмалаушылықты жан-жаққа таратқан болар еді. Біздің кішкентай листоктарымыз, біздің жеке мәлімдемелердегі шағын ескертулеріміз теңізге тамған тамшыдай ғана болар еді. *Іс жүзінде* біз үн-түнсіз кадеттердің шылауында кеткен болар едік. Екіншіден, келісім жасаса отырып, біз, сөз жоқ, үн-түнсіз болсын немесе ашық және формальды түрде босын,— мұның бәрі бір,— кадеттер үшін, басқалардың бәрінен олардың артықтығы үшін, олардың кадеттік Думасының халыққа көмектесетіні үшін, олардың бүкіл кадеттік саясаты үшін пролетариаттың алдында белгілі бір жауапкершілікті өз мойнымызға алған болар едік. Кейінгі *«мәлімдемелерімізбен»* біз кадеттердің белгілі бір әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойпымыздан алып тастай аламыз ба, жоқ па,— ол арасы әлі неғайбыл, ал мәлімдеме мәлімдеме қалпында қала берер еді де, сайлау келісімінің *фактісі* бадырайып көрініп тұрар еді. Ал сонда біздің пролетариат алдында, шаруалар бұқарасының алдында кадеттер үшін аз-аздап болса да, жанамалап болса да кепіл болуға дәлеліміз бар ма? Дума былай тұрсын, тіпті Ұлттық құрылтай жиналысын революцияны дамытудың құралынан революцияны әлсіретудің, революцияны тұншықтырудың (моральдық жағынан) құралына айналдыра білген нақ немістің кадет профессорларына, нақ «Франкфурт сөзуарларына» өздерінің ұқсас екендігін кадеттер бізге мыңдаған дәлелдермен көрсеткен жоқ па? Кадеттер партиясын қолдау социал-демократияның тарапынан қате болар еді, сондықтан біздің партия Дума сайлауына бойкот жасап жақсы істеді.

Кадеттер партиясын қолдау қазіргі уақытта да социал-демократияның міндеті бола алмайды. Кадеттік Думаны біз қолдай алмаймыз. Келісімпаздардың, жау жағына қашып шығушылардың соғыс уақытында жаудан да қауіптірек болуы мүмкін. Тым болмағанда, Шипов өзін «демократпын» деп атамайды, сондықтан «ха-

лық бостандығын» тілейтін «байғұс мужик» оның соңынан ермейді. Ал егер «халық бостандығы» партиясы, кадеттер мен социал-демократтарды өзара қолдау туралы қайсыбір шарт жасасып, одан кейін құрылтай жиналысын сол әлгі Шиповтың министрлігімен ауыстыру туралы самодержавиемен келісім жасасса,— немесе озінің «қызметін» даурықпа сөз, көпірме қарарлармен тындырса, онда біз мейлінше қолайсыз жағдайда қалған болып шығар едік.

Қазіргі кезеңде кадеттерді қолдауды жұмысшы партиясының міндеті етіп алға қою будың атқаратын қызметі пароходтың машинасын қозғау емес, пароходтың ысқырық беру мүмкіндігін қолдау деген сөзбен бірдей болар еді. Қазанда бу болса, ысқырғыштар да ысқырады. Революцияның күші болса, кадеттер де ысқыратын болады. Жалған ысқырғыштар жасап алуға болады, сондықтан парламентаризм *жолындағы* күрестің тарихында халық бостандығының буржуазияшыл сатқындары жалған ысқырғыштар жасап алып, қайдағы бір «тұңғыш өкілдік жиналыстарына» сенетін ақ пейіл адамдарды әуреге салып жүрді.

Біздің міндетіміз — кадеттік Думаны қолдау емес, қайта жауға шабуыл жасаудың, самодержавиеге қарсы көтеріліс жасаудың ең сәтті кезеңін таңдап алу үшін осы Думаның ішіндегі және осы Думаға байланысты жанжалдарды пайдалану. Біз Думаның ішінде және Думаның төңірегінде саяси дағдарыстың қалай күшейіп келе жатқандығымен санасуға тиістіміз. Жұртшылықтың пиғылын есепке алу үшін, «қайнау мерзімін» неғұрлым дұрыс, неғұрлым дәл анықтау үшін осы бүкіл думалық науқанның біздерге маңызы зор болуға тиіс, бірақ маңызы болғанда нақты күрес майданы ретіндегі емес, белгі ретіндегі маңызы зор болуға тиіс. Біздің қолдайтынымыз кадеттік Дума емес, біздің санасатынымыз кадеттер партиясы емес, қайта қалалық ұсақ буржуазияның және әсіресе шаруалардың кадеттерді жақтап дауыс беріп, олардан сөзсіз түңіле бастайтын және жауынгерлік сарынға түсе бастайтын элементтері болуға тиіс,— Думада кадеттер неғұрлым батыл түрде жеңсе, әлгі элементтер соғұрлым тез түңіліп, жауынгер-

лік сарынға түседі. Біздің міндетіміз — бізге оппозициялық Думаның беріп отырған барлық пұрсатын (бізге бұл пұрсат өте тиімді, өйткені пролетариат күшін жақсылап жинап алуға тиіс) жұмысшыларды ұйымдастыру мүдделеріне, конституциялық жалған үміттерді әшкерелеу мүдделеріне, соғыс шабуылын әзірлеу мүдделеріне пайдалану болып табылады. Біздің міндетіміз— думалық комедия жаңадан ұлы саяси дағдарысқа ұласқан кезде өз орнымызда болу, ал ол кезде біз кадеттерді қолдауды емес (олар ең мықтағанда революцияшыл халықтың нашар жаршысы ғана болады), қайта самодержавиелік үкіметті құлатуды және өкіметтің революцияшыл халықтың қолына көшуін өзімізге мақсат етіп қоямыз. Егер пролетариат пен шаруалар көтерілісте жеңіп шықса, онда кадеттік Дума бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырушы революциялық үкіметтің манифесіне өзінің қосылатындығы туралы қағазға бірнеше минутте қол қоя салады. Егер көтеріліс тұншықтырылса,— күресте тұралаған жеңуші, бәлкім, өкіметтің тең жартысын кадеттік Думаға бөліп беруге мәжбүр болуы мүмкін; ал кадеттік Дума самсаны алдына қойып алып, шын конституциялық құрылыс соншалықты мүмкін, соншалықты жақын тұрған кезде қарулы көтерілістің «ақылға сыйымсыз» болғаны жөнінде өкініш білдірген қарар қабылдайды... Өлік болсын деңіз, құрт-құмырсқа қашан да табылады.

V
КАДЕТТІК МАСАЙРАУДЫҢ БІР ҮЛГІСІ

Қазіргі кезде кадеттердің жеңістеріне және жұмысшы партиясының міндеттеріне баға беру үшін орыс революциясының бұдан бұрынғы дәуірін оның қазіргі дәуірге өзара қатынасымен қоса талдаудың зор маңызы бар. Көпшілік пен азшылықтың тактикалық қарарларының жарияланған жобалары әлгі баға берудің әр түрлі әдістеріне байланысты екі жолды, ой-пікірдің екі бағытын белгілейді. Оқушыға әлгі қарарларды ұсына отырып, біз бұл арада кадеттердің «Наша Жизнь» газетінде басылған бір мақалаға тоқталмақшымыз. Біріншi меньшевиктік қарар жөнінде жазылған бұл мақала

кадеттік Дума туралы біздің жоғарыда айтқанымызды тексеру, толықтыру және түсіндіру үшін аса көп материал береді. Сондықтан біз бұл мақаланы тұтас келтіреміз (*Р. Бланк.* «Орыс социал-демократиясының бүгінгі таңдағы маңызды істері жөнінде», «Наша Жизнь», 1906 жыл, 23 марттағы № 401):

«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы «меньшевиктік» фракциясының партиялық тактика туралы жақында жарияланған қарары өте құнды документ болып табылады. Бұл қарар орыс революциясының бірінші дәуірінің ауыр сабақтары орыс социал-демократиясының өмір шындығының талаптарына *неғұрлым сергек қарайтын* және ғылыми социализмнің принциптеріне неғұрлым берілген бөлегі үшін бекерге кетпегенін дәлелдейді. Бұл қарарда тұжырымдалған *жаңа тактика* орыс социал-демократиялық қозғалысын Германияның ұлы социал-демократиялық партиясы бастаған *бүкіл интернационалдық социал-демократияның жүріп келе жатқан жолына түсіруге тырысады.* Мен *«жаңа тактика»* деп отырмын; бұл оншама дәл емес, өйткені көп жағынан алғанда бұл тактика орыс социал-демократиясының негізін салардың өзінде оны құрушылардың белгілеген, одан кейін орыс социал-демократиясының теоретиктері мен публицистері сан рет дамытқан, орыс революциясының басталуының өзіне дейін орыс социал-демократтары тегіс дерлік мойындаған ескі принциптерге қайта оралғандық болып табылады. Бірақ ол принциптер ұмытылып кеткен. Революция құйыны біздің бүкіл социал-демократияны жеп-жеңіл қауырсындай көтеріп әкетіп, оны ми айналатындай шапшаңдықпен ала жөнелді; ширек ғасыр бойы соншалықты ынта-жігермен, беріле дамытылған социал-демократиялық және маркстік принциптер мен идеялардың бәрі бір нәрсенің бетіне қонған жеңіл тозаң тәрізді болып лезде жоғалды; социал-демократиялық дүние таным тіректерінің өзі түп негізіне дейін шайқалды және тіпті түп-тамырымен жұлынып алынған тәрізді болды.

Бірақ құйын шыр айналды да, сол орнында тыныштала қалды, социал-демократия да өзінің бастапқы орнына қайтып оралды. Құйынның күші қандай болғанын мынадан көруге болады: құйын тіпті Парвусты да, оның өзінің мойындағанындай, үйіріп әкеткен; кімде-кім Парвустың өзін және оны көтеру қандай қиын екенін білетін болса, ол мұның мәнісі не екенін түсінеді... «Революция тасқыны бізді тоқтаусыз алға сүйреп отырды»,— дейді Парвус өзінің белгілі кітапшасында. «Біз революцияның дауылы шерткен арфаның ішектері ғана болдық»,— деп ескертеді ол сол кітапшасының тағы бір жерінде; ол сонымен бірге бұл кезде социал-демократиялық музыка Бетховеннің, Бахтың немесе — Маркстің симфонияларына неліктен соншама аз ұқсас болғандығының себептерін әбден дұрыс және толық түсіндіреді. Қарапайым күштердің құдіретті стихиясының өзі сахнаға шыққан кезде барлық теориялар мен прин-

циптер, тіпті ойдың өзі мен қарапайым парасат та кейінге ығысып, сахнаның сыртында жоғалып кетеді деуге болады.

Ал қазір ой мен парасаттың кезегі қайта келді, сондықтан саналы, жоспарлы, жүйелі жұмысқа қайта *оралуға* болады. Анығында, бұл арада орыс революциясының бірінші дәуірінде, оның «Sturm-und-Drang-Zeit»-те болған нәрселердің қайталануына қарсы, яғни революциялық тасқындар мен дауылдардың қирату қимылдарына қарсы алдын алу шараларын қолдану бірінші жұмыс болуы керек. Мұның үшін бірден-бір нақты құрал ұйымды кеңейтіп, нығайту ғана бола алады; сондықтан «меньшевиктер» фракциясының бұл міндетті бірінші қатарға қойып отырғаны және, сонымен бірге экономикалық ұйымдарды да өз программасына енгізіп, барлық жария мүмкіндіктерді пайдалану керектігін танып, бұл міндетті кең түрде тұжырымдап отырғаны әбден табиғи нәрсе. Ол қарар «жариялылықты» романтикалық түрде жек көруден және «экономиканы» аристократтықпен елемеуден аулақ.

Қарар өзара қолдау керектігін және қарулы реакцияға қарсы батыл күресуге пролетариаттың жеке-дара шығуының қауіптілігін толық мойындай отырып, жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократияның арасындағы өзара қатынастар туралы мәселеге де соншалықты байсалды қарайды. Қарардың қарулы көтеріліс туралы мәселеге көзқарасы ерекше көңіл бөлуге тұрарлық; қарар «пролетариатты үкіметпен қарулы қақтығысқа тартатын, тартқанда пролетариатты бұл күресте оқшау қалдыратын жағдайларда тартатындай әрекеттердің қандайынан болса да бойды аулақ салу керек» екенін мойындайды.

Тек осылай еткенде ғана Парижде 1848 жылдың июнь күндерінде болған оқиғаларды бізде қайталамауға және жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократияның коалициялық болмаған күнде, координацияланған күресін мүмкін етуге болады, мұнсыз қозғалыстың табысты болуы мүмкін емес. Карл Маркстің айтуынша, «алдыңғы қатарлы революция атаулының бәрінде өте зор маңызы» болатын буржуазиялық демократияның Россия революциясында да маңызы одан осал соқпай отыр. Егер Россия социал-демократиялық партиясы буржуазиялық демократияны өзінің ашық одақтасы ете алмаса немесе одақтас еткісі келмесе, онда қайткен күнде де оны қарама-қарсы лагерьге, реакцияға, контрреволюцияға итермелемеуі керек. Революциялық социал-демократия мұны істемеуі керек, істеуге правосы жоқ, азаттық ісі үшін, социал-демократияның өзі үшін одан барлық амалдармен қашуға *міндетті*. Ал егер қазіргі кезеңде буржуазиялық демократия қарулы көтеріліске қарсы болса, онда бұл туралы сөз болуы мүмкін емес және сөз болмауға тиіс те. Мұнымен санасу керек, буржуазия бұл арада тіпті өзіне ғана тән болжырлықтан, дәрменсіздіктен, қорқақтықтан шыға алмайтын болған күнде де,— мұндай фактілермен де бәрібір санасу керек; герман революциялық социал-демократиясының көсемінің өзі былай деп айтпады ма:

«In der Gewalt sind sie uns stets über!»,— «Қара күшке келгенде олар, яғни реакцияшылдар, әрқашан бізден асып түседі!»

«Әрқашан» деп айту, бәлкім, дұрыс болмас та, бірақ «қазір» дегенге келсек, қорқақ немесе тіпті тек «болжыр» болмай-ақ, Либкнехттің және онымен пікірлес герман социал-демократиясының пікіріне қайткен күнде де қосылуға болады... «Меньшевиктердің» қарары, сірә, нақ осы көзқарасты жақтайтын болса керек, ең берісі — оған өте жақын тұрса керек; нақ осылайша бұл қарар басқа жақтарынан да герман социал-демократиясының өзгеше қасиеті болып табылатын және оны бұрынсоңды болып көрмеген табыстарға жеткізген саяси реализм рухына толы.

«Меньшевиктердің» қарарына Россия социал-демократиялық партиясы тегіс қосыла ма, жоқ па? Біздің революциялық қозғалысымызда көп нәрсе осыған байланысты, біздің социал-демократиялық қозғалысымызда осыған одан да көп нәрсе байланысты,—бәлкім, бұл қозғалыстың күллі тағдыры көп жылдар бойы осыған байланысты болар. Басқа елдерде қандай болғаны сияқты Россияда да социал-демократия демократияшыл бұқараның қалың ортасына енген күнде ғана тамыр жайып, нығая алады. Ал егер ол демократияның бір ғана жоғарғы, тіпті ең құнарлы деген қабатындағы дақылмен ғана тынса, онда жаңа дауыл оны орыс жерінен түп-тамырымен жұлып әкете алады; 1848 жылы француз социал-демократиясы немесе қырқыншы жылдары «чартистер қозғалысы» деген атпен белгілі болған ағылшын социал-демократиялық қозғалысы осындай оқиғаға ұшыраған еді».

Бланк мырзаның мақаласы осындай. Струве мырзаның «Освобождениесін» және кадеттердің ең соңғы кездегі жария баспасөзін құнттап оқыған әрбір адамға о бастан-ақ мәлім болған «кадетке» мейлінше тән пікірлердің бұл арада қиюластырылғаны соншалық, қазіргі саяси тактикаға баға беру орыс революциясының бастан кешкен кезеңіне баға беруге негізделеді. Біз ең алдымен *өткен дәуірдің* осы *бағасына*, ол бағаның дұрыс не теріс екендігіне тоқтап өтейік.

Бланк мырза орыс революциясының екі дәуірін салыстырады: бірінші дәуір, шамамен, 1905 жылдың октябрь — декабрін қамтиды. Бұл — революциялық құйын дәуірі. Екіншісі — қазіргі дәуір, мұны біздің, әрине, Дума сайлауында кадеттердің жеңіске жету дәуірі деп атауға немесе, алдын ала айтар болсақ, кадеттік Дума дәуірі деп атауға қақымыз бар.

Бұл дәуір туралы айта келіп, Бланк мырза ой мен парасаттың кезегі қайта келді, сондықтан саналы, жос-

парлы, жүйелі жұмысқа қайта оралуға болады дейді. Ал бірінші дәуірді Бланк мырза, мұның керісінше, теория мен практиканың қайшылық дәуірі деп сипаттайды. Барлық социал-демократиялық принциптер мен идеялар жоғалған, орыс социал-демократиясын құрушылар әрқашан уағыздап келген тактика ұмытылған, социал-демократиялық дүние танымның өзі де түп-тамырымен қопарылған дейді.

Бланк мырзаның бұл негізгі пайымдауы — таза фактілік сипаттағы пайымдау. Марксизмнің барлық теориясы революциялық құйын дәуірінің «практикасымен» қайшы келген көрінеді.

Бұл осылай ма? Маркстік теорияның бірінші және басты «негізі» қандай? Мынадай: қазіргі заманғы қоғамның ақырына дейін революцияшыл және сондықтан қандай да болса революцияда бірден-бір алдыңғы қатарлы табы — пролетариат болып табылады. Мынадай сұрақ туады: социал-демократиялық дүние танымның осы «негізін» революциялық құйын түп-тамырымен жұлып әкетпеді ме? Керісінше, құйын оны мейлінше жақсы нығайтты. Әуелде бұл дәуірдің бірден-бір дерлік, басты *күрескері* нақ пролетариат болды. Дүние жүзілік тарихта тұңғыш рет буржуазиялық революция күрестің таза пролетарлық құралын: бұқаралық саяси стачканы тіпті аса өркендеген капиталистік елдерде де болып көрмеген дәрежеде өте көп қолданумен көзге түсті. Струве мырзалар мен Бланк мырзалар Булыгин Думасына шақырып жатқан кезде, кадет профессорлар студенттерді оқуға шақырып жатқан кезде пролетариат тікелей революциялық күреске шықты. Пролетариат өзінің пролетарлық күрес құралымен Россияға, осылай айтуға болса, «конституцияны» алып берді, ал содан бері қарай ол «конституция» тек бүлдіріліп, кесіліп-кемітіліп, қырналып қана келеді. 1905 жылы октябрьде пролетариат РСДРП-ның *большевиктік* 3-съезінің қарарында *жарты жыл* бұрын айтылған күрестің тактикалық тәсілін қолданды, ол қарарда бұқаралық саяси стачканы көтеріліспен ұштастырудың маңыздылығына баса назар аударылған еді; — «революциялық құйынның» *күллі* дәуіріне, 1905 жылдың бүкіл соңғы ширегіне бұқара-

лық саяси стачканы көтеріліспен осылайша ұштастыру тән болды. Сонымен, ұсақ буржуазияның біз айтқан идеологы шындықты мейлінше арсыздықпен, мейлінше дөрекі түрде бұрмалады. Ол маркстік теория мен «революциялық құйынның» практикалық тәжірибесінің арасы алшақтағанын көрсететін бірде-бір *факт* келтірген жоқ; ол бұл құйынның «барлық социал-демократиялық принциптер мен идеяларды», «социал-демократиялық дүние танымның барлық негіздерін» тамаша қуаттайтын негізгі белгісін көмескілеуге тырысты.

ШЕГІНІС

КАДЕТ ПУБЛИЦИСТЕРІМЕН ЖӘНЕ ПРОФЕССОР ҒАЛЫМДАРЫМЕН БОЛҒАН ЖАЛПЫҒА ТҮСІНІКТІ ӘҢГІМЕ

Алайда, «құйын» дәуірінде маркстік принциптер мен идеялардың бәрі жоғалды-мыс деген осы адам айтқысыз теріс пікірге келуге Бланк мырзаны итермелеген шын себеп қандай? Бұл жағдайды талдап қараудың өзі өте қызықты: ол саясаттағы мещандықтың шын табиғатын біздің алдымызда үсті-үстіне әшкерелей түседі.

Саяси қызметтің әр түрлі тәсілдері тұрғысынан қарағанда «революциялық құйын» дәуірінің қазіргі, «кадеттік», дәуірден басты өзгешелігі қандай еді? халықтың тарихи творчествосының түрлі әдістері тұрғысынан қарағанда қандай еді? Ең алдымен және бәрінен бұрын мынада: «құйын» дәуірінде бұл творчествоның саяси өмірдің өзге дәуірлеріне жат кейбір ерекше әдістері қолданылған болатын. Ол әдістердің неғұрлым маңыздылары мынау: 1) *халықтың саяси бостандықты «тартып алуы»,*— оны ешқандай праволарсыз және заңдарсыз, ешқандай шек қоймастан жүзеге асыру (ең болмағанда университеттерде жиналыстар еркіндігі, баспасөздің, одақтардың, съездердің еркіндігі және т. б.); 2) *революциялық өкіметтің* жаңа органдарын,— жұмысшы, солдат, темір жолшы, шаруалар депутаттарының Советтерін, жаңа селолық және қалалық өкіметтер және басқаларын және т. с. құру. Бұл органдарды халықтың тек қана *революциялық* топтары құрды, бұл органдар халықтың өзіндік творчествосының жемісі ретінде, ескі полициялық бұғаулардан құтылған немесе

құтылып жатқан халықтың талап-жігерінің көрінісі ретінде қандай да болса заңдар мен нормалардан тыс, түгелдей революциялық жолмен құрылды. Бұлар, ақырында, құрамы мен қызмет етуі жағынан өздерінің бүкіл жаңа басталғандығына, стихиялылығына, қалыптаспағандығына, көмескілігіне қарамастан нақ *өкімет* органдары болды. Олар өкімет ретінде іс-әрекет етті, мәселен, баспаханаларды тартып алды (Петербург), революцияшыл халықтың өз праволарын жүзеге асыруына кедергі жасаған полиция шенділерін тұтқынға алып отырды (мұндай мысалдар және де жаңа өкіметтің тиісті органдары неғұрлым әлсіз болған, ал ескі өкімет неғұрлым күшті болған Петербургте болды). Олар халықты ескі үкіметке ақша бермеуге шақыра отырып, өкімет ретінде іс-әрекет етті. Олар ескі үкіметтің ақшасын конфискелеп (оңтүстіктегі темір жол стачка комитеттері), ол ақшаны жаңа, халықтық үкіметтің мұқтажына жұмсап отырды,— иә, сөз жоқ, бұл жаңа, халықтық үкіметтің немесе, егер қажет болса, революциялық үкіметтің бастамасы еді. Өзінің әлеуметтік-саяси сипаты жағынан мұның өзі халықтың революциялық элементтері диктатурасының нышаны еді,— сіздер бұған таң қалатын шығарсыздар, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза? сіздер бұл арада буржуа үшін диктатурамен мағынасы бірдей болатын «күшейтілген күзетті» көре алмай отырсыздар ғой? Диктатура дегеннің ғылыми ұғымы туралы сіздердің ешқандай түсініктеріңіз жоқ деп біз сіздерге бұдан бұрын айтқан болатынбыз. Біз қазір мұны сіздерге түсіндіреміз, бірақ әуелі «революциялық құйын» заманының іс-әрекетінің *үшінші* «әдісін»: *халыққа зорлық істеушілерге халықтың зорлықты қолдануын* көрсетеміз.

Біз суреттеген өкімет органдары, бастама күйіндегі, диктатура болды, өйткені бұл өкімет *ешқандай* басқа өкіметті, қайдан шыққан болса да *ешқандай* заңды, *ешқандай* норманы танымады. Шек қойылмаған, заңнан тыс, сөздің нағыз тура мағынасында алғанда күшке сүйенетін өкімет,— диктатура дегеніміздің өзі де осы. Бірақ бұл жаңа өкімет сүйенген және сүйенуге тырысқан күш бір топ әскери адамдар тартып алған найза

күші емес еді, «учаскенің» күші емес еді, ақшаның күші емес еді, қандай да болса бұрынғы, қалыптасқан мекемелердің күші емес еді. Мүлде олай емес. Жаңа өкіметтің жаңа органдарында қару да, ақша да, ескі мекемелер де болған жоқ. Олардың күші — күштің ескі құралдарымен ешбір ұқсастығы жоқ күш болатын, халықты ескі өкіметтің полициялық және басқа органдарының езуіне қарсы халықтың күшейтілген күзетін айтпағанда, «күшейтілген күзетке» ешбір ұқсастығы жоқ күш болатын, осыны ұғасыздар ма, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза?

Ал сонда бұл күш неге сүйенді? Ол халық бұқарасына сүйенді. Ескі өкіметтің барлық бұрынғы органдарынан бұл жаңа өкіметтің *негізгі* өзгешелігі осы. Бұрынғы органдар азшылықтың халықты, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын билеп-төстейтін органдары еді. Жаңа органдар халықтың, жұмысшылар мен шаруалардың азшылықты, ат төбеліндей аз ғана полициялық зорлықшыларды, артықша жағдайдағы үркердей дворяндар мен чиновниктерді билеп-төстейтін органдары болды. Халықтың *үстінен* диктатура жүргізудің революцияшыл *халықтың* диктатурасынан өзгешелігі осындай, мұны естеріңізде жақсылап сақтаңыздар, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза! Ескі өкімет азшылықтың диктатурасы болғандықтан, тек полициялық амал-айлалардың жәрдемімен ғана, халық бұқарасын өкіметке қатысудан, өкіметті бақылаудан алыстатудың, шеттетудің жәрдемімен ғана сақталып тұрған болатын. Ескі өкімет бұқараға мүлдем сенбейтін, жарық сәуледен қорқатын, алдаумен амалдап келген еді. Жаңа өкімет, орасан зор көпшіліктің диктатурасы болғандықтан, орасан зор бұқараға сенудің жәрдемімен ғана, бүкіл бұқараны мейлінше еркін, мейлінше кең, мейлінше күшті түрде өкіметке қатыстыруымен ғана сақталып тұра алады және сол арқылы сақталды. Жасырын ештеңе, астыртын ештеңе, ешқандай регламент, ешқандай ресмилік жоқ. Сен жұмысшы адамсың ба? Сенің Россияны бір топ полициялық зорлықшылардан құтқару жолында күрескің келе ме? Онда сен — бізге жолдассың. Өзіңнің депутатыңды сайла. Қалай қолайлы деп тапсаң, қазір-ақ, дереу

сайла,— біз оны біздің жұмысшы депутаттарының Советіне, шаруалар комитетіне, солдат депутаттарының Советіне және басқаларына және т. с. толық праволы мүше етіп шын ықыласпен, қуана қабылдаймыз. Бұл — жұрттың бәрі үшін ашық, барлық істерін бұқараның көз алдында істейтін, бұқараға жақын, тікелей бұқарадан шыққан өкімет, халық бұқарасы мен оның еркінің тікелей және бірден-бір органы.— Жаңа өкімет, немесе, дұрысында, оның бастамасы осындай болып еді, ал ескі өкіметтің жеңуі жас өсімдіктің өркендерін тым ерте таптап тастады.

Бланк мырза немесе Кизеветтер мырза, сіздер, бәлкім, мынаны сұрарсыздар: ал бұл арада «диктатураның» не керегі бар, «зорлықтың» не керегі бар? қаптаған қалың бұқара ат төбеліндей аз ғана топқа зорлық істеуге ділгер ме, ондаған, жүздеген миллион адам мыңдаған, он мыңдаған адамға диктатор бола ала ма?

Бұл сұрақты әдетте диктатура деген терминнің олар үшін жаңалық болатын мағынада қолданылуын бірінші рет көрген адамдар береді. Адамдар тек қана полициялық өкімет пен тек қана полициялық диктатураны көруге үйреніп қалған. Ешқандай полициясыз өкіметтің болуы мүмкін екені, полициялық емес диктатураның болуы мүмкін екені оларға таңқаларлық тәрізді көрінеді. Сіздер миллиондардың мыңдарға қарсы зорлығы керек емес дейсіздер ме? Сіздер қателесесіздер, қателескенде, құбылысты оның дамуы тұрғысынан қарамағандықтан қателесесіздер. Сіздер жаңа өкіметтің аспаннан түспейтінін, қайта ескі өкіметпен қатар, ескі өкіметке қарсы, онымен күресте өсіп шығатынын, пайда болатынын ұмытасыздар. Қолдарында билік құралдары мен органдары бар зорлықшыларға зорлық-зомбылық істемейінше халықты зорлықшылардан құтқаруға болмайды.

Бланк мырза мен Кизеветтер мырза, кадеттердің ақылы жетпейтін, кадеттердің ой өрісі үшін «бас қатырарлық» бұл кереметті сіздердің ұғып алуларыңыз үшін сіздерге мынадай кішкене ғана қарапайым мысал келтірейік. Аврамов Спиридонованы мертіктіріп, азаптап жатыр екен деңіздер. Спиридонованың жағында онда-

ған, жүздеген қарусыз адамдар бар екен делік. Аврамовтың жағында аз ғана казактар бар. Егер Спиридонова абақтыдан тыс жерде азапталып жатқан болса, халық не істеген болар еді? Халық Аврамов пен оның нөкерлеріне күш қолданған болар еді. Халық, бәлкім, бірнеше күрескерлерін Аврамовтың оғына құрбан еткен болар еді, бірақ қайткенде де Аврамов пен казактарды қарусыздандырған болар еді, сонымен бірге әлгі адамдардың, егер осылай деп айтуға болса, кейбіреулерін табанда өлтіріп салуы, ал қалғандарын бұдан әрі бұзақылық істемейтіндей ету үшін және оларды халық сотына тарту үшін әлдеқандай бір түрмеге отырғызуы әбден мүмкін.

Көріп отырсыздар, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза: Аврамов казактармен Спиридонованы азаптап жатса, ол халыққа жүргізген әскери-полициялық диктатура болады. Революцияшыл (насихаттау, ақыл айту, өкініш білдіру, сөгу, қынжылу, уайымдау ғана емес, зорлықшыларға қарсы күресу қолынан келетін, мещандық-топас емес, қайта революцияшыл) халық Аврамов пен Аврамовтарға күш қолданса, бұл — революцияшыл халықтың диктатурасы болады. *Диктатура* деген осы, өйткені бұл халықтың Аврамовқа жүргізетін өктемдігі, ешқандай заң шек қоймайтын өктемдік (мещан, бәлкім, Спиридонованы Аврамовтан күшпен құтқаруға қарсы болар еді: бұл «заңды» емес қой? бізде Аврамовты өлтірсін деген «заң» бар ма екен? мещандықтың кейбір идеологтары жауыздыққа күш қолданып қарсыласпау теориясын шығарған жоқ па *? дер еді). Диктатура дегеннің ғылыми ұғымы — ешбір шек қоймайтын, ешқандай заңдар, мүлдем ешқандай ережелер қысым көрсетпейтін, тура зорлық-зомбылыққа сүйенетін өкімет деген сөз, одан басқа түк те емес. «Диктатура» деген ұғым *осыдан басқа түк те емес*,— мұны жақсылап ескеріп қойыңыздар, кадет мырзалар. Сонан соң, өзіміз келтірген мысалдан біз дәл *халықтың* диктатурасын кө-

* Бердяев мырза! «Полярная Звезданың» немесе «Свобода и Культураның» [136] редакторлары мырзалар! Ұзақ ызыңдау үшін, .., яғни революционерлердің «бұзақылығына» қарсы ұзақ мақалалар жазу үшін сіздерге міне тағы бір тақырып табылды. Толстойды мещан деп атапты!! — кель оррер, барлық жағынан сүйкімді әйелдің айтқанындай [137],

реміз, өйткені ұйымдаспаған, белгілі бір жерге «кездейсоқ» жиналған халықтың өзі, халық бұқарасының өзі келіп тікелей сахнаға шығады, өзі сот құрып, жаза қолданады, билік жүргізеді, жаңа революциялық право жасайды. Ақырында, бұл — нақ *революцияшыл* халықтың диктатурасы. Неге бүкіл халықтың емес, тек революцияшыл халықтың ғана диктатурасы болады? Себебі — Аврамовтардың сойқандық істерінен әрдайым және мейлінше қатыгездік зәбір көріп отырған бүкіл халықтың ішінде соққы көріп езілген, қорқып қалған адамдар, мәселен, жауыздыққа күш қолданып қарсыласпау туралы теориямен рухани жағынан езілген, немесе тіпті теориямен емес, соқыр сеніммен, әдет-ғұрыппен, кертартпалықпен езілген адамдар бар, шиеленіскен күрестен аулақ болуға, оған жоламауға немесе тіпті жасырынып қалуға (осы төбелестің ішінде таяқ тиіп кетпесе игі еді!) неғұрлым бейім тұратын тоғышар, мещан деп аталатын, күреске немқұрайды қарайтын адамдар бар. Міне, сондықтан диктатураны бүкіл халық емес, тек революцияшыл халық қана жүзеге асырады, бірақ ол барлық халықтан ешбір қорықпайды, өз әрекеттерінің себептерін және ол әрекеттердің бүге-шігесін бүкіл халыққа айтып беріп отырады, мемлекетті «басқаруға» ғана емес, өкіметке де қатысуға және мемлекеттің құрылысының өзіне қатысуга *бүкіл* халықты құлшына тартып отырады.

Сонымен, біз келтірген қарапайым мысалда «революцияшыл халықтың диктатурасы» деген ғылыми ұғымның, сондай-ақ «әскери-полициялық диктатура» деген ұғымның *барлық элементтері* бар. Тіпті оқымысты кадет профессорға да түсінікті бұл қарапайым мысалдан біз қоғамдық өмірдің неғұрлым күрделі құбылыстарына көше аламыз.

Революция деген сөзді тар, тура мағынасында алғанда, ол, атап айтқанда, халық өмірінің Аврамовтардың сойқандық істеріне ғасырлар бойы іште жинақталған ашу-ыза сөз жүзінде емес, *қимыл* түрінде, жеке адамдардың емес, *миллиондаған халық бұқарасының* қимылы түрінде бұзып-жарып жарыққа шығатын дәуірі болып табылады. Халық өзін Аврамовтардан азат ету

үшін оянып, көтеріле бастайды. Халық орыс өмірінің сансыз көп Спиридоноваларын Аврамовтардан құтқарады, Аврамовтарға күш қолданады, Аврамовтарға билік жүргізеді. Бұл, әрине, профессор Кизеветтер мырза үшін біз түсінікті етіп көрсеткен мысалдағыдай оп-оңай және «бірден» бола коймайды,— халықтың Аврамовтарға қарсы бұл күресі, тар, тура мағынадағы күресі, халықты Аврамовтардан құтқару «революциялық құйынның» айларына, жылдарына созылады. Россиялық ұлы революция деп аталатын нәрсенің нақты мазмұны дегеніміздің өзі де халықтың осылайша Аврамовтардан құтылуы болып табылады. Егер бұлай құтылуды тарихи творчестволық әдістер жағынан қарайтын болсақ, мұның өзі революциялық құйын туралы айта келіп, біз жаңа ғана суреттеген формаларда болады, атап айтқанда: халықтың саяси бостандықты, яғни жүзеге асырылуына Аврамовтар кедергі жасап келген бостандықты күшпен орнатуы; — халықтың жаңа, революциялық өкіметін, Аврамовтарға билік жүргізетін өкіметін, ескі полициялық укладтың зорлықшыларына билік жүргізетін өкіметін құру;— барлық жабайы иттерді, барлық Аврамовтарды, Дурноволарды, Дубасовтарды, Миндерді және басқа сол сияқтыларды аластау, қарусыздандыру және зиянсыздандыру үшін халықтың Аврамовтарға күш қолдануы болады.

Халықтың бостандықты күшпен орнатуы, ешкім формальды түрде танымаған, жаңа, революциялық өкімет құруы сияқты күрестің заңсыз, тәртіпке келтірілмеген, жоспарсыз, жүйесіз әдістерін қолдануы, халықты езушілерге күш қолдануы жақсы ма? Иә, бұл өте жақсы. Бұл — халықтың бостандық жолындағы күресінің ең жоғары көрінісі. Бұл — Россияның таңдаулы адамдарының бостандық туралы арманы *іске* асып жатқан, жеке-дара ерлердің емес, халық бұқарасының өз ісіне айналып жатқан ұлы кезең. Бұқараның Спиридонованы Аврамовтан құтқаруы (біздің мысалымыздағы), Аврамовты күшпен қарусыздандыруы және зиянсыздандыруы қандай жақсы болса, бұл да сондай жақсы.

Ал міне, осы арада біз кадеттердің жасырын ойлары мен қауіптерінің басты пунктіне келеміз. Кадет — ме-

щандықтың идеологы, өйткені ол Аврамовтың Спиридонованы азаптауы жөніндегі біздің мысалымызда келтірілген тобырды тоқтатуға тырысатын, заңды бұзбауға, заңды өкіметтің атынан әрекет етуші жендеттің қолынан құрбандықты азат етуге асықпауға кеңес беретін тоғышардың көзқарасын саясатқа, бүкіл халықты азат етуге, революцияга әкеліп пайдаланады. Әрине, біздің мысалымызда мұндай тоғышар адамгершілігі жағынан тура кемтар болған болар еді, бірақ бүкіл қоғамдық өмірге қолданғанда мещанның адамгершілік жағынан алғандағы кемтарлығы, қайталап айтамыз, адамның әсте жеке басының емес, қайта әлеуметтік қасиет, мұның, бәлкім, буржуазиялық-филистерлік право ғылымының соқыр сенімдерінің миға мықтап сіңіп қалғандығына байланысты болуы ықтимал.

«Құйын» дәуірінде Бланк мырзаның барлық маркстік принциптердің ұмытылғандығы тіпті дәлелдеуді керек етпейді деп санайтындығының себебі не? Мұның себебі — ол бостандықты күшпен орнату сияқты, революциялық өкімет құру сияқты, халықтың күш қолдануы сияқты «принциптерді» маркстік «принциптер» емес деп санап, марксизмді бұрмалап, брентанизмге айналдырып отыр. Бланк мырзаның бүкіл мақаласында, бір Бланктың емес-ау, барлық кадеттердің, қазір кадеттерді жақсы көретіндігі үшін Плехановты мақтап жүрген «Без Заглавиядағы» [138] бернштейншілдерге, Прокопович, Кускова және tutti quanti * мырзаларға дейінгі либералдық және радикалдық лагерьдегі барлық жазушылардың мақалаларында бастан-аяқ осы пікір айтылады.

Бұл көзқарастың қалай туғанын және оның неліктен тууға тиіс болғанын қарап көрейік.

Бұл көзқарас батыс европалық социал-демократияның тікелей бернштейншілдік немесе, кеңірек алғанда, оппортунистік түсінігінен туды. Бұл түсініктің Батыста «ортодокстар» үздіксіз және барлық жағынан бірдей әшкерелеген қателері қазіргі «дүрбелең кезде», басқа тұздықпен, басқа сылтаулармен Россияға көшірілу-

* — соларға ұқсас. *Ред.*

де. Бернштейншілдер марксизмді оның тікелей-революциялық жағын *алып тастап қана* қабылдады және солай қабылдап отыр. Парламенттік күресті олар күрестің әсіресе, белгілі бір тарихи дәуірлерде қолдануға жарамды құралдарының бірі деп қарамайды, қайта күрестің «күш қолдануды», «басып алуды», «диктатураны» керексіз ететін басты және бірден-бір дерлік формасы деп қарайды. Бланк мырзалар, Плехановтың басқа да либерал мақтаушылары марксизмді осылай мещандық азғындықпен бұрмалаушылықты енді Россияға көшіріп те отыр. Олардың бұл бұрмалаушылықтарға еті үйреніп кеткендігі соншалық, революциялық құйын дәуірінде маркстік принциптер мен идеялардың естен шығарылғандығын дәлелдеп жатуды керек деп те санамайды.

Мұндай көзқарас неге тууға тиісті болды? Мұның себебі — бұл көзқарас ұсақ буржуазияның таптық жағдайы мен мүдделеріне мейлінше түбірінен сай келеді. «Тазартылған» буржуазиялық қоғамның идеологы социал-демократия күресінің *барлық* әдістерін, *тек қана «құйын» заманында революцияшыл халықтың қолданғанынан басқаларын* және революциялық социал-демократия мақұлдап, қолдануға көмектескенінен *басқаларын* мүмкін деп санайды. Буржуазияның мүдделері пролетариаттың самодержавиеге қарсы күреске қатысуын талап етеді, бірақ пролетариат пен шаруалар үстемдік алып кетпейтіндей болып қатысуын, ескі, самодержавиелік-крепостниктік және полициялық өкімет органдарын мүлдем жоймайтындай болып қана қатысуын талап етеді. Буржуазия бұл органдарды өзінің тікелей бақылауына бағындырып қана сақтағысы келеді,— бұл органдар буржуазияға *пролетариатқа қарсы* күресу үшін керек, ал бұл органдардың толық жойылуы пролетариаттың пролетарлық күрес жүргізуін тым жеңілдеткен болар еді. Тап ретінде буржуазия мүдделерінің монархияны да, жоғарғы палатаны да талап ететіні сондықтан, революцияшыл халықтың диктатурасына жол берілмеуін талап ететіні сондықтан. Самодержавиемен күрес, дейді буржуазия пролетариатқа, бірақ ескі өкімет органдарына тиме,— олар маған керек.

«Парламентше» күрес, яғни мен монархиямен келісіп алып, саған қандай шеңберде күрес десем, сондай шеңберде күрес, ұйымдар арқылы күрес,— бірақ жаппай стачкалық комитет, жұмысшы, солдат депутаттарының Советтері, т. б. сияқты ұйымдар арқылы емес, менің монархиямен келісіп алып шығарған заңым танитын, шектейтін және капитал жөнінде зиянсыздандырып отыратын ұйымдар арқылы күрес.

Буржуазияның неліктен «құйын» дәуірі туралы менсінбей, жирене, кектене, өшпенділікпен айтатындығы *, ал Дубасов қорғап отырған конституционализм дәуірі туралы масаттана, шаттана, реакцияға... мещандық шексіз сүйіспеншілікпен айтатындығы әлгі айтылғандардан түсінікті. Мұның өзі кадеттердің: халыққа сүйенуге тырысатын және оның революциялық қимыл-әрекетінен қорқатын сол баяғы тұрақты және өзгермес қасиеті.

Құйынның қайталауынан буржуазияның өрттен бетер қорқатындығының себебі де, жаңа революциялық дағдарыстың элементтерін оның елемей, көмескілейтінінің себебі де, халық ішінде конституциялық жалған үміттерді қолдап, тарататындығының себебі де түсінікті.

Бланк мырза мен сол сияқтылардың «құйын» дәуірінде барлық маркстік принциптер мен идеялар ұмытылды деп жариялайтындығының себебі не екенін біз енді толық түсіндірдік. Барлық мещандар сияқты, Бланк мырза марксизмді оның революциялық жағын *алып тастап* мойындайды,— күрестің социал-демократиялық тәсілдерін оның ең революциялық және тікелей-революциялық тәсілдерін *алып тастап* мойындайды.

* Мәселен, «Русские Ведомостидің» 1906 жылғы 1-номерінде Шаруалар одағының жұмысы туралы берген бағасын,— революциялық демократияның пугачевтік талаптары үшін, жерді басып алу ісін, жаңа өкімет орнатуды қостағаны және басқалары үшін оның үстінен Дубасовқа жеткізілген шағымды салыстырыңыз. Тіпті «Без Заглавиядағы» (№ 10) солшыл кадеттер де «Русские Ведомостиді» осы бағасы үшін оны «Московские Ведомостимен» орынды салыстырып, ұялтып тастады. Амал не, солшыл кадеттер «Русские Ведомостиді» ұялтқанда, оны бір ақталып отырған сияқты көріп ұялтады. «Без Заглавия» Шаруалар одағын қорғайды, ал контрреволюциялық буржуазияны айыптамайды. «Русские Ведомостимен» айтысудың бұл оншама лайықты емес әдісін қолданудың себебі — «яһудилік үрей» ме, не болмаса, бұл органға Бланк мырзаның жазып тұратындығы ма,— оншасын білмеймін. Солшыл кадеттер қанша айтқанмен кадеттер ғой.

Бланк мырзаның «құйын» дәуіріне көзқарасы — буржуазияның пролетарлық қозғалыстарды түсінбеуінің, буржуазияның шиеленіскен және батыл күрестен қорқуының, әлеуметтік-тарихи мәселелерді шешудің ескі тәртіптерді қиратып, аяусыз, сөздің тура мағынасында алғанда революциялық әдістерінің барлық көріністеріне буржуазиялық өшпенділіктің мысалы ретінде өтемөте тән көзқарас. Бланк мырза өзінің сырын ашып алды, өзінің бүкіл буржуазиялық өресіздігінің сырын бірден ашып алды. Ол социал-демократтар құйын дәуірінде «қате» істеді дегенді есітті, оқыды,—ол марксизмнің барлық «принциптері» (бұл принциптер туралы оның түсінігі де жоқ!) ұмытылды деп қорытынды жасауға және ор көкіректікпен, үзілді-кесілді, дәлелсіз жалаң мәлімдеме жасауға асықты. Бұл «қателер» жөнінде біз мынаны ескертейік: жұмысшы қозғалысының дамуында, социал-демократияның дамуында белгілі бір қателер істелмеген дәуір болды ма? белгілі бір дәрежеде оңға не солға ауытқушылық аңғарылмаған дәуір болды ма? герман социал-демократиялық күресінің парламенттік дәуірінің — бүкіл әлемдегі өресіз буржуалардың бәріне асу бермес асқар шың болып көрінетін дәуірінің! — тарихы осындай қателерге толы емес пе? Егер Бланк мырза социализм мәселелерінде барып тұрған миғұла болмаса, ол Мюльбергерді де, Дюрингті де, Dampfersubvention [139] туралы мәселені де, «жастарды» [140] да, бернштейншілдікті де, көптеген басқаны, басқаны да оп-оңай есіне түсірген болар еді. Бірақ Бланк мырзаға маңыздысы социал-демократия дамуының шын барысын зерттеу емес, оған өзінің кадеттік партиясының буржуазиялық бейшаралығын дәріптеу үшін күрестің пролетарлық серпінділігін төмендету ғана керек.

Шынында да, егер біз іске социал-демократияның өзінің дағдылы, «бір қалыпты» жолынан ауытқуы тұрғысынан қарайтын болсақ, онда біз «революциялық құйын» дәуірінің бұл жағынан да социал-демократияның топтасқандығы мен идеялық тұтастығы, өткендегімен салыстырғанда, кем емес, *артық* болғанын көрсететінді-

гіне көзіміз жетеді. «Құйын» заманының тактикасы социал-демократияның екі жақ қанатын алыстатқан жоқ, қайта жақындата түсті. Қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі бұрынғы алауыздықтардың орнына көзқарастар бірлігі орнады. Екі фракцияның да социал-демократтары жұмысшы депутаттарының Советтерінде, бастапқы революциялық өкіметтің осы бір өзгеше органдарында жұмыс істеп, солдаттарды, шаруаларды бұл Советтерге тартып отырды, ұсақ буржуазиялық революциялық партиялармен бірігіп, революциялық манифестер шығарып отырды. Революцияға дейінгі заманның бұрынғы таластарының орнына практикалық мәселелер жөніндегі ынтымақтастық орнады. Революциялық толқынның өрлеуі жауынгерлік тактиканы тануға мәжбүр етіп, Дума туралы мәселені жойып, көтеріліс туралы мәселені күн тәртібіне қойып, таяудағы қоян-қолтық жұмыста социал-демократия мен революциялық буржуазиялық демократияны жақындастырып, алауыздықтарды кейін ысырып тастады. «Северный Голоса»[141] меньшевиктер большевиктермен бірге стачкаға және көтеріліске шақырды, жұмысшыларды өкіметті өз қолдарына алғанға дейін күресті тоқтатпауға шақырды. Практикалық ұрандарды революциялық жағдайдың өзі айтып берді. Таластар оқиғаларға баға берудің ұсақ-түйек жайлары жөнінде ғана болды: мәселен, «Начало»[142] жұмысшы депутаттарының Советтерін революциялық өзін өзі басқару органдары деп, «Новая Жизнь» — революциялық өкіметтің пролетариат пен революциялық демократияны біріктіретін бастапқы органдары деп білді.

«Начало» пролетариат диктатурасына қарай бой ұрды. «Новая Жизнь» пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы көзқарасының тұрғысында болды. Бірақ қандай болса да европалық социалистік партияның дамуындағы кез келген дәуір социал-демократияның ішінде осындай және осыған ұқсас алауыздықтардың болғанын бізге көрсетіп отырған жоқ па?

Жоқ, Бланк мырзаның істі бұрмалауының, кешегі күн тарихының өрескел өңін айналдыруының себебі мынау, тек мынау ғана: менменсінген буржуазияшыл

азғын адамның үлгісін көріп отырмыз, оған революциялық құйын дәуірлері ақылсыздық болып көрінеді («барлық принциптер ұмытылған», «ойдың өзі және қарапайым парасат жоғалды деуге болады»), ал революцияны басып-жаншудың және мещандық (Дубасовтар қорғап отырған) «прогрестің» дәуірлері парасатты, саналы және жоспарлы жұмыстың заманы болып көрінеді. Бұл екі дәуірге («құйын» дәуірі мен кадеттік дәуір) екеуін салыстыра отырып баға беру Бланк мырзаның бүкіл мақаласының өзегі болып табылады. Адамзат тарихы локомотивтің шапшаңдығымен алға басқан кезде, ол — «құйын», «тасқын», барлық «принциптер мен идеялардың» «жоғалғапы» болады екен. Тарих өгіз арбаның шапшаңдығымен жылжып бара жатқан кезде, ол — нағыз парасат, нағыз жоспарлылық болады екен. Халық бұқарасының өзі, өзінің бүкіл кіршіксіз таза қарапайымдылығымен, жай, дөрекілеу батылдығымен тарихты жасай бастаса, «принциптер мен теорияларды» тікелей және дереу жүзеге асыра бастаса,— онда буржуа қорқынышты сезіп, «парасат кейінге ығысып барады» деп байбалам салады (керісінше емес пе екен, мещандықтың қаһармандары-ау? нақ осындай кезеңдерде жеке адамдардың ақылы емес, бұқараның ақылы тарихта алға шықпай ма, нақ сонда бұқаралық ақыл кабинеттік күш болмай, өміршең, ықпалды күшке айналмай ма?). Бұқараның тікелей қозғалысы атыс-шабыспен, жазалауларымен, дүрелеумен, жұмыссыздықпен және аштықпен басылып-жаншылған кезде, Дубасовтардың ақшасымен күн көретін профессорлық ғылымның қандалалары қуыс-қуыстан шығып, халық *үшін, бұқараның атынан* іс істей бастап, бұқараның мүдделерін артықша жағдайдағы үркердей шағын топқа сатып, опасыздық істей бастаған кезде — бұл кезде мещандықтың серілеріне тыныштандырылған, сабырлы прогресс заманы туған, «ой мен парасаттың кезегі келген» тәрізді болып көрінеді. Буржуа әрқашан және барлық жерде өзінің ұстаған жолынан айнымайды: сіз «Полярная Звезданы» немесе «Наша Жизньді» аласыз ба, Струвенің немесе Бланктің жазғандарын оқисыз ба,— барлық жерде де көретініңіз бір ғана,— революциялық және ре-

формистік дәуірлерге берілген әлгі өресіз, профессорлық-педанттық, чиновниктік-өлі баға. Біріншілері — ақылсыздық, tolle Jahre, ой мен парасаттың жоғалу дәуірлері. Екіншілері — «саналы, жүйелі» қызмет дәуірлері.

Менің сөздеріме теріс мағына бермеңіздер. Мені Бланк мырзалардың белгілі бір дәуірлерді артық көретіні туралы сөз қылып отыр деп айтпаңыздар. Әңгіме әсте артық көруде емес,— тарихи дәуірлердің ауысуы біздің субъективті түрде артық көруімізге байланысты емес. Әңгіме мынада: белгілі бір дәуірдің *қасиеттерін талдағанда* (оның біздің артық көруімізбен немесе біздің тілеулестігімізбен еш байланысы жоқ), Бланк мырзалар *шындықты* арсыздықпен *бұрмалайды*. Әңгіме мынада: мещандық, кадеттік, реформистік прогресс дәуірлерімен салыстырғанда, атап айтқанда, революциялық дәуірлер тарихи творчествоның мейлінше ауқымдылығымен, мейлінше байлығымен, мейлінше сапалылығымен, мейлінше жоспарлылығымен, мейлінше жүйелілігімен, мейлінше батылдығымен және айқындылығымен ерекше болады. Ал Бланк мырзалар істің өңін айналдырып суреттейді! Олар бейшаралықты тарихи-творчестволық байлық деп көрсетеді. Олар езілген немесе жаншылған бұқараның енжарлығын чиновниктердің, буржуйлардың жұмысындағы «жүйеліліктің» салтанат құруы деп біледі. Әр түрлі кеңсе чиновниктері мен либерал penny-a-liner-лердің (әрбір жол жазғанына ақы алып күн көретін шимайшылардың) заң жобаларын турап кескілеуінің орнына халықты езу органдарын тікелей, дереу бұза бастайтын, өкіметті күшпен алатын, халықтың әр түрлі тонаушыларының қарамағында деп саналып келгеннің бәрін өз қолына алатын «қарапайым халықтың» тікелей саяси жұмысының дәуірі туған кезде, қысқасы, атап айтқанда езгі көрген миллиондаған адамдардың ойы мен парасаттылығы оянып келе жатқан кезде, оянғанда тек кітапшалар оқу үшін емес, қайта іс үшін, өміршең, адамзаттық іс үшін, тарихи творчество үшін оянып келе жатқан кезде Бланк мырзалар ой мен парасаттың жоғалғаны туралы байбалам салады.

Бұл кадет сабаздың қандайлық кісімсініп пайымдайтынын қараңыздаршы: «Құйын үйіріп ала жөнелді де, *сол орнында* тына қалды» дейді. Иә, егер либерал мещандар әлі тірі болса, оларды Дубасовтар жәукемдеп тастамаған болса, бұл — *нақ сол құйынның ғана арқасы.* «Сол орнында» — дейсіз бе сіз? Россия 1905 жылы сентябрьде қай орында болса, 1906 жылы көктемде де сол орнында қалды ма?

Иә, бүкіл «кадеттік» дәуірдің өн бойында Дубасовтар мен Дурноволар Россияны 1905 жылдың сентябріне қайта оралту үшін оны «саналы, жоспарлы және жүйелі түрде» кері сүйрейді және *кері сүйрей бермекші, бірақ олардың күштері жетпей отыр,* өйткені құйын кезінде пролетар, темір жолшы, шаруа, бүлікші солдат бүкіл Россияны локомотивтің шапшаңдығымен алға бастырып жіберді.

Егер бұл ақылсыз құйын шынымен тынған болса, онда кадеттік Думаның қолжуғышты дәнекерлеу туралы мәселемен шұғылдануынан басқа түк қалмаған болар еді.

Бірақ құйынның тынған-тынбағаны туралы мәселенің дербес және таза ғылыми мәселе екенін, бұған берілетін жауап тактиканың толып жатқан мәселелерінің тағдырын күн ілгері шешетінін және, керісінше, бұған жауап бермейінше қазіргі замандағы тактиканың мәселелерін белгілі бір дәрежеде ой жүгіртіп айыра білуге болмайтынын Бланк мырза аңғармайды да. Бланк мырза құйын формасында қозғалу үшін қазір жағдайлардың жоқтығы туралы қорытындыға белгілі бір деректер мен пікірлерді талдау негізінде келген жоқ (егер негізделе қалса, мұндай қорытындының тактиканы анықтарда шынымен түбегейлі маңызы болар еді, өйткені, қайталап айтамыз, бұл анықтауды белгілі бір жолды жай ғана «артық көрумен» негіздеуге болмайды) — жоқ, ол өзінің басқаша болуы мүмкін де емес деген терең (және тым терең өресіз) сенімін тура және ашық білдіреді. 1848 жылды әлдеқашан-ақ «сорақы жыл» деп жариялаған Витте, Дурново, Бюлов мырзалар және басқа чиновник-немістер «құйынға» қалай қарайтын болса, затында, Бланк мырза оған дәл солай қарайды.

Бланк мырза құйынның тынғаны туралы сөздерімен ғылыми пікір білдірмейді, филистерлік жарыместік білдіреді, филистер үшін кез келген құйып және жалпы құйын атаулы «ой мен парасаттың жоғалғаны» болып табылады.

«Социал-демократия өзінің бастапқы қалпына қайтып оралды» — деп сендірмек болады бізді Бланк мырза. Меньшевиктердің жаңа тактикасы орыстың социал-демократиялық қозғалысын бүкіл халықаралық социал-демократия жүріп келе жатқан жолға бағыттап отыр.

Өздеріңіз көріп отырсыздар: неліктен екенін кім білсін, парламенттік жолды Бланк мырза «бастапқы қалып» (Россия үшін бұл жол социал-демократияның бастапқы қалпы бола алмаса да) деп жариялайды. Парламенттік жолды Бланк мырза халықаралық социал-демократияның, былайша айтқанда, дұрыс, басты және бәрін қамтитын, бірден-бір, жалғыз жолы деп санайды. Бұл жөнінде немістің либерал баспасөзінде басым болып жүрген және бір кезде бернштейншілдік үлгі етіп алған социал-демократизмді буржуазиялық бұрмалауды өзінің түгелдей қайталап отырғанын Бланк мырза сезбейді де. Күрес тәсілдерінің біреуі либерал буржуаға бірден-бір тәсіл болып көрінеді. Жұмысшы қозғалысы мен тап күресін Брентаноша түсіну бұл арада әсерін толық тигізіп отыр. Объективті жағдайлар буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу туралы мәселені тарихтың күн тәртібінен алып тастаған кезде ғана, парламенттік құрылыс буржуазия үстемдігінің нағыз басты формасына және әлеуметтік күрестің басты аренасына айналған кезде ғана европалық социал-демократияның парламенттік жолға түскенін және түсе алғанын Бланк мырза сезбейді де. Ол Россияда парламент пен парламенттік құрылыс бар ма, жоқ па деп те ойламайды, қайта: социал-демократия өзінің бастапқы қалпына *қайтып оралды* деген үзілді-кесілді ұйғарым жасайды. Буржуазиялық парасат *тек* аяқталмаған демократиялық революцияны *ғана* біледі (өйткені буржуазиялық *мүдделердің* негізінде революцияны ақырына дейін жеткізбеу мақсаты жатады). Буржуазиялық парасат күрестің қандай болса да парламенттік емес

әдісінен, бұқараның қандай болса да ашық бас көтеруінен, сөздің тура мағынасындағы қандай болса да революциядан бойын аулақ салады. Буржуа «бас айналдыратын құйынды» тоқтату үшін жалған парламентаризмнің қандайын болса да нағыз шын парламентаризм деп жариялауға, әйгілеуге және қабылдауға ырықсыз түрде асығады (ол «құйынның» өзі көптеген кеуекбас буржуалардың басы үшін ғана емес, олардың қалтасы үшін де қауіпті). Міне, осы себептен Россияда күрестің парламенттік әдісін үлкен маңызы бар әдіс деп және «құйын» формасындағы қозғалыс сарқылып болды деп тануға бола ма, жоқ па деген ғылыми және нағыз маңызды мәселені,— бұл мәселені кадет мырзалар тіпті түсіне де алмайды. Бұл түсінбеушіліктің материалдық, таптық астары әбден айқын: кадеттік Думаны бейбіт стачкамен немесе басқаша бой көрсетумен қолдай берсін, бірақ елеулі, батыл, жойқын күрес туралы, самодержавие мен монархияға қарсы көтеріліс жасау туралы тек ойламаса болды дейді.

Дубасов жеңістерінің дәуірі туралы Бланк мырза масаттана айтып, «қазір ақыл-ой мен парасаттың кезегі қайта келді» дейді. Мынаны білесіз бе, Бланк мырза? III Александрдың заманы туралы «ақыл-ой мен парасаттың кезегі келді» дерліктей дәрежеде айтуға боларлық заман Россияда болған жоқ қой! Расында да солай ғой. Нақ сол заманда бұрынғы орыс халықшылдары болашаққа бір ғана қиялмен көз жіберуін тоқтатып, Россияның экономикалық өмір шындығы жөнінде орыстың қоғамдық ой-пікірін байытқан зерттеулер берді. Нақ сол заманда орыстың революциялық ой-пікірі дүниеге социал-демократиялық көзқарастың негіздерін салып, неғұрлым өнімді жұмыс істеді. Иә, біздер, революционерлер, реакциялық дәуірлердің революциялық ролін бекерге шығару пікірінен аулақпыз. Қоғамдық қозғалыстың формасы өзгеріп отыратындығын, халық бұқарасының тікелей саяси творчествосының дәуірлері тарихта сыртқы тыныштық орнайтын, каторгалық жұмыстан және мұқтаждықтан езіліп-жаншылған бұқара үндемейтін немесе ұйықтап жататын (сірә, ұйықтап жатады), өндіріс әдістері өте шапшаң революцияшыл-

даньтп отыратын, адамзат ақыл-ойының озық өкілдерінің ой-пікірі өткен заманның қорытындыларын шығарып, зерттеудің жаңа жүйелері мен жаңа әдістерін жасайтын дәуірлермен ауысып отыратындығын біз білеміз. Европада да 1848 жылғы революция күшпен басылғаннан кейінгі дәуір бұрын болып көрмеген дәрежедегі экономикалық прогреспен және ой-пікірдің мықтап жұмыс істеуімен ерекшеленді, бұл ой-пікір, басқасын былай қойғанда, Маркстің «Капиталын» туғызды. Бір сөзбен айтқанда, саяси қайраткердің түрмеде отыруы оның ғылыммен айналысып, еңбектер жазуына қандай жәрдем етсе, адамзаттың тарихи дәуірлерінде кейде дәл солай «ақыл-ой мен парасаттың кезегі» келеді.

Бірақ біздің буржуазиялық филистердің сорлылығы да оның өз ескертуінің осы, былайша айтқанда, түрмелік немесе дубасовтық сипатын ұқпайтынында. Ол мына түбегейлі мәселені ескермейді: орыс революциясы тұншықтырылды ма немесе жаңадан өрлеп келе жатыр ма? қоғамдық қозғалыстың формасы революциялық формадан дубасовшылдыққа бейімделіп өзгерді ме? «құйын» үшін күш сарқылды ма немесе әлі бар ма? Буржуазиялық парасат мұндай сұрақтарды қоймайды, өйткені ол үшін жалпы революция атаулы ақылға сыйымсыз құйын, ал реформа — ақыл-ой мен парасат кезегінің келуі болып табылады.

Оның ұйым туралы өте ғибратты пікірін қарап көріңіздерші. Ақыл-ой мен парасаттың «бірінші жұмысы», деп сәуегейсиді ол бізге, «орыс революциясының бірінші дәуірінде, оның Sturm-und-Drang-Zeit *-інде болғанның қайталануына қарсы, яғни революциялық тасқындар мен дауылдардың қиратушылық әрекеттеріне қарсы алдын ала шаралар қабылдау болуы керек. Бұған ұйымды кеңейтіп, нығайту ғана бірден-бір шыпайы құрал бола алады».

Көріп отырсыздар: кадеттің ойынша, дауылды дәуір ұйымдар мен ұйымшылдықты бұзып келген көрінеді (Струвенің революциядағы анархияға, стихияға, өкі-

* — дауылдар мен шабуыл дәуірі. *Ред.*

метсіздікке, т. т., т. с. қарсы мақалалары басылған «Новое Времяны», яғни «Полярная Звезданы» қараңыз), ал Дубасовтар күзетіп отырған ақыл-ой мен парасат дәуірі ұйымдар құру дәуірі болып табылатын көрінеді. Революция — жаман, ол ұйымды қиратады, ол — дауыл, бас айналдыратын құйын дейді. Реакция — жақсы, ол ұйымды құрады, ол оңнан соққан жел және саналы, жоспарлы, жүйелі қызмет ететін кезең дейді.

Кадет партиясының философы тағы да революцияға жала жауып отыр және қозғалыстың буржуазиялық-өресіз формалары мен шарттарына өзінің барынша ынтықтығын көрсетіп алады. Дауыл ұйымдарды қиратыпты! Неткен сорақы өтірік! Халық бұқарасының өздігінен туған еркін ұйымдары үшін орыстың революциялық құйынының алты аптасындағыдай, революцияға жала жабушылар барлық принциптер мен идеялар ұмытылған кез, парасат пен ақыл-ой жойылған кез деп жүрген алты аптадағыдай зор іс тындырылған осындай кезеңді орыс немесе бүкіл дүние жүзі тарихынан атап көріңізші, осындай алты айды немесе алты жылды тауып беріңізші. Бүкіл россиялық жаппай стачка немене еді? Сіздерше, ол ұйым емес пе? Ол полициялық кітаптарда тіркелмеген, ол тұрақты ұйым емес, сіздер оны есепке алғыларыңыз келмейді. Саяси ұйымдарды алыңыз. Жұмысшы халықтың, қарапайым бұқараның саяси ұйымдарға ынталана кіруі, саяси одақтардың құрамын соншалықты зор өсіруі, жұмысшы депутаттарының Советтері сияқты ерекше жартылай саяси ұйымдарды құруы еш уақытта нақ осындай болып көрмегенін сіздер білесіздер ме? Бірақ сіздер пролетариаттың саяси ұйымдарынан қорқасыздар. Сіздерге, барып тұрған брентаношылдарға, кәсіпшілік ұйымдар буржуазия үшін неғұрлым қауіпсіз (сондықтан неғұрлым байсалды, неғұрлым елеулі) болып көрінеді. Кәсіпшілік ұйымдарды алайық, сонда біз, революциялық кезеңде оларды елемеу туралы барлық филистерлік өсектерге қарамастан, Россияда кәсіпшілік жұмысшы ұйымдарының соншама қисапсыз көп құрылуы еш уақытта дәл бұл күндердегідей болмағанын көреміз. Социалистік, тек қана социалистік газеттердің, «Новая Жизньнің»

де, «Началоның» да беттері үсті-үстіне жаңа кәсіпшілік ұйымдар туралы хабарларға толы болды. Пролетариаттың «жоспарлы және жүйелі» мещандық прогресс дәуірінде ондаған жылдар бойында оятуы неғайбыл болған үй қызметшілері сияқты топтары ұйымдасуға аса бейім екенін және ұйымдаса алатынын көрсетті. Шаруалар одағын алыңыз. Қазір бұл одақ туралы өр көкіректікпен менсінбей пікір айтатын кадетті кездестіру өте оңай: несі бар, мұның өзі жартылай жалған ұйым ғой! Ол ұйымның қазір ізі де қалған жоқ қой!— дейді ол. Иә, мырзалар, егер сіздердің кадеттік ұйымдарыңыздың жазалау экспедицияларына қарсы, деревняның сансыз көп Луженовскийлеріне, Римандарына, Филоповтарына, Аврамовтарына және Ждановтарына қарсы күресуіне тура келсе, олардан не қалғанын көрер едім. Шаруалар одағы революциялық құйын дәуірінде асқан зор шапшаңдықпен өсті. Оның өзі нағыз халықтық, бұқаралық ұйым еді, ол, әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын, шаруалардың саяси творчествосының өрісін тарылтпай, қайта кеңейтіп келген, көбіне революцияшыл шаруалар мен либерал помещиктердің арасында келісімге келудің әр түрлі жобаларын жасауға бейім тұратын жартылай интеллигенттерді сахнаға шығармай, чиновниктер мен помещиктерге өш шаруалардың өздерін сахнаға шығарып келген ұйымы еді. Жоқ, Шаруалар одағын менсінбеу жөнінде жұртқа таратылып жүрген лақаптардан бәрінен бұрын халықтың революциялық қимыл-әрекетіне сенбейтін және мұндай қимыл-әрекеттен қорқатын кадеттің филистерлік-буржуазиялық өресіздігі көрінеді. Шаруалар одағы бостандық күндерінде ең қуатты шындықтың бірі болды, сондықтан былай деп сеніммен болжап айтуға болады: егер Луженовскийлер мен Римандар он мыңдаған алдыңғы қатарлы шаруа жастарын тағы да қырып тастамаса, егер тағы біраз бостан-

дық самалы есетін болса, бұл одақ күн сайын емес, сағат сайын өседі, бұл сондай ұйым болады, қазіргі кадеттік комитеттер онымен салыстырғанда ат төбеліндей болып қана көрінетін болады *.

Қорытындылаймыз: халықтың, әсіресе пролетариаттың, ал одан соң шаруалардың да ұйымдастырушылық творчествосы тарихи прогрестің тыныш (өгіз аяң) деп аталатын дәуірлеріндегіден гөрі революциялық құйындар дәуірінде миллион есе күштірек, молырақ, өнімдірек болады. Бланк мырзалардың керісінше пікірі тарихты буржуазиялық-чиновниктік бұрмалау болып табылады. Момақан буржуа мен адал чиновникке полициялық кітаптарда әбден мұқияттап тіркелген және әр түрлі «уақытша ережелерге» мұқияттап сәйкестендірілген ұйымдар ғана «нағыз» ұйымдар болып көрінеді. Уақытша ережелер болмаса, жоспарлылық пен жүйелілік болады екен деп ол ойламайды да. Сондықтан кадет жариялылықты романтикалық түрде жек көретіндігін және экономиканы аристократтықпен елемейтіндігін айтқанында оның даурықпа сөздерінің шын маңызы жөнінде алданып қалмау керек. Бұл сөздердің шын маңызы біреу: халықтың революциялық қимыләрекетінен буржуазиялық-оппортунистік қорқушылық.

Ақырында, Бланк мырзаның кадеттік «теориясындағы» соңғы пунктті: жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократияның қатынасын алып қарайық. Бланк мырзаның бұл тақырып жөніндегі пайым-

* Әрине, Шаруалар одағында да, ол таптық ұйым болмағандықтан, ыдырау элементтері бар. Шаруалар көтерілісінің жеңісі неғұрлым жақын болса және бұл жеңіс неғұрлым толық болса, бұл одақтың ыдырауы да соғұрлым жақындай түседі. Бірақ шаруалар көтерілісінің жеңуіне дейін және осындай жеңіс үшін Шаруалар одағы күшті және өміршең ұйым болып табылады. Оның ролі буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңуімен бітеді, пролетарлық ұйымдардың ролі нақ сонда ғана социализм жолындағы күресте өте маңызды және өте өміршең болады, ал кадеттік ұйымдардың ролі бұл революцияның әзірлік дәуірлерінде, құлдырау, тоқырау, дубасовтық үстемдік дәуірлерінде көзге түсіп қалу үшін буржуазиялық революцияның толық жеңуіне кедергі жасаудан көрінеді. Басқаша айтқанда: шаруалар буржуазиялық-демократиялық революцияда жеңеді және осынысымен шаруалар ретінде оның революцияшылдығы біржола сарқылады. Пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияда жеңеді және осынысымен тек өзінің нағыз, социалистік революцияшылдығын шын мәнісінде өрістетеді. Ал кадеттік ұсақ буржуазияның оппозицияшылдығы күні ертең өзінің конституциялық жалған үміттерімен бірге сарқылады.

даулары — социал-демократияның өте-мөте көңіл аударуына тұрарлық пайымдау, өйткені мұның өзі Маркстi дәлелге келтіру арқылы Маркстi бұрмалаудың үлгісі болып табылады. Брентанолардың, Зомбарттардың, Берпштейндердің және $К^0$ Маркстің терминологиясын қолдана отырып, Маркстің жеке пікірлерін дәлелге келтіре отырып, марксизмді бетке ұстай отырып, марксизмді брентанизммен ауыстырғандары сияқты,— міне, нақ сол сияқты біздің кадеттер де жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократияның қатынасы туралы мәселеде Маркстің өңін айналдыру жөніндегі «сыпайы жұмыспен» шұғылданып жүр.

Жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократияның іс-қимылдарын үйлестіріп отырмайынша буржуазиялық демократиялық революцияның табысқа жетуі мүмкін емес. Қасиетті ақиқат. Нағыз ақиқат. Бланк, Изгоев мырзалар мен $К^0$, сіздерге революционер социал-демократтар, әсіресе, «құйын» күндерінде осыны ұмытқан сияқты болып көрінетін шығар? Сіздер қателесіп отырсыздар немесе *революциялық буржуазиялық* демократия деген ұғымды жалпы буржуазиялық демократия,— соның ішінде монархиялық-либералдық та,— соның ішінде оппортунистік те, тіпті бәрінен бұрын монархиялық-либералдық демократия деген ұғыммен біле-тұра ауыстырып отырсыздар. «Новая Жизньді» алыңыздар, сонда сіздер жұмысшы демократиясының революциялық-буржуазиялық демократиямен бірлесіп қимылдауы туралы, жауынгерлік келісім жасауы туралы *әрбір номерінде дерлік* айтылатынын көресіздер. Шаруалар одағының және шаруалар қозғалысының маңызы туралы онда барынша өткір айтылады. Марксистердің төзімсіздігі және тар өрісті доктринерлігі туралы кадеттердің ертегілеріне қарамастан, онда *бейпартиялық* одақтар мен ұйымдардың *, бірақ тек қана бейпартиялық-*революциялық* ұйымдардың маңызы толық мойындалады. Саясатта біздің брентанистеріміз шеберлікпен көмескілеп жүрген мәселенің түйіні,

* Менің «Новая Жизньдегі»: «Социалистік партия және бейпартиялық революцияшылдық» деген мақаламды қараңыз. (Осы том, 139—148-беттер. *Ред.*)

міне, осы, ол: буржуазиялық-демократиялық революция, былайша айтқанда, өзінің жарты жолында тұрғанында, бұл революцияны буржуазиялық демократияның *нақ қандай* элементтері ақырына дейін жеткізе алады деген мәселе. Монархиялық-либералдық программаны қабылдайтын, конституциялық жалған үміттерге белшесінен батып отырған және революциялық дәуірлерді, тарихи творчествоның революциялық тәсілдерін өздерінің филистерлік ызасының, наразылығының, өкінішінің сілекейімен былғап отырған элементтері ме? Әлде шаруалар көтерілісінің толық жеңуінің (шаруаларды помещиктермен мәмлеге келтірудің орнына), демократияның толық жеңуінің (демократиялық төменгі палатаны жоғарғы палатамен және монархиямен мәмлеге келтірудің орнына) программасын қабылдайтындары ма? Сіздер қашан болса да осы мәселе туралы ойлап па едіңіздер, Бланк және Изгоев мырзалар? Қазіргі уақытта біз буржуазиялық-демократиялық *келісімпаздармен* «бірігіп соққы беруіміз» керек пе, әлде буржуазиялық-демократиялық *революционерлермен* «бірігіп соққы беруіміз» керек пе?

Сіздер, Маркстен цитат келтіруді және оны бұрмалауды сүйетін құрметті жандар, 1848 жылы Германиядағы буржуазиялық-демократиялық келісімпаздарды Маркстің қалай аяусыз соққылағаны туралы естіген жоқсыздар ма? [143]. Ал ол келісімпаздар болмашы Мемлекеттік думада емес, Ұлттық жиналыста отырды ғой,— олар біздің кадеттерден анағұрлым «батыл» (сөз жүзінде) демократтар еді.

Сол Маркс пен Энгельстің өздері он бес жыл өткен соң, пруссиялық «конституциялық жанжал» заманында, жұмысшы партиясына Франкфурт демократтарынан ешбір артық болмаған буржуазиялық демократ-прогрессистерді қолдауға кеңес берді [144]. СізДіңше, бұл — Маркс пен Энгельстің қайшылығы және дәйексіздігі ме? Сіздіңше, бұл — «революциялық құйын» кезінде олардың да «ақыл-ойы мен парасатының» жоғалуға жуықтағандығының (бернштейншілдер мен кадеттердің көпшілігі осындай көзқараста) дәлелі ме? Іс жүзінде бұл арада ешқандай қайшылық жоқ: революция-

лық күрес дәуірінде Маркс конституциялық жалған үміттер мен конституцияшыл келісімпаздарға неғұрлым күштірек соққы беріп отырды. Революциялық «құйынның» барлық күштері сарқылған кезде, неміс кадеттерінің революцияны сатып кеткендігіне ешқандай күмән тууы мүмкін болмаған кезде, көтерілістер сөзсіз және біржолата күшпен басылған кезде, сөйтіп экономикалық гүлдену ол көтерілістердің қайталануынан үмітті үздірген кезде,— міне, сонда, *тек сонда ғана* (Маркс пен Энгельс көтерілістің бірінші жеңілісінен кейін-ақ оған селқос қарап, сенімнен айрылудан аулақ еді!), сонда ғана олар парламенттік форманы күрестің басты формасы деп таныды. Сіздер парламентке кірген екенсіздер, ендеше парламент ішінде, белгілі жағдайларда, қашқын Изгоевты Шиповқа қарсы, Шиповты Дурновоға қарсы қолдауға болады және қолдау керек те. Шын парламентаризм *жолындағы* күресте кейде кадеттік «келісімпаздардан» қауіпті ештеңе жоқ.

Егер, мырзалар, сіздердің Марксқе сүйенгілеріңіз келеді екен, онда біздің Дума самодержавиенің құр бет пердесі емес, қазірдің өзінде-ақ еркін Россиядағы буржуазия үстемдігінің органы болып табылады деп дәлелдеп көріңіздер. Сіздер: екіншісі бірсыпыра ұсақ өзгерістер арқылы біріншіге ұласады, сондықтан кадеттік сайлау нақ осындай, тіпті кішкентай емес-ау, қайта үлкен «ұласушылық» дерсіздер.

Жақсы. Бірақ мұнымен сіздер мәселені шешпейсіздер, оны тек кейінге ысырасыздар ғой. Ал, қазір осы күнгі Думаның өз шеңберінен аса өскені соншалық — ол енді өкімет органы бола алғандай ма? Сіздердің іштеріңізде кімде-кім осылай деп ойласа және халықты осылай ойлауға мәжбүр етпек болса, ондай адамдар өте зиянды конституциялық жалған үмітті ашық таратады, ондай адамдар тура контрреволюционерлер. Ал кімде-кім «Дурново Думаны таратып жіберу үшін қалады» * деп жорамалдаса немесе кімде-кім «парламенттіктен»-тыс, революциялық тегеурін көрсетпейінше әлі ештеңе

* «Русь» пен «Молва».

қамтамасыз етілмеген деп түсінсе *, олар өз позицияларының тұрлаусыз екенін білдіреді. Өздерінің мойындауларымен олар кадеттердің саясаты революцияның *тиянақты* және негізгі мүдделерін шындап қорғау саясаты емес, *минуттік саясат* болып табылатындығын айқын көрсетеді. Бұл мойындаулар мынаны көрсетеді: қазіргі пісіп жетіліп келе жатқан *жаңа революциялық дағдарыстың* шешілуі кезінде кадеттерден толып жатқан революцияшыл буржуазиялық-демократиялық элементтер бөлініп кетеді, Дурново мырзалардың Думаны қорлауы оларды баррикадаларға итермелейді. Демек, барлық айырмашылық тек мынада: сіздер болмай қоймайтын бұл жаңа шайқасты кадеттік Думаны қолдау міндетімен *тежегілеріңіз,* матап тастағыларыңыз, *тарылтқыларыңыз* келеді, ал біз барлық ойымызды, барлық күшімізді, барлық үгіт, насихат және ұйымдастыру жұмысымызды осы шайқасты кадеттік программалардың шеңберінен асырып кеңейтуге, оны самодержавиені толық құлатуға дейін, шаруалар көтерілісінің толық жеңуіне дейін, революциялық жолмен бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруға дейін кеңейтуге бағыттағымыз келеді.

Сіздерге біздің Россияда ешқандай революциялық буржуазиялық демократия жоқ, кадеттер Россияда буржуазиялық демократияның бірден-бір немесе, ең болмағанда, басты күші тәрізді көрінеді. Бірақ мұның сіздерге бұлай болып көрінуінің бір ғана себебі — сіздер алысты болжай алмайсыздар, сіздер саяси құбылыстарды үстірт бақылаумен қанағаттанасыздар, сіздер «конституцияның мәнін» білмейсіздер және түсінбейсіздер. Тек бүгінгі күннің саясатшылары — сіздер барып тұрған оппортунистерсіздер, өйткені демократияның минуттік мүдделері тасасынан оның неғұрлым терең және түбегейлі мүдделерін көрмейсіздер, минуттік міндеттерді көріп, ертеңгі, неғұрлым маңызды міндеттерді ұмытасыздар, жарнаманың тасасынан мазмұнды көрмейсіздер. Россияда революциялық буржуазия-

* П. Милюков. «Речьтің» 30-номерінде (24 мартта) басылған «Жанжалдың элементтері» — келісімпаздардың барынша тамаша «credo»-сы;

лық демократия бар, қала кедейлерімен де миллиардтаған жолдар арқылы байланысып отырған революцияшыл шаруалар барда, оның болмауы мүмкін емес. Бұл демократия Римандар мен Луженовскийлердің әрекеттерінің салдарынан *ғана* жасырын қалды. Ертеңгі күннің өзі кадеттік жалған үміттерді сөзсіз әшкерелейді. Не қуғындау тәртібі бұрынғыша қала береді, Римандар мен Луженовскийлер «жұмыс істей» береді, кадеттік Дума мылжыңдай береді,— онда бұл Думаның болымсыздығы және оның ішіндегі үстем партияның болымсыздығы халықтың қалың бұқарасына бірден айқын болады. Қатты дүмпу басталады, бұған, әрине, партия ретінде кадеттер қатыспайды, қайта халықтың революцияшыл демократия болып табылатын элементтері ғана қатысады. Не қуғындау тәртібі әлсірейді, үкімет біраз жеңілдіктер береді, кадеттік Дума, әрине, бірінші жеңілдіктерге-ақ елжіреп, Шипов емес-ау, бәлкім, тіпті одан да өткен сорақы бірдемеге копе салады. Кадеттердің контрреволюциялық сиқы («құйын» күндерінде өте-мөте айқын білінген және олардың әдебиетінде әрдайым біліініп отыратын сиқы) барынша көрінеді. Бірақ *алғашқы* еркін лептің соғуы, бірінші рет қуғындаудың алғашқы әлсіреуі — революциялық-демократиялық сипаттағы жүздеген, мыңдаған ұйымдарды, одақтарды, топтарды, үйірмелерді, кәсіпорындарды қайтадан *сөзсіз* жандандыра бастайды. Ал бұл құбылыс сопшалықты дәрежеде «құйынға», октябрь-декабрь күресін қайталауға қалай да әкеп соғады, ол тек қана орасан кең көлемде болады. Осы күнде масаттанып жүрген кадеттер онда тағы бытырап кетеді. Себебі? Себебі — құрт-құмырсқа тірі адамдардың төңірегіне емес, өлекселердің төңірегіне үйір болады ғой.

Басқаша айтқанда, кадеттер «халық бостандығы» жөнінде халықты біржолата «дәніктіре» алады, дер еді Дурново, бірақ олар бостандықты самодержавиемен келісіп алмайынша, тырнақшасыз, нағыз халық бостандығы жолында нағыз күресті еш уақытта да, сөзсіз жүргізе алмайды. Бұл күресті әлі де жүргізуге тура келетіні сөзсіз, бірақ оны кадеттер емес, басқа партиялар, басқа әлеуметтік элементтер жүргізеді. Осыдан ке-

ліп революциялық социал-демократияның кадеттердің табыстарына титтей де қызықпайтыны және бар назарын жалған күреске емес, алда тұрған осы шынайы күреске бағыттайтыны түсінікті.

Бланк мырза буржуазиялық демократияның маңызы жоғары екендігі туралы Маркстің сөздерін цитатқа келтіреді. Маркстің шын пікірін білдіру үшін: және *жоғары сатқындық маңызын* деп қосқан жөн болар еді. Маркс өзінің әр алуан шығармаларының әр алуан жерлерінде бұл туралы мың-сан рет айтты. Қазіргі саясатта брентанизмге бой ұрып отырған Плеханов жолдас Маркстің бұл нұсқауларын ұмытқан. Плеханов жолдас либерал демократияның *пендей іске* опасыздық жасай алатынын да аңғармайды. Мұның жауабы өте оңай, Плеханов жолдас: «халық бостандығы» партиясы халық бостандығына опасыздық істеп келді және опасыздық істей береді.

Бланк мырза бізге буржуазиялық демократияны «реакцияға, контрреволюцияға» итермелемеу керек деп үйретеді. Біз бұл данасынған кадеттен былай деп сұраймыз: сіз идеялар, теориялар, программалар, тактикалық бағыттар дүниесін алғыңыз келе ме? әлде материалдық таптық мүдделер дүниесін алғыңыз келе ме? Екеуін де алайық. Сіздің досыңыз Струве мырзаны контрреволюцияға кім және қашан итермеледі? Струве мырза 1894 жылы, өзінің «Сын заметкаларында» марксизмге брентанолық ескертулер жасаған кезінде контрреволюционер еді. Сөйтіп, біздердің кейбіреулеріміздің оны брентанизмнен марксизмге қарай «итермелеуге» күш салғанымызға қарамастан, Струве мырза біржолата брентанизм жағына шығып кетті. Сөйтіп, *контрреволюциялық* сарындар «Освобождениенің», *құпия* «Освобождениенің» бетінен *еш уақытта* түскен емес. Бұл не, кездейсоқтық па? Кездейсоқтығы сол — дәл «құйып» заманы, халықтың революциялық қимыл-әрекет жасаған заманы Струве мырзаның реакциялық сары уайымшылдықтың үлгісі болған орган — «Полярная Звезданы» шығаруына әсер еткені ме?

Товар шаруашылығында ұсақ өндірушіні реакция мен контрреволюцияның жағына жалпы алғанда кім

итермелейді? Оның капиталистік қоғамда буржуазия мен пролетариаттың арасында алатын орны итермелейді. Ұсақ буржуа сөзсіз және қалай да, барлық елдерде және қандай да болса саяси әдіс-айлалар тұсында, революция мен контрреволюцияның арасында ауытқып отырады. Ол өзін капиталдың езгісінен құтқарып, өзінің ұсақ меншік иесі ретіндегі жағдайын нығайтқысы келеді. Шын мәнінде мұндай міндет — орындалмайтын міндет, және де қазіргі қоғам құрылысының шын мәні жағынан алғанда ұсақ буржуаның ауытқуы болмай қоймайды және жойылмайды. Сондықтан ұсақ буржуазия идеологтары ғана жұмысшылардың немесе помещиктік жер иеленушілікке қарсы көтеріліс жасап жатқан шаруалардың революциялық қимыл-әрекетінің көріністері — буржуазиялық демократияның белгілі бөлегін реакцияға қарай *итермелемейтін* көріністер *болуы мүмкін* деп санай алады. Бұған тек мещандықтың серілері ғана өкінуі мүмкін.

Қалайша Бланк және Изгоев мырзалар (немесе Плеханов жолдас), мәселен, кадеттік «буржуазиялық демократияның» бестен үш бөлігін контрреволюцияға итермелемейінше шаруалар көтерілісінің *толық* жеңуі мүмкін, помещиктерден ақы төлеместен *«жерді»* толығынан *«тартып алуға»* (Плехановтың ұраны) болады деп санайды екен? Сондықтан бізге шаруалар жөнінде «ақылға сыйымды» программа белгілеу туралы кадеттермен саудаласа бастау жөн болмас па екен,— сіз қалай ойлайсыз, Плеханов жолдас? сіздер қалай ойлайсыздар, Бланк және Изгоев мырзалар?

Сонымен енді біздің кадеттің саяси пайымдауларының қорытындысы мынау: *егер буржуазиялық демократия қазіргі кезеңде қарулы көтеріліске қарсы болса, онда қарулы көтеріліс туралы сөз бола алмайды және сөз болуға тиісті де емес.*

Кадеттік саясаттың бүкіл мәні мен бүкіл мазмұны осы сөздерде білдірілген: пролетариатты кадеттерге бағындыру, оның саяси әрекеті мен саяси күресінің негізгі мәселесінде пролетариатты жетекке алу. Бұған көз жұмып қараудың қажеті жоқ. Бланк мырза назарды басқа жаққа өте шебер бұра біледі: ол кадеттер ту-

ралы емес, жалпы буржуазиялық демократия туралы айтады. Ол жалпы көтеріліс туралы емес, «қазіргі кезең» туралы айтады. Бірақ мұның назарды басқа жаққа аударудың өзі екені жөнінде және Бланк қорытындысының шын мазмұны нақ біз көрсеткендей екені жөнінде тек сәби ғана жаңылысуы мүмкін: біз Бланк мырзаның (барлық кадеттер сияқты) кадеттік демократиядан гөрі неғұрлым солшыл буржуазиялық демократияны ылғи елемейтінін, ол өзінің конституциялық жалған үміттерді қорғаушы болу позициясына лайық кадеттерді буржуазиялық демократиямен тең санайтынын, революциялық буржуазиялық демократияны елемейтінін толып жатқан мысалдар арқылы көрсеткен болатынбыз. Кадеттердің «кезеңді» сәтсіз таңдап алуға ғана емес, жалпы қарулы көтеріліске қарсы (осы екеуін таңқаларлықтай жиі шатастырады, ал мұны шатастыру, көтерілістің кезеңі туралы құр сөзбен көтерілісті бекерге шығаруларын бүркеу кадеттерге өте тиімді) екенін көрсетуіміз ғана қалады. Мұны көрсетуден оңай нәрсе жоқ: *астыртын* «Освобождениені» дәлелге келтірсе де жеткілікті, онда Струве мырза 1905 жылдың көктемі мен жазында, 9 январьдан кейін және 9 октябрьге дейін, қарулы көтерілісті уағыздау *«ақымақтық және қылмыс»* деп дәлелдемек болып, қарулы көтеріліске қарсы шықты. Бұл контрреволюционерге оқиғалардың өзі жеткілікті дәрежеде тойтарыс берді. Марксистер күн ілгері болжаған және олар ұран етіп көтерген *жаппай стачканы қарулы көтеріліспен ұштастыру* ғана Россияға бостандықты мойындауды және конституционализмнің бастамаларын алып бергенін оқиғалар көрсетті. Тек мүлдем жалғыз-жарым, Россияда жақтаушылары жоқ социал-демократтар ғана (Плеханов сияқты) декабрь көтерілісі туралы айтқанда: «қолға қару алмау керек еді» деп қоян жүректік білдірді. Мұның керісінше, көтерілістің бостандықтарды тартып алушылыққа тойтарыс беруге қажет болғанына, оның бүкіл қозғалысты жоғары сатыға көтергеніне және әскерлерге қарсы күресу мүмкін екенін дәлелдегеніне социал-демократтардың орасан басым көпшілігі келісті. Соц-

шалықты бейтарап, әр нәрсеге әуестене бермейтін әрі сақ куә Каутский де бұл жағдайды мойындады.

Бланк мырзалардың моралі неге келіп саятынын енді көріңіздер: егер кадет партиясы (еш уақытта революцияшыл болып көрмеген партия) көтеріліске тілектес болмаса (ол партия қазіргі кезеңде де, *барлық басқа* кезеңдерде де көтеріліске қарсы бола тұрса да), пролетариат көтеріліс туралы ойлауға тиіс емес. Жоқ, Бланк мырза! Жалпы көтеріліс туралы мәселеде де, әсіресе көтерілістің кезеңі туралы мәселеде де пролетариат буржуазиялық демократиямен қалайда санасып отырады,— бірақ атап айтқанда кадеттік буржуазиялық демократиямен *емес,* революциялық буржуазиялық демократиямен;— либералдық-монархиялық емес, революциялық-республикалық ағымдармен және партиялармен;— ойыншық парламентпен қанағаттанатын мылжыңдармен емес, өздерінің көтеріліске көзқарасын кадеттерден гөрі өзгеше білдіретін шаруалар бұқарасымен (бұл да буржуазиялық демократия) санасып отырады.

«Кадеттер — көтеріліске қарсы». Иә, олар көтерілісті еш уақытта жақтаған емес және еш уақытта жақтай алмайды. Олар одан қорқады. Көтеріліс туралы мәселені олар аңқаулықпен өздерінің тілегіне — ең шиеленіскен, қоян-қолтық күрестен аулақ тұрған аралық элементтердің тілегіне — *байланысты* деп жорамалдайды. Неткен адасушылық! Самодержавие азамат соғысына әзірленіп жатыр және оны нақ қазір ерекше жүйелі түрде әзірлеуде. Думаға байланысты жаңа, анағұрлым кең және терең саяси дағдарыс пісіп жетіліп келе жатыр. Ал шаруалар бұқарасы мен пролетариаттың бойында халық бостандығының тынысын тарылтатын келісімдерді емес, нағыз халық бостандығын бұлтарыссыз талап ететін жауыпгерлік элементтер әлі де жетерліктей. Осындай жағдайларда көтерілістің болу-болмауы белгілі бір партияның еркіне байланысты ма екен?

Батыс европалық мещанның социалистік революция қарсаңында буржуазия мен пролетариаттың арасындағы тап қайшылықтарын бәсеңсітуді арман ететіні, про-

13*

летариатты буржуазияның өкілдерін реакцияға итермелемеуге шақыратыны сияқты, әлеуметтік татулықты жақтайтыны және апат жөніндегі ғылыми емес, өрісі тар, заговорлық, анархиялық және басқа идеяны адамгершілік ашу-ызаның терең сезімімен теріске шығаратыны сияқты,— дәл сол сияқты орыс мещаны біздің буржуазиялық-демократиялық революцияның жарты жолында самодержавие мен халық бостандығының арасындағы қайшылықтарды бәсеңсітуді арман етеді, революционерлерді, яғни халық бостандығының барлық батыл және дәйекті жақтаушыларын либерал буржуазияны реакцияга итермелемеуге шақырады, конституциялық жолды жақтайды және көтеріліс жөніндегі ғылыми емес, өрісі тар, заговорлық, анархиялық және басқа идеяны нағыз, философиялық идеализммен нығайтылған ашу-ыза сезімімен теріске шығарады. Батыс европалық мещанға саналы жұмысшы: апат аралық элементтерге байланысты болмайды, қайта қайшылықтардың аса шиеленісуіне байланысты болады дейді. Орыс мещанына (ал кадет саясатта барып тұрған мещан) саналы жұмысшы: көтеріліс либералдардың еркіне байланысты болмайды, қайта самодержавиенің іс-әрекеттеріне және революцияшыл шаруалар мен пролетариаттың арасында сана-сезім мен ашу-ызаның артуына байланысты болады дейді. Батыс европалық мещандар пролетариатқа былай дейді: ұсақ шаруадан жәпе оқыған, социал-либерал, реформатор ұсақ буржуазия атаулыдан бойыңды аулақ салма, өзіңді оқшауландырма, тек реакцияның ғана сені оқшау қалдырғысы келеді. Пролетарий былай деп жауап береді: бүкіл еңбекші адамзаттың мүддесі үшін мен буржуазияны пролетариатпен келістірушілерден өзімді оқшау ұстауым керек, өйткені ол келісімпаздар маған қарусыздануға кеңес береді, өйткені олар келісуді, бәсеңсітуді жәпе т. б. уағыздау арқылы езілген таптың санасына өте зиянды, дереу және практикалық жағынан зиянды, ықпал жасап отыр. Бірақ пролетариаттың көзқарасын жақтауға, келісім жасау туралы арман етпеуге, капиталистік қоғамда ұсақ шаруашылықты нығайтумен әуестенбеуге, капиталистік құрылыстың өзіне

қарсы күрестен бас тартпауға қабілеті бар ұсақ буржуаның бүкіл қалың бұқарасынан, еңбекші бұқарадан,— міне, осы бұқарадан мен өзімді оқшауламаймын.

Басқа жағдайда, басқа бір тарихи дәуірде, социалистік революцияның емес, буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңында (тіпті қарсаңында да емес, қақ ортасында) Россияда да осыған ұқсас құбылыс болып жатыр. Мещан пролетарийге: реакцияның сені оқшау қалдырғысы келеді, сен реакцияны оқшау қалдыруға тиістісің, кадетті, оқыған, саяси-либералдық, реформалар жасауды тілейтін кадетті өзіңнен аулақтата көрме дейді. Пролетарий оған: нағыз бостандық жолындағы нағыз күрестің мүдделері үшін мен самодержавиені халық өкілдігімен келістірушілерден бойымды аулақ салуым керек, өйткені ол келісімпаздар бізге қарусыздануға кеңес береді, олар «саяси татулық» пен конституциялық жалған үміттерді уағыздау арқылы халықтың азаматтық сана-сезімін көмескілейді, деп жауап береді. Бірақ бір сәттік көңіл ауанына, бір сәттік әсерге беріле кететін, қазіргі уақытта пролетариаттың оқшау қалу қаупі туралы байбалам салып жүрген адамдардың ойлағанындай, бұл келісімпаздар, бұл кадеттердің бәрі тіпті де халық емес, тіпті де бұқара емес, тіпті де күш емес. Шын бұқара дегеніміз революцияшыл шаруалар, ол — қала халқының нағыз кедейлері. Сондықтан бұл бұқарадан мен бойымды аулақ салмаймын, мен оны өздерін конституциялық жалған үміттерден құтқаруға шақырамын, нағыз күреске шақырамын, көтеріліске шақырамын. Көтерілістің кезеңін анықтаған кезде мен осы бұқараның (әсте кадеттік келісімпаздардың емес) пікірі мен және сана-сезімі дамуының барысымен мейлінше байсалды түрде санасамын, бірақ бір сәттік табысқа бола, кадеттік парламентаризмнің (немесе, дұрысында, дубасовтық парламентаризм деп айтқан жөн болар) сырттай жылтыраған көрінісіне бола мен самодержавиеге қарсы өте тез пісіп жетіліп келе жатқан, осы таяу арада болуы кәміл революциялық күресті бір сәтке де ұмытпаймын.

Жақында мынадай кез болған: Европада социал-либерал, ұсақ буржуа-келісімпаз ерекше көзге көрініп,

улап-шулап, пролетариатқа өздерінің одақтары мен келісімдерін әкеп тықпалаған еді. Социал-демократиялық партиялардың интеллигенттік қанаты қармаққа ілігіп қалды, минуттік саясатқа қызыға кетті, атышулы бернштейншілдікті және т. с. тудырды. Бір-екі жыл өтті, «әлеуметтік татулық» тұманы біржолата ыдырады, сөйтіп социал-демократияның пролетарлық көзқарасты дәйекті түрде жақтаған революциялық қанаты позициясының дұрыстығы толық айқындалды.

Бізде қазір кадеттердің жеңістері мен болашақ кадеттік Дума Россиядағы барлық жұрттың басын айналдырып жүр. Біздің партиямыздың интеллигенттік қанаты осы жылтырап көрінген нәрсеге әуестеніп кетеді-ау, кадеттермен сайлау блогын жасасумен, оларды қолдау идеясымен, кадеттерге «әдептілікпен қарау» саясатымен әуестеніп кетеді-ау, ол партияның ұсақ буржуазиялық таптық жаратылысын, оның конституциялық жалған үміттерінің зияндылығын, оның «келісу» тактикасының күнбе-күнгі қауіптілігін пролетарлық көзқарас тұрғысынан айқын және тиянақты анықтағысы келмей қалады-ау деген қауіп бар. Уақыт өтеді — тіпті жылдар емес, бәлкім, айлар өтер, сөйтіп тұман тарайды, революциялық социал-демократияның көзқарастарын өмір шындығының өзі қуаттайтын болады, кадеттік газеттер мен журналдардың беттерінде пролетариат үшін зәбірлі, социал-демократияның ішінде әлде бір дерттің бар екенін дәлелдейтін нәрселер, кейбір социал-демократтарға арналған мақтаулар толып жүрмейтін болады.

VI

ҚОРЫТЫНДЫ

Кадеттік саясаттың барып тұрған қорғаушысы Бланк мырзаның көзқарастары туралы айтқанда біз меньшевик жолдастардың көзқарастарына мүлдем тоқтамадық десек болады. Бірақ олардың позициялары туралы қорытындылар осы айтылғандардан өзінен-өзі туындайды. Оларды кадеттердің шамадан тыс құлшына

мақтауы олардың істеп жүрген кейбір қатесіне қазірдің өзінде-ақ мегзеп отыр. Кадеттік баспасөз — қазіргі уақытта Россияның бүкіл саяси баспасөзінің оннан тоғызына жуығы,— егер осы буржуазиялық баспасөздің бәрі бүгін Плехановты, ертең Потресовты («Наша Жизнь»), арғы күні барлық меньшевиктердің қарарын үздіксіз және ылғи мақтай бастаса,— мұның өзі меньшевик жолдастардың кейбір қателер жасап жүргендігінің немесе қате жасағалы жүргендігінің, әрине, жанама болса да, дұрыс белгісі. Бүкіл буржуазиялық баспасөздің қоғамдық пікірінің желдің қалай қарай соғып тұрғанына өте сақ отыратын буржуазияның таптық түйсігімен тым қайшы келуі мүмкін емес.

Бірақ, қайталап айтамыз, бұл тек жанама белгі. Бұдан бұрын айтқандарымыз меньшевиктік қарарлардың жобаларынан байқалған қателерді тікелей тұжырымдауға да әкеп соғады. Бұл арада ол қарарларды толық талдап жатудың орны жоқ,— біз «кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» туралы мәселеге байланысты ең бастыларын ғана қысқаша атап көрсете аламыз.

Меньшевиктердің қатесі сол — олар мүлдем тұжырымдамайды, саналы социал-демократиялық пролетариаттың конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу сияқты қазіргі кезеңдегі сондай маңызды саяси міндетін олар мүлдем тұжырымдамайды, тіпті олардың мұны мүлдем ұмытып кеткен болулары керек. Таптық көзқарасты мүлтіксіз сақтаушы, тарихты материалистік түсінуді қазіргі заманға баға беруге бұлжытпай қолданушы, әр түрлі ұсақ буржуазиялық софизмдер мен алдаушылыққа жаны қас социалистік пролетариат қазір Россияның басынан кешіріп жатқанындай уақытта бұл міндетті елемей отыра алмайды. Бұл міндетті елемесе, ол бүкіл халық бостандығы жолында озат күрескер болудан, буржуазиялық-демократиялық шектелушіліктен жоғары тұрған күрескер болудан қалады. Бұл міндетті елемесе, ол оқиғалардың соңынан дәрменсіздікпен салпақтап ереді де отырады, ал жақында Европада «әлеуметтік татулық» теориясының жұмысшыларды буржуазиялық жолмен социализмнен бұрып

әкетудің басты құралы болғаны сияқты, нақ әлгі конституциялық жалған үміттерді пролетариатты буржуазиялық жолмен аздырудың дәл сондай құралы етіп отыр.

Конституциялық жалған үміттер дегеніміз *бірінші* қарулы көтерілісті (одан соң тағы да екіншісі келеді) күшпен басқаннан кейін және кадеттердің сайлаудағы жеңісінен кейін табиғи түрде туған орыс революциясының тұтас бір дәуірі. Конституциялық жалған үміттер дегеніміз саяси-оппортунистік және буржуазиялық у, бұл уды енді социалистік газеттердің үндемеуге мәжбүр болғанын пайдаланып, миллиондаған дана кадеттік баспасөз халықтың миына құйып отыр. Міне, біздің алдымызда «халық» ішіне және әдейілеп жұмысшы табының ішіне баратын кадеттердің органы «Товарищ» [145] газеті жатыр. Бірінші номерінде кадеттерді көкке көтеріп мақтайды: «Өзінің программасында ол (кадеттер партиясы) шаруалар мен жұмысшылардың (иә, әрине!) мүдделерін қорғауға (Кауфманша ма?) және бөліп-жармай барлық орыс азаматтарының саяси праволарын қорғауға... уәде етеді (... һм! һм! уә-де е-те-ді!). Егер ол Мемлекеттік думада көпшілік дауысқа ие болса, онда халыққа соншама көп жауыздық жасаған қазіргі үкімет кетуге тиіс болады, сөйтіп мемлекетті *халық үніне құлақ түріп отыратын* жаңа адамдар (Виттелердің орнына Муравьевтер ме?) басқаратын болады». Иә, иә... Халық үніне құлақ түретін!.. Келістіріпақ жазады кадеттер!

Бұл арсыз өтірікке ыза болмайтын, жұмысшы табын бұл буржуазиялық аздырушылыққа,— аздырушылық болғанда кадеттердің қолында қисапсыз көп газеттер бар болып, бізде, ең баяу, ең ұстамды, ең сыпайы социалистік газетті жолға қоюға тырысқан шексіз көп әрекеттерге қарамастан, бірде-бір газет болмай отырғандығы себепті онан бетер қауіпті болып отырған аздырушылыққа қарсы мейлінше қажырлы күрес жүргізудің бүтіндей және сөзсіз керектігін мойындамайтын бірде-бір социалистің табылмайтынына біздің көзіміз жетеді.

Сонан соң. Бұл буржуазиялық өтірік, халықтың революциялық сана-сезімін бұл көмескілеу кездейсоқ

әрекеттер сипатында емес, тұтас бір жорық сипатында болып отырғанына келіспеуге болмайды. Ол ол ма. Кадеттік Дума (егер Дума кадеттік бола қалса), былайша айтқанда, конституциялық жалған үміттердің нақты жиынтығы, жалған үміттердің ордасы, саяси өмірдің бәрінен де гөрі көзге көбірек түсетін жақтарының (және ұсақ буржуаның үстірт, идеалистік көзқарасына қазіргі саяси өмірдің мазмұны немесе ең болмағанда басты құбылысы болып көрінетін жақтарының) шоғырланатын орталығы болып табылады. Біз пролетариатты жетегіне алуға тырысатын бүкіл буржуазиялық баспасөздің, барлық буржуазияшыл идеологтардың үздіксіз жорығын көріп қана отырғанымыз жоқ,— біз біріншi, бұлай дегеніме кешірім өтінем, «парламент» деген даңққа бөленген және жұмысшы табын кадеттер партиясының шылауына айналдыруды баянды етуге тиісті болып отырған бүкіл россиялық өкілдік мекемені көріп отырмыз. «Қауымдардың» жоғарыда келтірілген пікірін еске түсіріңіздерші: егер кадеттер Думада қоғамның Думаға сенімін тудыра білсе және қоғамның барлық үміттерін Думаға артқыза білсе, өте жақсы болар еді дейді. Дума революцияны кешеуілдетудің дәнекері болуға тиіс,— біздің кадеттердің Дурноволармен және Дубасовтармен пікірінің қосылатын жері, шын мәнінде, осы. Бұл факт. «Полярная Звезда» мұны әсіресе айқын көрсетті. Ақыл-ой мен парасаттан айыратын революциялық құйыннан гөрі жоспарлы және жүйелі реформалар артық,— дейді Бланкті. Сенімсіз әскер күшімен жұмысшыларға, шаруаларға қарсы шайқасқаннан гөрі Думада кадеттермен саудаласқанның өзі артық, дейді Дурново мен Дубасовтар. Les beaux esprits se rencontrent. Балықшы балықшыны қияннан таниды.

Жұрттың бәрі бізді либералдарға жала жабады деседі. Біз «Заряда» және ескі «Искрада» «Освобождениенің» алғашқы номерлерін «найза ұшымен» қарсы алғанымызда-ақ бізді жалақор деп атаған болатын[146]. Жаланың өзі буржуазиялық идеологияға маркстік талдау жасау болып шықты, бұл талдауды өмір шындығының өзі түгел қуаттады. Сондықтан егер бізді қазір

«халық бостандығы» партиясына жала жауып отыр деп айыптаса, оған біз таң қалмаймыз да, уайымдамаймыз да.

Әрбір саяси заман ақырына дейін революцияшыл таптың өкілі болып табылатын социал-демократияның алдына өзіне тән өзгеше міндет ұсынып отырады, ол міндет күн тәртібіне қойылады және ол міндетті буржуазиялық демократияның оппортунистік топтары әрқашан көмескілеп, қайтсе де кейінгі қатарға ығыстырып отырады. Қазіргі уақытта тек қана революциялық социал-демократия орындай алатын және егер ол пролетариаттың берік, түбегейлі, елеулі мүдделеріне опасыздық істегісі келмесе, орындауға міндетті болып отырған қазіргі кезеңнің әлгіндей өзіне тән саяси міндеті,— міне, сондай міндет конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу болып табылады. Ұсақ буржуазияшыл оппортунистер әрқашан бір минутке, соңғы жаңалықтың сыртқы жылтыраған көрінісіне, «прогресс» минутіне қанағаттанады,— ал біз алысыраққа, тереңірекке қарауға тиістіміз, бұл прогрестегі *регрестің* негізі және кепілі болып табылатын жақтарын, қол жеткен нәрсенің бір жақтылығын, өрісі тарлығын, тиянақсыздығын білдіретін және *басқа формаларда, басқа жағдайларда одан әрі күресудің* керектігін тудыратын жақтарын табан астында, дереу көрсетіп отыруға тиістіміз.

Кадеттер мен жалпы оппозицияның сайлаудағы жеңісі неғұрлым тиянақты болса, кадеттік Дума неғұрлым ықтимал және таяу болса,— конституциялық жалған үміттер соғұрлым қауіпті болады, барлық өкіметті бұрынғыша өз қолында ұстап отырған самодержавиенің реакциялық саясатын толық сақтау, тіпті күшейту мен «халық» өкілдігінің арасындағы қайшылық соғұрлым күшті сезіле түседі. Бұл қайшылық бұрын болған дағдарыстардың бәрінен де ауқымды, терең, одан гөрі саналы және шиеленіскен жаңа революциялық дағдарысты орасан зор шапшаңдықпен туғызып отырады. 1906 жылы біз, бір социал-демократтың тауып айтқанындай, шынында да революцияның *көшірмесін* бастан кешіріп отырмыз. Қолында толық билігі бар самодержавиеден

тағы да қайта басталып, бүкіл елді қамтитын асқан күшті қоғамдық толқумен және оппозициялық қозғалыспен жалғасып, аяғы... немен тәмәмдалатынын кім білсін?.. бәлкім, аяғы либералдардың адрес түрінде жазда (1905 ж.) патшаға депутация жіберуін немесе кадеттік Думаның қарарын «қайта көшіру» болып,— бәлкім, 1905 жылдың күзіндегі өрлеуді «қайта көшіру» болып 1905 жылдың тарихы қайталанып отырған тәрізді. Революцияның болашақ қадамдарының дәлме-дәл формалары мен мерзімдерін белгілеу ерсі болар еді. Қозғалыстың өлшеусіз үлкен серпінін, бүкіл халықтың үлкен саяси тәжірибесін ескерудің маңызы зор. Маңыздысы — әсте парламенттік емес, нақ *революциялық* дағдарыстың болатынын ұмытпау. Дума ішіндегі «парламенттік» күрес үлкен кезең емес; ол — шын мәнінде шағын темір жол станциясы: конституциядан революцияға бара жатқан жолдағы «кадеттік платформа». Дума ішіндегі күрес қазіргі әлеуметтік-саяси кезеңнің негізгі ерекшеліктері себепті халық бостандығының тағдырын шеше *алмайды,* ол күрестің *басты* формасы бола алмайды, өйткені күресуші екі жақтың *екеуі де,* Дурноволар, Дубасовтар және $К^0$ да, пролетариат пен шаруалар да бұл «парламентті» көрінеу танып отырған жоқ.

Сондықтан социал-демократия, қазіргі тарихи кезеңнің нақты ерекшеліктерінің бәрін ескере отырып, қазіргі Россиядағы қоғамдық қозғалыстың басты формасы ескі заңдарды бұзатын, халықты езгіге салу органдарын жоятын, саяси өкіметті жеңіп алатын, жаңа право жасайтын халықтың қалың бұқарасының бұрынғыша тікелей-революциялық қозғалысы болып табылатындығын батыл мойындап, жұмысшылар мен саналы шаруаларға үздіксіз түсіндіріп отыруға тиіс. Дубасовтар мен Дурноволар шақырған және сол құрметті қайраткерлер қорғап отырған Дума қозғалыста орасан зор роль атқарады, бірақ қозғалыстың басты формасын тіпті де өзгерте алмайды. Қазір кадеттер ұсынып, жұртқа таратып жүрген керісінше пікір дегеніміз халықты алдау, ұсақ буржуазиялық филистерлік утопия.

Ал осыған байланысты буржуазиялық демократия

және оны пролетариаттың қолдауы туралы мәселе тұр. Бұл салада да меньшевиктер қарарларының бір жағы жеткіліксіз, бір жағы қате. Кадеттер өздерінің партиясын жалпы буржуазиялық демократия атаулымен бірдей етіп көрсетуге тырысып, өздерінің партиясын буржуазиялық демократияның басты өкілі етіп көрсетуге тырысып жанталасып жүр. Бұл барып тұрған өтірік. Сондықтан социал-демократияның «буржуазиялық демократия» деген ұғымды анықтаудағы әрбір көмескі пікірі осы өтіріктің отына май құяды. Буржуазиялық демократияны қолдаудың нақты саяси міндетін біз буржуазиялық демократияның ішіндегі нақты бағыттарды, ағымдарды, партияларды толық тиянақты есепке алудың негізінде шешуге міндеттіміз. Сөйтіп қазіргі кезеңнің негізгі міндеті нақ мынада болып отыр: революциялық буржуазиялық демократияны, яғни саяси жағынан толық саналы болмаса да, бірқатар соқыр сенімдері, т. б. бар бола тұрса да крепостниктік Россияның барлық қалдықтарына қарсы батыл және тайсалмай күрес жүргізе алатын демократияны,— міне, осындай буржуазиялық демократияны реакциямен қандай болса да келісім жасасудан тайынбайтын және әрбір тығыл-таяң кезеңде өзінің контрреволюциялық талаптарын ұсынып отыратын либералдық-монархиялық, оппортунистік буржуазиялық демократиядан бөліп алу керек. Россияда революциялық демократияның мейлінше қалың топтарының бар екендігі күмәнсыз: оның ұйымдаспағандығы, оның бейпартиялығы, оның қазіргі жазалау шараларынан езіліп-жаншылғандығы ең зейінсіз, ойсыз алаңғасарларды ғана адастыра алады. Біз осы күні «үстем» болып отырған кадеттер партиясының сенімсіз екенін мейлінше аяусыз әшкерелей отырып, демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу үшін қазір осы, тек қана осы демократия мен «бөлек жүріп, бірігіп соққы беруге» тиістіміз.

Сондықтан демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу мақсатын алға қоя отырып, социалистік пролетариаттың партиясы әр түрлі конституциялық жалған үміттерді әрқашан әшкерелей біліп қана қоймай, барлық буржуазиялық демократиядан күресуге

қабілетті элементтерді ажырата біліп қана қоймай, сонымен қатар революцияның бұл үзілді-кесілді жеңісінің шарттарын дәлме-дәл және тура анықтап, бұқараның алдында айқын көрсете білуі керек, революцияның бұл үзілді-кесілді жеңісінің мәні нақ неде болуы керек екенін бұқараға көрсетіп, өзінің бүкіл насихаты мен үгіті арқылы ашып беріп отыруы керек. Егер біз мұны істемесек (ал мұны меньшевик жолдастар өздерінің қарарларында істеген жоқ), онда біздің «революцияны ақырына дейін жеткізу» туралы сөздеріміз бос сөз, жалаң сөз болып қала береді.

Бланк мырза өзінің мақаласында 1848—1849 жылдардағы француз «социал-демократиясын» еске салады. Аса құрметті кадет өзін өзі келемеждеп отырғанын түсінбейді. Шын мәнінде мүлдем социал-демократ, яғни марксист болып көрмеген француз «социал-демократтарының» қателерін қазір нақ кадеттер қайталап отыр ғой. Олар жұмысшылардың таптық партиясы болған жоқ, қайта нағыз ұсақ буржуазиялық партия болды; олар конституциялық жалған үміттерге және қандай жағдайларда болса да, тіпті революциялық жағдайларда да, күрестің «парламентарлық» әдісіне сенушілікке белшесінен батқан болатын. Нақ сондықтан олар, толып жатқан таңқаларлық, таза «кадеттік» парламенттік табыстарға жеткеніне қарамастан, масқара сәтсіздікке ұшырады, олардың мұнысын Маркс қатты мысқылдап, келемеж етті [147].

Егер біздің партиямыз кадеттермен әр түрлі сайлау блоктарын, келісімдерін жасасуға, олармен мәмлеге келуге байқамай бел байлаған болса,— егер ол конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу міндетін көлеңкеде қалдырып қойған болса,—егер ол, буржуазиялық демократиямен жақындасу жолдарын іздеп, оның оппортунистік қанатын, яғни кадеттерді сол буржуазиялық демократияның өзімен бірдей деп санаса,— егер ол біз бастан кешіріп отырған заман сияқты заманда күрестің парламенттен тыс әдістеріне мықтап әзірлену қажеттігін ұмытқан болса,— онда француздардың 1848—1849 жылдардағы ұсақ буржуазиялық жалған социал-демократиясының қайғылы тағдырын қайталау-

дың үлкен қатері біздің партиямызға да төнген болар еді.

Бізге кадеттердің табыстарына қызығатындай негіз жоқ. Ұсақ буржуазиялық жалған үміттер және Думаға сенушілік халық ішінде әлі күшті. Бұлар жойылуға тиіс. Думада кадеттердің жеңісі неғұрлым толық болса, бұлар соғұрлым тез жойылады. Ұлы россиялық революция жирондистерінің [148] табыстарын құттықтаймыз! Олардан соң іле-шала халықтың анағұрлым қалың бұқарасы көтеріледі, анағұрлым жігерлі және революцияшыл топтар шығады,— олар пролетариаттың төңірегіне топтасады,— олар біздің буржуазиялық ұлы революциямызды толық жеңіске жеткізеді,— олар Батыста социалистік төңкеріс заманын бастап береді.

28 март, 1906 ж.

К. КАУТСКИЙДІҢ «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЕНДІ ЖОҚ!» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНЫҢ ОРЫСША БАСЫЛЫМЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Орысша аудармасы оқушыға ұсынылып отырған кітапша г... ман социал-демократиясының аса көрнекті өкілдерінің бірінің қаламынан шыққан. Бұл кітапшаның авторы алынған тақырып бойынша күтуге боларлық нәрселерден гөрі анағұрлым көп нәрселер бере білген. Фабриканттардың іждағатсыз малайы Бюргер мырзаның жалған пайымдауларын жай ғана бекерге шығарудың орнына тек Германиядағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы қозғалысының аса күрделі мәселелерін тамаша айқын және жалпыға ұғымды түрде баяндап беруді көріп отырмыз. Ұсақ өндірістің құлдырауы, халықтың қайыршылыққа ұшырауы барлық жерде де өріс алуда. Барлық елдердің буржуазияшыл саясатшылары мен ғалымдары осы құбылыстарды бүркемелеуге тырысып, Бюргер мырза сияқты, барынша жанталасып отыр. Сондықтан мұндай мырзалардың әдеттегі дәлелдерін ұдайы талдап отырудың маңызы ерекше зор.

Кітапшаның авторы түгелдей дерлік неміс мәліметтерін пайдаланған. Кейбір мәселелер жөнінде бұл мәліметтерді тиісті орыс мәліметтерімен толықтырған жөн болар еді. Егер кітапша кеңінен тарайтын болса, оған әбден лайық, оны бастырушылар, сірә, осындай әрекет істер де. Тек бір ескерте кететін нәрсе, Россияның өнеркәсіп және ауыл шаруашылық статистикасы герман статистикасымен салыстырғанда өте-мөте нашар жағдайда болып отыр. Германияны алатын болсақ, бұ-

кіл ел бойынша әр алуан мезгілде жүргізілген екі санақтың — өнеркәсіп және ауыл шаруашылық санақтарының — мәліметтерін салыстыруға мүмкіндік бар. Россияда мұндай бірде-бір санақ жүргізілген жоқ, сөйтіп халық шаруашылығының кіші-гірім жеке түрлерін Европадағыша зерттеген земство статистикасынан басқа бізде әр түрлі «ведомстволардың» жалған, шалағай, кеңсешілдік-шатасқан статистикасы ғана бар, мұны тек полициялық шимай деп атаған жөн.

Россия бюрократиясы орыс халқының өз жағдайы жөніндегі барлық шындықты білуіне бөгет жасап отыр. Бірақ орыстың әрбір білімді оқушысы шаруалар шаруашылығының жағдайы туралы, майдагерлік кәсіпшіліктер туралы, фабрика тұрмысы туралы біздің әдебиетте келтірілген жүздеген, мыңдаған мысалдарды оп-оңай еске түсіре алады,— бұл мысалдар кітапшаның авторы жасаған қорытындыларды түгелдей растайды. Кітапшада суреттелген халықтың қайыршылығы Россияда одан бетер кең өріс алып отырғанын, одан бетер асқынған түрде екенін, одан бетер сорақы формада екенін орыстың әрбір жұмысшысы мен шаруасы оп-оңай аңғарады.

1906 жылғы март.

Н. Ленин

1906 ж. март — апрельде кітапшада басылған (С.-Петербург)

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

РСДРП БІРІГУ СЪЕЗІ[149]

10—25 АПРЕЛЬ (23 АПРЕЛЬ—8 МАЙ), 1906 ж.

*Бірінші рет 1907 ж.
мына кітапта басылған:
«1906 ж. Стокгольмде болған
РСДРП Бірігу съезінің
протоколдары», Москва*

*Кітаптың тексті бойынша
басылып отыр*

1

МАНДАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ СЪЕЗГЕ ЕСЕП БЕРУІ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд мандат комиссиясына есеп жүргізіп отыру міндетін жүктейді, ол есептерден съездің сайлауы кезінде ұйымның қандай дәлелдерді басшылыққа алғаны және партия мүшелігін анықтауда қандай өлшемнің қолданылғаны көрінетіндей болсын.

2

СЪЕЗД БЮРОСЫНА ТҮСКЕН ЖАЗБАША АРЫЗДАРДЫ АТАП ДАУЫСҚА ҚОЮ ЖӨНІНДЕ СЪЕЗДІҢ 2-МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [150]

1

Шмидт жолдастың ұсынысына қосыламын және бұл ұсынысты қолдағысы келгендердің бәріне өз қолдарын қоюды ұсынамын.

2

Ларин жолдастың ұсынысы съезд көпшілігінің азшылықты нағыз өрескел түрде қорлауынан басқа ештеңе емес...

Қайталап айтамын — мұның өзі съезд азшылығының праволарын өрескел қорлағандық, мұның өзі азшылық праволарына регламент арқылы берілген кепілдікті жоюға тырысушылық.

3

СЪЕЗДІҢ 3-МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Ленин Данға қарсы шығып [151], қазіргі кезеңге баға беру туралы мәселені талқылаудың қажеттігін және күн тәртібіне ұлттар туралы мәселені енгізуді жақтап сөйледі.

4

СЪЕЗД КҮН ТӘРТІБІ ЖОБАСЫНЫҢ VIII ПУНКТІНІҢ ТҰЖЫРЫМЫ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН ҰСЫНЫС

«Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын шақыру талабына көзқарас» деген VIII пунктке «партия программасындағы ұлт мәселесіне байланысты» деген сөздерді қосу керек.

5

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ [152]

Мен негізгі екі тезисті ұсынамын: 1) шаруалар муниципализациялауды ешқашан да тілемейді; 2) демократиялық республика болмайынша, халық самодержавиесін толық қамтамасыз етпейінше, чиновниктер сайланып қойылмайынша муниципализациялау зиянды. Осы тезистерді дамыта отырып, мен алдымен национализациялауға қарсы негұрлым елеулі пікірлерге тоқталамын. Мұндай негұрлым елеулі қарсы пікір Плеханов жолдас айтқан пікір екені күмәнсыз. Плеханов жолдас дәл былай деп айтты, мен оның сөздерін жазып алғанмын: «біз ешбір жағдайда да национализацилауды жақтай алмаймыз». Бұл қате. Мен былай деймін: егер бізде шаруалар революциясы шынында да жүзеге асатын болса, егер революциямен бірге болатын саяси төңкеріс нағыз демократиялық республиканы құруға дейін баратын болса, онда Плеханов жолдас национализациялауды жақтауды мүмкін деп табады, ал егер біздің Россияда алда болатын төңкерісте демократиялық республика шынымен жүзеге асатын болса, онда қозғалыстың бүкіл жағдайы, орыс жағдайы былай тұрсын, тіпті халықаралық жағдайы да национализациялауға итермелеген болар еді. Егер бұл шарт жүзеге аспайтын болса, онда да муниципализациялау бос сөз болып шығады; онда ол жүзеге асса да, сатып алудың жаңа түрі есебінде ғана жүзеге асатын болады. Джон жолдаста: конфискелеу емес, иеліктен айыру деген термин бар және, оның сөзінен көрінгеніндей, ол бұл терминді кездей-

соқ ала салмаған, оның бер жағында бұл термин нағыз кадеттік термин, ол не болса соны көздейді, ал кадеттердің жобалап отырған сатып алуы онымен толық сәйкес келеді. Әрі қарай барайық. Плеханов жолдас реставрация қаупінен кепілдік бар ма деп сұрады. Мен бұл мәселе біздің талдап отырған программамызбен тығыз, айрылмастай байланысты қойылуы керек деп ойламаймын, бірақ бұл мәселе қойылған соң, оған әбден айқын, бүкпесіз жауап беру керек болады. Егер реставрациядан қауіпсіз болудың нағыз, толық шын мәніндегі экономикалық кепілдігі туралы, яғни реставрацияны болдырмайтын экономикалық шарттарды туғызатын кепілдік туралы айтатын болсақ, онда былай деуге тура келеді: реставрациядан қауіпсіз болудың бірден-бір кепілдігі — Батыста социалистік төңкерістің жасалуы; бұл сөздің нағыз, толық мағынасында ешқандай басқа кепілдіктің болуы мүмкін емес. Бұл шарт болмайынша, мәселе басқаша қалай шешілген күнде де (муниципализациялау, бөліс, т. с.), реставрацияның мүмкін екені былай тұрсын, тіпті ол болмай қоймайды. Мен бұл қағиданы мынандай сөздермен тұжырымдар едім: орыс революциясы өз күшімен жеңе алады, бірақ ол өз жеңістерін өз қолымен ешбір ұстап тұра алмайды, нығайта да алмайды. Егер Батыста социалистік төңкеріс болмаса, революция бұған жете алмайды; бұл шартсыз муниципализациялау кезінде болсын, национализациялау кезінде болсын, бөліс кезінде болсын реставрация болады, өйткені иелік пен меншіктің барлық кез келген формалары тұсында ұсақ қожайынсымақ реставрацияның тірегі болады. Демократиялық революция толық жеңіп шыққаннан кейін ұсақ қожайынсымақ пролетариатқа сөзсіз қарсы шығады, пролетариат пен қожайынсымақтың барлық ортақ жаулары, атап айтқанда: капиталистер, помещиктер, финанс буржуазиясы, т. с. неғұрлым тез аласталса, ұсақ қожайынсымақ соғұрлым тез қарсы шығады. Біздің демократиялық республиканың Батыстағы социалистік пролетариаттан басқа ешқандай резерві жоқ, бұл арада Европадағы классикалық буржуазиялық революцияның, атап айтқанда XVIII ғасырдағы ұлы француз революциясының, орыс револю-

циясы болып отырған кездегі халықаралық жағдайдан мүлде басқаша жағдайда болғанын естен шығармау керек. XVIII ғасырдың аяғындағы Франция феодалдық және жартылай феодалдық мемлекеттердің қоршауында болды. Буржуазиялық революция жасалатын XX ғасырдағы Россия буржуазияға қарсы ақырғы шайқас қарсаңында сақадай-сай тұрған социалистік пролетариаты бар елдердің қоршауында отыр. Егер патшаның 17 октябрьдегі Россияда бостандық беру жөніндегі уәдесі сияқты біршама болымсыз оқиғалар қазірдің өзінде Батыс Европадағы пролетариаттың қозғалысына үлкен түрткі болып отырса,— егер австриялық жұмысшыларды бірден көшеге шығуға мәжбүр ету үшін, Австрияның өнеркәсіпті ірі қалаларында бірсыпыра демонстрациялар мен әскери қақтығыстарды туғызу үшін австриялық жұмысшылардың Петербургтен атышулы конституциялық манифест туралы телеграмма алуы жеткілікті болса, онда халықаралық социалистік пролетариат Россиядан бостандық жөніндегі уәде жайында емес, бостандықтың жүзеге асқаны және революцияшыл шаруалардың толық жеңіп шыққаны жайында хабар алса, оның не істейтіндігін көзге елестетіп көруге болады. Ал егер реставрациядан қауіпсіз болудың кепілдігі туралы мәселені басқа негізге қоятын болсақ, яғни егер реставрацияны болдырмаудың біршама және шартты кепілдігі туралы айтатын болсақ, онда былай деуге тура келеді: реставрацияны болдырмаудың шартты және біршама кепілдігі тек мынау, революция неғұрлым батыл жүзеге асырылуы керек, революцияны тікелей революцияшыл тап жүргізуі керек, делдалдар, келісімпаздар және ымырашылдардың қай-қайсысы да мейлінше аз қатыстырылуы керек, бұл революция ақырына дейін шынымен жеткізілуі керек, сонда менің жобам реставрация қаупіне қарсы мейлінше біршама кепілдіктер береді.

Менің жобамда революцияшыл шаруалар қозғалысының тікелей тұтқасы ретінде, оның неғұрлым керекті формасы ретінде шаруалар комитеттері ұсынылған. Түсінікті тілге аударғанда шаруалар комитеттері — шаруалардың өздері чиновниктер мен помещиктерді на-

ғыз батыл түрде дереу және тікелей жазалауына шақыру деген сөз. Шаруалар комитеттері — крепостниктік тәртіптің қалдықтары мен полициялық тәртіптерден езгі көрген халықты, Маркс айтқандай, осы қалдықтарды «плебейше» [153] құртуға шақыру деген сөз. Чиновниктерді халықтың сайлап қоюын жүзеге асыратын ақырына дейін жеткізілген революцияның осы алғы шарты Плеханов жолдас үшін де, әрине, біздің бәріміз үшін де соншалық жағымсыз анархизмді оның есіне түсірді, бірақ чиновниктерді халықтың сайлап қоюының анархизмді еске түсіретіні барынша-ақ таңданарлық нәрсе; қазіргі сияқты кезеңде чиновниктерді халықтың сайлап қоюы туралы мәселе Бернштейннен басқа социал-демократтың қай-қайсысының да күлкісін келтіреді немесе күлкісін келтіріп жүр деу — барынша-ақ таңданарлық нәрсе. Біз дәл қазір бұл ұранның — чиновниктерді халық сайлайтын болсын деген ұранның — нағыз тікелей, зор практикалық маңызы болатын кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Біздің бүкіл қызметіміз, шаруалар бұқарасы арасындағы үгіт-насихатымыз көбінесе нақ осы ұранды насихаттау, тарату, түсіндіру болуға тиіс. Шаруалар революциясын уағыздап, аграрлық революция туралы азды-көпті елеулі мағынада сөздер айту, сонымен бірге нағыз демократизмнің қажет екені туралы, яғни, өзгесін былай қойғанда, чиновниктерді халықтың сайлауы қажет екені туралы айтпау — барып тұрған қайшылық. Бұл жөнінде анархизм деп кінәлау менің есіме таяуда Каутскиймен айтысып, оны анархизм жөнінде кінәлаған неміс бернштейншілдерін ғана түсіреді.

Біз шаруаға былай деп ашық та айқын айтуға тиістіміз: егер сен аграрлық революцияны ақырына дейін жеткізгің келсе, онда сен саяси революцияны да ақырына дейін жеткізуге тиіссің; саяси революцияны ақырына дейін жеткізбейінше, аграрлық революция мүлде болмайды немесе оншама берік болмайды. Толық демократиялық төңкеріс болмайынша, чиновниктерді халық сайлап қоймайынша бізде не аграрлық бүліктер болады, не кадеттік аграрлық реформалар болады. Плеханов қолданған: шаруалар революциясы деген үлкен сөзге татырлық жағдай бізде болмайды. Әрі қарай барайық.

Муниципализациялау тап күресіне кең майдан ашады,— деді Плеханов; мен оның осы пікірін мүмкін болғанынша неғұрлым дәл келтіруге тырыстым, бірақ мен бұл пікірдің мүлде *теріс* екендігін батыл айтуға тиіспін; бұл пікір саяси мағынада да, экономикалық мағынада да теріс. Басқа да осындай жағдайларда муниципалитет пен жерді муниципальдық түрде иелену тап күресінің бүкіл ұлттан гөрі, жерді национализациялаудан гөрі сөзсіз неғұрлым тар майданы болып табылады. Демократиялық республика кезінде жерді национализациялаудың тап күресіне мейлінше кең өріс ашатыны — капитализм өмір сүріп тұрғанда мүмкін боларлық және ақылға сыярлық дәрежеде мейлінше кең өріс ашатыны сөзсіз. Национализациялау — абсолюттік рентаны жою, астықтың бағасын төмендету, бәсекенің мейлінше еркін болуын және капиталдың егіншілікке еркін тарауын қамтамасыз ету деген сөз. Муниципализациялау, мұның керісінше, егіншіліктегі барлық өндірістік қатынастарды абсолюттік рентадан тазартпай, біздің жалпы талабымызды жеке талаптарға бөлшектей отырып, жалпы ұлттық тап күресінің өрісін тарылтады: муниципализация қайткен күнде де тап күресін бүркемелейді. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда Плехановтың қойған мәселесі тек бір ғана мағынада шешілуі мүмкін. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда муниципализациялау ешбір сын көтермейді. Муниципализациялау дегеніміз тап күресінің өрісін тарылту, оны бүркемелеу.

Плехановтың келесі қарсы пікірі өкіметті басып алу туралы мәселе жайында. Плеханов менің аграрлық программамның жобасында өкіметті басып алу ниеті бар деп есептейді, ал мен революцияшыл шаруалардың өкіметті басып алу идеясы менің аграрлық программамның жобасында * шынында да бар екенін айтуға тиіспін, бірақ бұл идеяны өкіметті басып алу жөніндегі халық ерікшілдігі идеясына апарып телу барып тұрған қате. 70 және 80-жылдарда, халық ерікшілері [154] өкіметті басып алу идеясын таратып жүрген кезде, олар бір топ қана интеллигенттер еді, ал іс жүзінде айтарлықтай

* Қараңыз: осы том, 281—282-беттер. *Ред.*

ауқымды, нағыз бұқаралық революциялық қозғалыс болған жоқ. Өкіметті басып алу ниеті дамып келе жатқан бұқаралық қозғалыстың сөзсіз ілгері басқан адымы емес, ат төбеліндей интеллигенттердің ниеті немесе бос сөзі болды. Қазір, 1905 жылғы октябрь, ноябрь және декабрь айларынан кейін, жұмысшы табының, жартылай пролетарлық элементтер мен шаруалардың қалың бұқарасы көптен бері-ақ көз көрмеген революциялық қозғалыстың формаларын дүние жүзіне көрсеткеннен кейін,— қазір, революцияшыл халықтың өкімет үшін күресі Москвада да, оңтүстікте де, Прибалтика өлкесінде де бұрқ ете қалғаннан кейін,— қазір революцияшыл халықтың саяси өкіметті жеңіп алуы туралы пікірді халық ерікшілдігіне апарып телу тұтас 25 жыл кешіккендік болады, тұтас ұзақ дәуірді Россия тарихынан өшіріп тастағандық болады. Плеханов: аграрлық революциядан қорықпау керек деді. Революцияшыл шаруалардың өкіметті жеңіп алуынан нақ осылай қорқудың өзі де аграрлық революциядан қорқу болып табылады. Егер аграрлық революцияның жеңуі революцияшыл халықтың өкіметті жеңіп алуын көздемейтін болса, аграрлық революция дегеніміз бос сөз болады. Осы соңғы шарт болмайынша, мұның өзі аграрлық революция емес, шаруалар бүлігі немесе кадеттік аграрлық реформалар болады. Бұл пунктті талдауды аяқтау үшін мен тек мынаны ғана еске саламын: азшылықтағы жолдастардың «Партийные Известияның» 2-номерінде басылған қарарының өзі үкіметтің қолынан өкіметті тартып алу міндеті қазірдің өзінде біздің алдымызға қойылып отыр дейді.

«Халық творчествосы» деген сөз, байқауымша, біздің қарарларда жоқ, бірақ, Плеханов жолдас ұмытпады деп сенетін болсақ, мен мұны өз сөзімде қолдансам керек, ал мұның өзі халық ерікшілері мен социалист-революционерлер ішіндегі ескі таныстарын Плеханов жолдастың есіне салатын сияқты. Плеханов жолдастың бұл еске түсіруі маған тағы да әлгіндей 25 жылға кешігу болып көрінеді. 1905 жылдың ақырғы ширегінде Россияда не болғанын еске түсіріңізші: стачкалар, жұмысшы депутаттарының Советтері, көтерілістер, шаруалар

комитеттері, темір жол комитеттері, т. б.,— осының бәрі атап айтқанда халық қозғалысының көтеріліс формасына көшкендігін дәлелдейді, осының бәрі революциялық өкімет органдарының даусыз бастамаларын көрсетеді, сондықтан халық творчествосы туралы менің сөздерімнің мүлдем айқын және нақты мазмұны болды; бұл сөздер орыс революциясының дәл осы тарихи күндеріне қатысты еді, бұл сөздер ескі өкіметке қарсы күрестің ғана емес, революциялық өкімет арқылы күресудің дәл осы тәсілін, орыс жұмысшылары мен шаруаларының қалың бұқарасының атақты октябрь күндері мен декабрь күндерінде бірінші рет қолданған тәсілін сипаттады. Егер біздің революция жойылса, онда шаруалар мен жұмысшылардың революциялық өкіметінің осы бастама формаларының да жойылғаны; ал егер шаруалар революциясы туралы сіздердің сөздеріңіз бос сөз болмаса, егер сөздің шын мағынасында бізде нағыз аграрлық революция жасалатын болса, онда біз октябрь мен декабрь оқиғаларының неғұрлым өлшеусіз кең көлемде күмәнсыз қайталануын көретін боламыз. Интеллигенттердің емес, бір топ заговоршылардың емес, жұмысшылар мен шаруалардың революциялық өкіметі Россияда болды, біздің революцияның барысында іс жүзінде жүзеге асты да. Ол реакцияның жеңуі салдарынан басып жаншылды, бірақ егер революцияның өрлеуіне сенуге біздің шын дәлеліміз бар болса, онда біз революциялық өкіметтің жаңа, бұрынғыдан да батыл, шаруалармен және пролетариатпен бұрынғыдан да тығыз байланысты органдарының өрлеп, өркендеп, табысты болуын да сөзсіз күтуге тиістіміз. Олай болса, Плеханов «халық еріктілдігі» деген тозығы жеткен, күлкілі құбыжық сөз арқылы қозғалыстың октябрь-декабрьдегі формаларын талдаудан тек қана жалтарып отыр.

Ақырында, менің программамның икемділігі және 4 аяғынан тең басқандығы туралы мәселені де қарастырып көрейік. Менің аграрлық программам бұл жөнінде де басқалардың бәрімен салыстырғанда неғұрлым қанағаттанарлық программа болып табылады деп ойлаймын. Егер революцияның ісі нашарлаған күнде, қалай ету керек? Егер менің жобамда қойылған барлық «егерді»

жүзеге асырмайынша біздің демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу туралы айтуға болмайтын болса, қалай ету керек? Күмән жоқ, онда шаруалар шаруашылығы мен шаруалардың жер пайдалануының қазірдің өзінде бар жағдайларымен санасуға тура келеді. Мен бұл жөнінде аренда сияқты аса зор маңызы бар құбылысқа сүйенемін. Егер революцияның ісі нашарлауы мүмкін, ол ақырына дейін жете алмауы да мүмкін дейтін болсақ, онда, күмән жоқ, бұл ретте мұндай құбылыстың бар екендігімен және оны жоюға болмайтындығымен санасу керек, сондықтан мен осындай сәтсіз жағдайдың мүмкіндігін еске алып, утопиялық делінген барлық «егерлердің» болмайтын кезін еске алып, партияның міндеттерін Маслов жолдастан гөрі толығырақ, дәлірек және әлдеқайда дұрыс көрсеткенмін. Сонымен, менің программам шаруалар шаруашылығы мен шаруалардың жер пайдалануының қазіргі жағдайларында да, капитализмнің одан әрі дамуының неғұрлым жақсы перспективалары бар кезінде де практикалық ұрандар ұсынады. Джон жолдас менің программамда программалар тым көп, онда бір-бірін жоққа шығаратын конфискелеу де, аренда да бар деп қағыта сөйледі; бірақ мұнысы қағыту болмай шықты, өйткені шаруалар жерінде де аренда орын алады, сондықтан помещиктік жерді конфискелеу аренданы жоққа шығармайды. Демек, Плеханов жолдастың маған қарсы ұсынған өте әсерлі дәлелі өте теріс болды. Егер істің бәрі оңынан келетін болса, бұған арнап программа жазу қиын емес деседі. Мұндай программаны әркім жазады, ал сен қолайлы жағдайлар мүлде болмайтын кезге арнап программа жазшы дейді. Мен бұл дәлелге мынадай жауап айтамын: біздің революцияның барысы немесе нәтижесі мейлінше нашар бола қалған күнде помещиктік жерді конфискелеу туралы айтатын және аренда туралы мәселе сияқты мәселелерді көздейтін менің программам мейлінше дұрыс және мейлінше жақсы негізделген программа бола алады, ал Джон жолдасқа келетін болсақ, оның жобасы осы неғұрлым сәтсіз жағдайлар туралы, яғни шынында жүзеге асырылған саяси демократизмнің жоқ кезіндегі жағдайлар туралы ештеме айтпай,

бізге тек муниципализациялауды ғана береді, ал оның бер жағында чиновниктерді халық сайлап қоймайынша, тұрақты армияны, т. т. жоймайынша, муниципализациялау да национализациялау сияқты қауіпті, тіпті одан да қауіпті болады. Міне, сондықтан да мен Плеханов соншалық әділетсіздікпен айыптаған «егерлердің» қойылуын талап етемін.

Сонымен, шаруалар муниципализациялауды қабылдамайды. Картвелов жолдас Кавказда шаруалар эсерлердің пікіріне толық қосылады, бірақ мұнымен қатар олар: бөліс кезінде немесе социализациялау кезінде өзімізге тиген жерді сатуға правомыз бар ма деп сұрайды деді. Дұрыс, Картвелов жолдас! Сіздің бақылауыңыз шаруалардың жалпы мүдделеріне және өз мүдделерін шаруалардың түсінуіне әбден сәйкес келеді, бірақ шаруалар аграрлық өзгерістердің қай-қайсысын болсын өздеріне тиген қосымша жерді сатуға өздерінің праволы болатын-болмайтындығы тұрғысынан қарағандықтан, міне, нақ сондықтан да шаруалар муниципализациялауға, земстволизациялауға сөзсіз қарсы болады. Шаруалар осы кезге дейін земствоны земство бастығымен шатастырады, шаруаларды надан деп мазақтайтын кадеттік маңғаз право профессорларына қарағанда шаруалардың бұлай деуге әлдеқайда терең дәлелі бар. Сондықтан, муниципализациялау туралы айтудан бұрын, сөз жоқ, чиновниктерді халықтың сайлап қоюы туралы айту қажет. Қазір, осы демократиялық талап жүзеге аспай тұрғанда, жалпы конфискелеу туралы не бөліс туралы айту ғана орынды болады. Міне, сондықтан, негізгі мәселені съезд үшін оңайлату мақсатымен, мен былай істеймін: менің программам мен Борисов жолдастың программасының бірсыпыра ортақ белгілері болғандықтан және национализациялауға емес, нақ бөліске негізделіп жасалғандықтан мен өз программамды қайтып аламын, сөйтіп съезге бөліс немесе муниципализациялау мәселесі жөнінде пікір айтуға мүмкіндік беремін. Егер сіздер бөлісті қабылдамасаңыздар,— немесе, бәлкім, сіздер бөлісті қабылдамаған «кезде» деу дұрысырақ болар,— онда, әрине, іске аспайтын жоба ретінде өз жобамды менің біржола қайтып алуыма ту-

ра келеді, ал егер сіздер бөлісті қабылдасаңыздар, онда мен өз программамды түгелдей Борисов жолдастың жобасына түзету ретінде ұсынамын. Шаруаларға национализациялауды күштеп таңғалы отыр деп мен жөнінде айтылған кінәға жауап ретінде тағы да мынаны ескертемін: менің программамда *«А нұсқасы»* бар, онда шаруалардың еркінен тыс оларға нені болса да күштеп таңу ниетінің қандайына да жол бермеу жайында айтылған. Демек, бастапқы дауысқа салғанда менің жобамның орнына Борисовтың жобасының алынуы істің мәніне тіпті де ешқандай өзгеріс жасамайды, тек съездің шын еркін анықтап білуімізді жеңілдетеді, оңайлатады. Менің ойымша, муниципализациялау қате және зиянды — бөліс қате, бірақ зиянды емес.

Осы айырмашылыққа қысқаша тоқтап өтейін: «бөлісшілер» фактілерді дұрыс түсінеді, бірақ олар Маркстің көне материализм туралы айтқан мынадай нақылын ұмытып қалған: «материалистер дүниені түсіндірді, бірақ әңгіме оны түсіндіруде ғана емес, сонымен бірге дүниені өзгертуде болып отыр» [155]. Шаруа: «жер құдайдікі, жер халықтікі, жер ешкімдікі емес» дейді. «Бөлісшілер» бізге былай деп түсіндіреді: шаруа мұны саналы түрде айтпайды, ол бір нәрсені айтады да, екінші нәрсені ойлайды. Шаруалардың шын тілектері, дейді олар, түгелдей және бірден-бір тілейтіні — шаруаларға қосымша жер беру, ұсақ шаруашылықты ұлғайту, одан басқа түк те емес. Мұның бәрі өте дұрыс. Бірақ «бөлісшілермен» біздің алауыздығымыз мұнымен де тынбайды, қайта тек осыдан басталады. Бұл сөздердің экономикалық жағынан мүлде қисынсыз немесе мағынасыз екендігіне қарамастан, шаруалардың дәл осы сөздерін насихат үшін негіз ретінде пайдалануға тиіспіз. Сен жерді жұрттың бәрі пайдалануға тиіс дейсің бе? Сен жерді халыққа бергің келе ме? Өте жақсы, бірақ жерді халыққа беру не деген сөз? Халық игілігін және халық мүлкін кім билеп отыр? Чиновниктер, Треповтар. Сен жерді Трепов пен чиновниктерге бергің келе ме? Жоқ. Шаруалардың қай-қайсысы болсын жерді оларға бергісі келмейтінін айтады. Муниципальдық өзін өзі басқару орнында мәжіліс жасауы мүмкін Петрункевичтер мен

Родичевтерге жерді бергің келе ме? Жоқ. Шаруалар, сіре, жерді бұл мырзаларға бергісі келмес. Демек,— деп түсіндіреміз біз шаруаларға,— жердің шаруаларға тиімді болуы көзделіп бүкіл халыққа берілуі үшін барлық чиновниктерді түгелінен халықтың сайлап қоюын қамтамасыз ету қажет. Демек, демократиялық республиканы толық қамтамасыз ету арқасында болатын национализациялаудың мен ұсынып отырған жобасы біздің насихатшылар мен үгітшілердің ісіне әбден дұрыс бағыт береді, шаруалардың жер жөніндегі талаптарын талдау саяси насихат үшін, жекелеп алғанда дәл республикалық насихат үшін негіз болуға тиіс екендігін оларға айдан анық көрсетеді. Мәселен, Ставрополь шаруаларынан Думаға депутат болып сайланған шаруа Мишин сайламшылардан аманат алып келді, бұл аманат «Русское Государствода»[156] толық басылған. Бұл аманатта земство чиновниктерін ауыстыру да, элеваторлар салу да, барлық жерді қазынаға беру де талап етіледі. Жерді қазынаға беруді талап ету, сөз жоқ, реакциялық соқыр сенім болады, өйткені қазіргі және ертеңгі конституциялық Россияның қазынасы — полициялық, әскери деспотизмнің қазынасы, бірақ бұл талапты біз зиянды соқыр сенім ретінде жай ғана лақтырып тастамай, істің шын мән-жайын Мишинге және сол сияқтыларға түсіндіру үшін бұл талапқа «жармаса кетуге» тиіспіз. Біз Мишинге және сол сияқтыларға былай деуге тиіспіз: жерді қазынаға беруді талап ету, өте нашар талап болғанымен, шаруалар үшін өте-мөте маңызды және пайдалы идеяны білдіреді. Тек мемлекет толық демократиялық республика болған кезде ғана, чиновниктердің сайланып қойылуы толық жүргізілетін болған кезде ғана, тұрақты армия, т. т. жойылған кезде ғана жерді қазынаға беру шаруаларға өте пайдалы болуы мүмкін және өте пайдалы болады да. Міне, осы себептердің бәріне сүйене отырып мен былай деп те ойлаймын: егер сіздер национализациялауды қабылдамасаңыздар, онда 1903 жылғы кесінді жер жөніндегі қате программамыз арқылы біз қандай қателер туғызған болсақ, сіздер енді біздің практиктерді, насихатшылар мен үгітшілерді нақ осындай қателерге ұшырата-

тындарыңыз сөзсіз. Сол кезде жұрт біздің кесінді жерлерді осы пункт авторларының түсінгенінен гөрі тар мағынада түсінген болатын, сол сияқты қазірде де национализациялауды қабылдамау және осы талаптың орнына бөлісті енгізу дегеніңіз, мүлдем былығып жатқан муниципализациялауды айтпағанның өзінде, біздің практиктерді, насихатшылар мен үгітшілерді бірсыпыра қателерге ұшырататыны сөзсіз, сонда біз «бөлісшілік» немесе муниципализаторлық программаны қабылдағанымызға кешікпей өкінетін боламыз.

Өзімнің негізгі екі тезисімді тағы да бір рет қайталаумен сөзімді бітіремін: біріншіден, шаруалар муниципализациялауды ешқашан да тілемейді; екіншіден, демократиялық республика болмайынша, чиновниктерді халық сайлап қоймайынша муниципализациялау — зиянды.

6

СЪЕЗДІҢ ПРОТОКОЛДАРДЫ БЕКІТУІНІҢ ҚАЖЕТТІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Съездің барлық протоколдарды бекітуі қажет. Сондықтан секретарьлар жазған протоколдар ресми протоколдар болады. Стенографтар тек сөйленген жеке сөздерді жазып отырады.

7

СЪЕЗДІҢ 15-МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЖАЗБАША МӘЛІМДЕМЕ

Біздің қарарларымыздың бірінші бетінде былай делінген: *«буржуазиялық революциядағы* таптық мүдделер»[157], жоғарыдан санағанда 27-жол.

8

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАПТЫҚ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Ең маңыздысын атап көрсетуге тырысайын. Птицын жолдас: аңшы алдынан аң жортар деген мәтелді менің есіме түсірді. Ол: қазір күрестің басты формасы заңдарды және басқаларды бұзу екенін большевиктер қайдан көріп отыр? — деп сұрады. Птицын жолдас, өзіңіздің кадеттік көзілдірігіңізді алыңызшы. Сізге күрестің басты формасы парламентаризм болып көрінетін сияқты. Қараңыз: жұмыссыздар қозғалысы, әскердегі қозғалыс, шаруалар қозғалысы. Қозғалыстың басты формасы Думада емес, ол қосымша роль ғана атқара алады. Плеханов жолдас Гегель менің оған сілтеме жасағанымды есітсе, табытында екі аунап түсер еді деді. Бірақ Плеханов жолдас Птицын жолдастан бұрып сөйледі, сондықтан оның сөздері Птицынға қарсы шығады. Птицын жолдас минут алдында бас иеді, ол көзге көрініп жатқан құбылыстарды ғана байқайды, ал тереңде не болып жатқанын аңғармайды. Ол құбылыстарды даму үстінде зерттемейді. Птицын жолдастың пікірінше, бас пен құйыршық туралы, пролетариаттың жетекшілік немесе артта жүрушілік ролі туралы әңгіме бос сөз болып шығады. Бұл арада меньшевиктердің негізгі қатесі ерекше айқын көрінді. Олар буржуазияның контрреволюцияшыл екенін, оның келісімге келуге саналы түрде ұмтылатынын көрмейді. Олар якобиншілдерді мысалға алып, олар аңқау монархистер еді, республикашыл болды деп көрсетеді. Бірақ кадеттер аңқау монархистер емес, са-

налы монархистер. Меньшевиктер тап осыны ұмытып отыр.

Қаһарлы Леонов жолдас: Қараңыздар: «большевиктер» революцияшыл халық туралы айтып жүр деді. Бірақ өздерінің қарарында «меньшевиктер» де нақ соны айтады. Леонов жолдас Маркстің «Франциядағы тап күресінде» республика дегеніміз буржуазия үстемдігінің жоғары саяси формасы деп айтқан сөзіне сүйенді. Леонов жолдастың бұдан әрі де цитат келтіруі керек еді. Сонда ол республика буржуазияға уақытша жағдайдың күшімен таңылғанын, екі фракцияға — легитимистер мен орлеанистерге [158] — бөлінген буржуазия республикаға тек өз еркінен тыс көнгенін көрген болар еді [159].

Дан: «большевиктер» саяси ұйымның маңызын елемейді деді. Бұл дұрыс емес. Бірақ ұйымның маңызы туралы жалпылама әңгіме ету сөз қадірін кетіргендік болар еді. Әңгіме қазір саяси ұйымның нақ қандай формасы қажет екендігі туралы болып отыр. Саяси ұйымды біздің қандай негізде құратынымызды көрсету керек. «Меньшевиктер» революция өрлеуінің алғы шартына сүйенеді, сөйте тұрып революцияның өрлеуіне емес, құлдырауына сәйкес келетін қимыл әдістерін ұсынады. Олар осы арқылы октябрь — декабрь кезеңін барынша жамандап жүрген кадеттердің сойылын соғады. «Меньшевиктер» думпу туралы айтып жүр. Осы сөзді қарарға енгізіңізші. Сонда қозғалыстың қазіргі формасы — Мемлекеттік думаның сайлауы, т. б.— қозғалыстың тек қана өткінші формасы болып шығады.

Дан жолдас: «азшылықтың» ұрандары расталды деп, революциялық өзін өзі басқару орындарын, жұмысшы депутаттарының Советтерін мысалға алды. Бірақ Плеханов «Дневнигінің» 5-номерін алыңыз. Ол онда революциялық өзін өзі басқару «шатастырады» дейді. Бірақ бұл ұран қашан және кімді шатастырды? Біз бұл ұранды ешқашан да теріске шығарған емеспіз. Бірақ біз мұны жеткіліксіз деп есептедік. Бұл ұран — жартыкеш ұран, бұл ұран жеңімпаз революцияның ұраны емес. Жұмысшы депутаттарының Советтерін мысалға алу дұрыс емес. Олар туралы біз әлі айтқан жоқпыз.

Плехановтың қатесі, ол қозғалыстың октябрьде болған формаларына мүлдем талдау жасамайды. Ол: жұмысшы депутаттары Советтерінің болғаны дұрыс және қажетті деді. Бірақ ол жұмысшы депутаттары Советтерінің мәнісі не екенін талдауға талпынбады. Бұл не? — революциялық өзін өзі басқару органдары ма әлде өкіметтің бастама органдары ма? Мен мұның өзі революциялық өкімет арқылы жүргізілетін күрес деп кесіп айтамын, ал бұл тезисті теріске шығару мүмкін емес. Октябрь — декабрь күресінің қазіргі күрестен сипатты айырмашылығы осы, тек қана осы; сондықтан біз күрестің белгілі бір түрін күштеп таңа алмаймыз.

Плеханов былай деді: Бернштейнді теориясы үшін, теориялық марксизмнен оның бас тартқандығы үшін мақтады, ал мені тактикам үшін мақтап отыр. Жағдай мүлдем басқаша — деді Плеханов жолдас. Оның мұнысына Варшавский жолдас Бернштейнді тактикасы үшін мақтады деп әділ жауап берді. Кадеттердің істеп жүргеніндей, қайшылықтарды көмескілеуге тырысқандығы үшін мақтады. Бернштейн социалистік революция қарсаңында әлеуметтік қайшылықтарды көмескілемек болды. Плеханов буржуазиялық-демократиялық революцияның қызған кезінде саяси қайшылықтарды көмескілеп отыр. Кадеттер Плеханов пен меньшевиктерді осы үшін мақтайды.

Плеханов жолдас: біз өкіметті басып алуды теріске шығармаймыз, бірақ біз өкіметті заговоршылдық жолмен басып алуды емес, Конвент [160] заманындағы сияқты жолмен басып алуды жақтаймыз деді. «Меньшевик» жолдастар, өз қарарыңызға осыны жазыңыздаршы. Ленинизмді теріске шығара беріңіздер, заговоршыл эсерлерді, т. т. және т. б. масқаралай беріңіздер, бұл маған зәредей де қорқынышты емес, бірақ өкіметті Конвент типімен басып алу туралы пункт енгізіңдер, сонда біз бұл қарарға екі қолымызбен де қол қоямыз. Тек есіңізде болсын, Плеханов жолдас, сіз мұны жазған бойдан-ақ кадеттер сізді мақтауын қояды, бұған сеніңіз.

9

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ БІРІГУ СЪЕЗІНЕ ҰСЫНЫЛҒАН ЖОБАСЫ [161]

1) 11 декабрьдегі сайлау заңы және сайлаудың іс жүзіндегі шарттары пролетариат пен социал-демократияны нағыз партиялық кандидаттарды ұсынып және оларды дербес өткізе отырып сайлауға қатысу мүмкіндігінен айырды;

2) осының нәтижесінде жұмысшылардың сайлауға қатысуының нақты маңызы кадеттермен немесе басқа да буржуазиялық топтармен келісім жасасу салдарынан қалай да пролетариаттың өте айқын таптық позициясын көмескілеуге айналып кетуге тиіс еді және іс жүзінде осылай болғандығы тәжірибеден көрініп отыр;

3) тек толық және дәйекті бойкот жасау ғана социал-демократияға құрылтай жиналысын революциялық жолмен шақыру ұранын қолдауға, Мемлекеттік дума үшін барлық жауапкершілікті кадеттер партиясына жүктеуге, сөйтіп пролетариатты және шаруаларды немесе революциялық демократияны конституциялық жалған үміттерден сақтандыруға мүмкіндік берді;

4) қазірдің өзінде құрамы (басым көпшілігі) кадеттік екендігі айқындалған Мемлекеттік дума нағыз халық өкілдігі ролін қандай жағдайда да орындай алмайды, тек жаңа, бұрынғыдан да кең және терең революциялық дағдарыстың дамуына жанамалап қана қызмет етеді;

осыларды еске ала келіп,—

Біз мыналарды мойындаймыз және съезге мойындауды ұсынамыз:

1) партия ұйымдары Мемлекеттік думаға және оның сайлауына бойкот жасап дұрыс істеді;

2) қазіргі саяси жағдайларда және Думада нағыз партиялық және партия атынан өкіл бола алатын социал-демократтар жоқ болып отырғанда, социал-демократияның парламенттік фракциясын құру әрекеті елеулі нәтиже бере қоймайды, қайта РСДРП-ның беделін түсіру және оған кадеттер мен социал-демократтар аралығындағы парламентарийлер типтес ерекше зиянды адамдар үшін жауапкершілікті жүктеу қаупін туғызады;

3) жоғарыда баяндалғандардың бәрін еске ала келгенде, біздің партияның парламенттік жолға түсуі үшін әлі жағдайлар жоқ;

4) социал-демократия Мемлекеттік думаны және оның үкіметпен қақтығысуын немесе оның ішіндегі жанжалды пайдалануға тиіс, оның реакцияшыл элементтерімен күресуі керек, кадеттердің дәйексіздігі мен солқылдақтығын аяусыз әшкерелеуі керек, шаруалардың революциялық демократиясының элементтерін мейлінше мұқият қадағалап отыруы керек, оларды біріктіріп, кадеттерге қарама-қарсы қоюы керек, олардың пролетариат мүдделеріне сәйкес келетін қимылдарын қолдауы керек, думалық дағдарысқа байланысты — жалпы революциялық дағдарыстың неғұрлым шиеленісуі мүмкін кезеңде самодержавиеге үзілді-кесілді шабуыл жасауға пролетариатты шақыруға әзірленуі керек;

5) үкіметтің Мемлекеттік думаны таратуы, сөйтіп оны жаңа құрамда сайлауы мүмкін болып отырғандықтан, съезд былай деп қаулы етеді: жаңа сайлау науқаны кезінде кадеттер партиясымен және солар сияқты революцияшыл емес элементтермен ешқандай блоктар және келісімдер жасасуға жол беруге болмайды; біздің партияның жаңа сайлау науқанына қатысу мүмкіндігі туралы мәселені кезеңнің нақты жағдайларына қарай Россия социал-демократиясы шешеді.

«Волна», № 12, 9 май, 1906 ж. *«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

10

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ҚОСЫМША БАЯНДАМА

Жолдастар! Мен сіздерге большевиктердің қарарын оқып жатпаймын, өйткені бұл қарар, сірә, сіздердің бәріңізге белгілі болар. (Съезд мүшелері тарапынан талап етілуіне байланысты шешеп, алайда, большевиктер қарарының текстісін тағы бір оқып шығады.) Бұл қарарды меньшевиктердің қарарымен салыстыру бізге айырмашылықтың төмендегі негізгі төрт пунктін немесе меньшевиктердің қарарының негізгі төрт кемшілігін көрсетеді.

1) Меньшевиктердің қарарында сайлауға баға берілмеген, бұл жөнінде біздің саяси тәжірибеміздің объективті нәтижелері есепке алынбаған.

2) Бұл қарарда басынан аяғына дейін Мемлекеттік думаға пайымсыз қараушылықтың, егер жұмсақтау айтсақ, немесе оптимистік қараушылықтың лебі еседі.

3) Қарарда буржуазиялық демократия ішіндегі түрлі ағымдарды немесе партияларды олар жөніндегі біздің тактикамыз тұрғысынан айқын бөліп көрсету жоқ.

4) Сіздердің қарарыңыз пролетариат партиясы үшін парламенттік фракцияны құрудың пайдалылығын ешбір дәлелдеуге болмайтын кезең мен жағдайларда парламенттік фракцияны құру керек деп қаулы етеді.

Егер сөздерге немесе ұсақ-түйектерге орынсыз тиіспей, алауыздықтарды байсалды түрде талдайтын болсақ, біздің арамыздағы шын алауыздықтар осындай.

Осы төрт пунктті талдап қарайықшы.

Егер біз өз қорытындыларымызды жалпы парламентаризм туралы жалпылама сөздерге, т. т. негіздемей, са-

яси күштердің шын арасалмағына негіздегіміз келсе, сайлау жөніндегі тәжірибені есепке алудың зор маңызы бар. Шынында, сайлауға қатысу кадеттерді қолдағандықты анық көрсетеді деп, кадеттермен блок болмайынша сайлауға қатысу мүмкін емес деп біз мүлде айқын қағиданы ұсынып келдік және ұсынып отырмыз ғой. Сіздер бұл пікірді шын мәнінде алып талдайсыздар ма? Сіздер бұл мәселе жөніндегі шындықты нақты деректердің тұрғысынан қарастырасыздар ма? Тіпті де бұлай етпейсіздер. Аксельрод мәселелердің бірінші жартысына мүлде соқпай кетті, ал екінші жартысы жөнінде қарама-қарсы екі пайымдау айтты. Ең алдымен ол жалпы кадеттермен блок жасау туралы өте меңменси сөйледі. Сонан соң ол мұндай блоктарға да ешбір қарсы болмас едім, бірақ, әрине, ескі және ұсақ «өсек-аяң», жасырын келісімдер түрінде емес, бүкіл пролетариаттың көз алдында ашық және тура қадамдар жасау түрінде блок жасауға қарсы болмас едім деді. Аксельродтың осы соңғы «қағидасы» — «кадеттер» арман еткен конституциялық жалған үміттерден туатын нағыз «пәк тілектердің» тамаша үлгісі. Бізде іс жүзінде конституция жоқ, біздің ашықтан-ашық бой көрсетуіміз үшін негіз жоқ, дубасовтық «конституционализм» бар. Аксельродтың арманы бос арман болып қала береді, ал кадеттер үн-түнсіз жасалған немесе қол қойылған, формальды немесе формальды емес келісімдерден нақты пайда табады.

Сондықтан сайлаудан біздің «өздігімізден бас тартуымыз» туралы айтқан уақытта, іс жүзінде біздің партияны өзіміздің еркімізден тыс, нақ саяси жағдайлардың ығыстырып шығарғанын, газеттерден, жиналыстардан, партияның көрнекті мүшелерін кандидат етіп ұсынудан ығыстырып шығарғанын әрқашан ұмытып кетеді. Ал осы шарттардың бәрі болмайынша парламентаризм көп ретте пролетариатты тәрбиелеу құралынан гөрі, бос және түкке тұрғысыз ойынға айналады: парламентаризмді нақты жағдайда алмай, оны «таза күйінде», «идеяда» алу аңқаулық болады.

Сайлау туралы әңгіме еткен кезде, іс жүзінде дубасовтық конституционализм негізінде күшті екі «пар-

тияның»: кадеттер мен қаражүздіктердің күрескенін әдетте ұмытып кетеді. Кадеттердің сайлаушыларға дауысты бөлшектеу атаулының бәрі де, «үшінші» кандидаттар ұсыну атаулының бәрі де қаражүздіктердің жеңіп шығуына ғана әкеп соғуы мүмкін дегені дұрыс болатын. Москва мысалдары сияқтыларды алыңыз: айталық, Гучков 900 дауыс, кадет 1300 дауыс алады делік. Социал-демократтар 401 дауыс алса-ақ болғаны, қаражүздік жеңіп шығар еді. Демек, социал-демократтың сайлауға қатысуын кадетше түсіну өмір шындығына сәйкес келді (кадеттер жұмысшылардың сайлауға қатысқаны үшін Мемлекеттік думадан Москва жұмысшыларына бір орын берді), ал сіздің, меньшевиктік, ұғымыңыз өмір шындығына сай келмейді, бос арман, құр қиял болып табылады. Не парламентаризмге тиіспеу керек те, ол туралы жалпылама сөйлемеу керек, не шындап қолға алу керек. Әйтпесе позиция түкке жарамсыз болып шығады.

Екінші пункт. Аксельрод өзінің сөзінде қарардың мен көрсеткен кемшіліктерін бұрынғыдан да гөрі айқындады. Қарарда Думаны революцияның құралына айналдыру туралы айтылады. Сіздер Думаны тек қана үкіметтің бізге қысым жасауы тұрғысынан, үкіметтің революцияға қарсы езгісі тұрғысынан қарайсыздар. Біз Мемлекеттік думаны белгілі бір таптың өкілдігі деп, қалыптасқан партиялық құрамы бар мекеме деп қараймыз. Сіздердің пікірлеріңіз мүлде теріс, толық емес, марксистік тұрғыдан аулақ пікір. Сіздер Думаның ішкі құрылысын кадет партиясының таптық құрамы бойынша есепке алмайсыздар. Сіздер үкімет революцияны тұншықтырып жатыр дейсіздер, бірақ, кадеттердің революцияны сөндіруге әбден және түгелдей ұмтылып отырғанын қазірдің өзінде байқатқанын айтуды ұмытып отырсыздар. Кадеттік Дума кадет партиясының қасиеттерін көрсетпей қоймайды. Өкілдік мекеменің революция заманында революцияны тұншықтыруға ұмтылғанын айқын көрсеткен (Франкфурт мылжыңдарының ұсақ буржуазиялық өрессіздігі мен қорқақтығының салдарынан) Франкфурт парламентінің мысалын,— осы мысалды сіздер мүлде естен шығарасыздар.

Социал-демократиялық қарарда «патша мойындаған және заң бекіткен өкіметке» сүйену тіпті де орынсыз. Шынына келгенде Дума өкімет емес. Заңға сүйену сіздердің барлық дәлелдеріңізді және осы қарардан туатын сіздердің барлық үгіт ұрандарыңызды анықтамайды, қайта әлсіретеді. «Заңға», патшаның әміріне» бар ынтасын сала Витте сүйенетін болады, ол тым ерсі жағдайға жеткізілген Думаның қызмет шеңберінен шықпақшы болған болмашы әрекетіне кедергі жасап отырады. Патша мен заңға сүйену сияқты дәлелдерден социал-демократтар емес, қайта «Русское Государство» пайда табады.

Үшінші пунктке көшемін. Кадеттердің айқын сипаттамасының жоқтығы, олардың бүкіл тактикасын әшкерелеуден бас тарту, кадеттерді шаруалар демократиясы мен революциялық демократиядан бөліп көрсетпеу қарардың түбегейлі қатесі, бұрынғы барлық қателерімен тығыз байланысты қатесі болып табылады. Ал оның бер жағында нақ кадеттер қазіргі Думада үстемдік етушілер болып отыр. Нақ осы кадеттер «халық бостандығына» өздерінің опасыздығын талай рет көрсетті де. Кадеттерден солға таман тұрғысы келген ізгі ниетті мылжың Водовозов сайлаудан кейін құрылтай жиналысы, т. б. жөнінде өздерінің берген уәделері туралы кадеттерге ескерткенде, «ұлы державалық» сарынға түскен «Речь», Водовозовқа өзім тілемеген кеңестерге мұқтаж емеспін деп дөрекі, сорақы-дөрекі түрде жауап берді.

Ал революцияны әлсіретуді мақсат ету туралы мәселеде де сіздердің қарарларыңыз соншалық қате. Менің бұрын айтқанымдай, үкімет былай тұрсын, тіпті ұсақ буржуа-келісімпаздарында да осындай мақсат бар, қазір олар біздің саяси өміріміздің сыртында бұрынғыдан да бетер шу көтеріп жүр.

Сіздердің қарарыңыз Дума халыққа сүйенуге тырысады дейді. Бұл жартылай ғана дұрыс, сондықтан да теріс. Мемлекеттік дума дегеніміз не? Осы мекеменің шын мазмұны мен маңызын анықтайтын таптар мен партияларды талдаудың орнына біздің әлгі мекемеге

жалпы сүйенумен қанағаттануымызға бола ма? Халыққа сүйенуді қандай Дума мақсат етеді? Октябристер Думасы емес, өйткені октябристерге мұндай мақсат мүлдем жат. Шаруалар Думасы да емес, өйткені шаруадепутаттардың өзі халықтың айырғысыз бөлегі болып табылады, сондықтан оларға «халыққа сүйенуді мақсат етудің» керегі жоқ. Халыққа сүйенуді *мақсат ету* нақ *кадеттік* Думаға тән. Бірақ халыққа сүйенуді мақсат ету де, халықтың революциялық қимыл-әрекетінен *қорқу* да кадеттерге соншалықты тән қасиет. Мәселенің бір жағын көрсетіп, ал екінші жағы туралы мүлде үндемей, сіздердің қарарыңыздың теріс ұғым тарататыны былай тұрсын, тіпті тікелей зиянды ұғымдар да таратады. Осы екінші жақ туралы — біздің қарарда басқа партияларға көзқарас туралы баса көрсетілген жақ туралы — үндемеу, мұндай үндемеудің объективті маңызын алатын болсақ, өтірік болып табылады.

Жоқ, буржуазиялық демократия жөніндегі біздің тактикамызды ешбір жағдайда да кадеттер туралы үндемеу арқылы, оларды қатты сынаудан бас тарту арқылы анықтауға болмайды. Біз көмекті тіпті де қазіргі кезеңнің саяси қайшылықтарын көмескілейтіндерден емес, шаруалар демократиясы мен революциялық демократиядан ғана күте аламыз және күтуге тиіспіз.

Ақырында, парламенттік фракция құру жөніндегі ұсынысқа көз салайық. Социал-демократияның жаңа қаруды, «парламентаризмді», пайдалануы ерекше сақтықпен қаралуға тиіс, мұны теріске шығаруға меньшевиктердің де батылы бармайды. Олар мұны «принципті» түрде мойындауға әбден әзір. Бірақ мәселе қазір принципті түрде мойындауда емес, мәселе нақты жағдайларды дұрыс есепке алуда. Егер нақты жағдайлар әлгі мойындауды аңқау, құр арманға айналдыратын болса, сақтықты «принципті» түрде мойындау түкке тұрмайды. Мәселен, кавказдықтар дербес сайлау туралы, таза партиялық кандидаттар туралы, кадеттермен блок жасауды өздерінің мойындамайтыны туралы жақсы-ақ айтады. Бірақ, егер сонымен қатар кавказдық жолдастардың бірі менімен сөйлескенде: Тифлисте, меньшевиктік Кавказдың осы орталығында, солшыл

кадет Аргутинскийдің өтуі ықтимал, ал мұның өзі социал-демократтардың көмегімен болуы ықтимал дегенін еске алсақ, жаңағы жақсы сөздердің құны не болмақ? Егер бізде қазіргі сияқты сансыз кадет газеттеріне тек Орталық Комитеттің «Партийные Известиясы» ғана қарсы тұратын болса, бұқара алдында кең, ашық мәлімдемелер жасау жөніндегі біздің тілектеріміздің құны не болмақ?

Мынау да естеріңізде болсын, социал-демократтардың оң оптимистері өздерінің кандидаттарын шаруалар курияляры арқылы ғана өткізуге үміттеніп отыр. Демек, олар жұмысшы партиясы практикасында дәл жұмысшылар курияларынан емес, ұсақ буржуазиялық, жартылай эсерлік куриялардан «парламентаризмді бастағысы» келеді. Ойлап көріңіздерші, осы жағдайлардың бәрінен социал-демократиялық жұмысшы саясатының тууына мүмкіндік көп пе әлде социал-демократиялық емес жұмысшы саясатының тууына мүмкіндік көп пе?

11

СЪЕЗДІҢ 17-МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЖАЗБАША МӘЛІМДЕМЕ [162]

Мен тифлистіктер Аргутинскийді откізуге ұйғарым жасады дегенім жоқ. Мен Аргутинскийдің жеңіп шығуын ықтимал деп есептейді, оның үстіне бұл социал-демократтардың көмегімен болуы ықтимал деп есептейді дедім.

Руденконың сөйлеген сөзіне нақты түзету. Мен кадеттік Дума революцияны тұншықтырады деген жоқпын. Мен кадеттер өзінің таптық тегі жағынан революцияны тұншықтыруға *ұмтылатын* болады дедім.

12

ПАРЛАМЕНТТІК СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ТУРАЛЫ МУРАТОВТЫҢ (МОРОЗОВТЫҢ) ТҮЗЕТУІН ЖАҚТАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [163]

Муратов жолдас қорытынды сөзді маған ұсынды. Муратов жолдас ашық тұрған есікке омыраулап отыр деу мүлдем дұрыс емес. Қайта ол мәнін ашып беріп отыр. Муратов жолдастың түзетуі мәселені тура қойып отыр. Съезд көптеген жерлерде жұмысшылардың ұстаған тактикасынан гөрі басқа тактиканы мойындады; Думада партиялық фракцияны құрғанда, шиеленіскен жанжалдардың туып кетпеуі үшін сайлануына өздері қатыспаған адамды Думада өкіл еткісі келетін-келмейтінін жұмысшылардан сұрау қажет.

13

РСДРП ПАРЛАМЕНТТІК ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ПІКІР

1

Стодолин түзетуінің ауа жайылғандығы тіпті парламентаризм принциптерінен де шегіну деп біліп, бұл мәселе жөнінде ерекше пікір ұсыну туралы мәлімдеймін.

2

Бұрын берілген мәлімдеменің негізінде, Стодолин түзетуі туралы мәселе жөнінде өзімнің осы ерекше пікірімді ұсынамын.

Стодолин жолдас өзінің түзетуінде РСДР партиясының ресми парламенттік тобына қатысуға партияның тек қана төмендегідей мүшелерін, жалпы алғанда, партия ұйымдарының бірінде жұмыс істеп қана коймай, тұтас алғанда партияға, жекелеп алғанда өзінің партия ұйымдарына жалпы бағынып қана қоймай, тіпті оның үстінс өз партия ұйымдары (яғни тиісті партия ұйымдары) кандидат етіп ұсынған мүшелерді жіберуді ұсынды.

Демек, Стодолин жолдас біздің парламентаризм жолындағы социал-демократиялық алғашқы адымдарымыз тек тиісті ұйымдардың тікелей тапсырмасы бойынша ғана және сол ұйымдардың атынан ғана жасалсын деп тіледі. Парламенттік топ мүшелерінің партия ұйымдарының біріне мүше болулары жеткіліксіз. Орыс жағдайларында бұл ең жағымсыз оқиғалардың болу мүмкіндігін әлі де жоққа шығармайды, өйткені өзінің мүшелеріне ашық және жұрттың бәріне көрінеу бақы-

лау жүргізуді біздің партия ұйымдары жүзеге асыра алмайды. Сондықтан парламентаризм жолындағы біздің алғашқы адымдарымыздың Европа социалистік партияларының жинақтаған тәжірибесі арқылы жасалған барлық сақтық шаралар арқылы қамтамасыз етілуі өте қажет. Батыс европалық партиялар, әсіресе олардың солшыл фракциялары, тіпті парламентке кандидаттарды партияның Орталық Комитетінің келісімі бойынша жергілікті партия ұйымдарының ұсынуын талап етеді. Европаның революциялық социал-демократиясының парламентарийлерге осылай *үш жақтап* бақылау жасауды талап етуіне мейлінше елеулі дәлелдер бар: біріншіден, партияның барлық мүшелеріне жалпы партиялық бақылау жасау; екіншіден, парламентке оз атынан кандидаттар ұсынуға тиісті жергілікті ұйымдардың ерекше бақылау жасауы; үшіншіден, бүкіл партияның Орталық Комитетінің арнаулы бақылауы, ол жергілікті ықпалдар мен жергілікті ерекшеліктерден жоғары бола отырып, парламентке жалпы партиялық және жалпы саяси талаптарды қанағаттандыратын кандидаттардың ғана ұсынылуына қамқорлық жасауы керек.

Стодолин жолдастың түзетуін қабылдамай, парламенттік фракцияға тек партия ұйымдарының парламентке кандидат етіп тікелей ұсынған адамдары ғана кіре алады деген талапты қабылдамай, міне, осы талапты қабылдамай, съезд парламенттік тактикада батыс европалық революцияшыл социал-демократтардан гөрі, анағұрлым аз сақтық көрсетті. Оның бер жағында Россияда социал-демократияның ашық бой көрсетуінің ерекше ауыр жағдайда болуы себепті Батыс Европаның революциялық социал-демократиясының тәжірибесі тудырған сақтыққа қарағанда қазір бізге анағұрлым зор сақтықтың қажет екені даусыз.

14

СЪЕЗДІҢ 21-МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЖАЗБАША МӘЛІМДЕМЕ

Маңызды мәселелер жөнінде атап дауысқа қоюды «съезд қаулыларының беделділігіне қарсы үгіт материалы» деп атау съездің ролін түсінбеу немесе тар фракцияшылдықты көрсету деген сөз деп мәлімдейміз.

15

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Бір жолдас таяуда біздерді съездің шешімдеріне қарсы үгіт материалын жинап жүр деп ескертті. Мен бұған сол кезде-ақ атап дауысқа қоюды бұлай деп атау тым таңданарлық деп жауап бергенмін. Съездің шешімдеріне наразы болған кез келген адам әрқашан да оған қарсы үгіт жүргізеді [164]. Воробьев жолдас бізбен, «большевиктермен», «меньшевиктер» бір партияда жұмыс істей алмайды деді. Бұл тақырыпты дәл Воробьев жолдастың бірінші болып сөз еткеніне мен қуаныштымын. Оның сөздерінің «үгіт материалы» болатынына мен күмәнданбас едім. Бірақ принципті мәселелер жөніндегі үгіт материалдары, әрине, маңыздырақ. Ал қарулы көтеріліске қарсы сіздердің қарарыңыздан артық осы съезге қарсы жақсы үгіт материалын біз көз алдымызда елестете де алмас едік [165].

Плеханов осыншама маңызды мәселені байсалдылықпен талқылаудың қажеттігі туралы айтты. Мұның өзі мың мәрте дұрыс. Бірақ байсалдылықпен талқылау, әрине, съезд алдында не съезде айтыстардың болмауынан көрінбейді, талқылануға тиісті қарарлардың шын байсалды, нақты мазмұнынан көрінеді. Сондықтан екі қарарды салыстыру дәл осы жағынан алғанда ерекше сабақ боларлық нәрсе. Бізге «меньшевиктердің» қарарындағы айтыс ұнамайды емес,— Винтер жолдастың бұл жөніндегі сөзін Плеханов мүлдем теріс түсінген,— бізге айтыс ұнамайды емес, «меньшевиктердің» қарарында толып жүрген ұсақ-түйек, кәкір-шүкір айтыс

ұнамайды. Өткеннің тәжірибесіне баға беру туралы, пролетариат қозғалысының саналы жаршысының, социал-демократияның пролетариат қозғалысы жөніндегі сыны туралы мәселені алыңызшы. Бұл арада сын мен «айтыс» міндетті түрде керек, бірақ тек ашық, тура, анық, айқын сын керек, орынсыз тиісу, шымшыма, интеллигенттік ащы сөз керек емес. Міне, сондықтан біздің қарар соңғы жылдың қорытындысын ғылыми түрде жинақтай келіп, былай деп ашық сынайды: бейбіт стачка өзінің «сарқылып бара жатқан күш» екенін көрсетті, оның заманы өтіп барады. Көтеріліс күрестің басты формасына, стачка — көмекші формасына айналып келеді. «Меньшевиктердің» қарарын алыңыздаршы. Байсалдылықпен талқылаудың орнына, тәжірибені ескерудің орнына, стачка мен көтерілістің арасалмағын зерттеудің орнына, сіз декабрь көтерілісінен жасырын, жымысқы жасырын безушілікті көресіз. Плехановтың: «қолға қару алмау керек еді» деген көзқарасы сіздердің бүкіл қарарыңыздан (орыс «меньшевиктерінің» көпшілігі Плехановпен келіспейтіндігі туралы мәлімдегеніне қарамастан) түгелдей орын алып отыр. Череванин жолдас «меньшевиктердің» қарарын қорғау үшін декабрь көтерілісін «ашынудың» үмітсіз көрінісі деп, қарулы күрестің ешқандай мүмкіндігін дәлелдемеген көтеріліс деп көрсетуге тиіс болды, сөйтіп өзінің бұл сөзі арқылы өзін ала бөтен әшкереледі.

Өздеріңіз білесіздер, Каутский басқаша пікір айтқанды. Ол Россиядағы декабрь котерілісі баррикадалық күрестің мүмкін еместігі туралы Энгельстің көзқарасын «қайта қарауға» мәжбүр ететінін, декабрь көтерілісі жаңа тактиканың *бастамасы* болып табылатынын мойындады. К. Каутскийдің көзқарасы қате болуы да мүмкін екендігі, «меньшевиктердікі» неғұрлым дұрыс болуы да мүмкін екендігі өзінен-өзі түсінікті. Бірақ, егер біз «байсалдылықпен» талқылауды және ұсақ-түйек сынды емес, сындарлы сынды бағалайтын болсақ, біз қарарда: «қолға қару алмау керек еді» деп өз пікірімізді тура және айқын айтуға міндеттіміз, ал қарарда бұл көзқарасты жасырын, оны тура тұжырымдамай айту лайықсыз. Декабрь көтерілісіне қосылмайтынын,

міне, осылай ұсақтықпен, жасырын жариялау, өткен тәжірибенің болмашы сынымен болса да негіздемей жариялау сіздердің қарарыңыздың негізгі, орасан зор кемшілігі болып табылады. Қарардың осы кемшілігі Акимов жолдастың көзқарасының өткір жақтарын тек жасырып, шын мәнісінде сол көзқарасқа бейім қарарға қарсы зор үгіттік материал береді [166].

Сіздердің қарарыңыздың бірінші пунктінде дәл сол қате бар. Бұл пункт *бос сөзбен* басталады, өйткені «топас қасарысушылық» дегеніміз барлық реакциялық үкіметтерге тән қасиет, бірақ көтерілістің қажеттігі мен болмай қоймайтындығы жалғыз осыдан шықпайды. «Өкіметті тартып алу» — ол да «өкіметті басып алу» деген сөз, ал екінші терминге қарсы таласушылардың бірінші терминді алуы таңданарлық нәрсе. Олар осылары арқылы халық ерікшілдігіне, т. с. қарсы өзінің тақпағының мазмұнсыздығын көрсетті. Плехановтың «өкіметті тартып алу» дегеннің орнына «өз правосын тартып алу» деп айтылсын деген ұсынысы тіпті сәтсіз, өйткені мұның өзі таза кадеттік тұжырымды береді. Қайталап айтамын, басты нәрсе сол: «өкіметті тартып алу» туралы және қарулы көтеріліс туралы мәселені сіздердің қарарыңыз өткен тәжірибені және қозғалыстың өсуі туралы нақты деректерді зерттеп, есепке алу негізінде емес, еш нәрсемен дәлелденбеген және дәлелдеуге болмайтын жалпылама сөздердің негізінде қарайды [167].

16

СЪЕЗДІҢ 24-МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [168]

Мен Россия социал-демократиясының атынан оның жаңа мүшелерін құттықтап, бұл бірігу мұнан былайғы күрестің ойдағыдай болуының ең жақсы кепілі болсын деген тілек білдірсем, бүкіл съездің еркін білдіргенім болар деп ойлаймын.

17

СЪЕЗДІҢ 26-МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЖАЗБАША МӘЛІМДЕМЕЛЕР

1

Большевиктер мен меньшевиктер бір партияда бірігіп жұмыс істей алмайды деген Воробьев жолдасты мен «қуаттады» деу дұрыс емес. Мен мұндай пікірді тіпті де «қуаттағаным» жоқ және *мұндай көзқарасқа тіпті де қосылмаймын.* «Воробьев жолдастың мұны *бірінші болып* айтқанына мен қуаныштымын» дегендегі менің сөздерімнің мәні — тек қана мысқылдау еді, өйткені съезде көпшілік болған жеңімпаздар жікке бөліну туралы *бірінші болып* айтып, өздерінің әлсіздігін ғана көрсетті *.

2

Бундпен бірігу уставына мынадай ескерту ұсынамын:

Съезд осы уставты Бунд бекітісімен оны дереу іске асыруды Орталық Комитетке тапсырады.

* Қараңыз: осы том, 411-бет. *Ред.*

БҰРЫНҒЫ «БОЛЬШЕВИКТЕР» ФРАКЦИЯСЫНДА БОЛҒАН БІРІГУ СЪЕЗІ ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ ПАРТИЯҒА ҮНДЕУІ [169]

Жолдастар!

РСДРП-ның Бірігу съезі болып өтті. Енді жікке бөліну жоқ. Бұрынғы «большевиктер» фракциясы мен «меньшевиктер» фракциясы ғана ұйымдық жағынан толық қосылып қойған жоқ, оның үстіне РСДРП-ның поляк социал-демократиясымен де бірігуіне қол жетті, латыш социал-демократиясымен бірігуге қол қойылды және еврей социал-демократиясымен, яғни «Бундпен» бірігу де алдын ала шешілді. Бұл фактілердің саяси маңызы қандай жағдайларда болса да өте үлкен, өзіміз бастан кешіріп отырған тарихи кезең тұсында оның маңызы мейлінше орасан зор болып отыр.

Россияның ұлы революциясының бүкіл тағдыры, сірә, осы таяу болашақта шешілер. Қала мен деревня кедейлерінің қалың бұқарасын соңынан ерткен пролетариат революцияның ең алғашқы сәтінен бүгінге дейін оны бастап келеді. Халық күресінің айбынды, шешуші оқиғалары болғалы тұрғанда, бүкіл Россияның саналы пролетариатының, оның барлық ұлттарының нақты бірлігіне жету бәрінен де маңызды іс болып табылады. Қазір бастан кешіріп отырған революциялық заманда жұмысшы табын бұрын болып көрмеген шапшаңдықпен сауаттандырып, тәрбиелеп отырған өмірдің өзі партияның әрбір теориялық қателері мен тактикалық ауытқуларын мейлінше аяусыз сынап отырады. Мұндай уақытта партияның теория мен тактика мәселелері жөніндегі ішкі идеялық күресі неғұрлым ашық,

кең және еркін жүргізілуіне, бірақ бұл күрес сондайдай жағдайда социал-демократиялық пролетариаттың революциялық қимылдарының бірлігін бұзбайтын, қиындатпайтын болуына ұмтылу әрбір социал-демократтың борышы.

Россияның ұлы революциясы бет бұрыс кезеңнің қарсаңында тұр. Буржуазиялық Россияның барлық таптарының самодержавиеге қарсы күресі қағаз жүзіндегі конституцияға жеткізді. Буржуазияның бір бөлегі осыған толық қанағаттанып, революциядан сырт айналып кетті. Ілгері басуды көздеген екінші бөлегі күрестің «конституциялық» жолынан үміттеніп, өзін өзі алдап отыр, сөйтіп бұлар кадеттердің буржуазиялық табансыз, екіжүзді партиясының сайлаудағы жеңісін халық бостандығының елеулі жеңісі деп білуге дайын.

Ескі, крепостниктік Россияға қарсы, чиновниктердің билеп-төстеуі мен помещиктердің кіріптар етуіне қарсы жан қиярлықпен күресіп жатқан шаруалардың қалың бұқарасы революция жағында қалып отыр, бірақ олардың сана-сезімі әлі де тым төмен. Қалалардағы ұсақ буржуазияның революциялық-демократиялық бөлегінің де саналылығы шамалы. Октябрьде бостандық үшін ерлікпен шайқасқан, оны қорғау үшін декабрьде қолына қару алған пролетариат қана, тек пролетариат қана бұрынғысындай ақырына дейін революцияшыл тап болып отыр, бұл тап жаңа күштерді жинап, қазір жаңа, бұрынғыдан да ұлы шайқасқа саналы түрде әзірленіп жатыр.

Патша үкіметі беті шіміріқпестен конституцияны ашықтан-ашық ойыншық етіп отыр. Ол бұрынғы билігін өз қолында сақтап қалып отыр, ол бостандық жолындағы күрескерлерді әлі күнге дейін қуғындап отыр және қуғындауды күшейтіп келеді, оның Думаны қысыр сөздің ордасына — самодержавиенің бет пердесіне, халықты алдаудың құралына айналдырғысы келіп отырғаны анық. Бұл тактика нәтижелі болып шыға ма — мұның өзі жақын арада шешіледі, ол қазір пісіп жетіліп келе жатқан жаңа революциялық дүмпудің нәтижесінде шешіледі.

Егер бүкіл Россияның пролетариаты тығыз топтасса, егер ол халықтың келісімге келетін топтарын емес, күресуге жарайтын шын революцияшыл топтарының бәрін өзімен бірге көтере білсе, егер ол шайқасқа жақсы әзірленіп, бостандық жолындағы түбегейлі шайқастың мерзімін дұрыс таңдай білсе,— онда пролетариат жеңіп шығады. Онда патша конституцияны ойыншық етіп, қорлай алмайды, онда буржуазия самодержавиемен келісім жасай алмайды, онда Россия революциясы Батыс Европада XIX ғасырда болған революциялар сияқты, жұмысшы табы мен шаруалардың мүддесі үшін аяқталмаған, жартыкеш, төрттің үш бөлігіндей жеміссіз революция болмайды. Онда бұл нағыз ұлы революция болады,— халық көтерілісінің толық жеңіп шығуы буржуазиялық Россияны ескі тұсаулардың бәрінен құтқарып, Батыста социалистік революциялардың заманын бастап беруі мүмкін.

Социал-демократия толық демократиялық революцияға ұмтыла отырып, өзінің бүкіл жұмысында жаңа революциялық дүмпудің болмай қоймайтындығымен санасуға тиіс. Біз үкімет те, буржуазияның атынан оның либералдық партиясы — кадеттер де қолдап отырған конституциялық жалған үміттерді аяусыз әшкерелеп отыруға тиіспіз; біз шаруалар көтерілісінің толық жеңіп шығуы үшін революцияшыл шаруаларды топтасуға шақыруға тиіспіз; біз декабрьдегі бірінші көтерілістің ұлы маңызын және жаңа көтерілістің, өкімет билігін патша самодержавиесінің қолынан шын мәнінде тартып алып, ол билікті шын мәнінде халыққа әпере алатын көтерілістің болмай қоймайтындығын қалың бұқараға түсіндіріп отыруға тиіспіз. Қазіргі тарихи кезеңде біздің тактикамыздың негізгі міндеттері осындай болуға тиіс.

Партияның Бірігу съезі бұл міндеттерді әбден дұрыс түсінген жоқ, біз мұны айқын көріп отырмыз, біз бұл фактіні айтпай отыра да алмаймыз және айтпауға тиіс емеспіз де. Съездің аса маңызды үш қарарында съезде сан жағынан басым болған бұрынғы «меньшевиктер» фракциясының қате көзқарастары анық байқалып отыр.

Аграрлық программада съезд «муниципализациялауды» принципті түрде қабылдады. Муниципализациялау — шаруалар үлесті жерлерге ие болады және земстволарға берілген помещиктік жерлерді шаруалар арендаға алып пайдаланады деген сөз. Шын мәнісінде, мұның өзі нағыз аграрлық революция мен кадеттердің аграрлық реформасының ортасындағы бірдеңе. Шаруалар мұндай жоспарды қабылдамайды. Олар жердің не тура бөліске салынуын, не барлық жердің халық меншігіне өтуін талап етеді. Толық демократиялық төңкеріс жасалған күнде ғана, чиновниктерді халық сайлап қоятын республикалық құрылыс орнағанда ғана муниципализациялау елеулі демократиялық реформа бола алар еді. Біз съезге, ең болмағанда, муниципализациялауды осы шарттармен байланыстыруды ұсындық,— бірақ съезд біздің ұсынысымызды қабылдамады. Ал бұл шарттар болмаса, либерал-чиновниктік реформа ретінде, муниципализациялау шаруаларға олардың керек еткен нәрсесін тіпті де бермейді, сонымен қатар, земстволарда үстем болып отырған антипролетарлық буржуазияшыл элементтерге жаңа күш, жаңа ықпал өпереді, іс жүзінде жер қорып бөлуді солардың қолына ұстатады. Біз жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасына осы мәселені түсіндіруге тиіспіз.

Өзінің Мемлекеттік дума туралы қарарында съезд бұл Думада социал-демократияның парламенттік фракциясын құруды қажет деп тапты. Россиядағы саналы жұмысшылардың $^{9}/_{10}$ бөлігінің, оның ішінде барлық поляк, латыш, еврей социал-демократ пролетарларының бұл Думаға бойкот жариялағандығымен съездің санасқысы келмеді. Бұқара арасында нағыз кең түрде үгіт жүргізуге мүмкіндік берілетін болса, сайлауға қатысайық деген ұсынысты съезд қабылдамай тастады. Жұмысшы ұйымдарының Мемлекеттік думаға кандидаттыққа ұсынған адамдары ғана социал-демократияның парламенттік фракциясына мүше бола алатын болсын деген ұсынысты съезд қабылдамай тастады. Сонымен, съезд партияны тіпті Европадағы революциялық социал-демократия тәжірибесінің осы жөнінде жасап бер-

геп кепілдіктерімен де қамтамасыз етпей, парламентаризм жолына түсті.

Социал-демократ болғандықтан біз парламентаризмді пролетариат күресінің құралы есебінде пайдаланудың принципті түрде міндетті екенін, әрине, мойындадық; бірақ барлық мәселе мынада: қазіргі жағдайларда және біздің Дума сияқты «парламентке» социал-демократияның қатысуына жол беруге бола ма? Жұмысшы ұйымдары сайлаған социал-демократиялық парламентарийлерсіз парламенттік фракцияның құрылуына жол беруге бола ма? Біз болмайды деп ойлаймыз.

Конституция ойынын ойнауға қарсы күресті, конституциялық жалған үміттерге қарсы күресті партия міндеттерінің бірі етіп алға қояйық деген ұсынысты съезд қабылдамай тастады. Думада үстем болып отырған «кадет» партиясы жаратылысының екіжүзді екендігі туралы, онда самодержавиемен келісімге келуге, революцияны мұқалтуға, тоқтатуға тырысудың сондайлық күшті екендігі туралы съезд ештеңе айтпады. Самодержавиені халық бостандығымен ымыраға келтіруші буржуазиялық келісімпаздар партиясының бір сәттік және алдамшы табысының әсеріне съезд тым беріліп кетті.

Қарулы көтеріліс туралы қарарында съезд қажет мәселелерді айтпады: пролетариаттың қателерін тура сынамады, 1905 жылғы октябрь — декабрьдің тәжірибесіне айқын баға бермеді,— ең болмағанда, стачка мен көтерілістің ара қатынасын зерттеуге әрекет те жасамады; осының бәрінің орнына қарарда қарулы көтерілістен сырт айналу сияқты әлдеқандай жасқаншақ сылтаулар басым болып отыр. Декабрь көтерілісі қате болды деп съезд жұмысшы табына ашық және айқын айтқан жоқ; бірақ сөйте тұра съезд декабрь көтерілісін астарлы формада айыптады. Біз мұндай әдіс пролетариаттың революциялық санасын ашудың орнына, оны көмескілендіріп жібереді деп ойлаймыз.

Съездің өзіміз қате деп санаған шешімдеріне қарсы біз идеялық күрес жүргізуге тиіспіз және күрес жүр-

гіземіз де. Бірақ мұның үстіне біз жікке бөлінудің қандайына болса да қарсы екенімізді бүкіл партия алдында мәлімдейміз. Біз съездің шешімдеріне бағынуды жақтаймыз. Орталық Комитеттің бойкот жариялауын теріс деп тауып, бірлесіп жұмыс істеуді бағалай отырып, біз, болмашы азшылық болатындығы анық болса да, пікірлестеріміздің Орталық Комитетке кіруіне ризалық білдірдік. Біздің кәміл сенуімізше, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар бірыңғай болуға тиіс, бірақ сол бірыңғай ұйымдардың ішінде партиялық мәселелер кең түрде еркін талқылануға тиіс, партия өміріндегі құбылыстарды еркін жолдастық сынға салып, оларға баға беріп отыру керек.

Ұйымдық мәселеде біздің келісе алмаған жеріміз Орталық Орган редакциясының правосы жайында ғана болды. Біз Орталық Комитеттің Орталық Орган редакциясын [170] тағайындауға, ауыстыруға праволы болуын қолдадық. Демократиялық централизм принципі жөнінде, азшылықтың қандайының болса да және жөндем оппозицияның қандайының болса да праволарын қамтамасыз етуде, әрбір партия ұйымының автономиялы болуында, партияның барлық қызмет адамдарының сайланып қойылуын, есеп беріп отыруын және ауыстыруға болатындығын мойындауда бәріміздің пікіріміз бір жерден шықты. Осы ұйымдық принциптерді іс жүзінде сақтау, осыларды шындап және дәйекті түрде жүзеге асыру — жікке бөлінуді болдырмаудың кепілі деп білеміз, партиядағы идеялық күрестің ұйымдық қатаң бірлікпен, жалпы съезд шешімдеріне жұрттың бәрінің бағынуымен әбден сыйыса алатындығының және сыйысуға тиіс екендігінің кепілі деп білеміз.

Біз өзіміздің барлық пікірлестерімізді осындай бағынуға және осындай идеялық күреске шақырамыз: партияның барлық мүшелерін съездің шешімдеріне зер сала баға беруге шақырамыз. Бүкіл Россияның социал-демократиялық пролетариаты күресінің практикалық бірлігі келешектегі саяси дағдарыс шешілетін уақытта біздің партияны өрескел қателерден сақтайды, революция осылай деп үйретеді,— біз бұған сенеміз де. Шайқас үстінде жұмысшылар бұқарасына ду-

рыс тактиканы оқиғалардың өзі нұсқап береді. Барлық күш-жігерімізді осы тактикаға берген бағамыздың революциялық социал-демократия міндеттерінің жүзеге асуына жәрдемдесуіне, жұмысшы партиясының алдамшы табыстың соңына түсудің әсерімен ұстамды пролетарлық жолдан ауытқып кетпеуіне,— социалистік пролетариаттың бостандық жолындағы өзінің алдыңғы қатарлы ұлы жауынгерлік ролін ақырына дейін жеткізуіне жұмсайық!

1906 ж 25—26 апрельде (8—9 майда) жазылған

Жеке листок болып басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ САЯСИ СТАЧКА» * ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН ЗАМЕТКАЛАР

Бүкіл россиялық саяси стачка

«Барометр дауылды көрсетіп тұр»
(«Frankfurter Zeitung» [171])
«Journal de Genève» [172] — революция en plein **.
Темір жолда стачканың өсуі

Москва	Рига
С.-Петербург	Польша
Харьков	Саратов
Брянск	

{ «Alle Räder stehen still, wenn dein starker Arm es will».

{ «Егер сенің қарулы қолың қаласа, доңғалақ біткен тоқтайды».

‖ Революциялық ашық жиналыстар: *Москва, Харьков.*

Виттенің министрлігі.
[*Кадеттер*мен келіс сөздер]
Құрылтай жиналысын талап ету.
Думаны болғызбау керек пе?
Думаны болғызбай тастады!!
«Temps»-тен, 26. X.: Витте темір жол жұмысшыларының өкілдерін қабылдады.

* Қараңыз: осы том, 1—4-беттер *Ред.*
** — әбден қызып, өріс алды. *Ред.*

«Journal de Genève» 26. X.: Петербургте университетте болған 15 000 митинг. Қарулы көтеріліске шақыру.

Темір жол жұмысшыларының талабы: бүкіл халықтық құрылтай жиналысы — жалпыға бірдей сайлау правосы.

Стачка: Симбирск || С.-Петербург
Екатеринослав Москва } Жұмыссыздар бұқарасы
Воронеж
|| Саратов *Полтава*
Харьков

Балашов

Симферополь | Варшава
Ярославль | Лодзь
|| Нижний Новгород Рига
| *Финляндия*

Екатеринославтағы баррикадалар.

Россия телеграф агенттігі:
С.-Петербург 25. X.

Указға қол қойылған.

Витте министр-президент болып тағайындалды.

«Либералдық министрлік»...

Москва инженерлері (инженерлер одағының съезі) стачкаға қосылды (сәрсенбіде басталды) [173]

Петербург — Вержболово
Петербург — Вильно
Петербург — Рига
» — Ревель
Митава — Виндава

Москвада аштық. Су жоқ. Барлық жерде: мектептерде, заводтарда, көшелерде революциялық митингілер. Полиция енжар.

С.-Петербург
Остзей (Рига, Ревель)
Польша

Оңтүстік (Екатеринослав)
Қырым (Симферополь)
Поволжье (Саратов, Нижний Новгород, Симбирск),
Өнеркәсіпті Орталық (Ярославль)

Москва
Финляндия
Қара топырақты орталық (Воронеж).

1905 ж. 13 (26) октябрьде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БІРІНШІ ЖЕҢІСІ» * ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН ЗАМЕТКАЛАР

Жаңа революция және жаңа соғыс

Жеңістердің тартыншақтығы, күрестің ұзақтығы, шайқасушылардың табандылығы.

17 (30) октябрьдегі жеңіс толық жеңіс емес, Седан емес, Ляоян [174].

Жаппай стачка жеңіске жетті, бұл күмәнсыз, өйткені дұшпан ұрыс даласын тастап кетті. «Times»-тегі телеграмма: «халық жеңіп шықты. Патша тізе бүкті. Енді самодержавие жоқ». Бұл жерде тізе бүккендік жөнінде қып-қызыл өтірік.

Ешқандай тізе бүгу жоқ және болған да емес. Дұшпан тіпті де талқандалған жоқ. Седан емес, Ляоян. Дұшпан ішінара жеңіліске ұшырап, *кейін шегінді*. «Арьергардтық ұрыс жүргізе отырып шегіну».

Дума болмай қалдырылды ма? Әлі олай болған жоқ, бірақ ол *әлсіретілді*.

Белсенді бойкот жасау тактикасы жеңіске жетті.

Витте баяндамасының [175] мәні айқын: «көрінеу қоғамға және мемлекетке қатер төндіретін әрекеттерге» қарсы «қоғамның парасатты элементтерімен моральдық жағынан қосылу». Мұны: революцияшыл жұмысшылар мен революцияшыл шаруаларға қарсы, революцияшыл халықтарға қарсы либерал буржуазиямен қосылу,— деп оқы.

* Қараңыз: осы том, 28—36-беттер. *Ред.*

Виттенің баяндамасынан нендей қорытынды шығады:

1) Азаматтық бостандықтар берілді (? *шек қоюлармен*).
2) Дума *қалады* (?)
3) Мемлекеттік совет сайланып қойылады...
4) Мемлекеттік дума заң шығару правосын ала ма? (ne pas réagir contre ses décisions *).
5) Реформалардың қойылысы «цивилизациялы дүниедегі секілді».

M. Roland de Marès в «L'Indépendance Belge»[176] 30. X. статья «La Russie rouge». «Le général Trépoff exprimait hier l'espoir que les grévistes n'auraient pas gain de cause, la suspension de toute vie publique devant tout naturellement leur aliéner les sympathies des foules passives. Cela serait vrai partout ailleurs où la grève générale désorganise la vie normale des peuples, mais cela n'est pas vrai en Russie où la vie depuis longtemps n'a plus de caractère normal et où les foules passives subiront avec patience cette suprême épreuve, dans l'espoir que la révolution va enfin aboutir et jeter bas le gouvernement qui est responsable de tous les maux endurés» **.

---

* — олардың шешімдеріне қарсы әрекет жасамау. *Ред.*

** — Ролан де Марэ мырзаның «L'Indépendance Belge»-де 30. X-де басылған «Қызыл Россия» деген мақаласы. «Кеше генерал Трепов ереуілшілер өз ісінен ұтылады, өйткені бүкіл қоғамдық өмірдің тоқтап қалуы табиғи түрде оларды енжар бұқара тарапынан тілектестіктен айырады деген үміт білдірді. Жаппай ереуіл халықтың қалыпты тұрмысының берекесін қашыратын басқа жерлердің қайсысында болсын бұл дұрыс болар еді, ал Россия үшін дұрыс емес, мұнда көптен бері-ақ тұрмыстың бірқалыпты сипаты жоқ, ал енжар бұқара революция, сайып келгенде, өзінің мақсатына жетеді, сөйтіп бастан кешкен барлық қайғы-қасірет үшін жауап беруге тиісті үкіметті құлатады деген үмітпен бұл ұлы сыннан төзімділікпен өтеді». *Ред.*

Енді:

Жаңа мақсаттарды, жарым-жарты бостандықтарды күшті пайдалану...

«Бүкіл россиялық саяси стачканың» сабақтарын насихаттау. Одан әрі де осылай.

Күрес өрісінің кеңеюі: *саяси* шабуылда осы уақытқа дейін шаруаларға аз қозғау салынды, дұрысырақ айтқанда оларга мүлде қозғау салынған жоқ. Егер біз дұрыс әрекет жасайтын болсақ, көктемге қарай олар да көтеріледі.

Жұмысшылардың *шын мәніндегі* толық праволылығы үшін күрес: жалпыға бірдей сайлау правосы.

Патша үкіметі мен либералдар тұрғысынан конституцияның маңызы: *құрылтай жиналысынан бойды аулақ салу*. 1789 жылғыдан (Земство жиыны емес, халық өкілдерінің бір жолғы жиналысы емес) және 1789 жылғыдан (құрылтай жиналысы емес) сабақ алынды. 1847 жылғыдан (З. II: Мемлекеттік дума) 1849—1850 жылдардағыға (1849 жылғы көтерілісті басқаннан кейінгі конституция) тура секіріп өтті. Бұл секірудің материалдық, таптық негізі: *либерал буржуазиямен келісімге келу*. Сауадаласып (Витте Гессенмен) үлгерді деп оқы.

1905 ж. 17 және 19 октябрь (30 октябрь мен 1 ноябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ МЕН ПРОЛЕТАРЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм

Европада социализм теориясында *марксизмнің,* ал оның практикасында *жұмысшы қозғалысының* толық басымдылығы.

Әрқашан бұлай болған жоқ. Бұлардың екеуі де дамудың ұзақ процесінде «бұлыңғыр» дақтардан қалыптасты.

Европадағы демократиялық төңкеріс дәуірі әр түрлі формада *ұсақ буржуазиялық* социализмнің (прудонизм, шынайы социализм, Мюльбергер, Дюринг etc.) үстемдігімен сипатталды.

Россияда idem **. Орыс революциялық қозғалысының тарихы сонымен бірге ескі, «орыстық», ұсақ буржуазиялық социализмнің (халықшылдықтың) марксизммен күресінің тарихы болып табылады.

Бұл күрестің негізгі пункті = болып жатқан революцияның *шын* сипатын түсінбеу, шаруалар қозғалысының *шын мазмұнын* түсінбеу.

Бұл түсінбеудің керемет белгісі = *«Революционная Россияның»* 75-номеріндегі *«Неліктен бірден емес?».*

Неліктен шаруаны помещикке қарсы қою керек, неге «бірден» емес?

Бұл шағын цитат = *халықшылдық* ақымақтыққа толы.

* Қараңыз: осы том, 40—49-беттер. *Ред.*
** — Дәл солай. *Ред.*

Тарихи кезең = крепостниктік тәртіпті капитализммен алмастыру. Помещиктік шаруашылыққа баға беру.

Помещиктік шаруашылық = капитализм.

(Помещиктерде егін шығымы жоғары.)
Шаруалар шаруашылығының ішкі құрылысына баға беру.

«Еңбекші шаруалардың $^9/_{10}$ бөлігі = ұсақ буржуазиялық элемент».

Помещиктік шаруашылықтардың бәрі шаруалардыкінен *жоғары*.
Шаруалардың талаптарын қанағаттандыру шаруалардың пролетарлануын *кешеуілдетер* еді.
Конфискелеу дегеніміз социализмнің табалдырығы.

Конфискелеу дегеніміз жер иеленушілердің *демократияшыл* тобының *реакцияшыл* топқа қарсы *нақты* күресі. Социализация дегеніміз ұсақ буржуазиялық ақылға қонымсыз реакциялық утопия.

Екі әлеуметтік шайқас. «Неліктен бірден емес».
Пролетариаттың дербес социалистік партиясы — демократиялық революциядағы оның басшылығы.

1905 ж. 25 октябрьден (7 ноябрьден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Октябрь, 1905 — апрель, 1906)

1905 ж.

РОССИЯДАҒЫ СОҢҒЫ САЯСИ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ РЕФЕРАТ

РСДРП Шетелдік ұйымы комитетінің хабарландыруында 1905 жылы 2 ноябрьде (20 октябрьде) Женевада орыс социал-демократтарының жиналысында В. И. Ленин Россиядағы соңғы саяси оқиғалар туралы рефератын оқиды деп көрсетілген (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

РСДРП ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІСІНДЕ ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНЕ ПАРТИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

В. И. Лениннің 1905 жылы 8 (21) ноябрьде сөйленген бұл сөзі жөнінде Н. Дорошенко, Б. А. Бреслав (қараңыз: Ленин Петербургте. Л., 1957, 70, 233, 316-беттер) және М. М. Эссен (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 299-бет) өздерінің естеліктерінде айтады.

ПЕТЕРБУРГ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА «СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫНА СЫН» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

В. И Ленин 1905 жылы 16 (29) ноябрьде Еркті-экономикалық қоғамның үйінде баяндама жасады, бірақ полицияның араласуы салдарынан Ленин баяндамасын аяқтай алмады. Баяндаманың жалғасы 23 ноябрьде (6 декабрьде) Витмер гимназиясының үйінде болды.

В. И. Лениннің бұл баяндамасы туралы Н. К. Крупскаяның (қараңыз: Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 111-бет), В. Степановтың (қараңыз: «Красная Летопись», 1924, № 1, 34—36-беттер) естеліктерінде, сондай-ақ «Новая Жизнь» газетінің 1905 жылғы 17 ноябрьдегі 15-номерінде, «Русь» газетінің 1905 жылғы 18 ноябрьдегі (1 декабрьдегі) және 25 ноябрьдегі (8 декабрьдегі) 23 және 30-номерлерінде айтылады.

ТАММЕРФОРСТАҒЫ (ФИНЛЯНДИЯ) РСДРП БІРІНШІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ БАЯНДАМАЛАР МЕН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗБАЛАРЫ

1905 жылы 12—17 (25—30) декабрьде болған конференцияда В. И. Ленин ағымдағы кезең жөнінде және аграрлық мәселе жөнінде баяндамалар жасады. Ленин бұл конференция туралы «Мемлекеттік дума және социал-демократиялық тактика» (қараңыз: осы том, 171-бет) деген мақалада айтады. Протоколдық жазбаларды әрбір мәжілісте сайланған секретарьлар жүргізіп отырған. Сондай-ақ шешен өз сөзінің қысқаша конспектісін жасап беруге тиісті болған. 1905 жылы шығарылған қарарлар басылған листовкалар ғана табылды, конференцияның басқа материалдары әлі табылмаған. Полиция департаментінің 1905 жылғы архивінде конференцияға өкіл жіберген партия ұйымдары және делегаттардың бүркеншік аттары аталады (қараңыз: «Красный Архив», 1934, № 1, 185—186-беттер).

1906 ж.

ПЕТЕРБУРГТІҢ МОСКВА-ЗАСТАВА АУДАНЫНЫҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА САЙЛАУ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

«Призыв» газетінің 1906 жылғы 4 (17) февральдағы 21-номерінде В. И. Лениннің бұл баяндамасы жөнінде мынадай қысқаша есеп басылған: «Ленин Мемлекеттік думаға сайлау туралы 6 августағы және 11 декабрьдегі заңдарға шолу жасап және ол заңдарды сынай келіп, мынаны көрсетті: шын мәнінде, 11 декабрьдегі заң Мемлекеттік дума туралы заңға ешқандай жаңалық енгізбейді; ол толып жатқан полициялық айла-шарғыдан құралған; жұмыс істейтіндер саны 50 адамнан асатын фабрикада немесе заводта жұмысшыларға сайлауға право беретін пункт мынадай мақсатты: біріншіден, пролетарлардың күрес жүргізуіне қолайлы неғұрлым ірі фабрикалар мен заводтарды ұсақ фабрика, заводтармен тұншықтырып тастауды, екінші-

ден, еврей жұмысшы бұқарасын сайлау праволарынан айыруды және т. б. көздейді. Баяндамада 11 декабрьдегі заң бойынша жұмысшылардың өкілдеріне Думаға өтуге ешқандай мүмкіндік жоқ деп көрсетілді. Большевиктік конференцияның қарары оқылды. Ленин жұмысшы депутаттарының Советі сияқты қайсыбір өзінің басқа мекемесіне сайланатын жұмысшылар өкілдерінің күші жеткіліксіз екеніне тоқталды. Бізде әлі конституция жоқ екені айтылды; егер тіпті бізде буржуазиялық конституция болған күннің өзінде де, социал-демократтар өздерінің неміс социал-демократ жолдастарының үлгісімен әрекет жасар еді, яғни буржуазиялық заң негізінде заң шығару жиналысына өтіп алып, сол жерден олардың өз заңдарымен өздерін «соққылар» еді және т. т.».

ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ-БОЛЬШЕВИКТЕР ЖИНАЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА БЕЛСЕНДІ БОЙКОТ ЖАСАУ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

В. И. Лениннің 1906 жылы февральда Петербургтегі Тенишев училищесі үйінде жасалған бұл баяндамасы туралы В. С. Войтинский өзінің естеліктерінде айтады (қараңыз: Вл. Войтинский. Жеңістер мен жеңілістер жылдары. 1924, 28-бет).

РСДРП ПЕТЕРБУРГ ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Конференцияның 1906 жылғы 11 (24) февральдағы секретарьлар жасаған жазбасында «Лениннің сөзі» деген жазу ғана бар, сөздің тексті жоқ; бұл жазба КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

«ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПҚА САЯСИ РЕФЕРАТ

В. И. Ленин 1906 жылы 20 мартта (2 апрельде) сөйлеген бұл сөзі жайында «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшасында былай дейді: «Менің жақында бір өте білімді және ерекше сүйкімді кадеттің пәтерінде саяси реферат оқуыма тура келді» (осы том, 322-бет). Н. К. Крупская да өзінің естеліктерінде осы реферат жөнінде айтады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Құпиялықты сақ-

тау мақсатында баяндаманы тыңдауға кісілер шақыру билеттері бойынша жіберілген, ол билетте: «Ольга Наумовна Эдельгауз сізді 2-Рождественская көшесі, 12-үй, 20-нөтерге 1906 жылғы 20 мартта, кешкі $8^1/_2$ сағатқа шайға шақырады» деп жазылған. (Ленин Петербургте. Л., 1957, 104, 210, 243, 321-беттер).

«АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ТУРАЛЫ» РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНІҢ 5-МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Съезде өзінің баяндамашы ретінде сөз сөйлегені туралы В. И. Ленин былай деп жазды: «... мен аграрлық комиссияның жобасын («Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшада басылған жобасын) жақтап, Масловтың муниципализациясына қарсы шықтым» (Шығармалар, 10-том, 327-бет). Съездің протоколдарында: «Ленин өзінің «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшасында дамытылған көзқарасын қорғайды» деп жазылған; баяндаманың тексті жоқ (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. 1906 жылғы апрель (апрель — май). Протоколдар». М., 1959, 55-бет).

РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНІҢ 13-МӘЖІЛІСІНДЕ «ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАПТЫҚ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ» ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Съезде өзінің баяндамашы ретінде сөз сөйлегені туралы В. И. Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндамада» айтады (қараңыз: Шығармалар, 10-том, 349-бет). Съездің протоколдарында В. И. Лениннің сөйлеген сөзіне сілтеме ғана жасалады; баяндаманың тексті жоқ (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 191-бет).

РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНІҢ КОМИССИЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

В. И. Лениннің бұл сөзі туралы О. А. Ерманский (Руденко), Г. В. Плеханов және П. Б. Аксельрод өздерінің съезде сөйлеген сөздерінде айтады (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 286, 292—293, 323-беттер).

РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНІҢ 19-МӘЖІЛІСІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

В. И. Ленин съездің он жетінші мәжілісінде Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселе жөнінде қосымша баяндама жасады. Съездің протоколдарында «съезд көпшілік 39 дауыспен баяндамашыларға» қорытынды сөз сөйлеу үшін «25 минуттен уақыт береді деген шешім алды» деп көрсетілген (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 320-бет). Съездің протоколдарында Ленин сөйлеген қорытынды сөздің жазбасы жоқ.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 23—31 (18) октябрь, 1905 ж.
№ 24—7 ноябрь (25 октябрь), 1905 ж.

«НОВАЯ ЖИЗНЬ» ГАЗЕТІ

№ 9—10 ноябрь, 1905 ж.
№ 10—11 ноябрь, 1905 ж.
№ 11—12 ноябрь, 1905 ж.
№ 12—13 ноябрь, 1905 ж.
№ 13—15 ноябрь, 1905 ж.
№ 14—16 ноябрь, 1905 ж.
№ 15—17 ноябрь, 1905 ж.
№ 16—18 ноябрь, 1905 ж.
№ 17—19 ноябрь, 1905 ж.
№ 18—20 ноябрь, 1905 ж.
№ 19—23 ноябрь, 1905 ж.
№ 20—24 ноябрь, 1905 ж.
№ 21—25 ноябрь, 1905 ж.
№ 22—26 ноябрь, 1905 ж.
№ 23—26 ноябрь, 1905 ж. *
№ 24—29 ноябрь, 1905 ж.
№ 25—30 ноябрь, 1905 ж.
№ 26—1 декабрь, 1905 ж.
№ 27—2 декабрь, 1905 ж.
№ 28—3 декабрь, 1905 ж.

«ПАРТИЙНЫЕ ИЗВЕСТИЯ» ГАЗЕТІ

№ 1—7 февраль. 1906 ж.
№ 2—20 март, 1906 ж.

«ЗНАНИЕ» БАСПАСЫ (С.-ПЕТЕРБУРГ) ШЫҒАРҒАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КІТАПТАР СЕРИЯСЫ («АРЗАНҚОЛ КІТАПХАНА»)

1905 жылы 8 (21) октябрьде Петербургтен В. И. Ленинге жазған хатында Н. П. Румянцев (Шмидт) «Знание» баспасының көпшілікке арналған кітапшалар («Арзанқол кітапхана») шы-

* 22 және 23-номерлері бір күнде шыққан делінген. 23-номердің шыққан күні, сірә, жаңсақ жазылған болса керек.

ғаруды ұйымдастыруға дереу кірісудің қажеттігі жөнінде хабарлады және Ленин шақырған аудармашылардың, редакторлар мен еңбек авторларының аты-жөнін хабарлауды сұрады (қараңыз: «Партия 1905 жылғы революцияда. 1905 жылғы партия тарихына арналған документтер». Партия баспасы, 1934, 180—181-беттер). «Знание» баспасының социал-демократиялық кітаптар сериясын («Арзанқол кітапхана») шығарған бөлімі қызметкерлерінің қатарында Лениннің болғаны жөнінде «Новая Жизнь» газетінің 1905 жылғы 15 ноябрьдегі 13-номерінде және В. Д. Бонч-Бруевичтің естеліктерінде айтылады (қараңыз: Влад. Бонч-Бруевич. 1905—1907 жылдардағы большевиктік баспа істері. Л., 1933, 15-бет).

В. КАЛИНИН. «ШАРУАЛАР СЪЕЗІ»

В. А. Карпинскийдің (Калининнің) мақаласы «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 16 (3) ноябрьдегі 25-номерінде В. И. Ленин Женевадан Россияға жүріп кеткеннен кейін жарияланды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың В. И. Ленин түзетулер енгізген қолжазбасы сақтаулы. Мақалаға Ленин енгізген екі қосымша осы томда басылып отыр, 85—86-беттер.

РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНЕ ҰСЫНЫЛҒАН «ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІНДЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАПТЫҚ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН ҚАРАР

Бұл қарар большевиктердің РСДРП Бірігу съезіне арналған «Тактикалық платформасына» енді, ол платформа 1906 жылы 20 мартта (2 апрельде) «Партийные Известияның» 2-номерінде жарияланды, сондай-ақ РСДРП Біріккен Орталық Комитеті мен РСДРП Петербург біріккен комитетінің басылымдарында жеке листовка болып басылды. «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» деген мақаласында В. И. Ленин платформа «...коллективтік жұмыстың жемісі болып табылады» деп жазды (осы том, 229-бет). Өзінің мазмұны жағынан «Демократиялық революцияның қазіргі кезеңінде пролетариаттың таптық міндеттері» деген қарар 1906 жылы Россиядағы жағдайға Лениннің «Тактикалық платформа» қарарларының басқа жобаларында берген бағаларына сай келеді.

В. И. ЛЕНИН АУДАРҒАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫ ПЕТЕРБУРГ СОВЕТІ ҮНДЕУІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН АУДАРМАСЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жұмысшы депутаттары Петербург Советінің үндеуі аудармасының лениндік қолжазбасы сақтаулы, бұл үндеу «The Times» («Замана») газетінің 1905 жылғы 1 ноябрьдегі, 37,853-номерінде Петербургтен жолданған корреспонденцияда жарияланған. Үндеудің аудармасы «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 7 ноябрьдегі (25 октябрьдегі) 24-номерінде «Қоғамдық өмірден» деген бөлімде басылды.

«СОҢҒЫ НИКОЛАЙДЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МАНИФЕСІ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ НЕМІС ТІЛІНЕН АУДАРМАСЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Vorwärts» («Алға») газетінің 1905 жылғы 1 ноябрьдегі 256-номерінде жарияланған «Соңғы Николайдың жаңа конституциялық манифесі туралы» деген мақаланың қысқартылған аудармасының лениндік қолжазбасы (бірінші беті жоқ) сақтаулы. Аударма «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 7 ноябрьдегі (25 октябрьдегі) 24-номерінде «Қоғамдық өмірден» деген бөлімде басылды.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Бүкіл россиялық темір жол одағы* 1905 жылы 20—21 апрельде (3—4 майда) Москвада өткен І Бүкіл россиялық темір жол съезінде құрылды. Съезд бірқатар саяси және экономикалық талаптар қойды: саяси бостандықтарды жүзеге асыру, құрылтай жиналысын шақыру, темір жолдарда еңбек жағдайын жақсарту және т. т. 1905—1907 жылдардағы революция дамыған сайын темір жол одагында большевиктік ықпал күшейе түсті. 1905 жылғы 22—24 июльде (4—6 августа) Москвада өткен ІІ Бүкіл россиялық темір жол съезі бүкіл россиялық саяси темір жол ереуілі жолында үгіт жүргізуге дереу кірісу жөнінде шешім қабылдады. 1905 жылғы сентябрь—октябрьде Петербургте өткен Бүкіл россиялық темір жол (делегаттық деп аталатын) съезі революцияшыл бұқараның тегеурінімен мынадай бірқатар талаптар дайындап, үкіметтің алдына қойды: 8 сағаттық жұмыс күні, темір жол әкімшілігінің жоғарыдан төменге дейін сайланып қойылуы, ереуілге қатысқаны үшін тұтқынға алынғандарды дереу босату, соғыс жағдайын және күшейтілген күзетті жою, саяси бостандық, амнистия, ұлттық өзін өзі билеуге ерік беру, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде сайланған құрылтай жиналысын дереу шақыру. В. И. Ленин Октябрь жаппай саяси стачкасында темір жол жұмысшылары мен темір жол одағының басты роль атқарғанын атап көрсетеді. 7 (20) октябрьде Москва-Қазан темір жолында басталған ереуіл тез арада бүкіл россиялық саяси стачкаға ұласты, бұл стачка самодержавиеге күшті соққы болып тиді. 29 темір жол өкілдерінің Бүкіл россиялық конференциясы жаппай саяси ереуіл жасау туралы большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясының шешімін қуаттады және 1905 жылғы 6 (19) декабрьде ереуілге қосылу туралы, бүкіл россиялық темір жол стачкасын дереу жариялау туралы қаулы алды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін темір жол одағы іс жүзінде астыртын жағдайға көшті. 1906 жылы августа те-

мір жолшылардың конференциясы болып өтті, конференция I Мемлекеттік думаны таратуға байланысты жаппай ереуіл жасау туралы мәселе бойынша шақырылған еді. Оған 23 темір жолдың жұмысшылары мен қызметшілерінің делегаттары, темір жол одағының Орталық бюросынан, Еңбек тобынан, РСДРП Орталық Комитетінен, Бундтан, эсерлер Орталық Комитетінен және басқаларынан да өкілдер қатысты. Конференция жаппай стачка және қарулы көтеріліс жасауды жақтады, бұған В. И. Ленин «Саяси дағдарыс және оппортунистік тактиканың күйреуі» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар, 11-том, 147-бет) назар аударған болатын. 1906 жылдың аяғына таман темір жол одағы эсерлердің ықпалына түсіп, өзінің революциялық мәнін жойып алды. 1907 жылы февральда РСДРП Орталық Комитеті шақырған аса маңызды социал-демократиялық темір жол ұйымдарының конференциясы барлық революцияшыл социал-демократтардан темір жол одағынан шығуды талап етті және мұны РСДРП Орталық Комитеті бекітті.— *3.*

2 *«Күштердің тепе-теңдігі»* деген мақаланың жоспарын В. И. Ленин 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі патша манифесі туралы телеграф хабарын Женевада алардан бірнеше сағат бұрын жазды. Мақала «Пролетарий» газетінің 24-номеріне бас мақала ретінде берілмекші еді. Бірақ манифест туралы хабар алынуына байланысты Ленин 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Революцияның бірінші жеңісі» деген мақаласын жариялады (қараңыз: осы том, 28—36-беттер). «Күштердің тепе-теңдігі» деген мақаланың жоспарында көтерілген мәселелерді Ленин «Түйін шешілуге жақын» деген мақалада толық дамытады (қараңыз: осы том, 74—84-беттер).— *5.*

3 *«Пролетарий»* — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; РСДРП Орталық Органы, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылды. Партияның Орталық Комитеті пленумының шешімі бойынша 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды. Газет 1905 жылғы 14 (27) майдан 12 (25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. Барлығы 26 номері шықты. «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» жолын ұстады және большевиктік «Вперед» газетімен сабақтастықты толық сақтай білді.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бетін, идеологиялық мазмұнын және большевиктік бағытын белгіледі. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс істеді. Оның редакциялық түзетулері аса маңызды теориялық проблемаларды көтеруде және революциялық қозғалыстың мәселелерін баяндауда жарияланып отырған материалдарға жоғары принциптілік, партиялық, айқын да анық сипат берді.

В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский редакцияның жұмысына үнемі қатысып тұрды. Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский редакцияда үлкен жұмыс атқарды. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; газет бетінде революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан жұмысшылардың мақалалары, заметкалары жарияланып тұрды. В. Д. Бонч-Бруевич, С. И. Гусев және А. И. Ульянова-Елизарова жергілікті жерлердеи корреспонденциялар жинап, оларды Женеваға жіберуді ұйымдастырып отырды. Редакцияның жергілікті партия ұйымдарымен, оқушылармен хат-хабар алысып тұруын Н. К. Крупская және Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» Россиядағы және халықаралық жұмысшы қозғалысындагы барлық елеулі оқиғаларға дереу үн қосты, меньшевиктерге және басқа оппортунистік, ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күресті.

Газет партияның III съезі шешімдерін насихаттауда үлкен жұмыс жүргізді және большевиктерді ұйымдық, идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды. «Пролетарий» Россия социал-демократиясының революциялық марксизмді дәйектілікпен қорғаған, Россияда өріс алган революцияның барлық негізгі мәселелерін талдап зерттеген бірденбір органы болды. 1905 жылғы оқиғаларды жан-жақты көрсете отырып, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға үлкен ықпал жасады. Большевиктік жергілікті газеттер Лениннің кейбір мақалаларын «Пролетарий» газетінен көшіріп басты, жеке листовка етіп таратты.

1905 жылы ноябрьдің бас кезінде Ленин Россияға жүріп кеткеннен кейін көп кешікпей газеттің шығуы тоқтатылды. Соңгы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ бұларға арнап Ленин бірнеше мақала жазған болатын, олар Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды.— *5*.

4 *«The Times»* («Замана») — 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *5*.

5 *«Daily Telegraph»* («Күнделікті Телеграф») — ағылшынның либералдық, ал XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап консервативтік күнделікті газеті; осы атпен 1855 жылдан 1937 жылга дейін Лондонда шығып тұрды; 1937 жылдан, «Morning Post» («Таңертеңгі Почта») газетімен біріккеннен кейін, «Daily Telegraph and Morning Post» деген атпен шығады.— *5*.

6 *Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың конференциясын* РСДРП Орталық Комитеті Мемлекеттік дума жөнін-

дегі тактиканы белгілеу үшін 1905 жылы 7—9 (20—22) сентябрьде Ригада шақырды. Оған РСДРП Орталық Комитетінен, меньшевиктердің Ұйымдастыру комиссиясынан, Бундтан, Латыш социал-демократиясынан, Польша және Литва социал-демократиясынан, Революциялық украин партиясынан өкілдер қатысты. Конференция меньшевиктердің қарсылығына қарамай, Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауды көздеген большевиктік бағытты қуаттады және Думаға қатысуды көздеген меньшевиктік саясатты теріс деп тапты. Конференция шешімдерінде сайлау науқанын халық бұқарасы арасында кең үгіт жүргізуге пайдаланудың, митингілер жасаудың, барлық сайлау жиналыстарында болу және революциялық қозғалыс шайқалтқан самодержавие өкіметін нығайтуды көздейтін Думаның халық өкілдігінің сорақы боямасы ретіндегі шын сипаты мен мақсатын ашудың қажет екені көрсетілді.

Конференция қарарлары «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 24 (11) октябрьдегі 22-номерінде басылды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 138—140-беттер). Ленин «Саяси топқа бөлінудің бірінші қорытындылары» және «Жеңілгендердің байбаламы» деген мақалаларында (қараңыз: осы том, 7—16 және 17—19-беттер) конференцияның маңызын бағалай отырып, қабылданған шешімдерге «Искраның» бетінде қарсы шыққан меньшевиктерге қатты тойтарыс берді.— 7.

7 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірігуі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады; Август антипартиялық блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен тізе қосты. Осымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған күрт бет бұрыс аңғарыла бастады. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *7.*

8 *Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы* 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылды. 1905 жылы июньде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезінде партияның программасы қабылданды. 1905 жылы жұмысшылардың революциялық бой көрсетулерін басқарды және бұқараны қарулы көтеріліске әзірледі.

IV (Бірігу) съезде (1906) территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесі социал-демократиясы деп аталды.— *7.*

9 *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы* (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы әуелі Польша Корольдігі социал-демократиясы ретінде, ал 1900 жылғы августан, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, осы съезде поляк социал-демократтары мен Литва социал-демократтарының бір бөлегі қосылғаннан кейін, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп аталатын болды. Поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен ынтымақтасуға бағыттап отыру және ұлтшылдықпен күресу партияның көрнекті қызметі болып табылады.

1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұранына үндес ұран көтеріп күреске шықты, либерал буржуазия жөнінде ымырасыздық позиция ұстады. Сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды, ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін түсінбеді,

жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін және ұлт-азаттық қозғалыстың маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге Польшаның революциялық қозғалысы алдындағы оның қызметін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көрсетті. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтады және Польшада пролетарлық революцияның жеңісі жолында күресті өрістетті. 1918 жылы декабрьдегі Бірігу съезінде екі партия — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы және Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» бірігіп, Польша Коммунистік жұмысшы партиясы болып ұйымдасты.— *7.*

10 *Революциялық украин партиясы* (РУП) — ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық ұйым; 1900 жылдың бас кезінде құрылды. Украин буржуазиясының Украинаның «автономиясы» жөніндегі негізгі ұранын қолдады. 1905 жылы декабрьде Революциялық украин партиясы Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы (УСДЖП) болып аталды және, егер РСДРП-да Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы «Украин пролетариатының бірден-бір өкілі» деп танылатын болған жағдайда ғана, РСДРП-мен федерациялық негізде бірігеді деген шешім қабылдады. РСДРП IV (Бірігу) съезі бірігу шартын дереу талқылау жөніндегі Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы өкілінің ұсынысын қабылдамады және бұл мәселені шешуді РСДРП Орталық Комитетіне тапсырды. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық сипатына байланысты бірігу туралы мәселе бойынша келісім жасалынбады.

Ұлттық программа саласында Бундтың ықпалында болды және Бундқа ілесе мәдени-ұлттық автономия талабын ұсынды.

Кейін Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы буржуазиялық-ұлтшылдық контрреволюцияның лагеріне ауысты.— *7.*

11 Бұл арада меньшевиктік «Искра» жөнінде айтылып отыр. Партияның II съезінде партияның Орталық Органының редакциясы мына құрамда — В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов — бекітілген болатын. Бірақ съездің шешіміне

қарамастан, меньшевик Мартов II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциясымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшті және съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылдың 19 октябрінде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол Орталық Комитетке кооптацияланып, Орталық Комитеттен оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциясымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына редакцияның бұрынғы меньшевик-редакторларын: Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздаудың трибунасына айналдырды. Меньшевиктердің өздері мойындағандай, «ескі «Искра» мен жаңа «Искра» арасында түпсіз тұңғиық пайда болды». Меньшевиктік, жаңа «Искра» партиялықтың негіздерін бұзды: партия шешімдерін орындаудың міндеттілігі жөніндегі талап «бюрократизм» және «формализм» деп жарияланды, азшылықтың көпшілікке бағынуы партия мүшесінің ерік-жігері мен бостандығын «түсінбей дөрекілікпен» езу деп қаралды, партия тәртібі «крепостниктік право» деп кемсітілді. Меньшевиктер партияны кейін қарай, ұйымдық бытыраңқылық пен тәртіпсіздікке, үйірмешілдік пен майдагерлікке қарай сүйреді.— 7.

12 *Меньшевиктердің оңтүстік орыс құрылтай конференциясы* 1905 жылы августа Киевте өтті. Оған меньшевиктік топтар мен комитеттерден 12 делегат қатысты. Конференция мына мәселелер бойынша қаралар қабылдады: партияның екі бөлегін біріктіру туралы; Мемлекеттік дума жөнінде; «Искра» редакциясының құрамы туралы; РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілдігі туралы; ұйымдық устав және басқалар.

Ленин «Меньшевиктік жаңа конференция» және ««Искра» тактикасының соңғы жаңалығы немесе ойыншық сайлау — көтеріліске қозғау салатын жаңа себеп» деген мақаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 331—332, 384—403-беттер) конференция шешімдерін қатты сынға алды. Мемлекеттік дума жөніндегі конференция қарарын айта келіп, Ленин бұл «социал-демократияның міндеттерін қорлаудың түңілерлік ескерткіші болып көпке дейін қалады» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 399-бет).

РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілдігі туралы конференция қабылдаған қарар жөнінде Ленин 1905 жылы 25 сентябрьде (8 октябрьде) РСДРП Орталық Комитетіне жолдаған хатында: « 1) менің өз басыма сорақы өтірік таңылған. Мен «Пролетарийдің» 20-номерінде жауап беремін, бұл номер бүрсігүні шығады. 2) Плехановтан *партияның оларға жататын бөлігінің* өкілі болуын сұрайды» (Шығармалар, 34-том, 354-бет) деп жазды.

«РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілдігі» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 333—336-беттер) Ленин осы мәселе жөнінде партиядағы істің нақты жағдайын айта келіп, меньшевиктік қарардың жалған екенін әшкереледі.— *8.*

13 1905 жылы 6 (19) августа патша манифесі, Мемлекеттік дума құру туралы заң және оның сайлау ережесі жарияланды. Дума ішкі істер министрі А. Г. Булыгиннің есімімен Булыгин Думасы деп аталды; патша оған Думаның жобасын әзірлеуді тапсырған еді. Думаға сайлау үшін тек помещиктерге, капиталистерге және сан жағынан аз ғана үй иесі шаруаларға сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан не бары 51 орын ғана шаруаларға берілді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей шаруалар, батырақтар, демократиялық интеллигенция сайлау правосынан айрылды; әйелдер, әскери қызметшілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмағандар және патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлаудан тыс қалдырылды. Мемлекеттік думаның ешқандай заң қабылдауға правосы болған жоқ, ол тек патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді талқылай алатын еді. Ленин Булыгин Думасын сипаттай келіп, бұл ««халық өкілдігін» барын тұрған арсыздықпен қорлау» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет).

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандарға бағындырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуды мүмкін деп тапты және либерал буржуазиямен ынтымақтасу жағында болды.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыруға, жаппай саяси стачкалар өткізу мен қарулы көтеріліске әзірлік жұмыстарын жүргізуге пайдаланды. Булыгин Думасына сайлау өткізілмеді, сондықтан да үкімет Дума шақыра алмады. Революцияның күшейіп, өрге басуы және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап өтті. Булыгин Думасы туралы мәселе бойынша В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Мо-

нархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер).— *9.*

14 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — орыстың ең байырғы газеттерінің бірі; 1756 жылдан бастап Москва университеті (бастапқы кезде шағын листок түрінде) шығарған. 1863—1887 жылдары «Московские Ведомостидің» шығарушы-редакторы барып тұрған реакционер, шовинист М. Н. Катков болды. Бұл жылдары газет монархиялық-ұлтшылдық органға айналды, помещиктер мен дін басыларының ең реакциялық топтарының көзқарастарын жүргізді; 1905 жылдан «Московские Ведомости» қаражүздіктердің ең басты органдарының бірі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды.— *12.*

15 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; Петербургте 1868 жылдан 1917 жылға дейін шығып тұрды; әр түрлі шығарушылардың қолында болды және өзінің саяси бағытын бірнеше рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылдан, оны А. С. Суворин шығара бастағаннан кейін, ол реакцияшыл дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет бүтіндей буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады.

В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *12.*

16 *«Освобождениешілдер»* — «Освобождение» журналының маңына топтасқан либерал интеллигенттер, земствошылдар және помещиктер. 1904 жылы январьда «освобождениешілдер» «Азаттық одағы» болып қалыптасып, 1905 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституцияшылдармен бірге «освобождениешілдер» 1905 жылы октябрьде ұйымдасқан конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның басты партиясының ұйтқысы болды.

«Освобождение» («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал, 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархиялық либерализм идеяларын дәйекті түрде жүргізді.— *12.*

17 *Конституцияшыл-демократтар* (кадеттер) — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның басты партиясы. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазияшыл интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері: П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «Халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал шынында олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер америкаи-ағылшын-француз империалистеріне жағымды, ал халыққа қарсы, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің қас жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін кадеттер эмиграцияда жүріп, өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ.— *12.*

18 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы», т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органы болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қоспасы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» жөндеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдала-

нуда «еңбек негізін» және «теңгермелікті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды, капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының, социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайда уақытша келісім жасасудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық алауыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық социалистік еңбек партиясы» (энестер) құрылды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы құрылды. Столыпин реакциясы кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өзінің ықпалын сақтауға ты-

рысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар жағында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады.— *15.*

19 *Якобиншілдер* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның саяси тобы; абсолютизмді және феодализмді жою қажеттігін үзілді-кесілді және дәйекті түрде талап еткен француз буржуазиясының сол қанатының өкілдері.— *15.*

20 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде — Берлинде шықты; 12—15-номерлерін шығару Варшаваға көшірілді; соңғы, 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

Халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретіндегі «Русская Мысльдің» көзқарастарын Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында және «Не істеу керек?» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер және 6-том, 1—211-беттер; текст аталған факт жөнінде 148-беттен қараңыз), сондай-ақ «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында сынға алды.— *15.*

21 *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17 (30) июльден 10 (23) августқа дейін болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қуғындауына байланысты съезд мәжілістері Лондонға ауыстырылды.

Съезді «Искра» әзірледі, ол Лениннің басшылығымен Россия социал-демократтарын революциялық марксизм негізінде топтастыру жолында орасан зор жұмыс жүргізді.

Съезге 26 ұйым («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитеттер мен одақтар) атынан шешуші дауыспен 43 делегат қатысты. Кейбір делегаттардың екі даусы бар еді, сондықтан съезде шешуші дауыстың саны 51 болды. Съездің құрамы әр текті еді. Оған «Искраның» жақтастары ғана емес, оның қарсыластары, сондай-ақ тұрақсыз, солқылдақ элементтер де қатысты.

Съездегі ең маңызды мәселелер партияның программасы мен уставын бекіту және партияның басшы орталықтарын сайлау болды. Ленин және оның жақтастары съезде оппортунистермен батыл күрес жүргізді.

«Искра» редакциясы әзірлеген және съезде талқыланған партия программасының жобасына, әсіресе партияның жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пунктке және программаның аграрлық бөліміне оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Съезд оппортунистерге тойтарыс беріп, партия программасын бірауыздан (бір адам қалыс қалды) бекітті, программада пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяудағы міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революцияның жеңісін және пролетариат диктатурасын орнатуды көздейтін міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихында бірінші рет революциялық программа қабылданды, онда Лениннің табандылығы арқасында пролетариат диктатурасы үшін күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде қойылды.

Партия уставын талқылаған кезде партия құрылысының ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінен қызу күрес болды.

Ленин және оның жақтастары жұмысшы табының жауынгер революциялық партиясын құру үшін күресті және олар барлық тұрақсыз, солқылдақ элементтердің партияға кіруіне кедергі болатындай устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың Ленин ұсынған бірінші параграфының тұжырымында партияға мүше болу программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар партия ұйымдарының біріне жеке басының тікелей қатысуы да шарт етіліп қойылды. Съезде Мартов бірінші параграф жөнінде өзінің тұжырымын ұсынды, ол партияға мүше болу программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, тек партияның бір ұйымының басшылығымен жеке басының партияға үнемі жәрдемдесуін шарт етіп қойды. Съезде барлық тұрақсыз элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын антиискрашылдар ғана емес, «батпақ» («центр») та, «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп олардың сәл басымдылығымен қабылданды. Съезд негізінен Ленин дайындаған уставты бекітті. Съезд тактикалық мәселелер бойынша да бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде «Искраның» бағытын дәйекті жақтаушылар — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдардың—Мартовты жақтаушылар арасында жік туды. Лениндік бағытты жақ-

таушылар партияның орталық мекемелерін сайлауда көпшілік дауыс алып, большевиктер деп аталды, ал азшылық дауыс алған оппортунистер — меньшевиктер деп аталды.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагерділдікті, үйірмешілдікті жойды және Россияда маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының негізін қалады. Ленин: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» деп жазды (Шығармалар, 31-том, 8-бет).

РСДРП II съезі барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі-өнеге болған жаңа типті пролетарлық партия құрып, халықаралық жұмысшы қозғалысында жаңа бетбұрыс пункт болды.— *15.*

22 В. И. Ленин «Современник» журналына қосымша түрінде шығарылған «Свистоктың» 1862 жылғы 8-номерінде «Конрад Лилиеншвагер» деп қол қойылып жарияланған Н. А. Добролюбовтың «Пруссак вагонында» деген өлеңінен цитат келтіреді.— *16.*

23 *Меньшевиктердің Женева конференциясы* 1905 жылы апрельде РСДРП III съезімен бір мезгілде өтті. Қатысушылардың саны аз болғандықтан (9 комитеттен ғана делегат қатысты) меньшевиктер өздерінің жиналысын партия қызметкерлерінің конференциясы деп атады.

Меньшевиктер революцияны одан әрі дамыту міндетін алға қоймағанын конференция шешімдері көрсетті. Олар революциядағы пролетариаттың гегемондығын және пролетариаттың шаруалармен одағы жөніндегі саясатты бекерге шығарды. Олар либерал буржуазияны буржуазиялық-демократиялық революцияның басшысы деп, өкімет революция женгеннен кейін солардың қолына өтуге тиіс деп есептеді. Меньшевиктер революциялық уақытша үкімет құру қажеттігін және оған социал-демократия өкілдерінің қатысуын жоққа шығарды. Конференция өзінің қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі шешімдерінде пролетариат партиясы көтерілісті дайындаумен шұғылданбауы керек, өйткені бұл буржуазияны үркітіп жіберуі мүмкін деп есептеп, көтеріліске байланысты пролетариаттың алдында тұрған практикалық міндеттерді белгілемеді. Конференция социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы болды. Ол помещиктердің жерін тартып алу үшін революциялық шаруалар комитеттерін ұйымдастыру міндетін қойған жоқ; жер мәселесін шешу болашақ құрылтай жиналысына қалдырылды. Конференция РСДРП II съезінде қабылданған партия уставының күшін жойды. Оның «ұйымдық уставта» белгіленген ұйымдық мәселе жөніндегі шешімдері партияны II съезден ұйымдық бытыраңқылыққа және үйірмешілдікке қарай кейін тартты. Женева конференциясының

шешімдері мынаны көрсетті: меньшевиктер жұмысшы табын реформизм және либерал буржуазияның тактикасына бейімделу рухында тәрбиелей отырып, оны идеялық және ұйымдық жағынан қарусыздандырды, жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды жүргізуші болды. Лениннің көрсеткеніндей, олардың тактикасы «революцияға опасыздық ету, пролетариатты буржуазиялық таптардың дәрменсіз қуйыршығына айналдыру» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 88-бет) тактикасы болды. В. И. Ленин «Үшінші адым кейін» деген мақаласында, «Социал-демократияның социал-демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген шығармасында, ««Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер; 11-том, 1—139, 169—175-беттер) және басқа да еңбектерінде Женева конференциясы шешімдерінің оппортунистік сипатын әшкерелеп, оларды өлтіре сынады.— *19.*

24 *«Vossische Zeitung»* («Фоссы Газеті») — немістің баяу-либералдық газеті, 1704 жылдан 1934 жылға дейін Берлинде шығып тұрды.— *21.*

25 «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 31 (18) октябрьдегі 23-номерінде «Британия жұмысшы қозғалысы және тред-юниондар конгресі» деген қол қойылмаған мақала басылды (неміс тілінен аударма). В. И. Ленин осы мақала аудармасының қолжазбасын редакциялап, оған екі ескерту жазды: біріншісі — мақала авторы атап отырған Тафф алқабы ісі жөніндегі және екіншісі — мақаланың қорытынды бөліміне ескертулер.— *27.*

26 *«Le Temps»* («Уақыт») — консервативтік күнделікті газет; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Францияның үстем топтарының мүддесін көздеді және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды.— *32.*

27 Бұл арада 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жөніндегі РСДРП Орталық Комитетінің 1905 жылғы 18 (31) октябрьдегі «Орыс халқына!» деген үндеуі айтылып отыр (қараңыз: «1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары». Үш бөлімді жинақ, 1-бөлім, М., 1956, 182—185-беттер).— *33.*

28 Әңгіме жұмысшы депутаттарының Петербург Советі жөнінде болып отыр; ол Октябрь бүкіл россиялық саяси стачкасы күндерінде біріккен стачкалық комитет ретінде пайда болды. 13 (26) октябрьде Петербург жұмысшылары фабрикалар мен заводтарда стачкаға басшылық ету үшін жұмысшы депутаттарының Советтеріне өз өкілдерін сайлады. Совет ұйымдық жағынан 17 (30) октябрьде, уақытша Атқару комитеті сайланғаннан кейін қалыптасты.

Жұмысшы депутаттарының алғашқы Советтері стачкалық қозғалыс негізінде Октябрь жаппай ереуілінен бұрын пайда болған еді. 1905 жылы майда Совет Иваново-Вознесенскіде, июльде — Костромада, сентябрьде депутаттар Советтері Москвада жеке мамандықтар бойынша (баспашылар, темекішілер, т. б.) пайда болды. Осы алғашқы Советтердің өзі-ақ ереуіл комитеттерінің шеңберінен шығып, өздерінің қызметін ұлғайтуға ұмтылды. Октябрь стачкасы және Петербург Советінің құрылуы елдің басқа жерлерінде де Советтер ұйымдастыруға түрткі болды. Декабрь қарулы көтерілісінің алдында аз-ақ бұрын жұмысшы депутаттарының Москва Советі құрылды. Киевте, Харьковте, Дондағы Ростовта, Одессада, Николаевта, Екатеринославта, Владикавказда, Ревельде, Новороссийскіде, Саратовта, Читада, Иркутскіде, Красноярскіде, Бакуде және басқа көптеген қалаларда Советтер құрылды.

Патша үкіметінің мекемелерімен санаспаған Советтер өздерінің қаулыларын, нұсқауларын, бұйрықтарын шығарды, өз бетімен сегіз сағаттық жұмыс күнін, демократиялық бостандықтарды енгізді. Большевиктер барлық жерде Советтерге енді, олар басшылық ықпал жасауға жеткен жерде Советтер революциялық күштерді жұмылдырудың, қарулы көтеріліске дайындалу мен оны өткізудің жауынгерлік штабына айналды. Мәселен, Москва Советі 1905 жылы декабрьде қарулы көтерілістің органы болды, депутаттардың Красноярск және Новороссийск Советтері өкіметті өз қолдарына алды. Петербург Советі — «жаңа өкіметтің органы ретінде өте-мөте әлсіз болды» (Ленин). Петербург Советінің басшылығын меньшевиктер басып алғандықтан, ол өзінің басты ролін атқара алмады — қарулы көтерілістің және самодержавиені құлату жолындағы күрестің органы бола алмады.

В. И. Ленин Советтер туралы мәселені теория жағынан талдап зерттеді. Ол Советтерге жұмысшы табының бұқаралық саяси ұйымы ретінде қарады, Советтерді көтерілістің органы деп, жаңа революциялық өкіметтің ұйтқысы деп санады.

Жұмысшы депутаттары Советінің ролі мен маңызы туралы мәселе жөнінде Лениннің, большевиктердің көзқарасы меньшевиктердің көзқарасынан өте-мөте алшақ жатты. Меньшевиктер Советтердің ролін төмендетіп, оны жергілікті өзін өзі басқару органына әкеп теңеді. Меньшевиктер өздерінің практикалық қызметінде Советтердің жұмысын жұмысшылардың экономикалық мүдделерін қорғаумен шектеді.

Жұмысшы табының аса зор тарихи жеңісі — 1905 жылғы Советтер 1917 жылы орнаған Совет өкіметінің үлгісі болды.

Жұмысшы депутаттарының Советтері туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі», «Жұмысшы депутаттарының Петербург Советі Атқару комитетінің локаутпен күресу шаралары туралы 1905 ж. 14 (27) ноябрьдегі қаулысы»,

«Сәті түспеген арандатушылық», «Күні санаулы самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары», «Социализм және анархизм», «Социалистік партия және бейпартиялық революцияшылдық», «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері», т. б.— *34.*

29 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы В. И. Ленин негізін салған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет, ол Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарды.

Полицияның қуғындауы себепті Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ оны шетелде шығарудың жоспарын жан-жақты мұқият ойластырған болатын. Айдау мерзімі аяқталысымен (январь, 1900) ол өзінің жоспарын жүзеге асыруға дереу кірісті. 1900 жылы февральда Ленин шетелден астыртын келген В. И. Засуличпен жалпы орыстық маркстік газет шығаруға «Еңбекті азат ету» тобының қатысуы туралы Петербургте келіс сөз жүргізді. 1900 жылы марттың аяғы — апрельдің басында В. И. Лениннің, Л. Мартовтың, А. Н. Потресовтың, С. И. Радченконың «жария марксистермен» — П. Б. Струвемен және М. И. Туган-Барановскиймен «Псков кеңесі» деп аталатын кеңесі болды, онда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журнал («Заря») редакциясының осы басылымдардың программасы мен міндеттері туралы мәлімдемесінің лениндік жобасы талқыланды. 1900 жылдың бірінші жартысында Ленин Россияның бірқатар қалаларында (Москвада, Петербургте, Ригада, Смоленскіде, Нижний Новгородта, Уфада, Самарада, Сызраньда) болып, социал-демократиялық топтармен және жекелеген социал-демократтармен байланыс орнатты, олармен болашақ «Искраны» қолдау жөнінде келісті. 1900 жылы августа, Ленин Швейцарияға келгеннен кейін, Ленин мен Потресов «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен газет пен журналдың программасы және міндеттері, болашақ қызметкерлері, редакцияның құрамы мен оның мекені туралы кеңес өткізді; бұл келіс сөздер ажырасумен тына жаздады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 362—382-беттер), бірақ келіс сөздің соңғы күндері барлық даулы мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол кезде Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі — Г. Квелч үлкен көмек көрсетті. «Искра» редакциясына

В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы резолюциялық күресі мәселелеріне аударды, аса маңызды халықаралық оқиғаларға, әсіресе халықаралық жұмысшы қозғалысына үлкен көңіл бөлді. Іс жүзінде Ленин «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

«Искра» партиялық күштерді біріктіру, партия кадрларын топтастыру және тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды. 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын қолдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына қаратып алды, оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. «Искра» елу екінші номерінен бастап революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды (қараңыз: 11-ескерту).— *37.*

30 *«Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» екінші съезі* 1903 жылы 13—18 (26—31) октябрьде Женевада өтті. Съезд меньшевиктердің талап етуімен шақырылды, олар оны РСДРП II съезіне қарсы қоймақшы болды. Шетелдік лиганың съезін шақыруға қарсы пікір айта келіп,

В. И. Ленин: «Лиганың съезі *қазір* төбелес үшін бәрін де береді, ал іс үшін, яғни шетелдегі жұмыс үшін дәнеңе де бермейді» деп жазды (Шығармалар, 34-том, 172-бет).

Шетелдік лиганың съезінде көпшілік жағының 15 (екінші мәжілістен бастап 14) жақтаушысы болды, олардың 18 даусы бар еді (В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Н. Э. Бауман, Н. К. Крупская, В. Д. Бонч-Бруевич, М. М. Литвинов және басқалар) және 18 меньшевик болды (екінші мәжілістен бастап 19), олардың 22 даусы бар еді (П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, Л. Мартов, Л. Д. Троцкий және басқалар). Съезге қатысушы бір адам — К. М. Тахтарев (2 даусы бар) большевиктерге де, меньшевиктерге де қосылмады. Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Шетелдік лига әкімшілігінің (Л. Г. Дейчтің және Н. К. Крупскаяның) баяндамасы; 2) партияның II съезіндегі Лига делегатының баяндамасы; 3) Лига уставы; 4) әкімшілікті сайлау.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе партия съезіндегі Лига делегаты — В. И. Лениннің баяндамасы болды. Ленин өзінің баяндамасында РСДРП II съезінің жұмысына тоқталды және меньшевиктердің оппортунизмін әшкереледі, олардың съездегі әрекеттерінің принципсіздігін көрсетті. Оппозиция Шетелдік лигадағы өзінің көптігін пайдаланып, Лениннен кейін іле-шала қосымша баяндама жасау үшін Мартовқа сөз беруді ұйғарды. Мартов өзінің баяндамасында РСДРП II съезіндегі меньшевиктердің әрекетін қорғап, большевиктерге жалақорлық айыптар тақты. Ленин және көпшілікті жақтайтындар оппозициямен одан әрі айтыса берудің мүмкін емес екенін және түкке тұрмайтынын айқын көрді де, бұл мәселе жөнінде бұдан былайғы жарыс сөзге қатысудан бас тартып, съезд мәжілісінен кетіп қалды. Съездегі меньшевиктік көпшілік партияның орталық мекемелерін басып алуға тырысып, күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша үш қарар қабылдады, оларда ұйымдық мәселелерде Лениннің позициясына қарсы шықты және большевиктерге қарсы үнемі күресуге шақырды.

Съезд Шетелдік лиганың уставын да қабылдады, оның бірқатар пункттері (Лиганың жалпы партиялық әдебиеттер шығаруы туралы, Лига әкімшілігінің Орталық Комитет пен Орталық Органның еркінен тыс басқа ұйымдармен қарым-қатынасы туралы және басқа пункттер) партия уставына қарсы бағытталды; сонымен қатар меньшевиктер РСДРП Орталық Комитетінің Лига уставын бекіту правосына күмән келтірді. РСДРП Орталық Комитетінің съезге қатысып отырған өкілі Ф. В. Ленгник Орталық Комитеттің атынан Лига уставын партия уставына сәйкестендіруді талап етті, ал оппозиция бұл талапты орындаудан бас тартқан соң, ол жиналысты заңсыз деп жариялады. Партия Советі Орталық Комитет өкілінің әрекетін мақұлдады.

В. И. Ленин Шетелдік лига съезін «оппозицияның орталық орындарға қарсы шабуылының шырқау шегі» деп ата-

ды (Шығармалар толық жинағы, 8-том, 107-бет). Лиганың II съезінен кейін меньшевиктер Лиганы партияға қарсы күрестің тірек пунктіне айналдырды.— *37.*

31 В. И. Ленин *«Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм»* деген мақаланы дайындау үстінде «Революционная Россия» газетінің 1905 жылғы 15 сентябрьдегі 75-номеріндегі «Ортодокс марксистер және шаруалар мәселесі» деген бас мақаладан көшірмелер алып, оған өзі ескертпелер жазды және мақала жоспарын жасады, ол осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде басылып отыр, 431—432-беттер. «Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм» деген мақала шамалы қысқартулармен большевиктік «Новая Жизнь» газетінің 1905 жылғы 10 ноябрьдегі 9-номерінде көшіріліп басылды.— *40.*

32 *Прудонизм* — ұсақ буржуазиялық социализмнің ғылымға жат, марксизмге жау ағымы; ол өзінің идеологы француз анархисі Прудонның есімімен аталған. Прудон ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынай отырып, ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады, «халықтық» және «айырбас» банктерін ұйымдастыруды ұсынды, оның ойынша, солардың көмегімен жұмысшылар өндіріс құрал-жабдықтарына ие болып, қолөнершілерге айнала алады-мыс, сөйтіп өздерінің өнімдерін «әділ» өткізуді қамтамасыз етеді-міс. Прудон пролетариаттың тарихи ролін түсінбеді, тап күресіне, пролетарлық революцияға және пролетариат диктатурасына теріс көзқараста болды; анархистік позиция тұрғысынан қарап, мемлекеттің қажеттігін теріске шығарды. Маркс пен Энгельс Прудонның I Интернационалға өз көзқарасын таңуға тырысқан әрекеттеріне қарсы дәйекті күрес жүргізді. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде прудонизм өлтіре сыналды. Маркс пен Энгельстің және олардың жақтастарының I Интернационалдағы прудонизммен үзілді-кесілді күресі марксизмнің толық жеңісімен аяқталды.

Ленин прудонизмді жұмысшы табының көзқарасына көше алмайтын «мещан мен филистердің топастығы» деп атады. Буржуазия теоретиктері таптық ынтымақты уағыздау үшін прудонизм идеясын кеңінен пайдаланды.— *40.*

33 *Бланкизм* — француз социалистік қозғалысындағы аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің белгілі өкілі Луи Огюст Бланки (1805—1881) бастаған ағым.

Бланкишілдер тап күресін теріске шығарды, олар «... адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың тап күресі арқылы құтқаруды күтпейді, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды» күтеді (В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 395-бет). Олар революциялық партия-

ның қызметін бір топ құпия заговоршылардың қимылымен алмастыра отырып, көтерілістің жеңіске жетуіне қажетті нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланыс жасауды елемеді.— *40.*

[34] Бұл арада 1902 жылы марттың аяғы — апрельдің басында Полтава және Харьков губернияларында болған шаруалар көтерілісі — XX ғасырдың бас кезіндегі Россия шаруаларының тұңғыш ірі революциялық бой көрсетуі туралы айтылып отыр; көтеріліске осы губерниялардағы шаруалардың өте-мөте ауыр жағдайы себеп болды, 1901 жылы астықтың шықпай қалуы және сол қуаңшылық әкелген ашаршылық салдарынан 1902 жылдың көктеміне қарай шаруалардың жағдайы бұрынғыдан да нашарлап кетті. Шаруалар жерді жаңадан бөлуді талап етті, помещиктік экономиялардағы азық-түлік және жем қорын басып алды. Полтава губерниясында 56 экономия, Харьков губерниясында 24 экономия шаруалар шабуылына ұшырады. Шаруаларды тізгіндеу үшін әскер жіберілді; патша үкіметі жазалауының нәтижесінде көптеген шаруалар өлтірілді, тұтас селолардағы барлық адамдарға түгелдей дүре соғылды, жүздеген шаруалар әр түрлі мерзімге түрмеге жабылуға кесілді; шаруалардың толқулары нәтижесінде помещиктердің шеккен 800 мың сом «зиянын» шаруалар өтеуге тиісті болды. В. И. Ленин Харьков және Полтава губернияларының шаруалары қозғалысының мақсатын, сипатын және жеңілу себептерін өзінің «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасында талдайды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 216—223-беттер).— *41.*

[35] *Бернштейншілдік* — XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болған халықаралық социал-демократиядағы марксизмге жау, оппортунистік ағым, ревизионизмді анағұрлым ашық білдіруші Э. Бернштейннің есімімен осылай аталған.

1896—1898 жылдарда Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналына «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалар жариялады, оларда революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ревизия жасады. «Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды...» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 6-том, 8-бет). Бернштейншіл-

дердің марксизмді ревизия жасаудағы ұстаған бағыты социал-демократияны әлеуметтік революция партиясынан әлеуметтік реформалар партиясына айналдыру болды.

Герман социал-демократиясының солшыл элементтері өз газеттерінің бетінде Бернштейнге қарсы күрес бастады. Оңшыл, оппортунистік қанаты бернштейншілдікті жақтап шықты. Партияның Орталық Комитеті бернштейншілдік жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, оған тойтарыс берген жоқ 1898 жылғы июльде Г. В. Плехановтың ревизионизмге қарсы бағытталған «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен «Die Neue Zeit» журналының бетінде Бернштейн мақалалары бойынша айтыс басталды.

1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Герман социал-демократиялық партиясының Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, бірақ лидерлерінің көпшілігі ымырашылдық позиция ұстауына байланысты партия Бернштейннен іргесін аулақ сала алмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық насихаттай берді.

Бернштейншілдік II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтерінен қолдау тапты. Бернштейншілдік теорияларды Россияда «жария марксистер» мен «экономистер» қолдады. Патша цензурасы Бернштейн кітабының орыс тіліне аударылған үш басылымына рұқсат етті, ал Москваның охранка бөлімінің бастығы Зубатов ол кітапты жұмысшыларға оқуға ұсынылған кітаптар тізіміне кіргізді.

Россияның тек революцияшыл марксистері, Ленин бастаған большевиктер ғана бернштейншілдікке және оның жақтаушыларына қарсы үзілді-кесілді, дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдерге қарсы шықты; Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм және ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген және басқа мақалаларында бернштейншілдік жан-жақты сынга алынды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер; 16-том, 365—370-беттер).— *41.*

36 *«Революционная Россия»* («Революциялық Россия») — эсерлердің құпия газеті; Россияда 1900 жылдың аяқ кезінен «Социалист-революционерлер одағы» шығарып тұрды (1900 жылы шыққан деп белгіленген 1-номері іс жүзінде 1901 жылы январьда шықты). 1902 жылғы январьдан 1905 жылғы де-

кабрьге дейін газет эсерлер партиясының ресми органы ретінде шетелде (Женева) шығып тұрды.— *43.*

[37] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», «Қазақстан» баспасы, III том, 1973, 842—876-беттер.— *47.*

[38] *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп атап көрсетті Ленин, *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» ерекше ұштастырды (Шығармалар, 19-том, 120-бет). 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *53.*

[39] *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір») — большевиктік тұңғыш жария газет; Петербургте 1905 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) 3 (16) декабрьге дейін күн сайын шығып тұрды. Ресми түрде «Новая Жизнь» газетінің редактор-шығарушысы болып ақын Н. М. Минский, бастырып шығарушысы болып М. Ф. Андреева есептелді. В. И. Ленин ноябрьдің басында эмиграциядан Петербургке қайтып келгеннен кейін газет Лениннің тікелей басшылығымен шыға бастады. Редакция және қызметкерлер құрамы өзгертілді. «Новая Жизнь» іс жүзінде РСДРП-ның Орталық Органы болды. М. С. Ольминский, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, В. Д. Бонч-Бруевич және басқалар газетке жақын араласты. А. М. Горький «Новая Жизньге» белсене қатысты, сондай-ақ газетке үлкен материалдық жәрдем беріп тұрды.

Газет төрт-алты бет болып шықты. Газеттің тұрақты бөлімдері: жұмысшылар өмірінен, партия өмірінен, кәсіпшілік одақтары, орыс баспасөзі, оқу орындарында, облыстық бөлім, хроника, армияда, шетел бөлімі және басқалар.

«Новая Жизньнің» 10 ноябрьдегі 9-номерінде В. И. Лениннің «Партияны қайта құру туралы» деген бірінші мақаласы жарық көрді. Одан соң оның: «Пролетариат және шаруалар», «Партия ұйымы және партиялық әдебиет», «Әскер және революция», «Таразы басы ауытқуда», «Күні санаулы самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары», «Социализм және дін» деген, тағы басқа мақалалары жарияланды. Газетте В. И. Лениннің 14 мақаласы басылды. Лениннің бұл мақалаларында партияның бірінші орыс революциясы кезіндегі міндеттері мен тактикасы белгіленді.

«Новая Жизнь» РСДРП Орталық Комитетінің барлық шешімдері мен шараларын белсенді түрде жүзеге асырып отырды. 1-номерге қосымшада партияның II съезінде қабылдан-

ған «РСДРП программасы» басылды. Газет партияның III съезі шешімдерін, большевиктік партияның ұрандарын: жаппай саяси стачка, 8 сағаттық жұмыс күні, революциялық шаруалар комитеттері және басқа ұрандарын насихаттады. Ол бұқараны саяси ағарту және ұйымдастыру ісінде үлкен роль атқарды, бұқараны қарулы көтеріліске жұмылдырды. Газет партияның IV съезін әзірлеуге белсене ат салысты. Газет бетінде РСДРП Орталық Комитетінің «РСДРП IV съезін шақыру туралы. Барлық партия ұйымдарына және барлық жұмысшы социал-демократтарға» деген үндеуі басылды. Газет 21-номерінен бастап «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранмен шықты.

1905 жылы октябрьде Ленин «Новая Жизнь» жөнінде: «Пролетариатқа біздің ықпал жасауымыз үшін *енді* кең трибуна Питерде шығатын *күнделікті* газет болып табылады» деп жазды (Шығармалар, 34-том, 368-бет).

Газет партия ұйымдарымен, революцияшыл жұмысшылармен тығыз байланыс жасады, олардың арасында үлкен беделге ие болды. Редакцияға хаттар елдің түкпір-түкпірінен келіп жатты, хаттардың авторы жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, әскери адамдар, студенттер еді. Редакция үйі партиялық кездесулер, жиналыстар, кеңестер өтетін орын болды. Газеттің күнделікті тиражы 80 мың данаға дейін жетті. Газетке шетелден қатысатындардың тізімінде Роза Люксембург, Карл Либкнехт, Марсель Кашен, Поль Лафарг және басқалар бар еді.

«Новая Жизнь» талай рет қудаланды. Патша үкіметі 27 номері жарыққа шыққаннан кейін 2 декабрьде газетті жауып тастады. Соңғы 28-номері құпия түрде шықты. Петербург сот палатасы 1913 жылы февральда газеттің 1, 6, 13, 14, 15, 17, 19-номерлерін, 1913 жылы ноябрьде 21, 22, 24, 25, 26, 27-номерлерін жоюға қаулы алды.— *56.*

40 *Вандея* — Францияның батыс бөлігіндегі департамент, мұнда XVIII ғасырдың аяғында француз буржуазиялық революциясы кезінде артта қалған шаруалардың республикаға қарсы бағытталған контрреволюциялық көтерілісі бұрқ ете қалды. Көтеріліске католиктік дін басылары, дворяндар, эмигрант-роялистер басшылық етті және Англия қолдады.

Вандея реакциялық бүліктер мен контрреволюция ошағының синониміне айналды.— *58.*

41 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі патша манифесінің жариялануына байланысты Кронштадтта октябрьдің екінші жартысында наразылық білдірілген митингілер отті. Большевиктер митингілерде сөз сөйлеп, патша өкіметінің халық бұқарасын алдауға тырысқан әрекеттерін әшкереледі. Кронштадт социал-демократиялық ұйымы бұқараның революциялық өрлеуінің тез өршіп келе жатқанын ескеріп, октябрьдің аяғына қарулы көтерілістің жоспарын белгіледі. Бірақ оқиға

стихиялы түрде өрістей берді. 24 октябрьде (6 ноябрьде) матростар митингіге жиналып, тамақты жақсарту, жалақыны өсіру, қызмет мерзімін қысқарту туралы, адамгершілікпен қарау туралы талаптар қойды, сондай-ақ жалпы саяси тұрғыда: демократиялық республика, жалпыға бірдей сайлау правосы, сөз бостандығы, жиналыс және одақ бостандығы, адамның жеке басына тимеу, сословиелерді жою жөнінде және басқа талаптар қойды. Матростардың талаптарына солдаттар да қосылды. Осы талаптарды жүзеге асыру жолындағы күрес 26 октябрьде (8 ноябрьде) қарулы көтеріліске ұласты. Бірақ нақты басшылықтың және күрес жоспарының болмауынан көтерілісшілер бытыраңқы қимылдады. Өкімет Петербургтен әскер шақыртып, 28 октябрьде (10 ноябрьде) Кронштадтты соғыс жағдайында деп жариялады да, шабуылға шықты. Көтеріліс жаныштамып тасталды. Тұтқынға алынғандардың көпшілігіне өлім жазасы, каторгаға айдалу немесе түрмеге жабылу қаупі төнді. РСДРП Петербург комитеті 26—27 октябрьдегі (8—9 ноябрьдегі) оқиғалар туралы шындықты айтып, «Солдаттар мен матростарға» деген листовка шығарды. Петербургтің және басқа қалалардың жұмысшылары большевиктердің шақыруымен матростар мен солдаттарды қорғауға көтерілді. 2 (15) ноябрьде Петербург пролетариаты жаппай ереуіл жариялады. Жаппай революциялық бой көрсетулерден үрейленген үкімет Кронштадт оқиғаларына қатысқандарды әскери-дала соты емес, жай әскери сот соттайтын болады деген мәлімдеме жариялауға мәжбүр болды. Сот тұтқынға алынғандарды тәртіпке шақыру жазаларына, түрмеге жабуға және бірнеше адамды каторгаға кесті. Кронштадт көтерілісі бүкіл елдің жұмысшылары мен шаруалары революциялық күресінің солдаттар мен матростарға тигізген ықпалының нәтижесі, большевиктердің армия мен флоттағы жұмысының нәтижесі еді.— *59.*

42 *«Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі (Редакцияға хат)»* деген мақаланы Ленин эмиграциядан Россияға қайтып келе жатып, Стокгольмде тұрғанында жазды, мақалада Советтерге көтерілістің органы ретінде және жаңа революциялық өкіметтің ұрығы ретінде бірінші рет баға берілді. Мақала «Новая Жизнь» газетіне арналып жазылған еді, бірақ онда басылған жоқ. Мақаланың қолжазбасы 1940 жылдың күзінде табылды.— *61.*

43 *Жұмысшы депутаттары Советінің делегаттары, социалист-революционерлер партиясы мүшелерінің хаты* «Новая Жизнь» газетінің 1905 жылғы 30 октябрьдегі 4-номерінде басылды.— *67.*

44 Әңгіме 1905 жылғы октябрьдегі бүкіл россиялық саяси стачка жайында болып отыр (қараңыз: осы том, 1—4, 28—36-беттер)— *69.*

45 *«Одақтар одағы»*—либерал-буржуазиялық интеллигенцияның саяси ұйымы. «Одақтар одағы» кәсіптік белгілері бойынша құрылған 14 кәсіптік-саяси одақтың: адвокаттардың, жазушылардың, дәрігерлердің, инженерлердің, мұғалімдердің, агрономдардың, кеңсе қызметкерлерінің, бухгалтерлердің және басқалардың одақтары өкілдерінің 1905 жылы майда Москвада болған бірінші съезінде құрылды. «Одақтар одағы» жаппай сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру талабын қойды. Ленин интеллигенцияның кәсіпшілік одақтары және «Одақтар одағы» либерал буржуазияның саяси ұйымы болып табылады деп көрсетті. «Жалпы және тұтас алғанда, бұлар — конституциялық-демократиялық, яғни буржуазиялық-либералдық партия дейтіннің ұйтқысы болып табылатын одақтар» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 280-бет). 1905 жылы 24—26 майда (6—8 июньде) «Одақтар одағының» II съезі өтті, онда одақтарды ұйымдастыру жоспары жасалды. «Одақтар одағының» III съезі 1905 жылы 1—3 (14—16) июльде Финляндияда болды. Съездің көпшілігі (9 одақ) Булыгин Думасына бойкот жасауға шешім қабылдады. Бірақ съезден кейін жекелеген одақтардың жиналыстары мен съездеріндегі осы мәселе жөніндегі күшті алауыздыққа байланысты «Одақтар одағы» съезд қабылдаған шешімнен бас тартты, сөйтіп Думаға қатысуды жақтады.
«Одақтар одағы» 1906 жылдың аяғында тарап кетті.— *69.*

46 *Бүкіл россиялық шаруалар одағы* — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторы Москва губерниясының шаруалары болды. 1905 жылы 31 июль — 1 августа (13—14 августа) Москвада шақырылған құрылтай съезі Бүкіл россиялық шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде шаруалар одағының екінші съезі өтті. Осы съездерде одақтың программасы мен тактикасы жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, I Мемлекеттік думаға бойкот жасау тактикасын ұстады. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлік, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға тегін беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған одақ өзінің саясатында ұсақ буржуазиялық шалағайлық, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, «Оның өзі... әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын... ұйымы еді» (осы

том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1906 жылдың аяғына таман Бүкіл российлық шаруалар одағы өзінің мәнін жойды, ал 1907 жылдың бас кезінде мүлде тарады.— *73.*

[47] *«Известия Совета Рабочих Депутатов»* («Жұмысшы Депутаттары Советінің Хабарлары») — жұмысшы депутаттары Петербург Советінің ресми органы; 1905 жылғы 17 (30) октябрьден 14 (27) декабрьге дейін шығып тұрды; Советтің қызметі туралы хабарлап отыратын бюллетень сипаттас болды. Газеттің тұрақты редакциясы жоқ еді. Материалдарды Совет мүшелері дайындады, газет кез келген жария баспаханаларда зорлықпен басылды. Петербург Советінде басшылық ісі меньшевиктердің қолында болғандықтан, газет революцияның аса маңызды мәселелері жөнінен принципті ұстамды позицияда бола алмады. Не бары 10 номері шықты. «Известияның» 11-номерін басылып жатқанда полиция конфискеледі, бұл номер таратылып үлгірмеді.— *77.*

[48] Бұл арада «Neue Freie Presse» («Жаңа Азат Пресса») — Австрияның либералдық газеті туралы айтылып отыр; ол 1864 жылдан 1939 жылға дейін Венада шығып тұрды.— *81.*

[49] *1899 жылғы 3 (15) февральдағы манифест арқылы* жаңа тәртіп орнатылды, ол тәртіп бойынша патша үкіметі Финляндия сеймінің келісімінсіз-ақ Финляндия үшін міндетті заңдарды шығара беретін болды. «Мұның өзі,— деп жазды В. И. Ленин,— конституцияны соралы түрде бұзу, нағыз *мемлекеттік төңкеріс* болды» (Шығармалар толық жинағы, 5-том, 388-бет). Іс жүзінде 1905—1907 жылдардағы революция жойған февраль манифесін 1910 жылғы заң қайтадан қалпына келтірді.— *82.*

[50] 1905 жылғы 16 (3) ноябрьде «Пролетарий» газетінің 25-номерінде В. А. Карпинскийдің В. Калинин деп қол қойылған «Шаруалар съезі» деген мақаласы жарияланды. Ленин мақаланы редакциялау үстінде екі қосымша енгізді. Екінші қосымша Шығармаларда бірінші рет басылып отыр.— *85.*

[51] *«Қаралай бөліс»* — шаруалардың жерді жаппай қайта бөлуге, помещиктік жер иеленушілікті жоюға ұмтылатынын бейнелейтін ұран.

В. И. Ленин «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласында «қаралай бөліс» талаптарының ұсақ шаруалар өндірісін мәңгілік етуді көздеген реакциялық утопиямен қатар, революциялық жағы да бар, атап айтқанда: «шаруалар көтерілісі арқылы крепостниктік құрылыстың барлық қалдықтарын жоюға ұмтылушылық бар» деп көрсетті (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 366-бет).

Кейінірек, РСДРП екінші съезінде В. И. Ленин: «Бізге: шаруалар біздің программамызбен қанағаттанбайды, олар одан әрі барады дейді; бірақ біз бұдан қорықпаймыз, мұның үшін біздің социалистік программамыз бар, сондықтан біз... жерді қайта бөлуден де қорықпаймыз» деді (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 309-бет).— *85.*

52 *«Партияны қайта құру туралы»* — 1905 жылы ноябрьдің бас кезінде эмиграциядан келе салып, «Новая Жизнь» газетіне жазған Лениннің алғашқы мақаласы. Мақаланың бірінші тарауы грузин социал-демократтарының органы «Могзаури» журналының 1905 жылғы 41-номерінде көшіріліп басылды. Осы мақала 1905 жылғы декабрьде РСДРП Таммерфорс конференциясы қабылдаған «Партияны қайта құру» қарарына негіз болды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 146—147-беттер).— *87.*

53 *«Тәуелсіздер»* — «Тәуелсіз әлеуметтік жұмысшы партиясы» деген арандатушы ұйымның мүшелері, партия патша үкіметінің тапсыруы бойынша, охранканың тікелей көмегімен 1905 жылдың күзінде Петербургте құрылды. Зубатовтық типтегі бұл ұйым өзінің алдына жұмысшыларды революциялық күрестен шеттету мақсатын қойды. 1905 жылғы 15 (28) декабрьде «Русский Рабочий» журналының 4-номерінде жарияланған «Тәуелсіз әлеуметтік жұмысшы партиясының» программасында социал-демократиямен күресу міндеті қойылды. 1908 жылдың басына қарай партия өмір сүруін тоқтатты, өйткені жұмысшылар арасында беделі болмады.— *87.*

54 РСДРП Орталық Комитетінің *«Барлық партия ұйымдарына және барлық жұмысшы социал-демократтарға»* деген үндеуі «РСДРП IV съезін шақыру жөнінде» деген тақырыппен жеке листок етіп шығарылды, сондай-ақ «Новая Жизнь» газетінің 1905 жылғы 10 ноябрьдегі 9-номерінде басылды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 142—144-беттер).— *88.*

55 *РСДРП үшінші съезі* 1905 жылы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 май) Лондонда болды. Оны большевиктер дайындады және В. И. Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартты және Женевада өздерінің конференциясын шақырды.

Съезге 38 делегат: 24-і шешуші дауыспен, 14-і кеңесші дауыспен қатысты. Съездің председателі болып В. И. Ленин сайланды. Делегаттардың ішінде В. В. Воровский, Р. С. Землячка, Н. К. Крупская, А. А. Богданов, А. В. Луначарский, М. М. Литвинов, М. Г. Цхакая және басқалар болды.

Съезд Россияда кең өрістей бастаған революцияның түбегейлі мәселелерін қарады және пролетариат пен оның партиясының міндеттерін белгіледі. Съезде мына мәселелер талқыланды: Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы; қарулы көтеріліс; төңкеріс қарсаңында үкімет саясатына көзқарас; революциялық уақытша үкімет туралы; шаруалар қозғалысына көзқарас; партия уставы; РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас; ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; либералдарға көзқарас; эсерлермен практикалық келісімдер; насихат және үгіт; Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттер делегаттарының есептері және басқа мәселелер.

Съезд талқылаған барлық негізгі мәселелер жөнінде қарарлардың жобаларын Ленин жазды. Съезде Ленин социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы, шаруалар қозғалысын қолдау жайындағы қарар туралы баяндама жасады және қарулы көтеріліс туралы, төңкеріс қарсаңында үкімет тактикасына көзқарас туралы, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары туралы, партия уставы туралы, Орталық Комитеттің баяндамасы және басқа да мәселелер туралы сөз сөйледі. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық жоспарын белгіледі, оның мәні мынада: пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы керек, шаруалармен одақтаса отырып, буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңісі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін күресуі керек. Осы стратегиялық жоспарға байланысты съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және шұғыл міндеттері ретінде съезд қарулы көтеріліс ұйымдастыру міндетін алға қойды. Халықтың қарулы көтерілісінің жеңуі нәтижесінде, деп көрсетті съезд, революциялық уақытша үкімет құрылуы тиіс, ол контрреволюцияның қарсылығын басып, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруы керек, социалистік революцияға өту жағдайын дайындауы керек.

Съезд партия уставын қайта қарады; ол — партияға мүшелік туралы уставтың бірінші параграфын лениндік тұжырымда қабылдады; партиядағы екі орталық (Орталық Комитет пен Орталық Орган) жүйесін жойды және біріңғай партиялық басшы орталық — Орталық Комитетті құрды; Орталық Комитеттің правосын және оның жергілікті комитеттермен қатынасын нақты белгіледі.

Съезд меньшевиктердің әрекеттерін, олардың ұйымдық және тактикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искра» меньшевиктердің қолына түсіп, оппортунистік бағыт ұстағандықтан, РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган — «Пролетарий» газетін ұйымдастыру-

ды тапсырды. 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Комитеттің пленумында В. И. Ленин «Пролетарийдің» редакторы болып тағайындалды.

РСДРП III съезінің зор тарихи маңызы бар. Бұл тұңғыш большевиктік съезд болды. Съезд партияны және жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңуі жолындағы күрестің жауынгер программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы жөнінде Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 225—232-беттер). Съездің шешімдері Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негізделді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер).—*88.*

56 Лениннің *«Пролетариат және шаруалар»* деген мақаласын РСДРП Сумы тобы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасына» қосымша ретінде қайта басып шығарды. Сумы, 1905.— *99.*

57 *«Еңбекті азат ету» тобы* — 1883 жылы Швейцарияда Г. В. Плеханов құрған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттауда үлкен жұмыс істеді. Топ К. Маркс пен Ф. Энгельстің: «Коммунистік партияның манифесі», «Жалдама еңбек және капитал», «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген және басқа да еңбектерін орыс тіліне аударды, оларды шетелде басып шығарды және Россияда таратты, сондай-ақ өздерінің басылымдарында марксизмді насихаттады. «Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмнің тарауына және социал-демократиялық қозғалыстың дамуына идеялық басты кедергі болып отырған халықшылдыққа елеулі соққы берді. «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885) деген және басқа еңбектерінде Г. В. Плеханов халықшылдардың реакциялық көзқарастарын (Россияның капиталистік емес жолмен дамуы туралы, революциялық қозғалыстағы пролетариаттың алдыңғы қатарлы ролін теріске шығару, жеке адамның тарихтағы роліне халықшылдардың субъективтік-идеалистік көзқарастары, т. б.) маркстік тұрғыдан сынға алды. Г. В. Плеханов жазған және «Еңбекті азат ету» тобы басып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы (1883 және 1885) Россияда социал-демократиялық партияны дайындауда және құруда маңызды қадам болды. Маркстік көзқарастарды таратуда, диалектикалық және тарихи материализмді негіздеуде және қорғауда Плехановтың (Н. Бельтовтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген кітабының әсіресе зор маңызы болды, осы кітап арқылы «орыс марксистерінің бүтіндей бір ұрпағы тәр-

биеленген» еді (В. И. Ленин. Шығармалар, 16-том, 283-бет). Топ «Социал-Демократ» жинағының 4 кітабын, сондай-ақ жұмысшылар үшін көпшілікке арналған кітапшалар сериясын шығарып, Россияда таратты.

Ф. Энгельс «Еңбекті азат ету» тобының дүниеге келуін құттықтады, топ «Маркстің ұлы экономикалық және тарихи теориясын шынайы ниетпен және қалтқысыз қабылдады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 461-бет). Г. В. Плеханов және В. И. Засулич Ф. Энгельспен достық қатынаста болды, көп жылдар бойы онымен хат жазысып тұрды. «Еңбекті азат ету» тобы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланыс орнатты және II Интернационалдың бірінші конгресінен бастап (Париж, 1889) өзі өмір сүрген уақыттың ішінде Интернационалдың барлық конгрестерінде Россия социал-демократиясынан өкіл болды.

«Еңбекті азат ету» тобы, Россияның жұмысшы қозғалысымен іс жүзінде байланысты болмаса да, орыс жұмысшы табының революциялық сана-сезімінің қалыптасуында үлкен роль атқарды. «Еңбекті азат ету» тобы, деп көрсетті В. И. Ленин, «социал-демократияны теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет). Топтың мүшелері елеулі қателіктер де жіберді: олар либерал буржуазияның ролін асыра бағалап, пролетарлық революцияның резерві ретіндегі шаруалардың ролін жете бағаламады. Осы қателер Плехановтың және топтың басқа мүшелерінің болашақ меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді.

1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасы бойынша «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» құрылды. 1900 жылы топ мүшелері және олардың жақтастары «Одақтан» шығып, революциялық «Социал-демократ» ұйымын құрды. Топ мүшелері Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод және В. И. Засулич «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. 1903 жылы августа РСДРП II съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің таратылғанын мәлімдеді.— *99.*

58 РСДРП III съезінің «Шаруалар қозғалысына көзқарас туралы» қарарын мына кітаптан қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Апрель — май, 1905 жыл. Протоколдар». М., 1959, 454-бет.— *100.*

59 Жұмысшылардың өз бетімен сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуіне жауап ретінде капиталистердің жариялаған локаутымен күресу шаралары туралы мәселе жөнінде В. И. Ленин жұмысшы депутаттары Петербург Советінің 1905 жылғы 13 (26) ноябрьдегі мәжілісінде сөз сөйледі. Осы мәселе бойынша Ленин қарар ұсынды, сол қарардың негізінде жұмысшы депутаттары Петербург Советінің Атқару комитеті 14 (27) ноябрьде локаутпен күресу шаралары туралы қаулы қабылдады. Ленин «Сәті түспеген арандатушылық» деген мақала-

да осы қаулының маңызы жөнінде жазады (қараңыз: осы том, 113—115-беттер). — *111.*

60 *Земстволық және қалалық қайраткерлер съезі* 1905 жылы 6—13 (19—26) ноябрьде Москвада өтті. Съезд бүкіл халықтық құрылтай съезін шақыруға қарсы шығып, конституциялық монархияны жақтады. Либерал помещиктер мен буржуазия конституциялық монархия орнату үшін үкіметке өздерінің көмегін ұсынды. «17 октябрьдегі манифестің негіздерін» жүзеге асыру мақсатымен олар әкімшілікті өздерінің ішінен сайлауды ұсынды. Мемлекеттік думаға конституция дайындау жүктелді, оның жобасын патша бекітуі тиіс болды. Съезд Мемлекеттік дума шаруаларға болмашы үлесті жер кесіп беру арқылы ол шаруалардың толқуын басушы ролін атқарады деп үміт артты. Съездің қарарына Польшада және басқа жерлерде соғыс жағдайын жою, күшейтілген бақылауды жою және 17 (30) октябрьдегі манифесте жарияланған азаматтық бостандық беру талаптары енгізілді. Бұл үкіметпен жең ұшынан жалғасқандық еді. Сондай келісім жасау үшін съезде арнаулы делегация сайланды, оның құрамына кадеттер Кокошкин, Муромцев және Петрункевич кірді. Делегация Министрлер советінің председателі Виттемен келіс сөз жүргізулері керек болды.— *114.*

61 *Севастопольдегі қарулы көтеріліс* 1905 жылдың 11 (24) ноябрінде басталып, 5 күнге созылды. Революцияшыл матростар, солдаттар мен жұмысшылар құрылтай жиналысын шақыруды, демократиялық республика орнатуды, сөз бостандығын, жиналыстар, митингілер бостандығын, сондай-ақ сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуді, тұрмыс жағдайын жақсартуды талап етті. Көтеріліске флоттық дивизияның матростары, адмиралтействоның жұмысшылары, 49-Брест жаяу әскер полкінің солдаттары қатысты. Көтерілісшілерге «Очаков» крейсерінің, «Пантелеймон» (бұрынғы «Потемкин») броненосецінің матростары, бірнеше миноносецтің және басқа да кемелердің матростары қосылды. Көтерілісті лейтенант П. П. Шмидт басқарды. Большевиктер көтерілісті қарулы күрес жолына бағыттауға тырысты. Бірақ Севастополь социал-демократиялық комитетінде басым болған меньшевиктер қарулы көтеріліске қарсы шықты, сөйтіп көтерілісшілер қатарына іріткі салды. Көтерілісшілер басқа әскери бөлімдерді өз қатарына тарта алмады, сондықтан көптеген кемелер қорғаныс тактикасын ұстады. Патша өкімет орындары көтерілісті басудың барлық шарасын қолданды: жазалаушы әскерлерді Севастопольге әкелді, флоттың көтеріліске қатыспаған үлкен бөлегін әскери әзірлікке келтірді. 15 (28) ноябрьде флот командованиесі көтерілісшілерге берілу жөнінде ультиматум қойды, көтерілісшілер оны қабылдамады. Сол сәтте революцияшыл теңізшілер мен солдаттар бекінген кемелерге, казармаларға артиллериядан оқ жаудырылды.

Атыс күшейе түсті, бірақ күштің тең болмауы салдарынан көтеріліс кешке жақын басып тасталды. 1906 жылы февральда көтеріліске қатысқандар сотқа тартылды, лейтенант П. П. Шмидт және үш матрос өлім жазасына, жүздеген адам әр түрлі мерзімге каторгаға, түрмеге кесілді. Мыңға жуық адам сотсыз жазаланды. Севастополь көтерілісі жеңіліспен аяқталса да, ол 1905—1907 жылдардағы революцияның барысында зор роль атқарды. Көтеріліс солдаттардың, матростардың оянған санасынан бостандықтың қажеттігін және сол үшін күресу керектігін ең қатал жазалаумен де өшіруге болмайтынын дәлелдеді. Осы сана армия мен флотта барған сайын күшейе берді, сөйтіп оларды патша өкіметінің тірегінен революция ошағына айналдырып, «жаңа Кронштадттар мен жаңа Севастопольдерді» дайындай берді (осы том, 121-бет).— *116.*

62 *«Русь»* — либералдық-буржуазиялық күнделікті газет, 1905 жылғы революция кезінде кадеттерге жақын болды; Петербургте 1903 жылдың декабрінен шыға бастап тұрды, 1905 жылы 2 (15) декабрьде жабылды. Кейін газет үзіліспен және «Русь», «Молва», «XX век», «Око», «Новая Русь» деген әр түрлі атпен шықты.— *116.*

63 Әңгіме орыс патшасы I Николай әскерінің батыс европалық елдердегі революциялық ұлт-азаттық қозғалысты басуға қатысуы жөнінде болып отыр. 1848 жылы патша Румынияға, Польшаға, Прибалтикаға, Оң жағадағы Украинаға әскер жіберді, Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысты басу үшін Австрия императорына алты миллион несие берді. 1849 жылы патша әскерінің көмегімен Венгриядағы революция басып-жаншылды.— *116.*

64 *Почта мен телеграф қызметкерлерінің бүкіл россиялық стачкасы* 1905 жылдың 15 (28) ноябрінен 15 (28) декабріне дейін созылды. Стачканың басталуына өкімет орындарының почта-телеграф одағын ұйымдастыруға тыйым салуы және почта-телеграф ведомствосының бірқатар қызметшілерін—одақты ұйымдастырушыларды жұмыстан шығаруы себеп болды. 15 (28) ноябрьде Москвада ашылған почта-телеграф одағының Бүкіл россиялық съезі жұмыстан шығарылған жолдастарды қайта алуды талап етіп, Министрлер советінің председателі Виттеге телеграмма жіберуді ұсынған қаулы алды. Жауап беру мерзімі — сол күні, 15 (28) ноябрь күні, кешкі сағат 6-ға белгіленді. Сөйтіп, белгіленген мерзімде үкімет жауап бермегендіктен, съезд жер-жердің бәріне ереуілдің басталғаны туралы хабар жіберді. Почта-телеграф ереуілі бүкіл Россияны қамтыды.— *121.*

65 *«Наша Жизнь»* («Біздің Өмір») — либералдық бағыттағы күнделікті газет; Петербургте 1904 жылдың 6 (19) ноябрінен 1906 жылдың 11 (24) июліне дейін үзілістермен шығып тұрды.— *122.*

[66] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 419—459-беттер.— *122.*

[67] «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 63—69-беттер.— *125.*

[68] *Франкфурт парламенті* — жалпы герман Ұлттық жиналысы; Германиядағы 1848 жылғы март революциясынан кейін шақырылды және өзінің мәжілістерін 1848 жылы 18 майда Майндағы Франкфуртте бастады. Жиналыстың басты міндеті саяси бытыраңқылықты жою және жалпы германдық конституция дайындау болды. Бірақ Жиналыстың либерал көпшілігінің қорқақтығы мен қобалжуынан және ұсақ буржуазиялық сол қанатының тартыншақтығы мен дәйексіздігінен Жиналыс елдегі жоғарғы өкімет билігін өз қолына алудан қорықты және 1848—1849 жылдардағы герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстай алмады. Ол жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін түк істеген жоқ, Польша мен Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалысын қолдамады, қайта езілген халықтар жөнінде Австрия мен Пруссия жүргізіп отырған езушілік саясатты қуаттады. Жиналыс контрреволюцияның шабуылына тойтарыс беру үшін және 1849 жылы мартта өзі дайындаған империя конституциясын қорғау үшін халық күштерін жұмылдыруға батылы бармады.

Көп ұзамай Австрия, одан кейін Пруссия үкіметтері өздерінің депутаттарын қайта шақырып алды, олардың ізінше басқа герман мемлекеттерінің де либерал депутаттары Франкфурт жиналысын тастап кетті. Жиналыстың құрамында қалған ұсақ буржуазиялық, сол қанаттағы депутаттар жиналыстың мекенін Штутгартқа көшірді. 1849 жылы июньде Вюртемберг үкіметінің әскері жиналысты таратып жіберді.— *125.*

[69] *Маниловшылдық* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» деген шығармасы кейіпкерлерінің бірі Маниловқа тән мінез-құлық ерекшеліктерінің жиынтығы. Жазушы келгірсіген, «жайсаң жанды» помещик Маниловтың образы арқылы жасық қиялшылдың, жалаң фантазердің, бейберекет мылжыңның типтік ерекшелігін бейнелейді.— *127.*

[70] *«Күні санаулы самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары»* деген мақаланы 1905 жылы 14 (27) декабрьде Николаев қаласындағы социал-демократиялық ұйымдардың біріккен комитеті жеке листовка етіп басып шығарды, сондай-ақ 1905 жылғы 18 (31) декабрьде РСДРП Чита комитетінің органы — «Забайкальский Рабочий» газетінің 2-номерінде мақала көшіріліп басылды.— *129.*

71 *«Слово»* («Сөз») — буржуазиялық күнделікті газет; Петербургте 1903 жылдан 1909 жылға дейін шығып тұрды. Әуелі оңшыл земствошылардың органы, ал 1905 жылдың ноябрінен бастап октябристер партиясының органы болды. 1906 жылы июльде газеттің шығуы тоқталды. Мәні жағынан октябристерден еш айырмасы жоқ «бейбіт жаңартушылар» партиясының органы ретінде газет 1906 жылы 19 ноябрьде (2 декабрьде) қайта шыға бастады.— *130.*

72 *«Праволық тәртіп партиясы»* — ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының, помещиктер мен бюрократияның жоғарғы топтарының контрреволюциялық партиясы; 1905 жылдың күзінде ұйымдасты, 17 (30) октябрьде манифест жарияланғаннан кейін біржолата құрылды. «Праволық тәртіпті сақтау» дегенді желеу етіп, партия шынында патшалық режимді үзілді-кесілді қорғады. Партия I Мемлекеттік думаның таратылуын құттықтады; II Мемлекеттік думаға сайлау кезінде қаражүздік «Нағыз орыс адамдарының одағымен» блок жасап, октябристерді осы блокқа кіруге шақырды. 1907 жылы партия тарап кетті, оның бір бөлегі октябристерге, қалған бөлегі нағыз қаражүздіктерге қосылды.— *137.*

73 *Календы* — ежелгі римдіктер айдың бірінші күнін осылай атаған. Гректерде мұндай атау болған жоқ. Грек календыларына дейін қалдыру — істі ешқашан жүзеге асырмау, сәтсіздікке ұшырату деген сөз.— *143.*

74 *Радикал-демократтар* — ұсақ буржуазиялық ұйым; 1905 жылы ноябрьде құрылды; кадеттер мен меньшевиктер арасында аралық позиция ұстады. Радикал-демократтар «Радикал» деген газет шығарып тұрмақшы болды (бір номері шықты). Олар демократиялық республика орнату талабын қойды, әйтсе де министрлер кабинеті парламент алдында жауапты болған жағдайда конституциялық монархия орнатуға да көнді; аграрлық мәселе бойынша — мемлекеттік, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлерді ешбір төлемсіз экспроприациялау және жеке иеліктегі жерлерді азын-аулақ төлемін өтеп экспроприациялау талабын қойды. 1906 жылдың басында радикал-демократтар ұйымы тарады, оның бұрынғы мүшелері «Без Заглавия» және «Товарищ» деген жартылай кадеттік баспасөз органдарына қосылды.— *145.*

75 Ф. Энгельстің «Эмиграنттық әдебиет» деген мақаласын қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 228-бет).— *153.*

76 Бұл арада 1905 жылы 12—17 (25—30) декабрьде Таммерфорста (Финляндия) болған РСДРП Бірінші конференциясы туралы айтылып отыр. Октябрь жаппай ереуіліне байланысты туған революциялық жағдай, сондай-ақ төменгі ұйымдардың

большевиктер мен меньшевиктердің партиялық жағынан бірігуі туралы талаптары большевиктік съезді шақыруды күн тәртібіне қойды, устав бойынша (III съезде қабылданған) съезд 1906 жылғы майға белгіленген болатын. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша IV съезді 1905 жылы 10 (23) декабрьге шақыру туралы Орталық Комитет «Барлық партия ұйымдарына және барлық жұмысшы социал-демократтарға» үндеу жолдады. Үндеу Орталық Комитет құрамының толық қатысуымен бірауыздан қабылданды. Москва қарулы көтерілісінің бастамасы болған темір жол ереуілі және Россияның басқа да қалаларындағы революциялық оқиғалар салдарынан съезд өткізілмеді. Жер-жерден келген делегаттар конференция ұйымдастырды. Конференцияға 26 ұйымның өкілдері қатысты. В. И. Ленин конференцияның председателі болып сайланды. Қатысқандардың ішінде И. В. Сталин, П. Н. Мостовенко, Е. М. Ярославский, Л. Б. Красин, Н. К. Крупская, В. А. Радус-Зенькович, С. А. Лозовский, В. И. Невский, Л. М. Книпович, П. Ф. Куделли, В. Ю. Фридолин және басқалар болды. Меньшевиктердің атынан өкіл болып Э. Л. Гуревич (В. Даневич) қатысты.

Конференцияның күн тәртібі мынадай болды: 1) Жергілікті жерлерден баяндамалар; 2) Ағымдағы кезең туралы баяндама; 3) Орталық Комитеттің ұйымдық есебі; 4) РСДРП-ның екі бөлегін біріктіру туралы; 5) Партпяны қайта құру туралы; 6) Аграрлық мәселе; 7) Мемлекеттік дума туралы.

В. И. Ленин ағымдағы кезең жөнінде және аграрлық мәселе жөнінде баяндамалар жасады. Конференция партияның бірлігін қалпына келтіруді және теңдік негізде большевиктер мен меньшевиктердің практикалық орталықтарын, олардың әдеби Орталық Органдарын қосуды, жергілікті жерлердегі қосарлас ұйымдарды қосуды қолдады; Біріккен Орталық Комитетке бірігу съезін шақыруды тапсырды.

Конференция «Партияны қайта құру» туралы және аграрлық мәселе жөнінде қарарлар қабылдады. «Партияны қайта құру» қарарында конференция кең сайлау негізін және демократиялық централизм принципін қолдануды ұсынды. Бұл принциптен тек аса қиын практикалық кедергі кездескен күнде ғана шегіну мүмкін деп табылды. «Аграрлық қарарда» (Лениннің баяндамасы бойынша) конференция III съездің шешімін дамыта отырып, партияның аграрлық программасының «кесінді жерлер» туралы пунктін барлық мемлекеттік, помещиктік және шіркеулік жерлерді конфискелеу талабымен ауыстыруды ұсынды. Конференция Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселені де талқылады. Бұл тақырыпқа арнаулы баяндама жасалған жоқ. Петербург ұйымының делегаты Б. И. Горев конференцияның ұсынысы бойынша Думаға сайлау туралы 11 (24) декабрьдегі заңның негізгі ережелерін айта келіп, қорытындысында меньшевиктік делегат Гуревичтің пікіріне жанасатын — Думаға сай-

лаудың бірінші кезеңін пайдалану керектігі туралы пікір айтты. Горевтің сөзі делегаттардың партиялық пікірін білдіре алмады, оған конференция тарапынан тойтарыс берілді. Конференция I Думаға белсенді бойкот жасау туралы құрамында Ленин, Красин, Сталин, Мельситов және Ярославский бар комиссия дайындаған қарарды қабылдады. Москвада қарулы көтеріліс болып жатқандықтан, Лениннің ұсынысы бойынша, конференция өз жұмысын шұғыл аяқтады да, делегаттар көтеріліске тікелей қатысу үшін жер-жерге жүріп кетті.

Конференция қарарлары «Молва» газетінің 1905 жылғы 29, 30, 31 декабрьдегі (1906 жылғы 11, 12, 13 январьдағы) 21, 22, 23-номерлерінде, «Молодая Россия» газетінің 1906 жылғы 4 январьдағы 1-номерінде жарияланды және Орталық Комитет жеке листовка етіп шығарды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 145—148-беттер).— *155.*

77 В. И. Лениннің *«Жұмысшы партиясы және оның қазіргі жағдайдағы міндеттері»* деген мақаласы «Молодая Россия» газетінің 1906 жылғы 4 январьдағы 1-номерінде басылды.

«Молодая Россия» («Жас Россия») — апта сайын шыққан қоғамдық-саяси және әдеби газет, студент социал-демократтардың жария органы; Петербургте шықты. Газетке В. И. Ленин, В. В. Воровский, А. М. Горький, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский қатысып тұрды. Газеттің бірінші номері 1905 жылы декабрьдің аяғында шығуға тиіс еді, бірақ іс жүзінде 1906 жылы 4 январьда шықты да, ол конфискеге ұшырады. Газетті өкімет орындары 1906 жылы 13 (26) ноябрьде жауып тастады.— *157.*

78 Әңгіме 1905 жылғы декабрьдегі Москвадағы қарулы көтеріліс жайында болып отыр. Большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясы жұмысшылардың ниетін білдіре отырып, 1905 жылы 5 (18) декабрьде жаппай ереуіл жариялауды және қарулы күрес бастауды ұйғарды. Москва Советінің шақыруы бойынша 7 (20) декабрьде жаппай саяси ереуіл басталды. Алғашқы екі күнде Москвада 150 мыңнан астам адам ереуілге шықты. Заводтар мен фабрикаларда көп адам қатысқан митингілер, көшелерде демонстрациялар өткізілді. Казактармен және полициямен қақтығыс басталды. Күшін шұғыл жинақтап, өкімет шабуылға шықты. Өкіметтің іс-қимылына пролетариат баррикадалар тұрғызумен жауап берді. 10 (23) декабрьде стачка қарулы көтеріліске ұласты. Пресня, Замоскворечье, Рогожск-Симонов ауданы және Қазан темір жолы ауданы қарулы көтерілістің орталығына айналды. Күрес тоғыз күнге созылды. Пресня көтерілістің басты қамалына, оның орталығына айналды; Москва-

ның ең жауынгер жұмысшы жасақтары осында шоғырланды. Москва жұмысшылары жанқиярлықпен айқасты, бірақ көтерілісшілердің қарулы күрестен әлі тәжірибесі жоқ еді, қажетті қару-жарақ жетіспеді, әскермен айтарлықтай байланыс жасалынбады. Декабрьдің бас кезінде Москва гарнизоны қобалжи бастап еді, бірақ патша үкіметі оны өз жағына тартып алды. Петербург пен Москваны байланыстырған темір жол үкімет қолында қалды. Меньшевиктер бастаған Петербург Советі көтеріліске қарсы болды. Москва көтерілісі жалпы россиялық көтеріліске ұласпады. Көтеріліске басшылық бұқара қозғалысының стихиялы түрде жоғары өрлеуінен жалпы алғанда кейін қалып отырды. Көтерілістің бас кезінде большевиктердің Москва комитетінің басшы қызметкерлері тұтқынға алынған болатын. Жалпы москвалық көтеріліс жекелеген аудандардың көтерілісіне айналды. Күрестің барысында шабуыл тактикасы емес, қорғаныс тактикасы қолданылды. Меньшевиктер мен эсерлер қарулы күресті тоқтатуды талап етіп, жауынгерлік қимылдардың өрістеуіне жол бермеді. Меньшевиктер мен эсерлердің тізе бүгушілік позициясы көтерілісті жеңіліске ұшырауға әкеліп соқтырды. Патша үкіметі Москваға Петербургтен, Тверьден және Батыс өлкеден әскер әкелді. 17 (30) декабрьде Пресняға шабуыл басталды, ол қанға боялды. Москва партия комитеті және Москва Советі революциялық күштерді сақтап қалу үшін және болашақ күрестерге дайындалу үшін 1905 жылы 19 декабрьде (1906 жылы 1 январьда) қарулы қарсыласуды тоқтату жөнінде шешім қабылдады. Москваның ізінше 1905 жылдың декабрінде және 1906 жылдың январында көтеріліс бірқатар жерлерде: Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Донбасста, Екатеринославта, Пермьде (Мотовилихада), Уфада, Красноярскіде, Читада қыза түсті. Закавказьеде, Польшада, Прибалтикада, Финляндияда ірі қарулы қимылдар болып өтті. Бірақ бұл бытыраңқы көтерілістердің бәрін патша үкіметі аяусыз басып отырды. Декабрьдегі қарулы көтеріліс революцияның жоғары өрлеуінің шыңы болды.

Большевиктер мен меньшевиктер көтерілісті әр тұрғыдан мүлде өзгеше бағалады. Меньшевиктер қарулы көтеріліске шыққан Россия пролетариатының ерлік күресін айыптады. «Қолға қару алмау керек еді»,— деп мәлімдеді Плеханов. Қарулы күрес арқылы ғана революцияның жеңіске жете алатынын бұқараға түсіндіре отырып, қайта қаруды қолға анағұрлым батылырақ алу керек еді, деді большевиктер. Декабрь көтерілісінің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин: халық «жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты...» деп жазды (Шығармалар, 31-том, 554-бет). Декабрь қарулы көтерілісі жөнінде В. И. Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 11-том, 157—165-беттер).— *158.*

79 *«Мемлекеттік дума жэне социал-демократиялық тактика»* деген мақала 1905 жылдың декабрінде Таммерфорстағы РСДРП Бірінші конференциясы қабылдаған «Мемлекеттік дума туралы» қарарды негіздеуге арналған.— *169.*

80 *1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заң* — Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі сайлау заңы, мұны патша үкіметі Москвадағы қарулы көтеріліс қызған кезде жұмысшыларға кейбір жеңілдік беру ретінде шығарған болатын. «Кеңесші» Булыгин Думасы туралы (1905 жылғы 6 август) ережеге қарағанда жаңа заң «заң шығаратын» Дума құруды көздеді. Бұрынғы белгіленген курияларға — жер иеленушілер (помещиктер), қалалық (буржуазия) және шаруалар куриясына — бұл заң жұмысшы куриясын қосады және қалалық куриядан сайланатын сайламшылардың жалпы санын сақтай отырып, қалалық сайлаушылардың құрамын біршама кеңейтеді. Сайлау жалпыға бірдей сайлау емес еді. 2 миллионнан астам жұмысшы-еркектер, жерсіз шаруалар, көшпелі халықтар, әскери қызметшілер, 25-ке дейінгі жастар, сондай-ақ әйелдер дауыс беру правосынан айырылды. Сайлау тең праволы сайлау болған жоқ. Сайлау жүйесінің таптық мазмұны мына көрсеткіштерден байқалады: жер иеленушілер куриясының 2 мың сайлаушысына, қалалық курияның 7 мың, шаруалар куриясының 30 мың, жұмысшы куриясының 90 мың сайлаушысына бір сайламшы келеді, яғни помещиктің бір даусы қалалық буржуазияның 3 даусына, шаруалардың 15 даусына және жұмысшылардың 45 даусына пара-пар келеді екен. Жұмысшы куриясының сайламшылары Мемлекеттік думаның барлық сайламшыларының 4 процентіне ғана тең болды. Жұмысшы куриясы бойынша сайлауға жұмысшы саны 50-ден кем емес кәсіпорындардың жұмысшылары жіберілді. 50-ден 1000-ға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар бір уәкіл жіберетін болды. Ірі кәсіпорындар әрбір 1000 адамнан бір уәкіл жіберді. Сайлау төте сайлау емес, көп сатылы сайлау еді. Жұмысшылар үшін үш сатылы, шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі тағайындалды. Іс жүзінде сайлау жасырын сайлау болған жоқ. Заң Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басым болуын қамтамасыз етті. Ленин шын мәнінде 11 (24) декабрьдегі заң Мемлекеттік думаға сайлау сипатына ешқандай жаңалық енгізген жоқ деп көрсетті.— *171.*

81 «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 148-бет.— *172.*

82 Бұл арада жұмысшы депутаттары Петербург Советінің, Бүкіл россиялық шаруалар одағы бас комитетінің, РСДРП Орталық Комитеті мен Ұйымдастыру комиссиясының, социалист-революционерлер партиясы Орталық комитетінің, Поляк социалистік партиясы Орталық комитетінің қолы қойылып, 1905 жылы 2 (15) декабрьде социал-демократиялық

және либералдық баспасөзде жарияланған «Финанс манифесі» дейтін манифест айтылып отыр. Манифест патша үкіметін финанс табыстарынан айыру қажеттігін мәлімдеді және халықты құнын өтеудің және басқа барлық қазыналық төлемдердің жарнасынан бас тартуға, барлық алыс-берісте, жалақы бергенде алтынмен төлеуді талап етуге, несие-жинақ кассаларынан, Мемлекеттік банктен вкладтарды алуға шақырды. Манифест «патша үкіметі бүкіл халықпен көрінеу және ашық соғыс жүргізіп жатқан кезде, ол жасасқан барлық заемдар бойынша борыштарын өтеуге жол берілмесін» деген сөздермен аяқталды. «Одақтар одағының» бюросы өзінің 1905 жылғы 4 (17) декабрьдегі мәжілісінде осы манифеске қосылу жөніндегі мәселені Одақтың кезекті съезіне қоюға ұйғарды. Бірақ 1906 жылы январьда болған «Одақтар одағының» IV съезі бұл мәселені талқылаған жоқ.— *175.*

83 Бұл арада «Народная Свобода» газетінің 1905 жылғы 20 декабрьдегі (1906 жылғы 2 январьдағы) 5-номеріндегі бас мақала айтылып отыр, оны кадет В. М. Гессен жазған.

«Народная Свобода» («Халық Бостандығы») — саяси, қоғамдық және әдеби газет, кадеттер партиясының органы; Петербургте 1905 жылы декабрьде П. Н. Милюковтың және И. В. Гессеннің редакциясымен шықты.— *177.*

84 Лениннің *«Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы»* деген мақаласы «Большевик» деп қол қойылып, 1906 жылы 7 февральда «Партийные Известияның» 1-номерінде басылды.

«Партийные Известия» («Партия Хабарлары») — құпия газет, 1905 жылдың декабрінде Таммерфорста өткен РСДРП Бірінші конференциясының шешіміне сәйкес большевиктік Орталық Комитет пен меньшевиктік Ұйымдастыру комиссиясы қосылғаннан кейін құрылған РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің органы. Газет партияның IV (Бірігу) съезі қарсаңында Петербургте шықты. «Партийные Известия» редакциясы большевиктік («Пролетарий») және меньшевиктік (жаңа «Искра») органдардың редакторларынан сан жағынан бірдей етіп құрылды. Большевиктерден редакцияға В. А. Базаров, В. В. Воровский және А. В. Луначарский кірді. Газеттің не бары 2 номері шықты: 1906 жылы 7 февральда 1-номері жарық көрді, 1906 жылы 20 мартта шыққан 2-номерінде Лениннің «Большевик» деп қол қойылған «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» деген мақаласы басылды. Газеттің осы номерінде Бірігу съезіне дайындаған большевиктер мен меньшевиктердің тактикалық платформалары да жарияланды. РСДРП IV (Бірігу) съезінен кейін большевиктер мен меньшевиктер өз газеттерін шығаруына байланысты «Партийные Известияның» шығарылуы тоқтатылды.— *181.*

85 *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, Женевада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолга алынды, бірақ не бары бір-ақ номері шықты.

Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов барып тұрған оцшыл, меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды уағыздады, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады.

1909—1912 жылдары Плеханов «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде құпия партия ұйымдарын жою жолына түскен жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шықты. Бірақ ол тактиканың негізгі мәселелері бойынша меньшевиктік позицияда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарасы айқын көрінді.

В. И. Ленин Г. В. Плехановты оның оппортунизмі және революциялық марксизмнен шегінгені үшін қатты сынға алды.— *182.*

86 Бұл арада 1870 жылғы 9 сентябрьдегі «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеуі. Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Европадағы және Құрама Штаттардағы мүшелеріне» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 274—282-беттер) деген үндеуі айтылып отыр.— *183.*

87 *«Право»* — апта сайын шығып тұрған буржуазиялық-либералдық бағыттағы заң газеті, Петербургте 1898 жылдың аяғынан 1917 жылға дейін В. М. Гессен мен Н. И. Лазаревскийдің редакциясымен шығып тұрды. Бұл орган негізінен право мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналды. 1904 жылдың күзінен бастап «Право» өз бетінен саяси публицистикаға да орын берді, сөйтіп іс жүзінде «Азаттық одағының» жария органдарының біріне айналды.— *186.*

88 *РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясын* Петербург комитеті Мемлекеттік думаға көзқарас мәселесін шешу үшін 1906 жылы 11 (24) февральда шақырды. Конференцияға В. И. Ленин басшылық етті. Оған шешуші дауыспен 65 делегат қатысты. Конференцияға сайлау большевиктер мен меньшевиктердің тактикалық платформаларын талқылағаннан кейін, дауыс берген 30 партия мүшесінен 1 делегат сайлау есебінен өткізілді. Сайлауда большевиктер едәуір көпшілік дауыс алды. Түгел дерлік большевиктерден құралған РСДРП округтік ұйымының дауыстарын меньшевиктер дұрыс емес деп санауды талап етті. РСДРП округтік ұйымы

туралы мәселені талқылау барысында В. И. Ленин сөз сөйлеп, пікірлер айтты, ескертпелер жасады. Конференция округтік ұйымның өкілдігін бекітті. Ол Петербург комитетінің есепті баяндамасын тыңдап, Лениннің конференция өкілдігін және конференцияны заңды деп таныған, оның шешімдерін міндетті деп санаған қарарын қабылдады. Мемлекеттік думаға көзқарас туралы баяндаманы Ленин жасады (Лениннің баяндамасы конференция секретарының жазбаларында жоқ). Баяндамасының соңында Ленин белсенді бойкот жасау тактикасы жөніндегі қарарды оқыды. Меньшевиктердің қарарын Мартов оқыды. Конференция 29 дауысқа қарсы 36 көпшілік дауыспен Думаға белсенді бойкот жасау тактикасын қолдады. Бірақ конференция белсенді бойкот жасау тактикасын жан-жақты дәлелдейтін қарарды қабылдап үлгіре алмады.

Белсенді бойкот жасау тактикасы жөніндегі қарарды талқылап, біржолата бекіту үшін февральдың аяғында — марттың басында Петербург ұйымының жалпы қалалық екінші конференциясы шақырылды; оған 62 делегат қатысты. Конференция Лениннің, Мартовтың қарарларын және меньшевиктер қосымша ұсынған Охтинск ауданының қарарын талқылады. Ұзақ және қызу тартыстан кейін конференция 24 дауысқа қарсы көпшілік 35 дауыспен Думаға белсенді бойкот жасау туралы Ленин ұсынған қарарды негізге алды, бір адам қалыс қалды. Мемлекеттік дума туралы қарарды түбегейлі редакциялау үшін конференция комиссия сайлады, оған Ленин кірді. Меньшевиктер комиссияға қатысудан бас тартып, конференциядан кетіп қалды.— *191.*

89 Бұл арада 1906 жылғы 11 (24) февральда РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясында округтік және Выборг ұйымдары жөніндегі жарыс сөзді тоқтату, дауыс беруді дұрыс және өкілдікті заңды деп тану, сондай-ақ конференцияның күн тәртібіне көшу жөнінде И. А. Коноваловтың (Николайдың) енгізген ұсынысы айтылып отыр.— *195.*

90 В. И. Ленин бұл арада 1906 жылы 1 (14) мартта «Наша Жизнь» газетінің 382-номерінде басылған ««Қуыршақ қарақшы» оқиғасы» деген заметкада жазылған жұмысшылардың Думаға мысқылдай қараған мына фактісін айтып отыр: «Осыдан бірнеше күн бұрын механикалық заводтың (Петербург) жұмысшылары қуыршақ қарақшы жасайды да, оған «Мемлекеттік думаға депутат» деп жазып, оны домалатып алады. Сенбі күні заводқа осы істі тексеру үшін (!) прокурордың орынбасары келеді. Бұл мазақты ойлап шығарған кім екенін қазбалап сұрастырып, прокурор заводта бірнеше сағат болады. Түнгі сменаны күтіп, одан да сұрайды, бірақ ешқандай нәтиже шығара алмайды».— *201.*

91 *Октябристер партиясы (немесе «17 октябрь одағы»)* Россияда 1905 жылы 17 (30) октябрьде манифест жарияланғаннан

кейін құрылды. Бұл — ірі буржуазия мен капиталистік тұрғыда қожалық ететін помещиктердің өкілі болған, солардың мүддесін қорғаған контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және москвалық үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын қолдап отырды.— *202.*

92 *Зубатовшылдық* — 1901—1903 жылдарда Москва охранкасы бөлімшесінің бастығы жандарм полковнигі Зубатовтың инициативасы бойынша жұмысшылардың назарын самодержавиеге қарсы саяси күрестен басқа жаққа аудару мақсатымен жұмысшылардың жария ұйымдарын құруды көздеген «полициялық социализм» саясаты. Зубатовтың жұмысшылардың жария ұйымдарын құру жолындағы қызметін ішкі істер министрі В. К. Плеве қолдады. Зубатовшылдар жұмысшы қозғалысын тар өрісті экономикалық талаптар арнасына бағыттауға, бұл талаптарды орындауға үкімет дайын деген пікірге жұмысшыларды иландыруға тырысты. Зубатовтық алғашқы ұйым «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдем көрсету қоғамы» деген атпен Москвада 1901 жылы майда құрылды. Зубатовтық ұйымдар Минскіде, Одессада, Вильнода, Киевте және басқа қалаларда да құрылды.

РСДРП II съезі «Кәсіптік күрес туралы» деген қарарында зубатовшылдықты «капиталистердің пайдасын көздеп, жұмысшы табының мүдделеріне үнемі опасыздық ететін» саясат деп сипаттады және зубатовшылдыққа қарсы күресу мақсатында жария жұмысшы ұйымдары бастаған стачкаларды партия ұйымдары қолдап және оларға бағыт беріп отырулары қажет деп тапты (қараңыз: «РСДРП екінші съезі. Июль — август, 1903 жыл. Протоколдар». М., 1959, 433-бет).

Революцияшыл социал-демократтар зубатовшылдықтың реакциялық сипатын әшкерелей отырып, самодержавиеге қарсы күреске жұмысшы табының қалың тобын тарту үшін жария жұмысшы ұйымдарын пайдаланды. 1905 жылы Ленин былай деп жазды: «Енді, міне, зубатовтық қозғалыс өз шеңберінен асып, полицияның мүдделері үшін, самодержавиені қолдау мүдделері үшін, жұмысшылардың саяси санасын аздыру мүдделері үшін полиция бастаған бұл қозғалыс самодержавиеге қарсы бағытталып, пролетарлық тап күресінің дүмпуіне айналып келеді» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 186-бет).

Революциялық қозғалыстың өрге басуының ықпалымен патша үкіметі 1903 жылы зубатовтық ұйымдарды жоюға мәжбүр болды.— *202.*

93 1906 жылғы февральдың аяғы — марттың басында РСДРП Петербург жалпы қалалық (II) конференциясында меньшевиктердің лидері Дан Думаға қатысудың мүмкіндігі туралы

бірінші рет ашық айтты, ол осы рухта сөз көтерген Полтава социал-демократиялық ұйымының позициясына сүйенді. Бұған дейін меньшевиктер ресми түрде уәкілдер мен сайламшыларды сайлауға қатысу керек, бірақ Думаға сайламау керек деген жартыкеш ұран көтерген болатын.— *204.*

94 Бұл арада 1906 жылғы январьда РСДРП Біріккен Орталық Комитеті шығарған «Партияға» деген листовка жайында айтылып отыр; листовка партия ұйымдарын жергілікті жерлердегі қосарлас ұйымдарды қосуды дереу жүзеге асыруға шақырды (қараңыз: «1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары». Үш бөлімді жинақ, 3-бөлім, М., 1956, 31—33-беттер).— *204.*

95 *1847 жылғы біріккен ландтаг* — сословиелік провинциялық ландтагтардың біріккен жиналысы, оны IV Фридрих-Вильгельм шетел заемына кепілдік алу арқылы финанс қиыншылығынан құтылу үшін 1847 жылы апрельде Берлинде шақырды. Біріккен ландтаг 1847 жылы 11 апрельде ашылды. Король ландтагтағы буржуазиялық көпшіліктің ең қарапайым саяси талаптарын орындаудан бас тартты, сол себепті ландтаг заемға кепілдік берген жоқ. Король бұған жауап ретінде сол жылы июньде ландтагты таратып жіберді; мұның өзі елдегі оппозициялық пиғылды күшейтті және Германияда революцияны тездетуге себепші болды.— *205.*

96 *«Петербург қаласы мен қала төңірегіндегі барлық жұмысшыларға және жұмысшы әйелдерге»* деген үндеуді Ленин 1906 жылы 11 (24) февральда болып өткен РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясынан кейін жазды. Үндеу Мемлекеттік думаға белсенді бойкот жасауды қолдаған конференцияның шешімдері негізінде жазылды. Үндеу 1906 жылы февральда РСДРП Біріккен Петербург Комитетінің жеке листовкасы болып басылып шықты.— *208.*

97 *Бойкот жасау тактикасы туралы қарардың жобасын* Ленин 1906 жылы 11 (24) февральда РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясының мәжілісінде ұсынды. Жобаның бастапқы редакцияланған нұсқасы сақталмаған. Ол 1906 жылы февральдың аяғында — марттың басында Петербург ұйымының екінші конференциясында талқыланды және осы мақсатқа арнайы бөлінген комиссия Лениннің қатысуымен редакциялады. Қарардың комиссия редакциялаған ең соңғы тексті 1906 жылы мартта РСДРП Біріккен Петербург Комитетінің жеке листовкасы болып жарияланды.— *212.*

98 *6-пунктті (5 bis)* В. И. Ленин 1906 жылы февральдың аяғында — марттың басында РСДРП Петербург жалпы қалалық екінші конференциясында бойкот жасау тактикасы туралы қарардың жобасын талқылау кезінде қосымша ұсынды.— *213.*

99 *1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң* және Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік совет туралы Сенатқа ұсынылған екі указ патша үкіметінің 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі манифесте берген уәделерінің бәрін жоққа шығарды. Заң Мемлекеттік советті кеңесші органнан заң шығаратын органға айналдырды. Құрамының жартысын патша тағайындайтын, жартысы қаражүздік дворяндар қоғамдарынан, земстволардан, жоғары дін басылары мен ірі капиталистер ұйымдарынан сайланатын Мемлекеттік советке Думаның кез келген шешімін бекітуге де, қабылдамай тастауға да заң бойынша право берілді.— *213.*

100 1906 жылы февральдың аяғында — марттың басында РСДРП Петербург жалпы қалалық екінші конференциясында бойкот жасау тактикасы туралы қарардың жобасын талқылау кезінде В. И. Ленин 7-пунктті мынадай редакцияда ұсынды: «Социал-демократиялық партиялардың және бүкіл Россияның барлық ұлттық ұйымдарының басым көпшілігі осындай саяси жағдайда мұндай Думаға қатысуды мүмкін емес деп табады».— *213.*

101 *Мұғалімдер мен халық ағарту қайраткерлерінің бүкіл россиялық одағы* 1905 жылы көктемде пайда болды. Мұғалімдер одағының 1905 жылы 26—29 декабрьде (1906 жылы 8—11 январьда) болып өткен II делегаттар съезі I Мемлекеттік думаға көзқарас жөнінде қаулы алды. Қаулыда Дума үкіметтің халықты алдау жолындағы жаңа әрекеті деп танылды. Съезд Дума сайлауына қатыспауды қолдады, бірақ халыққа Думаның шын мақсаты мен мәнін түсіндіріп, барлық күш-жігерді халықты құрылтай жиналысы жолындағы күресті ұйымдастыруға бағыттауға ұйғарды.— *214.*

102 *Поляк социалистік партиясы (ППС)* (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшылдық партия. Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы Польшаның тәуелсіздігі жолындағы күрес ұранын бетке ұстап, поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді және олардың назарын самодержавиеге, капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірге күресуден басқа жаққа аударуға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихында қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар пайда болып отырды. Олардың бірқатары кейін поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«революциялық фракция» делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД) ықпал жасауымен бірте-бірте революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» басым бөлегі интернационалистік позиция ұстады және 1918 жылы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшыл-шовинистік саясатты жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, олар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекетінің құрылуына байланысты 1919 жылы оңшыл Поляк социалистік партиясы бұрын Германия мен Австрия басып алған Польша жеріндегі Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірікті, сөйтіп қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, партия өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына өтуіне жәрдемдесті, содан кейін үнемі антикоммунистік насихат жүргізіп, Совет еліне қарсы агрессиялық саясатты, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдап отырды. Бұл саясатқа қарсы болған Поляк социалистік партиясының ішіндегі жеке топтар Польша Коммунистік партиясына қосылды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (май, 1926) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік тәртіпке қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік, антисоветтік насихатты тоқтаусыз жүргізе берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері поляк коммунистерімен ынтымақтасты, бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы қайтадан жікке бөлінді. Оның реакциялық, шовинистік бөлегі «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, теңдік, тәуелсіздік») деп аталып, Лондондағы реакциялық эмигранттық поляк «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының басқа, солшыл бөлегі өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атап, 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлерлік оккупанттарға қарсы күрестің халық майданына қосылды, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күресті және СССР-мен достық байланыс орнату позициясын ұстады.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс басқыншылығынан азат етілгеннен және Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталып, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын құрды (ПБЖП).— *214.*

103 *«Шиповтық-конституциялық» режим* немесе «шиповтық» конституция — мемлекеттік құрылыс жобасы, оны земствошылдардың оң қанатын бастаушы баяу либерал Д. Н. Шипов дайындаған болатын. Шипов революция қарқынын бәсеңдетуді және патша үкіметінің тарапынан земствоның пайдасына бірқатар жеңілдік алуды көздеп, патша жанынан кеңесші өкілдік орган құруды ұсынды. Осындай келісімге келу арқылы баяу либералдар халық бұқарасын алдауға, монархияны сақтап қалуға және өздеріне бірқатар саяси праволар алуға тырысты.— *217.*

104 *Коммунистер одағы* — пролетариаттың тұңғыш халықаралық коммунистік ұйымы, 1847 жылғы июньнің басынан 1852 жылғы 17 ноябрьге дейін өмір сүрді. Коммунистер одағы XIX ғасырдың 30-жылдарының орта шенінде жұмысшылар мен қолөнершілер ұйымдастырған және Европаның әр түрлі елдерінде астыртын іс-қимыл жасаған Әділеттілер одағының негізінде құрылды. 1847 жылдың бас кезіне таман Одақтың қайраткерлері Маркс пен Энгельс көзқарастарының дұрыстығына көзі жетіп, олардың Одаққа кіруіне, оны қайта құруға, сондай-ақ Одақтың программасын дайындауға қатысуына ұсыныс жасады. Маркс пен Энгельс бұған өздерінің келісімін берді.

1847 жылы июньнің бас кезінде Лондонда Әділеттілер одағының конгресі болды, осы конгресс Коммунистер одағының бірінші конгресі болып тарихқа кірді. Маркс пен Энгельстің революциялық теориясының принципін конгресс қызметінің негізі етіп алды. Конгрестің жұмысына Энгельс қатысты. Энгельстің белсенді қатысуымен дайындалған жаңа устав коммунистік қозғалыстың түпкі мақсатын айқын белгіледі, ұйымға заговорлық сипат беретін пункттерді жойды; демократиялық принциптер Одақтың ұйымдық негізі етіліп қойылды. Коммунистер одағының 1847 жылдың 29 ноябрінен 8 декабріне дейін Лондонда болып өткен екінші конгресі уставты түпкілікті бекітті. Конгресс жұмысына Маркс пен Энгельс қатысты. Осы конгресс Маркс пен Энгельске манифест дайындауды тапсырды, ол — «Коммунистік партияның манифесі» деген жұртшылыққа кеңінен мәлім болған атпен 1848 жылы февральда жарияланды. 1848—1849 жылдардағы Франциядағы және Германиядағы буржуазиялық-демократиялық революция кезінде Коммунистер одағының көптеген

қайраткерлері жұмысшы табының күресіне қатысты. 1852 жылы 17 ноябрьде, коммунистерге Кёльнде болған процестен кейін көп кешікпей, Одақ Маркстің ұсынысы бойынша өзін таратылды деп жариялады.

Коммунистер одағы пролетар революционерлердің мектебі ретінде, пролетарлық партияның ұрығы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің (Бірінші Интернационалдың) ізашары ретінде тарихи үлкен роль атқарды.— *218.*

105 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 257—267, 322—328-беттер.— *219.*

106 Ф. Энгельс. «Коммунистер одағының тарихы жөнінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 335-бет).— *219.*

107 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Үшінші халықаралық шолу. Майдан октябрьге дейін» (қараңыз: Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 467-бет).— *219.*

108 *«Купон», «Купон мырза»* — капитал мен капиталистерді білдіру үшін XIX ғасырдың 80—90-жылдарында әдебиетте қолданылған бейнелі сөз тіркесі. «Купон мырза» деген сөз тіркесін алғашқы рет «Ауыр күнәлар» деген очерктерінде жазушы Глеб Успенский қолданды.— *222.*

109 *1618—1648 жылдардағы отыз жылдық соғыс* — европалық мемлекеттердің әр түрлі топтары арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі салдарынан туған және протестанттар мен католиктер арасындағы күрес формасына айналған жалпы европалық соғыс. Соғыс Габсбург монархиясының езгісіне және католиктік реакцияның шабуылына қарсы Чехиядағы көтерілістен басталды. Кейін соғысқа киліккен европалық мемлекеттер екі лагерь құрды. Папа, испаниялық, австриялық Габсбургтер және Германияның католик князьдері католицизм туы астына бірігіп, протестанттық елдерге: Чехияға, Данияға, Швецияға, Голландия республикасына және реформацияны қабылдаған бірқатар неміс мемлекеттеріне қарсы шықты. Габсбургтерге қас француз корольдері протестанттық елдерді қолдап отырды. Осы күрестің басты аренасы, соғыс тонауы мен соғысқа қатысушылардың басқыншылық пиғылдарының объектісі Германия болды. Алғашқы сатысында феодалдық-абсолюттік Европаның реакциялық күштеріне қарсылық сипат алған соғыс, әсіресе, 1635 жылдан бастап бірімен-бірі бәсекелескен шетелдік басқыншылардың Германияға бірнеше рет басып кіруіне әкеліп соқтырды. Соғыс 1648 жылы Германияның саяси бытыраңқылығын бекіткен Вестфаль бітімін жасаумен аяқталды.— *223.*

110 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Германиядағы революция және контрреволюция» (Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 80—81, 100—

101-беттер) және К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне «Кіріспе» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 102—106-беттер).— *224.*

111 Әңгіме К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне Ф. Энгельстің «Кіріспесі» жөнінде болып отыр. 1895 жылы «Кіріспе» «Vorwärts» («Алға») газетіне жарияланарда пролетариаттың тап күресі туралы барлық аса маңызды тұжырымдар Энгельске айтпастан алынып тасталып, текст бұрмаланған күйде басылды. Бұл жөнінде Ф. Энгельстің 1895 жылғы 1 апрельде және 3 апрельде жазған хаттарын қараңыз: (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 516—517-беттер).

Герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлері бұл документті өздері жүргізіп отырған революциядан бас тарту, қарулы көтерілістің қажеттігін және пролетариаттың баррикадалық ұрыстарын теріске шығару бағытын ақтау мақсатына және ымырашылдық тактикасын қорғауға пайдаланды.

«Кіріспенің» толық тексті бірінші рет СССР-де К. Маркс. «Франциядағы 1848—1850 жылдардағы тап күресі» деген кітапта басылды, М.—Л., 1930. «Кіріспе» К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы деген кітапта да басылды, I том, 1955, 91—110-беттер.— *224.*

112 *«Брентанизм»* — жұмысшы мәселесін капитализм шеңберінде фабрикалық заң шығару және жұмысшыларды кәсіподаққа ұйымдастыру арқылы шешу мүмкіндігін уағыздайтын, «пролетариаттың революциялық емес «тап» күресін мойындайтын либералдық-буржуазиялық ілім» (В. И. Ленин. Шығармалар, 28-том, 225-бет). Ол — буржуазиялық саяси экономиядағы катедер-социализм мектебінің басты өкілдерінің бірі Л. Брентаноның есімімен аталды.— *227.*

113 *«РСДРП Бірігу съезіне большевиктердің тактикалық платформасы»* 1906 жылы февральдың екінші жартысында дайындалды. Платформаның «Демократиялық революцияның қазіргі кезеңінде пролетариаттың таптық міндеттері» жөніндегі қарарынан басқа қарарларының бәрін Ленин жазды. Платформа Финляндияда, сол кезде Ленин тұрған Куоккалада, партияның басшы қызметкерлері кеңесінде алдын ала талқыланды.

Платформа марттың бірінші жартысында Москвада талқыланды, онда Лениннің басшылығымен большевиктердің бірнеше кеңестері өткен болатын. Ленин Москва комитеті мүшелерінің, Орталық Комитеттің Москва бюросының үгітшілер және насихатшылар тобының, әдебиет тобының, Округтік комитет мүшелерінің және басқа партия қызметкер-

лерінің жиналысында сөз сөйлеп, платформаны негіздеп берді. Жиналыс қарарлардың бәрін түгел талқылай алмады. Осы мақсатпен екінші жиналыс белгіленді, бірақ ол да өткізілмеді, өйткені жиналысты полиция сезіп қалып, оған қатысушылар, оның ішінде Ленин де, тұтқындалудан әзер аман қалды. Платформа одан кейін 1906 жылы марттың орта шенінде Петербургте Ленин председательдік еткен кеңесте талқыланды. Кеңес платформаны түбегейлі редакциялауды Ленин басқарған комиссияға тапсырды. Большевиктердің тактикалық платформасы 20 мартта (2 апрельде) «Партийные Известияның» 2-номерінде жарияланды, сондай-ақ РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің және РСДРП біріккен Петербург комитетінің басылымдарында жеке листовка болып шығарылды.— *231.*

114 Бұл арада РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің 1906 жылы февральда шығарылған және IV (Бірігу) съезді шақыруға байланысты мәселелерді талдауға арналған «Партияға» деген листовкасы айтылып отыр (қараңыз: «1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары». Үш бөлімді жинақ, 3-бөлім, М., 1956, 34—39-беттер).— *233.*

115 Большевиктер мен меньшевиктердің арасында әсіресе РСДРП IV (Бірігу) съезі қарсаңында ерекше көзге түскен аграрлық мәселе жөніндегі алауыздыққа байланысты Біріккен Орталық Комитет арнаулы комиссия құрды. Аграрлық комиссияның құрамына В. И. Ленин, П. П. Маслов, П. П. Румянцев, С. А. Суворов, И. А. Теодорович, Г. В. Плеханов, Н. Н. Жордания, А. Ю. Финн-Енотаевский енді. Комиссия социал-демократия ішіндегі аграрлық мәселе жөніндегі барлық көзқарастарды жинақтап, съезге негізгі төрт тұрғыда жоба: Лениннің, Рожковтың, Масловтың, Финн-Енотаевскийдің (комиссия бесінші жоба етіп «Күрес» тобының жобасын белгіледі) жобаларын ұсынды. Комиссияның басым көпшілігі Лениннің көзқарасы жағында болды, съезге РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің аграрлық комиссиясы көпшілігінің жобасы ретінде Ленин әзірлеген жоба ұсынылды. Лениннің съезд алдында «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» (қараңыз: осы том, 251—282-беттер) деген еңбекте негіздеген — барлық жерді конфискелеу және белгілі саяси жағдайда национализациялау — жобасы съезге ұсынылған тактикалық платформамен бірге 1906 жылы мартта большевиктердің съезд алдындағы кеңесінде бекітілген болатын.— *234.*

116 *Сауда-өнеркәсіп партиясы* — ірі капиталистердің контрреволюциялық партиясы; 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін Москвада ірі капиталистер Г. А. Крестовников, В. П. Рябушинский және басқалар құрды. Өздерін 17 (30) октябрьдегі манифест жағындамыз деп

жариялай отырып, партия революциялық қозғалысты басу үшін күшті үкімет билігін орнатуды талап етті, құрылтай жиналысын шақыруға, жерді национализациялауға, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуге және стачкалар бостандығына қарсы шықты. I Мемлекеттік думаға сайлауда октябристермен бір блокта болды. 1906 жылдың аяқ кезінде сауда-өнеркәсіп партиясы ыдырады, оның мүшелерінің көбі «17 октябрь одағына» кірді.— *243.*

117 *Демократиялық реформалар партиясы* — либерал-монархиялық буржуазияның партиясы; 1906 жылдың бас кезінде I Мемлекеттік думаға сайлау кезінде кадеттер программасын тым солшыл деп санаған элементтерден құрылды. Партияны басқаруға К. К. Арсеньев, И. И. Иванюков, М. М. Ковалевский, В. Д. Кузьмин-Караваев, А. С. Посников, тағы басқалар белсене араласты. Партия сүйенер берік тірегі болмай, 1907 жылдың аяқ кезінде тарап кетті.— *243.*

118 Ленин *«Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау»* деген кітапшаны 1906 жылы марттың екінші жартысында жазды. Кітапша РСДРП IV (Бірігу) съезіне ұсынылған аграрлық мәселе жөніндегі большевиктік жобаны негіздеуге арналды.

Лениннің 1906 жылы апрельдің бас кезінде Петербургте шыққан «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшасындағы пікірлерді Ленин кейінірек партияның IV (Бірігу) съезінде аграрлық мәселе жөнінде жасаған баяндамасында айтады. 1906 жылы сентябрьде патша үкіметі кітапшаға тыйым салды.— *251.*

119 *«Социал-Демократ»* — «Еңбекті азат ету» тобының мерзімді емес әдеби-саяси жинағы, 1888 жылы Женевада (бір кітабы) шықты.— *254.*

120 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы): 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (шынында жапаша 23 мартта), 2—3-номері 1901 жылдың декабрінде, 4-номері 1902 жылдың августында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» белгіленген болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер). 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде алауыздық және жанжал шыққан кезде Плеханов («Заряны» өзі редакциялауды көздеп) журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп ол органдардың редакциясы әмәнда ортақ қалпында қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заря-

да» В. И. Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствошы қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. I-бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды.— *255.*

121 *«Күрес»* тобы Парижде 1900 жылдың жазында ұйымдасты, оның құрамында Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов, Э. Л. Гуревич болды. Топ «Күрес» деген атты 1901 жылы майда алды. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды ымыраластыруға тырысып, «Күрес» тобы шетелдегі социал-демократиялық ұйымдар — «Искра» мен «Заря» редакциясы, «Социал-демократ» ұйымы, Бундтың шетелдік комитеті және «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» өкілдерінің Женева конференциясын шақыру (1901 жылы июньде) инициативасын өз міндетіне алды, 1901 жылы 21—22 сентябрьде (4—5 октябрьде) Цюрихте болған РСДРП шетелдік ұйымдарының «Бірігу» съезінің жұмысына қатысты. 1901 жылы ноябрьде топ «Социал-демократиялық «Күрес» тобының басылымдары жөнінде мәлімдеме» жасады, бұл программалық мәлімдеме болды. Топ өзінің басылымдарында («Партия программасын дайындауға қажетті материалдар», I—III кітап, ««Күрес» тобының жедел листогы» және басқалар) марксизмнің революциялық теориясын бұрмалап, оны доктринерлік-схоластикалық рухта түсіндірді, партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне қарсы шықты. Социал-демократиялық көзқарас пен тактикадан шегінгендіктен, іріткі салушылық әрекет жасағандықтан және Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланыстары болмағандықтан топ II съезге жіберілмеді. РСДРП II съезінің шешімімен «Күрес» тобы таратылды.— *256.*

122 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шыққан большевиктік құпия газет; Женевада 1904 жылдың 22 декабрінен (1905 жылдың 4 январынан) 1905 жылдың 5 (18) майына дейін шығып тұрды. 18 номері шықты; тиражы 7—10 мың дана. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Газеттің атын да Ленин ұсынды. Редакция құрамына В. В. Воровский, М. С. Ольминский, А. В. Луначарский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен барлық хат-хабар алысуын Н. К. Крупская жүргізді.

«Вперед» газеті партия ішінде күрес өршіген жағдайда, II съезден кейін меньшевик лидерлер партия орталықтарын (Орталық Органды, партия Советін және Орталық Комитетті) айламен басып алып, жергілікті жерлердегі партия ұйымдарын жікке бөле бастаған кезде шығарылды. Меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеті жұмысшы табының қимыл бірлігіне нұқсан келтірді. Россияда төніп келе жатқан революция алдында, пролетариаттың жауынгерлік бірлігін қамтамасыз ету үшін күштерді топтастыру өте-мөте қажет болып отырғанда, партия ішінде мұндай жағдайға төзуге болмайтын еді. В. И. Ленин және большевиктер меньшевиктердің оппортунизмімен, олардың іріткі салушылық әрекеттерімен ымырасыз күрес жүргізді, партиядағы мұндай дағдарыстан шығудың бірден-бір амалы ретінде жергілікті партия ұйымдарын партияның III съезін шақыру жолындағы күреске үндеді. В. И. Ленин газеттің мазмұнын белгілей келіп: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). Ленин «Вперед» газетіне басшы мақалалар жазып қана қойған жоқ, оның қаламынан сондай-ақ көптеген әр түрлі заметкалар мен өңдеген корреспонденциялар да шықты. Бірқатар мақалаларды Ленин редакцияның өзге мүшелерімен (Воровский, Ольминский, тағы басқалар) бірігіп жазды. Әр түрлі авторлардың бірқатар сақталған қолжазбаларынан В. И. Ленин жасаған үлкен түзетулер мен елеулі қосымшалар айқын сезіліп тұрады. Ленин газеттің әрбір номерін беттелген күйінде үнемі қарап отыратын. Тіпті, Лондонда III съезде жұмыс сондайлық басынан асып жатқанның өзінде, Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарауға уақыт тапты. Тек газеттің 18-номері ғана Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты оның редакторлық қарауынсыз шыққан сияқты. «Вперед» газетінде В. И. Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары басылды. Ленин оларда қарулы көтеріліс мәселесі жөнінде, революциялық уақытша үкімет және пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы жөнінде, социал-демократияның шаруалар қозғалысына, либерал буржуазияға, орыс-жапон соғысына көзқарасы жөнінде большевиктердің тактикалық бағытын талдап белгіледі. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылғы 9 январь оқиғасына және Россиядағы революцияның басталуына арналған 4, 5-номерлерін түгелдей дерлік В. И. Лениннің өзі дайындады.

«Вперед» газеті шыға бастасымен-ақ жергілікті партия комитеттерінің құрметіне пе болды, олар оны өздерінің органы деп таныды. Жергілікті партия комитеттерін лениндік принцип негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды, В. И. Лениннің газет бетінде ұсынған және негіздеген нұсқаулары

съезд шешімдерінің негізіне алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен үнемі байланыс жасап тұрды. Әсіресе РСДРП-ның Петербург, Москва, Одесса, Баку, Екатеринослав және басқа комитеттерімен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. В. И. Лениннің «Вперед» газетіндегі мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары жиі-жиі көшіріп басты, жеке листовкалар немесе кітапшалар етіп шығарып отырды. «Впередтің» 4-номеріндегі Лениннің «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» («Вперед» № 11) деген мақаланы РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп шығарды. В. И. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» («Вперед» № 14) деген мақаласын РСДРП Кавказ одағы комитеті грузин, орыс, армян тілдерінде жеке кітапша етіп шығарды. Партияның үшінші съезі арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру жолындағы күрестегі, революциялық қозғалыс алға тартқан тактика мәселелерін көтере, жаза білудегі, съезді шақыру күресіндегі көрнекті ролін атап өтті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына партияның Орталық Органы ретінде «Пролетарий» газеті шығарыла бастады, ол «Вперед» газетінің нақты және тікелей жалғасы болды.

«Вперед» газеті бірінші орыс революциясы дәуірінде революциялық-пролетарлық саяси бағыттың ұсақ буржуазиялық және либералдық-буржуазиялық бағыттармен күресінде орасан зор роль атқарды.— *258.*

123 *«Правда»* («Шындық») — өнер, әдебиет және қоғамдық өмір мәселелеріне арналып, ай сайын шыққан социал-демократиялық журнал; 1904—1906 жылдарда негізінен меньшевиктердің қатысуымен Москвада шығып тұрды. Журналды құрған В. А. Кожевников ресми редактор-шығарушы болып саналды. Журналға Ф. И. Дан, Л. Мартов, П. П. Маслов, тағы басқалар қатысты.— *259.*

124 *«Ағымдағы кезең»* жинағы Москвада 1906 жылдың басында шықты. Ол РСДРП Москва комитетінің жанындағы әдеби-лектор тобының күшімен құрастырылды және негізінен большевиктердің көзқарасын білдірді. Жинақ жарық көргеннен кейін көп кешікпей конфискеленді.— *260.*

125 *«Мир Божий»* («Тәңір Дүниесі») — ай сайын шыққан либералдық бағыттағы әдеби және ғылыми-көпшілік журнал; Петербургте 1892 жылдан 1906 жылға дейін шығып тұрды. 1898 жылы журналда А. Богдановтың «Экономикалық ғы-

лымның қысқаша курсы» деген кітабына Лениннің рецензиясы басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 40—49-беттер). 1906 жылдан 1918 жылга дейін журнал «Современный Мир» деген атпен шығып тұрды.— *260.*

126 *Төрт талап* — демократиялық сайлау жүйесінің қысқартылған аты, оған төрт талап: жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы жатады.— *268.*

127 *Пошехонье* — патриархтық тағылық әдет-ғұрып пен дәстүр жайлаған ең шалғай түкпірде жатқан жердің синонимі. Бұл сөз тіркесі М. Е. Салтыков-Щедриннің «Пошехон салты» деген шығармасы арқылы жұртқа тарады, онда помещьелі дворяндардың тұрмысы суреттеледі, олар «Пошехоньенің меңіреу түкпіріне тығылып алып, кіріптар адамдардан үнтүнсіз алым-салық жинайды және жайбарақат өсіп-өніп жатады». Ұлы сатирик осындай тағылық пен дарақылық әлемін ащы мысқыл етеді.— *275.*

128 *Шидловский комиссиясы* — 1905 жылғы 29 январьдағы (11 февральдағы) патша указы бойынша арнайы құрылған үкімет комиссиясы, ол 9 январьдағы «қанды жексенбіден» кейін кең өріс алған стачкалық қозғалысқа байланысты «С.-Петербург қаласы мен оның маңындағы жұмысшылардың не себептен наразы болғанын дереу анықтау үшін» құрылды. Комиссияны сенатор, Мемлекеттік советтің мүшесі Н. В. Шидловский басқарды. Комиссияга чиновниктер, қазына заводтарының бастықтары, фабриканттар кірді. Бұлардан басқа комиссияға жұмысшылардың өкілдері де кіруге тиіс болды, олар екі сатылы сайлау жолымен сайланатын еді. Большевиктер осы комиссияға сайлауға байланысты үлкен түсінік жұмыстарын жүргізіп, патша өкіметінің шын мақсатын — осы комиссияны құру арқылы ол жұмысшылардың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысатынын әшкереледі. Сайламшылар үкімет алдына: сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс бостандығы, адамның жеке басына тимеу талаптарын және т. б. қойған кезде, 1905 жылы 18 февральда (3 мартта) Шидловский бұл талаптар қанағаттандырылмайды деп мәлімдеді. Бұдан кейін сайламшылардың көпшілігі депутаттар сайлаудан бас тартып, Петербург жұмысшыларына үндеу тастады, жұмысшылар оларды қолдап, ереуілге шықты. 1905 жылы 20 февральда (5 мартта) комиссия жұмысқа кіріспей жатып таратылды.— *290.*

129 Бұл арада I Мемлекеттік дума сайлауы кезінде, 1906 жылы 11 (24) мартта жарияланған 8 (21) марттагы патша указы айтылып отыр. Думаға бойкот жасау тактикасына қарсы бағытталған бұл заңда «Мемлекеттік совет немесе Мемлекеттік дума сайлауына қарсы шығуга немесе осындай сайлау-

ларға қатысудан жаппай бас тартуға шақырған» айыптыларды 4 айдан 8 айға дейін түрмеге жабу көзделген.— *290.*

[1] *«Речь»* («Сөз») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; Петербургте 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің, тағы басқалардың жиі қатысуымен шығып тұрды. 1906 жылғы 22 июльде (4 августа) газеттің шығарылуы тоқтатылды, 9 (22) августа қайта шығарылды. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жауып тастады. 1918 жылғы августқа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген әр түрлі атпен шығып тұрды.— *292.*

«Полярная Звезда» («Темірқазық») — апта сайын шыққан саяси және философиялық журнал, кадет партиясының оң қанатының органы; Петербургте 1905 жылдың 15 (28) декабрінен 1906 жылдың 19 мартына (1 апреліне) дейін П. Б. Струвенің редакциясымен, Н. А. Бердяевтің, В. М. Гессеннің, А. С. Изгоевтің, А. А. Кауфманның, Д. С. Мережковскийдің, И. И. Петрункевичтің, С. Л. Франктың, тағы басқалардың қатысуымен шығып тұрды. Не бары 14 номері шықты. «Полярная Звезда» революцияға өшпенділігін ашық мәлімдеді, революциялық-демократиялық интеллигенциямен күрес жүргізді. 1906 жылғы апрель — майда «Полярная Звезда» журналының орнына «Свобода и Культура» журналы шықты.— *301.*

132 *Конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) II съезі* 1906 жылы 5—11 (18—24) январьда Петербургте өтті. Съезд партиялық тактика жөніндегі мәселе бойынша съездің 1906 жылғы 11 (24) январьдағы мәжілісінде оқылған М. М. Винавердің баяндамасын «партияның декларациясы ретінде» қабылдауға қаулы етті. Бұл декларацияның негізгі қағидасы саяси ереуілді үкіметпен бейбіт күрестің құралы ретінде тану болды. «Ұйымдасқан өкілдік жиналысты», яғни Мемлекеттік думаны, делінген декларацияда, партия оз қызметінің басты саласы деп есептейді. Шын мәнінде съезд үкіметпен келісімге келу позициясын ұстады.— *303.*

133 В. И. Ленин Скиталецтің «Тына қалды айнала...» деген өлеңін келтіріп отыр («Білім» серіктігінің 1906 жылгы жинағы. 9-кітап, Спб., 1906, 320-бет).— *305.*

134 1906 жылы апрельде патша үкіметі Россиядағы революцияны басу үшін 843 миллион сом заемға Франциямен шарт жасасты.— *312.*

135 Бұл арада реакцияшыл публицист М. Н. Катковтың 1881 жылы 6 (18) мартта «Московские Ведомостидің» 65-номерінде

басылған «1 марттағы оқиға себеп болған жағдайды ашу» деген мақаласы айтылып отыр.— *316.*

136 *«Свобода и Культура»* («Бостандық және Мәдениет») — апта сайын шыққан журнал, кадеттер партиясының оң қанатының органы; Петербургте 1906 жылғы 1 (14) апрельден 31 майға (13 июньге) дейін С. Л. Франктың редакциясымен «Полярная Звезданың» орнына шығып тұрды, П. Б. Струве жиі қатысып тұрды. 8 номері жарық көрді. Тиражының құлдырап кетуі салдарынан шығарылуы тоқтатылды.— *336.*

137 «Барлық жағынан сүйкімді әйел» — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» поэмасының кейіпкері.— *336.*

138 *«Без Заглавия»* — апта сайын шыққан саяси журнал; Петербургте 1906 жылғы 24 январьдан (6 февральдан) 14 (27) майға дейін шығып тұрды. Журнал С. Н. Прокоповичтің редакциясымен, Е. Д. Кускованың, В. Я. Богучарскийдің, В. В. Хижняковтың, тағы басқалардың жиі қатысуымен шығарылды. «Беззаглавияшылдар»—орыс буржуазиялық интеллигенциясының жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы. «Беззаглавияшылдар» өздерін ресми түрде партияда жоқпыз дегенді желеу етіп, буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын таратушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдады.— *339.*

139 Әңгіме герман рейхстагының социал-демократиялық фракциясындағы пароход қоғамдарына жәрдем беру (Dampfersubvention) туралы мәселе жөніндегі алауыздық жайында болып отыр. 1884 жылдың аяғында Германия канцлері Бисмарк герман басқыншылық отарлық саясатының мүдделерін көздеп, рейхстагтан Шығыс Азияға, Австралияға және Африкаға тұрақты пароход рейстерін ұйымдастыру үшін пароход қоғамдарына жәрдем берудің бекітілуін талап етті. Социал-демократиялық фракцияның Бебель және Либкнехт басқарған сол қанаты пароход қоғамдарына жәрдем беруді қабылдамай тастағанда, фракцияның көпшілігі саналатын Ауэр, Дитц және басқалар бастаған оң қанаты рейхстагтағы ресми айтысқа дейін-ақ пароход қоғамдарына жәрдем беруді қолдады. 1885 жылғы мартта мәселе рейхстагта талқыланған кезде социал-демократиялық фракцияның оң қанаты шығыс азиялық және австралиялық пароход жолдарын ашуды жақтап дауыс берді; ол Бисмарк жобасына келісім беруін өзінің кейбір талаптарының, мәселен, жаңа кемелердің Германия верфьтерінде жасалу талабының қабылдануымен байланыстырды. Бұл талапты рейхстаг қабылдамай тастағаннан кейін ғана фракция түгелімен үкімет жобасына қарсы дауыс берді. Фракция көпшілігінің бұл қылығына

«Социал-Демократ» газеті және социал-демократиялық ұйымдар тарапынан тойтарыс берілді. Алауыздықтың күшті болғаны соншалық, тіпті партияны жікке бөлінуге әкеліп соқтыра жаздады. Ф. Энгельс социал-демократиялық фракцияның оң қанатының оппортунистік позициясын батыл сынады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 441—445, 456, 457, 471-беттер).— *342.*

140 *Герман социал-демократиясындағы «жастар»*—ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік оппозиция, 1890 жылы пайда болды. Оппозицияның негізгі ұйтқысы партияның теоретигі, басшысы роліне дәмеленген жас әдебиетшілер мен студенттер еді (оппозицияның аты да осыдан алынған). Бұл оппозиция социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейінгі (1878) партияның қызмет жағдайының өзгергенін түсінбей, күрестің жария формаларын қолданудың қажеттігін теріске шығарды, социал-демократияның парламентке қатысуына қарсы шықты, партияны ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғайды деп, оппортунизм жолына түсті деп айыптады. Ф. Энгельс «жастар» оппозициясына қарсы күрес жүргізді. «Жастардың» органы «Саксонская Рабочая Газета» Энгельсті оппозициямен ынтымақтасты деп жариялауға тырысқан кезде, ол мұндай «шексіз әдепсіздікке» үзілді-кесілді тойтарыс берді және «жастардың» көзқарастары мен тактикасын өлтіре сынады.

Оппозицияның теориялық көзқарастары мен тактикасы, Энгельстің сөзімен айтқанда, «шексіз бұрмаланған «марксизм»» болып табылады. «Жастардың» нақты шындықтан қол үзген, авантюристік тактикасы,— деп жазды Энгельс,— «қатарында миллиондаған адамы бар ең күшті партияның өзін оның қас дұшпандарына таба қылып, өлтірген болар еді». Энгельс «жастардың» партиядағы өз салмағы мен алатын орны жөнінде өздерін асыра бағалап, қиялға берілуін мысқылдады. «Олардың «академиялық білімі», былайша айтқанда, түбегейлі сыннан өтуі қажет білімі,— деп көрсетті Энгельс,— партияда соған лайықты офицерлік шен алуға тіпті де право бермейтінін олар түсінуі керек; біздің партияда әркімнің қызметті ең төменнен бастауы керек; партияда жауапты орында отыру үшін тек әдеби талант пен теориялық білім, тіпті екеуі де талассыз болған күннің өзінде де, жеткіліксіз болар еді, ол үшін сондай-ақ партия күресінің жағдайымен жақсы таныс болу және оның формаларын толық игеру, жеке басының шын берілгендігі мен мінез беріктігі және, ақырында, өзін өзі күрескерлер қатарына еркімен қосуы қажет болады; бір сөзбен айтқанда, жалпы және тұтас алғанда жұмысшылар олардан емес, олар, «академиялық білімі» бар адамдар, жұмысшылардан неғұрлым көбірек үйренулері керек болады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 62—63-беттер). 1891 жылы октябрьде герман социал-демократия-

сының Эрфурт съезі оппозиция басшыларының бір тобын партиядан шығарды.— *342.*

141 *«Северный Голос»* («Солтүстік Үні») — күнделікті жария газет, РСДРП-ның біріккен органы; «Новая Жизнь» және «Начало» газеттерін үкімет жауып тастағаннан кейін, Петербургте 1905 жылғы 6 (19) декабрьден, большевиктердің және меньшевиктердің біріккен редакциясымен шыға бастады. Үкімет 1905 жылғы 8 (21) декабрьдегі 3-номерінен газетті жауып тастады. 1905 жылы 18 (31) декабрьде бір рет шыққап «Наш Голос» газеті «Северный Голостың» жалғасы болды. «Наш Голостың» екінші номері шыққан жоқ, өйткені полиция баспаханада оны терулі тұрған күйінде шашып тастады.— *343.*

142 *«Начало»* («Бастама») — меньшевиктік күнделікті жария газет; 1905 жылғы 13 (26) ноябрьден 2 (15) декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты. Шығарушы-редакторлары Д. М. Герценштейн және С. Н. Салтыков болды. Газетке Л. Мартов, А. Н. Потресов, П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, Н. И. Иорданский және басқалар қатысты. В. И. Лениннің газетке берген бағасын мынадан қараңыз: Шығармалар, 10-том, 371-бет.— *343.*

143 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Маркс және «Жаңа Рейн Газеті» (1848—1849)» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 311—319-беттер); Ф. Энгельс. «Германиядағы революция мен контрреволюция. VII. Франкфурт ұлттық жиналысы». К. Маркс пен Ф. Энгельс. 1848 жылғы 1 июнь — 7 ноябрьдегі «Neue Rheinische Zeitung»-тен мақалалар (Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 46—50-беттер; 5-том, 9—494-беттер).— *354.*

144 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Пруссиядағы әскери мәселе және неміс жұмысшы партиясы»; К. Маркс пен Ф. Энгельс. ««Social-Demokrat» газеті редакциясына мәлімдеме»; Ф. Энгельс. ««Пруссиядағы әскери мәселе және неміс жұмысшы партиясы» кітапшасы туралы заметка»; К. Маркс. «Ф. Энгельстің «Пруссиядағы әскери мәселе және неміс жұмысшы партиясы» деген кітапшасына рецензия»; К. Маркс. ««Social-Demokrat» газетіне қатысудан бас тартудың себептері туралы мәлімдеме» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 35—78, 79, 80, 84—85, 86—89-беттер).— *354.*

145 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; Петербургте 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (12 январь, 1908) дейін шығып тұрды. Газетке С. Н. Прокопович және Е. Д. Кускова жиі қатысты.

Газет ресми түрде ешбір партияның органы саналмаса да, іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды.— *366*.

146 В. И. Ленин «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласында «Освобождение» журналының маңына кейінірек саяси қалыптасқан буржуазиялық либерализмді және оның ең көрнекті өкілі П. Б. Струвені сынады. Бұл мақала П. Б. Струвенің алғы сөзі және ескертулерімен шыққан «Самодержавие және земство. Финанс министрі және статс-секретарь С. Ю. Виттенің конфиденциалдық жазбалары (1899 ж.)» деген кітап жөнінде жазылып, «Заряның» 2—3-номерінде басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер). «Освобождениенің» алғашқы номерлері Лениннің «Искрада» басылған: «Стачкалар туралы жаңа заңның жобасы», «Саяси күрес және саяси аярлық», «Өз қызметкері әшкерелеген Струве мырза» деген мақалаларында да сыналған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 432—442-беттер; 7-том, 35—44, 227—235-беттер).— *367*.

147 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылга дейінгі тап күресі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 5—110-беттер).— *371*.

148 *Жирондистер* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның саяси тобы. Жирондистер баяу буржуазияның мүдделерін білдірді, революция мен контрреволюция арасында ауытқып отырды, монархиямен келісімге келу жолын ұстады.— *372*.

149 *РСДРП төртінші (Бірігу) съезі* 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрельден 8 майға дейін) Стокгольмде болып өтті. В. И. Ленин съезд алдында, февральдың екінші жартысында большевиктердің тактикалық платформасын — революцияның барлық негізгі мәселелері жөніндегі съезд қарарларының жобасын талдап жасаған болатын. Большевиктердің қарарлары самодержавиеге жаңа революциялық тегеурін жасауға әзірленуге шақырды. Съезге меньшевиктер өздерінің тактикалық платформасын ұсынды, онда олар шын мәнінде революциялық күрестен бас тартты. Съезге сайлау да осы екі платформа бойынша, негізінен Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі мәселені талқылау үстінде жүргізілді. Осы екі платформаны талқылау және съезге делегаттар сайлау науқаны екі айға жуық уақытқа созылды. Мұның нәтижесінде партия ұйымдарының көпшілігі большевиктік платформаны қолдады.

Съезде РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші даууыспен 112 делегат және кеңесші дауыспен 22 делегат бол-

ды Съезге ұлтттық ұйымдардан: Польша мен Литва социал-демократиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясынан 3 өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен Финляндия жұмысшы партиясынан 1 өкілден қатысты. Съезде Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі де болды. Арнайы шақырылғандар мен қонақтарды қоса есептегенде съезге барлық қатысқандардың саны 156 адамға жетті.

Большевик-делегаттар қатарында В. И. Ленин, Ф. А. Сергеев (Артем), В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Делегаттар ішінде шешуші дауыспен 46 большевик және 62 меньшевик бар еді. Делегаттардың шағын бөлегі ымырашылдық позиция ұстады. Меньшевиктердің сан жағынан басым болу себебі — бұқараның қарулы қимылдарын бастаған көптеген большевиктік партия ұйымдары талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі — Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен делегаттар тым аз келді. Елдің өнеркәсібі жоқ аудандарында сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары болғандықтан меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды. Съездің осындай құрамы оның көптеген шешімдерінің меньшевиктік сипатта болуына мүмкіндік берді.

Съездің күн тәртібі: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы; 3) Мемлекеттік дума сайлауының қорытындылары және Думаның өзі жөніндегі тактика туралы мәселе; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Революциялық уақытша үкімет және революциялық өзін өзі басқару; 7) Жұмысшы депутаттары Советтеріне көзқарас; 8) Кәсіпшілік одақтар; 9) Шаруалар қозғалысына көзқарас; 10) Социал-демократиялық емес әр түрлі партиялар мен ұйымдарға көзқарас; 11) Партия программасындағы ұлт мәселесіне байланысты Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын шақыру талабына көзқарас; 12) Партияны ұйымдастыру; 13) Ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен (Польша мен Литва социал-демократиясы, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы, Бунд) бірігу; 14) Есеп беру; 15) Сайлау. Бірақ күн тәртібі толық талқыланған жоқ. Съезд мына мәселелерді ғана талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Ағымдағы кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және 7) Партия уставы.

Барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктердің арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасады, сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға қатысты.

Съезде қызу күрес тудырған негізгі мәселе аграрлық программаны қайта қарау туралы мәселе болды.

Аграрлық программаның большевиктік жобасы съезд делегаттарына үлестіріліп берілген Лениннің «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген съезд қарсаңындағы еңбегінде негізделді. Лениндік аграрлық программаның мәні мынада еді: ол барлық помещиктік жерді конфискелеу және барлық жерді национализациялау, яғни жерге жеке меншікті жою және барлық жерді мемлекет меншігіне беру талабын алға қойды. Лениннің аграрлық программасы шаруаларды пролетариаттың одақтасы ретінде революция жағына тартуды, буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңуін және социалистік революцияға өту үшін жағдай жасауды көздеді.

Съездің большевиктік делегаттарының бір бөлегі (И. В. Сталин, С. А. Суворов және басқалар) помещиктік жерлерді бөлу және оны шаруалардың жеке меншігіне беру талабын жақтады. Ленин «бөлісшілердің» талабын сынады, оны қате деп есептеді, бірақ зиянды емес деді.

Меньшевиктер жерді муниципализациялау программасын қорғады, бұлай еткенде помещиктік жерлер жергілікті өзін өзі басқару органдарының (муниципалиттердің) қарамағына өтеді, олардан шаруалар жерді арендаға алатын болады. Муниципализациялаудың саяси зияны мынада еді: ол революциялық қимылға шақырудың орнына, реакциялық орталық өкіметті сақтай отырып, аграрлық мәселені бейбіт жолмен шешу мүмкін деген жалған үміт тудырады. Ленин меньшевиктік муниципализациялау программасын батыл сынап, оның қате екенін, революциялық қозғалыс үшін зиянды екенін әшкереледі. Съезд қызу тартыстан кейін жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік аграрлық программаны көпшілік дауыспен бекітті, оған большевиктердің қысымымен бірқатар түзетулер енгізілді.

Ағымдағы кезеңге баға беру туралы және Мемлекеттік дума туралы мәселелерді талқылағанда меньшевиктермен араның мықтап ашылғаны айқындала түсті. Большевиктер либерал буржуазия партияларын әшкерелеуді, патша самодержавиесіне және оны қолдайтын саяси партияларға қарсы күресте демократиялық күштермен одақ жасасуды жақтады. Меньшевиктер болса, революцияға басшылық етуді буржуазияның қолына берді. Большевиктер Дума жөнінде халық арасына либерал буржуазия таратқан конституция-

лық жалған үмітпен күресу, патша үкіметінің уәдесіне, заңына деген сенімді жою міндетін алға қойды. Меньшевиктер болса, Думаны революция мәселелерін шешуге қабілетті «жалпы ұлттық саяси орталық» ретінде қарады. Съезд қызу күрестен кейін Мемлекеттік дума туралы (Думаны қолдау қажет деп табылды), қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті және партизандық қимылдар туралы екіұшты шешім қабылдады. Қарулы көтеріліс туралы қарар пролетариатты қарулы қақтығысқа киліктіру әрекеттерінің бәріне де қарсылық көрсетуге шақырды. Меньшевиктердің қарулы көтеріліс туралы сөйлеген сөздері сияқты, бұл қарар да оппортунизм рухында болды. Съезд партияға одақтарды ұйымдастыруға жәрдем беру қажет деп тапқан кәсіпшілік одақтар туралы ымырашыл қарарды, шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқылаусыз қабылдады. Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде халықаралық Амстердам конгресінің қарарын мақұлдаумен шектелді.

Съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын жоққа шығарды. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым бірінші рет уставқа енгізілді.

Съезд Польша мен Литва социал-демократиясымен және латыш социал-демократиясымен бірігу туралы шешім қабылдады, олар РСДРП құрамына сол аймақтағы барлық ұлттың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйым ретінде кірді. Съезд Бундпен бірігу шартының жобасын да қабылдады, бірақ арнаулы қарарда пролетариаттың ұлттар бойынша ұйымдасуына үзілді-кесілді қарсы болды. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының инициативасы бойынша съезде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу жөнінде мәселе қойылды, бірақ оның ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық сипатына байланысты онымен келісім жасалмады. Россияның ұлттық социал-демократиялық партияларының РСДРП құрамында бірігуі съездің ірі жетістіктерінің бірі болды.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің редакциясы меньшевиктерден ғана құралды.

Съезд партия тарихына «Бірігу» съезі ретінде енді. Съезде партияның екі бөлегі — большевиктік және меньшевиктік бөлегі ресми түрде бірікті. Съезд жікке бөлінуді ресми түрде жоя отырып, партия ұйымдарының бірыңғай қимылын уақытша күшейтті, бірақ ол түбегейлі біріктіре алмады және біріктіре де алмайтын еді. Съезд алдында большевиктер мен меньшевиктер арасында болған күрес съезде мейлінше қыза түсті. Сондықтан, Лениннің сөзімен айтқанда, «съездің идеялық ірі ісі» бірігу болған жоқ, «социал-демократияның оң қанаты мен сол қанатының арасын неғұрлым

айқын аша түскендігі болды». Съездегі күрес партия бұқарасы алдында большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы принципті алауыздықтың мазмұны мен тереңдігін ашып берді.

Съезд материалдары партия мүшелеріне, саналы жұмысшыларга идеялық алауыздықты түсіне білуге, Лениннің революциялық багытын айқын да терең ұғынуға және меньшевиктердің оппортунизмін сезінуге мүмкіндік берді.

Ленин съезден кейін іле-шала большевик-делегаттардың атынан партияға үндеу жазды, онда IV съезд қабылдаған меньшевиктік шешімдерді принципті сынға алды; ол шешімдер большевиктердің қарсылығына қарамастан қабылданған болатын.

Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съезд жұмысына талдау жасады (қараңыз: Шығармалар, 10-том, 315—385-беттер).— *375.*

150 РСДРП IV (Бірігу) съезінің 2-мәжілісінде Біріккен Орталық Комитеттің жобасы жөніндегі съезд регламенті талқыланды. Съезд бюросына ұсынған мәлімдемелерді атап дауысқа қою жөніндегі мәселенің төңірегінде қызу айтыс болды. 2 ұсыныс енгізілді: большевик П. П. Румянцев (Шмидт) пен меньшевик М. А. Лурьенің (Лариннің) ұсыныстары. Съезд көпшілік дауыспен Румянцевтің ұсынысын қабылдады (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Апрель (апрель — май), 1906 жыл. Протоколдар». М., 1959, 11—16-беттер).— *378.*

151 РСДРП IV (Бірігу) съезінің 3-мәжілісінде күн тәртібі туралы мәселені талқылау үстінде меньшевик Ф. И. Дан ағымдағы кезеңге баға беру жөніндегі мәселені съездің күн тәртібіне енгізуге қарсы шықты.— *379.*

152 Партияның IV (Бірігу) съезіндегі Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі баяндамасы съездің протоколдарына енбеген және осы кезге дейін табылған жоқ. Негізінен меньшевиктер редакциялаған съезд протоколдарында Лениннің қазіргі кезең туралы мәселе жөніндегі баяндамасының және оның Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселе бойынша сөйлеген қорытынды сөзінің жазбалары да сақталмаған.— *381.*

153 Ленин бұл арада Маркстің «Жаңа Рейн Газетінің» 1848 жылғы 15 декабрьдегі 169-номерінде басылған мақаласының «*Барлық француз терроризмі буржуазия жауларын,* абсолютизмді, феодализмді және мещандықты *плебейлік әдіс* арқылы құрту болды, басқа еш нәрсе емес еді» деген жерін айтып отыр. Орысша аудармасын «Буржуазия және контрреволюция» деген мақаладан қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 114-бет).— *384.*

154 *Халық ерікшілері* — халықшыл-террористердің астыртын саяси ұйымы — «Халық еркінің» мүшелері, бұл ұйым халықшыл «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болды. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамында А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский, тағы басқалар болды. Халық ерікшілері, халықшыл утопиялық социализм позициясында болса да, самодержавиені құлатуды және саяси бостандықты жеңіп алуды ең маңызды міндет деп санап, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына берудің шараларын дайындауды көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым ілгері басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 191-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ олар «белсенді» батырлар мен «енжар» тобыр жөніндегі теріс теорияға сүйеніп, қоғамды қайта құруды халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке террор, үкіметті қорқыту, іріткі салу арқылы жүзеге асырмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан (II Александр өлтірілгеннен) кейін үкімет қатал қудалау, дарға асу және арандату әрекеттері арқылы «Халық еркі» ұйымын талқандады. Халық ерікшілерінің 80-жылдар бойына «Халық еркін» қайта жандандыру жолындағы көптеген әрекеттері нәтиже бермеді. Мәселен, 1886 жылы «Халық еркінің» дәстүрін ұстаған А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) және П. Я. Шевырев бастаған топ пайда болды. III Александрға қастандық жасау әрекеті сәтсіз аяқталғаннан кейін 1887 жылы топ ашылып, оның белсенді мүшелері дарға асылды.

В. И. Ленин халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын сынай отырып, «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметімен жанқиярлық күресін аса үлкен ізетпен атады, олардың астыртын жұмыс техникасын және қатаң түрде бір орталыққа бағындырылған ұйымын жоғары бағалады.— *385.*

155 К. Маркс. «Фейербах туралы тезистер» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 4-бет).— *390.*

156 *Ставрополь губерниясынан Мемлекеттік думаға депутат З. С. Мишинге аманат* «Русское Государство» газетінің 1906 жылғы 28 марттағы (10 апрельдегі) 47-номерінде басылды.

«Русское Государство» («Орыс Мемлекеті») — газет, үкімет органы, Петербургте 1906 жылы 1 (14) февральдан 15 (28) майға дейін шығып тұрды.— *391.*

157 Бұл арада большевиктердің РСДРП IV (Бірігу) съезіне дайындаған «Демократиялық революцияның қазіргі кезеңінде пролетариаттың таптық міндеттері» деген қарары жобасының екінші пункті айтылып отыр.— *394.*

158 *Легитимистер* — Францпядағы 1830 жылы құлатылған Бурбондар әулетін жақтаушылар, олар ірі мирасқорлық жер иеленушілік мүддені білдірді.

Орлеанистер — Францияда 1830 жылы өкімет басына келген Орлеан әулетінің жақтаушылары, олар финанс аристократиясы мен ірі буржуазияға сүйенді.— *396.*

159 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 77-бет.— *396.*

160 *Конвент* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезіндегі үшінші Ұлттық жиналыс. Конвент монархияны құлатқан 1792 жылғы 10 августағы халық көтерілісінің нәтижесінде Франциядағы ең жоғары өкілдік мекеме ретінде құрылды. Конвентке сайлау 1792 жылы август пен сентябрьде өткізілді. Сайланған Конвент депутаттары 3 топқа: якобиншілдер — сол қанат, жирондистер — оң қанат, «батпақ» — тұрақсыз көпшілік болып бөлінді. Конвент халық бұқарасының күштеуімен 21 сентябрьде елде корольдік өкіметтің жойылғандығын хабарлады, ал 22 сентябрьде Францияны республика деп жариялады. Конвент 1795 жылғы 26 октябрьге дейін өмір сүрді. Конвенттен жирондистер қуылғаннан кейінгі якобиндік диктатура дәуірінде (1793 ж. 31 май — 2 июньнен 1794 ж. 27 июльге дейін) Конвент өте жемісті қызмет істеді. Конвент феодализмді біржолата жойды, барлық контрреволюциялық және келісімпаз элементтерді аяусыз жазалады, шетел интервенциясына қарсы күрес жүргізді. Сонымен қатар Конвент жеке меншік правосының мызғымастығын қуаттады.

Контрреволюциялық төңкеріс жасалған 9 термидордан (1794 жылғы 27 июльден) кейін және III жылғы деп аталатын конституция қабылданғаннан кейін, 1795 жылғы 26 октябрьде, термидорлық Конвент таратылды.— *397.*

161 РСДРП IV (Бірігу) съезіне большевиктер және меньшевиктер Мемлекеттік думаға көзқарас туралы қарарларының жобаларын тапсырды. Дума сайлауынан бұрын жазылған бұл қарарлардың екі жобасы да осы мәселені съезде талқылағанға дейін ескіріп қалып, олардың орнына қарарлардың жаңа жобалары ұсынылды. Съездің жетінші мәжілісінде құрылған Дума туралы ортақ қарар дайындау жөніндегі құрамына Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Ленин, Ф. И. Дан, И. И. Скворцов-Степанов (Федоров), А. В. Луначарский (Воинов) және О. А. Ерманский (Руденко) енгізіл-

ген комиссия бір пікірге келе алмады, сөйтіп съезге екі қарар: меньшевиктік — Плехановтың, Аксельродтың, Данның және большевиктік — Лениннің, Скворцов-Степановтың, Луначарскийдің қарарлары ұсынылды. Большевиктік қарардың В. И. Ленин жазған жаңа жобасын съездің 16-мәжілісінде съезд председателі оқыды, съездің 17-мәжілісінде Дума туралы мәселе жөніндегі өзінің қосымша баяндамасында В. И. Ленин оны тағы да оқып берді. Мемлекеттік дума туралы қарардың жобасы IV (Бірігу) съезден кейін В. И. Ленин жазған соңғы сөзбен «Волна» газетінің 1906 жылғы 9 майдағы 12-номерінде жарияланды (қараңыз: Шығармалар, 10-том, 405-бет).— *398.*

162 Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде Лениннің съездің 17-мәжілісінде сөйлеген сөзін меньшевиктер Н. Н. Жордания (Костров) мен Н. Г. Чичинадзенің (Картвеловтың) теріс түсіндіруіне байланысты В. И. Ленин жазбаша мәлімдеме жасады. Лениннің: «...Тифлисте, меньшевиктік Кавказдың осы орталығында, солшыл кадет Аргутинскийдің өтуі ықтимал» (осы том, 404—405-беттер) деген сөзін меньшевиктер Тифлис социал-демократиялық ұйымы Думаға солшыл кадет Аргутинскийді өткізбекші болды деп жеткізген.

Осы жазбаша мәлімдемеде Ленин меньшевик О. А. Ерманскийдің (Руденконың) сөзіне нақты түзету жасады.

«Нақты ескертпе. Ұйым Екатеринославта Думаға бойкот жасауға және уәкілдер сайлауға қатысуға шақырды. Жұмысшылар мұны қисынсыз деп тауып, сайлаудан бас тартты», осы факт тұрғысынан түзетуді съездің сол мәжілісінде Ленин жасауы мүмкін; сондай-ақ мұның О. А. Ерманскийдің сөзіне де қатысы бар, ол өз сөзінде Екатеринославтағы меньшевиктердің Думаға сайлау мәселесі: уәкілдер сайлауға қатысу, бірақ Думаға бармау жөніндегі жартыкеш және қарама-қайшылықты позициясын теріс баяндады (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 285, 288—289-беттер).— *406.*

163 *М. В. Морозовтың* (Муратовтың — Самарқант ұйымынан делегат) және *А. Ф. Лапиннің* (Трофимовтың — Москва ұйымынан делегат) съездің 21-мәжілісінде енгізген *түзетуі* мынаны талап етті: партияның сайлауға қатыспауы себепті парламенттік социал-демократиялық топ құру жөніндегі мәселе «Думаға сайланған социал-демократтардың құрамын анықтағанда ғана және сайлау болып өткен аудандардағы барлық жұмысшы ұйымдары оларды таныған ғана шешілуі мүмкін» деп тапты («РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 352-бет). Съездегі меньшевиктік көпшілік бұл түзетуді қабылдамады.— *407.*

164 В. И. Ленин бұл арада съездің 21-мәжілісінде Думада социал-демократиялық фракция құру жөніндегі меньшевиктік

қарардың соңғы абзацын талқылауға байланысты болған қақтығысты айтып отыр. Н. Н. Накоряковтың (Стодолинның) енгізген түзетуін меньшевиктер қабылдамай тастағаннан кейін (23 дауысқа 47 дауыс қарсы) 10 большевик-делегат, ішінде Ленин де бар, осы мәселе бойынша атап дауысқа қоюды талап етті. Осыған байланысты Харьков ұйымының делегаты меньшевик Алексеенко большевиктер съезд қаулыларының беделділігіне қарсы үгіт материалын жинап, съезд жұмысына кедергі жасап отыр деп оларды айыптады. Бұған жауап ретінде съезде Ленин мен В. А. Десницкийдің (Сосновскийдің) жазбаша мәлімдемесі оқылды (қараңыз: осы том, 410-бет).— *411.*

165 РСДРП IV (Бірігу) съезінде большевиктер және меньшевиктер қарулы көтеріліс туралы қарарлардың бастапқы жобаларын тапсырған болатын. Большевиктер меньшевиктік қарарды «қарулы көтеріліске *қарсы»* қарар деп сипаттады. Мұны В. И. Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндамада» атап айтты (қараңыз: Шығармалар, 10-том, 373—378-беттер).— *411.*

166 Съездің 22-мәжілісінде В. П. Акимов (Махновец) «Қарулы көтеріліс туралы» баяндамасында қарулы көтеріліске тұрасынан әрі ашық қарсы шықты. Қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде ол ұсынған қарарды съезд қабылдамай тастады.— *413.*

167 Әңгіме қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарар жобасының бірінші пункті жайында болып отыр, онда былай делінген: «Мыналарды еске ала отырып: 1) Россия үкіметінің топастықпен қарысуы халықты одан өз правосын тартып алуға мәжбүр етеді...» Бұл тұжырым Плехановтікі болатын. Қарулы көтеріліс туралы қарар даіындау комиссиясында Плеханов бастапқы жобадағы «мемлекеттік өкіметті тартып алу» деген сөздің орнына «одан өз правосын тартып алу» деп жазуды талап етті. Акимов «мәжбүр етеді» деген сөзге қарсы шықты. Онымен келісу мақсатын көздеп, Плеханов бұл пунктті басқа тұжырымда ұсынды, бірақ ол тұжырым да Акимовты қанағаттандырмады. Содан соң, Плеханов комиссияда өз түзетулерінен біржола бас тартты. Бірақ съезд мәжілісінің нақ басталар алдында комиссияның меньшевиктік бөлегі съезге қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі қарардың Плеханов тұжырымдаған бірінші пунктін ұсынды. Түзетуге Ленин және съездің большевиктік бөлегі батыл қарсылық білдірді. Комиссия мүшесі баяндамашы Красин баяндаманы жалғастырудан бас тартты. Плеханов өз түзетуін алып тастауға мәжбүр болды.— *413.*

168 РСДРП IV (Бірігу) съезінің 24-мәжілісінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП-мен бірігуі туралы мәселе шешілді.— *414.*

169 *«Бұрынғы «большевиктер» фракциясында болған Бірігу съезі делегаттарының партияға үндеуін»* В. И. Ленин 1906 жылы 25—26 апрельде (8—9 майда), партияның Бірігу съезі жабылғаннан кейін іле-шала жазды. Үндеу большевик-делегаттардың Стокгольмдегі «Халық үйінде» болған кеңесінде талқыланып, қабылданды. Үндеуге ең ірі партия ұйымдарынан: Петербург, Москва, Иваново-Вознесенск, Нижегород-Сормово, Баку, Харьков, Уфа және басқа ұйымдардың өкілі ретінде съезге қатысқан 26 большевик қол қойды.— *416.*

170 РСДРП IV (Бірігу) съезінде партияның Ұйымдық уставының 7-пунктін талқылау үстінде партияның Орталық Комитеті мен Орталық Органы арасындағы қарым-қатынас жөніндегі мәселе алауыздық туғызды. Меньшевиктер Орталық Органның редакторларын съезде сайлап, оларға Орталық Комитетте саяси мәселелер талқыланғанда шешуші дауысқа ие болу правосын беруді талап етті. Большевиктер Орталық Орган редакциясын Орталық Комитеттің тағайындауын және редакцияны ауыстырып отыруға Орталық Комитеттің праволы болуын талап етті. Съездегі меньшевиктік көпшілік өз ұсынысын өткізді. 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезінде партия уставы қайта қаралған кезде бұл пункт большевиктік тұжырымда қабылданды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 196—198-беттер).— *421.*

171 *«Frankfurter Zeitung»* («Франкфурт Газеті») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы, 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы.— *425.*

172 *«Journal de Genève»* («Женева Газеті») — либералдық бағыттағы газет; 1826 жылдан шыға бастады.— *425.*

173 Әңгіме 1905 жылы 12 (25) октябрьде жаппай саяси ереуілге қосылу жөнінде қарар қабылдаған барлық мамандықтағы инженерлер мен техниктер одағының Москва бөлімшесінің жалпы жиналысы жайында болып отыр.— *426.*

174 *Седан* — Франциядағы қала, осы қала маңында 1870 жылы 1—2 сентябрьде Франция-Пруссия соғысы кезінде Пруссия әскері Мак-Магон қолбасшылық еткен француз армиясын күл-талқан етіп жеңді. Француз императоры III Наполеон бастаған 100 мыңнан астам адам тұтқынға түсті.

Ляоян — Маньчжуриядағы қала, осы қаланың түбінде 1904 жылы 17—21 августа (30 август — 3 сентябрьде) орыс-

жапон соғысы кезінде орыс армиясы жапондармен шайқаста жеңіліске ұшырап, Мукденге қарай шегінді, 17 мың адамынан айрылды.— *428.*

175 Әңгіме Министрлер советінің председателі болып тағайындалған С. Ю. Виттенің II Николайға баяндамасы жайында болып отыр. Патша баяндаманы 1905 жылы 17 (30) октябрьде Петергофта бекітті, онда 17 (30) октябрьдегі манифестің негізгі қағидалары сөз болады; баяндама «Правительственный Вестниктің» 1905 жылғы 18 (31) октябрьдегі 222-номерінде жарияланды.— *428.*

176 *«L'Indépendance Belge»* («Тәуелсіз Бельгия») — буржуазиялық күнделікті газет, 1831 жылы Брюссельде құрылды; либералдардың органы.— *429.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Британское рабочее движение и конгресс тред-юнионов. (Перевод с немецкого). Лондон, 10-го сентября. — «Пролетарий», Женева, 1905, № 23, 31 (18) октября, стр. 7, в отд.: Иностранное обозрение. — *27.*

В. В. — қараңыз: Воронцов, В. П.

В бюрократических сферах.— «Наша Жизнь», Спб. 1906, № 399, 21 марта (3 апреля), стр. 2. Подпись: Л. Л. — *313—314.*

В защиту гонимого. — «Без Заглавия», Спб., 1906, № 10, 26 марта, стр. 386—394. Подпись: Б—сов. — *341—342.*

В печати и обществе. — «Русь», Спб., 1905, № 27, 22 ноября (5 декабря), стр. 3. — *130.*

В Союзе союзов. [Решение Союза союзов об отношении к финансовому манифесту], — «Молва», Спб., 1905, № 2, 6 (19) декабря, стр. 3, в отд.: В союзах. — *175.*

«Вестник Партии Народной Свободы», Спб., 1906, № 5, 28 марта, стлб. 273—276. — *297.*

[*Витте, С. Ю.*] *Всеподданнейший доклад статс-секретаря графа Витте.*— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. —*428.*

Водовозов, В. Поражение правительства.—«Наша Жизнь», Спб., 1906, № 406, 29 марта (11 апреля), стр. 1—2. —*403.*

«Волна», Спб., 1906, № 12, 9 мая, стр. 3.— *400.*

*[*Воронцов, В. П.*] *В. В. Судьбы капитализма в России.* Спб., тип. Стасюлевича, 1882. 312 стр. — *47.*

«Вперед», Женева. — *258.*

— 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 1. — *258.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904] 397, II стр. (РСДРП). — *65, 90, 97—98, 124—125, 152, 153, 155—156, 227, 253, 255—256, 257—258, 259—260, 261, 262, 263, 267—268, 318, 391—392.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер мен мақалалар жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Выборная кампания. (От наших корреспондентов). Москва.— «Речь», Спб., 1906, № 30, 24 марта (6 апреля), ст. 5. — *292.*

Выборы. — «Русские Ведомости», М., 1906, № 76, 19 марта, стр. 4—5. — *296.*

Гервег, Г. Жилья и работы. — *2, 425.*

[*Гессен, В.*] *С.-Петербург, 20-го декабря.* — «Народная Свобода», Спб., 1905, № 5 (9144), 20 декабря (2 января 1906), стр. 1. —*177—179, 310.*

Главнейшие резолюции, принятые на Втором съезде Российской соц.-дем. рабочей партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], ст. 12—18. (РСДРП). — *90.*

Главнейшие резолюции, [*принятые на Третьем съезде Российской соц.-дем. рабочей партии*]. — В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XVI—XXVII. (РСДРП).— *90, 331—332.*

Глинка, С. Виновные найдены. — «Слово», Спб., 1906, № 382, 12 (25) февраля, стр. 1—2. — *265.*

Гоголь, Н. В. Мертвые души.— *127, 336.*

Гончаров, И. А. Обломов. — *53, 107.*

Государственная дума. [Ход выборов по городам]. — «Наша Жизнь», Спб., 1906, № 405, 28 марта (10 апреля), стр. 3. — *293.*

**Государственная дума и социал-демократия.* [Спб., «Пролетарское Дело»], 1906, 32 стр. — *289—290, 291—292, 294—295.*

[*Грингмут, В. А.*] *«Аграрный вопрос».* — «Московские Ведомости», 1906, № 42, 15 (28) февраля, стр. 1. Под общ. загл.: Москва, 14 февраля. — *264—265.*

Громан, В. Г. К аграрной программе российской социал-демократии.— «Правда», М. 1905, декабрь, стр. 243—260.— *261.*

**Дан, Ф. Государственная дума и пролетариат.*— В кн.: Государственная дума и социал-демократия. [Спб., «Пролетарское Дело»], 1906, стр. 9—32. —*289, 294.*

[*Даниельсон, Н. Ф.*] *Николай — он. Очерки нашего пореформенного общественного хозяйства.* Спб., тип. Бенкс, 1893. XVI, 353 стр.; XVI л. табл. — *47.*

Джон — қараңыз: Маслов, П. П.

Для характеристики чл. Гос[*ударственной*] *думы З. С. Мишина.*— «Русское Государство», Спб., 1906, № 47, 28 марта (10 апреля), стр. 1, в отд.: К выборам. — *391.*

«Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 3, ноябрь, стр. 1—23. — *182.*

— 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12. — *182—183, 184, 185—186, 221—222, 223, 224, 288—289, 360, 412.*

— 1906, № 5, март, стр. 1—20, 32—39. — *259, 260, 261—262, 265—266, 286, 287, 288, 289, 291, 319, 322, 396.*

— 1906, № 6, август. — *289.*

Добролюбов, Н. А. В прусском вагоне. — 16.

[*Доклад Петербургского комитета РСДРП на Петербургской общегородской конференции РСДРП 11 (24) февраля 1906 г.*]. Рукопись [1]. — *196.*

Долгоруков, П. Аграрная волна. (Из уездных наблюдений). — «Право», Спб., 1906, № 2, 15 января, стлб. 90—99. — *186.*

«Заря», Stuttgart. — *255, 367.*

— 1901, № 2—3, декабрь, стр. 60—100.— *367.*

— 1902, № 4, август, стр. 11—39, 152—183. — *257, 260, 264, 269—270.*

Значение столичных выборов. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10783, 22 марта (4 апреля), стр. 3. — *297.*

«Известия Совета Рабочих Депутатов», Спб., — *77, 104.*

— 1905, № 3, 20 октября, стр. 1. — *77, 78.*

[1] Бірінші рет мына журналда жарияланған: «Пролетарская Революция», М., 1930, № 12, 176—177-беттер.

---

[1] 1906 жылы бұл мақаланың аудармасы бірнеше рет басылып шыққандықтан В. И. Лениннің қай басылымды айтып отырғанын анықтау мүмкін болмады.

Конференция социал-демократических организаций в России. Резолюция о Государственной думе. — «Пролетарий», Женева, 1905, № 22, 24 (11) октября, стр. 1.— *7—8, 17, 18.*

Крылов, И. А. Лебедь, Щука и Рак. — 307.

— *Любопытный.— 256.*

Кто дал успех кадетам.— «Молва», Спб., 1906, № 19, 23 марта (5 апреля), стр. 2.— *298.*

Кускова, Е. П. Б. Струве и рабочие. — «Без Заглавия», Спб., 1906, № 10, 26 марта, стр. 405—413, в отд.: Печать. — *365.*

[*Ленин, В. И.*] *Аграрная программа русской социал-демократии.*— «Заря», Штутгарт, 1902, № 4, август, стр. 152—183. Подпись: Н. Ленин. — *257, 269.*

— *Бойкот булыгинской Думы и восстание.* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 12, 16 (3) августа, стр. 1.— *7.*

— *Бойкотировать ли Государственную думу?* [Дан, Ф.] Почему мы против бойкота выборов? [Листовка]. Изд. Объединенного Центрального Комитета. Б. м., тип. Объедин. Центр. Комитета, [январь 1906]. 1 стр. — *289.*

— *Буржуазия сытая и буржуазия алчущая.*— «Пролетарий». Женева, 1905, № 20, 10 октября (27 сентября), стр. 2—3.— *12.*

— *Вооруженное восстание.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 6—7. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — *411, 412.*

— *Всероссийская политическая стачка.* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 23, 31 (18) октября, стр. 1—2. — *5, 29, 74.*

— *Выступления при обсуждении пунктов 7 и 8 проекта резолюции* [*о тактике бойкота.* Петербургская общегородская конференция РСДРП (II). Конец февраля — начало марта 1906 г.]. Рукопись [1]. — *205, 207.*

— *Г. Струве, изобличенный своим сотрудником.* — «Искра», [Лондон], 1903, № 37, 1 апреля, стр. 2—3. —*367.*

— *Гонители земства и Аннибалы либерализма.* — «Заря» Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 60—100. Подпись: Т. П. — *367.*

[1] Бірінші рет мына журналда жарияланған: «Пролетарская Революция», М., 1931, № 1, 138—141-беттер.

*— *Государственная дума и социал-демократическая тактика.*— В кн.: Государственная дума и социал-демократия. [Спб., «Пролетарское Дело»], 1906, стр. 1—8. Подпись: Н. Ленин.— *291—292.*

— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *14.*

— *Доклад по аграрному вопросу на IV (Объединительном) съезде РСДРП* [1]. — *386—387.*

— *Задачи русских социал-демократов.* С предисл. П. Аксельрода. Изд. РСДРП. Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898. 32 стр. Перед загл. кн. авт. не указан.— *255.*

— *К деревенской бедноте.* Объяснение для крестьян, чего хотят социал-демократы. С прил. проекта программы РСДРП. Изд. Загран. лиги русск. рев. соц.-дем. Женева, тип. Лиги, 1903, 92 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *257.*

— *Ответ на критику нашего проекта программы.* — В кн.: [Маслов, П. П.] Икс. Об аграрной программе. [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Ответ на критику нашего проекта программы. Изд. Лиги русск. рев. с.-д. Женева, тип. Лиги, 1903, стр. 26—42. (РСДРП). Подпись: Н. Ленин. — *257, 264, 267, 280.*

— *Отношение к буржуазным партиям.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 7—8. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии.— *404—405.*

— *Первая победа революции.* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 24, 7 ноября (25 октября), стр. 1. — *59, 74.*

— *Первые итоги политической группировки.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 23, 31 (18) октября, стр. 1—2. — *17.*

— *Пересмотр аграрной программы рабочей партии.* № 1. Спб., «Наша Мысль», 1906. 31 стр. — *234, 383, 385, 387—388, 389—390, 391.*

[*Ленин, В. И.*] *Письменное заявление на 21-м заседании съезда.* [Объединительный съезд РСДРП 10 (23) апреля — 25 ап-

[1] Баяндама тексті сақталмаған.

Манифест. — «Новая Жизнь», Спб., 1905, № 27, 2 декабря, стр. 1. — *175.*

Манифест [*и основные положения о составлении, рассмотрении и обнародовании законов, издаваемых для империи со включением Вел. кн. Финляндского*]. 3 (15) февраля 1899 г. — «Правительственный Вестник», Спб., 1899, № 28, 5 (17) февраля, стр. 1. — *82.*

Манифест [*об изменении учреждения Государственной думы и Государственного совета*]. 20 февраля (5 марта) 1906 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 41, 21 февраля (6 марта), стр. 1. — *213.*

Манифест [*об учреждении Государственной думы*]. 6 (19) августа 1905 г. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1. — *9, 172, 173, 212.*

Манифест. 17 (30) октября 1905 г. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *28, 31, 32, 33, 38, 39, 56, 74, 77, 78, 79, 83—84, 116, 131, 133, 157, 178, 211, 383.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Обращение того же Центрального Комитета к Союзу. Июнь 1850 г. Центральный Комитет Союзу.— В кн.: Маркс, К. Кёльнский процесс коммунистов. С введен. Ф. Энгельса и документами. Пер. с нем. Спб., «Молот», 1906, стр. 117—120, в отд.: IX. Приложение. — *218, 228.*

— *Обращение Центрального Комитета к Союзу, март 1850 г.* Центральный Комитет — Союзу. — В кн.: Маркс, К. Кёльнский процесс коммунистов. С введен. Ф. Энгельса и документами. Пер. с нем. Спб., «Молот», 1906, стр. 105—117, в отд.: IX. Приложение. — *218—219.*

Маркс, К. Буржуазия и контрреволюция. Н—қараңыз: Marx, K. Köln, 11. Dezbr.

— *Кёльнский процесс коммунистов.* С введен. Ф. Энгельса и документами. Пер. с нем. Спб., «Молот», 1906, 125 стр. — *218—219, 228.*

— *Послесловие* [к книге «Кёльнский процесс коммунистов»].— В кн.: Маркс, К. Кёльнский процесс коммунистов. С введен. Ф. Энгельса и документами. Пер. с нем. Спб., «Молот», 1906, стр. 102—105. — *219.*

[*Мартов, Л.*] [*Резолюция о выборах в Государственную думу, внесенная на Петербургской общегородской конференции*

[1] Қарар сақталмаған.

---

[1] Жоба сақталмаған.

[1] Жоба сақталмаған.

«Освобождение», Штутгарт — Париж. — *14, 18, 19, 53, 145, 330, 358, 360, 367.*

«Освобождение», Париж, 1905, № 74, 26 (13) июля, стр. 398—402. — *360.*

Парвус. [Предисловие к книге: Троцкий, Н. До девятого января]. — В кн.: [Троцкий, Л. Д.] До девятого января. С предисл. Парвуса. Женева, тип. партии, 1905, стр. I—XIV. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троцкий. — *227—228, 353—354, 370.*

«Партийные Известия», [Спб.]. — *405.*

— 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9, 9—11, 12. — *229, 327—328, 364—365, 369, 370, 381—382, 386, 387—388, 389, 394, 395, 405, 411—412.*

Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП) — *14, 19, 96, 100, 183—184, 185—186, 258.*

Петербургские вести. [Речь Николая II к депутации дворян Владимирской губернии]. — «Московские Ведомости», 1906, № 41, 14 (27) февраля, стр. 4.— *264—265.*

[*Письмо делегатов Совета рабочих депутатов, членов партии соц.-революционеров.* 27 октября 1905 г.]. — «Новая Жизнь», Спб., 1905, № 4, 30 октября, стр. 3, в отд.: Письма в редакцию. — *67.*

Письмо «Рабочего, одного из многих» — қараңыз: Ко всем сознательным товарищам рабочим.

Плеханов, Г. В. Всероссийское разорение. (Отдельный оттиск из № 4 «Социал-Демократа»). Женева, тип. «Социал-Демократа», 1892. 37 стр.— *254.*

— *Всероссийское разорение* — «Социал-Демократ», Женева, 1892, кн. 4, стр. 65—101.— *254.*

— *Еще о нашем положении.* (Письмо к товарищу X.). — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12. — *182—183, 184, 185—186, 221, 222, 223—224, 288—289, 360, 412.*

— *К аграрному вопросу в России.* — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1906, № 5, март, стр. 1—20. — *259, 260, 265—266.*

— *Наше положение.* — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 3, ноябрь, стр. 1—23. — *182.*

— *Наши разногласия.* Женева, тип. группы «Освобождение труда», 1884. XXIV, 322 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. III). — *44—45.*

— *О выборах в Думу.* (Ответ товарищу С.). — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1906, № 5, март, стр. 32—39. — *286, 287, 288, 289, 290—291, 319, 322, 396.*

— *О задачах социалистов в борьбе с голодом в России.* (Письма к молодым товарищам). Женева, тип. «Социал-Демократа», 1892. 89 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. 10). — *254.*

— *Программа социал-демократической группы «Освобождение труда».* Женева, тип. группы «Освобождение труда», 1884. 10 стр.— *99, 253—254.*

— *Проект программы Российской социал-демократической партии.* — «Заря», Stuttgart, 1902, № 4, август, стр. 11—39, в отд.: А. — *260, 261, 264.*

Плоды кружковщины. — «Искра», [Женева], 1905, № 112, 8 октября, стр. 4. — *17, 18.*

Под первым впечатлением. — «Наша Жизнь», Спб., 1906, № 401, 23 марта (5 апреля), стр. 3. Подпись: Я. Л. — *298.*

Политические партии. — «Товарищ», Спб., 1906, № 1, 15 (28) марта, стр. 2. Подпись: А. Р. — *366.*

«Полярная Звезда», Спб. — *336, 344, 358.*

— 1905, № 1, 15 декабря, стр. 15—17, 86—89. — *350, 367.*

— 1905, № 2, 22 декабря, стр. 146—155. — *336.*

— 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228. — *301—302, 350, 367.*

— 1906, № 6, 19 января, стр. 379—382.— *350, 367.*

— 1906, № 10, 18 февраля, стр. 687—705, 715—724, 733—737. — *301—302, 303, 306.*

[*Португалов, В.*] *Вне «большинства» и «меньшинства».* — «Наша Жизнь», Спб., 1906, № 405, 28 марта (10 апреля), стр. 2. Подпись: В. П. — *365.*

— *Уполномоченные от рабочих и рабочая партия.*— «Наша Жизнь», Спб., 1906. № 399, 21 марта (3 апреля), стр. 1. Подпись: В. П. — *365.*

Порядок дня [IV (Объединительного) съезда РСДРП]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 3. — *380.*

Постановления II съезда [конституционно-демократической партии] 5—11 января 1906 г. и программа. Спб., 1906. 32 стр. — *303.*

Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906]. 4 стр. (РСДРП).— *418—419.*

Постановления и резолюции [IV (Объединительного)] съезда [РСДРП]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 413—420, в отд.: Приложение II. — *418, 420, 421.*

Постановления съездов крестьянского союза (Учредительного 31 июля — 1 августа и 6—10 ноября 1905 г.). Изд. Северного Обл. Бюро содействия крестьянскому союзу (в С.-Петербурге). Спб., тип. Клобукова, 1905, 16 стр. (Всероссийский крестьянский союз). — *86, 102, 265.*

«Правда», М., 1905, декабрь, стр. 243—260. — *261—262.*

— 1906, кн. II, январь, стр. 74—75. — *259, 260.*

Правительственное сообщение. [Речь Николая II к депутации крестьян Щигровского у. Курской губ.].— «Московские Ведомости», 1906, № 18, 21 января (3 февраля), стр. 2. в отд.: Постановления и распоряжения правительства.— *264—265.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1899, № 28, 5 (17) февраля, стр. 1.— *82.*

— 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1.— *8—9, 172, 173, 212.*

— 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1.— *28, 31, 32. 33, 38, 39, 55—56, 74, 77, 78, 79—80, 84, 116, 131, 133, 157, 177—178, 211, 383, 428.*

— 1905, № 263, 13 (26) декабря, стр. 1.— *171—172, 173, 174, 212, 398.*

— 1906, № 41, 21 февраля (6 марта), стр. 1—2.— *213.*

— 1906, № 57, 11 (24) марта, стр. 1.— *290—291.*

«Право», Спб., 1906, № 2, 15 января, стлб. 90—99.— *186.*

Программа и организационный устав партии социалистов-революционеров, утвержденные на первом партийном съезде. Изд. Центрального комитета п. с.-р. Б. м., тип. партии соц.- рев., 1906. 32 стр.— *123.*

Программа конституционно-демократической партии, выработанная учредительным съездом партии 12—18 октября 1905 г. Б. м., [1905]. 1 стр.— *300, 301.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *65, 89, 97—98, 124—125, 152, 153, 155—156, 226—227, 253, 255—256, 257—258, 259, 260, 261—262, 267—268, 317—318, 391—392.*

Программа Российской социал-демократич. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— «Новая Жизнь», Спб., 1905, № 1, 27 октября. Приложение к № 1 «Новой Жизни», стр. 1.— *56.*

Проект программы, выработанный группой «Борьба».— В кн.: Материалы для выработки партийной программы. Вып. III. Наша программа. Проект программы группы «Борьба» и комментарий к ней. Изд. группы «Борьба». Женева, 1903, стр. 3—9. (РСДРП).— *256.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»).— «Искра», [Лондон], 1902, № 21, 1 июня, стр. 1—2.— *255, 257.*

Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры».— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 9—11.— *327—328, 364—365, 369, 370, 386—387, 395, 413.*

[*Проект условий объединения Лат. СДРП с РСДРП, принятый на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 353—354.— *416.*

[*Проект условия объединения Бунда с РСДРП, принятый на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— Там же, стр. 362—363.— *415, 416.*

«Пролетарий», Женева.— *14—15, 17—18, 28, 105, 229, 233.*

— 1905, № 12, 16 (3) августа — № 23, 31 (18) октября.— *7.*

— 1905, № 12, 16 (3) августа, стр. 1.— *7.*

— 1905, № 20, 10 октября (27 сентября), стр. 2—3.— *12.*

«Пролетарий», 1905, № 21, 17 (4) октября, стр. 2—5.— *8.*

— 1905, № 22, 24 (11) октября, стр. 1.— *7—8, 17, 18.*

— 1905, № 23, 31 (18) октября, стр. 1—2, 3, 7.—*5, 17, 27, 29, 51, 74.*

— 1905, № 24, 7 ноября (25 октября), стр. 1.— *58—59, 74.*

— 1905, № 25, 16 (3) ноября, стр. 2—3.— *85—86.*

Протокол Учредительного съезда Всероссийского крестьянского союза. Спб., тип. Фридберга, 1905. 48 стр.— *265.*

Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907. VI, 420 стр.— *378, 379, 380, 381, 382, 383—384, 385, 386—387, 388, 389—390, 393, 395—396, 397, 400, 401, 402—403, 404, 406, 407, 408, 409, 410, 411, 412—413, 415, 416, 418, 419, 420, 421.*

Протоколы Петербургской общегородской конференции РСДРП. 11 (24) февраля 1906 г. Рукопись [1].— *193, 194, 195, 196, 197.*

Протоколы Петербургской общегородской конференции РСДРП (II). Конец февраля — начало марта 1906 г. Рукопись [2].— *201, 202, 204, 205, 207.*

Пушкин, А. С. Сказка о царе Салтане, о сыне его славном и могучем богатыре князе Гвидоне Салтановиче и о прекрасной царевне Лебеди.— 78—79, 351.

Р. Б. Классовая борьба и классовая организация.— «Наша Жизнь», Спб., 1905, № 336, 17 (30) ноября, стр. 2.— *122.*

«Рабочая Мысль» [Спб.— Берлин — Варшава — Женева].— *15.*

Рабочие о партийном расколе. Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 9, IV стр. (РСДРП).— *88, 96—97.*

Рабочий. Рабочие и интеллигенты в наших организациях. С предисл. П. Аксельрода. Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. 56 стр. (РСДРП).— *88.*

---

[1] Бірінші рет мына журналда жарияланған: «Пролетарская Революция». М., 1930, № 12, 158—185-беттер.

[2] Бірінші рет мына журналда жарияланған: «Пролетарская Революция». М., 1931, № 1, 130—147-беттер.

Радин, Б. Об организации. II. Совет рабочих депутатов или партия?— «Новая Жизнь», Спб., 1905, № 5, 1 ноября, стр. 1.— *63.*

«Революционная Россия», [Женева], 1905, № 75, 15 сентября, стр. 1—3.— *43, 46—47, 431, 432.*

Революция в Финляндии.— «Новое Время», Спб., 1905, № 10639, 23 октября (5 ноября), стр. 5—6.— *82.*

Резолюции, принятые [первой общерусской] конференцией [партийных работников].— В кн.: Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905, стр. 15—28. (РСДРП).— *19.*

Резолюция [Исполнительного Комитета Совета рабочих депутатов].— «Новая Жизнь», Спб., № 21, 25 ноября, стр. 2, в отд.: Хроника.— *135, 136, 137.*

Резолюция конференции большинства. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [декабрь 1905]. 2 стр.— *165, 171—172, 176—177.*

Резолюция о вооруженном восстании. [Главнейшие резолюции, принятые на Третьем съезде РСДРП] — қараңыз: Ленин, В. И. Резолюция о вооруженном восстании.

Резолюция об отколовшейся части партии. [Главнейшие резолюции, принятые на Третьем съезде РСДРП].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XXI—XXII. (РСДРП).— *96.*

Резолюция об отношении к крестьянскому движению. [Главнейшие резолюции, принятые на Третьем съезде РСДРП].— Там же, стр. XX—XXI. (РСДРП).— *100, 183, 185—186, 258—259.*

[*Резолюция Охтинского района о выборах в Государственную думу, внесенная на Петербургской общегородской конференции РСДРП (II).* Конец февраля — начало марта 1906 г.] Рукопись [1].— *201.*

Резолюция Учредительной конференции южных организаций по поводу Государственной думы.— «Искра», [Женева], 1905, № 111, 24 сентября, стр. 6.— *8.*

«Речь», Спб., 1906, № 30, 24 марта (6 апреля), стр. 1—2, 5.— *292, 311, 315, 355.*

[1] Бірінші рет мына журналда жарияланған: «Пролетарская Революция», М., 1931, № 1, 131-бет,

Струве, П. Б. Две России.— «Полярная Звезда», Спб., 1906, № 6, 19 января, стр. 379—382.— *350, 367.*

— *Заметки публициста.* Съезд союза 17-го октября и созыв Государственной думы.— «Полярная Звезда», Спб., 1906, № 10, 18 февраля, стр. 733—737.— *306.*

— *Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России.* Вып. I. Спб., тип. Скороходова, 1894. X, 293 стр.— *358.*

— *Революция.*— «Полярная Звезда», Спб., 1905, № 1, 15 декабря, стр. 5—17.— *350.*

[*Суворов, С. А.*] *Борисов.* [*Проект аграрной программы*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 55—56.— *390.*

[*Текущий момент*]. Сборник. М, тип. Поплавского, 1906. [291] стр.— *259, 260, 261—262, 285.*

«Товарищ», Спб.— *366.*

— 1906, № 1, 15 (28) марта, стр. 2.— *366.*

[*Требования солдат воинских частей г. Петербурга*].— «Новая Жизнь», Спб., 1905, № 13, 15 ноября, стр. 3. Под общ. загл.: Среди солдат.— *117—118.*

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX. 400 стр. (РСДРП).— *87, 88, 89, 90, 95, 96, 100, 183—184, 185—186, 258, 331—332.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *До девятого января.* С предисл. Парвуса. Женева, тип. партии, 1905. XIV, 64 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троцкий.— *227—228, 353—354, 370.*

— *Петербург, 20 окт.*— «Известия Совета Рабочих Депутатов», [Спб.], 1905, № 3, 20 октября, стр. 1.— *77, 78—79.*

1905 год. Внутреннее управление. Право и суд. Народное хозяйство и финансы — «Русские Ведомости», М., 1906, № 1, 1 января, стр. 3—5.— *341.*

Указ правительствующему Сенату [*о временных правилах об ограждении свободы и правильности выборов в Государ-*

ственный совет и Государственную думу].— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 57, 11 (24) марта, стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *290.*

Указ правительствующему Сенату [*о пересмотре учреждения Государственной думы*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 41, 21 февраля (6 марта), стр. 2.— *213.*

Указ правительствующему Сенату [*о переустройстве Государственного совета*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 41, 21 февраля (6 марта), стр. 1—2.— *213.*

Указ правительствующему Сенату [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *171—172, 173, 174, 212, 398.*

[*Условия слияния СДПиЛ с РСДРП, принятые на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 345—348.— *416.*

Устав партии, [*принятый на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XXVIII—XXIX. (РСДРП).— *87, 88.*

Участникам земско-городского съезда.— «Русь», Спб., 1905, № 27, 22 ноября (5 декабря), стр. 2.— *129—130.*

Финн-Енотаевский, А. Ю. По поводу «социализации» и муниципализации земли.— «Мир Божий», Спб., 1906, № 1, январь. стр. 63—81, в отд.: 2.— *259, 260, 261.*

Ходский, Л. Как относиться к выборам в Государственную думу.— «Народное Хозяйство», Спб., 1905, № 10, 25 декабря (7 января 1906), стр. 3.— *166.*

Энгельс, Ф. К истории «Союза коммунистов».—В кн.: Маркс, К. Кёльнский процесс коммунистов. С введен. Ф. Энгельса и документами. Пер. с нем. Спб., «Молот», 1906, стр. 3—24.— *219.*

«Berliner Reform», 1865, N 53, 3. März, S. 2.— *354—355.*

— N 67, 19. März. Beilage, S. 2.— *354—355.*

Bildung von Nationalgarden.— «Neue Freie Presse», Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 5.— *82.*

Bürger, H. Soziale Tatsachen und sozialdemokratische Lehren. Ein Büchlein für denkende Menschen, besonders für denkende Arbeiter. Charlottenburg, Münch, 1902. 32 S.— *373.*

A constitution granted. Count Witte prime-minister. (From a correspondent).— «The Times», London, 1905, N 37,852, October 31, p. 5. Under the general title: Colonial and foreign intelligence. The crisis in Russia.— *28, 32, 428.*

«The Daily Telegraph», London — Manchester.— *5.*

«Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, Lfrg. 1—2, S. 71—85.— *150.*

Einberufung des finländischen Landtages.— «Neue Freie Presse», Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 5.— *82.*

Eisenbahnattentät der verjagten Gendarmen.—«Neue Freie Presse», Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 5.— *82.*

***Engels, F. Einleitung* [zur Arbeit von K. Marx «Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850].— In: Marx, K. Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850. Abdr. aus der «Neuen Rheinischen Zeitung». Mit Einl. von F. Engels. Berlin, «Vorwärts», 1895, S. 3—19.— *224.*

**— *Internationales aus dem Volksstaat (1871—75).* Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894. 72 S.— *153.*

**— *Ludwig Feuerbach und der Ausgang der klassischen deutschen Philosophie.* Revidierter sonder. Abdr. aus der «Neuen Zeit». Mit Anhang: Karl Marx über Feuerbach vom Jahre 1845. Stuttgart, Dietz, 1888. VII, 72 S. — *390.*

** В. И. Лениннің нақ қай басылымды айтып отырғанын анықтауға болмаған жағдайларда, шығармалардың бірінші басылымдары екі жұлдызшамен белгіленді.

**—*Marx und die «Neue Rheinische Zeitung» 1848—49.*— «Der Sozialdemokrat», Zürich, 1884, N 11, 13. März, S. 1—3. — *354—355.*

**—*Notiz über das Erscheinen der preußischen Militärfrage und die deutsche Arbeiterpartei.*— «Berliner Reform», 1865, N 53, 3. März, S. 2. — *354—355.*

**—*Die preußische Militärfrage und die deutsche Arbeiterpartei.* Hamburg, Meißner, 1865. 56 S.— *354—355.*

**—*Programm der blanquistischen Kommune—Flüchtlinge.* (Volksstaat, 1874, N 73). — In: Engels, F. Internationales aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin„ Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894, S. 40—46.— *153.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main, 1905, 26. Oktober. — *425.*

«Hermann», London, 1865, 18, März. — *354—355.*

[*In Kasan*]. (Telegramm der «Neuen Freien Presse»). Petersburg.— «Neue Freie Presse», Abendblatt, Wien, 1905, N 14800, 4. November, S. 2. — *81.*

[*In Twer*]. (Telegramm der «Neuen Freien Presse»). Petersburg — «Neue Freie Presse», Abendblatt, Wien, 1905, N 14800, 4. November, S. 2. — *81.*

«L'Indépendance Belge», Bruxelles, 1905, 30 octobre. — *429.*

«Journal de Genève», 1905, 26 octobre.— *425, 426.*

**Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S. — *274.*

— *Die Agrarfrage in Rußland.* — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1905—1906, Jg. 24, Bd. 1, N 13, S. 412—423. — *221, 259, 261.*

— *Die Aussichten der russischen Revolution.* — «Vorwärts», Berlin, 1906, N 23, 28. Januar, S. 1. Unterschrift: K. K. — *221, 222—225.*

— *Finis Poloniae?* — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 42, S. 484—491; N 43, S. 513—525. — *270—271.*

Lassalle, F. Was nun? Zweiter Vortrag über Verfassungswesen. Zürich, Meher u. Zeller, 1863, 41 S. — *321.*

Luxemburg, R. Neue Strömungen in der polnischen sozialistischen Bewegung in Deutschland und Österreich. — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 32, S. 176—181; N 33, S. 206—216. — *270—271.*

— *Der Sozialpatriotismus in Polen.* — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 41, S. 484—491. — *270—271.*

Le Manifeste Nicolas II. — «Le Temps», Paris, 1905, N 16205, 1 novembre. Sous le titre général: Bulletin de l'Étranger. — *32—33.*

Mares, R. de. La Russie rouge.— «L'Indépendance Belge», Bruxelles, 1905, 30 octobre. — *429.*

***Marx, K. u. Engels, F. Erklärung über Kundigung der Mitarbeit am Sozial-Demokrat.* — «Sozial-Demokrat», Berlin, 1865, N 29, 3. März, S. 4. — *354—355.*

**—*Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels.* 1841 bis 1850. Bd. 3. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491, S. (In: Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. 3). — *354—355.*

**—*Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S. — *122.*

**—*Revolution and counter-revolution or Germany in 1848.* By K. Marx. Ed. by E. Marx Aveling. London, Sonnenschein, 1896. XI, 148 p. — *224.*

**—*Revue.* Mai bis Oktober. — «Neue Rheinische Zeitung», London — Hamburg — New York, 1950, Hft. 5—6, Mai — Oktober, S. 129—180.— *219—220, 226.*

***Marx, K. Erklärung.* London, 15. März 1865. — «Berliner Reform», 1865, N 67, 19, März. Beilage, S. 2.— *354—355.*

**—*Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I—III. Hamburg, Meißner, 1867—1894. — *349.*

*—*Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894, IV, 422 S. — *47.*

**—*Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850.* Abdr. aus der «Neuen Rheinischen Zeitung». Mit Einl, von F. Engels. Berlin, «Vorwärts», 1895. 112 S. — *224, 371, 396.*

**—*Köln, 11. Dezbr.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 169, 15. Dezember, S. 1—2. In der Abt.: Deutschland. — *384.*

**—*Marx über Feuerbach (niedergeschrieben in Brüssel im Frühjahr 1845).* — In: Engels. F. Ludwig Feuerbach und der Ausgang der klassischen deutschen Philosophie. Revidierter sonder. Abdr. aus der «Neuen Zeit». Mit Anhang: Karl Marx über Feuerbach vom Jahre 1845. Stuttgart, Dietz, 1888, S. 69—72. — *390.*

**—*Die Rezension des Buches:* Die preußische Militärfrage und die deutsche Arbeiterpartei. Von Friedrich Engels (Hamburg, Otto Meißner). — «Hermann», London, 1865, 18, März, in Abt.: Kunst und Literatur. — *354—355.*

**—*Second Address of the General Council of the International Working-Men's Association on the War.* To the members of the International Working-Men's Association in Europe and the United States. London, September 9th, 1870. 4 p. — *183.*

**—*Zur Kritik der Hegel'schen Rechts-Philosophie.* Einleitung.— «Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, Lfrg. 1—2, S. 71—85. — *150.*

Massenverhaftungen von Matrosen. (Telegramm der «Neuen Freien Presse»). — «Neue Freie Presse», Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 5. — *82.*

«Neue Freie Presse», Abendblatt, Wien, 1905, N 14800, 4. November, S. 2. — *81.*

— Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 4. 5. — *82, 83.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 165, 15. Dezember, S. 1—2. — *384.*

«Neue Rheinische Zeitung», London — Hamburg — New York, 1850, Hft. 5—6, Mai — Oktober, S. 129—180. — *219—220, 226.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 32, S. 176—181; N 33, S. 206—216; N 41, S. 459—470. — *270.*

«Die Neue Zeit», 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 42, S. 484—491; N 43, S. 513—525. — *270—271.*

— 1905—1906, Jg. 24, Bd. 1, N 13, S. 412—423. — *221, 259, 260—261.*

Radikale Strömungen in Petersburg. — «Neue Freie Presse», Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 4. — *82, 83.*

Reform in Russia. (From a correspondent). St Petersburg, Oct. 23.— «The Times», London, 1905, N 37,846. October 24, p. 5. — *22.*

«Social-Demokrat», Berlin, 1865, N 29, 3. März, S. 4 — *354—355.*

«Der Sozialdemokrat», Zürich, 1884, N 11, 13. März, S. 1—3. — *354—355.*

«Le Temps», Paris.— *32, 51.*

— 1905, 26 octobre. — *425.*

— 1905, N 16205, 1 novembre.— *32—33.*

«The Times», London. — *5.*

— 1905, N 37,842, October 19, p. 9.— *11.*

— 1905, N 37,846, October 24, p. 5. — *22.*

— 1905, N 37,852, October 31, p. 5. — *28, 32, 428.*

The Tsar and the reformers. (From a correspondent).— «The Times», London, 1905, N 37,842, October 19, p. 9. Under the general title: Colonial and foreign intelligence. — *11.*

Die Volkserhebung in Finnland. Russische Kriegsschiffe und Truppen für Finnland.— «Neue Freie Presse», Morgenblatt, Wien, 1905, N 14801, 5. November, S. 5. — *81—82.*

«Vorwärts», Berlin, 1906, N 23, 28. Januar, S. 1. — *221, 222—225.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

---

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кең көлемді жұмысшы съезін шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде — меньшевиктерден Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде баяндамашы, Россиядағы пролетариат пен буржуазияның саяси ынтымағы идеясын қорғады. Реакция жылдарында — жойымпаздық басшыларының бірі, меньшевик-жойымпаздардың «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады. — *88, 401, 402.*

III Александр (Романов) (1845—1894) — орыс императоры (1881—1894).— *273, 348.*

Аргутинский-Долгоруков, А. М. (1860—1918) — князь, земство қозғалысының көрнекті қатысушыларының бірі, солшыл кадет, кейінірек эсер. 1906 жылы Тифлисте радикал партияның жергілікті ұйымын басқарды, осы партия атынан I және II Мемлекеттік думаларға дауысқа түсті, бірақ өтпей қалды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эсерлердің тізімі бойынша Тифлис қалалық думасына мүшелікке өтті, бірақ басқарма құрамына мүшелікке енгізілмеді. Кейінірек Петроградқа барып, Петроград қалалық басқармасының азық-түлік бөлімінің меңгерушісі болды. — *405, 406.*

Б

Бауман, Н. Э. (Сарафский, Сорокин) (1873—1905) — профессионал революционер, большевиктік партияның аса көрнекті қайраткері. Революциялық қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында Қазанда бастады; 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» жұмысына белсене қатысты, Нарва ауданындағы жұмысшылар арасында насихат жүргізді. 1897 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалында 22 ай қамауда отырғаннан кейін Вятка губерниясына жер аударылды; 1899 жылдың октябрінде Швейцарияға эмиграцияға кетіп, «Шетелдегі орыс социал-демократтарының ода-

ғына» кірді, «экономизммен» күреске белсене қатысты. 1900 жылы «Искра» ұйымының негізін салушылардың бірі болды, 1901—1902 жылдары Москвада оның агенті болып жұмыс істеді; 1902 жылғы февральда тұтқынға алынды, 18 (31) августа бір топ социал-демократтармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шықты. РСДРП II съезінде — Москва комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. 1903 жылғы декабрьде Москваға қайтып оралды, партияның Москва комитетін басқарды, сонымен бір мезгілде партияның Орталық Комитетінің Солтүстік бюросына басшылық етті, өз пәтерінде астыртын баспахана ашты. 1904 жылғы июньде тұтқынға алынып, 1905 жылғы октябрьде босатылды; 18 (31) октябрьде Москва комитеті ұйымдастырған демонстрация кезінде қаражүздіктер өлтірді. Бауманды жерлеу орасан зор халықтық демонстрацияға айналды. «Пролетарий» газетінің 24-номерінде Н. Э. Бауманды еске түсірген некролог жарияланды, оны В. И. Ленин жазды. — *37—38, 82.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жұмысшы-токарь. Саяси қызметін 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкерелей отырып, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік бағыт ұстап, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясының қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және Европа жұмысшы қозғалысының дамуына зор ықпал жасады.

Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта біркатар қателіктер жіберді (оппортунистермен жеткілікті дәрежеде күрес жүргізбеу, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.). — *12.*

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл философ-идеалист және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінің өзінде-ақ «жария марксизм» позициясын ұстап, Маркстің іліміне неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасауымен танылды, кейін марксизмнің ашық жауына айналды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында марксизмге жау діни-философиялық құдайіздемпаздық ағым өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясы-

нан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасап, оны өсіп келе жатқан коммунизмнен құтқаратын бірден-бір нәрсе деп білді. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда философиялық мистицизмді одан әрі уағыздай берді, контрреволюция идеологтарының бірі болды. — *318, 336.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен сериялы мақалалар жариялады, кейіннен бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітап болып шықты; бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді жоққа шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның ақыры II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдауға шақырды. — *285, 353, 384, 397.*

Бланк, Р. М. (1866 ж. туған) — публицист, мамандығы химик. 1905 жылға дейін Бланк шетелде тұрып, орыс либерал буржуазиясының органы — «Освобождение» журналына қатысып тұрды. Петербургке келген соң «Наша Жизнь» газеті редакциясының құрамына кірді, кейін сол газеттің іс жүзіндегі редакторы болды; солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне қатысып тұрды. 1909—1912 жылдарда кадеттердің, халықтық социалистердің және жойымпаз-меньшевиктердің журналы — «Запросы Жизни»-ді» шығаруға мықтап ат салысты; өзінің еңбектерінде пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді бұрмалады. В. И. Ленин

В

дарын құруды, жалдама әскерді тұрақты армиямен ауыстыруды көздеген реформалар ұсынды және осы реформаларды ішінара жүзеге асырды. Феодалдар мен өсімқорлар реформаларға қарсылық білдіріп, оларды жүзеге асыртпады. — *265.*

Варский (Warski), *Адольф (Варшавский, А. С.)* (1868—1937) — поляк революциялық қозғалысының ең байырғы және көрнекті қайраткерлерінің бірі. 80-жылдардың аяқ кезінде «Поляк жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды, Польша Корольдігі социал-демократиясын, одан соң Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын құруға белсене қатысты. 1893 жылы шетелге эмиграцияға кетті, онда Р. Люксембургпен және басқалармен бірге поляк социал-демократтарының тұңғыш органы — «Sprawa Robotnicza» («Жұмысшы Ісі») газетін, одан соң «Przeglad Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналын шығара бастады. Польша және Литва социал-демократиясынан партияның IV (Бірігу) съезіне кеңесші дауыспен делегат болды. Съезден кейін РСДРП Орталық Комитетінің құрамына енді. Партияның V съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. 1909—1910 жылдарда — РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті редакторларының бірі. В. И. Ленин осы кезеңде Варскийді «тәжірибелі әдебиетші, ақылды марксист және тамаша жолдас» (Шығармалар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. 1916 жылы Польшаға қайтып келді, бірақ соғысқа қарсы үгіт жүргізгені үшін немістер тұтқынға алды; 1917 жылы тұтқыннан босағаннан кейін Польша мен Литва социал-демократиясының басшылығы құрамына енді. 1918 жылы — Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың және оның Орталық Комитеті мүшелерінің бірі, оның съездері мен конференцияларына қатысты. Поляк сейміне депутат болып сайланды, сеймнің коммунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға кетті; Маркс — Энгельс — Ленин институтында поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды, өмірінің соңғы жылдарында — дербес пенсионер.— *397.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *36, 137.*

Винавер, М. М. (1863—1926) — адвокат, кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, бірнеше жыл бойы оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1906 жылы январьда, кадет партиясының екінші съезінде, партия тактикасы туралы мәселе жөнінен баяндама жасады, ол баяндаманы съезд «партияның декларациясы ретінде» қабылдады. В. Д. Набоковпен бірге буржуазиялық «Вестник Права» журналын редакциялады; адвокаттар одағын құруға белсене қатысты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болып сайланды.

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — экономист әрі публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдар идеологтарының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) деген және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында Россияда капитализмнің дамуын теріске шығарды, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздап, марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. Воронцовтың көзқарастары В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде қатаң сынға алынды. — *47*.

Г

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы болды. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі идеалистік диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы болды, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі еді. Гегельше, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта тууда және дамуда болады; алайда Гегель объективтік дүниені, өмір шындығын «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» жемісі деп қарайды. В. И. Ленин «абсолюттік идеяны» идеалист Гегельдің теологиялық ойдан шығарған өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен шын мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адам ойы дамуының неғұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің басты еңбектері мыналар: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817) «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар немесе өнер философиясы» (1836—1838). — *395*.

Гельфанд, А. Л. — қараңыз: Парвус.

Гессен, И. В. (1866—1943) — орыстың буржуазияшыл публицисі. Кадет партиясын құрушылардың және оның лидерлерінің бірі, Орталық Комитетінің тұрақты мүшесі болды. Милюковпен бірге кадет партиясының органдары — «Народная Свобода» (декабрь, 1905), сонан соң «Речь» газетін редакциялады. II Мем-

мыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың теориялық негізі болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды.— *47*.

Джон — қараңыз: Маслов, П. П.

Долгоруков, Петр Дм. (1866 — шамамен 1945) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, кадет. Суджан уездік земство басқармасының председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. Кадет партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. І Мемлекеттік думаның депутаты және оның председателінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *186*.

Дубасов, Ф. В. (1845—1912) — генерал-адъютант, адмирал, патшалық реакция басшыларының бірі, 1905—1907 жылдардағы орыс революциясын тұншықтырған қанқұйлы жендет. 1905 жылы Чернигов, Полтава және Курск губернияларындағы аграрлық қозғалысты басуға басшылық етті. 1905 жылғы ноябрьден — Москва генерал-губернаторы, Москвадағы декабрь қарулы көтерілісін басып-жаншуға басшылық етті. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі, 1907 жылдан — Мемлекеттік қорғаныс советінің мүшесі. — *157, 174, 302, 338, 341, 344, 346, 350, 367, 369*.

Дурново, П. Н. (1844—1915) — патшалық Россияның ең реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1884—1893 жылдарда полиция департаментінің директоры болды; 1900—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылғы октябрьде ішкі істер министрі болып тағайындалып, біріншi орыс революциясын талқандауға батыл шаралар қолданды, қаражүздік ұйымдарды ойрандар жасауға рухтандырып отырды. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *174, 297, 310, 312, 324, 338, 346, 355, 356, 357, 367, 369*.

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономист. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Оның реакциялық-утопистік «социалитарлық» шаруашылық жүйесі шаруашылықтың пруссиялық жартылай крепостниктік формаларын дәріптеді. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлігі ішінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» (1877—1878) деген кітабында сынады. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.

Дюрингтің негізгі еңбектері: «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы» (1871), «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы» (1873), «Философия курсы» (1875).— *342, 431.*

Е

Ерманский, О. А. (*Коган, О. А.*, Руденко) (1866—1941) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғында келді. 1905 жылы меньшевиктердің Петербург ұйымында, одан соң — РСДРП Одесса комитетінде істеді. Партияның IV (Бірігу) съезінде — Одесса ұйымынан делегат. Реакция жылдарында — жойымпаз; меньшевиктік баспасөзге, сондай-ақ III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы — интернационалист-меньшевик. 1918 жылы — меньшевиктер Орталық Комитетінің мүшесі, олардың орталық органы — «Рабочий Интернационал» журналы редакторларының бірі. 1921 жылы меньшевиктер партиясынан шықты; қоғамдық және ғылыми жұмыста болды.— *406.*

Ж

Жданов (шамамен 1874—1906) — полиция приставы, 1905 жылы патша өкіметінің Тамбов губерниясы шаруаларын аяусыз жазалауына қатысты. Социалист-революционерлердің жауынгер тобының мүшелері өлтірді.— *351.*

З

Зомбарт (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазиялық экономисі, герман империализмінің көрнекті идеологы. Бреславль, соңынан Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 57-бет) типтік идеологтарының бірі болды. Кейін марксизмнің ашық жауына айналды, капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнеледі. Өмірінің соңғы жылдарында фашизмнің позициясына көшіп, гитлерлік тәртіпті мадақтады. Зомбарттың негізгі еңбектері: «Социализм және XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс» (1896), «Қазіргі заманғы капитализм» (1902) және басқалар.— *353.*

И

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» өкілі, П. Б. Струвенің ең жақын

тінде бастады, 1851—1855 жылдары «Московские Ведомости» газетін редакциялады, сонан соң «Русский Вестник» журналын шығарушылардың бірі болды. «Россиядағы тұңғыш демократиялық өрлеу кезінде (XIX ғасырдың 60-жылдарының бас кезі) ұлтшылдыққа, шовинизмге және жанталасқан қаражүздікке қарай бұрылған еді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 276-бет). 1863—1887 жылдары монархиялық реакцияның жаршысына айналған «Московские Ведомостидің» шығарушы-редакторы болды. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін» деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген монархиялық реакцияның бейнесіне айналды.— *316*.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы, герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Бұл кезде оның көзқарасы лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутскийдің оппортунизмге қарай ауытқығаны аңғарылды, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатаң сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген шығармаларын және басқаларын жазды; бұл еңбектер жіберілген қателіктеріне қарамастан марксизмді насихаттауда игілікті роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында центрист болды, соғыс кезінде революциялық марксизмнің ашық жаулары лагеріне көшіп, өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра ал-

майды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *221—222, 223—224, 259, 261, 264, 270, 274, 360, 373—374, 384, 412.*

Кауфман, А. А. (1864—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі және статистигі, профессор, публицист; кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1887 жылдан 1906 жылға дейін егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Өзінің «Қоныс аударту және отарлау» (1905) деген кітабында патша өкіметінің қоныс аударту саясаты тарихының очеркін жазды. «Шын «либерал» болғандықтан автор крепостниктер бюрократиясына өлшеусіз құрмет көрсетеді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 13-том, 432-бет). Аграрлық реформаның кадеттік жобасын жасауға қатысты, «Русские Ведомостиге» белсене араласып тұрды; шаруалар мен помещиктер арасындағы таптық татулықты уағыздады. В. И. Ленин Кауфманды «сақ» статистиктердің қатарына қосты, оны аграрлық мәселені шешудегі буржуазиялық-чиновниктік көзқарасы үшін сынады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кауфман орталық статистикалық мекемелердің жұмысына қатысты.— *303, 320.*

Кизеветтер, А. А. (1866—1933).— орыстың либерал-буржуазиялық тарихшысы және публицисі. Құрылған күнінен бастап «Азаттық одағының» мүшесі, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 1900—1911 жылдарда — Москва университетінің приват-доценті. Кадеттердің I және II Мемлекеттік думаны сайлау алдындағы күресіне белсенділікпен қатысты, II Мемлекеттік думаның депутаты; «Русские Ведомостиге» қатысып тұрды, «Русская Мысль» журналы редакциялық коллегиясының құрамына кірді және оның редакторларының бірі болды. Өзінің тарихи-публицистикалық еңбектерінде 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының маңызын бұрмалады. В. И. Ленин бірқатар еңбектерінде Кизеветтердің контрреволюциялық көзқарастарын сынай отырып, оны реакцияның мүддесі үшін ғылымды саудаға салған кадеттік профессорлардың санатына қосты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Кизеветтер Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, сол үшін 1922 жылы Советтік Россиядан қуылды. Шетелде ақ эмиграиттық баспасөзге белсене қатысты.— *302, 317, 324, 333, 334, 335, 336, 338.*

Кнунянц, Б. М. (Радин, Б.) (1878—1911) — профессионал революционер, большевик; революциялық қызметін 1897 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады. 1901 жылы Бакуге жер аударылды, онда РСДРП Баку комитеті, сонан соң Кавказ одағы комитеті басшыларының бірі болды. Армян социал-демократтары одағы мен оның астыртын органы — «Пролетариат» газетін құруға қатысты. РСДРП II съезінде — Баку комитетінен делегат, көпшілік

жағындағы искрашыл. Съезден кейін Кавказда және Москвада Орталық Комитеттің агенті болып істеді. 1905 жылы сентябрьде партияның Петербург комитетіне кооптацияланды, большевиктерден жұмысшы депутаттарының тұңғыш Петербург Советі Атқару комитетінің құрамына енді. 1905 жылы декабрьде тұтқынға алынып, Сибирьге өмір бойы жер аудару жазасына кесілді. 1907 жылы айдаудан шетелге қашып кетіп, II Интернационалдың Штутгарт конгресінің және РСДРП-ның Гельсингфорста болған Төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясының жұмысына қатысты. 1907 жылдың аяғынан бастап Бакуде жұмыс істеді; реакция кезеңінде большевиктердің тактикасы мәселелері жөнінде кейбір ауытқығандығы аңғарылды. 1910 жылы сентябрьде тұтқынға алынды, Баку түрмесінде қайтыс болды.— *63*.

Коган, О. А.— қараңыз: Ерманский, О. А.

Кони, А. Ф. (1844—1927) — орыстың көрнекті юрисі және қоғам қайраткері, академик. 1878 жылы Петербург қаласының бастығы Треповқа қастандық жасаған В. И. Засуличтің ісі жөніндегі сот процесінен кейін жұртшылыққа таңылды. Ақтау үкімін шығарғаны үшін Кони бірнеше жыл бойы қылмысты істер сотында жұмыс істеуден аластатылды. 1885 жылдан 90-жылдардың аяғына дейін қылмысты істер кассациялық департаментінің оберпрокуроры болып істеді. 1907 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград университетінің профессоры; қоғам өміріне белсене қатысты. Кони орыс әдебиетін жақсы білді, кезінде Н. А. Некрасовпен, И. А. Гончаровпен, Ф. М. Достоевскиймен, Л. Н. Толстоймен және басқа жазушылармен достық қарым-қатынаста болды. Конидің әдеби мұрасы «Өмір белестері» деген бес томдық очерктер мен естеліктер жинағына енді.— *32*.

Коновалов, И. А. (Николай) (1883—1911) — революциялық қозғалысқа 1900 жылдан бастап қатысты. Өмірінің соңғы жылдарында арандатушы болды, онысы 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін ғана анықталды.— *195*.

Косич, А. И. (1833 ж. туған).— 1887—1891 жылдарда Саратов губернаторы.— *32*.

Красин, Л. Б. (Винтер) (1870—1926) — социал-демократ, большевик, советтің көрнекті мемлекет қайраткері және дипломат. 1890 жылы Петербургте Бруснevтің социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі болды. 1891 жылы полиция Красинді Петербургтен Қазанға және Нижний Новгородқа жер аударды. 1895 жылы қайтадан тұтқынға алынып, Иркутскіге 3 жылға жер аударылды. Жер аударылу мерзімі аяқталғаннан кейін (1897) Харьковтың технологиялық институтына түсіп, оны 1900

жылы бітірді. 1900—1904 жылдарда Бакуде инженер болып істеді, онда В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» астыртын баспаханасын ұйымдастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, олардың үш өкілін Орталық Комитетке кооптациялауға көмектесті; алайда көп кешікпей меньшевиктерден қол үзді. Красин РСДРП III съезіне қатысты; съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1905 жылы — большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі; Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшы депутаттарының Петербург Советіне енді. РСДРП IV (Бірігу) съезінде большевиктерден қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде баяндама жасады; съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне қайтадан сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында біраз уақыт шақырымпаздардың «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, содан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары. 1919 жылдан дипломаттық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары әрі 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкіл. Партияның XIII және XIV съездерінде ВКП (б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *411*.

Кузьмин-Караваев, В. Д. (1859—1927) — кадет партиясының оң қанаты басшыларының бірі, әскери юрист, генерал. I және II сайланған Мемлекеттік думаның мүшесі, патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны басып жаныштауында көрнекті саяси роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — земство қайраткерлерінің бірі және әскери-өнеркәсіп комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде — белсенді ақ гвардияшы, Юденич жанындағы саяси кеңестің мүшесі. 1920 жылдан — ақ эмигрант.— *32*.

Куропаткин, А. Н. (1848—1925) — генерал, 1898 жылдан 1904 жылға дейін — соғыс министрі. 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Қиыр Шығыста Россияның құрылыстағы армиясының, ал кейін бүкіл қарулы күштерінің бас қолбасшысы болды; өзінің жігерсіз және дарынсыз әскер бастығы екенін көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыста (1916 жылы) Солтүстік майданға қолбасшылық етті, Түркстанда генерал-губерна-

тор және әскер қолбасшысы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Псков губерниясында тұрды.— *224.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — орыстың буржуазияшыл қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, марксизммен танысып, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кусковаңың бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документі «экономизмнің» оппортунистік мәнін негұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобының тарапынан қатты наразылық туғызды. 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетіне белсене қатысты. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты, 1921 жылы «Ашыққандарға жәрдемдесудің қоғамдық комитетіне» кірді, бұл ұйымның басқа да басшыларымен бірге оны Совет өкіметіне қарсы күресу үшін пайдалануға тырысты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *339.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері, финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды. Шаруалар арасында самодержавиенің тірегін жасауды көздеген аграрлық программа жобасы авторларының бірі. Бұл жобаны В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе туралы сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 253—289-беттер; 13-том, 215—440-беттер) жан-жақты сынға алды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан СССР Мемлекеттік банкінің басқарма мүшесі болды.— *265.*

Л

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик, жойымпаздар лидерлерінің бірі. 1901 жылдан революциялық қозғалысқа қатысты, Одессада, Симферопольде істеді. 1905 жылы — РСДРП Петербург меньшевиктік комитеті-

нің мүшесі. 1906 жылы партияның Петербург біріккен комитетінің құрамына кірді; РСДРП IV (Бірігу) съезінің шешуші дауысы бар делегаты. Съезде және баспасөз бетінде жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады. Партияның V съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — жойымпаздықты ашық және белсенді уағыздаушылардың бірі. Бірқатар меньшевиктік-жойымпаздық орталық басылымдарға жазып тұрды. Лариннің жойымпаздық көзқарастарын В. И. Ленин «Меньшевизм дағдарысы» деген мақалада (қараңыз: Шығармалар, 11-том, 341—365-беттер) жан-жақты сынайды. Ларин антипартиялық Август блогына белсене қатысты; оның ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. Февраль революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» деген журнал шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық жұмыстарында болды.— *378.*

Левицкий, В. (Цедербаум, В. О., Леонов) (1883 ж. туған)— көрнекті меньшевик, публицист. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғында араласты, Бундтың Двинск ұйымында істеді. 1906 жылдың басында РСДРП Петербург біріккен комитетінің мүшесі; IV (Бірігу) съезде — Петербург ұйымынан делегат. II Мемлекеттік думаға сайлау науқанының алдында социал-демократтардан бөлініп, кадеттермен блок жасасуды жақтаған топтың қатарында болды. Реакция жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі; «Наша Заря» журналының редакциясына кірді, «Голос Социал-Демократа», «Возрождение» және басқа меньшевиктік-жойымпаздық мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Меньшевиктік орталыққа кірді, партияны жою жөніндегі «Ашық хатқа» қол қойғандардың бірі, марксизмді социал-либерализммен ауыстырған: «гегемония *емес, ал* таптық партия» деген «атақты» формуланың авторы. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — шовинист, қорғампаздардың барып тұрған оң қанатын қолдады. Октябрь социалистік революциясын өшпенділікпен қарсы алды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1919 жылы контрреволюциялық «тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейінірек әдеби жұмыспен айналысты. В. И. Ленин Левицкийді көрнекті оппортунистердің және орыс реформизмі басшыларының бірі ретінде сипаттай келіп, өзінің бірқатар еңбектерінде оның көзқарасын өлтіре сынады. — *396.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Н. Ленин, Ленин) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер. — *14, 63, 64—65, 66, 67, 69, 73, 89, 92, 95, 96—98, 141, 182, 194, 196, 197, 198, 204, 205, 206, 207, 257—258, 264, 267, 280, 290—291, 292, 293, 319, 321, 322, 363, 374 379, 381, 382, 383, 385, 386, 387—388, 389—390, 397, 400, 403, 404, 406, 407, 411, 414, 415.*

метін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, поляк социал-демократиялық қозғалысының негізін қалаушылардың бірі болды, оның қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікпен және мильераншылдықпен күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты, 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезіне қатысып, онда большевиктерді қолдады. Империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалдық позиция ұстады. Кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак Одағы» аталған «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі бола отырып, Юниус деген бүркеншік атпен «Социал-демократияның дағдарысы» (қараңыз: В. И. Лениннің «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақаласы — Шығармалар, 22-том, 321—337-беттер) деген кітапша жазды (түрмеде). Германиядағы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, бірнеше рет оның қателіктерін сынады (партияның ролі туралы, империализм туралы, ұлт-отар, шаруалар мәселелерінде, перманенттік революция туралы және т. б.), сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті.— *270.*

М

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, кемеңгер ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз — Шығармалар, 21-том, 31—81-беттер). — *41, 46, 47, 122, 183, 218—220, 224, 228, 349, 353, 354—355, 358, 371, 384, 390, 396.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың бірінші жартысында араласты. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастыруға қатысты, осы одақтың ісі бойынша 1896 жылы тұтқынға алынып, 3 жылға Туруханскіге жер аударылды. Айдаудан оралғаннан кейін 1900 жылы «Искраны» шығаруды әзірлеуге қатысты, оның редакциясы құрамына кірді. РСДРП II съезінде — «Искра» ұйымынан делегат, съездің оппортунистік азшылығын басқарды, содан бастап — меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Реакция жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында центристік позицияда болды; Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты; 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын

волюциялық Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі және ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды.— *51, 310, 315, 324, 355.*

Мин, Г. А. (1855—1906) — полковник, гвардиялық Семенов полкінің командирі. Москвадағы 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін басып-жаныштау басшыларының бірі. «Тұтқынға алмау керек, аяусыз жазалау қажет» деген нұсқаудың авторы, бұл нұсқау Москва-Қазан темір жолында әрекет еткен жазалау экспедициясына берілген еді. Миннің бұйрығы бойынша 1905 жылғы 17 (30) декабрьде жасақшылардың негізгі күші шоғырланған Прохоров мануфактурасы артиллериядан атқыланды. Көтерілісшілерді қанға бояп жазалағаны үшін II Николай оған генерал-майор атағын берді. Эсерлер партиясының мүшесі өлтірді. — *338.*

Мишин, З. С. (1866 ж. туған) — Ставрополь губерниясының шаруасы, болыстық старшина. I Мемлекеттік думаның депутаты болды, прогрессистерге қосылды. Барлық жерді қазынаға беруді талап еткен шаруа-сайлаушылардың атынан Мемлекеттік думаға жазылған «Аманаттың» авторы.— *391.*

Морозов, М. В. (Муратов) (1868—1938) — социал-демократ, большевик, әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғында қосылды. 1903—1904 жылдарда Бакуде астыртын жұмыс жүргізді, одан соң Түркстанда революциялық қозғалыс басшыларының бірі болды; «Самарқант» және «Русский Туркестан» газеттерін редакциялады. РСДРП IV (Бірігу) съезіне Самарқант ұйымынан кеңесші дауыс правосымен делегат болды; съезде меньшевиктердің Мемлекеттік дума туралы қарарындағы парламенттік социал-демократиялық фракция жөніндегі пунктке түзету енгізді, оны В. И. Ленин қолдады. 1908 жылы жасырын жағдайда Петербургте тұрды; бірнеше рет тұтқынға алынды. 1910 жылдан Парижде эмиграцияда болды, онда В. И. Ленин басшылық еткен большевиктік секцияға кірді. 1917 жылы Петербургке қайтып келіп, Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты; кейінірек шаруашылық жұмыстарда болды. 1930—1932 жылдары — Көркемөнер ғылымдары академиясының вице-президенті; 1936 жылдан — «Всекохудожник» баспасының директоры. — *407.*

Муравьев, Н. В. (1850—1908) — юрист; Петербург сот палатасының прокуроры ретінде 1881 жылғы 1 мартта II Александрды өлтірген халық еріктілері ісінің айыптаушысы болды. 1894—1905 жылдар кезеңінде — юстиция министрі. 1905 жылы Римге елші болып тағайындалды.— *366.*

Муратов — қараңыз: Морозов, М. В.

Мюльбергер (Mülberger), *Артур* (1847—1907) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, Прудонның ізбасары, кәсібі жөнінен дәрігер. 1872 жылы Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы «Der Volksstaat» («Халықтық Мемлекет») газетінде тұрғын үй мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жариялады, бұл мақалаларды Ф. Энгельс қатаң сынға алды. Хёхбергтің «Die Zukunft» («Болашақ») деген оппортунистік журналына қатысып тұрды, Франция мен Германиядағы қоғамдық ой-пікірдің тарихы жөнінде бірнеше еңбек жазды, марксизмді сынады. — *342, 431.*

Н

Набоков, В. Д. (1869—1922) — кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1901 жылдан буржуазиялық-либералдық бағыттағы «Право» заң газетін және «Вестник Права» журналын редакциялады. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. «Вестник Партии Народной Свободы» деген апталық органның, сондай-ақ «Речь» газетінің шығарушы-редакторы; I Мемлекеттік думаның мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің іс басқарушысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, Қырым өлкелік үкіметіне заң министрі болып енді, кейін Берлинге эмиграцияға кетті; оңшыл кадеттік, эмиграпттық «Руль» газетін шығаруға қатысты.— *297.*

Накоряков, Н. Н. (Стодолин) (1881—1970) — социал-демократ, РСДРП II съезінен кейін — большевик. Революциялық қызметін 1901 жылы бастады; РСДРП Қазан, Самара, Урал комитеттерінде істеді; құпия және жария баспасөздерге қатысып тұрды, әлденеше рет тұтқынға алынып, жер аударылды. РСДРП IV (Бірігу) съезіне Уфа ұйымынан шешуші дауыспен делегат болды; съезде парламенттік фракцияның құрамы жөніндегі мәселе бойынша түзету енгізіп, сөз сөйледі, оны В. И. Ленин қолдады. 1911 жылы Америкаға эмиграцияға кетіп, онда орыс эмигранттары шығарып тұрған меньшевиктік бағыттағы «Новый Мир» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылы Россияға қайтып оралды; Харьковтың, Сибирьдің және Москваның баспаларында істеді; 1925 жылы РКП(б)-ға кірді; Мемлекеттік көркем әдебиет баспасын басқарды. — *408, 409.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851

жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады, К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегі (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер) осы төңкеріске баға беруге арналған. — *58.*

Николай — қараңыз: Коновалов, И. А.

II Николай (Романов, Қанқұйлы Николай) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *11, 28, 29, 31, 33, 34, 35—36, 39, 58, 69, 79, 81—82, 84, 265.*

Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

П

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик, 90-жылдардың бас кезінде Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп, оның сол қанатына қосылды; «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды, Булыгин Думасына қатысуға шақырды, кадеттермен ұсақ-түйек келісімдер жасау тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимаркстік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрестің құралына айналдырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, герман империализмінің агенті, ірі саудагерлікпен айналысып, әскерге жабдық жеткізуден байыды. Парвус 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды, оны Ленин «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың органы» (Шығармалар, 21-том, 432-бет) деп сипаттаған болатын. — *53, 204.*

Петров, С. Г. — қараңыз: Скиталец.

Петрункевич, И. И. (1844—1928) — помещик, земство қайраткері, кадет. 1904 жылы «Азаттық одағының» председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның көрнекті лидерлерінің бірі, Орталық Комитетінің председателі. Петрункевичтің қоғамдық қызметі, В. И. Ленин жазғандай, «жұмсақ, реформаторлық жолмен,— кеңшілік жасап, аристократияны, дво-

ряндарды, патша сарайын ренжітпей,— сақтықпен, ешбір өзгеріс жасамастан,— жылы жүзбен, іілтипатпен, төрелерше ақ қолғап киіп» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 49-бет) самодержавиеге қарсы шыққан либерал буржуазияның самодержавие алдында құрдай жорғалауының типтік бейнесі болды. I Мемлекеттік думаның мүшесі, кадет партиясының Орталық Органы — «Речь» газетін шығарушы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *390.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы «Жер және ерік» халықшылдық ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін дайындауға қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съездің бюросына (президиумына) кірді.

Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, олар материалистік дүние танымды қорғауда үлкен роль атқарды және ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болды. Плехановтың аса маңызды шығармалары: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар. «20 жыл ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының бастамасы болатын. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; пролетариаттың гегемониясы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінде Плеханов пен большевиктер арасында үлкен алауыздықтар болды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде аграрлық мәселе бойынша, Масловтың меньшевиктік жобасын қорғап баяндама жасады; Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде кадеттік Думаны қолдауға шақырып, барып тұрған оңшыл позиция ұстады. В. И. Лениннің мінездемесіне қарағанда, Плеханов «съезде... меньшевиктердің нағыз идеялық көсемі болды» (Шығармалар, 10-том, 361-бет).

Реакция жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл-меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Октябрь социалистік революциясына теріс ниетте болды. — *43, 182—183, 184, 185, 204, 222, 254, 259, 260, 261, 264, 265—266, 285, 286—289, 290, 292, 293, 294, 319, 322, 339—340, 358, 359, 360, 365, 381, 382, 384—385, 386, 387, 388—389, 395, 397, 411, 412, 413.*

Победоносцев, К. П. (1827—1907) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, іс жүзінде үкіметтің басшысы, III Александр патшалық құрған кездегі нағыз жүгенсіз крепостниктік реакцияның басты дем берушісі; ол II Николай тұсында да көрнекті роль атқарды; революциялық қозғалысқа қарсы қасарысып күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, шексіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. Буржуазиялық-демократиялық революцияның өрлеуі кезінде 1905 жылғы октябрьде орнынан түсуге мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді. — *51.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды; Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетті, «Искра» мен «Заряны» ұйымдастыруға қатысты. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция жылдарында — жойымпаздардың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» және т. б. журналдарда басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып, Советтік Россияға жала жапқан мақалалар жазды.— *365.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист, «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *339.*

Птицын — қараңыз: Соловейчик, Б. И.

Р

Радин, Б.— қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Риман, Н. К. (1864—1917) — патша армиясының полковнигі. 1905 жылғы декабрьде Москвадағы қарулы көтерілісті басу кезінде Москва-Қазан темір жолында жазалау экспедициясына басшылық етті. «Тұтқын алмау керек, аяусыз жазалау қажет» деген нұсқауға сай Сортировочнаяда, Перовода, Люберцыда және басқа станцияларда революцияға қатысушылар мен жергілікті тұрғындарды қанға бояп жазалады. — *351, 357.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, юрист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. Мемлекеттік думаның барлық сайлауында оған депутат болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *145, 391.*

Рожков, Н. А. (1868—1927) — тарихшы және публицист. 90-жылдарда «жария марксистерге» жақын болды. 1905 жылдың басында РСДРП-ға кірді, біраз уақыт большевиктерге қосылып жүрді. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін жойымпаздардың идеялық басшыларының бірі болды; «Наша Заря» журналына жазып тұрды, меньшевиктік-жойымпаздық бағыттағы «Новая Сибирь» газетін редакциялады. Рожковтың көзқарастарын В. И. Ленин «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» және «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен» деген мақалаларында сынады (қараңыз: Шығармалар, 17-том, 304—315, 345—350-беттер). 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Рожков меньшевиктердің Орталық Комитетінің құрамына кірді, бірнеше ай буржуазиялық

Уақытша үкіметтің почта және телеграф министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылы меньшевиктерден қол үзді. Одан кейінгі жылдары әр түрлі мекемелерде ғылыми-педагогтық және әкімшілік жұмыстарда болды. Россия тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *260, 261—262.*

Романов, Владимир Александрович (1847—1909)—ұлы князь, II Николай патшаның ағасы. 1884—1905 жылдарда — гвардия әскерінің және Петербург әскери округінің бас командашысы; патшаның тапсыруымен Петербургте 1905 жылы 9 январьда жұмысшыларды атқылауға жалпы басшылық етті. — *51.*

Руденко — қараңыз: Ерманский, О. А.

Румянцев, П. П. (Шмидт) (1870—1925) — социал-демократиялық қозғалысқа 1891 жылдан бастап қатысты; Петербургте және Россияның басқа қалаларында партия жұмысын жүргізді. РСДРП II съезінен кейін — большевик, Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі болды. РСДРП Воронеж комитетінен партияның III съезіне делегат. 1905 жылдың июнінде РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды. 1905 жылы — большевиктік тұңғыш жария газет «Новая Жизньнің», 1906—1907 жылдары «Вестник Жизни» журналы редакторларының бірі және қызметкері. Реакция жылдарында партиядан қол үзіп, статистика қызметімен шұғылданды. Шетелде қайтыс болды. — *378.*

С

Сарафский — қараңыз: Бауман, Н. Э.

Скворцов-Степанов, И. И. (1870—1928) — орыстың революциялық қозғалысына ең байырғы қатысушылардың бірі, көрнекті партия және советтік мемлекет қайраткері, әдебиетші-марксист, көптеген экономикалық, тарихи, дінге қарсы еңбектердің авторы, «Капиталдың» үш томының және К. Маркс пен Ф. Энгельстің басқа да бірқатар еңбектерінің аудармашысы әрі редакторы.

Революциялық қозғалыста — 1892 жылдан, РСДРП-да — 1896 жылдан, 1904 жылдың аяғынан бастап — большевик. Бірінші орыс революциясы кезінде партияның Москва комитетінің большевиктік әдеби-лекторлық тобында белсенді жұмыс жүргізді; 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты, онда лениндік позицияда болды. 1907 және 1911 жылдары Скворцов-Степанов большевиктерден Мемлекеттік думаның депутаттығына кандидат болып ұсынылды. Реакция кезеңінде ол аграрлық

мәселе жөнінде теріс көзқарастарды жақтап, фракциялық «Вперед» тобына ымырашылдықпен қарады, бірақ Лениннің ықпалымен өз қателерін жеңе білді. Революциялық қызметі үшін талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. И. И. Скворцов-Степанов Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, Москвада Әскери-революциялық комитеттің мүшесі, Совет республикасының бірінші финанс халық комиссары болды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып әлденеше рет сайланды, РКП (б) Орталық тексеру комиссиясының (X—XIII съездерде) мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі (XIV съезден бастап), бірқатар советтік және партиялық органдардың редакторы, ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Ленин институтының директоры, Коммунистік академия Президиумының мүшесі болды. — *285.*

Скиталец (Петров, С. Г.) (1868—1941) — орыс жазушысы, ататегі шаруалардан шыққан. 90-жылдардың аяғында — «Самарская Газетаның» қызметкері. 1898—1906 жылдарда А. М. Горькиймен жақын, достық қарым-қатынаста болды, Горькийдің ықпалымен және тікелей басшылығымен революцияшыл жазушы болып қалыптасты. Оның самодержавиеге қарсы наразылыққа және еңбекші халыққа деген сүйіспеншілікке толы алғашқы және тамаша шығармалары да дәл осы кезде туды. Скиталецтің «Тына қалды айнала» деген өлеңі 1906 жылы «Білім» серіктігінің тоғызыншы жинағында басылды. Скиталец реакция жылдарында А. М. Горькийдің идеялық бағытынан қол үзді. 1921 жылдан 1934 жылға дейін Маньчжурияда тұрды.
1936 жылы Мемлекеттік саяси баспа Скиталецтің шығармаларын және «Таңдамалы өлеңдері мен әндерін» шығарды. —*305.*

Соловейчик, Б. И. (Птицын) (1884 ж. туған) — меньшевик, социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылы келіп қосылды; Россияның оңтүстіктегі қалаларында, кейін Москвада істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезіне Москва округтік ұйымынан делегат болды. 1909 жылдан бастап саяси қызметтен қол үзді. 30-жылдарда Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариатында істеді. — *395.*

Сорокин — қараңыз: Бауман, Н. Э.

Спиридонова, М. А. (1884—1941) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1906 жылы Тамбов губерниясындағы қаражүздік ойрандардың жетекшісі Луженовскийге қастандық жасағаны үшін сотталып, каторгаға айдалды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эсерлердің сол қанатына қосылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы дұшпандық әрекет жасады; Брест бітімін ратификациялауға қарсы шықты. Кейінірек саяси қызметтен қол үзді.— *335—336, 338, 339.*

Степанов — қараңыз: Скворцов-Степанов, И. И.

Стодолин — қараңыз: Пакоряков, Н. Н.

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, либералдық-монархиялық кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың ұлы шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве буржуазиялық-либералдық «Азаттық одағы» (1904—1905) теоретиктерінің және ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — либералдардың оң қанатының лидері; бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен — Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант,— *51, 79, 286, 287, 301—302, 306, 324, 330, 331, 344, 350, 358, 360.*

Суворов, С. А. (Борисов) (1869—1918) — социал-демократ, әдебиетші және статистик. Революциялық қызметін 90-жылдары халық еркшілері қатарында бастады. 1900 жылдан — социал-демократ; 1905—1907 жылдарда Россияның бірқатар қалаларындағы большевиктік ұйымдарда істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезіне делегат болды. Съезде аграрлық мәселе жөніндегі баяндамашылардың бірі ретінде баяндама жасады, помещиктік жерді бөлу және оны шаруалардың жеке меншігіне беру талабын жақтады. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін марксизм философиясына қарсы жорық ашқан партиялық интеллигент-махистер тобына қосылды; олардың «Марксизм философиясы жөніндегі очерктер» (1908) деген жинағына қатысты. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм (1909) деген еңбегінде Суворовтың антимарксті философиялық дүние танымын өлтіре сынады.

1910 жылдан кейін Суворов партиядан қол үзіп, статистик болып істеді. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктерге қосылды, Октябрь социалистік революциясына дейін және одан кейін Москвада, Ярославльде сайланып қойылатын қызметтерде болды; 1918 жылғы июльде Ярославльдегі контрреволюциялық көтеріліс кезінде қаза тапты. —*390.*

Т

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, дүние жүзінің асқан ұлы жазушыларының бірі; ол орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізді. Толстой өзінің творчествосында революцияға дейінгі Россияның өмірін суреттеді, реформадан кейінгі дәуірдегі орыс қоғамының әр түрлі таптары мен әр түрлі топтарының психологиясын, олардың 1905—1907 жылдардағы революцияға көзқарасын белгілеген сол кездегі қайшылыққа толы күрделі жағдайларды бейнеледі.

Шыққан тегі мен тәрбиесі жағынан Толстой Россияның үстем табы — помещик ақсүйектерінің жоғарғы тобына жатады. Алайда ол бұл ортаның көзқарастарынан қол үзіп, еңбекшілер бұқарасын езуге және қанауға негізделген мемлекеттік және қоғамдық-экономикалық тәртіптерді қатал айыптаушы болды; ол үстем таптарды ашу-ызамен соққылады, патша сотының әділетсіздігін, буржуазиялық моральдың екіжүзділігін және т. с. әшкереледі. Толстой самодержавиелік тәртіпті қастерлеген, езушілік пен қанаушылықты жақтап, ақтаған шіркеуді қатты сынға алды; бұл үшін ол шіркеуден аластатылды. В. И. Ленин Толстойды «орыс революциясының айнасы» деп атады. Жазушының ұлылығын, оның данышпандық шеберлігін, орыс және дүние жүзі әдебиеті үшін оның аса көрнекті маңызын атап көрсете келіп, Ленин Толстойдың дүниеге көзқарасы шаруалардың буржуазиялық революциясы ретіндегі бірінші орыс революциясының өзіндік тарихи ерекше белгілерін мейлінше айқын бейнелегенін, бұл революцияның қайшылықтарын, оның күшті және әлсіз жақтарын бейнелегенін көрсетті.

Самодержавиенің озбырлығын әшкерелей отырып, крепостниктік тәртіппен және самодержавиелік-полицейлік мемлекетпен күресудің орнына, Толстой «зорлыққа күшпен қарсылық жасамауды», саясаттан шеттеуді, революциядан бас тартуды, адамның өзін өзі жетілдірумен шұғылдануын уағыздады; дінге қарсы күресудің орнына ескі дінді жаңа дінмен ауыстыру қажеттігін уағыздады. Толстой жұмысшы қозғалысын да, революцияның себептерін де және революцияның болмай қоймайтынын да түсіне алмады. Оның ілімі — «толстойшылдық» утопиялық және реакциялық сипатта болды, бұл ілім революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді. Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес» (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 200—207-беттер; 16-том, 338—343, 346—349, 371—372-беттер) және басқалар. — *336.*

Трепов, Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері. В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша, ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті

бұрмалады. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктік бағыттағы «Новая Жизнь» газетіне қатысып тұрды. 1931 жылы меньшевиктердің контрреволюциялық ісі бойынша сотталды. — *259, 260, 261.*

Х

Ходский, Л. В. (1854—1919) — либералдық-буржуазиялық бағыттағы экономист және публицист. 1895 жылдан — Петербург университетінің финанс правосы кафедрасының профессоры; Петербургтің орман-тоғай институтында саяси экономия мен статистикадан ұзақ уақыт бойы сабақ берді. «Народное Хозяйство» журналының (1900—1905) және «Наша Жизнь» газетінің шығарушы-редакторы болды. Экономика және статистика мәселелері жайындағы бірқатар еңбектердің, оның ішінде «Жер және егінші» (1891) деген кітаптың авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *166.*

Ц

Цедербаум, В. О.— қараңыз: Левицкий, В.

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Ч

Чарнолуский, В. И. (1865—1941) — халыққа білім беру ісінің көрнекті қайраткері, халықтық социалист. 1905—1907-жылдардағы либералдық-буржуазиялық қозғалысқа белсене қатысты. «Одақтар одағы» орталық бюросының мүшесі болды. Г. А. Фальборкпен бірге құрылтай жиналысы сайлауының жобасын жасады, олар оны «Ұлттық жиналыс» деген кітапта егжей-тегжейлі баяндады. 1917 жылы Чарнолуский буржуазиялық Уақытша үкіметтің халыққа білім беру жөніндегі Мемлекеттік комитетінің председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1921 жылдан бастап, РСФСР Халық ағарту комиссариатында қызмет істеді; ғылыми-педагогтық қызметпен шұғылданды Педагогика тарихы және халық ағарту ісі жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *127.*

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — публицист, «Маркстi сынаушылардың» бірі, кейінірек меньшевиктердің лидері, барып тұрған жойымпаз. РСДРП IV (Бірігу) съезінде — қарулы көтеріліс туралы меньшевиктерден баяндамашы; РСДРП V съезіне қатысты, жойымпаздық басылымдардың қызметкері, 16 меньшевиктің партияны жою жөніндегі «Ашық хаты» (1910) авторларының бірі; 1912 жылғы август конференциясынан кейін — меньшевиктік басшы орталықтың (Ұйымдастыру комис-

Э

M

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Октябрь, 1905 — апрель, 1906)

1905

1905 жылғы октябрь — 1906 жылғы апрель. Ленин Женевада тұрады. 8 (21) ноябрьден Петербургте тұрады.

13 (26) октябрь. Ленин «Бүкіл россиялық саяси стачка» деген мақала жазады; алдын ала шетел газеттерінен көшірмелер жасайды, мақала жоспарының нобайын белгілейді және оған заметкалар жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 31 (18) октябрьдегі 23-номерінде бас мақала болып жарияланды.

Ленин Петербургке М. М. Эссенге жазған хатында партиялық жұмыстар туралы, Россиядағы революция туралы айтады. Көп кешікпей эмиграциядан оралу, Россияда Орталық Орган мен насихаттық әдебиет шығару мүмкіндігінен үміт ететінін білдіреді, революция кезіндегі баспасөз насихатының ролін атап көрсетеді, қарулы көтеріліске әзірлікті күшейтуге кеңес береді.

14 (27) октябрь. Ленин Брюссельдегі Халықаралық социалистік бюроға жазған хатында большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы алауыздықтарға байланысты конференция шақыру жөніндегі А. Бебельдің 1905 жылғы 15 (28) июньдегі ұсынысына РСДРП Орталық Комитеті келісім бергені туралы және конференцияға РСДРП Орталық Комитетінен өкіл болып В. И. Ленин, Ф. В. Ленгник және П. П. Румянцев тағайындалғанын хабарлайды, конференцияның шақырылу мерзімін хабарлауды сұрайды.

	Ленин Россияға РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында редакциялық комитетке және «Новая Жизнь» газетінің редакциясына Г. В. Плехановты шақыруға өзіне право беруді сұрайды.
Ерте дегенде 16 (29) октябрь.	Ленин «The Times» («Замана»), «Le Temps» («Уақыт»), «Vossische Zeitung» («Фоссы Газеті») газеттерінен Россиядағы революциялық қозғалыстың өсуі жөнінде көшірмелер жасайды.
17 (30) октябрь.	Ленин «Күштердің тепе-теңдігі» деген мақаланың жоспарын жазады.
	Ленин «Пролетарий» газетінің 24-номері мазмұнының жоспарын жазады. Жарыққа шыққанда газеттің мазмұны біршама басқалау болды.
17 және 19 октябрь (30 октябрь мен 1 ноябрь) аралығында.	Ленин «Революцияның бірінші жеңісі» деген мақала жазу үстінде «Жаңа революция және жаңа соғыс» деген атпен заметкалар жазады, мақаланың тезисін және жоспарының нобайын жазады, «L'Indépendance Belge» («Тәуелсіз Бельгия») және «Le Temps» газеттерінен көшірмелер жасайды.
18 (31) октябрьден ертерек	Ленин «Саяси топқа бөлінудің бірінші қорытындылары» деген мақаланың жоспарын жасайды.
	Ленин «Пролетарий» газетінің 23-номерін редакциялайды.
18 (31) октябрь.	«Пролетарий» газетінің 23-номерінде Лениннің «Саяси топқа бөлінудің бірінші қорытындылары», «Жеңілгендердің байбаламы», «Революциялық Риганың ультиматумы», «Министр-клоунның жоспарлары», «Россиядағы жағдайдың шиеленісуі» деген мақалалары және белгісіз автордың «Британ жұмысшы қозғалысы және тред-юниондардың конгресі» деген мақаласына екі ескертуі жарияланды.
19 октябрь (1 ноябрь).	Ленин 17 (30) октябрьдегі манифест жөнінде «Революцияның бірінші жеңісі» деген мақала жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 7 ноябрьдегі (25 октябрьдегі) 24-номерінде бас мақала болып жарияланды.

19 және 25 октябрь (1 және 7 ноябрь) аралығында.	Ленин 17 (30) октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін Петербургтегі демонстрациялар жөнінде, манифеске үн қосу жөнінде «The Times» газетінен көшірмелер жасайды (орыс тілінде) және жұмысшы депутаттары Петербург Советінің үндеуін аударады.
Ерте дегенде 19 октябрь (1 ноябрь).	Ленин «Россиядағы жаппай саяси стачканың жеңісіне Австриядағы үн қосулар туралы және Австриядағы жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күреске шақырған үндеулер туралы» деген заметка жазады.
20 октябрь (2 ноябрь).	Ленин Женевада орыс социал-демократтарының жиналысында Россиядағы соңғы саяси оқиғалар жөнінде реферат оқиды.
21 октябрь (3 ноябрь).	Ленин Н. Э. Бауман туралы некролог жазады. Некролог «Пролетарий» газетінің 7 ноябрьдегі (25 октябрьдегі) 24-номерінде жарияланды.
22 октябрь (4 ноябрь).	Ленин «Соңғы хабарлар» деген заметка жазады.
Ерте дегенде 24 октябрь (6 ноябрь).	Ленин «Berliner Tageblatt» («Берлиндік Күнделікті Газет») газетінен бүкіл россиялық саяси стачкаға үн қосу туралы көшірмелер жасайды.
25 октябрьден (7 ноябрьден) ертерек.	Ленин өзінің «Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм» деген мақаласы үшін «Революционная Россия» газетінің 75-номеріндегі бас мақаладан көшірме жасайды және осы мақаланың жоспарын жасайды.
	Ленин «Vorwärts» («Алға») газетінің 1905 жылғы 1 ноябрьдегі 256-номерінде жарияланған «Соңғы Николайдың жаңа конституциялық манифесі туралы» деген мақаланы неміс тілінен қысқартып аударады.
	Ленин «Пролетарий» газетінің 24-номерін редакциялайды.
25 октябрь (7 ноябрь).	«Пролетарий» газетінің 24-номерінде Лениннің «Ұсақ буржуазиялық социализм мен пролетарлық социализм» деген мақаласы жарияланды.

28 октябрь (10 ноябрь) мен 2 (15) ноябрь аралығында.	Ленин «Екі шайқас арасында» деген мақала үшін «Le Temps» газетінен 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі манифестен кейін Виттенің әдіс-айласы жөнінде көшірмелер жасайды.
Ерте дегенде 29 октябрь (11 ноябрь).	Ленин «Бағалы мойындау» деген заметка жазады (бітпей қалған). Заметка жазумен шұғылдану үстінде «Le Temps» газетінен көшірмелер жасайды.
Ерте дегенде 31 октябрь (13 ноябрь).	Ленин «Le Temps» газетінен II Николайға II Вильгельмнің революцияға қарсы бағытталған көмегі жөнінде көшірмелер жасайды.
Октябрьдің аяғы.	Ленин Г. В. Плехановқа жолдаған хатында социал-демократияны біріктіру қажеттігі жөнінде жазады, «Новая Жизнь» газетінің редакциялық коллегиясына кіруге шақырады және өзара кездесуді ұсынады.
	Ленин Парижге Г. Д. Лейтейзенге жазған хатында «Пролетарий» немесе «Новая Жизнь» газеті үшін революциялық уақытша үкімет және оған орыс социал-демократтарының қатысуы туралы Гедпен, Лафаргпен және Бракэмен интервью жөнінде мақала немесе заметка жазуды ұсынады.
Октябрьдің аяғы — ноябрьдің басы.	Ленин «Одесса ұйымы «көпшілігінің» мүшелері Мотяға және Костяға» жазған хатында «Пролетарий» газетінің редакциясына адресаттар жіберген «Жолдастарға хатты» алғаны жөнінде хабарлайды, адресаттарды іріткі салғандары үшін, партияны біріктірудің бірден-бір жолы ретінде олар көтерген «құрылтай съезі» жөніндегі ұранның негізсіздігі үшін айыптайды, партияны біріктіру мақсатын көздеп, екі съезд — көпшіліктің және азшылықтың съездерін шақыру идеясын қорғайды.
2 (15) ноябрь.	Ленин «Екі шайқас арасында» деген мақала жазады, кейін ол «Пролетарий» газетінің 25 (12) ноябрьдегі 26-номерінде бас мақала болып жарияланады.
Ноябрьдің басы.	Ленин Женевадан Стокгольм арқылы Россияға жүріп кетеді.

Ленин Россияға қайту үшін қажетті документтер алуды күтіп, Стокгольмде аялдайды.

2—4 (15—17) ноябрь. Ленин «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі (Редакцияға хат)» деген мақала жазады.

3 (16) ноябрь. «Пролетарий» газетінің 25-номерінде Лениннің «Түйін шешілуге жақын» деген мақаласы бас мақала ретінде және В. А. Карпинскийдің (В. Калининнің) «Шаруалар съезі» деген мақаласына екі қосымшасы жарияланды.

5 (18) ноябрь. Ленин Стокгольмнен Гельсингфорсқа (қазіргі Хельсинки) келеді.

8 (21) ноябрь. Ленин Петербургке келеді.

Ленин большевиктердің партиялық жұмыс жөнінен жасырын кездесетін орнында М. Н. Лядовпен, Л. Б. Красинмен және басқа партия қызметкерлерімен кездеседі.

Ленин Петербургтегі Преображенский бейітіндегі «Қанды жексенбі» құрбандықтарының қабірлерінің басына барып қайтады.

Ленин РСДРП Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісінде жұмысшы депутаттарының Советіне партияның көзқарасы жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйлейді.

9 (22) ноябрь. Ленин «Новая Жизнь» газеті редакциясының большевиктік бөлегінің партия активімен бас қосқан мәжілісін басқарады, онда редакция құрамы және газеттің таяудағы программасы белгіленді.

Ленин Орталық Комитеттің мәжілісіне қатысады, онда РСДРП IV съезін шақыру туралы «Барлық партия ұйымдарына және барлық жұмысшы социал-демократтарға» деген үндеу бірауыздан қабылданады.

9 (22) ноябрь — 3 (16) декабрь. Ленин «Новая Жизнь» газетінің 9—28-номерлерін редакциялайды.

10 (23) ноябрь. «Новая Жизнь» газетінің 9-номерінде Лениннің «Партияны қайта құру туралы» деген мақаласының басы жарияланады, бұл —

Лениннің эмиграциядан Россияға қайтып келгеннен кейін жазған бірінші мақаласы.

12 (25) ноябрь. Ленин «Новая Жизнь» газетінің 11-номеріндегі «Пролетариат және шаруалар» деген бас мақалада Бүкіл россиялық шаруалар одағының съезін құттықтайды.

13 (26) ноябрь. Лениннің «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» деген мақаласы «Новая Жизнь» газетінің 12-номерінде жарияланады.

Жұмысшылардың өз бетімен сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуіне жауап ретінде капиталистер локаут жариялады, осы локаутқа қарсы күрес шаралары туралы мәселе бойынша Ленин жұмысшы депутаттары Петербург Советінің мәжілісінде сөз сөйлейді. Ленин ұсынған қарар келесі күні жұмысшы депутаттарының Петербург Советі Атқару комитетінің мәжілісінде қабылданады.

15 (28) ноябрь. «Новая Жизнь» газетінің 13-номерінде бас мақала ретінде Лениннің «Сәті түспеген арандатушылық» деген мақаласы жарияланады. Осы номерде «Партияны қайта құру туралы» деген мақаланың жалғасы басылады.

Ленин «Әскер және революция» деген мақала жазады. Мақала «Новая Жизнь» газетінің 16 ноябрьдегі 14-номерінде жарияланады.

16 (29) ноябрь. «Новая Жизнь» газетінің 14-номерінде Лениннің «Партияны қайта құру туралы» деген мақаласының соңы жарияланады.

Ленин Еркті-экономикалық қоғамның үйінде болған Петербург партия қызметкерлерінің жиналысында «Социалист-революционерлер партиясының аграрлық программасына сын» деген баяндама жасайды. Полицияның килігуі себебінен жиналыс аяқталмай қалды.

18 ноябрь (1 декабрь). Лениннің «Таразы басы ауытқуда» және «Жаулардан үйреніңдер» деген мақалалары «Новая Жизнь» газетінің 16-номерінде жарияланады.

20 ноябрь (3 декабрь). Лениннің құрылтай жиналысы туралы мәселеге арналған «Революциялық кеңсешілдік

жəне революциялық іс» деген мақаласы «Новая Жизнь» газетінің 18-номерінде жарияланады.

23 ноябрь (6 декабрь). Лениннің «Күні санаулы самодержавие жəне халық өкіметінің жаңа органдары» деген мақаласы «Новая Жизнь» газетінің 19-номерінде бас мақала болып жарияланады.

Ленин Витмер гимназиясының үйінде болған Петербург партия қызметкерлерінің жиналысында 16 (29) ноябрьде полицияның қудалауы себепті аяқталмаған «Социалист-революционерлер партиясының аграрлық программасына сын» деген баяндамасын əрі қарай жалғастырады.

24 ноябрь (7 декабрь). Ленин «Социализм жəне анархизм» деген мақала жазады. Мақала «Новая Жизнь» газетінің 25 ноябрьдегі 21-номерінде жарияланды.

26 ноябрь мен 2 декабрь (9 жəне 15 декабрь). «Новая Жизнь» газетінің 22 жəне 27-номерлерінде Лениннің «Социалистік партия жəне бейпартиялық революцияшылдық» деген мақаласы жарияланады.

27 ноябрь (10 декабрь). Ленин РСДРП Орталық Комитетінің мəжілісіне қатысады, онда қарулы көтеріліске əзірлік жөнінде, «Новая Жизнь» газеті редакциясының құрамын өзгерту жөнінде жəне Москвада большевиктік «Борьба» газетін шығару жөнінде мəселелер қаралады. Ленин осында А. М. Горькиймен кездесті.

3 (16) декабрь. Лениннің «Социализм жəне дін» деген мақаласы «Новая Жизнь» газетінің 28-номерінде жарияланады.

В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Петербургте Грек проспектісіндегі № 15/8 үйде жария тұрады. Охранканың күшейтілген аңдуы Ленинді бірнеше күннен кейін бұл пəтерді тастап, астыртын жағдайға көшуге мəжбүр етеді.

Ленин «Новая Жизнь» газетінің жабылуына байланысты шұғыл шақырылған РСДРП Орталық Комитетінің, партияның Петербург комитетінің жəне жұмысшы депутаттары Петербург Советінің Атқару комитетінің бірік-

кен кеңесіне қатысады. Кеңес қарулы көтеріліс жөнінде де мәселе талқылайды.

12—17 (25—30) декабрь. Ленин Таммерфорста (Финляндия) РСДРП Бірінші конференциясына басшылық етеді, ағымдағы кезең және аграрлық мәселе бойынша баяндамалар жасайды. Конференция аграрлық мәселе бойынша Ленин ұсынған қарарды қабылдайды.

Ленин Мемлекеттік думаға көзқарас туралы қарар дайындау жөніндегі комиссияға қатысады; қарарды конференция бекітеді.

Декабрьдің ортасы. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің кеңесіне қатысады, кеңесте большевиктердің Москва комитетінің мүшесі М. Н. Лядовтың Москвадағы қарулы котерілістің барысы туралы баяндамасы тыңдалады, Лениннің ұсынысы бойынша Орталық Комитет бұдан арғы қарулы күресті ұйымдасқан түрде тоқтату жөнінде партияның Москва комитетіне нұсқау береді.

22 декабрь (1906 жылғы 4 январь). Ленин Петербургте РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің және большевиктердің Таммерфорс конференциясы делегаттарының кеңесіне қатысады; Мемлекеттік думаға көзқарас туралы большевиктердің тактикалық платформасы жөнінде баяндама жасайды.

1905 жылғы декабрь — 1906 жылғы январь. Ленин «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің екінші бөлімінің (V—IX тараулардың) мазмұнын және көлемін (қолжазбаның қанша бет екенін) жазады.

1905 жылдың аяғы немесе 1906 жылдың басы. Ленин «Революцияның кезеңдері, бағыты және перспективалары» деген мақаланың жоспарын жазады.

1906

Жылдың бас кезі, марттың ортасына дейін Ленин партияның IV (Бірігу) съезіне аграрлық программаны дайындау үшін РСДРП Біріккен Орталық Комитеті құрған аграрлық комиссияның жұмысына қатысады.

4 (17) январь. «Молодая Россия» газетінің 1-номерінде Лениннің «Жұмысшы партиясы және оның

	қазіргі жағдайдағы міндеттері» деген бас мақаласы жарияланады.
Январь.	Ленин большевиктердің бірінші Думаға белсенді бойкот жасау тактикасын жақтап — «Мемлекеттік думаға бойкот жасау керек пе? «Көпшіліктің» платформасы» деген мақала жазады. Мақала январьда РСДРП Орталық Комитетінің және РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің басылымдарында жеке листовкалар болып шығады.
	Ленин Петербургтен Москваға келеді.
	Ленин РСДРП Москва комитетінің жанындағы лекторлар тобының мәжілісіне қатысады, мәжілісте Москвадағы декабрь қарулы көтерілісінің қорытындылары талқыланады.
	Ленин «Мемлекеттік дума және социал-демократиялық тактика» деген мақала жазады. Мақала февральда «Мемлекеттік дума және социал-демократия» деген кітапшада басылады.
Январьдың ортасы.	Ленин Москвадан Петербургке қайта оралады.
Январьдан кешірек.	Ленин «Аграрлық мәселе жөнінде» деген жинақтағы («Правда» журналына қосымша) П. Масловтың «Алғы сөз орнына» және «Назаров жолдасқа жауап» деген мақалаларына, сондай-ақ Валентиновтың «Тағы да аграрлық программа туралы» деген мақаласына белгілер қойып, сөздерінің астын сызады.
4 (17) февральға дейін.	Ленин Петербургтегі Москва-Застава ауданы социал-демократиялық ұйымдарының жиналысында «Мемлекеттік дума сайлауы жөнінде» баяндама жасайды.
7 (20) февраль.	Лениннің «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы» деген мақаласы «Партийные Известия» газетінің 1-номерінде жарияланады.
Кеш дегенде 7 (20) февраль — 20 март (2 апрель).	Ленин «Партийные Известия» газетінің 1, 2-номерлеріне қатысады.
11 (24) февральға дейін.	Ленин Петербургте большевик-партия қызметкерлерінің жиналысында Мемлекеттік ду-

маға белсенді бойкот жасау тактикасы туралы баяндама жасайды.

11 (24) февраль. Ленин РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясының жұмысына басшылық етеді, Мемлекеттік думаға көзқарас жөнінде баяндама жасайды және Думаға бойкот жасау тактикасы туралы өзі жазған қарардың жобасын ұсынады. Конференция көпшілік дауыспен бойкот жасауды жақтайды.

11 (24) февральдан кешірек. Ленин «Петербург қаласы мен қала төңірегінің барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» деген үндеу жазады, үндеуде РСДРП жалпы қалалық конференциясының қорытындысын баяндайды және Мемлекеттік думаға белсенді бойкот жасауға шақырады. Үндеу РСДРП Петербург Біріккен комитетінің басылымында листовка болып шығады.

Февральдың аяғы — марттың басы. Ленин РСДРП Петербург жалпы қалалық екінші конференциясының жұмысына басшылық етеді, өзінің «Бойкот жасау тактикасы туралы» қарарын жақтап сөз сөйлейді. Конференция Лениннің қарарын қабылдайды.

Ленин Куоккаладағы (Финляндия) «Ваза» дачасында большевиктердің тактикалық платформасын — РСДРП IV (Бірігу) съезіне қарарлардың жобаларын дайындаумен шұғылданады.

Марттың бірінші жартысы Ленин өзі дайындаған тактикалық платформаны — РСДРП IV (Бірігу) съезіне қарарлардың жобасын талқылауды ұйымдастыру үшін Москваға келеді; Москва большевиктерінің басшы тобының кеңесіне қатысады.

Ленин Москвада РСДРП Замоскворецк аудандық комитетінің мәжілісіне қатысады, жұмысшы депутаттарының Советіне көзқарас жөніндегі қарарды талқылағанда сөз сөйлейді.

Ленин РСДРП Москва округтік комитетінің Дума сайлауы жөніндегі сайлау науқанына Москва ұйымының қатысуы туралы мәселе талқылаған мәжілісінде қатысып отырады.

Марттың ортасы. Ленин Петербургте бір топ большевиктердің тактикалық платформаны талқылауға арнал-

	ған кеңестеріне басшылық етеді. Ленин платформаны түбегейлі редакциялау жұмысы тапсырылған комиссияның құрамына сайланады.
20 март (2 апрель).	«Партийные Известия» газетінің 2-номерінде Лениннің «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» (бас мақала) деген мақаласы және «РСДРП Бірігу съезіне тактикалық платформа. РСДРП Бірігу съезіне қарарлардың жобасы» жарияланады.
	Ленин Петербургте «Қарулы көтеріліс және пролетариат» деген тақырыпта саяси реферат оқиды.
Марттың екінші жартысы.	Ленин «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапша жазады. Кітапша Петербургте апрельдің басында басылып шығады.
24—28 март (6—10 апрель).	Ленин «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапша жазады. Кітапша Петербургте апрельде басылып шығады.
26 март (8 апрель).	Ленин РСДРП IV (Бірігу) съезіне Петербург ұйымынан делегат болып сайланады.
28 марттан (10 апрельден) кешірек.	Ленин өзінің «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген еңбегінен Советтер туралы мәселе жөнінде көшірмелер жасайды.
Март.	Ленин К. Каутскийдің «Социал-демократия енді жоқ!» деген кітапшасының орысша басылымына алғы сөз жазады.
Марттың аяғы.	Ленин Петербургте бір топ большевиктердің — РСДРП IV (Бірігу) съезі делегаттарының кеңесіне басшылық етеді.
10 (23) апрельге дейін.	Ленин РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысу үшін Стокгольмге келеді; большевиктердің жеке кеңесінде съезде меньшевиктердің басым болатыны анықталуына байланысты съезді болдырмау жөніндегі ұсынысқа қарсы шығады.

10—25 апрель (23 апрель — 8 май).

Ленин РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына белсене қатысады; съездің президиумына сайланады, РСДРП уставының жобасын жасау жөніндегі комиссияға қатысады.

Бірінші мәжілісте Ленин мандат комиссиясының регламентін талқылау жөнінде қарар ұсынады. Съезд қарарды қабылдайды.

Екінші мәжілісте Ленин фракциялық жиналыстарды тоқтату туралы съезд бюросына түскен арыздарды талқылау жөнінде сөз сөйлейді, регламентті өзгерту жөніндегі мәселе бойынша атап дауысқа қоюды қолдану жөніндегі П. П. Румянцевтің (Шмидттің) ұсынысын қолдап, М. А. Лурьенің (Лариннің) атап дауысқа қою жөніндегі қарарына қарсы шығады.

Үшінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; съездің күн тәртібін жариялайды, күн тәртібі жөніндегі мәселе бойынша жарыс сөзде сөйлеп, күн тәртібін қазіргі кезеңге баға беру жөніндегі және РСДРП-ның ұлттық ұйымдары жөніндегі мәселелермен толықтыруды ұсынады. (Лениннің ұсынысын съезд қабылдайды.)

Төртінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; аграрлық комиссияға баяндамалар әзірлеуді және баяндамашыларды белгілеуді тапсыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

Бесінші мәжілісте Ленин аграрлық мәселе туралы баяндама жасайды.

Жетінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; Мемлекеттік дума туралы мәселе жөніндегі комиссияға сайланады.

Сегізінші мәжілісте Ленин аграрлық мәселе бойынша жарыс сөз жүріп жатқан кезде председательдік етеді.

Тоғызыншы мәжілісте Ленин председательдік етеді; аграрлық мәселе бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Оныншы мәжілісте Ленин председательдік етеді; съездің барлық протоколдарын бекіту туралы ұсыныс жасайды, мандат комиссиясының жұмысы бойынша сөз сөйлейді, мандат комиссиясының жұмысы жөніндегі мәселені талқылаудан алып тастау жөнінде ұсыныс енгізеді.

Он бірінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; аграрлық мәселе жөніндегі тактикалық қарарды дауысқа қою туралы сөз сөйлейді.

Он екінші мәжілісте Ленин председательдік етеді.

Он үшінші мәжілісте Ленин «Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы» баяндама жасайды.

Он төртінші мәжілісте Ленин алтыншы мәжілістің протоколын талқылау кезінде екі рет сөз сөйлейді.

Он бесінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; жазбаша екі мәлімдеме жасайды.

Он алтыншы мәжілісте Ленин қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы мәселе бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Он жетінші мәжілісте Ленин Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі мәселе бойынша қосымша баяндама жасайды және қарардың жобасын жариялайды; жазбаша екі мәлімдеме жасайды.

Он сегізінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; жарыс сөзде Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі мәселе бойынша ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдеріне сөз беруді қолдайды.

Он тоғызыншы мәжілісте Ленин Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі мәселе бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Жиырма бірінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; парламенттік социал-демократиялық фракцияны құру жөніндегі мәселені Думаға сайланған социал-демократтардың құрамы анықталғанға дейін кейінге қалдыру туралы ұсынысты қолдап сөз сөйлейді; РСДРП-ның парламенттік фракциясының құрамы жөніндегі мәселе бойынша ерекше пікір ұсыну жөнінде мәлімдейді; процедуралық мәселе бойынша жазбаша мәлімдеме жасайды.

Жиырма екінші мәжілісте Ленин қарулы көтеріліс жөніндегі меньшевиктік қарарға енгізілген түзетулерге қарсы болған Л. Б. Кра-

синнің (Винтердің) наразылығын қолдайды, қарулы көтеріліс туралы сөз сөйлейді.

Жиырма төртінші мәжілісте Ленин председательдік етеді; РСДРП құрамына енген Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын съездің атынан құттықтайды.

Жиырма алтыншы мәжілісте Ленин председательдік етеді; парламенттік социал-демократиялық фракцияның құрамы жөнінде ерекше пікір, жазбаша екі мәлімдеме және кезектегі істерге көшу жөнінде қарар ұсынады.

Жиырма жетінші мәжілісте съезд уставтың партия мүшелігі туралы бірінші параграфын Лениннің тұжырымы бойынша қабылдайды. Ленин К. Г. Гогуаның (Давидовтың) партия уставының 4-параграфына енгізген түзетуіне қарсы шығады.

25—26 апрель (8—9 май). Ленин «Бұрынғы «большевиктер» фракциясында болған Бірігу съезі делегаттарының партияга үндеуін» жазады. Үндеуге 26 партия ұйымы атынан делегат-большевиктер қол қояды.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1906 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды, 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1976.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 12. Октябрь 1905—апрель 1906.
602 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
А. Д. Копцева,
сонымен бірге *В. Н. Косенко* да қатысты
Есімдер көрсеткішін дайындаған
С. П. Кирюхин
Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. Д. Шахновская
Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 22/IV 1975 г. Подписано к печати 6/II 1976 г.
Формат 84×108 1/32—19,625=33,0 усл. п. л. +2 вклейки 1/8 п. л.
(34,3 уч.-изд. л.)
Тираж 15000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 750. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома
Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.